


Әли ҮСҚАБАЙ

ЗЕЙНІ

ЗЕРЕК

ЗЯЛЫНАР



**Әли ҮСҚАБАЙ**

**ЗЕЙІНІ  
ЗЕРЕК  
ЗИЯЛЫЛАР**

**Эсселер мен мақалалар  
жинағы**

Алматы  
“Дәуір” баспасы - 2009

УДК 070

ББК 76 01  
Ы88

Ы88 **ЫСҚАБАЙ Әли Әпекұлы. Зейіні зерек зиялымдар.**  
**— Алматы, “Дәуір” баспасы, 2009. - 480 бет.**

ISBN 978-601-06-0102-4

Журналист-жазушы Әли Үсқабай мерзімді баспасөз саласында 45 жыл жұмыс істеп, көркемсөз бен әссе жанрларында көптеген танымы мен тәлімі мол мақалалар жазғаны белгілі. Солардың ішінен қоғамның дамуы жолында адал еңбек етіп, халқының құрметіне бөлениген, абырой-ожданын таза үстап, адами қасиеттерді жоғары бағалауымен біртуар тұлғаға айналып, есімдері жүрек төрінен орын алған зейіні зерек зиялымдардың ғұмыры мен еңбектері жөнінде әр жылдарда жазылған туындыларының іріктелген бір бөлігі оқырманға ұсынылып отыр. Сонымен бірге кісілік келбеттерін еңбекпен көркейте білген бүгінгі замандастар жайлы да сыр шертеді.

Кітап көпшілік қауымға арналған.

Ы 4502020000  
00(105)-09

УДК 070  
ББК 76 01

ISBN 978-601-06-0102-4

© Үсқабай Ә, 2009

## **ҰЛТТЫҢ ТҰҢҒЫШ ТАРИХШЫСЫ**

Қандай халық бол-масын өзіндік тарихы бар. Ол теренен сыртартады. Оның ішіндегі жазбаша қалдырылған тарихи деректердің нақтылығы мен құндылығы тіптен жоғары. Өйткені ол шындыққа негізделген нақты деректерді баян-дайтындығымен құнды. Бұл тұста көшпелі түрмис жағдайында қоғамдық қажеттіліктен туындалап, сонау Қытай қабыр-ғасынан Еділге дейінгі ұлан-қайыр кеңістікті мекендейген түркі-моңғол халықтарының мыңдаған жылдық дәуірді қамтыған өмірлік тәжірибесінен сузындалап, жетіліп, дамып, өркендең ілгерілеген елдердің ауызекі шежірелері мен тарихының шындықпен ұштасып жатқандығын да мойындауымыз керек. Ал жазбаша түрінде мұраға қалдырылған тарихи деректер алтын қорға бағалауға лайық асыл мұра болып табылады. Оның бұлтартпас дәлелінің бірі ортағасырлық түркі жазба әдебиеті мен мәдениеті үлгілеріне жаттын Қосымұлы Қадырғали Жалайырдың «Жамиат-тауарих» атты тарихи негізде жазылған ғылыми еңбегі. Ол қазақша «Жылнамалар жинағы» деп аталады. Бұл еңбек ортағасырлық түркі жазба тарихи дәстүріне негізделіп жазылған. Сол дәуірдегі мәдениет үлгілерінің санатына



жататын асылдың көзі, алтынның сыйнығы тәрізді өте құнды туынды. Баспаның оқырмандарға арнауында атап көрсетілгеніндей, «Бабалар қолымен жазылған кітапты парактағанда, сан ғасыр бұрынғы олардың сөзі тілге үйірілгенде, ой толғамдары жасындағы бол санаға сіңгенде, кітаптың әр бетінен төгілген ой маржандарын көргенде, тарих қойнауындағы адам даналығына қайран қалып, тәнті боласың».

Ғалымның қаламынан туындаған бағалы еңбектің ортағасырлық қазақ тарихы мен тілін зерттеуде алатын орны да ерекше. Ол Орта Азиялық тарихи шығармалар дәстүрінде, сол арнада жазылған туынды. Жинақ мағынасы мен жүйелілік құрылымы жағынан «Тауарих-игузида-йинусрат-наме», Өтеміш Қажының «Чингиз-наме», Абылғазының «Шаджара-ий түрк ва мөғұл», «Тарихи Қашғар» және басқа Орта Азиялық және Шығыс Түркістандық тарихи еңбектерді еске салады. Жылнама өзінің композициялық құрылышы жағынан «Бориске арнау», «Рашид ад-дин еңбегінің қысқартылған аудармасы», «Ұрыс ханнан Ораз Мұхаммедке дейінгі шығыс тұқымдарының тарихы» атты үш бөлімнен тұрады. Тек бір дастанда ғана белгілі алтынордалық қайраткер Едіге қызметі баяндалады.

Қадырғали еңбегінің деректік негізі туралы жинақтың соңында: «Бұл тарихтың (жазылуына) себепші болған жоғары мәртебелі Ораз Мұхаммед ханның ата-анасына (бері) құлдық қыла келген Жалайыр тарақ тамғалы еді. Парсы тіліндегі «Чингиз-наме» кітабынан түркі тіліне аударды, ал кейінгі замандар (туралы) өзі естіп-білгенін Алла тағала жәрдем беріп теріп жазды» делінген.

Жинақ авторы Қадырғали Жалайыр өзі өмір сүрген кезеңдегі мәдени дамудың деңгейі мен сипатына сай келетін жазба тарихты да, жатқа айту дәстүрін де жақсы меңгергендігі шығарма желісі мен өрісінен анық аңғарылады. Олай болатын себебі де бар. Тарихшы өмір сүрген дәуір көшпелі түркі қоғамдарында ауызша тарихи шежіре айту дәстүрі кеңінен қанат жайған кезең еді. Жинақтағы шежірелік деректер мен дәйектемелер, сондай-ақ түркі халықтары арасында кеңінен тараған Едіге жайлы әпостан үзінді мен кітапқа енген мақалдар мен мәтелдер сол бір тарихи кезеңнің айғағы іспетті. Осы түрғыдан алғанда Қадырғали би еңбегі - жазба және

ауызекі тарихи деректермен нәрлендіріліп, әрлендірілген деуге әбден лайық бағалы дүние. Әрі жазба әдебиет пен ауызша айту дәстүрінің өзара ықпалдастырының тамаша көрінісін алға тартатын бірегей туынды.

Жинақтың жазылу үлгісі, айтар ойларының астарлы, келіп, терең ұғым беруі, тілінің шұрайлылығы мен көркемдігі кітап авторы Қадырғали бидің өзіндік жазу шеберлігін айқын аңғартады. Зерлі суреткерлігін паш етеді. Сонымен бірге халқының тарихын, өмір жолын, қоғам құрылымын, ондағы билік өмірін жақсы білетіндігін байқайсыз. Тілдік қоры да бай. Автордың өзі ана тілін жақсы менгерген. Парсы тілінде де еркін сөйлеген. Араб пен орыс тілдерін де жетік білген. Осындағы білімдарлығы нәтижесінде тайпалық одактан халықтық бірлік жолына қарай бетбұрыс жасаған қазақ қоғамының алғашқы жылнамашыларының бірі ретінде танылуына даңғыл жол ашты. Академик Әлкей Марғұлан ғұламаның сөзімен айтсақ, «Қадырғали бидің еңбегі - қазақ жазба мәдениетінің алғашқы үлгісі» болып табылады.

Шежіреші-ғалымның артында қалдырған мұрасы осындағы қорытынды пікір айтуға толық негіз бола алады. Жинақтың өмірге келуі, деректік дәйектемелерінің мәні халқымыздың ортағасырлық мәдениетіне тікелей қатысы бар құнды ескерткіш екендігі, сонымен бірге зерттеушілердің тұжырымы бойынша шығарма «тілі жағынан ерекше» тұрғандығы айтылып, жылнаманы Орта Азиялық жазушылардың дәстүрлі шығармаларынан мұлдем өзгеше бағалайды.

Он жетінш і ғасырдың алғашқы жылдарында жазылған Қадырғалидың тарихи еңбегімен ғалымдардың танысуына, зерттелуіне қысқаша дерек берсек те артық болmas. «Жылнамалар жинағы» зерттеуші ғалымдардың назарына ерте іліккен. XIX ғасырда өмір сүрген татар ғалымы Ибрагим Халфин Қадырғали еңбегінің бір көшірмесін 1819 жылы Қазан университетінің кітапханасына тапсырады. Еңбекпен Россияда алғаш танысқан ғалымдардың бірі - шығыстанушы академик Х. Д. Френ. Ол шығарманың Тәуекел ханының немере інісі Қасымов хандығының ханы Онданұлы Ораз Мұхаммедтің сандығында сақталған Қосымұлының өз қолымен жазған тұпнұсқасымен таныс болған. Ғалымдар қауымын «Жылнамалар жинағымен» таныстыруға аса үлкен еңбек

сіңірген белгілі шығыстанушы Илья Николаевич Березин. Ол жинақпен Қазан университетінде жұмыс істеп жүрген кезінде танысқан. Фалым «Москвитянин» журналында алдымен шығарма туралы хабарлама беріп, кейінрек сол кездегі жалғыз көшірмесін Қазандың өзі шығаратын көп сериялы «Библиотека восточных историков» басылымының 1854 жылғы екінші томында басып шығарады. Ол өзінің журналдық мақаласында, кейіннен жинаққа жазған алғы сөзінде оған алғаш рет тарихи тұрғыдан талдау жасай келіп, ескерткіш мұраның деректік мәнін жоғары бағалаған. Қолжазбаның аты берілген алдыңғы беттерінің жоғалып кетуіне байланысты және оның басым белгілі Рашид ад-дин еңбегінің қысқартылған аудармалық нұсқасы екендігін негізге ала отырып, Березин Қадырғали шығармасына «Джамиаттауарих» деп атаған.

Қадырғалидың шығармасын сақтап, оны танып-білуде тұысқан татар халқының оқыған азаматтарының, ғалымдарының сіңірген еңбегі де баға жеткісіз. Тіл маманы Әли Рахим бұрынғы Қасым хандығы Қазандағы Орталық шығыс кітапханасына сыйлаған кітаптарының арасынан Қадырғали еңбегінің жаңа әрі сапалы көшірмесін табады. Қадырғалидың шығармасын зерттеп, тану да татарстандық тарихшы М. А. Усмановтың да еңбектерінің ерекше орын алатындығын атап өткен жөн. Оның 1972 жылы жарық көрген монографиялық жұмысының «Жылнамалар жинағының» талдауға арналған көлемді тарауын жалпы осы түрніздің және оның авторының Әмірбаяның арнайы зерттеудегі алғашқы салиқалы еңбегі ретінде қаралады.

Қадырғалидың түрніздің қазақ топырағындағылыми тұрғыдан зерттеу Ш. Ұәлихановтан басталады. Ұлығалым «Жылнамалар жинағын» зерттеген мақаласында, профессор И. Н. Березинге жазған хатында және басқа еңбектерінде кең пайдаланып, ол туралы өте маңызды ойлар түйе келіп, қолжазбаның құндылығын терең түсініп, оның қазақ тарихына тікелей қатысы бар тарауларын орыс тіліне сапалы түрде аударған. Сонымен бірге еңбектің қазақ халқының қалыптасу процесін, оның тілін, қазақ сұлтандарының генеалогиясын зерттеуден алатын орынын дәл әрі жоғары бағалаған.

«Жылнамалар жинағының» Қазақстанда зерттелуі академик Әлкей Марғұлан есімімен тығыз байланысты.

Ш. Уәлиханов шығармаларына берілген түсініктемелерінде және басқа мақалаларында белгілі ғалым Қадырғалидың өмірбаяны, шығарманың деректік негіздері мен мәні туралы, сондай-ақ соны зерттеп, тануда негізге аларлық терең тұжырымдар жасаған.

Қадырғали Қосымұлының шығармаларын зерттеген Р. Сыздықова мен М. Қойгелдиев тарихи еңбектің деректік мәніне бөлекше тоқталып, қазақ халқының қалыптасу, даму жолдарын танып-білуғе тікелей қатысы барлығын дәлелдей келіп, ғалым-зерттеушілерге тигізер пайдасының үлкен екендігіне арнайы тоқталады.

Жылнаманың тарихи шығарма ретіндегі мазмұнын, сипатын, құрылышын сөз етумен қатар тіліне де назар аударып, жазба ескерткіш ретіндегі маңызына мән береді. Бұл жайлы кітаптың екінші тарауында жан-жақты сөз болады. Онда шежіренің тілі, оның лексикасы мен тұрақты тіркестері, түркі сөздеріне қатысты ерекшеліктері, грамматикалық сипаты, жазуы мен емлесі жайлы мағлұматтар нақты мысалдармен зерттелінеді. Қадырғали Жалайырдың шежіресі тілінің негізі - Қыпшақ тобына жататын түркі тілі. Сонымен қатар мұнда оғыз бен үйғыр элементтері де бар. Олар орта ғасырлардағы түркі жазба дәстүрінен келе жатқандар. Авторлардың талдауларының нәтижесінде Қадырғали бидің кітап басында берген орыс патшасы Б.Ф. Годуновқа арнауы және еңбектің дербес бөлігі, яғни Орта ғасырлық қазақ тарихына тікелей қатысы бар тоғыз дастанның бүгінгі қазақ тіліне аудармасы ұсынылған.

Шежіре кітапта қазақ сахаrasын мекендеген Жалайыр, Арғын, Қыпшақ, Қаңлы, Найман, Қоңырат, Керейіт, Алтын және басқа түркі ру-тайпаларына тарихи анықтамаларының деректік мәні ерекше. Қарахан дәуіріндегі тарихи деректерді атап көрсетіп, оғыздар жөнінде нақты пікірлерін білдіреді. Шыңғыс хан әuletі және оның өзі жайында аса мол мағлұматтар келтіреді. Қазақ хандарының өмір жолына шолу жасайды. Қазақ жері, ондағы қалалар төңірегінде де дәйекті деректерге жүгінеді. Жалпы алғанда, бұл кітап үлттық тарихтың деректі шежіресін нақтылауға молынан мәлімет беретін құнды жинақ. Неге десеңіз, шежіре кітапта XIII-XVI ғасырлар аралығындағы кең-байтақ қазақ жерінде болған тарихи оқиғаларға арналған бөлімінің ғылыми тұрғыдан алғанда маңызы ерекше мәнді. Онда он алтыншы

ғасырдың басынан бергі қазақ хандықтарының ішкі-сиртқы жағдайлары, қазақ тайпаларының халық болып қалыптасуы жайлы жазылған деректер мол.

Тарих қойнауынан айшықты дәйектерге негізделген жоғарыда сөз еткен «Жылнамалар жинағы» кітабының авторы Қосымұлы Қадырғали Жалайыр кім еді дегенге келсек, ол (1530-1605) XVI-XVII ғасырларда өмір сүрген тарихи тұлға. Әкесі Қосым, атасы Темшік хан ордасында қызмет екен. Мұның өзі бала Қадырғалидың жасынан оқуына, білім алуына қолайлы жағдай тудырған, өзі де зерек, алғыр болып өседі. Есейіп еңсесін тіктегеннен бастап, игі жақсылармен жақын жүріп, мәртебесі биік қызметтер атқарады. Ақыл-ойының алғырлығын, білімінің тереңдігін дәлелдейтін құнды еңбектер жазады. Сол арқылы абыройы асқақтап, беделі артып, мәртебесі өсіп, бүгінгі күні тарихи тұлғаға айналып отыр. Қадырғали Жалайыр Ұлы жүзден тарайтын тарақ таңбалы Жалайыр тайпасынан шыққан орта ғасырдағы қазақтың белгілі би, ғұламағалымы атанады.

Бүгінгі таңда қазақ халқының мақтанышына айналған дара да дана тарихи тұлғаларының бірегей белдісі. Есімі танымал баһадүр қолбасшысы, ұлттың тұңғыш тарихшысы, философы. Қазақ прозасының негізін алғаш қалаған қаламгер. Көрнекі саясаткер. Білікті мәмлекер атанған Қадырғалидың әкесі Қосым бек, атасы Темшік жері мен елін қорғаған ерлігімен батыр атанған. Атабабаларының да беделдері жоғары болған. Қарахан заманынан бері хан нояндары, уәзірлері, батырлары ретінде лауазымы жоғары қызметтер атқарған. Ал Қадырғали Жалайырдың өзі хан ордасында жасөспірім бекзадалардың ақылгөйі-тәрбиешісі, ханның ақылшыкеңесшісі міндеттін атқарушысы бола жүріп, зеректігімен көпке танылған.

Ел тынышын алып, берекесін қашырған қалмақтар Қадырғали Жалайыр ауылына да шабуыл жасап, ойран салады. Осы шайқаста Шығай ханның баласы, Тәуекел ханның інісі әскер басы Ондан сұлтан жау қолына түсіп, қаза табады. Осыдан кейін бассауғалау әрекетімен Ондан сұлтанның 13 жасар баласы Ораз Мұхаммедті соңына ілестіріп, кіріптарлыққа ұшыраған ауылаймағымен Сібір ханы Көшім ханның қол астына барып паналауға мәжбүр болады. Бірак бұл жерде Қадырғали

би беделі мен абыройын жоғалтпайды. Үлкен құрметке бөленеді. Оны Төбе би сайлайды. Бұл туралы кітабында ашық жазады. Онда: «Менің аталарым Ораз Мұхаммед сұлтанның аталарына қызмет етті. Өзім Ораз Мұхаммедтің атасы Ондан сұлтанға қызмет еттім, одан соң Ораз Мұхаммедтің қасында болдым», деп өмірбаяндық дерек береді.

Билік тізгінің ұстаған тарихшы Қадырғали Жалайыр зейін зердесі алғыр, білімдар адам болған. Ол Шығыстың классикалық үлгідегі әдебиеті мен мәдениетіне ерекше ықылас аударған. Ғылымын да терен зерделеуге ден қойған. Орта Азияның атакты ғалымдарымен иық тірестіре алатын ғұлама ғалым, текті тұлға ретінде танылған адамның бірі. «Мен дүние жүзіндегі неше түрлі мемлекеттерді аралаған, әділ үкім, нақыл сөзге қанық, көптеген кітаптар оқыған адаммын», - деп жазады автор.

Хандар да Қадырғалидың оқымыстылығын, ғұлама ғалымдығын, ақылгөй даналығын жоғары бағалаған. Дәрежесі жоғары Көшім хан Қадырғалидың білгілігі мен пайымдау парасатына сүйінгендіктен оны өзіне ақылгөй-кенесшісі етіп алған. Сібір князы Сейдек те кенесшісі ретінде қызмет берген. Мәртебесін көтеріп, беделін арттырып, абыройын асқақтатқан. Ораз Мұхаммед хан сайланып, ақ киізге көтерілгенде Қадырғали оның он тізесіне отырады. Бүкіл Хан-Кермен жұртына билік жүргізетін төрт бектің бірі болып тағайындалады.

Сібір воеводасы Д. Чулков 1588 жылы Ертіс өзенінің жағасында қаршыға салып, ан-құс аулап, саяткерлікпен көніл көтеріп, серуен құрып жүрген кезін андышан болуы керек, Қадырғали Жалайырды, Ораз Мұхаммедті ордасымен және Сейдек ханды қолға түсіріп, тұтқындейды. Оларды бүкіл отбасымен, жақын туыстарымен, қызметтегі мырзаларымен бірге Мәскеуге «аманат» ретінде тапсырып, осы қалаға жібереді. Қадырғали осындағы, яғни Мәскеудегі патша сарайында он жыл тұрады. Ораз Мұхаммед патша сарайында шетелдік жоғары елші, өкілдерді ресми қабылдауға қазақ ханзадасы ретінде қатысады. Орыс патшасы Федор Иванович 1590-1591 жылдардағы шведтерге және Қырым хандығына қарсы соғыста ерлік көрсеткені үшін Ораз Мұхаммед сұлтанға Ока өзенінің бойындағы бұрынғы Қасымов хандығына қарасты аймақтан жер бөліп береді. Осында тоғыз жыл тұрып, қызметін адал атқарған Ораз

Мұхаммед орыс патшасы Борис Годунов тарапынан жоғары құрметке бөлгенеді. Ол Қасымов патшалығының ханы сайланып, билік тізгінін ұстап, таққа отырады. Осы патшалыққа қаасты аймаққа басшылық жасап, хан әмірін жеткізетін әрі орындастын төрт уәзірінің бірі болып Қадырғали Жалайыр тағайындалады.

Уәзірлік қызметін атқарумен бірге тікелей ғылыми жұмыспен шүғылданып, жазу үстеліне отырады. Қасым қаласында біз тілге тиек еткен «Жылнамалар жинағы» деп аталатын шежіре кітабын жазуды 1600 жылы бастап, бір жыл ішінде аяқтап бітіреді. Ол қытай қағазына ұқыптылықпен жазылады. Көлемі 157 бет құрайды. Ғалым өзінің шығармасын негізінен өзі тұстас Шығыс ғұламаларының дәстүрі бойынша ең үлкен әмірші Ресей патшасы Борис Годуновқа арнап жазып, оны мадактаған. Бұл тарихи еңбекті зерделеп талдаған көрнекі жазушы Мұхтар Мағауин сөзімен айтсақ, Қадырғали еңбегінің Шыңғыс хан және оның таяу ұрпақтары туралы бөлігі ортағасырлардағы тарихи әдебиет деңгейінде, белгілі деректер негізінде жазылса, Орыс хан, оның заманы және әuletі баяндалатын соңғы бөлігі - түгелімен тың, соны деректерге құрылған. Бұл тарауларда қазақ тарихына тікелей қатысты аса құнды мағлұматтар жинақталған. Орыс, Тоқтамыс, Әбілқайыр хандар, Едіге би туралы, Ноғай Ордасы туралы бірегей деректер келтіріледі. Еңбектің ең соңғы тарауы «Дастан Ораз-Мұхаммед хан» деп аталады. Мұнда Әз-Жәнібек ханнан бастап, барлық қазақ хандарының әuletі таратылады. Хан-Кермен жұрты, оның саяси құрылымы туралы аныздар беріледі.

Шоқан Уәлиханов қазақ тарихына қатысты деректердің молдығы жағынан «Жылнамалар жинағына» иყқасар ештеңенің жоқтығы күмәнсіз екендігін атап көрсетіп, шежірені қазақ тарихы үшін тенденсі жоқ құндылығы жоғары еңбек деп бағалаған еді. Қадырғали шежіресі тек тарихи тұрғыдан ғана емес, рухани мәдени нұсқасы, әдеби үлгі ретінде де айрықша құнды. Еңбек сол замандағы кітаби дәстүр бойынша, шағатай-түрік тілінде жазылған. Бірақ өзі тұрғылас басқадай жазба еңбектерден айырмасы - қазақы сипаты айқын. Кітапта таза қазақша қолданыс, қазақтық шешендік сөз үлгісі көптеп ұшырасады. Мәселен, Қадырғалидың Борис патшаға арнаған мадақ сөздері былай келеді:

«Айналасы алты хан, төнірегі төрт хан, дүниенің төрт

бұрышын билеген хан. Халайықтан ғаділдік бірлән сұраған хан, жетімдерге рақым қылып, шығайларды тойдырған хан... Тахтың сенің тауға үқсар, халқың сенің сайа дәuletке үқсар, фиғылың сенің шапағатқа үқсар, хайырың сенің теңізге үқсар. Жыл асасын, жұз жасасын аты жаксы Борис хан...» Бұл жай ғана құрмет емес, Ораз-Мұхамедтің хан көтерілуіне орай шын көнілден шыққан алғыс. Мұсылман әдеби дәстүріндегі мадақ ежелгі түрік үлгісіндегі алқау, кейінгі қазақ билерінің шешендік толғауы. Сөз өнерінің үлттық сипаттағы әдемі бір көрінісі.

Қадырғали Қосымұлының еңбегі бізге толық емес екі тізім және татар ғалымы Ә. Рахим тауып, жариялаған үзінді түрінде ғана жеткен. Зерттеушілер кітапты даярлау барысында қазіргі уақытта Ленинград университеті ғылыми кітапханасының Шығыс бөлімінде сактаулы және Қазан университеті ғылыми кітапханасының Шығыс бөліміндегі тізімдерін негізге алғандықтарын айтады. Бұл екі тізім де толық емес, дегенмен бірін-бірі толықтырып отыратын еңбектер.

«Жылнамалар жинағының» толық нұсқасы бүгінгі қазақ тіліне түгелдей аударылмаған. Соған қарамастан кітапқа берілген түпнұсқасымен танысып, оқырман қауым ортағасырлық қазақ жазба әдебиетінен біршама түсінік алатындығы сөзсіз.

Дегенмен Қосымұлы Қадырғалидың шығармашылық еңбегін зерттеп, қалың оқырман қауымға жеткізуде әлі де атқарылуға тиісті жұмыс жеткілікті. «Жылнамалар жинағының» қазақ тіліне толық аударып бастыру, сондай-ақ жоғары оқу орындарының, алдымен тарих факультеті студенттерінің, мамандардың, аспиранттардың, ғалым-зерттеушілердің, сондай-ақ көпшілік оқырманның қажетіне жарату алда түрған аса маңызды іс екені даусыз.

Сол иғі іс қаншама заманғы үзілістен соң жаңа ғана жалғасын тауып жатыр.

Қазақы сипаты айшықты әрі айқын кітапта келтірілген деректердің құндылығы сонда - бұл еңбек ең алдымен, тарихи деректерді жазып қалдырған автордың қазақ қоғамынан шығуының өзі бір ғанибет тұтуға лайық иғі істің бастауы. Сонымен бірге Қадырғали би түркі халықтарында ілгеріден келе жатқан жазба тарих дәстүрін жалғастырушысы, жай жалғастырушысы ғана емес, жаңа сападағы, ойлы мазмұндағы, дәйекті

деректерді молынан қамтығандығы жағынан алғанда бұрынғы сансыз көп бытыраңқы тайпалардың орнын басқан жеке халықтық бірлік пен тірліктің алғашы жылнамашыларының бірі де, бірегейі де осы Қадырғали Жалайыр.

Тарихшы, ірі ғалым Манаш Қозыбаевтың сөзімен айтқанда, «Біз Қадырғали Жалайырды тыңдан жолсалып, өркениетті халық деңгейінен үлтімұзды тағы бір саты көтергені үшін үлттың ұлы тұңғыш тарихшысы деп атайдыз».

Өзбек ғалымы Махамбет Жұсіпов айтқандай, «Қадырғали Жалайырды әлемдік деңгейде көтеру керек. Өйткені ол кісінің өмір жолы да, сонына қалдырған бай мұрасы да осының айғағы». Осы өзбек ғалымы Қадырғали Жалайырдың құлпы тастан мүсінделген бейнесі тарих галереясында әл-Фараби, Ахмет Яссави сынды біртуар тұлғалармен қатар тұрса деген ұсыныс жасаған еді. Жақсы пікір, құнды ұсынысты тиісті орындар қолға алып, ғұлама ғалымға құрмет көрсетілер деген үміт те үзілмейді. Және бір игі істің бастауы болғалы тұрған шара - Талдықорған қаласында Қадырғали Жалайырға еңселі ескерткіш қою мәселесі күнтәртібіне қойылып, оны жүртшылық та мақұлдап отыр. Осыған орай Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың бейнесін салу байқауының шарттары мен ережелері бекітілді. Ондағы мақсат - қазақ халқының мақтанышына айналған дара тұлғалардың бірі, үлттың тұңғыш тарихшысы, баһадүр қолбасшысы, философ, әрі қазақ прозасының негізін қалаушы, ірі саясаткер, дипломат Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың бейнесін сурет өнері арқылы сомдап, бүгінгі ұрпаққа ұсыну еді. Байқауға қатысуышыларға қойылатын талаптың да жауапкершілігі жоғары әрі тәртіптің қатал болуы да сондықтан.

Өнердегі шығармашылығы шындалған әр үміткерге қойылатын басты талап Қадырғали Жалайырдың портреті тарихи тұлға, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, әскербасы, дарынды саясаткер, ұрпағына үлгі болар кеменгер пішінінде бейнеленіп, 2008 жылы орнатылатын ескерткіш-монументтің негізіне айналатын терең мағыналы туынды болуы шарт екендігі де ескертілді.

Байқауға ұсынылған еңбектер Алматы облысы әкімнің «Көркемөнер галереясында» қабылданып, өнер сүйер қауымның назарына ұсынылды.

Ірікtenуден өткен Қыдырғали Жалайырдың портреті байқауға қатыстырылып, қазылар алқасының сараптамасымен жоғары бағаланған біреуі таңдаудан өтті. Осы мақаланың алғашқы бетінде беріліп отырған сурет байқауға түскен еңбектерден іріктелініп алынып, қазылар алқасы макұлдаған ғұлама ғалым бейнесі.

Облыс әкімі Серік Әбікенұлы Үмбетов те ұлтымыздың тұңғыш тарихшысы, ғұлама ғалым Қадырғали Қосымұлына еңселі ескерткіш қою тұрғысындағы жақсы бастаманы іске асыруға қолдау көрсетуге әзір екендігін білдірді. Көптің қолдауымен, іс онға басты. Ғұлама ғалым бейнесі қала төрінде бой көтерді.

### **Өсиет сөзі ұлағат**

Шиырлы заман - беленнен,  
Маржан ой терген тереңнен,  
Жылнама жетті сыр шертер  
Қадырғали би өреннен.

Шатқалдай қалың көне ізден,  
Сағымды дәуір-тенізден  
Ұлтының жазып тарихын,  
Кітапқа алтын енгізген.

Сан ғасыр асқан қырқалы,  
Ілімнің озық тұлпары  
Атанған осы кітабын  
Бойтұмар етті үрпағы.

Білмесе кейбір өрендер,  
Бұл кісі кім еді демендер.  
Зейіні зерек ғалым ол,  
Тарихи тұлға, кеменгер.

Қасымен жалғыз алысқан,  
Қаһары күшті арыстан.  
Өсиет сөзі ұлағат,  
Өресі биік данышпан.

Ғұмырын елге арнаған,  
Қырды қиян шарлаған,  
Жат елдің жүріп төрінде,  
Ол қыран өрге самғаған.

Әрлікпен өткен сындардан,  
Данадан өшпес із қалған.

Ұлағат тұтып үрпағы,  
Жапырақ жайды ізгі арман.

Мұсіндең ойдың сұңгісін,  
Зерделеп сөздің ұлгісін,  
Еңбегін оқып жатыр ел,  
Күткендей ансан жыл қусын.

Елім деп соғып жүрегі,  
Нұр шашу еді тілегі.  
Сол арман халқын әлдилеп,  
Рухы баба түледі.

Тарихи дерек жиыны,  
Даналық сөздің түйіні  
Тоғысқан кітап бүгінде,  
Ғасырдың асыл бұйымы.

Кетсе де өтіп сан ғасыр,  
Тарихтан айтқан жанға сыр.  
Ғұлама жазған жылнама,  
Бағалы байлық мәңгі асыл.

Көз іліп баба жатқан жер,  
Табылып қабір, шаттанды ел.  
Шапағат шашып, шалқи бер,  
Әмірге іңкәр Ақтангер.

Тұншығып іште көп арман,  
Сан ғасыр сөзін дөғарған.  
Қуанып жатыр ел-жұрты,  
Бейнесін көріп жоғалған.

Әтсе де жылдар неше ме,  
Тарихи тұлға өше ме?  
Тұрғызды бүгін ел-жұрты  
Еңсесі биік кесене.

Сән беріп әсем қалаға,  
Биікте тұрған данаға  
Сиынған үрпақ есімін,  
Сактайды мәңгі санада.

## ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСКЕЛДІ

Кеңес Одағы кезінде өзімізді өзіміз жатсынып, тосырқай қарап, сана-мызды шырмап, шындықты құрсаулап, тегі-мізді танып-білуге баты-лымыз жетпей келген еді. Еліміз Егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздік туын көтергелі бері көреген-ділігімен көптің керуен көшін бастаған, елі мен жерін қорғап, намыс байрағын жоғары ұстаған атабабалар мен баһадүр батыр рухтарына тағым ету дәстүрге айналды десе еш артықтығы жоқ. Оған жетісулықтардың еліне билігімен, әулиелігімен, батырлығымен, қолбасшы-лығымен танылған Жылкелдіұлы Ескелді бабаның үш ғасырлық мерейтойын дүркіретіп өткізгені белгілі.

Бұгінде мамыражай мамырдың шуақты күндерінде Жетісу өнірінің Қарабұлақ кеңістігінде тағы да үлкен той салтанаты басталды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Талдықорған ауданының Ескелді ауданы деп аталуына және нар тұлғалы бабаға арнап салынған еңселі ескерткіштің ашылуына орай үлкен мерекелі жиын өткізілді.



Халқы қадірлеп, есімін естен шығармай қастерлеп, ұзак уақыт санада сақтап, жүрегінің төрінде әлпештеп ұстаған, бүгінде бір ауданға аты беріліп отырған Ескелді би кім еді? дейтін болсақ, оның жауабы да көніл толтыратын нар тұлға екендігіне көз жеткізеді. Ескелді – Үйсін Төле бидің жиені, Абылай ханның үзенгілесі, Қаздауысты Қазыбек пен әйгілі Әйтеке билердің ақылдасар алқасының топ жарған әділ төрешілерінің бетке ұстар беделдісі әрі бітім-болмысы бірегей кемел адам ретінде танылған. Қабанбай батырдың Жонғар шапқыншылығына қарсы шайқастағы жорықтас, қандас серігі. Сонымен бірге жалпақ жатқан жалайыр жұртының бас иесі. Елінің бірлігін сақтауда данагөйлілігімен, мәмлекерлігімен аты шыққан, әрі елі үшін әділ төрешілігін аямаған білікті би. Ескелдінің батырлығына билігі сай, әулиелігі имандылық иірімдері үйірілген қасиеттерімен астасып жататын, халқына жаны ашыған мерейлі адам болған. Сонау бір алмағайып заманда Жонғар шапқыншылығына қарсы құреске орасан зор батырлық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен, қазақ халқының бірлігі мен татулығын сақтауда ақылмандығымен дараланып, қын-қыстауда ұйымдастырушылық кеменгерлігімен танылған ұлы баба, білікті де білгір би, батыл батыр, көреген әулие.

Қазақ халқының батырлық, шешендік тарихындағы ірі тұлға болып саналатын Ескелді би мейірі мың кісіге шуақ болып төгіліп, жүректеріне нұры болып құйылған имангер жан. Қара басын халық жолына қаперсіз тіккен, елін бақ-құтқа жетелеген ел ері. Ол ат ауыздығымен су ішіп, бес қаруын асынып, толарсактан саз кешіп, қар жастанып, мұз төсеніп, еңку-еңку жер шалып, тұн қатырып, тұс қашырып анталаған жаудан туған жері мен елін ақ білектің құшімен, көк найзаның сұсымен, қызыл тілдің ұшымен қорғаған қайраткер.

Ескелдінің осындай елдігін зерлеген әдебиетші әрі ғалым Мырзатай Жолдасбеков былай дейді: «Тұрасында Ескелді – Абылай сынды ақсұңқардың үзенгілес серігі болған, Төле бимен, Абылаймен терезесі тең тұрған ақыл иесі. Оның батырлық жорықтары Қаракерей Қабанбай,

Қанжығалы Бөгөнбай, Шапырашты Наурызбай, Албан Райымбектермен қатар аталуы тиіс».

Бұл тарихи шындық шеңберінен екшеленіп берілген әділ баға. Тегінде Төле би тәрізді ұлы тұлғадан тектілік үлгісін үйренген, байтак даласын батыстан шығысқа дейін Жоңғар басқыншыларынан елін тазартуға батырлықпен қатысқан Ескелді сынды баһадүр бабамыздың ерен ерлігі мен есімі халықтың есінде мәңгі сақтала беретіндігі ақиқат.

Елінің намысын қорғаған Ескелді қандай кезенде өмір сүрген, алға қойған мақсаты қандай еді дегенге келсек, оның баһадүрлік ерен ерлігіне тарихи деректер, аныз әңгімелер мен шежіре ретінде шертілетін мағлұматтар дәлел бола алады. Қаусырма жақ, сурып салма жez таңдай ақын Бақтыбай:

«Халқы үшін жарапан, айырымы ерекше, ақыл айтқан бәріне, Ескелді атам ерекше» десе, ақыық ақын Ілияс Жансүгіров:

Қараталдың қойнынан,  
Шықты жосып бір сарын,  
Сырдың суы бойынан,  
Сарқырады бір ағын.  
Күніренте даланы,

Шықты қырдан бір сарын, – деп Ескелдінің қадір-қасиеттерін әспеттеп, елін сүйген ердің қолбасшылық, қамқоршылық, батылдық ерекшеліктеріне қалтқысыз иландырады. Ескелді сонау Абылай хан заманында қалың жұртты бастаған қолбасшы, жауына қырғидай тиген батыр, жақсылыққа елін жетелеген білгір, болашақты күні бұрын болжамдаған көреген, қарақылды қақ жарған әділ би екендігіне аныз әңгімелер мен шежірелер дәлелдемелері айғақ.

Кезінде елін қоныстандырған ауданға Ескелді есімі екінші рет қайталанып берілгеніне куәгер болғанымыз бар. Атап айтқанда, 1925 – 1927 жылдары Талдықорған уезіндегі Қарабұлақ ауылына қарасты аймақтағы бөлістардың бірі Ескелді би есімімен аталған еді. Тарихи мұрағат-құжаттары бойынша Ескелді бөлісінде Қарабұлақ ауылдық кенесі орталығы Шұбар ауылы

болған № 1 және № 3 ауылдық кеңестері кірген.

Жетісу губерниясының ұлттық тұтас-әкімшілік бөліктерін құруды жүзеге асыру мақсатымен 1927 жылдың қаңтарында уездік атқару комитетінің президиумы Троицк болысынан Ескелді болысына Еркін, Ескелбай, Мырза ауылдық кеңестерін бөліп береді. Осы жылдың тамыз айында губернияның атқару комитеті Қарабұлақ стансалық кеңесін құрып, оған Ескелді болысының Қарабұлақ стансасы мен Жалғызғаш елді мекенін, Троицк болысынан Қарабұлақ кентін қосып беру жөнінен үйғарым жасайды. Қазақстанда әкімшілік-аймақтық құрылымдардың жаңа жүйесін енгізіп, аудандастыру жұмысының жүргізілуіне орай Ескелді ауданы құрылады. Аудан аймағы өзінің көлемі жағынан уезден кіші болса, болыстықтан біршама үлкен еді. Мемлекеттік өкіметтің аудандық органдары уездік кеңестің барлық құқықтарын пайдалану құзырын иеленеді. 1928 жылдың 17 қаңтарында алтыншы шақырылған Қазақ Автономиялық республикасының Орталық атқару комитетінің екінші сессиясы, Қазақстанда аудандастыру жұмысын жүргізуудің жобасын бекітеді. Осы жоба-шешімге орай Алматы округі құрылады. Оған Алматы, Жаркент, Талдықорған болыстары мен Жетісу губерниясындағы Лепсі уезіне 21 аудан бағындырылған. Ескелді болысының аймағына Қаратал мен Талдықорған аудандары бөлініп беріледі. Бірақ кейінірек еліміздегі партиялық саясат негізінде және кейбір атауларды өзгертуге байланысты ауданның Ескелді есімі өзгертілген еді.

Ескелді есімінің елесінде екендігінің және бір айғақты дәлелі Қалпақ тасқа 1926 жылы жазылған жазу куә бола алады. Онда: «Жетісу губерниялық, Талдықорған ояздық Ескелді болысы, маусымның сегізінші жүлдізында жазған Оразжан Масалимов. Енді келер 1927 жылы Ескелді болысы, мырза ауылы атанды», - деп тасқа қашалып жазылған (тастағы жазу өзгеріссіз беріліп отыр).

Ескелдінің тегінен тарайтын үрпақтары ауданның «Жетісу» колхозында, Екпінді ауылында тұрады.

Солардың бірі Ескелді бидің алтыншы үрпағы Сұлеймен Жұнісбаев. Ол шаруашылықта қырық жылдан астам уақыт шопан болып еңбек еткен адам. Қазір құрметті еңбек демалысында, зейнеткер. Ескелді бабасының үлкен үйінің тұтінін тұтетіп, өмірін жалғастырып отырған ақсақал кіндігінен туған төрт ұлын тұғырына қондырған. Ескелді баба қалпағы осы ақсақалдың үйінде қастерлі де қасиеті мүлік реттінде сақтаулы. Ол қанша ғасыр өтседе, үрпактан-үрпакқа жалғастық тауып, бүлінбей, өзінің бастапқы қалпын жоғалтпаған күйінде сақтауды үрпактары парыз санаған. Бұл мүлік те Ескелді бабаның қасиеттілігін артыра түсетін нақты дәлелдің бірінен саналады.

Енді Ескелді есіміне ие болған ауданың кейбір деректері мен дәйектеріне ой жүгіртелік. Аудан орталығы Қарабұлақ кентінің негізі 1855 жылы қаланған. Ол қазіргі Талдықорған қаласының оңтүстік шығысында Текелі алқабына қарай ойысқан кең жазықтың кемерін мекендер, Қаратал өзенінің сол жағына орналасқан елді мекен. Ауданда 50 мыңға жуық адам тұрады. Ауданың жері бай, жасыл желең жамылған табиғаты көркем өнір. Елі ауызбірлікті. Кезінде ауыл шаруашылығы академигі саналған, екі мәрте Еңбек Ері атағына ие болған Нұрмолда Алдабергенов бастаған өндірістің талай майталмандары мен халық қадірлелеген азаматтары бар өркенді өлке, берекелі ел.

Ескелді есімін 72 жылдан кейін қайта иеленіп отырған аудан еңбеккерлері бабаның асқақ рухын, асыл киесін қастерлеп, аруағына бас иіп, тағзым ете отырып, бүгінгі нарықтық жағдайдың қындықтары мен тығырықтарынан шығудың жолдарын іздестіріп, тапсырылған істегі жеке жауапкершіліктерін арттырып, өнім өндіру көрсеткіштерін ұлғайтып, аудан экономикасын нығайтуға, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды жақсартуға бір кісідей құлшынып, еселі еңбек ететіндіктеріне сенім білдіруде.

Еліміздің елдігін, жеріміздің кеңдігін қорғау жолында қайсарлық пен қаһармандық танытқан ардагер аруақтардың рухына бас иіп, оларға мәңгі-бақи қарыздар екендігімізді таныту мақсатында

жоғарыдағыдай еске алу салтанаттарын өткізудің еш зияндығы жоқ. Керісінше, аруақтардың жебеп-желеп жүрген рухына арналған игі шаралар мен насиҳат барысында ел мен жер тарихы туралы шежіре сырлар шертіледі, деректемелер жинақталып, бір жүйеге түсіріліп, тәлім-тәрбие құралына айналады. Ауыл-аймақта ағайындарды адалдық пен татулыққа шақыратын салиқалы әңгімелер өрбиді, ақ тілектер мен ізгі ниеттердің бүкпесіз айтылатынына куәдармыз.

Халық қадірлеп, есімін естен шығармаған Ескелді елі сыйынған, ерлігіне сүйінген, шешендігімен шаршы топты үйірген, көріпкелділігі керемет әулие деп табынған әруақты адам. Енді кейбір өмірбаяндық деректерге тоқтала кетсек, Ескелдінің арғы атасы – ұлы жүздегі он екі ата жалайырдың бір бұтағы.

Сирышы руынан тараған бес баланың бірі – Тоқымбеттен Бәйімбет туады. Одан өрбіген үш ұлдың ортаншысы Жанғабыл. Оның баласы Жылкелді бес ұлдың әкесі. Ұлдардың үшіншісі Ескелді екен.

Жылкелдінің бәйбішесі үйсін Төле бидің Ұланбике атты қызы көрінеді. Осы анамыз тұрмысқа шыққаннан кейін араға бірер жыл салып әкесінің ауылына төркіндең барады. Әкесі қызына арнайы ақ отау тіккізеді. Қызы сонда аунап-қунап жатады. Қызы әкесінің табыныңдағы мал басы Кертаған деген өгіздің басына жерік болып, соны жеуді аңсайды. Қызының тілегін әкесіне жеткізеді. Әлгі өгіз қоралы малдың айбатшысы ретінде танылған. Ол табынды малды жауға да, аңға да алғызбайтын есті жануар екен. Қоралы мал ішінен тандаулы өгіз басына жерік болған хабарды естіген Төле би: «Малымның құты мен берекесі еді, менің дәuletім қызыма ауысайын деген екен», - деп қызының тілегін қабыл алып, аңсары ауған көк егізді союға, еттің өзі қалаған жерін қызына асып беруге, ризалық білдіреді. Қызды күтуші жеңгелерін шақырып алған әке: «Өгіздің басын тұтастай бұзбай асып, балама апарып алдына қойындар, қандай жерінен жейді екен, соны көз жазбай бақыландар» - дейді. Қыз жеңгесі ақ отаудағы қайын сіңлісінің алдына пісірілген тұтас өгіз басын қояды да, қатарласып отырмақшы

боловп, тізе бүгеді. Оған қайын сіңлісі: «Жеңеше, мені жалғыз қалдырыңызшы», – деп өтінеді. Жеңгесі шығып кетіп, атасының айтуы бойынша қыздың басты қай жерінен жейтінін үй жапсарынан сығалап бақылайды. Қыз табақты алдына тартыңқырап қойып, өрнекті сапты пышақты ала салып, бастың жағын қақ айырады да білемдей тілін суырып алып, ұшынан қарпыта бір тістеп, құмарлана сорып жей бастайды. Тіл үйірген ас дәміне мейірі қанған соң маужырап ұйықтап кетіпті.

Келіні атасына қызының басты қалай жегенін, көргенін түгел айтады. Оны жақсылыққа жорыған Төле би: «Құдай жеткізсе, қарағым ұл туады еken. Қызыл тілдің шешені, елінің көсемі болады еken», – депті. Содан құдасына хабар жіберіп: «Қызым аман-есен босанса, жиенімнің атын мен қояйын, құда жағы соған ризашылығын берсін», – деп өтінеді. Бидің қызы төркінінен еліне қайтқаннан кейін босанып, ұл туады. Жылкелді атасы Төле биге кісі жіберіп, сүйінші сұрап, жиенінің есімін қоюға білдірген аманатын орындауды өтініп, арнайы шақыртыпты. Қуанышты хабарды естіген Төле би: «Тілекті Алла ескерді, Жалайыр еліне ес келді, баланың есімі Ескелді болсын. Елінің есін жиғызып, халық қамын ойлайтын азамат болып өсер ме еken», – деп ұлкен үміт артып, жиенінің шілдеханасына арнап ақ боз жылқы шалып, той жасаған еken.

Еркебұлан болып өскен Ескелді жасынан-ақ аңғарымдылығымен, тапқырлығымен, зеректігімен, батылдығымен ерекшеленеді. Балалық шағында көптен-көп ермек ететіні шыбық ат еken. Оны мініп, ауылды айнала шауып жүретін көрінеді. Жылқыны баптауға, күтуге, жаратуға үйір болған, оның әдістері мен тәсілдеріне жақсы төселген. Екінші бір ермегі асық ойнауды сүйген. Ол бұл ойында алдына жан салмаған, асықты көздең атудың айтулы мергені атанған. Мұның бәрі жаугершілік жылдарда ат үстінде жалықпай, шаршамай жүретін шымыр өсуіне ықпал жасаған.

Бала Ескелді ермінезді, өжет, тайсалу, жасу, қысылып-қымтырылу дегенді білмей өскендіктен өзін әр жерде-ақ еркін сезінген, ұлкендердің әңгімелерін көп тыңдаған. Сол себепті ол да кейде өзінше пайымдал, ой

түйіп, зерек сейлеуге үйренген. Жұртты ойлы сөзімен, тапқырлығымен, шендеңстіру тәсілімен тәнті етіп жүреді. Оған мынандай бір мысал куә.

... Үйсін Төле би бір жолы Жалайыр еліне келіп, беделді билері мен шешендеріне, батырларына, игі жақсыларына сәлем бергелі ел аралайды. Күйеу баласы Жылкелдінің ауылынан аттанып, күшік руындағы Жолбарыс бидің еліне қарай бармақшы болады. Білікті биді құрметтеп шығарып салуға Жалайырдың ел ағалары мен игі жақсылары түгелдей жиналышп, қошемет көрсетеді.

Алқақотан отырған дастарқан үстінде ел ағалары қонақтан бұйымтай сұрайды:

– Аға, сізге қандай кәдесый беріп қайтарарымызды білмей отырмыз. Ат басындаі алтынымыз дайын, оны олқы санасаныз, қалағаныңызды айтыңыз, бір қолқаңызға жарайтын етек-жөні кең елміз, қонақты риза етуге шама жетеді, – дейді.

Төрде отырған Төле би дастарқан басындағы ақсақалдарға көз қырымен жағалата қарап:

– Баяғыда хакім Лұқман, осы қазір біз отырған секілді, ел жақсыларымен әр бас қоссуын бір жасқа балап, мың жасадым деген екен. Мен де бүгін жасарып, марқайып, қуанып отырмын. Жағам – жайлау, көнілім – жаз. Елдің игі жақсыларымен бас қосқаныма дән ризамын. Басты бұйымтайым осы еді. Ал маған және нөкерлерімнің әрқайсысына тайтұяқ, қойтұяқ алтын берсеңіздер де әруақ риза болар, не болмас. Аға баласысындар. Тарактан сендер, Абактан біз тараймыз. Ағайыннан дүние дәмететін жол рәсімінің кәдесіне қызығатын жан емеспін.

Дидар ғайып – дидарластым ,

Дәм ғайып – дәм татыстым.

Неке ғайып – некелестім,

Өмір ғайып – ерке өстім,

Ажал ғайып – топырағым қайдан боларын бір Алла біледі, қошеметтесендер Іленің суынан өткізіп салындар, одан басқаға бір Алла разы болсын. «Ат аунаған жерде түк қалады» дегендей, «Төле би сұрапты, оған былай жауап беріпті» деген ел арасында сөз тарасын. Сөзге шешен іргелі елсіндер ғой, мына бір сауал-жұмбағымды

шешіп көріңдерші.

– Көкке тіреу не болады?

Көлге піспек не болады?

Терісін теспей, етін жеген не болады?

Жілігін шақпай, майын сорған не болады? – дейді.

Шешендігіне көсемдігі сай, сұңғыла бидің бұл сауалдарына нақты жауап таппаған үй ішіндегілер дүйім елдің көзінше ұтырлы жауап қайтара аламыз ба, жоқ па дегендей бір-біріне аңтарыла қарасады. Сонда есік жақта құлағы қалқып, сөз аңдысын аңлап, тізерлеп отырған он екі жасар бала қарғып тұрып:

– Ата, рұқсат етсеңіз жауабын мен берейін, – дейді де, демін ішіне бір тартып алып, мұдірмей тақпақтата жөнеледі:

Көкке тіреу – күн болады,

Көлге піспек – жел болады.

Терісін теспей етін жеген – қантар болады,

Жілігін шақпай майын жеген –

екі ағайынды болады,

Тапсам, тақсыр, даналығым болады,

Таппасам балалығым болады, – депті. Бұл бала Ескелді еді. Көзі отты жас өркеннің алғырлығына риза болған Төле би:

– Таптың, балам. Мен кісі танысам, айдарынан жел есер, өзіңмен ел кенесер, иықтымен теңесер халық ұлы болып өсетін сыңайың бар. Құдай жеткізсе, сөз бастап би болайын деген талабың таудай бала екенсің. Көш бастап, жұрт алайын деген бала екенсің, алдыңа кеп ел жүгінер, елдік билігінді аяма, алашың қасынан кетпейді, ырысың тасып, басыңа бақ-дәulet орнайды. Қол бастап, жол алайын деген үл екенсің, жолдастың мыңын алма, сенімді бірін ал. Мың кісіге олжа салатын қанжығалы боларсың, олжанды аяма – ортаға сал, ортаймайды қазынаң. Қару ұстасаң мылтық ал, жаяу жүрсөң таяғың, қарның ашса тамағың, түзге шықсан қорғаның, тәнір қолдар қалғанын. Еліңнің еңсесі, халқынның ер төсі бол, қарағым, – деп бала талантына ризалық білдіріп, ак тілеулі батасын берген екен.

Баланың сұңқар мінезді өжет көзқарасынан

ұшқырлықты, елгезектікті, сергектікті, қылпылдаған қанжар жүзіндей өткірлікті байқаған Төле би Ескелдінің бетінен сүйіпті.

Бұл Ескелдінің жастайынан-ақ ерекше зерек, ақылды, тапқыр болғанын анғартатын жайтың бір мысқалы ғана.

Ескелді бір жолы нағашысы Төле биге сәлем бере барыпты. Төсек үстінде жантайып жатқан би Ескелдіге бұрылып:

– Бата берсін нағашың,

Нені таңдал аласың? – депті. Сонда Ескелді бөгелмestен:

– Жиендік жасап ат алсам, өліп қалады,

Құндыздан ішік алсам, тозып қалады.

Естен кетпейтін, не өшпейтін өсиет сөз беріңіз, ол үрпакқа шежіре, өмірге азық болады, – депті.

– Қалауың аталы сөз болса, қолыңды жая ғой, балам, – деген Төле би:

Іздеп кепсің, жиенім,

Ағытсам сөздің тиегін,

Саған да қонған киенің,

Аруағың білемін.

Өсиет айтса атасы,

Мынау болар батасы:

Халқыңың баласы бол,

Ақылшысы, санаы бол.

Жұртыңың жағасы бол,

Бірліктің тағасы бол.

Жастардың атасы бол,

Жол бастар данасы бол.

Ақты ақ деп бағала,

Қараны қара деп бағала.

Ел өзегін талдырmas,

Өзен бойын жағала.

Іс түссе егер басыңа,

Көпшілікті сағала.

Өзіңе-өзің кәміл бол,

Ел-жұртыңа әділ бол,

Жауыңа қатал бол,

Досыңа адап бол,

Еңсөң биік тұғырлы,  
Өмірің болсын ғұмырлы.  
Әумин! – депті.

Ескелді бабамыз осы өсиетті батаны өмір бойы бойтумар тұтқан екен.

Ескелдінің жасынан зерек, тапқыр болып өсуіне ортасы игі ықпал жасаған. Белді бектер мен білікті билер бас қосып, кеңесіп, әлденеге жауап таппай аңырылған, пәтуаласа алмаған шақта бала Ескелді арқасы қозып, қызуланып, өжеттеніп, жүзінен нұройнап, сөзге араласып кете береді екен. Баласының бойына ақындық, тапқырлық дарығандығын әкесі Жылкелді іштей сезіп, аңғармағансып, оған онша мән бермей жүреді. Керісінше: «Балам, көпшілік отырған жерде қызуланып, жәнжосықсыз сөзге араласып, үлкендермен тайталасып қала беретін әдетінді қойши. «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деген еді бұрынғылар. Тіл мен көз сұғынан сақтасын. Билік пен төрелік айтуға әлі баласың ғой», – деп тоқтам айтады. Сонда баласы іркілместен:

Қой асығын қомсынып,  
Шымыр емес деменіз,  
Қолға жакса, сақа ғой.  
Ұл сөйлесе, шамсынып,  
Жасы кіші деменіз,

Ақылы асса, дана ғой, – депті. Әкесі баласының ұтымды сөзіне ризалығын білдіріп: «Балам, алдыңдан жарылқасын, үй баласы ма деп едім, ел баласы боларсың, халқыңың ақ мандалы арысы бол», – деп әкелік тілегін айтып, батасын беріпті. Осыдан бастап қасына ертіп, әңгімеге араласуына қарсылық білдірмеген көрінеді.

Төле би жиені бес жасқа келгенде ұлы жұздің жақсыларының басын қосып Ескелдіні оң тізесіне отырғызып қызырлы батасын берген. «Есім қайта енді, және бір он бес жасаймын», – деп өзінің алғы ғұмырына да көрегендік жасаған. Бұл Төле би жасаған үш батасының екінші батасы екен. Бірінші қызырлы батасын хан Абылайға, үшінші батасын Жалайырға түбегейлі қоныс

іздеуге шығар алдында Өтеген батырға берген екен.

Бірде Абылай хан жорық сапарынан оралып келе жатып Сыр бойына ат басын бұрып, осындағы жалайыр елінежолай тоқтапты. Абылайды осы өңірдің сыйлықісі, балаң Ескелдінің әкесі Жылкелді отағасы қонақ етеді, құрметтеп, сый-сияпатын көрсетеді. Абылай Жылкелдінің кісілігіне, кең пейілділігіне, қошеметіне ризалығын білдіре отырып, әңгіме арасында отағасын қазақи әдетпен сөзге тартып:

– Ақсақал, әңгіме айта отырайық, сіздің ойыңызша жол анысы не, су анысы не? – депті.

Қара сөзге жүйіріктігі шамалы Жылкелді ойланыңқырап барып, батылсызыдау:

– Жол анысы не болсын, үлкен даңғыл жол шығар. Су анысы мұхит та, сөз анысы тіл емес пе? – деп астарлы сауалдама сөзге жұмбак жауап қайтарса керек. Сонда әкесінің қасына әңгімені зер сала тыңдалап отырған бала жұлып алғандай:

– Менің тұсінігімше жауабы дұрыс айтылмады-ау, – депті.

Абылай да, бала әкесі Жылкелді де, үйдегілердің бәрі баланың бетіне қарайды. Оласпай-саспай: – «Жол анысы тұяқ болар, су анысы бұлақ болар, сөз анысы құлақ болар», – деп байсалды да салиқалы жауап беріпті. Сөз қисынына қатты ризалық білдірген Абылай:

– Атың кім, шырағым? – дегендे, бала:

– Ескелді, – дейді мұдірмей.

– Е, жалайырды аузына қарататын адам жаңа өсіп келе жатыр екен. Бір Алла жарылқасын, нұр жаусын талабына, гүл бітсін қадамына. Ерге тиер үлес – елің үшін құрес, – деп бата берген көрінеді.

Жастайынан ерекше зеректілігімен, ақылдылығымен, тапқырлығымен танылған Ескелді кәрі құлақты қариялардан, сөзге шешен, елге көсем кісілерден тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, тағлым алып өседі. Осындай зеректігі болса керек, ел аузында Ескелді тұрасында аңыз әңгімелер мен шешендік сөздер де көп айттылады. Бәрінің түйінді ойы – Ескелдінің жеке басының жақсы қасиеттерін, әділ билігін, тілмәр шешендігін,

ержүректілігін дәріптеуге тоғысады. Халық қамын ойлаған, ешкімді алаламаған, елінің абырай-айбының асқақ ұстауға ұмтылған кейіпкер бейнесінде суретtelінеді. Көптеген аңыздарда, ел аузындағы деректі әңгімелерде Ескелді елін қорғаған, сұнгір найза ұшымен, қызыл тілдің күшімен туған жерінің байтақ даласын жат жұрт – жонғарлықтардан қорғауға білек сыбана қатысқан ержүрек батыр ретінде мадақталынады.

Қазақ елінің шырқын бұзған, өсіп-өнуіне кесір-кесепатын тигізген Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте елі мен жерін белсene қорғаңдардың бірі - Ескелді. Оның ерлігін, батырлығын, жүректілігін дәлелдейтін деректер де, аңыз әңгімелер де жеткілікті. Ең әуелі, Абылай хан Ескелдіні ес тұтқан, кенесіп, ақылдасып санақсан. Бірде жау шапты деген хабар естісімен, қалмақ басқыншылары жауынгерлерінің жойқындығын, дүбірлі екендігін сезген Абылай шұғыл әскер жинау кезінде сарбаздарына: «Қыспакқа түскелі тұрмыз-ау, бас көтерер ер-азаматты түгел жинандар. Осы манда өзі батыр, өзі мерген, ақылы алғыр, сөзге шешен, елге көсем, ұлы жұз Жалайырының Ескелді атты азаматы бар. Сол батырды алдырып, бір жасаққа қолбасшы жасандар», – деп Ескелдіге де шапқыншы жібереді. Ескелдінің тепсетеңір ұзетін, айбынданса орда бұзатын кезі екен. Абылай хан қолқа салған соң Ескелді ақ сұнгілі найзасын көтеріп:

– Алдияр, – деп айқайлап,  
Тұла бойда қан ойнап.  
Елім үшін құрсанып,  
Қылыш іліп білекке,  
Әлімге де бас байлап,  
Жеткіз деп құдай тілекке,  
Суық ұстап түсімді,  
Қайрап қойып тісімді,  
Найзаға байлап ақ байрак,  
Жауға шаптым бөгелмей,

Сынағалы күшімді, – деп қаптаған жау жасағына тойтарыс беруге бірден аттанады. Қалмақтардың алғы

тобының қалың шебіне қырғидай тиіп, бекіністерін талқандап, женіске жетеді. Азық-түлік әкеле жатқан керуен көшін ілгерілетпей, титықтатып тығырыққа тіреп, мысын басып, үнін тұншықтырады.

Іле мен Бақанас бойына қарай қаптаған жонғарлардың жойқын күшіне батыл қарсы шыққанда Ескелді бастаған ел қорғаушылары қаскөйлерді кейін ығыстырып, елі мен жерін азат еткен. Қабанбай батырдың жауынгер тобына қосылып, жонғарлардың есін жиғызбай қатты соққы беріп, шекарадан асыра қуған. Іле өзенінің солтүстік жағалауы мен Балқаш көлінің бойындағы, Текелі тауы мен Қапал қырындағы жонғар шапқыншыларын талқандауда да Ескелді бастаған сарбаздар ерлігімен танылғаны есте сақталған шежірелердің арқауына айналған.

Тарихтан белгілі 1718 жылы Тәуке хан дүниеден өткен соң орнына баласы Болат хандыққа сайланады. Бірак, ол әкесі Тәуке хандай үстемдік жүргізе алмайды. Сол себепті Тәле би бастаған билер кеңесі басқарады. Бұл кезде Жонғарлар қазақ хандығына қарсы жойқын шабуылын одан әрі қүшайтетүседі. Айналасы екі-үш жыл ішінде жонғарлық шапқыншылар қазақ елінің астанкестеңін шығарып, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасына душар етеді. Азапты кезеңге 1728 жылғы ақырзаман сұғыны қосылып, қар қалың жауып, үскірікті, аязды күндер көбейіп, босқындар өте қын ауыртпалыққа кезігеді. Осы кездегі қазақтардың бірлесіп жауға қарсы шабуыл жасауы сәтті аяқталады. Қабанбай батыр бастаған Ескелді жасауылдары Балқаш көлінің онтүстігіне таман Итішпес деген көлдің жағасындағы шайқаста жонғарларды ойсыратса жеңіліске ұшыратып, масқарасын шығарады. Кеңдалада тірілерінің сағысынып, бет-бетімен қашады. Даға аңырап бос қалған соң, бұл жер – Аңырақай атанады.

Қалмақтың қаныпезерлері Іле өзенінен өтіп, шығысқа қарай көк бас шегірткедей қаптай бастайды. Жолжөнекей ел берекесін кетіріп, қырғынға ұшыратады. Осы бағыттағы соғыста Тәттібай, Сәмен, Ескелді сияқты ел батырлары қаһармандық көрсетіп, үлкен абыройға ие

болады. Олар қаныпезер қаскөйлерді кейін ығыстырып елі мен жерін азат еткен. Қабанбай батырдың жауынгер тобына қосылып, жонғарлардың есін жиғызбай қатты соққы беріп, шекарадан асыра құғандардың бірі Ескелді батыр жасағы деседі. Іле өзенінің солтүстік жағалауы мен Балқаш көлінің бойындағы, Текелі тауы мен Қапал қырындағы жонғар шапқыншыларын талқандауда да Ескелді бастаған сарбаздар ерлігімен танылғандығы шежірлердің арқауына айналғандығымен ел жадында сақталған.

Батыр бабамыздың ерлігі мен өрлігін баяндайтын деректер де бар. Қаратал ауданындағы Сарыбұлақ ауылында Ескелді Балпық мұражайында дұлығасы қасиетті ескерткіш-мұлік ретінде көрмеге қойылған. Ұш ғасырлық тарихы бар бұл жауынгер қалқанын Ескелдінің үрпағы Әлбілан баласы Нұрсағат қария көзінің қараышындағы қастерлеп сақтаған. Ал, Талдықорған облыстық өлкетану музейінің батырлар бөліміндегі сөреде: «Ескелді Жылкелдіұлы – Жонғар шапқыншылығынан халқын қорғаған Жетісу батырларының бірі. Оның ерен ерлік істері, көшелі көсемдігі, асқан қолбасшылығы, қазақ жерін жаудан азат етуге зор рөл атқарды», – деген жазу бар. Бұл да ерлікке бас игендіктің бір белгісі екені аян.

Көрегендігімен көш бастаған, естілігімен ел басқарған, ержүректілігімен халқын қорғаған Ескелді бидің абырой беделінің шоқтығын биіктете, асқақтата түсетін ең басты нәрсе – ел-жұрт арасындағы ынтымақты, бірлікті, сыйласымдылықты сақтауға күш салған қайраткерлігі. Ол барлық саналы өмірін, күш-қайратын ел іргесінің сөгілмеуіне, өшпендейлік пен кек қайырысуды өршітпеуге, бақталастықты өрбітпеуге, өсек-аяңға, дау-дамайға жол бермеуге жұмсаған мәмілегер данагөй. Күнделікті тұрмыс күйбенінің тауқыметінен туындайтын күрделі түйткілдердің түйіндерін дұрыс, әрі әділ шешкен Есекенің беделі әрдайым жоғары бағаланған, елі мақтаныш тұтатын біртуар перзентіне айналған тұлға.

Тұған ел-жұртына пана әрі қамқор болған Ескелдінің үзенгілестері мен тұрғылыстары да бір қауым. Олардың

ішіндегі ең жақыны әрі жан-жолдасы Балпық би, Оракты мен Жолбарыс батыр, Қабылиса ақын сияқты халық қадірлөгөн әруақты адамдар.

Ел ішінде Ескелді мен Балпық есімі егіз үғым ретінде аталады. Бір-бірінен ажыратудың өзі қиянат секілді. Екеуі бөлінбес бір бүтіннің, бір тұтастың ажырамас бөлшегі тәрізді. Екеуінің де ерлігіне өрлігі сай, саналы да салауаттылық танытқан кісілер. Бірі ағалық, екіншісі інілік жолды қия кесіп өтпеген жандар. Балпық Ескелдіні аға тұтып, өзін сыйлас інісі, сенімді серігі санаған. Тағдырдың ыстығын да, сұығын да, жақсы мен жаманын да бірге бөліскең. Бар істі ымырашылдықпен тең атқарысқан. Талшық дәмін дос пейілмен ортаға салысқан ниеттестілердің ішіндегі бірегейі.

Көшелі сөзімен көш бастар серкелігі астасқан, халқының қамы үшін тізе қосып, ел іргесінің ыдырамауын, төрт құбыласының түгел болуын армандаған, тыныштықты тілеген, бірлікті, татулықты өсиет еткен санаткерлер. Тағдырдың жанталасқан дүрбеленәнді кезеңінде қансыраудан жан азабының зардабын шеккен халқының тағдырына қайтсек ара түсеміз деп арпалысқан айбаткер-қайраткерлер. Олар пешенеге бұйырған ғұмырына дақ түсірмеген, ар тазалығын сактаған, имандылық қасиеттерді ардақтаған асылдар.

Қос алып тұлғаға олар өмір сүрген дәуірдегі қазақ халқының тарихындағы қындықтар, елді тітіреткен жаугершіліктің қысталан شاғындағы шырғалаң оқиғалар ортақ. Халықты «Елім-ай» деп еңіретіп, қын-қыстау қыспағына ұрындырған, сол бір кезеңдегі тағдыр тәлкегінің тар жол, тайғақ кешуінен аман-есен өтіп, ел іргесін бұлдірмей шығудың тәсілдерін тауып, жалпақ жұртының шанырағын шайқалтпау жолындағы күреске жанын салған халық қамқоршысы, әрі ақылшысы болғандығы үрпакқа мактаныш. Олар ел-жұртына басшылық жасап, түйінді сөзін, байсалды пікірін, байламды тоқтамын айтқан бас би ретінде танылған ақылгейлер. Елінің керегесі сөгіліп, уығы сынып, шанырағы шайқалмаса екен деген ақ тілектің ары таза адамдары еді.

Ескелді би мен батыр Балпық: «Қашықтағы Қытай империясынан келер зиян шамалы. Өз мекеніміз өзгеден мәңгі», - деп шешеді де, елін Сыр бойынан Жетісу жеріне қарай жетелейді.

Осы ұлы көш халық ақыны Қалқа Жапсарбаевтің «Оракты батыр» дастанына арқау болған.

Түркістанды жағалап,  
Қызылқұмды кеседі.  
Мекен бопты екі жыл.  
Қаратудың етегі...  
Содан көш шулап,  
Шуға да ілігеді.  
Шуды тастап Жалайыр,  
Үдері көшіп кетеді.  
Сол көшкеннен тоқтамай,  
Алакөлден өтеді,  
Қошқарбайға жетеді.  
Топарға жетті еңкейіп,  
Топарға да тоқтамай,  
Ілеге жетті шұбырып...  
Жер екен дәulet өсетін,  
Келген жылы Жалайыр  
Ілеге егін салады.  
Қараша айы туған соң  
Майқұйрық, Қорыс, Ақ дала,  
Тұсында жатқан Абақыр,  
Қыстауға халық тарады.  
Ел орнығып қонған соң,  
Балпақ пенен Оракты  
Ескелді биді басшы ғып  
Алдынан жер шолады, - деп жырға қосады.

Елін сонау Сыр бойынан Жетісуға көшіріп-қондыруды ойлаған білікті би Ескелді төнірегіне үзенгілес тұрғылыстары Балпық, Жолбарыс, Айту сынды бірыңғай сайдың тасында тарлан түлектерді топтастырып жер көріп, ел аралап, тұракты қоныс ететін мекен іздейді. Оларға ел ағалары – көріпкелділігі бар Қоғыл әулие, танымал Қабылиса жырау серіктеседі. Оракты мен Андабай батырлар да қатардан қалмай ілесе шығады.

Бәрі бірігіп жүріп, Іленің індеріндегі қолтықтарды, Қаратал қойнауларын, Көксудың кемерлерін көріп, далаңқайы мен қыратын, мал өрісі мен жазық өнірлерінің ұңғыл-шұңғылдарын түгелдей ине-жілтен өткізгендей аралап көріп, ойлы көзбен шолады. Сол кездегі Жалайыр елінің мың жылқы айдаған жалғыз байы Ақылбайдың қыс қыстап, жаз жайлайтын мекеніне, қонысына, мал өрісіне қызығады. Тамшылары күмістей жарқыраған Талды тұмасының тұнбасынан су ішіп, ат аяғын сұтады. Одан әрі Дауылбай жотасына шығады. Қырат биғінен төнірегін шолып тұрып, әңгіме-дүкен құрады.

Олар өзара ақылдаса келіп, өзенді өлке Жетісу жеріне тұрактауға тоқтап, берік-байлам жасасады. Жердің, табиғаттың көркіне, байлығына қызыққан қырандай үні саңқылдал, семсердей сөзі жарқылдаған Ескелді би сонда былай депті:

– Жетісу табиғаттың тамаша жердің пұшпағы екен, байсын бөлегі екен. Ғажап өлкенің бұрымындағы бұлқынып аққан өзендері жайылып, жерді нәрлендіріп жатқаның көзбен көрдік. Су жағасында жетім бала, жесір қатын да қорегін тауып жеп, өз күнін өзі көре алатын жер екен. Шіркін, жер шұрайы деп осыны айт. Күре тамырлы өзендерінің арнасынан күндіз күміс, тұнде алтын ағады екен. Тұжырымдал айтсам, Жетісу өлкесі жер жаннаты, ел жаннаты, ер санаты екен, – деп баға беріп, «өзен жағалаған елдің өзегі талмайды» деген оймен, ел-жұртын осы Жетісуға көшіріп әкеліп, қоныстандыруға бекем бел байлауды жөн көретіндігін айтыпты.

– Дұрыс, айтасыз, Есеке, - депті Балпық би. – Қаратал сұы қанық, арналы екен. Күнгейі күн, жотасы тегін егін екен. Тау жағы бұлақты, жылғалы, тұмалы, қайнарлы, нұлы жер екен. Ұлыс орнайтын, құмына төрт түлікті өсіріп, ырысқа кенелетін жер осындай-ақ болар. Енді ешқайдан қоныс іздел шаршап-шалдықпайық. Мен Есекенді қолдаймын. Бақталайымыздан көрерміз, тізгін тартып, осында тұрактайық.

Жер шолушылардың қалғандары да осы пікірді мақұл көріп, құттайтындықтарын білдіреді.

Ел басшыларының басқаруымен Жетісуға көшіп

келген Жалайыр елі қоныс жайды өзара бөліскенде әуелгі кезекті Ескелді биге беріпті. Ол кісі еңсесін тік ұстап отырып:

– Арнасын шіреп ағып жатқан асау өзен Қаратал бойының ылдиы сыңсыған сәмбі тал мен жұпар иісті жиде, қыратының қобылары изен мен жусан аралас өскен шүйгін шөпті қоныс көрінеді. Бұл өнірді мекендеген ел азбас, тоны тозбас. Қарсылық білдірмесендер, бұл өнірге Жалайырдың белді бір атасы Сирышы қоныстансын, - деп Қаратал өзенінің шығыс жақтағы өнірін таңдағын. Бұл Текелі тауының баурайындағы Қора мен Шажа қойнауынан бастап, Үшқарасай жазығының қоңыр төбесіне дейінгі алқапты алып жатқан жер.

Қоныс таңдаудың екінші кезегі Балпық бабаға тиіпті. Ол кісі «Ақ шиі мен теріскені иін тірескен жер екен. Әр тасының түбі бір-бір қазан ет болар, тіршілігіміз, күн көрісіміз ешкімнен кейіндемес, - деп Малайсары тауынан бастап, Қаратал өзенінің батыс жағалауын, Ақсуатқа дейінгі жерді қалапты.

Жолбарыс би: «Атамыз бір Маңғытай Барактың баласы едік, іргеміз ажырамасын, андаспен қабырғаласып, қатар қоныстанайық, ауылымыз аралас, малымыз қоралас жатсын. Бір-бірімізге қорған, қамқор бола жүрерміз, - деп тілек білдіріп, кішігірім Быжы, Мұқаншы, Мұқыры, Тентек өзендерінің қылышынан бастап, Қарашенгелдің бүйрат құмын мекендеуге көнілі ауыпты.

Сыпатай руының биі Айту: Жетісу өнірінің бәрі құнарлы, жердің жетімі жок, – деп күшік руының елімен іргелес отыруды көзделеп, Айту байлауындағы өзен көмейінен бастап Тассуат жеріне орналасуға келісіпті.

Ескелді би:

– Ал, ағайын, ел қоныстанатын жерді өз қалауларынмен бөлістік. Реніш, көнілдетүйткіл қалған жок па, осы пәтуа-байламға тоқталамыз ба? – деп сауал тастайды. Бәрі жапа-тармағай бір ауыздан:

– Дұрыс, келісеміз түгелдей, – деседі.

– Онда бата жасап, орнымыздан тұрайық, – дейді де Ескелді би:

Қонысымыз құт болсын,  
Аман-есен жұрт қонсын.  
Төскейінде күнесін,  
Төрт түлік мал түлесін.  
Ниетіміз ақ болсын,  
Елімізге бақ қонсын.  
Кем-кетікті түзеуге,  
Жасаған ие жақ болсын.  
Зарлы заман жоғалсын,  
Тұрмысымыз оңалсын,  
Еш жамандық болмасын,  
Қыдыр ата қолдасын! – деп бата жасапты.

Бір сөзбен айтқанда, Сыр бойынан әдепкі атамекеніне қоныс аударған он екі ата Жалайыр елі Текелі тауының өріндегі Қора мен Шажа өзенінен бастап, айдынды Балқаш көліне дейінгі аралыққа осылайша ірге-қоныс тебеді. Бұл өлкенің жері сулы, нұлы, шұрайлы, шүйгін шөпті екеніне ел қуанады.

Бұгінде он екі ата Жалайыр өсіп-өнген ел. Олар – Андас, Мырза, Қарашапан, Оракты, Ақбұйым, Кәлпе, Сыпатай, Арықтыным, Бәйшегір, Сыршы, Балғалы-Қайшылы, Күшік – барлығы он екі атаның үрім-бұтактары Сыр бойы, Шымкент өнірін, Балқаш көлінің жағасын, Жонғар Алатауының қойнауларын, Іле мен Қаратал өзендерінің алқабын қоныс еткен іргелі ел.

Елінің бірлігін сақтап, тұтас ел болу жолында көп еңбек сінірген қайраткер, ерлік көрсеткен батыр жайлы анызға айналып кеткен әңгімелер де ел жадында. Олар да Ескелді бір тайпа елдің көші-қонын бастаған, халқына қамқорлық жасаған әділетті, бірлікті сақтау жолындағы курескер бейнесінде сипатталады.

Ақындар жырларының алтын арқауына айналған кейіпкер. Мәселен, Ақын Сара Тастанбекқызы Есекеңнің сөзгежүйрік терендігін тілгетиек етсе, Мәулімбай шайыр елді аузына қаратқан білікті би болғандығын, жырау Бактыбай Жолбарысұлы «Қолдай гөр, Ескелді атам, өзің демеп» деп сыйынып, пір тұтады. Сүйінбай Аронұлы Қырғыз ақыны Қатағанмен айтысқанда:

Іле өзенін жерлеген,

Сыр суындаі өрлеген.  
Дұшпанға намыс бермеген,  
Бақ дәулеті кернеген,  
Он екі ата жалайыр,  
Аршынға қолын сермеген.  
Батырлық, ерлік сонда бар,  
Маңына дұшпан келмеген, – деп жалайыр жұртының  
Ескелді, Балпық, Оракты секілді ерлері мен батырларың  
жырға қосады. Ал, Қыдымрәлі ақын:  
Алтын қазақ, зер екен,  
Оларға ием бақ берген.  
Қызыл тіл мен жақ берген,  
Сыпыра қазақ жоқ екен,  
Есекене шақ келген, - деп жыр төгеді.  
Ескелді бабамыз ақ сәлде ораған, салалы сақалың  
тараштаған, қолына құран ұстап, иман үйіріп, әруақ  
рухына бас иген, көріпкелділігі бар қасиетті де киелі  
әулие. Пайғамбарды пір тұтқан әрбір қазақтың бас иер,  
табынып тағзым етер, ардақ тұтар, құлшылық жасар  
Алланың құлы, Мұхаммедтің үмбеті.

Бабамыздың иманды жүзі оны сыйлаған, қадірлекен,  
қастерлекен адам үшін пайғамбар бейнесімен пара-пар  
бағаланады. Соңдықтан болса керек, ел ішінде, әулие  
ретінде ерекше құрмет тұтылады. Оның рухы да  
айбынды, қабірі де қаһарлы. Осы тұста «Аруақты жерден  
ат үркеді», деген мақалдың шындығына көз жеткізетін  
мына бір болған жайды да көпке құлақдар еткенді жөн  
көрдік. Үштөбе алқабындағы күріш егістігін суғаратын  
канал арнасын қазғанда Ескелді бабамыздың бейітінің  
дәл үстінен өтетін болыпты. Басқарушылар: «Қабірді  
айналып өтпей-ақ, арық арнасын тікелей тарта  
беріңдер, бейіт бұзылса бұзылсын» деп келте бүйрық  
беріп, бір беткейлікке салынады. Ескелдінің киелі әулие  
кісі екенін білетіндер: «Бұл жерде ел сыйынған әулие  
жатыр. Өлікке қатығездік жүре ме. Моласын бұзғаннан  
қандай үшпаққа шығамыз. Әруақты сыйласандаршы,  
киесінен қорықсандаршы», - деп жалбарынады. Осы  
мандағы ел-жұрттың ауырып-сырқаса, жәбір-жапа  
шексе, киелі әулиеге табынып, тасаттық беріп, ақтық

байлап, басына түндейтінін айтып түсіндіреді. Оспадар оған да илікпейді. «Елдің дінін, ділін неге сыйламайсыңдар, намысын неге табанға саласыңдар? Соншалықты қатал, қатыгез болмасандар қайтеді?», деп те өтінеді. Соқыр сезім күш иесі одан сайын екіленіп, қоқиланады. «Осындаған қара ниет қарекеттерімен елді ашындырғаннан басқа не өндіресіндер, қандай мұратқа жетесіндер?» деп те жалынады. Анау әпербақандығынан танбайды. Өз айтқанынан қайтпай: «Сүйегі баяғыда саудырап қалған адамда қандай қасиет бар дейсің, қазір-ақ бұзып-жарып шығайын, мықтылығын көріп алдым», – деп Ескелді бабамыздың қабірінің үстіне орнатылған темір күмбезді эксковатор шемішімен іліп алып, қиратпаққа әрекеттенеді. Бірақ тірі үрпактарын табындырған әруақтың айбынды рухы беріспейді. Эксковатор сынып, бұзылып қала береді. Ерегіскен әумесер өршеленіп, екілене түседі. Ақыры темір тажал аударылып құлап, машинисі апатқа ұшырапты. Аруақ иесінен сескенген канал қазушылардың көніліне үрей кіріп, еріксіз су арнасын бұрып, күмбезді айналып өтіпті. Бұл аңыз емес, шындық. Қабірді қорғаған әулие баба рухы да құдіретті-ау!

– Мен дүниені Балпығым арқылы анық көремін, –дейді еken Есекен. – Бүкіл әлемді көретін көз де екеу, бүкіл әлем тынысын еститін құлақ та екеу. Бұл дүниеде жалқы да, жалпы да жаман. Ең болмағанда жарыңа, тіптен болмаса балаңа сынар бол. Әйтеуір жалғыздықтан сақтасын. Біз бүгінде үш төбеміз, үш биікпіз. Қабылиса ақын, Балпық батыр және мен тұрғанда түбіміз түгел, іргеміз берік болары анық. Төле бидей биі, Қабылисадай жырауы, Балпықтай батыры бар елдің бағы да бес елі, – деп Ескелді өз тұрғыластарын тұғырлы тұтқасы берік тұстастары санаған.

Үш ғасырдан кейін Ескелді би есімі әруағына бас иген еліне, үрпағына қайта оралған киелі де әруақты бабамыздың зиратын қастерлеу, рухына тағзым ету иман жүзді қазаққа мұсылмандық парыз болса керек. Бабамыздың иманды жүзі, мейірманды келбеті, әрқайсысымыздың жадымызда жаңғырығып, өшпес-

өлмес өсиетін, өнегелі ісін, ерен ерлігін, ізгі қасиетін көңіліміздің түкпіріне ұялатып, ұлттық санамызды сілкінтіп, тірілтіп жүрсек, бабамыздың әруағы намысымызды қамшылап, жігерімізді жаңып, жебеп-желеп, демеп-қолдап жүретіндігіне күмән келтірмеген ләзім.

«Ескелді былай деп айтқан екен»... дейтін атадан балаға мұра болып, көкірек сарайының түкпірінде қастерлі құжаттай сақталып, ел аузында жатталып, ұрпақтан ұрпаққа жібін ұзбей таралып келе жатқан шежіре деректері, мақал-нақылға, өсиет сөзге, ак батаға айналып кеткен аталы сөздері де көп ұшырасады. Олардың бәрі дерлік адамгершілік, ар-намыс, ел бірлігін, ағайынның татулығын сақтауға үндейтін өсиет. Ел аузында сақталған терең ойлы, сары алтындаі салмақты әрі нақылға айналған сөздерін Іле өзенінің Балқашқа құятын сағасында өмір сүрген Бәйшегір баба ұрпағынан тарайтын Найзабай баласы Қосшыбай қарт ылғи да айтып отыратын. Бұл кісінің өзі де өте зерек әрі әңгімешіл еді. Қосшыекең қияқ мұртын ширатып қойып, күліп сөйлейтін, ашық жүзді, әзіл-оспақты, қалжынды ұнататын. Төңірегіне адамдарды үйіріп, әртүрлі жырларды жатқа айтып, құлақ құрышын қандыратын.

Қошекең атамыз «Ескелді би айтқан екен...» деп өсиетті сөздерді мақалдап-мәтелдеп жатқа соғып, аруағына бас иіп отырғанына талай рет куәгер болған едім. Қадірменді атамыздың көзі тірісінде өз аузынан естіген, қойын дәптерге түсірілген, «Бабамыз Ескелді би айтқан екен...» деп келетін, ескірмейтін, мән-мағынасын жоғалтпайтын мәтелдер мен нақыл сөздердің бірсыптырасы мына төмендегідей:

Екі жақсы бас қосса,  
Бірін бірі қия алмас.  
Екі жаман бас қосса,  
Кең қонысқа сия алмас.

\* \* \*

Жаңбырсыз – жер жетім,  
Басшысыз – ел жетім.

\* \* \*

Қиямет көрсөн де ғұмырдан,  
Тұяғың таймасын тұғырдан.

\* \* \*

Бақ пен дәulet тең келсе,  
Адамның толар кемелі.

\* \* \*

Көніл – гүл,  
Тіл – бұлбұл.  
Сезім – сері,  
Нәпсі – бәрі.  
Сабыр – алтын,  
Ақыл – білгір.

\* \* \*

Тілдің кәусар гүлі – ана тілі.

\* \* \*

Сабыр - ақыл серігі.

\* \* \*

Жаманың дәмесі зор, сөзі қотыр,  
Көкірегі қараңғы көр, көзі соқыр.

\* \* \*

Әйел – үйдегі ырысың,  
Ұл – айбарлы қылышың.  
Қыз – тұздегі өрісің,  
Келін – кеңейген тынысың.

\* \* \*

Қыз шашының әр талы,  
Алтыннан да ардақты.

\* \* \*

Олақ – міншіл,  
Қызғаншақ – күншіл.  
Сырғақ – сыншыл,  
Бос сөз – былшыл.

\* \* \*

Пәнидегі сорлы адам,  
Арын төгіп сорлаған.

\* \* \*

Қаріп пен қасірге шырақ бол,  
Жетім мен жесірге бұлақ бол.

\* \* \*

Жеріне қарап елі туады,  
Еліне лайық ері туады.

\* \* \*

Ел қонбаса – жер азады,  
Жер болмаса – ел азады.

\* \* \*

Қатарынан озатын ұл биікте жүреді,  
Ез атанып, тозатын ұл иықта жүреді.

\* \* \*

Ақылды елден елді оздырады,  
Ақылсыз өзін-өзі тоздырады.

\* \* \*

Ар – ұяттың белгісі –  
Өсек айтпас ер кісі.

\* \* \*

Сайқы мазақ күлкі де,  
Дүние ұқсас тұлкіге.

\* \* \*

Есерліктің белгісі –  
Кеуде соғар, керілер,  
Өсекшілдің белгісі –  
Сөзі сұлу көрінер.

\* \* \*

Қызықтырған тұлкідей  
Дүние өтер бір күні.

\* \* \*

Ат қадірін білмеген,  
Есек етер жатаған.

\* \* \*

Жаман болса алғаның,  
Дау-дамайға қалғаның.  
Әмірдің көріп жалғаның,  
Түнек тартар жан-жағың.

Ұзага толып қос өкпе,  
Сыймассың кең тәсекке.  
Сөзінді алмас есепке,  
Айтылғандай есекке.

Бабамыз Ескелдінің сөз саптасына ой жүгіртсек, ерен тіл жүйріктері мен айтулы ақындар айта алмайтын, әдемі шендерестірудің небір ғажайып үлгісін тудырған ғаламат асыл сөз зергері екендігіне көз жеткіземіз. Танымдық қасиеті басым туындылары асқақ ойымен, көркем теңеулерімен тамсандырып, тәнті етеді. Ой орамы, аңырылмай, жаңылмай тәгілдіріп, мысалдалап, мақалдалап толғанған тебіреністерінің түп тамыры тереңнен тартылады. Осы жерде Есекенің аузынан шыққан асыл қазыналы өсиетті сөздерді ел кәдесіне жарату, жинастыру кейінгі үрпакқа парыз бен қарыз болса керек.

Ескелді әулие дүниеден қайтарында: «Тағзым етіп піріме, ескергенді ескеремін, мені ескерген тіріге, аян айтып, ес беремін» – деген екен дейді. Бұгінгі әулие аруағына тағзым еткен ел-жұрты Ескелді, Балпық би, Қаблиса жырау бабаларын ардақтап есіне алып, кесене тұрғызып, ескерткіштер қойғаны бабалар арманының жүзеге асқанының нақты бір көрінісі деп білген жөн. Бұл еліне пана, халқына қорған болған аруақты адамдарға көрсетілген елінің құрметі екені анық.

## **ҚОЯНКӨЗДЕГІ ҒҰЛАМА ФИМАРАТЫ**

### **ШОҚАН ШОҚЫСЫНЫң ШҰҒЫЛАСЫ** кешегі

жаңбырдан кейін төңіректі құлпыртып, түрлендіре түскен. Алтынемел тауының батыс беткейіндегі жасылжелегі жайқалған кең алқап. Ондағы қызыл-жасыл қызғалдақтары қаулай өскен көкмайса самал желмен жайқалып, теңіздей толқиды. Бағыттымыз – осы тұстағы Шоқан ауылы. Жанжағымыз балауса шалғын. Занғар аспанда жөңкіле көшкен ақша бұлт қалықтайды. Алтынемел беткейінен ескен самал да қоңырсалқын. Жанрахаты. Кәусар ауасын жұтсан, мейір қанып, сарайың ашылады.



Матайдың биік шоқысының алыстан мұнартқан сұлбасы қарауытады. Қоянкөз кеністігіне құлап түскен қазақ аспанының жарық жұлдызы, даңғайыр ғұламасы әм данасы Шоқан Шыңғысұлының мәңгілік қоныс тепкен мекені осында. Мақсат осы ұлы адам мұражайына барып, бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысу еді.

Көз алдымызда жап-жас бейнесімен сакталынған балаң да жайсан жігіт Шоқан тұлғасы елестейді. Ол жүрген, табаны тиген жерді көріп, қабіріне, өлмес рухына

бас иіп, тағзым ету, мұражайын аралап, кемелдікке үмтүлған, халқымыздың данышпан перзентінің өлмес мұрасын дүниетанымдық тұрғыдан зерделеудің өзі әркімге үлкен ғанибет емес пе. Өйткені, Шоқан рухы осынау Алтыннемел төңірегіне жарқын шырайлы нұрын шашып, ғазиз жүргімен жан-жүйені нұрландырып, жаңа рең беріп, келбетін көркейтіп жатқан алып тұлға. Ол өткеннің сабағын санамызға құйып, бүгінгі тірліктің игілікті дәстүрін рухани байлығымен қалтқысыз қызмет көрсетіп жатқандығымен дараланатын ғұлама. Ол қазақ даласын әнімен әлдилеп, қүйімен тербеткен, ұлттық дәстүріміздің ең аяулыларын алақанға салып әлпештеу арқылы тектілік құндылығына айналдырған шапағатты жан. Ол көшпелілік сипаттағы дәстүрлі қазақи тіршіліктің рухани әлемінің түйіндеріне негізделген тағылымды тәрбиені зейінділікпен зерделеген заңғар.

Осындаған рухы асқақ, киесі асыл адамның үйіне – бүгінгі мұражайы – құрылышы ғаламат ғимаратының босағасынан аттау сәтінде жүрек лұпілдеп, бүйрек бұлкілдейтіні занғы құбылыс.

Тоғыз жол торабындағы Сарыөзектен шығысқа бұрылып, Жаркент бағытына қарай көсілген кер жол даңғырап жатыр. Оның он бесінші шақырымына жеткенде он қапталдан Шоқан Уәлиханов кесенесіне барап бағытты нұсқайтын тақтайша көзге шалынды. Демек, Шоқан шоқысы он жақта. Қазақ халқының Қоянкөз кеңістігіне заңғар аспаннан жақұттай жарқырап ағып тұскен жарық жұлдызы, қысқа ғұмыр кешсе де, елінің асқар таудай алыбына айналған Шоқан Уәлихановтың мұражайы да, қабірі де осы бағыттағы манда.

**КЕМЕЛІ КЕЛІСКЕН ҚЫСҚА ҒҰМЫР** кешкен Қазақстан ғұламасы Шоқанның қабірі қайда екендігі көпке дейін белгісіз болып келгендігі анық. Оның моласын туған жері Сырымбет даласында деп келгендігіне де құлак қанық. Бірақ шындықты ашуға, ақиқатқа мойын бұрғызуға игі ықпал жасаған жетісулық ардагер азамат, білікті басшы Игібай Базарбаев

ақсақал еді. Ол өзі басқарған шаруашылық аймағындағы Көшентоған сайының тұсындағы шоқы биігіне Шоқан денесінің жерленгендігін дәлелдеді.

«Шанхай» колхозының төрағасы болып істеп жүрген Игібай Базарбаев 1956 жылдың бір күнінде Алматыда өтетін жиналысқа барады. Осы жолы Сәбит Мұқановтың «Шоқан Ұәлиханов» атты спектаклін көреді. Сонда Шоқанның бейіті Көкшетауда екен деген сөзді естіп, аңтаң қүйге түседі. Ол бұл ұғымның жансақ екендігін маңындағыларға құлакдар етеді. Бірте-бірте Шоқан қабірінің Алтынемел етегіндегі Қоянкөз қыратында екендігін тиісті орындарға жеткізеді. Осыдан кейін арнайы комиссия құрылып, Шанхайға келеді. Олар И. Базарбаевтың көрсетуі бойынша, Шоқанның мүрдесін көреді. Көп жыл бойы ескерусіз, күтімсіз жатқан қабір азып-тозуға айналған еді. Топырағы басылып жермен жексен тартқан-тұғын. Көктаста қолмен қашалып жазылған екі қатар жазулар бар еді. Оның бірі орыс тілінде жазылса, екіншісі араб әріптерімен қазақша берілген түп нұсқасының аудармасы. Осы көктасты көргеннен кейін комиссия мүшелері ардақты азаматтың, ғұлама ғалымның жарық дүниеден өтіп, топырағы бұйырып, Қоянкөз өніріндегі Көшентоғанның биігіндегі шоқыны мәңгілік мекені етіп жатқандығына көз жеткізеді.

Біртуар ғұлама ғалым Шоқанның денесі Жетісудың жерінде, оның ішінде Алтынемел баурайындағы Кәментоған дәңесінде жатқандығы баршаға аян етілді. Сонда бұл маңға Шоқан қалай келді? Сүйегі неліктен осында жерленді? Осы тәріздес сауалдарға жауап іздейтін болсақ, оның жөні де, шындығы да былай болған. 1864 жылы Верный қаласынан қайтқан Шоқан сол кездегі саяси жағдайдың қындығынан, өзінің дімкестенген көңілінің салғырттығынан әбден қалжыраған соң туған жеріне қайтқысы келмейді, көрікті бір жерде тынықсам, емделсем деген оймен жерінің көркі әсем, табиғаты тамаша, жаңға шипалы, ауасы кәусар, суы мөлдір өнірді мекендереп отырған Алтынемел тауының баурайындағы Албан руының аға сұлтаны Тезек төренің ауылына келеді. Осында жатып емделуді үйғарады. Ал, Тезек төре

қазақтың өнерлі де дарынды адамдарын ерекше ықылас-ілтипат көрсетіп, сыйлас жүргенді ұнатқан. Ол орыстың саяхатшысы, оқымыстысы П. П. Семенов Тяньшанский және басқалармен таныс болған. Тезек төрені Шоқанның әдейілеп ізден келуіне осы орыс саяхатшыларының сілтеуі де, ықпал жасауы да әбден ықтимал.

Бұл кез Тезек төренің абыройы асқақтап, үстемдігі жүріп тұрған шақ еді. Тезек төренің шын аты Ералы. Әділ сұлтанның екі баласының бірі. Арғы атасы хан Абылай. Тезек төре өзінің шаруа жайына жақсы тұруына қолайлы қоныс ізден, көп көшіп, жұрт жаңғыртып отырған көрінеді. Осыған орай ел оны Ералы атын өзгертіп, Тезек деп атап кетіпті. Осы Тезек төре ауылында, Қоянкөздің көрікті жерінде емделген Шоқанның асқынған кеселінің беті қайтпай, денсаулығы оңала қоймайды. Өмірінің қысқарып, дәм-тұзының таусылуына аз уақыт қалғанын іштей сезінеді. Күні бұрын көз жұмарының алдында әкесіне хат жазып: «Жетісуға келіп, сорлап қалған Айсараны елге алып қайтыңыз. Оны өзіңіздің назарыныздан, мархабатты қамкорлығыныздан шет қалдырмаңыз» деп өтінеді. Осы хабар бойынша әйелі Айсараны алып кету үшін Көкшетау елінен арнайы адамдар келіп, Шоқан жерленген дөңеске күйдірілген кірпіштен күмбез салғызады. Ол күмбездің көрінісі және оны салған аса көрнекті орыс саясатшысы, этнограф Г. Н. Потанин қарындашпен салған суреті сақталынып, мұражай құндылықтарының қатарына қосылған.

**ДОСТЫҚТЫҢ ДӘЙЕКТІ ДӘНЕКЕРІ** Ұлы ғалымның дүниеден қайтқан жері қазіргі Кербұлақ ауданының Шоқан атындағы шаруашылықтың іргесінде қойылған ескерткіштің өзіндік тарихы бар. Бұл ескерткіш өткен ғасырдың сексенінші жылдарында орнатылған. Ал, ұлы ғалымға осы ескерткіш қашан, қалай тұрғызылды? Бұл жөнінде Республиканыздың Орталық мемлекеттік мұражайында сақталып қалынған құжаттар нақты дәйектемелер бере алады. Оның кейбір деректеріне көз жіберсек, мынандай: 1871 жылғы 26 қараша күні Түркістанның генерал-губернаторы Фон Кауфманның

Жетісу облысының әскери губернаторы Г. А. Калпаковский же жолдаған қатынас қағазында: «...Осыған орай сіздің мәртебенізге 1864 жылы қайтыс болған ротмистер сұлтан Уәлихановтың қабіріне қойылатын ескерткіш тасқа таңбалануға тиіс жазбаны өзінізге жөнелте отырып, Ұлы мәртебелім, маған Жаман – Алтыннемелден. В. П. Кузнецов тәуеп қылуға уағда еткен мәрмер тасқа белгіленген жазбаны орыс және қырғыз (қазақ) тілдерінде өрнектеп, еш қатесіз бедерлей алатын хас шеберді іздел табуға әмір беруінізді өтінеді. Бұл құзыр тәмәмдалған кезде, Құлпытасты орнықтырmas бұрын ондағы жазуларды ыждаһаттылықпен қайтадан тексеріп шығуға бүйрек беруінізді Сізден өтінемін», – делінген.

Шоқанға ескерткіш қоюдың әуелгі бастамасы осылайша қолға алынғанымен жиырма жылға жуық уақыт созылып келген. Оның себебі, сол дәуірдегі Шоқанға деген әртүрлі көзқарастың кінәлілігі немесе орталықтан қияндағы Қоянкөзге дейін жол шеккен тас-тұғырдың бір тоннаға жуық салмағы себепкер болған да шығар. Әйтеуір ұзакқа созылғандығы анық. Дегенмен де Шоқанның орыс достары көніл тазалығынан айнымай 1891 жылғы 6 ақпан күні Қапал уезінің бастығы Жетісу әскери губернаторына мынандай хат жолдаған, онда: «Қайтыс болған ротмистер сұлтан Уәлиханов қабіріне қойылған ескерткіш Қоянкөз бекетінен алты шақырымдай жерде Қапал қаласына шығар бағытта тұр. Ақ мәрмәрден қойылған сандық таста бедерленген жазу бар» делінген. Осы ескерткіш белгі тасты қоюдағы Шоқан Шыңғысұлының орыс достарымен ниеттес адамдары Г. П. Потанин, Н. М. Ядренцев, Г. А. Колпаковский, И. И. Ибрагимов, Н. П. Усов және басқалар көп еңбек сінірген. Еңбектері зяя кетпей 1881 жылы Шоқан қабірінің басына құрыштай достықтың дәйекті дәлелдемесі ретінде архитектор П. Земковтың көмегімен сонау Екатеринбургтен әкелінген ақшыл мәрмәрден төрт бұрышталынып қылған тас Шоқан қабірінің дәл үстіне орнатылады. Ақшыл мәрмәр тасқа: «Мұнда штаб-ротмистер Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов жерленген.

1865 жылы қайтыс болған. Түркістан генерал-губернаторының, генерал-адъютант Фон-Кауфманының тілегімен, ғылымға сіңірген еңбегі ескеріліп, Уәлихановқа бұл ескерткішті 1880 жылы генерал-лейтенант Колпаковский қойды» – деген сөздер жазылған.

Қоянкөзге жарық жұлдыздай құлдырап түсіп, қысқа ғұмырға кезіккен Шоқанның зиратын уақыт шыңырауларына құлатпай, дала көмбелеріне көмдірмей алып қалған да осы тас! Беті уақыт табына шалынып сарғайғанымен құндылығы қымбат құндылық.

Тек қадірді түсінбестік пен білместік салдарынан болар, мына бір жай еріксіз көнілге кіrbін түсіреді. Құлпытасты көрген бір ақымақ: «Қол диірменге таптырмас тас екен, жартысын шауып алып, мәрмәр тасты диірменнің иесі атанайын» деп ойладап, тасқа жүзі өткір темір қашау қадап, балғамен шықылдата бастапты. Сол кезде тастың бір ұшқыны ұшып кеп қорқаудың көзіне қадалыпты. Пиғылы теріс әлгі адам көп уақыт өтпей мерт болады.

«Білместікке ұрындым, әруақ иесі ұрды мені. Баламның баласына, елдің азаматына аманатым: киелі тасты көртпендер, иесі иә әулие, иә кеменгер шығар» депті, өлер шағындағы жанталас үстінде.

Ғалымның орыс достары қойған осынау киелі тастан қол созым дерлік жерде, биік шоқының үстінде мыстан құйылған Шоқанның бейнесі асқақтап тұр.

## **КЕЛІСТІ КЕШЕНЕ, МӘНЕРЛІ МҰРАХАТТАР**

Құндылықтары сақталынған Шоқанның Алтыннемел мемлекеттік ғұмырнамалық мұражайы өзінше бір үлкен кесенелі құрылыш, ғажап ғимарат. Ол атақты ғалымның туғанына 150 жыл толуына орай ЮНЕСКО-ның мерекелік мәжілісі өтіп жатқан күндері ашылған ғұмырнамалық мұражай ғимараты қоршаған ортамен ғажап жарасымдылық пен үйлесімділік тапқан. Қабырғалары Маңғыстау өнірінің ұлу тастарымен күптелген. Шығыс халықтарының сәулет өнерінің озық ұлгілерімен безендірілген. Сырт пішіні де өзгеше. Бірде ашылған кітаптың парағын көз алдыңа елестетсе, енді бірде тұндігі

ашылған киіз үйге ұқсап, ұлттық нақышты ойға оралтады.

Кешене іргесіндегі биік жотаның басынан еңістегі ауылға келіп-кетіп жатқан жұртқа ойланған қарап Шоқан бейнесі тұр. Әуелі оған тағым етіп, рухына бас ию үшін биікке бет аласын. Жотаның табанына лас тұрғызбай, үнемі жуып ағатын шағын өзеннің үстінен металмен өрнектеп көмкерілген көрікті көпір екі жаққа айырылатын баспалдақтарға ұласып, онымен көтеріліп барып, ескерткішті айналып шығасыз да, тәмен қарай түсіп, ешқайда бұрылмаған бетте қос қақпалы ағаш оюлармен өрнектелген мұражай ғимаратының есігіне қарай жол басталады.

Есімі әлемге мәшһүр аса көрнекті қазақ ғалымы, ағартушы – демократ, тарихшы, этнограф және фольклоршы – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов Қазақстан мәдениетінің тарихы мен қоғамдық ғылыми саласында көрнекті орын алатындығы ескеріліп салынған кешене келісті, мұражайы мәнерлі. Әйткені, оның ғылыми еңбектерін айдай әлем толығымен мойындалап, бас иіп отыр деуге толық негіз бар. Шоқанның даналығы, оның дарынының тегеурінділігінде не танымының алуан қырлылығында ғана емес, ол ғаламдық құрлықтағы алғырлығының ауқымы көндігімен де ерекшеленеді. Ол ой арнасы терең өркениетті елдердің ғалымдарының айрықша назар аударып отырған адамзат әулетінің мәңгілік құрмет көрсететін біртуар тұлғасы ретінде де танымал. Осындай ел құрметін асқақтату, ұлылықты ұлықтау кімге де болса адамдық әрі қоғамдық парыз. Осыған сәйкес Кеңес дәуірі кезінде, 1985 жылы Талдықорған облысының Кербұлак ауданында қазақ халқының дарынды перзенті Шоқан Уәлихановқа мәңгілік белгі ретінде қабірінің басына сәулетші-шеберлер М. Вешенко мен В. Усатов мұсіндеген обелиск тұрғызылды, ал 1979 жылы еңсесі биік ескерткіш орнатылды.

Ғұлама ғалым Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай Алтынемел мемлекеттік мемориалдық мұражай кешені ашылды. Бұл өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар құрылышы қазақиландырылған ғаламат

ғимарат. Ескерткіш жобасын архитекторлар А. Сайдалин, Б. Үбыраев, Р. Рұстембековтердің жобасы бойынша салынған. Ғимараттың келісті де ықшам сыртқы көрінісі Шоқан Уәлихановтың рухын асқақтатып, есімін әлемге әйгілеген қысқа ғұмыры мен ғылыми қызметін жан-жақты баяндайтын мұрағат құндылықтарын бір-бірімен үндестіріп, үйлестіріп, көркем өнер арқылы көрсетудің өзі бір ғанибет әрі құдіреттілік.

– Енді осы бір ғаламат ғимараттың құрделі құрылышы орталықтан оқшау, қаладан алыс, құрылыш базасы жоқ жерде қалайша салынды деген сауалға келетін болсақ, оның да өзіндік мәні бар. Осы Алтынемел өніріндегі Шоқан атындағы колхоз басқармасының төрағасы Игібай Базарбаев халықта қызмет етуге, оның тарихын зерделеуге жаншырлықпен қарауға ықыласты жан еді. Ол шөп басып жатқан Шоқанның қабірін тапқаннан кейін ұлы ғалымға деген ыстық ықыласын танытып, құрметін көрсете бастайды. Колхоз орталығындағы мәдениет үйінен өз күштерімен мұражай ашуды ойластырады. Бірақ ол мұражайды өзіндік ерекшелікпен безендірсем деген ниет туындейды. Осы мақсатпен сәулетшілермен ақылдасуына тұра келеді.

Бір жолы Республика басшысы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев, Кербұлақ ауданы өз алдына отау тіккен шақта, осы өнірге келіп, Шоқан ескерткішіне соғады. Колхоз бастығы Игібай Базарбаев Елбасшысына Шоқан ескерткіші үлкен терең сайдың қасындағы жалпақ аласа төбе екенін айтып, оған өзінің мүмкіндігіне қарай мәдениет үйінен мұражай ашуды ойластырып, қолдан келсе, ескерткіш қою жағын қарастырып жүргендігін айтады.

– Шоқанға музей салғызамыз, мұражай ашамыз, Шанханайда мұсінін орнатамыз деген ойларының өте игілікті іс. Бірақ, соған бір колхоздың шамасы келе қояр ма екен? Ол жағын ойластырдыңыздар ма? – деп сұрайды. Үлкендері сыйлап, құрмет тұтатын Игібай Базарбаев аксақал сыпайы ғана:

– Барымызды базар етеміз де. Жоғарыдан көмек болып жатса, әрине, қуаныштымыз. Өзірге ешкімнің

алдына барып, арнайы сөз қозғағанымыз жоқ, – дегеннен әрі аспайды. Димаш Қонаев бұған қысқа ғана:

– Жарайды. Республиканың көмегі болатын шығар, – дейді де қояды.

Көп үзамай Елбасшысының сөзі нақты іске айнала бастайды.

Шоқанның еңбегін жоғары бағалап, асқақ рухы алдындағы жауапкершілік жүгін жақсы сезінген Республикамыздың мәдениет министрлігі де іске араласып, қамқорлықпен қолдау көрсетуге ыңғайланады. Мәдениет министрлігінің орынбасары Әзбекәлі Жәнібековтың жеке бастамасы бойынша, мұражай жобасын жасау жөнінен байқау үйымдастырылады. Осы байқауда Қазақстан сәулетшілер одағы мүшелерінің бірі Бек Ұбыраев жасаған жоба таңдалынып алғынады. Осы жоба негізінде оған дарынды сәулетші Серік Рустембеков, белгілі сәулетші Рустем Габбасұлы Сейдалин және конструктор Анатолий Кот қатысып, өзара бірлесіп жұмыс істейді. Осынау сәулетшілер мен шеберлердің үшқыр ойлылығына, айшықты қолтаңбасына, тапқырлықтарына, нақыштық нұсқаларына ризалықпен тәнті болатыныңыз анық. Атқарылған істің сүйсіндіргені қандай жақсы. Әрине, ойниеттің жүзеге асуы, инженерлік шешімнің сәттілігіне де тікелей байланысты. Бұл істе Анатолий Котов ұсынған архитектуралық үлгі көнілге қонымдылығымен ұнаған. Ғимараттың бүкіл арқауы керіліп түскен бүрмелі металл блокқа бағындыру онтайлы тәсілін тапқан. Осы бір сәтті шыққан конструкторлық шешімнің қарапайымдылығына қоса, оның сейсмикалық беріктігі де жоғары бағаланған.

Сәулетшілердің мұражай кешенесін салуға үлкен дайындықпен, жан-жақты ойластырылған нақты тұжырымды шешіммен белді бекем буып кіріскенін айтқызбай-ақ түсінесіз. Мұндағы әрбір деталь, әрбір элемент орнына, көлеміне, бітіміне қарай мұқият ойластырылған. Соның нәтижесінде Қоянкөз кеңістігінде құрылымдық көрінісі ішкі құндылығымен өзара қауышып, әдемі үйлесім тауып, көркемдік безендірілуі көз тартып, көнілге қонымды жасалуы соның айқын айғағы. Оның

үстіне осы ғаламат ғимарат құрылышы Халықаралық байқауда күміс медальға ие болған. Сәулетшілердің көсіби деңгейі жоғары әрі көнігі шеберлігінің санатында екендігіне бұл нақты дәлел.

Шоқанға арналып, көркі өзгеше, сәулеті ерекше, мәнерлі мұражай ғимаратын салу осылайша қолға алынды. Сөйтіп ауыл тұбіндегі төбе басына ұлы ғалымның мүсіні орнатылды. Мүсін биіктігі үш метр. Салмағы – бір тонна. Оны қоладан құйып жасаған Ленинград жұмысшылары.

Шоқанның осы мүсініне жақындасан, ардагер азаматттың әлдеқайда алысқа көз салып, ойлы кескінмен тұрған бейнесін көретініңіз хақ. Аяулы, ардақты ғұлама ғалымның асқақ рухына, асыл киесіне жұртшылық құрметін көрсетіп, ескерткіш орнатқызып, мұражай тұрғызып, оған баратын даңғыл жол салғызған Димаш Қонаев ағаның келісті ісін кім ұмытады. Мұның өзі ұлы адамды ұлағаттап, тани білгендігінің белгісі, кеменгерлігінің көрінісі, парасаттылығының терендігі, адамгершілігінің биіктігі деуден басқа не айтасыз.

**САН ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ ӘМІР КӨРІНІСТЕРІ**  
мұражай ішіне кірген бетте бірден аңғарылып, өзіндік ерекшеліктерімен баурайды. Ғұлама ғалымның әмірлік көріністері халықтық ұлттық дәстүрдің үрдістерімен үндестік тапқандығы сүйсіндіреді. Қазақ азыздарында дүниені үш қабатқа – жерасты, жер беті, көк әлемі болып бөлінетініндей, мұражайдағы еденнің де үш деңгейде болуы ата-бабаларымыздың әлемдік танымдық түсіністігімен астасып жатқандығын аңғару да қын емес.

Мұражай құндылықтары ұлы ғалымның әмірімен сабактастырылып, оның еңбектерінің сан бағытты бағдарларына қарай топтастырылған. Негізінен алғанда үш бөлімге жіктелініп жинақталған. Бірінші бөлім «Шоқан Уәлиханов және ол әмір сүрген уақыт» делінген. Одан кейінгі бөлімде – «Ш. Уәлихановтың ғылыми қызметі», ал соңғысы «Шоқан мәңгі бізben бірге» деп аталады. Мұражайға қойылған құндылықтардың бәрі Шоқанның

өміріне тікелей қатысты, туған-туысқандарына, жалпы қазақ халқының өткен дәуірін бейнелейтін құндылықтар жинақталған. Олардың арасында Шоқан Уәлихановтың Орталық Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай өлкелерінде жасаған саяхаттарының маршрут картасы, Шоқанның өзі салған «Ұлы жүз қазақтары», «Ұлы жүздің қызы» және басқа суреттері орын алған.

Небәрі отыз жасқа толар-толмас қысқа ғұмыр кешкен Шоқан Уәлихановтың мұрасы өзінің әр тектілігімен, әлеуметтік танымдық тағылымның мейілінше молдығымен кімді болса да риясыз тәнті етері анық. Шоқанның ғылымдағы парасаттылығы мен сауаттылығы, оның жоғары мәртебелі дүниетанымы, салиқалы тарихи-методологиялық зердесі сол кездегі саяси-экономикалық және әлеуметтік ахуалдардың үрдіс ірімдерінде қалыптасқандығы, ғылымдағы асқан зеректігі, парасаттылығы, сауаттылығы мұражайдағы құндылықтардан жақсы көрініс тапқан. Оndaғы басымдылық тарихилық, нақтылық, сабактастық, даму сияқты тарихи методологиялық зерденің білікті үстанимдарын терең менгерген Шоқан этнографиялық және фольклорлық материалдарда сұрыптау мен ден қоя саралаудың үздік ұлгісін көрсеткендігі тәнті етеді.

Мұражай архитектурасы халықтық эпостың мазмұнына сәйкес ұлттық аяда қалыптасқан төлтума қасиетті дәстүрді темірқазық етіп үстанған төрт бұрышын меңзейтін айшықты қырлары бар мазар тәріздес пішінделінген ұлгісі таңдалынған. Мұндай ұлғі-пішін қырғыз, түркімен, монғол, қарақалпақ түркі дәстүрлес халықтардың сәулет өнеріне тәндігін әркім айтқызбай таниды. Ғимарат бұрыштарының көлемі ішкі кеңістігі де әртүрлі. Төбeden арқалық тәрізденіп ақ шаңқан шатырынан тәмен қарай иіліңкіреп барып, қайқы белденіп кететін басқұрлардың етегі «бағыт түйіні» деп аталатын түрлі-түсті жіппен өрілген шашақта жалғасады. Ішкі қабатын өрнектеп, әсемдік келбет жасаған шашақ түйіндерінің түр-түстері де сан алуан. Бояулары әртүрлі. Мұнысы дүниенің төрт бұрышымен сәйкестендіруге жетелейді. Халықтық дәстүрлі ұғым тұрғысынан келетін

болсақ, сары тұс – шығысты, қызылы – оңтүстікті, ақ тұсі – батысты, қара тұсі – солтүстікті бағыттайтын тәрізді. Халықтық ұғым бойынша дүниенің төрт тарабы оның белортасында тоғысады. Аңыздағы – «Жетіқат жер» – деген ұғым бітімін мәнзейді.

Мұражайдың ішкі безендірілуі киіз үйдің пішінін елестетеді. Мұнда халқымыздың эстетикалық, мәдениетінің бояу қолдаудағы композициясы ұтымды шешімін тапқан. Ұлттық дәстүрге сай музей қабырғалары түсті маталармен қапталған. Қызғылт едені о дүниені мәнзейтін қара-қошқыл түспен боялған. Әртүрлі биікте қалқып тұрғандай көрінетін төбенің ақшыл түсті бояумен сылануы да ғимаратты безендірудің ежелгі дәстүрін көрсетеді. Күн жарығының қай мезгілінде болмасын дәл төбеден бір қалыпты нұрын жарқыратады. Түсетін мол жарық экспозицияға ғимараттың кез-келген бөлігін тиімді әрі еркін пайдалануға, ішкі жақтың әр түсын анық көруге мүмкіндік туғызады, әрі мұражай ішіндегі көңістікті көзбен шолу жеңіл.

Жарықтықтың тұсі жүйелі де өзінше ерекше. Жоғарыда шаңырақ тәріздестеріліп терезе бітімін елестетіп доғаша иіліп жасалынған. Ол да тапқырлық.

**ҚҰНДАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР** мұражай кесенесінің негізгі қоры әмбе байлығы. Осы мұражайдағы құндылықтардың қойнау, тізілу сипаты мен көркемдік жағын «Казмузейреставрация» шеберханасының мамандары атқарған. Мұражай лекция залдары мен қор қоймасынан тұрады. Көлемі 454 шаршы метр жерді алып жатқан экспозицияны жасауға Москва, Ленинград, Омск, Алматы, Фрунзе қалаларының мұражайларының қызметкерлері белсене қатысты. Мемлекеттік Эрмитаж бер КСРО халықтарының этнография музейінен қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысына қатысты бұйымдар, құралжабдықтар коллекциясының бір бөлігі келіп түскен. Қазақстанның мемлекеттік Орталық мұражайы, Пушкин атындағы кітапхана мұражайы көптеген заттар мен кітаптарды сыйға тартты. Одактық география қоғамы

мен Сыртқы істер министрлігінің мұражайлықтарынан Шоқан Уәлихановқа қатысты ресми қағаздар мен мәліметтердің көшірмелері алынған.

Мұражайдың сөрелеріне қойылған құндылықтар Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметіне байланысты тақырыптық топтастыру мен ыңғайластыруға сәйкес бес бөлім құрайды. Бірінші кезекте Шоқанның қайраткер ретінде қалыптасуына зор әсерін тигізген сол заманың саяси әлеуметтік, мәдени өмірін қамтитын материалдар жинақталған. Екінші жүйеге Омбы кадет корпусындағы оқу жылдары мен әскери қызметінің басталуы және прогрессивтік көзқарастағы орыс интеллигенциясымен танысуы жайлы құжаттар қойылған. Орта Азия, Оңтүстік Сібір және Қазақстан тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеуде терең із қалдырған үлкен ғалым-тариҳшы, шығыстанушы, географтың ғылыми мұрасы тұрғысындағы материалдар үшінші топқа іріктелінген. Петербург кезеңі, яғни Россияның әдеби, ғылыми ортасымен достық тұрғыдағы, қызмет бабындағы байланыстары жайындағы материалдар төртінші жүйеге топтастырылған. Ал бесінші бөлімге Ш. Уәлихановтың әдебиеттегі, көркемөнер мен кинодағы қызметі әңгімеленеді.

Республикамыздың халық суретшісі Х. Наурызбаев жасаған гранит бюсте бағалы құндылық. Мұражайдың кіре берісіне қойылған осы бір тас мұсіндер ежелгі қарапайым көркемөнер туындысының нақышты көрінісі болып есептелінеді. Осы кейіптес жауынгер жастардың мұсіндері Қазақстаннан табылған көптеген тас мұсіндер арасынан кездесетіні тарихтан мәлім.

Шоқанның жеке өзі тұтынған заттары да қойылған. Мұнда Шоқанның өзі жасаған карталар мен схемалар, қолжазбалар, экспедициялар мен саяхатта болғанда салған графика мен көркемсурет жұмыстары, халық қолөнері туындыларының кейбір жиынтықтары бар. Экспонаттар ішіндегі ұлттық музыка аспаптары Шоқанның жеке коллекциясынан қалған қырғыз, ұйғыр, қытай халықтарының ұлттық киімдері, зергерлік бұйымдар мен минералдар ғалымның зерттеушілік

ізденистерінің жан-жақтылығын аңғартады. Шоқан қазақ фольклорына ерекше назар аударып қана қоймай, ұлттық музыкалық аспаптарды да жинастырған. Мұражайға қойылған қобыз, домбыра, сыйзығы және басқалар солардың бір бөлігі ғана.

Шоқанның балалық шағы өткен Сырымбеттегі әжесі Айғаным қыстауының, Шоқан қабірінің басына қойылған күмбездің макеттері, ғалымның атақты саяхаттарының маршруттарын көрсететін қазіргі шеберлердің қолымен тоқылған гобелен де келушілер назарын аударатыны сөзсіз.

Көрермендер залындағы және бір рухани байлық Ш. Уәлихановтың өмір сүрген кезінен бастап осы күнге дейінгі жарық көрген шығармалардың түгелдей қамтылғандығы.

**ОРТАҚ ОЙЛАР, ҰСЫНЫСТАР** Ғұлама ғалым мұражайына келушілермен, оның құнталынып күтімге алынған құндылықтарын көрушілер толас таппайтын көрінеді. Осындағы келіп-кетушілердің ойлары мен пікірлерін жазатын мұражайдың «Алтын кітабын» парактап көрсөніз, сан-алуан мамандықтардың иелерін, ардақты азаматтардың қолтаңбаларын, зиялы қауым өкілдерінің ыстық ықыластарын, мектеп оқушыларының қуанышты тілектерін оқуға болады. Алтын кітапта Дінмұхаммед Қонаевтың, Нұрсұлтан Назарбаевтың, ғарышкер Әубәкір Тоқтаровтың және басқалардың қолтаңбалары бар. Алматы облысының әкімдігі тарапынан мұражайындағы құндылықтарды заман талабына сай сақтау үшін қаржылай көмек көрсетілген, кешене ғимаратының шатырын қайтадан жаңартып, жылу беру үшін шет елдік пеш орнатуға арнайы қаржы бөлген.

Мұражайға келушілердің тілегі жақсы, ниеттері дұрыс. Бірақ солар Шоқан өмірімен танысуға үлкен қуанышпен келгенімен қолдарына ұстаратын ешқандай тәберіктің жоқтығы қинайтын көрінеді. Өйткені мұнда келушілерге ұсына қоятын ең болмағанда мұражай кешенесінің тарихын баяндайтын бір-екі парактық сілтеме көрсететін бағдарлама көрсеткіштерінің жоқтығы да өкінеді.

Осыған орай кейбір ойға оралған ортақ ұсыныстар мен пікірлерді тиісті орындардың құлағына шалынар деген мақсатпен ортаға салуды жөн көрдік.

Біріншіден – Шоқан Уәлихановтың байлығы жетерлік. Оның қолдан салған суреттері де барышылық. Соларды қалтаға салып жүретін кішкене күнтізбе ретінде шығарса, ескерткіш үшін әркімнің алары хақ.

Екіншіден – омырауға тағатын белгілерді көптеп шығарса да еш артықтығы жоқ.

Үшіншіден – сыртына Шоқанның суреті немесе ғалымның өзі салған суреттер басылған конверттер шығарылса, оның өтімді тауарға айналатыны күмәнсіз. Сонымен бірге Алтынемел мұражай кешенесінің бағдарламалық көрсеткіштерін баяндайтын кітапша шығарса, оны осы кешенеге келушілердің әрқайсысының қызыға алатыны құдік тудырмайды. Мүмкін қазіргі нарықтық жағдайда жоғарыдағы аталған баспаҳаналық бұйымдарды шығаруға қаражат жетіспейді, сондықтан да шығарылмай отыр дейтін де болар. Бұл жерде Шоқанға арналып шығарылған баспаҳаналық өнімдердің өзін-өзі актайдындығы сөзсіз. Тек оларды көптеп шығарып, мұражай кешенесінің қызметкерлеріне беріп қойса, осындағы келушілердің әрқайсысына тегін бермей-ақ, сатып алуға ұсынса, ешкім алмаймын деп бас тартпайтындығы анық. Осы арқылы мұражайдың кейбір қаражат жөніндегі мұқтажын өтеуге жетерлік табыс түсіруге де болады ғой деп ойлаймыз.

Және бір ұсыныс, осы Шоқан Уәлихановтың қабірін тауып, Алтынемел мұражай кешенесін салуға тікелей белсене қатысып, игі бастама көтерген Игібай Базарбаев жайлы және осы құрылышты салуға қатысқан басқа да адамдар жөніндегі деректері мен суреттерін мұражайдың бір бұрышына қойса, еш артықтығы жоқ дер едік. Керісінше, келушілер кімнің қандай еңбек сініргендігін оқып білер еді, жақсы мағлұматтар алар еді.

Мұражай кешенесіне, жоғарыда айтқанымыздай, келушілер көп-ақ. Бірақ мұражайдың Алтын кітабында аудан әкімдерінің, өндірістік фирмалар мен кооперативтердің, шаруашылық қожалықтары мен

фермерлер басшыларының келетіні де, келмейтіні де белгісіз. Ешқайсысының да қолтаңбаларын көре алмайсыз. Соған қарағанда олар мұндай рухани байлық орнына бас сүқпай ма деген күдікті ойда қаласыз. Егер қолында қаражат мүмкіндігі бар, тікелей өндірісте жүрген басшылар аудан әкімдерімен бірлесе отырып, мұражайға келіп, оның бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысып, қаражат жағынан қолдаушылық көрсетіп жатса, мұражай да нарық қыспағынан онша қинала қоймас еді. Бұған әрине, тиісті орындар игі ықпал жасайды деген ойдамыз. Бір сөзбен айтқанда, биылғы Мәдениетті қолдау жылында рухани кемелдіктің кенересін кемітпей, керісінше өрісін кеңейтуге мүмкіндік туғызылып жатса, Қоянкөздегі ғұлама ғалым ғимараты Шоқан Уәлихановтың рухын асқақтатып, шапағатын көпке аша беретіндігі кәміл.

## **ЗЕРГЕР СӨЗ ЗАҢҒАРЫ**

«Ил-86» әуе кемесі Алматыдан Қызылжар-Петропавлға тұнгі сағат 4-ке бес минут қалғанда көтерілді. Жолдың ұзак-тығы екі сағат. Мақпал тұнді қақ жарған ұшақ терезесінен сыртқа көз жібереміз. Төнірек қараң-ғы. Ештеме көрінбейді.

Ұшақ Қызылжарға құлқынсәріде қонады еken. Елжүрт шырт үйқы құшағында жататын кез. Қайда барып, қайда тұrap еkenбіз, - деп іштей күдіктеніп те қоямыз. Оның үстіне, сапарға бірге шыққан ақынымыз Айтакын Бұлғақов: «Өткенде Жезқазғанға бабамыз Ағыбай батырдың тойына барғанда да әуежайға тұнгі екідегетіп едік, күткен ешкім болмады. Содан соң қала әкімінің біріне телефон шалсақ, ел шырт үйқыда жатқанда сендерді кім шақырды, күндіз келмей ме қонақ деген», - деп реніш білдіргенін айтып, күдігімізді одан сайын үстемелей түскен-ді. Бізде не кінә бар. Ұшақтың ұшу сапары осылай тұн ортасына, бейmezгіл уақытқа белгіленсе, біз қайтпекпіз. «Олар күнде ұшып жүргендер ғой. Құс үйқылы шығар, күтіп алатын болар», - деп өзімізді-өзіміз жұбаттық.

Ұшақтың ұшуы өте жайлы. Қызылжар әуежай алаңына



да мезгілінде табан тіреп, бабымен қонды. Сыртқа көз жіберіп едік, күншығыс жақ бозарып, таң сібірлеп атып қапты.

Әуе кемесі тоқтаған аланда қолдарына ғұл шоқтарын ұстаған бір топ адамды біз терезеден көрдік. Серіктесіміз Сәбит: «Дәу де болса, осылар бізді күтіп тұр. Ана ғұлді Зура Дүйсеновна сізге ұсынады бұйыртса. Алдымен сіз жүрініз», - деп күліп қойды. Шындығында да, осылай болып шықты. Сәбиттің балгерлігі дәп келді. Сағына күткен туыстары мен достары келгендей, жапартармағай ғұлдерін ұсынып, қолдарын беріп амандастып, құшақтасып қауышып жатыр бәрі. Ұшақтан түскен адамдар ағыны арасынан талдықорғандық қонақтарды, біздерді, қарсы алғандар Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Мәртен Ақыметбеков пен қалалық өнеркәсіптік құрылышының бас инженері Алексей Иванович күтіп тұр екен.

- Мезгілсіз келген қонақтар үйқыларыңызды қандырмады-ау, - дейміз әзілдеп, қол алысып амандастып жатқан жерде.

- Бұл бізге үйреншікті жай. Ұшақтың ұшу кестесін бір кезде Мәскеу осылай белгілеген екен. Әлі өзгертілмей келеді. Бірақ қонақты қарсы алуға келгенде үйқымыз шайдай ашылады. Оның үстіне Ғабендей ғұлама суреткердің тойына келе жатқан қонақтарға деген ықылас-ниетіміз тым ерекше, - деп ізетпен, құрметпен, ылтипат білдіріп, қалаға қарай жол бастады.

- Аз күн болса да қаланың шуы мен дүйнан ада жерде тынықсын деп сіздерді шаһар шетіндегі Есіл жағасындағы құрылышылардың сауықтыру-емдеу орнына жайғастыруды жөн санадық, - деп жол бастаушымыз қалай қарай бет алғанымызды, бағыттымызды түсіндіріп қойды.

Көк жиектен күн сығалай қарап жоғары көтеріліп қалғанда межелі мекенге кеттік. Жол-жөнекей жасыл желекке, көкорай шалғынға, қаз-қатар тізілген ақ қайыңға тәнті болып келгенбіз. Ат басын тіреген жеріміз де бір жұмақ. Сауықтыру-емдеу орнының айналасы саяжай, шырша, қарағай, әртүрлі ғул аландары. Батыс жағында жылжып аққан Есіл. Айнала белуардан жасыл

шәп. Аракідік шоқ-шоқ болып өскен ну орман.

Солтүстік Қазақстан жеріне, Қызылжар өніріне бірінші келгендіктен бе, табиғаттың сұлулығына ерекше тәнтіміз. Бұл өнірдің тұмса табиғаты бір көргеннен көздің жауын алып, көнілді баурайтын әсем көркімен ерекшеленеді, еken. Қай тұсқа қарасаң да көз тоймайтын көрініс. Нұтоғайлардың сымдыраған жасыл желегі, теңіздей толқыған егін даласы. Көкорай шалғынды жазықпен ұласып, көкжиекті кемерлеп жатыр. Жұпары бұрқыраған даланың табиғи келбеті, әсем көркі жаныңа нұр құйып, жадырата тұскендей.

Көркем сөздің қас шебері Ғабит Мұсірепов мерекесінің алғашқы күндері облыстық Е.Погодин атындағы Петропавл драма театры «Ақнар» спектаклін қойып, Ұлпан бейнесін сахнаға шығарды. Сондай-ақ, Павлодар қазақ музыкалық драма театрының ұжымы «Ақан сері - Ақтоқты» және «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» спектакльдерін тойға қатысуышыларға тарту етіп, өз өнерлерімен сүйсіндірді. Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Райымбек Сейітметов бастап келген Ғабит Мұсірепов атындағы жастар театрының өнеріне де жұртшылық үлкен ризалықтарын білдірді.

Ғабит Мұсіреповтың туғанына 90 жыл толу мерекесінің салтанатты жиыны Петропавл қаласының көрнекті ғимараттарының бірі облыстық драма театрында өткізу белгіленіпті. Оның алдыңғы өнірінде биікке ілінген Ғабит Мұсіреповтың үлкен суреті және оның астына қазақша, орысша ірі әріптермен «Оянған өлкенің жыршысы» деген жазулар алыстан көз тартады. Әрі ол облыс көлемін дүбірлеткен мерекенің мән-мазмұнын ашып көрсеткендей. Петропавл қаласы еңбекшілері өкілдерінің Ғабит Мұсіреповтың туғанына 90 жыл толғанына арналған салтанатты жиналысты облыс әкімі Владимир Карлович Гартман кіріспе сөзбен ашты.

Қазақстан Республикасы Премьер Министрінің бірінші орынбасары, әрі Ғабенің тойын өткізу жөніндегі комиссияның тәрағасы Мырзатай Жолдасбеков құттықтау сөз сөйледі.

Тау алыстаған сайын биіктей түседі. Ғабит Мұсірепов

көзі тірісінде де асқар шыңдай асқақ, Алатаудай заңғар көрінуші еді. Жазушиның бұл дүниеден өткеніне 7 жылдай болыпты. Сол баяғы аяулы бейне бүгінде одан сайын асқақтап, қолжетпес армандай биқтеп кеткен тәрізді, - деді. Жолдасбековтың үлкен тебіреніспен сөйлеген сөзін жүртшылық ризалық сезіммен қарсы алды.

Жазушиның туған жерінде өтіп жатқан салтанатты тойға арнап Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің тәрағасы С.Ә. Әбділдин жазушиның жерлестері Солтүстік Қазақстандықтарға жедел хат жолдап, мерейтоймен құттықтапты. Ол үлкен шабыт үстінде оқылды.

«Заңғар сөз зергерін дүниеге әкелген атамекен бұл күндері республикамыздың түкпір-түкпірінен жиналған Ғабит Махметұлының сан қырлы талантына тағзыым етушілерді қарсы алуда», - деп жазылған жедел хатта.

Қазақы сөздің хас шебері Ғабит Мұсірепов жасаған жарқын бейнелер, оның шығармаларының ғажайып нәрлі тілі осынау қайталанбас қаламгерді бірден баршаға белгілі, көпшілік сүйіп оқытын суреткерге айналдырыды. Жазуши-драматургтың қаламынан әр жылдарда туған «Оянған өлке», «Жат қолында» роман дилогиясы, «Қазақ солдаты», «Ұлпан» повестері, «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Ақан Сері-Ақтоқты» пьесалары, «Қыз-Жібек» операсының либреттосы, әдемі әңгімелер үйірі қазақтың ұлттық мәдениеті мен өмірінің алтын қорына енді. Жазуши шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылды.

Ғабит Махметұлының есімі адамдардың жүргегінде тек қалаулы қаламгер ғана емес, ұлы азамат, халқының адал перзенті ретінде де сақталады. Ол отызыншы жылдардың ойранына батыл қарсы шығып, қуғын-сүргінге ұшыраған жазықсыз жандарға қорған болуға ұмтылған санаулы тұлғаның бірі еді. Жазушиның бұл азаматтық ерлігі бүгінде республика сахналарында табыспен өтіп жатқан «Бесеудің хаты» пьесасында көркем әрі шынайы бейнеленген.

Айрықша табандылығы, адалдығы мен принциптілігі жазушины халықтың лайықты құрметі мен ілтипатына бөледі. Ғабит Мұсірепов бірнеше мәрте республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Жоғарғы Кеңестің Тәрағасы болды.

Жоғарғы Кеңестің Төралқасы атынан Ғабит Махметұлы Мұсіреповтің ұстаннымдылығы мерей тойымен шын жүректен құттықтай отырып, жерлестерінің Ғабит Махметұлы сынды қазақ халқының ұлы перзенті өзінің шығармаларымен де, азаматтық іс-қимылымен де айрықша адалдық танытқан отаншылдық, бірлік, ұлттық мәміле сияқты адамзаттық асыл қазыналарды қастерлей беруіне тілеквестік білдіремін», дедінген.

Той құрметіне арналып жайылған облыс дастанарқаны үстінде талай шешендер сөз алғып сұнғыла суреткерге деген лебіздерін айтып, ықылас-сипаттарын білдіріп, құттықтаулары мен кәде-сыйларын, байғазылары мен көрімдіктерін бірінен соң бірі тапсырып жатты. Ал, талдықорғандықтар атынан қала әкімінің орынбасары Зура Дүйсенқызы Молдабаева сөз сөйлеп, Қарабұлақ жиһаздар фабрикасы емен тақтайға қатырып кітап үлгісімен жасалып, ішкі беттеріне Ғабит Мұсіреповтың суреті салынып, солжақ бетіне Талдықорған жүртшылығы атынан жолданған облыс әкімі Т.Т. Тұрсыновтың құттықтауы жазылған кәде сыйды ұсынды. Құттықтауда былай делінген.

«Аса құрметті жамиғат!

Бұгін, Сіздер Солтүстік Қазақстан өнірінің еңбеккерлері, құллі әлем әдебиетін аузына қаратқан қарасөздің хас шебері, қазақ халқыныңabyroyын асқақтатқан айтулы ақберен суреткер, Еңбек Ері, академик атамыз Ғабит Махметұлы Мұсіреповтың туғанына 90 жыл толу мерейтойын дүрілдетіп өткізіп жатырсыздар. Осыған орай жер жаннаты Жетісу жерінің еңбеккерлері, қазақ халқының дарабоз батыры Қаракерей Қабанбай, жырау ақын Бақтыбай Жолбарысұлы, айтыскер Сара Тастанбекқызы, өлеңжырдың құлагері Ілияс Жансүгірұлы тәрізді майталман өнерлі елдің жүртшылығы, Сіздерді, Ғабенің торқалы тойын үйымдастырушылар мен өткізушілерді, қаламгер дүниеге келген аймақтың қалың жүртшылығын қызу құттықтап, ыстық сәлем жолдайды.

Той жасап, барша жүртты жиып бұгін,  
Ғабенің ардак тұтып биiktігін.

Ту етіп асыл сөзін ақ алмастай,  
Ел-жұрты қастерлепті сүйікті ұлын.

Ләйім, осыңдай ұлан-асыр той жасаған жамиғатты ұлы суреткердің рухы қолдап, тәуелсіздік туын жоғары ұстай берулеріңізге тілекtestіk білдіреміз».

Облыс орталығындағы салтанаттан кейінгі той жазушының туған жері Жаңажол ауылында жалғаспақшы. Қонақтар ертеңгі 9-да солай қарай беталғалы тұрған автокөліктерге отырды.

Жол бойында ақ қайыңдар алаңқайындағы Мамлют ауылы дастарқан жайып қойыпты. Тамақтануға, сусындауға отырдық. Дастарқан мәзірі өте мол. Жайшылықта іздесен таппайтын, не қолға түспейтін тағамдардың неше түрлісі бар. Жұпары аңқыған даланың көусар ауасына сары қымыздың иісі қосылған соң тілтен тамаша. Ұлттық киімдер киген мәнерлі-өнерлі қыздар мен жігіттер ойын-сауықты қыздырып, ән салып, қүй тартып, би билеп, кең даланы, орман ішін думандатып жатыр. Бәрі жарасымды. Жазушыға деген ықылас-пейілдің егін-тегіндігінің белгісін паш еткендей.

Жазушы ауылы Жаңажолға шаңқай түсте жеттік. Шағын қалашыққа ұқсас ауылдың оны да, солы да ну орман. Қайың мен қарағай аралас өскен алқаптың ортасындағы кең жасыл жазықта қаз-қатар тізілген кірпіш үйлер, көп қабаттылары да бар, үш қабатты мектеп, клуб, балабақша алыстан көз тартады.

Осы Жаңажол ауылы жайлы жетекшіміз Мәртен Ахметбеков жетік білетінін жол-жөнекей әңгіме ретінде айтқан. Ол осы ауыл қарайтын Жамбыл ауданында 13 жыл бойы партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген.

- Сол кезде, - дейді Мәртен, - Ғабенмен жиі кездесіп, дәм-тұздас болғаным бар. Туған жеріндегі Жаңажолға қамқорлықпен қарап, көп көңіл бөлді. Келген сайын ауылды көркейту, көріктендіру жөнінен көп ақылдасатын, пікірлесетін. Қажетті жерінде көмектесетін де. Жоғарғы орындардың алдына мәселе қойып, оның тиянақты шешімін табуға белсене араласатын. Мәселен, бұдан 60 жылдай бұрын осы төніректен қазактар қауымдастып

колхоз болып үйымдастып, бір жерге орналасқалы жатқанда Ғабене хат жолдапты. Ауылдың атын қалай атайды? – деген сұрақ екен сондағы өтініштері. «Жаңажол» атандар, - деп жауап беріпті. Содан бері бұл ауыл Жаңажол әрі Ғабенің ауылы деп аталады. Бұрын осы ауыл Сәбит Мұқанов атындағы совхоздың шағын бөлімшесі еді. Шаруашылық орталығынан алыстау болған соң ауылдың ажары да көңіл көншітпейтін. Үйлері ескіріп, селдіреп тоза бастаған. Осы жайды ауылдастары Ғабене өтініш ретінде құлағдар етіпті. Сол-ақ екен Ғабен туған ауылының жадау халіне жаны ауыра күйзеліп, іске білек сыбана кіріскенін өз көзіммен көрдім. Республикадағы, облыстағы, жоғары орындардағы басшылардың алдына барып, туған жердегі ауылдың жүдеулігін, ондағы елжүрттың жағдайын айтып, оны жақсартудың дұрыс жолға салудың жолдарын ақыл ретінде, ұсыныс ретінде айтады. Соның нәтижесінде Жаңажол өз алдына енші алып, отау тікті. Совхоз болып құрылды. Ғабенің есімімен аталады. Бұгінгі ауыл көркі қараса көз тойдырады. Жаңа үйлер қатары көбейіп, көшелер жөнделіп, сәнді ғимараттар салынды. Жалпы алғанда соңғы жылдар аумағында 200-ден аса жаңа үй салынып, пайдалануға берілді. Биылдың өзінде жиырма шақты тұрғын үй салып, қоныс тойы тойланды. Ал, Ғабенің мүшелтойы қарсанында ауылымыз шын мәнінде өзгерген құлпырған келбетін онан сайын көріктендіре түсті десек артық емес.

Ауыл тұрғындары мен қонақтар Ғабит Мұсіреповтың мұражайын, оның алдына жанастырыла орнатылған жазушының ескерткіш мүсінін ашу рәсіміне жиналған. Сәнді киініп, қолдарына гүл шоқтарын ұстаған адамдар теңіздей толқиды. Қисапсыз көп.

Жамбыл ауданының басшысы Шаймұрат Смағұлов мәжіліс рәсімін ашты. Қазақстан Республикасы баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі Қуаныш Сұлтанов сөз сөйлеп, Ғабит Мұсірепов жайлы, оның қадір-қасиетімен терең сезімін, салиқалы да сырлы тұжырымды түйінді ойларын жазбай, сызбай-ақ бейнелі сөзben дәмді етіп жеткізгенде, елжіремеген жүрек, елтімеген жан қалмады десе болғандай.

Мұсінді жауып қойған шымылдық түсірілгенде, мұсінші Мұрат Әйнеков салған жезбейне, Ғабен қелбеті қарсы алдынан төгілген күн нұрына айдай мандағы малынып, шабытты шақты, ойлы сезімге бөлегендей жұртшылыққа қасқая қарап, мейірім төгіп тұрды. Ескерткіш мұсінге Ғабенің қыздары мен немерелері, Сәбит Мұқановтың жары Мәриям апа бастаған қонақтар мен ауыл адамдары гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

Мұражай үйінің есігіне керілген лентаны қио құрметіне Қазақстан Республикасының Мәдениет Министрі Еркекали Рахмадиев ие болды. Ол өзінің міндеттелген парызын өтеп тұрып, былай деді: - Ұлы жазушының, Ғабенің мұражайы үйіне мен өз ескерткішімді ала келдім. Ол мынау Ғабенің аңшылыққа шыққанда киетін тоқыма қалпағы. Бір кездे маған сыйға берген еді. Оны көзімнің қарашағындай сақтап келдім. Осында келердің алдында бір қыырдағы Греция, Италия елдерінен оралған едім. Мына қалпақ та менімен бірге жер аралап, ел көрді. Қасиетті затымдай құрметтеп, қолтығыма қысып, бір сәт тастамай жүрдім. Енді бүгін соны Ғабенің өз мүлкі ретінде мәңгілік сақтауға – ескерткіш мүлік ретінде мұражайға тарту етіп тапсырғалы тұрмын.

Жұртшылық өз толқулары мен ризалық сезімдерін ду қол шапалақтау арқылы білдірісіп жатты.

Мұражай үйі екі қабат. Жаңа жобамен әдейілеп, арнайы салынған кешен. Бөлмелері кең, терезелері үлкен, жарығы мол. Кең бөлме залына петропавлдық Василий Петрович Манзия салған Ғабит Мұсіреповтың суреті қойылған. Әйнектеліп жасалған сөрелер мен бөлме қабырғаларына Ғабен тұтынған, қолымен ұстап, өзі игілігін көрген мүліктері, киімдері, әр кезде әр елде басылған кітаптары, аңшылық құралдары іріктеліп жүйеге бөлініп қойылған. Қаламгердің еңбек жолын, шығармашылық қызметтерін бейнелейтін деректі фотосуреттер де жеткілікті. Жазушының сценариі бойынша түсірілген «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Аманкелді» кинофильмдерінен алынған үзінділер де көрермендер үшін қызықты болары анық.

Мұражайдың күн санап көбейіп, жинала толыға, корлана түсері, мазмұн жағынан байи түсе берері сөзсіз.

Оның айқын бір көрінісі есігі айқара ашылған күннің өзінде ғана кәде-сый ретінде ұсынылған мұлік жиһаздар қаптап кетті. Талдықорғандық қолтаңбасы бар өрнектері зерлі үлкен қола құйма ыдыстар, ескерткіштер қорына қосылды.

Сұнғыла суреттердің мұражайынан көп сыр түйіп, қошеметі мен ризалық сезіміне бөлөнген қонақтар мен жұртшылық жапатар мағай мінген жеңіл машиналар мен автобустар легі ауыл іргесінен 2-3 шақырым шамасындағы ну орман қойнауына қарай ағылды. Бұрын көл орны болған дәп-дәңгелек алаңын қарісқей жиегіндегі ақ қайындарды жағалай қаз-қатар боз үйлер тігілген. Бұл қонақтарды құтуге арналған ақ отаулар көшесі еken. Одан сәл әрірек асқан сайын қабат-қабат алаңдар, Жетісу жерінің дәстүріндегі, әр шаруашылық өз киіз үйлерін тігіп, қолдан келген әрімен ажарлап, барымен базарлап жатқанына ризалық білдіресін. Осы алаңда көршілес Қостанай мен Ақмола облыстарының кейбір аудандары үй әкеліп тігіп, тойды қызықты өткізуға ортақтасып жатқаны да жазушыға, оның ел-жұртына деген адад ниеттерінің белгісі болса керек.

Орталық алаңға ақорданың жартысын бейнелейтін алды ашық үлкен киіз үй іспеттес сахна орнатылған. Елдің де аңсарының көбірек аударылғаны осы өнер тобы. Мұнда айтыс ақындары сөз сайысына түсті. Күміс көмейлілер ән шырқап, термешілер жыр тәгіп, күйшілер домбырасын күмбірлөтіп, бишілер мың бұралып алма-кезек өнер көрсетіп, көпшілік тамашаға қарық болып, қызыққа кенелуде.

Көкшетау өнірін аралап жүрген Үкімет басшысы Сергей Терещенко той үстіне келіп, құттықтау сөзін қазақша жатық айтқанда, жұрттың ризашылық білдірісінде шек болмады десек, еш артықтығы жоқ. Өйткені, өтіп жатқан той салтанатының мән-мазмұнын, тұжырымын көптің ойынан дәп шығатындей етіп жеткізе білді. Ол өз сезінде: «Қашан да ұлы адамдар шарапаты – халық пен халықты, ел мен елді қосу, біріктіру. Ғабит Мұсірепов рухы, оның тойы бізге осыны көрсетті», - деді. Осы бір идеяның жақсы көрінісі болса керек, ғабенің мерейтойына Солтүстік Қазақстанмен көршілес Ресейдің

Түмен, Омбы, Қорған облыстарынан арнайы делегаттар келіп, мереке қуанышы мен сый-құрметіне ортақтасып, бағдарлама бойынша өткізілген шаралардың белсене қатысып жүрді. Жақсыдан шарапат алғанға не жетсін.

Ғабенің туған жері Елтінжал ерекше көркем ғой. Оны бір көрудің өзі не тұрады, - деген таңданыс пен толғанысты той барысында екінің бірінен естігенбіз. Аузымызды ашып, алыстан армандағанша Елтінжалды барып көрсе қайтеді? - деген ұсынысымызға талдықорғандық топтың жетекшісі Мәртен Ахметбеков:

- Шұрқ етпе, ертең өзім көрсетемін, - деп уәде еткен-ді.

Жаңажол ауылынан аттанап, Сергей ауданына қарай бет алдық. Кенересі көкжиекпен тұйықталған кенге көсілген жазықпен масақтары қарыс жез мұртты егін ортасына қақ жарған жол үстінде тоқтап, сыртқа шықтық. Айналамыз ақ қайыңды, шоқ-шоқ болып топтанған қарағайлы, шыршалы орман. Жұпары анқыған жұмак жердің бір үшпағында тұрғандаймыз.

- Мына тұрған екі-үш шақырымдық ақ қайың орманын көрдіңіздер ме, Елтінжал осы,-деді жол басшымыз Мәкен.

Шындығында да көз алдымызда алып көкбүраланған жал жатыр. Қайың дала жонындағы желегі желпілдеген ну орманнан тұндігін үзбей ұзыннан-ұзақ созылып, кеністікке қарай көсіліп жатқан бір керемет білем іспетті аққайың жалдан айнымайды. Арқадағы шоқ-шоқ ақ қайыңды орманы неткен ғажап. Көркіне көз тоймайды. Қызықтай бергің келеді. Тамсанамын. Өйтпегендे-ше, табиғаттың сұлулығы, әсемдігі, ғажайып көркі, қиял қиясына еріксіз жетелейді. Осындағы – Елтінжалдай жасыл жерге кіндік қаны тамған Ғабит атамыздың атақ-даңқының, абыройының асқақтауы да тегіннен-тегін емес. Туған жер топырағы дарытқан дарын, туған орманы, алтын есігі, тұнған сыр. Қиял құсын еріксіз самғататын бір тума таланттарды тәрбиелейтін топырағы неткен құнарлы. Ғабенің байсалды, ірі тұлғалы, асқақ арманды, қайсар, ел перзенті, түкті жүректі болып дарапануы да жері мен еліне әбден лайық.

Біз – Елтінжал, дегенді қалай түсінеміз, мағынасы не?

Осындай сауал қойғанымызда жолсерігіміз:

- Ол Ғабенің негізгі есімінің бір сынары, әдебиеттегі жұмбак, қосалқы аты. Ал Елтінжал сөзіне келетін болсақ Ғабенің өзі: «Алтын ба», «Елтін бе» оны мен де білмедім, білудің керегі жоқ шығар, - дейді екен. Жер атауының құпия сырьы қаламгердің өзіне аян екені әрине шындық. Біз жақтағылар Елтінжалды Ғабен деп, Ғабенде Елтінжал, - деп біледі. Екеуі ел аузындағы егіз есім.

Бұл тұжырымның кесімді пікір екеніндігіне біз де күмән келтірмедік.

Бізді және бір қызықтырғаны Қызқарағай жайлы әңгіме. Бұл Жаңажол ауылының іргесіндегі орманның шеткі ішкі жиегін ала өскен. Мықты діні көкке өрлеген шырайлы шырша ағаштары түрінің ең бір көріктісі әрі сымбаттысы. Осы Қызқарағайға келе жатқанда Талдықорған аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі Биболов мынандай әңгіме айтқан еді. Бірде Ғабен Мәскеуден қайтар жолында жерлестері Мақсұт Әубәкіровке телефон соғып, Қызылжарда жолығысайық, - деген екен. Әрі Мақсұтбекке ауылдан шыққан жалғыз композитор Жоламан Тұрсынбаевты да ерте келуін өтінеді. Жерді аралап жүріп, Ғабен жақсы көретін інілерін қалың тоғайға қарай бастайды. Күнде көріп жүрген ағаш арасымен жүргенге ерінген бұларға Ғабен: «Мен сендерге бір нуды көрсетемін», - деп орман ішіне терең енсе керек. Әлден соң қалың ағаш ішінен ерекше сұлу да сымбатты, ерекше бір өсімдікті көрсетеді. Өзі жалғыз, басқаға үқсамайтындықтан айналасын бөлектеп қоршап қойыпты. Інілеріне: «Мынау қандай ағаш?» демей ме, Ғабен. Әрқайсысы әртүрлі айтқанымен бірде-бірі сұлу ағаштың атауын таба алмайды. Сонда Ғабен: баяғыда Көкшетауда орман техникумында дәріс беріп жүргенімде ағаш аттарын қазақшаға аударып отырып, осы бір ағашты «Қызқарағай» деп ат қойған екен. Бұл үйенкі, қарағай, шырша, самырсын, тағы басқа ағаштардың ешқайсысына үқсамайды. Өзінше бір алабөтен өсімдік. Мұның атын «Қызқарағай» - деп нық сеніммен айтқан екен. Осы жолғы сапарда Мақсұтбек «Қызқарағайдың» әуенін жазып, түн ішінде Жоламанға өлең сөзінің дайын екенін хабарлайды. Ертеңіне композитор ән шығарып,

оны өзінің пионинасында Максұтбекке орындалған береді. Бірақ, ән әсерсіздідеу болып көрінеді. Кейін оркестрдің сүйемелдеуімен, шамалы өңдеуімен Бибігүлдің орындауда оның «Қызықарағай» әні осылай туындаған екен.

Осы Қызықарағайға тақау жерде әдетте тік өсетін қасиетті қарағайдың діні үш мәтрдей биіктен аса бере үш тармақтанып өсіп, ішке қарай уықша иіліп, кең ұя тәрізді құыс нұсқа жасалынған. Оған Ғабен өсі қос тақтайдан арқалық орындық жасатып, күнүзак отырып, шабыт шақырып жұмыс істеген екен. Ғабенің ең қасиетті мекеніне айналған қиял, талай шабыт ұясы іспетті санаған осынау киелі орындыққа біз де көтеріліп, тізе бүктік. Қасиетті қаламгердің әруағына тағзым еттік. Бұл да біз үшін ең үлкен ғанибет еді.

Аққайындар өлкесі күні кеше әйгілі сыншы Толыбай, тілдерінен сөзі бал тамған Қожаберген, Сегізсері, Салғара секілді же зстандай жыраулар дүниеге келсе, осы ғасырда Мағжан Жұмабаев тәрізді поэзия дүлдүлі, дауысын жарқын шығарған Сәбит пен Ғабит сияқты шебер сөз зергерлерін жақсы білеміз. Сондығы болса керек ұланғайыр той қызыуы көбейіп, қуанышты жүздесулер бірінен соң бірін жалғастырып әкетуі дәстүрге айналған сияқты. Қонақтар Сәбит Мұқанов атындағы совхозда, орыс жазушысы Иван Шуховтың мұражайында болып, жүртшылықпен дидарласты.

Алматыдан келген ақын-жазушылардың бір тобы мен талдықорғандықтар Сергеев ауданына аттанды. Мұнда да той. Белгілі ақын Ғабит Мұсіреповтың құрдасы әрі қызметтес болған бауыры Ғалым Малдыбаевтың 90 жылдық мерекесін дүркіретіп өткізіп жатқан еді.

Жаңажол ауылындағы орта мектеп ақын-ғалым Малдыбаев есімімен аталып, кең бөлмеге мұражайы орналастырылған. Ауыл сыртындағы жасыл жазық аланға акбоз үйлер тігіліп, салтанатты жынын үйимдастырылған. Жылы лебіздер айтылып, ізгі тілектер білдіріліп жатты. Ақын аруағы ардақталып, ас беріліп, құран оқылды. Осындай ақын тойының бел ортасында болған біз кештете Қызылжарға аттандық.

## **ЕРЕНҒАЙЫП – ЕЛ АҒАСЫ**

Мамыр айының мамыражай күні шұғылалы шуағын Бақанас өніріне молынан төгіп тұрды. Арналы Іленің жағасын-дағы жайқала өсken көкорайлы шалғынды шөбі киіздей тұтасып жер бетін жапқан. Осы жасыл алқап мерекедегідей безендірілген. Ақшанқан киіз үйлер тігіліп, биік шатырлы сахна құрылып, көркемделіп, өрнектелген төріне қонақтарды шақырып тұрғандай. Адамдардың көңілкүйі де жоғары. Шапағат шуағына малынған жүздері де жарқын. Бұлар осында өткізілетін мемлекет қайраткері Д.Қонаевтың туғанына 90 жыл толуын атап өтуге жиналып жатқан жұртшылық еді. Олардың ағылып келуіне де ерекше бір ынталылықтың барлығы сезіледі. Алаңдағы мінбесі биік шатырдың он қапталына Д.Қонаевтың кілемге салынған суреті ілініп, тәменгі тұсына «90 жыл» деп жазылған болса, сол жақ қанатында ұлы тұлғаның шығармалары және ол жайлы жазылған шығармалар көрмесі қойылған. Тартымды туындыларға қызығушылық танытып, өздеріне ескерткіш ретінде сатып алып жатқандар да қисапсыз көп.



Салтанатты жында Балқаш ауданының әкімі Ерғазы Қошанбеков беташар сөз сөйлеп, өткелі отырған салтанаттың мәні мен маңызына жан-жақты тоқталып өтті.

- Халқымыздың біртуар азаматы, үлкен жүректі жан, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, академик Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 90 жылдық мерейтойы бұл күнде жер-жерде маңызды шара ретінде аталынып өтті. Дінмұхамед Ахметұлының есімі жалпы қазақстандықтардың, соның ішінде балқаштық азаматтар үшін ерекше ыстық, - деді мінбеге көтерілген Е. Қошанбеков мырза. - Өйткені, жалпы Қазақстанды көркейту, өркендету жолында бар білімі мен біліктілігін, тәжірибесі мен күш-қуатын аямай жұмсаған біртуар азамат біздің Балқаш ауданының экономикасының дамуына айрықша көніл бөліп отырды. Қолы қалт еткенде Бақанаңсақа ат ізін салып, ата-бабасының туған жерінің ауасымен тыныстап, елінің тыныс-тіршілігін көзімен көріп, қуат алып қайтатын еді. Димекеңнің бір бүйірінде Балқаш пен Бақанастың әрқашан тұрғандығын біздер жанымызben түйсініп жүрдік. Осындай екі жақты рухани байланыс үлкен жүректі жанның көзі тірісінде бір сәтте үзілген жок.

Халқына, еліне, жеріне деген зор сүйіспеншілік тәрізді перзенттік парызды Димекеңдей сезінген, оны қалтқысыз орындауға талпынған адам кем де кем шығар. Димекеңнің 90 жылдығының Балқаш жерінде айрықша тойланып, биылғы жылы ауданда өтетін барлық шараларды ұлы тұлғаға арнап өткізуді мұрат еткеніміз де сондықтан.

Жақында Қонаев орта мектебінде Димекеңнің мұражайы салтанатпен ашылды. Енді ауданымызда Қонаевтың екі бірдей ескерткіші мен мұражайы, оның есімімен аталатын мектеп бар деп орынды мақтаныш ете аламыз. Ең бастысы ел ағасының қалдырған өнегелі ісі, өшпес ізі ауданымызда сайрап жатыр. Ол із өшпейтін із, мәңгі тарих шежіресі.

Биыл үлкен Алматы каналының басталар тұсына Димекеңнің баразьефі орнатылып, Лениногорск қаласына Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев есімі берілді. Үлкен Алматы каналының салынуына республика

басшысының өзі тікелей ықпал етіп, көп күш-жігер жұмсаса, Лениногорск қаласында еңбек жолын бастағаны баршаға аян. Бүкіл қазақ халқы көзі тірісінде-ақ әулиеге теңеп, дараланып араларынан шыққан пайғамбардай мақтаныш көретін үлкен жүректі, мейірім шуағы мол, пейілі кең данышпан ойлы адамды балқаштықтар қалай ардақтаса да, мадақтаса да артық болмайды деп санаймын.

«Жетісу» газеті өткен сандарының бірінде Қапшағай қаласын Қонаев есімімен атау жөнінде мәселе көтерді. Жақсы бастаманы көпшілік қолдаса, нұр үстіне нұр. Қолдау табатындығына сенім де мол. Өйткені Қапшағай су қоймасының салынуына Димекен көп еңбек сініргендігі рас. Еңбегі ұланғайыр... Ұлы тұлғаның елі үшін жасаған осындай ұлы істері халықтың санасында қайтадан жаңарып жатуының өзі үлкен қуаныш.

Енді міне, Дінмұхамед Қонаев атындағы қор халқымыздың ардақты ұлы жайында «Елу жыл ел ағасы» деген кітап шығарды. Кеменгер адам бейнесін барынша кемел қалпында көрсетуге үмтұлыс жасаған бұл кітап біздер үшін, қазақ халқы үшін аса бағалы. Кітапта ұлы ғұламалар, академиктер, сөз зергерлері, ақындар мен жазушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері сынды көрнекті тұлғалардың естеліктері мен пікірлері, парасатты ойлары топтастырылған. Біртуар тұлғамен қоян-қолтық араласып, шапағатын көрген, өздері де халқымыздың өркениетке қарай жылжуына кішкентай да болса үлес қосуға үмтүлған мәндай алды азаматтардың фотошежірелерімен, тың деректерімен толықтырыла түскен.

- Дәл қазір бізге үлкен жүректі азамат, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы жазылған «Елу жыл ел ағасы» кітабының тұсауқесерін өткізуудің сәті түсіп тұр, - деді аудан әкімі Ерғазы Кошанбеков мырза сөзін әрі сабактап. - Игі іске тікелей атсалысқан, көлемді еңбектің қолымызға тиуіне үлес қосқан, кітапты құрастырған жазушы бауырларымыз да ортамызда отыр. Кеменгер жерлесіміз, аса көрнекті мемлекет қайраткері Димаш атамыз туралы «Санат» баспасынан шыққан кітаптің тұсауқесер рәсіміне куә болудың өзі үлкен ғанибет.

Димекенді біртабан болса да жақын, үзенгілес інілері, соғыс ардагерлері бізден де гөрі тереңірек түсінеді, ардақтай біледі деп ойлаймын. Өйткені, олар Димекең бастан өткерген күрделі оқиғалардың ахуалын жандарымен сезініп, заман демімен тыныстады. Ғасыр адамы, бәріміздің замандасымыз, ғұлама қайраткер, жүз жылда бір-ақ рет дүниеге келетін ғажайып перзент Дінмұхамед Ахметұлы туралы «Санат» баспасынан жаңадан шыққан, әлі сиясы кеуіп үлгермеген кітаптарының құтты болсын, ағайын! «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді», деп бабаларымыз қалай дәл тауып айтқан. Димаш ағамыздың есімі, істеген ісі ешқашан өлмейді. Міне, бүгін тұсауы жаңадан кесіліп отырған «Елу жыл ел ағасы» кітабы арқылы тағы да ортамызға келді. Мақтан тұтар жерлесіміздің бүл да өмір жалғасының жарасымды көрінісі және бір биік белесі. Бұдан әрі Димаш ағамыздың тұлғасы уақыт өткен сайын Алатау іспеттес зорайып, тұлғалана беретіндігі күмәнсіз.

Қазақ халқы өмір сүргендеге елін сүйетін, жерін құрметтейтін әрбір ұлтжанды азаматтың жүрегінде Демекене деген ыстық сүйіспеншілік, асқақ махабbat берік орын алары ақиқат. Елін, жерін құрметтей, қастерлей білген ардақты ұлын ұрпақтары да асқақтата біледі, әрі асқақтата береді. Өйткені, Димаш ата өмірі, атқарған істері, қалдырған өсиеттері елім, жұртым деген әрбір азаматқа үлгі-өнеге.

Аудан әкімі біртуар тұлғаға арнаған жүрекжарды ықыласын осылайша білдіріп, ұлы адамға арналған салтанатты жиынға жиналғандарды құттықтады. Бұдан кейін ұлы адам жайлы онымен қызметтес болған республикамыздың белгілі адамдары ізгі ниетті тілектерін білдіру үшін мінбеге көтерілді.

- Біздің ұлтымыз, қазақ елі Димекең сынды данышпан адаммен дүниеге танылғандығымен мақтана алады. Мен ол кісімен отыз жылдан астам уақыт қызметтес болдым,

- деді мемлекет қайраткері Аухадиев Кеңес. – Димекең өте мейірбанды басшы еді. Мейірімділігі де мол-тұғын. Жиырмасыншы ғасырда елу жыл бойы ел басқарды. Республикамыздың экономикасының дамуына, мәдениетінің өркендеуіне қосқан үлесі ұланғайыр, әрі мақтандышпен айтуға лайық. Биылғы жылдың Қонаев

жылы атануына байланысты жер-жерде республикалыздың әр түпкірінде мәдени шаралар өткізіліп, ұлы тұлғаның атқарған еңбектері қорытындыланып, халықта жасаған жақсылығы, қамқорлығы сөз болып, қасиеттілігі мен адамгершілік парасаты әңгіме арқауына айналуда. Соның бірі Бақанас елінің жұртшылығы өткізіп отырған осы салтанат. Мұндай басқосуларды Оралда, Таразда, Шымкент аймағында өткізуге дайындық жұмыстары жүргізілуде. Бір сөзben айтқанда, Қонаев тұлғасы жыл сайын Алатаудай асқақтай беретіндігі көміл.

Мінбеге көтерілген «Санат» баспасының директоры, белгілі журналист, жазушы Серік Әбдірайымұлы тебірене сөз сейледі.

- Біз үшін Қонаев өте қымбат адам. Парасаттылығымен, кеменгерлігімен, адамгершілік қасиетімен, қамқоршылдығымен, адамдарды аялай білетіндігімен танылған асқақ тұлғалы жан. Еңбектері де жеткілікті. Біздің баспадан «Елу жыл ел ағасы» кітабы шығарылды. Оған жиналынған суреттердің өзі ғана екі жарым мыңнан асты. Ал, естеліктер мен мақалалар да қисап жоқ. Естелік кітаптың қызықты, тартымды болуы үшін Қонаевтың ел біле бермейтін жақтарын іріктең алуға назар аудардық. Сол себепті де жинаққа енген басылымдардың бәрі дерліктей бұрын еш жерде жарияланбаған тың дүниелер. Мұны біз Димекеңнің туғанына 90 жыл толу мерекесіне тарту ретінде оқырманға ұсынып отырмыз. Ұлы адамның еңбегі еленіп, атқарған ісі, қызметі, қамқорлығы, қасиеті кейінгі жасөспірімдерге үлгі-өнеге ретінде оқытыла беретіндігіне сенімдіміз.

Баспа әзірлеген үлкен күнтізбелер, Қонаевтың түрлі-түсті суреттері және шығармалары салтанатқа жиналған жұртшылыққа таратылып жатты.

- Біздің университеттің жастары Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімін жоғары бағалайды, - деді Алматы қаласындағы Д. Қонаев атындағы университеттің ректоры, профессор Әмірәлі Қопабаев. – Студенттерге дәріс беру кезінде аса көрнекті мемлекет қайраткерінің өмірбаяны, еңбек жолы, қызметі жайлы жан-жақты баяндалып, оны тереңірек зерттеп білуғе ықылас қоятындығымен ерекшеленеді. Ол қазақ халқының

мақтанышы. Біз осы біртуар танымал тұлға арқылы қазақ елін басқа елдерге асқақтата көрсетуге болатындығын жақсы сезінеміз. Істің осылай атқарылатыны жөнінде нақты бағдарлама бар. Ғалымдарымыз бен оқытушылар ұжымының бірлесе жұмыс істеп, көрнекті мемлекет қайраткерінің еңбектерін тереңірек зерттеуде. Алғы мақсат барлық еңбектерін жинастырып, естеліктерімен және басқа деректі құжаттарымен толықтыруды мақсат тұтамыз. Студенттер де, ғалымдар да өздерінің ғылыми жұмыстарын Қонаев еңбектерімен байланыстырып жүргізуге, оны тереңірек білуге ықылас қойып отыруы қуантады. Жақсы іс жалғасын тауып, жасөспірімдер одан әрі өрістете береді деген берік байламымыз бар. Бүгінгі бақанастықтардың өз жерлестерін қастерлеп, құрмет көрсетіп, жұртшылықты жинап, осындай салтанатты жын өткізуі үлкен мәртебелі іс. Оны ұйымдастырушыларға жұртшылық атынан ізгі ниетті ықыласымызды білдіріп, алғыс айтсақ та еш артықтығы жок.

Белгілі ақын Рафаэль Ниязбек Дінмұхамед Қонаев туралы көлемді деректі поэма жазғандығын, оның таяу күндерде баспадан жарық көретіндігін айта келіп, шығармадан үзінді оқыды.

«Елу жыл ел ағасы» естелік кітабында, жоғарыда айтқанымыздай, көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлерінің пікірлері берілген. Солардың бірі философия ғылымының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков былай дейді: «Сүйегінен адал, парасатты, гуманист Димекенің жүзінен нұры, мейірімнің балы тамып тұруши еді. Алды кең, әрі жылы болатын. Қарапайым күлкісінен мейірім шапағаты шашылып тұратын. Артық сөз айтпайтын, баппен сөйлейтін, көп тыңдайтын төзімді дана кісі еді. Димекендей қазақ халқының ұлы перзентінің рухы өз елімен мәңгі жасайтыны күмәнсіз. Жыласқан сайын рухы да көтеріліп, табынатын, сағынатын аруаққа айналатыны да белгілі».

Міне, бұл шындық сөз. Халық көкейінен шығатын ой. Әйткені, қазақ халқы Д. Қонаевқа дәйім құрмет көрсетуге, табынуға, сыйынуға, кіслігі мол қасиетті адам ретінде бас июге әрқашан да әзір. Оның айғағын Бақанас ауылдының тұсындағы Іле бойындағы жазықта өткен

салтанатты жын дәлел. Жұртшылық ықыласының шексіздігі айқын аңғарылды.

Салтантты жыннан кейін ат бәйгесі үйымдастырылып, бағалы жүлделер сыйға тартылды. Спорт ойындарының әр түріне қатысқан шеберлер бір-бірімен күшін де, ептілігін де, алғырлығын да сынасып бақты. Шаттықты думан көркеменерпаздар мүшелерінің тартымды концертіне ұласып, мөлдір аспан көгінде ән шырқалып, күйтартылып, би биленіп, көнілді серуен одан әрі жалғасып жатты. Бұл да еренғайып адам шапағаты нұрының көпке шашылғандығының бір белгісіндей сезілді.

«Жетісу» газеті, мамыр 2002 жыл.

**Теменде Димаш Ахметұлының өмірінің соңғы күндерінде бірге болған, сол кездегі Талдықорған облысы әкімінің бірінші орынбасары Қуаныш БЕКЕҰЛЫНЫҢ естелігін ұсынып отырмыз.**

## **ЕЛ-ЖҰРТПЕН ЖЫЛЫ ЖҰЗДЕСІП ЕДІ**

Ол кезде мен Талдықорған облысы әкімінің бірінші орынбасары болып қызмет атқарушы едім. Облыс әкімі Серік Ақымбеков бірер күн бұрын шақырып алып:

- Сарқан ауданында өтетін қазақтың тұнғыш темір жол инженері, тарихшы, ғалым Мұхамеджан Тынышбаевтың 115 жылдығы аталып өтіледі. Мерекеге ол кісінің үрпақтары келеді және Дінмұхамед Ахметұлы Конаев болады. Облыс атынан сол мереке салтанатына сіз қатысып қайтыңыз,- деді.

Бұл ұсынысты ризашылық сезіммен қуана қабылдағаныммен, іштей ойланып та қалдым. Себебі, Димаш Ахметұлы жоғары тақта отырып, республиканы басқарған кезінде ол кісі іссапармен келеді десе, сонау облыс шекарасынан қошеметтеп қарсы алып, ізгілікті ілтипаттарын көрсетіп, жандары қалмай, құрақ ұшып жалпақтайтынын білетінмін. Әрі оған бірінші басшылар, ғана баратын. Бүгінгісі басқаша. Биліктен кетіп,

зейнеткерлікке шыққанымен беделі биік, абыройы асқар таудай ардақты адамды облыстың бірінші басшысы қарсы алмай маңғазданып, өздерін аулақтау ұстап, мені жұмсауының өзі көп жайды аңғартқандай әсер етті. Адамгершілік қасиетін аласартпай, өзіндік инабатын жоғарылатпаса, жоғалта қоймаған, парасаты мен сабырлығы салиқалы ірі қайраткермен дидарласу, аз уақыт болса да қатарласып тұру, дастарқан басында бірге отыру мен үшін үлкен мактандыш еді.

Сонымен белгіленген уақытта, яғни 1993 жылғы тамыз айының 21 күні сағат 10-да Сарқан ауданында болып, ардақты ағамыз Димаш Ахметұлымен жүздесіп, інілік ізеттілікпен сәлем беріп, өзімді таныстырудым.

- Қуаныш қарағым, жасымның біраз жерге келгенін білесің. Күн де ыстық. Соған қарамастан, Мұхамеджан Тынышбаев қазақтың көрнекі қайраткерлерінің бірі ғой. Темір жол салудың тетігін терең меңгерген алғашқы қазақ инженері. Тарихты зерттеген ғалым. Осы бір ерен еңбек иесінің тойына қатысқалы арнайы келдім, - деп сапар мақсатын да түсіндіріп, жылы жымышп қойды. Сөзі сабырлы. Мінезі жайдары. Өресі биік кісі екендігі сез сөйлеуінен, қымыл-қозғалысынан, жүріс-тұрысынан көрініп тұрды. Жапырлаған, қаумалаған ел-жұртпен құлімсірей жүздесіп, үлкенмен үлкенше сөйлесіп, кішіге де қарапайымдылық танытып жатты.

Ертеңгілікте Жетісу өніріндегі “Черкасск қорғанысы” бекінісінің мұражайын аралап көрген Димаш аға әрбір жәдігерлік мұрағат бұйымдарға, қару-жарак түрлеріне асықпай зер салып, мұражай қызметкерінің түсіндірме сөздерін мұқият тыңдады. Сөз арасында: “Бұл да үлкен тарих. Әр қару адам қанын ағызған. Жерді, елді қорғаңдардың қайсаrlығы мен қаһармандығы тұрғысындағы шежіреге толы ғой бұлар” деп өз ойын тұжырымдаған-ды.

Бұдан кейін Димаш аға осы өнірдегі Қарғалы орта мектебіне Мұхамеджан Тынышбаев есімін беру жиынына қатысты. Мектепке Мұхамеджан Тынышбаев есімінің берілуі салтанатты тұрде жария етіліп, биік тұғырға тұлғасының мұсіні орнатылды. Білім үясында ұйымдастырылған мұражайға атакты теміржолшығалымның өмірбаяндық деректерінен көптеген

мағлұматтар беретін құжаттар мен суреттер жинақталыпты. Бұл да М. Тынышбаевтың туғанына 115 жыл толуы қарсаңында үйымдастырылған игі шара еді.

Мұражайды Димаш ағадан бастап М. Тынышбаевтың туыстары және жиналған жұртшылық ынта қойып қарап, ұрпағына ұлағатты ісімен өшпес өнеге үлгісін қалдырған тұлғаның еңбегіне біршама қанықтыратын танымдық мұрағаттарға ерекше ықылас танытты. Одан кейін мектептегі Мұхамеджан Тынышбаевтың мұсіндік бейнесі кескінделген ескерткішті ашып, гүл шоқтарын қойды. Дінмұхамед атамыз халықпен, окушылармен сөйлесіп, олармен қош айтысқан соң, ауылдан 10-15 шақырым қашықтықта мереке болатын жерге келдік. Мұхамеджан Тынышбаевтың тойы өтетін аңғарға жеткенше машина үстінде ешкім үндеген жоқ. Димаш Ахметұлы алдағы ұзак күнге, той-думанға жаңа күш жинағандай, ой-санасын тынықтырғандай күйде отырған. Әйткені ол бүгін тойға жиналған бүкіл елдің ең ортасында және өзін танитын, өзін сый-құрметке бөлейтін халқының аялы алақанында болатының біліп келе жатқандай әсерге бөленген. Халық көп жиналған екен. Жердің ыңғайын сондай жақсы келтірген - халық биікті, ал микрофон қойылған жер еніске таман орналасқан. Биіктен төмен қарай ұзындығы 70-80 метрдей баспалдақ салынған.

Дінмұхамед Ахметұлы мен Тынышбаевтың туыстары және естелік айтатын адамдар ойға қарай түстік. Мен жинальсты кіріспе сөзбен ашып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып 24 жыл (1960-1962, 1964-1986) еңбек етіп, халқына қызмет жасап, ұрпағына өшпестей із қалдырған Д.А.Қонаевқа сөз кезегін бердім. Ол кісі Тынышбаев туралы естеліктерін айтЫП, көрнекі мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтан шыққан алғаш теміржол инженері әрі тарихшы-ғалым екендігін толық қамти айтЫП, туған еліне сінірген зор еңбегін жоғары бағалай келіп, зұлмат заманның құрбаны болғандығы халық қабырғасын қайыстырғанын, бірақ ерен ердің атқарған істері жұртшылықтың көз алдында екеніне, оны ел-жұртының ұмытпайтынын қағазсыз айтЫП, тарихи танымының терендігімен тәнті етті.

Салтанатты мерейтой жиынына қатысуышылар ардакты аға Димаш Ахметұлына, тұлпардың тұяғындаи, асылдың

сынығындағы бағаланатын Мұхамеджан Тынышбаевтың үрпақтарына ізгі пейілдерін, шынайы ықыластарын танытып, қошеметпен қарсы алуы ерекше әсер қалдырды.

Концерт қойылып, би биленіп біткеннен кейін баспалдақпен жоғары көтерілдік. Мен Димекеңнің қасында келе жатып, ақырын демей жүрейін деп қолтығынан ұстал едім: «Қуаныш, мен өзім шығамын» - деп, өр қабактың биігіне өзі көтерілді. Біраз халықпен сөйлесіп, одантүскі асқа кірдік. Дастанқан басында әзіл-қалжындар айтып, еркін отырды.

Димаш Ахметұлы дастанқан басындағы отырыстың әнмен, күймен, бимен шаттықты шалқытып отыруды ұнататын. Бұл жолы да қонаққа арналып гармонға, домбыраға қосыла салған әсем әндер, дөңгеленген қазак билері кең даланы жаңғыртып, думанға бөледі.

Димаш Ахметұлы көлеңкеде көңілі көтеріңкі, тіпті сәл артықтау көтеріңкі күйде отырды десе де болады. Жұрттың ең ортасында әңгімеге жан бітіріп, әзіл-оспаққа іле қосылып, емін-еркін жайдарлылық пейіл танытуы өте жарасымды еді. Сырт қарағанда Димаш Ахметұлы бәріне де тез араласып, тез жауап беріп, тез пікір білдіріп отырғандай көрінгенімен, дәрігері Ахат Әминұлы Мұліков үлкен кісінің әр сөзді айтпас бұрын он ойланып, ой елегінен өткізіп барып айтатынын жақсы білетін. Өйткені оны жұрттың бәрі ынта қоя тындалап, әр сөзін, әр қимылын, дауысының ырғағына дейін қалт жібермей естерінде сактап, кейін басқаларға, балалары мен немерелеріне әңгімелеп беретінін жақсы түсінеді .

Зейнеткер Қонаевты халықтың өзі кереметтей сыйлайтыны, құрмет тұтатындығы жақсы көрініс тапты. Өздерінің көкіректеріндегі махаббаттарын, сый-құрмет толы көңілдерін ешкімнен корғаншақтамай, бұкпелемей ағыл-тегіл ашық айтып, қасына топырлай жиналып қоршап алып, қол алысып аманасатын әдетінен бұл жолы да жаңылған жоқ. Биік мәдениеттілігімен, ізеттілігімен, иманжүзділігімен ерекшеленетін Димаш аға өзіндік ұстаным қағидасынан ешбір ауытқымай халқымен қуанышты қауышқан еді. Жұрт Димаш Ахметұлының жасының үлғайғандығын, ыстық күнді ашық аспан астында шаршап-шалдыққанын ескерер емес. “Ол

сөйлей берсе, біз тыңдай берсек” деген пейілде бәрі. Сауалдарын қойып, үлкен кісінің жауаптарын зейін қоя тыңдал, көнілдерінің бір көншіп қалғанына қуанысады. Соған ризалық білдіріп, ақжарқын, кеңпейілді, ашық мінезді адамды тыңдаудан жалықпайды-ау, жалықпайды. Димаш аға да ел-жұрттымен жылы шырайда жүздесіп, ақжарқын пейілінің шуағын молынан шашқан еді сол күні.

Сағат 15-те бәйге көріп, одан шыққан соң машинасына отырғызып, жанындағы дәрігерімен Алакөлге шығарып салдым. Мұның бәрі 1993 жылы 21 тамызда болған жай.

Жаңылмасам 22 тамыз сенбі күні болу керек, түнгі сағат 10-да облыс әкімі Серік Ақымбеков телефон шалды: «Естідіңіз бе? Дінмұхамед Ахметұлы қайтыс болды» деді. Телефон тұтқасын ұстаған қолым қалтырап, аяқасты жеткен сүйк хабарға не айтарымды білмей дағдырап, мең-зең күй кештім. Асыл адамның күні кеше көрген бейнесін көз алдыма елестете жүріп, асығыс киіндім.

Тездетіп келіп, кеңсеге жиналдық. Талдықорған әуежайының бастығын тауып алып, ұшақ дайындауды тапсырдық. Серік Шаяхметұлы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен үздіксіз телефонмен сөйлесіп отырды. Бір уақытта Нұрсұлтан Әбішұлы ұшақтың Алматыдан жіберілетінін хабарлады.

Бәріміз жиналып әуежайға барып, Алакөлден ардақты атамыздың денесін алып келе жатқан жеңіл машинаны күтіп тұрдық. Ішінде емдеуші дәрігері Ахат Әминұлы Мұліков жәнежүргізушісі Саша Гойков екеуі түнгі сағат бірлерде жетті. Дәрігері: «Ух», - деп терең курсініп барып; «Үлгере алмай қалдым», - деп, өшпестей өкінішін мұңая айтып жатты.

Көп күттірмей Алматыдан арнайы ЯК-40 ұшақ та келіп қонды. Арыстай азаматтың денесін алып, ұшаққа дәрігері Ахат Мұліков, Көбес Ақылбаев және мен Талдықорған әуежайынан Алматыға тарттық.

Ұшақ ішінде үнсіздік орнаған. Бір кезде көнілі пәсейіп, қабағы салыңғыр тартып, жанарын тәменге қадап тымтырыс отырған Димекенәнің, Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың жеке дәрігері Ахат Әминұлы басын сәлкетеріп:

«Димаш аға бұл өмірден өтерін сезген сияқты, - деді. – Осыдан оншақты күн бұрын былай дегенін естігендін. Бұгін бір тұс көрдім. Біздің үйдің төрінде марқұм Брежнев, оның қасында әлдеқашан о дүниелік болған Косыгин қонақ болып, дәм татып отыр екен. Оларға шай құйып, мені фәни дүниеге тастап кеткен сүйікті жарым Зухра Шәріпқызы да меймандармен бірге отыр. Бәрі көнілді. Брежnev Алматыға келген сайын Зухраның қолынан шай ішуші еді. Мен есіктен кіріп келдім. Төрде отырған Леонид Ильич: «Димаш, кел, кел» деп маған қолын созды. Солай қарай жүрдім. Соған қарағанда, ана жакта мені аруақтар шақырып жатыр ғой деймін...» деп түсін айтып еді. Одан бері оншақты күн өтті ме, өтпеді ме. О дүниеге күтпеген жерден аттанып кетті.

Үні мұңайып шыққан Ахат Әминұлы ауыр құрсінді.

- Әруақты данышпан адам ғой, сезген шығар, - дегеннен басқа сөз айтылмады.

Таңғы сағат 3-те ұшақ Алматы әуежайына қонды. Ұшақты Алматыда тұратын бір топ еліміздің ақсақалдары қарсы алып, денесін уақытша орналасатын жерге жайғастырды. Сол кезде сағат таңғы 4 болатын. Сонымен еліміздің бір туар азаматы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1993 жылы тамыздың 22 жүлдызында, кешкі 19 сағат 22 минутта Алакөлдің жағасында көз жұмды. Бұл жарық дүниеде атамыз 81 жыл 8 ай 10 күн өмір сүріпті.


Димаш Ахметұлының дүниеден озғанын тосыннан, күтпеген жерден естіген ағайын-туыстары, жаны жақын достары, өмірлік қызметтес болған сыйласты адамдар, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері көніл айтып, ізгі ниеттерін білдіру үшін бірінен соң бірі пәтеріне келіп жатты.

**Қуаныш БЕКЕЕВ,  
сол кездегі Талдықорған облысы  
әкімінің бірінші орынбасары.**

“Алатау” газеті, 11 қаңтар 2008 жыл.

## **ІЗГІЛІК ІЗДЕРІ**

Адам өмірге келіп, ел санатына қосылып, еңбек көрігін алғаш қыздырған күнінен бастап тіршілік тұлпарына мініп, аламан бәйгеге қосылады. Жазмыштың мандайға жазғаның көруге тағдырын табындырып, ынта-ниетін соған жүгіндіреді. Бәсекелестіктің сайысы мен өмір жарысында, ел алдында үялмайтындей іс атқаруға бастігудің өзі бір батылдық әрі көзсіз ерлік. Бабы келіскен жүйрік озатыны секілді, қолға алған ісінің ретін тауып, қынның қыбын келтірген, жоқтан бар жасауға ұмтылған адам әрдайым діттегеніне жетіп, ой-мұратын жүзеге асырып, еліне тындырымдылығымен танылатыны, абырайдың заңғар биігіне көтеріліп, шырқау шыңынан асқақтай көрінетіні табиғи шындық. Осы бір өмір заңдылығы Нұрмолда Алда бергеновке тікелей тән десек, еш қателеспеспіз. Ол көрнекі қоғам қайраткері, қазақтың біртуар перзенті Д. Қонаевтың сөзімен айтсақ,... «төрт еңбек ардагеріне айрықша тоқтала кеткенді мақұл көріп отырмын. Олар



Нұрмолда Алдабергенов, Үбірай Жақаев, Жазылбек Қуанышбаев, Смағұл Шабдарбаев. Шынымды айтайын, бұл төрт кісіні халқымыздың төрт бәйтерегіндей көремін. Ол кісілердің елінің шетіне аяқ іліктірсем соқпай өтпеймін, сәлем бермей кетпейтінмін. Қай-қайсымен әңгімелесу - жан семіртіп, рухыңды биқтете түсетін. Бір-біріне үқсамайтын тұлғалар, бірақ бірін-бірі толықтырып тұратын, қазақ деген халықтың ақсақалдары қандай болды дегенде, осы төртеуін атар едім. Қарапайым, бірақ кіслігі жоғары, мінезге бай еді. Еңбек деген ұлы мектептің төрт арысы осылар». Сонымен бірге сөз зергері Сәбит Мұқановтың бағалауы бойынша, Нұрмолда Алдабергенов дала академигі, колхоз құрылышының аса көрнекті қайраткері. Үістық ықыластарды, таза ниетті пікірлерді жинақтайды болсақ, Нұрмолда Алдабергенов кіслік келбеті келісті кісі. Еңбектегі ізденісі, жаңалыққа құмарлығы, бастаған ісін тиянақтамайынша байыз таппайтын өресі биқ шаруа адамы. Жері мен елі үшін ауыр жүкті көтеруден тайынбайтын нар тұлға.

Жастайынан жетімдіктің жетіспеушілігінің, жебеп-демеушісі жоқтығының тауқыметін тартып, ер жетіп, бой түзегендіктен ол өте пысық, ширак қимылды, елгезек, аңғарымды болып өсті. Көкірек көзімен қияндағыны шолып, өмірлік тіршілігіне қызыға қарап, алға ұмтылыс үрдісінен таймай, ілгерілеуге жұдырықтай жұмыла білген жігіттік қалпымен сымбатын пайғамбар жасына жеткенге дейін бұзбай бір денгейде ұстаған адам.

Бала Нұрмолда Малайсарының құлазыған құмды қыратындағы топыраққа кіндік қанын сіңіріп, ашық аспанында құнсіп, шағылына табанын қүйдіріп, қой соңында жүріп, азын-аулақ малын бағып, ырзығын айырып, құнкөрістік тірлік кешіп, можантомпай шаруа адамының отбасында тәрбиеленген тұлек. Балалық шағын туған жер табиғаты аялады. Көргені мен білгені жұпны ауыл тірлігінің тынысы. Күн аптабы шыжғырған шақырайған аспан астында асық ойнап, асыр салғаны болмаса, тапшылықтан қарны тойып тамақ ішкен күні де

сирек. Сиыр жүнін домалақтап ұқалап, не шуберектің қиқымдарын түйіп тігіп жасаған допты қылп шыныққан өжет мінезді өреннің рахатты өмірді сезінген шуақты сәттері де некен-саяқ. Ол жанжалға, тәбелеске, текетіреске бармайтын. Бауырмалдық сезіммен кейбір ерегісті, қоқан-лоққыны ымырашылдықпен шешуге, кенірдек керісіп керіспеуге бала кезінен бейімділік танытты. Тыныштықты, татулықты жақтайтын. Өзі тенденс құрбыларымен достасып, жұптасып жүргенді ұнататын. Өзі ниеттес құрбыларымен қоян-қолтық араласып, алғы өмірді, болашақты армандайтын. Көз ашып көргені көркем табиғат, көк жиегі жеткізбейтін кеңістік, заңғары биік көк аспан болғандығының әсерінен бойға дарыған қасиеті - жаны жайсан, пейілі ауадай таза, көңілі даладай кен, жер анадай жаны жомарт жан ретінде жұртшылық аузына ілікті.

Жетімдіктің салдарынан әкесі Ерденбекұлы Алдаберген мен шешесі Назираның дүниеден ерте озы салдарынан ата-ана алақанының жылуы мен мейірін сезінбей өгейсіп жүріп бой түзеді демесен, еңсесін түсірмей үлкен өмірге үмітпен тік қарағаны және анық. Құнделікті тірліктің соңында жүріп, оған қызығушылықпен қараумен қоса өмірдің ызғарын да, тауқыметін де көріп тез есейді, еңбекпен ширады. Екі қол, екі аяғына сенім артып, қабырғасы қайысса да еңбекке араласып, қындыққа шыдап бақты, тәзімділік танытты. Н. Алдабергеновтің мінез-құлқын, адамдық жаратылсын, болмыс-бітімін жақсы білетіндердің айтуы бойынша, ол еменнің иір бұтағындақайратты, өжет, бірбеткей батыл да батыр кісі болған. Оған осы бір киелі ізгілікті қасиет табиғаттың дархан қуаты қызылشاқа кезінен дарыған ба дейсіз. Неге десеніз, анасы Ақтолыс аяғы ауырлаған келінінің алғашқы күнінен-ақ аялап бағып-қақты. «Іштегі бала шымыр болып өседі» деп, қара сағыз шайнатты. «Көңілі таза, ақылы тұнық болады» деп, рауғаш жегізді. «Табанды, еңбеккор болады» деп, жалаң аяқ жүргізді. Жұпар иісі аңқыған көкмарал шөбін қайнатып, оған жас

аршаны араластырып, күн ара келінің жылы суға жуындырып тұрды. Ұзак толғақ басталысымен бала кіндікке оралады деп, арқан естірмеді, тең бұздырмады, қаптың аузын байлатпады. Аузын бірде қайнатқан қара жусанмен, бірде қаратікен тұзымен шайғызып отырды. Табиғи шөптердің қасиетімен бойын нәрлендіріп, денесін әлдендіріп өскендіктен болар, жастайынан жетімдік күйін кешкенімен, қатып-пысып тез есейген қарасирақ бала қындықтан қаймықпай оны жеңу үшін тістене қасарысатын. Еңсесін түсіріп, мойынын салбыратқан емес. Қой бағып, қорлық көрсе де, мойымады. Жасықтыққа, ынжықтыққа бой алдырмай, өжеттік пен өрлік тізгінін берік ұстады. Тағдырдың басқа салған ауыртпалығын қос иығымен мықшия көтеріп, көнбістігімен, төзімділігімен тәнті етті.

Нұрмолда ат жалын тартып, қоғамдық еңбекке араласқаннан бастап, өзінің өршілдігімен, еңбек сүйгіштігімен, елгезектігімен көзге ілікті. Еріні кезеріп қой бағып жүріп Түрксіб теміржолының салынып жатқанын естіп, соған келіп қабырғасы қайысып бұрын еш қазақ кәсіп етіп көрмеген кәсіппен шұғылдануының өзі де ерлікке тең тірлік. Теміржолдың қатаң тәртібіне шыдалап, қыл өткелінен сыр бермей өтіп, шар болаттай шыныққан Нұрмолда жол құрылышы аяқталысымен ел-жұрты тәуекелге бел байлап, колхозға ұйымдастып жатқан Шұбар өніріне келіп, жерді игеруге ден қоюының өзі еті тірі баланың өмірге іңкәрлігі еді. Еш қындықтан тайсалып, тайқымайтын, жүрегі дауаламаған іске де батыл барып, тәуекел қайығына мінетін. Мандай терін аямай төгіп, діттеген мақсатына жетуге ұмтылатын жүрісінен жаңылмайтын. Сағын сындырып, көш соңында ілесуді жек көретін. Намыстанатын. Ілгері озса, қуанатын. Жұзі жадырайтын. Жасынан етене араласып қоян-қолтықтасып өскен Тәтібек Жетпісбайұлы, Ақық Нұрмағамбетұлы, Базарбай Асанбайұлы, Шақан Сасықбайұлы, Рысбай Байқожанұлы сынды шынайы достарымен, еңбектес серіктестерімен ой бөлісіп, ниетін

ортактастырып, келелі істі ақылдасып-кеңесіп шешуді қалайтын. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» деп, көнілдегісін достарынан ірікпей ортаға салатын. Осылайша ізденіспен көвшілікпен бірлесіп жұмыс істеуді әдетті дағдыға айналдырған Нұрмолда бойындағы барлық қүш-жігерін, ұйымдастырушылық қабілетін, іскерлігін, көкейдегі мақсат-мұратын жүзеге асыруға, шаруашылық еңбеккерлерінің тұрмыстық жағдайын онадыруға, елді мекендерді көріктендіріп, ажарландыруға арнады. Көксу өзенінің шығыс өніріндегі «Жаңа талап», «Жаңалық» және «Қызылту» сияқты үш ұжымшар ірілендіріліп, орталығы Шұбар ауылы болып белгіленді. Үш шаруашылықты қабылдал алған Нұрмолда: «Біз ауылдардың тұтастығын сақтауымыз керек, ауыз бірліктен ажырамай ынтымақпен еңбек еткеніміз берекемізді арттырады, - деп алғы межелерді белгілеп, бағдарламалар жасады. - Біз бүгінгі тірлікпен шектелмей, ауылдың келешегін ойлағанымыз дұрыс. Елжұрттың мәдениеті сәулеттенген ауылда тұруын қамтамасыз ету міндеттін іске асыратын боламыз», - деп бытысып шенгел, қурай, таларалас өскен, арасы жабайы мысық пен ит паналайтын алқапты тазалатып, болашақ орталық көшеннің жобасын белгілеп, қазық қаққан еді. Уақыт өте келе ел-жұрт басшының көрегендігіне тәнті болды. Аз уақыт ішінде Мәдениет сарайы, кенсе, қонақ үйі салынып, түп-түзу көшелердің қос қапталы жасыл желекке көмкерілді. Мәдениет үйінің қарсы алдындағы көше бойынан доғаша иіп аумақты алаң жасады. «Осы жер құдай бұйыртса, келешекте Еңбек Ерлерінің аллеясына айналады» деп мензеуі мергеннің оғынданыса наға дәп тигенін көз көрді. Ой тұжырымының мықтылығын дәлелдеді. Бір шаруашылықтан жиырма Еңбек Ері шығып, еңселі тұғырға орнықты. Қақ төрінде Нұрмолда бастаған Еңбек Ерлері басшының қос қанатындағы кеңінен жайылып, келушілерге құшақтарын айқара ашып тұр. Осы бір алқызыл гүлдері үлпілдеген жарасымды көріністі көргендер Нұрмолданың

көрегендігіне, болжамдағыштығына тәнті болып, жағаларын ұстайтындар жиі ұшырасады. Ауылдың ажарына сүйсінген зергерлі сөздің шебері Ғабит Мұсірепов:

«24 сағат ішінде,  
Өнім түгіл түсімде,  
Сендей колхоз көрсемші  
Толықсыған күшінде.  
Жазушыдан көп алғыс,

Үлкеніңе, кішіңе!» - дейді қуанғандығынан. Көрнекі жазушының ағынан жарыла айтқаны ауыл тұрғындарының мерейін өсіргендігі де шындық. Шұбарлықтардың шалкар табысына, өскен өркеніне, марқайған мәдениетіне Ғабит Мұсірепов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Бауыржан Момышұлы, Қанабек Байсейітов, Нұрғиса Тілендиев сынды ақын-жазушылар мен өнер шеберлері сүйсіне тамсанып, өрлеп өркендей беруіне адал ниетті ақжарылқап тілектерін білдіргені де колхоз тарихының шежіресінде хаттаулы тұр.

Нұрекенің өмірге құштарлығын айғақтайтын ізгілікті ізденістері де керемет. Оның жастайынан қанына сініп, бойына дарыған күш-жігері болат қылыштай берік. Бәрінде алақанға салғандай жайнатып қойсам деген мақсаты жасампаздықтың белгісіндей еді. Бір жерден бір жақсы бастаманы көрсе, оны өз шаруашылығында іске қосуға әуестене асығатын. Мамандарына: «Жақсы жаңалықтар бар, соны үйреніңдер де, өзімізде қолданысқа енгізіңдер,» - деп міндеттейтін. Шаруашылық өзара жарысқа түскен Мәскеу маңындағы колхозға барып, ондағы көрген-білгендерін айта келіп, сиыр сауу, қора-жай жұмысын, жем беру, суғару секілді қол жұмыстарын механизм күштерімен атқаруды бірден қолға алып, бас инженеріне нақты тапсырма беріп, оның іске асуын қадағалады. «Еңбегің өнімді болсын десен, ізден. Жатқанды ешкім жарылқамайды. Тиімділігі мол жаңалықты жатырқамай тез үйреніп, игерсек, табыс көзі ашылады. Тұрмысымыз жақсарып, еш нәрседен опық

жемейтініміз кәміл. Сол үшін де бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып алғы міндетке жұдырықтай жұмылсақ, көтерер жүгіміз жеңілдейді. Бірлік түбі берекеге жетелейді. Осы талапқа сай еңбек етсек қана, ынтымағымыз жарасады. Қолдасып, қоғамдасып бастаған істің жемісі қашанда мәуелі. Қындыққа қабырғамызды қайыстырмайық, қайсарлық пен қажырлылықты қару етейік», - деп ауыл тұрғындарын жігерлендіріп, басшылық ақылын алға тартатын. Сөзімен жүртты үйыта білетін ерекшелігі Нұрекенді білетіндердің көз алдында елестейтін де болар.

Кол жеткенді місе тұтып, тоқмейілісуге бой алдырмайтын Болған үстіне болса еken деп тілейтін. Сол үшінде байыз таппай ілгері ұмтылатын, ұмтыла беретін. Осындай ерекшеліктеріне сүйсінген қазақтың батыр перзенті Бауыржан Момышұлы:

Қолбасшы болсаң Қонаевтай бол,  
Жосылып жатқан жолдай бол,  
Қайрат етер мезгіл де,  
Жүк көтерер нардай бол,  
Ақыл айтар мезгілде,

Мың жасаған шалдай бол! - деп Нұкеңе бата берген еken. «Жақсы сөз - жарым ырыс» дегендей, осы ақ тілек қабыл болып, шапағатының нұры шашылғаны анық. Ол да таза ниет пірінің қолдауы.

Жақсы жақсылықтарға Нұрмолда қызыға қарайтын. Тиімділігіне терең үнілетін, ден қоятын. Ол көптеген шет елдерге барғанда жай қарап жүрмейтін. Олардың ауыл шаруашылығы өндірісін қалай үйымдастыратындығымен танысып, жаңалықтарын өз ісінде қолдануға қандай тәсілдері бар, соған баса көніл бөлетін шаруақор еді. Халықаралық күрделі мәселелерді онтайлы шешу жөнінде пікір алмасуға белсене қатысуының өзі оған деген үлкен сенім әрі құрмет еkenі даусыз. Ол әуелі Кеңес одағы ауыл шаруашылығы мамандары делегациясының құрамында Румынияда болып, алқалы жиынның күн тәртібіндегі мәселелерді өз құлағымен тыңдады. Каирде откен Азия

мен Африка елдерінің халықаралық ынтымактастық конференциясына делегат болып қатысты. Делиде Бүкіл дүниежүзіндегі мемлекеттердің ауыл шаруашылығы саласындағы жетістіктері көрмесінің өткізілуіне орай оған барған СССР павильондары делегаттарын басқарып барып, Үнді елінің басшысы Джавахарлал Нерумен дидарласып, бір дастарқан басында шүйіркелесті. Кеңес Одағы делегациясының құрамында КПСС Орталық комитетінің бас хатшысы Н. С. Хрущевпен бірге Индияға да сапар шекті. Вьетнам Демократиялық республикасының президенті Хо Ши Минді өз ауылы Шұбарда жылы шыраймен, достық ниетпен қабылдал, өз шаруашылығының жетістіктерімен таныстырып, пікір алмасуда бір ұзак сонар әңгіме арқауы. Міне, шет елдермен байланыс қатынасын ұзбекен мәмілегер ретінде де танылған Алатаудың ақыныңдай айбарлы азаматтығын паш еткен перзент еді.

Кейінгі ел-жұрты мен үрпағына қажырлы еңбегімен өшпейтін із қалдырған Нұрмолда Алдабергеновтің жерін көркейтіп, халқын қуаттандырып, мәдениетін марқайтып кемелдендіруге қосқан үлесі орасан зор екендігі даусыз ақиқат. Ауыл шаруашылығын, оның ішінде Қазақстандағы колхоз құрылышын өркендетуге, экономикасын нығайтуға, іргесі берік құтайған ел-жұртқа айналдырудады сіңірген еңбегі, атқарған ұлан-асыр игі істері мен тәлім аларлық үлгі-өнегесі, адами қасиеттері мен ғибратты ғұмырының ешкімге ұқсамайтын дара тұлға екендігін сипаттайды. Солай болатын да жөні бар. Нұрмолда тектінің тұяғы, алтынның сынығы деуге лайық. Оның түпкі ататегі Жалайыр тайпасының Шуманақ атасынан тарайтын бүгінде өсіп-өніп іргелі елге айналған Андас руынан шыққан тарихи ірі тұлғалардың бірі Деріпсалының баласы Балпық бабаның үрпағы. Бабасы да елге сыйлы, қайырымы мол, қасиеті зор, ел-жұртына шарапатын көп тигізген кісі болғандықтан да ел ішінде: «Бата алсан Андастан, кем болмассың мал-бастан» деген қағидалы сөз қалған. Осы бір тектілік қасиеттің рухы Нұрмолданың

да бойына мол дарығандығын оның шынайы өмір көрінінен де анық аңғарасың. Қалың елді жақсылыққа бастап, жақының жарапамай, ағайын-туыстан тыс елді алаламай, қара қылды қақ жарып, алқалы топты ауызына қаратада білген. Балпық бидің көрегендігі, айбындылығы, отты жүректілігі, болжамшылдығы, шешендігі, елді береке-бірлікке ұйымдастырып, ынтымақты жарастыруы секілді асыл қасиеттердің берік ұстанымдары Нұрмолданың әр ісінен көрініс табады. Нұрмолда бойындағы адами жақсы қасиеттердің үлттық ұстанымдарын жаратушы иесі сыйласп, бабалар рухы мен нұрланып нәрленген болса, қажырлы еңбегінің нәтижесінде халықтың мейіріне, махаббатына бөленип, сүйіспеншілігімен толықтырылып, кісілік келбетінің тұлғасын дарапандыра түскен. Олай болатын себебі, тіршілігінде елге жақсылық жасауды ғана мұра тұтқан адам ол. Еш қиянатқа, қараулыққа, қаскейлікке бармаған. Арсыздықтың, ұятсыздықтың адымын аштырмаған. Астамшылдықпен асқактамаған. Құпірлік күлін көсемеген, өтірік пен өсекті өрістепеген. Пәлеқор мен жалақорды жек көріп, ақылымен, айбаттылығымен жолын қиған. Тарыққанды демеп, жабыққанды жебеген қамқоршы. Адамшылдықты алтын айдардай асқактатып, әділеттілік пен адалдықты ақ ту етіп ұстаған басшы. Жүрген жерінде мейірбандық танытып, парасаттылық пен сабырлықты сары алтындай сактаған. Жүрегінің нұры мен ел-жүртін марқайтып, жақсылық шарапатын халқына молынан тигізу үшін дамыл таппай еңбектенген, туған жердің талантты да, дарынды адап перзенті. Оны айрықша қастерлеу мен құрметтеудің өзі осыған лайық. Нұрекеңнің көзін көрген құрбыластары, әріптестері, қызметтес замандастары, артынан ерген шәкірттері мен інілері еңбеккор ағаларының ұлан ісін ұлағаттап мақтан тұтуы да занды құбылыс. Бүгінгі жастарды тәрбиелеуге нақты мысал етуге өмір деректерін насиҳаттап, ғибратты ғұмырын оқып-білуғе құмартушылардың қатары көбеймесе азайған емес.

Нұрмолда Алдабергенов жастайынан жақсы адамдарға жақын жүретін. Достасқан адамдармен сыйласып, араласып-құраласып тұрудан қашқатамайтын. Қайта өзі іздеп барып, сәлем беріп, амандықсаулықты сұрастырып, әзілімен, қалжыңымен езуге күлкі үйіріп, ашық-жарқын жарқылдап сыр аштын қалпынан ауытқымайтын. Жылпың қимылына, тапқыр ойлы пікіріне, мақалдап-мәтелдеп сөйлегеніне әркім-ақ қызығатын. Кімді болса да өзіне магнитше тартып тұратын ерекше бір қасиетке ие кісі еді. Мәселен, бір жолы колхоз маңынан сырт жақтан жер астын барлаушылар келіп, кен орнын қаза бастады. Қуатты техникалары да жеткілікті. Жұмыстары да өнімді. Олардың тиімді іс-әрекетін көрген Нұрмолда әдейі іздеп барып, сәлем беріп танысып, қонаққа шақырып сыйлап, кейіннен достасып кетеді. Мұның астарындағы ойы Мұқыры ауылышында ауыз су жетіспейтін. Геология адамдарын пайдаланып, ауыз су шығарып, алуды ойлағандағы әрекеті бұл. Айтқандай-ақ, геология мамандары ауылдың бірнеше жерінен су шығарып, мөлдір суға қарқ етті де тастады.

Нүрекеннің бойындағы және бір ізгілік қазакы қалпын, ұлттық болмыстың бітімін санасына молынан дарытқан. Ар-ұятты сақтауға, намысты жібермеуге ұстамы берік. Халықтың көнілінен шықсам, көкейтесті арманының көрігін қыздырысам деген ниетті басты мақсат санайтын. Шаруа ынғайын тауып, ойындағысын орындамайынша тізе бүгіп, тыныш отыра алмайтын. Ауыл мәдениетінің де биік деңгейде мәнді болуына ерекше көніл бөлетін. Осы бағыттағы атқарылған ауқымды шаралар елін сүйсіндірді. Ауылдан әнші де, күйші де шығып, көніл сарайының күмбірлі де дүбірлі шаттығын еселей түсті. Бұл үшін сонау Қызылордадағы Әнерпаз Әблітаев Жақыпты шақыртып алғып, халық театры атағын алу мақсатына барынша жантәнімен кірісіп, қалтқысыз қамқорлық жасады. Нәтижесі жемісті болды. Ауыл Әнерпаздары халық театры атанип, мәртебелері өсті.

Нұрмолда тазалықты сүйетін. Ертелі-кеш ауыл

көшелерін бір аралап шығатын әдеті бар. Жазда, ертеңгілікте мал өргенде, көше бойында ірі-қара малының жапалары жатпайтын. Жатса, тұрғындардың өзі: «Нүрекең көрмей тұрғанда тазалап тастайық» дег ықтияттылыққа үйренгендерін дәлелдейтін. Бір жолы жазғы демалыста Алматыда оқитын інісі Жекен Жетпісбайұлы ауылға келеді. Нұрмолда ағасына сәлем беру-інілік парзы. Амандықтарын біліп, жағдайын сұрап, жаңалықтардан құлақдар етеді. Кешкі асын ішіп болысымен інісін ертіп алғып ауылды жаяу аралайды. Көшелердің бастапқы шетінен соңғы шетіне дейінгі аралықты жіті көзімен бақылайды. Кейде қалт тұра қалып ойланады. Ашық аландау жер болса, көлемін көз мөлшерімен өлшейді. Оған таңырқай қараған інісі Жекен:

- Аға-ау, іңір қараңғылығы қоюланып қалдығой. Көше бойын аралап жүре береміз бе, үйге қайтып, тынықпайсыз ба? - дейді, өзінің шаршап кеткендігін іштей білдірмегенсіп.

- Көшені қарau, қай жеріне не қажет, соны белгілеуім керек. Ертең құрылыш жайы сөз болады. Соған дайындықтың басы осы жүріс. Әңгіме арқауына өзек болар мәселенің түйінді шешімін, ой елегінен алдын-ала өткізіп, елеп-екшеуім керек күні бұрын. Бұгінгі серуен соның бір шарасы, - дейтін еді. Ол осылайша алғы күннің жұмысын белгілейтін. Нақты тапсырма беруге тиімді тәсіл дейтін онысын.

Нұрмолданың енді бір ізгілігі - алдына барған адам қуанып, ризашылық пейілмен шығатын. Алдына кім келседе, еркін сөйлесетін. Жанына жақын тартып, тез тіл табысатын. Ә дегеннен-ак, әңгімесімен баурап әкететін. Басшылардың міnez құлықтары бір біріне ұқсамайдығой. Олардың табалдырығын аттап, алдына жүгініп келетіндер толас таппайды. Бір басшының қабылдауына барғанда, өзін, еңсесін биік ұстағанымен сесі қайтып, мысы басылып шығатындар да бар. Екіншісінен көнілдегі шаруаның қалай шешілетініне күдіктене барғанымен, одан оңтайлы жауабын естіп, марқайып шығасың. Мұндай көріністер

басшының бейнесіне сын. Кісілік келбеттің, ұлттық дәстүрдің деңгейін басшылардың қабылдау тәсілінен-ақ ұғынасын. Олардың болмысын, бітім-пішінін, естілігі мен есерлігін танып білесін. «Жылқы ішінде жүйрік көп, қазанаты бір басқа, ел ішдегі жігіт көп, азаматы бір басқа» деген халық айтқан қағиданың куәгері боласын. Ал, Нұраған жарқылдаған семсер мінезімен, бір беткей білгір де білікті басшы екендігі мен сүйсіндіретін. Ол қабылдауына келген адамның шаруасын былқ-сылқ еткізбей тез әрі әділ шешетін. Сөзін семсердей сілтеп, керекті жерінен кесіп түсетін.

«Аллаға жағамын десен - азанды бол, ағайынға жағам десен - қазанды бол, халыққа жағам десен - әділ бол» деген қағиданың талаптарына ісімен де, өнегесімен де жауап беретін кемелді кісі еді. Нұрмолда Алдабергенов бабалардан қалған ұлағатты да өсиетті сөзге лайық қызмет көрсетті десек еш артықтығы жоқ. Ол халықты қорғайтын. Қандай қындық болмасын, жел өтінде өзі тұрып, қараашасын ығына паналататын, қалқалап қолтығына алып жүретін. Халықты соңынан ерте білген басшы көп қиналмайды. Нысанаға алған межесіне жетіп, ойындағысын дөп басып, арман-мұратына жетеді. «Бірлік алды - ынтымақ», жұдырықтай жұмыла білген ауыр жүкті женілдетеді. Осы ұстанымнан ауытқымай еңбек етсек, қаржы көзі ұлғаяды, тұрмыс оңалады, тұтініміз тұзу шығады» деп ел-жүртyn еңбекке жұмылдыратын. «Ер ақылды болса егер, елден қайрат табылар» деп үмітті еліне артып, бар салмақты солардың иғына салып, жауапкершілікті жүктейтін. Нұрмолда білімділігімен емес дана халқының қара қазанында қайнап шыққан қанатты қағидалардан іздейтін.

Халықтардың ауызбірлігін сактауға келгенде Нұрмолда алдына жан салмайтын. Шаруашылықтағы бар ұлт өкілдерін іске бір кісідей жұмылдыра біletін. Шынын айтқанда, ауылда Кавказдан жер аударылып қоныстанған елуден асатын шешендер отбасының мүшелері қоғамдық жұмыстан көрі жеке бас пайдасын көбірек ойлайтын.

Ұрлық-қарлыққа баратын. Тентектікпен текетірестікке ұрынып, оғаш мінездерімен көзге жиі түсетін. Мұның өзі тұрғылықты халықтың тыныштығына жайсыздау тиетін еді. Шешен халқының жастары үлкендерін қатты сыйлайды, айтқанын екі еткізбей орындауға ниетті. Олардың осы бір имандылық қасиетін білетін Нұрмолда шешендердің аксақалдарын кеңсеге емес, үйіне шақырып алып, дастарқаның жайып, қатты сый-құрметін көрсетеді. Ашық әңгіме үстінде мұсылмандардың құранда жазылғанындай, өсекті өрбіту, өтірік айту, ұрлық-қарлық жасау, жалқаулыққа салыну сияқты қоғамға жат қылыштарға жол бермеудің тәсілдерін түсіндіре келіп: «Сіздер өз балаларыңызды өздерің тәрбиелендер, қисық жолға түсірмендер» деп тапсырма береді. Мұны құп көрген шешен аксақалдары балаларын тырп еткізбей, тәртіпке салады. Осыдан бастап шешендер тарапынан бірде-бір қылмыстық іс қозғалған емес. Ұмыраға іріткі де түспеді, бәрі достасып, бауырласып кетті. Кейініректе шешендердің біразы Кавказға көшті. Шұбардағы достарына хат жазып, хабарласып тұруды әлі күнге дейін үзбейді. Осындағы хаттардың бірін Кавказдан Леми мен Маржан Даниевтер, Яха мен Абдулкарим Соудулхаджиевтер, Махмуд Хатулов, Салман, Султан мен Нусу Алимхаджиевтер, Уби Елиева жазған хаттарында былай дейді: «Біз чешендер, сол бір кезенде атамекенімізді текten тек тастап кеткеніміз жок. Бұл да тағдырымыздың жазғаны болар. Бес адамнан тұратын Хатуловтардың отбасы алғашқыда көп балалы отбасының үйін панағаны әлі есімізде. Бірде Нұрмолданың зайыбы Ақжарқын бізге келіп, жағдайымызды көріп, қатты толғанды. «Біздің үйге келіңіздер, барлығымызды орын табылады», - дегенде қуанышымызды шек болған жок. Сол күні отбасымыздың барлық мүшелері қонақжайлы, кеңпейілді үйге қоныстандық. Келген бетте Ақжарқын апа өз бақшасынан жер бөліп, оған отырғызытын тұқымдық картоп берді. Сонымен септесе жүріп бізде ел қатарына

жетіп, біраз көтеріліп қалдық. Соғыстың ауыр жылдарында біз өте ынтымакты тұрдық. Алдабергеновтердің отбасы бізге де қолдан келген көмегін аяған жоқ. Кавказға көшіп келгенен кейін де осы отбасымен байланысымызды үзбей, хабарласып тұрдық. Үңғайы келгенде бір-бірімізге қатынап, өзара сыйластығымызды нығайта түстік. Біз таяуда Талдықорғанда «Вайнак» чешен-ингуш мәдени орталығы құрылғанын білдік. Бұл да бұрыннан қалыптасқан достығымыздың жемісі деп білеміз. Демек, бұдан былайда өзара қарым-қатынас, ынтымак пен достығымыз нығая беретіндігіне сенімдіміз.» Иә, «Аш кезінде берген күлше, тоқ кезінде берген түйеден де артық» деген сияқты шешен бауырлардың да Алдабергеновтер отбасын ұмытпай, еске алуының өзі үлкен бір ғанибет.

Тура айтып дағдыланған адам емес пе, алмастай өткір тік мінезділігімен, өр көкіректігімен туғанына да жақпай қалатын кездері де ұшырасатын. Арамдыққа бармайтын. Әділеттілікке қылыштай берік еді.

Бойға дарыған сол дағдысының әсері де болар, Совет Одағының мемлекет басшысы Н. С. Хрущевпен бірге Индияға сапары кезінде Генсектің көңіліне қарамай, өзі әділетті деп бағалайтын ойындағы пікірін ішке бұкпей, ашық айтқаны үшін де зардал шегіп, азаптанғаны бар. Қудалауға түсіп, кемсін істерін тергеп-тергіштеп, батыл тұлғаның сағын сыңдырғанымен, қанатын мықтап қайыра алмады. Оған облыс басшысы, көрнекі қоғам қайраткері Асанбай Аскarovтың: «Нұрмолданы білемін деп жүргенім бекер екен, шын Нұрмолда енді бой көрсетті, іс үстінде көрінді. Сүрініп кетсе, жығылатын, жығылса, жамбасы сынатын осал, жасық жан емес, Нұрекең бітімі бөлек, сүйегі асыл, ешқашан еңсесі түсіп еңкеймейтін нағыз нарқасқа ердің өзі екен», - деп бағалауы шынайы шындық. Осы тұста: «Қара нардан мықты мал жоқ, Нұрекеңнен мықты жан жоқ» деген халық аузындағы қанатты қағиданың да тектен-тек айтылмағанына көз жеткізесіз.

Дегенменде, сол кезде Нұрмолдаға сенімсіздік қүшейіп, қасыреттің қара бұлты сейілмеді. Күдік көбейді. Желдей ескен сыпсың сөз жанын жегідей жеді. Мазасыздық мәңгіртті де. Қарадай жүріп тіршіліктен опық жеп, көзге сүйел шыққандай көрініп, беті қайтқанына өзі де қайран. Күні кешеғана «Керемет кісі, ұйымдастыру қабілеті күшті, дара тұлға» деп аспандата мадақтап, тіпті үшінші рет Еңбек Ері атағын беруге де келісіп, шешім шығаруға құжаттарын әзірлеп, қалпағын қара қазандай қоқырайтпап па еді. Мадақтаулар, алынған белестер сағымданып, бұлышырлана түскені несі. Қалың өлдің қамын жеп, қабырғасы қайысқан Нұрмолда қиянатқа аттап баспайды. Жүргегінің төріне шүкіршілік қанағат сезімін ұялатқан, төнірегіне адамшылық қасиетті құрмет тұтып, ізгілік ізеттіліктен шықпауға бет бұрған кемел шағында, пендешілік қүйкі тірліктен бойын аулақ ұстаған жасында қысастық жасап, тауын шағып, тәуекелін аяқ астында тапталуына ұшырағанын жан шошырлық қиянат есебінде қабылдап, жүргегіне жүк түсірді. Дұшпандары дабылдата дүркіреді. Өзәзіл кекесін алдын кес-кестеді. Олардың жалғандығы көп жорамал желбуаз пыш-пыш сыпсындарын ішке бүккенімен сырты бүтін, іші түтінге тұншықты. Тұнемелі көрпе астында құрсініп қойып: «Қой бекерге егілмейін, еңбегім желге ұшпас, бір рахымшылығы болар» деп, қанша ойламайын десе де, көкірегін қарсайырған намыс оты наизағайдай шатырлап, көнілге де, құлаққа да дамыл таптырмай-ақ қойды. Бір беткейлігі мен тік мінезі шыбын жанын ширатылған құйында үйтқыта береді. Тұғырында тұқырылғаны жанға батып, қаны қарайып, арагідік қалшылдап ашуланып та алады. Салмақтылықпен салқын сабырға жүгінеді бір мезгіл. Өзінің өткені мен бүгінін ой көзімен шолса, жүртшылыққа жасаған жақсылығы көбірек те, қиянаты кемшілдеу сияқты екенін безбендей білетін кемел мінездің иесі еді. Ет қызулықтан тұтанған ашуына Қаныш Сәтпаев пен Сәбит Мұқанов және басқа жан серіктерінің ақылы тоқтам салып, тосқауыл қойғанын іштей дұрыс

санап, қабыл алғаны да кемелдік кенересінің кеңдігі еді.

Тергеушілер алдында екі жұзділер бас көтерді. Олардың бірсыптырасы беттері бұлк етпей бардың өнін айналдырып көрсетуге тырысса, екінші біреулері: «мінезі содыр, қарадай ұрысады, денемізге қол тигізді, қорлады» деп куәлік беріп, ант су ішуге дейін барса, жан қалай күйінбейді. Сол кездегі жан айқайы ара ағайыннан араша сұрағандай пейіл танытуы біраз жайттың бетін ашып, кімнің кім екеніне көз жеткізгенді. Естіген құлак түршігетін сұмдық саясаттың салдарынан еңбектен басқаға мойын бұрмайтын нар тұлғаға түрлі жалалар жауып, болмыстың өнін мұлдем теріс айналдырғаны жанға батудай-ақ батты. Бірақ бәрінің бетін қайтарған Еңбек Ері намысын қорғап, ел көзіне тік қарағанда, аяғын шалыс басқан асау жүрек те бір қалыпты соққанда ғана көніл тыншыды. Бойында қуаты, ойында оты бар Нұрмолда балуан деуге лайық нар тұлғасын тік ұстап, жоталы қос иығын қомдап, қорғасыннан құйылғандай етженді шымыр денесін ширак қимылдатып, тақыр бастың ашық мәндайын күнге қаратып, қалың қасын керіп, тыныс жолының арнасы кең танауымен туған жер ауасын құштарлана жұтып, қарсы алдында көлбендерген құба жонның биігіне жанарын тіге қарап, асудың төріне қарай адымын кере басып өрледі. Асқар Алатаудың басынан зердесіне, көкейіне түйгені мен тоқығанын қайтадан қажырлы қайратымен іске асыруға құлшыныс пен ұмтылыс таныту керек екендігін парасаттылықпен пайымдады. Ұзілмес өнегесі, қажырлы еңбегінің куәсіндей, өнірінде жарқыраған қос жұлдыз алғы жолына сәуле шашып, даңғылын айқындаі түсті. Қол созған үшінші жұлдызы көмескіленіп барып құрдымға сінді. Ендігі жерде арына кір шалдырмай ілгеріге, кейінгілерге нұсқа өнеге болып қалатындаі шаруа бетін қайтарғанын бір ғанибетке балады.

## ДӘНЕШТІҢ ӘНШІЛІК ДАРЫНЫ

Жетісудың жазирысындай үні мақпал бұлбұл әнші Дәнештің есімі барша қазақ халқына, өнер сүйер қауымға кеңінен әйгілі. Ұлықтауға лайық дара тұлға. Дарыны дархан. Өзіндік өрнегі, қайталан-бас үні, орындаушылық тәсілі мен нақышы бар, халықтық өнердің інжу-маржанын бойына терен дарытқан, тыңдаушысын шөліркетіп, құлағын төсеп, құрышын қандыратын өр талант иесі.

Өркенді өнердің өкілі ретінде танылғаны баршага аян. Ол өз шығармаларын халықтың ән-жырымен, әуезді әуенімен нәрлендіріп, жаңартып, жаңғыртып, құлпырта білген өнерпаз әуенгер еді. Өнеріне халықтық дәстүрді берік қалыптастырған ақку үнді әнші-сазгер, әрі асқақ дауысымен, мәнерлі әуенімен ерекшеленетін біртуар тұлғалардың дарындыларының дарындысы.

Қазак дүлдүлдерінің бірі Әсет Найманбайұлының мектебінен өткен Қайлыбек, Қадырихан, Мәмет сияқты әнші, сал-серілердің өнерінен сусындалған Әнеш өнер әлемінде өзіндік өрнек сала білді. Дәнеш өзіне ұстаз тұтқан өз заманының өресі биік, кең тынысты, қоңыр



дауысты, сұлу ырғакты Манаrbек Ержанов сынды әншілердің орындаушылық шеберлігінен үлгі алып, олардан үйренген туындыларын қайталанбас қазаки бояулармен қанықтырып, өрнектерін жаңғыртып, жарқырата түскен әрі тамаша жаңа леп әкелген өнер иесі. Табиғат бойына дарқан дарын сыйлаған қазақтың біртуар ұлы, кең даланы әсем әнімен жаңғыртып, тыңдаушы жұртшылығын таңырқатқан же зстандай әнші Дәнеш Рақышев 1925 жылдың мамырында Жаркент өніріндегі Лесновка ауылында дүниеге келген еді. Экесі Рақыш кедей шаруа адамы болған. Әнді жаңындағы сүйіп, домбыра тартатын өнерімен көпке танылған. Шешесі суырып салма ақындығымен аты шыққан. Дәнештің әкесі Рақыш Әсет Найманбайұлының төл шәкірттері Қадырихан, Мәмет сынды өнер майталмандарымен танысып, оларға баласы Дәнештен көп үміт күтетіндігін айтЫп, әншілік өнерін үйретуін өтінеді. Рақыш тілмаш Жұмабай арқылы келісіп, Дәнешті әнші ақындардың қасына ертіп жібереді. Ол кезде Дәнеш 15-16 шамасындағы бозұлан кезі. Әншілердің өнерін тыңдалап, қасында жүріп, ән орындау шеберлігін үйренген Дәнеш Әсеттің «Інжу-маржан», «Қоңырқаз», «Хисмет», «Ардақ», әндерін жеке орындалап, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөлене бастайды. Бала өнерпаз атанады.

Құлжадағы қазақ театрының асқақ үнді әншісі Қайыпбектен ұлттық нақыштағы тең тынысты жаңа әндер үйреніп, жұртшылық алдында орындаушылық шеберлігін сынайды. Үлкен өнер табалдырығын тума талантымен батыл аттаған Дәнеш Құлжа қаласындағы қазақ театры бөлімін басқарып, Қытайдың, Монголияның көптеген елдерін аралап, өнер көрсетеді. Бәрі де жылы қабылдайды. Ризалық білдіріп, қошемет көрсетеді. Талантты да, талапты да баланың өнерін таныған ауыл адамдары оған ел арасына көп тараған әндерді айтқызып, домбыра тартқызып, өнерін қызықтайды. Сонымен бірге ән салудың, домбыра тартудың тәсілдерін де үйретіп, шеберлігін жетілдірумен түбегейлі шүғылданады.

Дәнеш 1946-1959 жылдары Құлжа қаласында үйғыр-

қазақ театрында жұмыс істей жүріп, өзінің шығармашылық өнерін жаңа қырынан ұштай түседі. Білімін жетілдіреді. Өншілік өнерін ширата түсуді ойлаған Дәнеш радио және пластинкалар арқылы Қазақстанның атақты әншілерінің салған әндерін көбірек тыңдалап, әнайту шеберлігін жетілдіру мектебінен өткендей әсер алады. Домбыраға қосып ән айтудағы шеберлігі жүртқа мәлім Жұсіпбек Елебековтың, Манаrbек Ержановтың әсері күшті болады. Осы атақты әншілерді сырттай ұстаз санап, бір кездесуді армандастын. Оларманы 1956 жылы орындалды. Ұйғыр-Қазақ артистерінің құрамында Құлжаға келген Манаrbек Ержанов, Қалибек Қуанышбаев, Ахмет Жұбанов және басқалармен танысып, ақыл-кеңестерін тыңдайды. Жұсіпбек Елебековпен жеке кездесіп, ол кісіден ән айту өнері жөнінде кеңес алады, біrnеше жаңа әндерді үйренеді. Осы жолғы кездесуде өзі де біrnеше әндерді айтып, қазақ радиосына жаздырады.

Жиyrmasыншы ғасырдың елу бесінші жылдарын қапан айында Қытай жеріндегі қазактар атамекеніне қотарыла көшу кезеңі басталады. Мұндағы тұрғындардың тең жартысы тағдырдың тәлкегіне түсіп, Қазақстандағы отызыншы жылдардағы ашаршылықтан жан сақтау үшін қоныс аударып келгендер еді. Енді сәті түсіп, орай туған шақта атамекенге оралуға ниет білдіріп, дүрмекке ілескендер көбейе түседі. Өйткені, олардың бәрі де Атамекенге оралуға құштар-тұғын. Осы қарсанда жазушылар Қажығұмар мен Құрманбай бастаған бір топ өнер адамдары Дәнештің үйіне жиналады. Сөзді әуелі Қажығұмар бастап, өзінің айтқанынан қайтпайтын біrbеткей мінезін танытады. Ойын да, мақсатын да нақты айтқан Қажығұмар:

- Қытай елінен сен кетсөң, мен кетсем, басқалар кетсе, мұндағы қазақ баласына кімнің жаны ашиды, - деседі. - Әдебиеттің халі не болмақ? Қазақтың отауын мұнда да жаңадан тігіп, әжептәуір бас құрап қалып едік. Соны күйретіп аламыз ғой. Мұндағы қазақтың жайжапсарын түбегейлі ойлайтын адам керек. Анау Үрімшідегі Елубек пен Аяған мамыр айында атамекенге

тайып тұрды. Енді өздерің үзенгіге аяқ салғалы тұрсындар. Сапарларың сәтті болсын. «Қарағай өскен жерінде гүлдейді» дейді қазақ. Осында жұлдызың жарқырап жанып еді, мерейлерің жоғары болғай. Ал мен осындағы қазақтарға бас-көз бола тұрайын. Қисыны келіп жатса, біз де елге оралармыз. Енді бүгін бір өнер кешін жасайық.

Бұған бәрі келісіп, бас изеседі.

- Эйгілі әнші Дәнештің үйі. Күндіз Дәнеш жұмысына кетеді. Қажығұмар екеуіміз қала аралап серуендейміз, - дейді жазушы Құрманбай Толыбаев сол кезді еске түсіріп. - Содан кеш бата қайта келіп, тұні бойы Дәнештің әніне сусындеймыз. Мұн тұманы серпіліп, жанымыз рахатқа бөленеді. Денесінде ине шаншар еті жоқ, инелікше ілмиген Дәнеш ән салудан шаршамайды. Құдай дарынына қоса қуат та берген екен. Сойдиган сүйрік саусақтары домбыраның қақпағында ортекеше ойнайды, қағудан талмайды. Қайта ән салған сайын ширыға рухтанып, көтеріле түседі. «Бәпемді» бұлқілдетіп, «Қоңыр қазды» қүйқылжыта қоңырлатып сусылдатқанда әуен ырғағы жүргегіңе балқыған балдай сіңіп жатады. Ән үзілмейді. Әсеттің «Қыстегі» мен «Қара көзі» тау суындаи сарқырағанда жалпақ дала, асқар таулар қосыла гулеп тұрғандай әсер етеді.

Ал «Аңшының әні» - Дәнештің өте-мөте сүйіп айтатын әні. Оны сүйіп кеткендер, сүйіп айтатындар қазір ел ішінде өте көп. Әннің өзі де бір айқын сурет, аңшылық өмір мен жастықтың жарасты қылыштары, қызды ауылдың қызықты көріністерін көз алдыңа қаз қалпында елестетеді. Әзілі де жылы, әуені де жарасымды. Оны тындағанда: әлдебір романтикаға елтіп кететінің хақ. Әнші дауысының әсемдігінен қайырымдар мен иірімдерді әдемі құбылтуынан, домбыраның бебеу үнінен әннің әсері өне бойынды өртердей күйге түсіреді. Тұла бойында тентек қүйін ойнап, жүйрікке мініп тұра шапқың келеді. Аңқұмар, әзіл сүйген көңіл алып ұшады. Ән асқақтап, мың бунақ иіріммен сусығанда денең шымырлап, жанжүйен босайды бусанып. Адамның күллі қайғы-қасіретін, мұн-шерін тарқататын ән әуені ғана екен ғой, шіркін!

Алдынан осындай орта кездесер ме екен деген ой келгенде өзегім өртенеді.

- Осы Қытай еліндегі қазақ біткенді Дәнеш әнімен сусындана берсе, ешкімнен кем де болмас едік, - дейді әнге елтіген Қажығұмар жадырап. - Бірақ туған жерде түлеп, қалың қауымға танылғанға не жетсін. Өнерің өрге бассын, бауырым Дәнеш! - деп қапсыра құшақтап кеудесіне басып, қолын құшырлана қысқанда алақанының ыстық табы денесіне тарап, бір-біріне емірене, елжірей қарасқан еді.

Туған жерден жырақ кетіп қалған Әсеттің өкініші мен Дәнештің өкініші тым ұқсас-ақ. Содан да болар, Әсеттің әндерін Дәнеш айрықша шабытпен, өксікті мұнмен үзілтіп айтатын. Композитор Әсет пен орындаушы Дәнештің іштей ұғысып, әрбір әннен екі жүректің лүпіл арманы мен күйігі қосылып естілетіндей әсерде қалдыратынына тындаушы қауым куәгер.

Әнді әрқашан шабыттанып айтатын Дәнештің ән орындау шеберлігі шын мәніндегі әуені нақышты, айдары айшықты өнерлі еңбек.

Дәнештің өмірінде мәңгілік шаттықтың бастауындағы болған сәт туған жердің топырағына аунап, ауасын жұтқаны шабытын шалқыта түседі. Осының айғағы іспетті «Жетісу», «Саясында алманың», «Колхозшылар маршы», «Комсомол» сияқты бірнеше әндер шығарады. Оларды ел-жұрты жылы қабылдайды.

Дәнеш Алматыда қазақтың мемлекеттік Жамбыл атындағы филармониясында қызметте журген кезінде, Қазақ ССР Ғылым Академиясына 80-ге жуық қазақтың халық әндерін тапсырды. Бұл бұлбұл әнші Дәнештің өнеріміз үшін, ұрпақ үшін сінірген үлкен еңбегі еді. Жоғалып кетуі мүмкін көп әндер оның орындауда сақталып қалды. «Хош, алмабел жарым», «Жан сәуле», «Жанерке», «Қоңыр қаз», «Бөлем», «Баянауыл», «Аяулым», «Игайлау», тағы басқа да толып жатқан халық әндері қазақ музыкасының қорына қосылған үлесті шығармалар. Олардың әрбірі дерлік біздерге әрі таңсық, әрі кіл өңкей әдемі нақышты әндер, үлттық әуендер екені аян.

Дәнеш өзінің репертуарындағы әндері жайында: «Мен

оларды айтқанда неғұрлым сөздерін анық естіртуге тырысамын. Ондағы басты ой өлеңде айтылады да, ән тек сол ойды нықтай түсү үшін сүйемелдік қызмет атқарады. Мәселен, Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» әнінде сөз құдіреті күшті. Ал «Әсет», «Ақырғы сөз», «Аңшының әні», «Амандасу» әндері де осындай әуендер. Бұл әндерде белгілі дәрежеде аздаған термелік қасиеттері де бар, басқалардай емес, ондай әндерді ұзағырақ айтуға болады. Ал енді көп өлеңнің негізгі ойы әуенде жатады да, өлең оған сүйемелдік қызмет жасайды. Бұрынғы композиторлардың көбі әуел баста не әнді өлең үшін, не өлеңді ән үшін шығарған деп ойлаймын, - дейтін еді. Шындығы да солай.

Панфилов ауданындағы «Үшарал» колхозының халық театрының ірге тасын қалаушысы. Дәнеш сол театрдың бірінші режиссері және актері. Сонда қызмет еткен кезінде драматургтердің отыздан астам пьесаларын қойып, бірнеше рет республикалық және облыстық байқаулардың жүлдегері, лауреаттық атақтарға ие болды. Облыстық филармонияда «Арай» жастар ансамблін басқарды. Ол өзінің әріптестерімен шалғай жатқан мекенді елдерде, жаз жайлаудағы, қыс қыстаудағы малшылар арасында жиі-жиі болып, өз өнерін ел арасында кең таратудан жалықпайтын жан еді.

Дәнеш Рақышевтің өнер жолындағы еңбегі жоғары бағаланып, омырауына «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін тақты және Қазақ ССР-інің еңбек сінірген артисі деген құрметті атаққа ие болды.

Дәнештің өнердегі қуанышына ортақтасқан бұрынғы Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газеті редакциясының ұжымы төмендегідей жыр жолдарын арнаған еді:

Сан жүйріктен сөреге бұрын жетіп,  
Тәтті әуенмен жүректі дірілдетіп.  
Кең көсіліп келесін туған жерде,  
Өнеріңмен даланды дүрілдетіп.

Өр халқымның әнінде өткені бар,  
Биғіне өресі жеткен ұғар.  
Жадыратқан, жайнатқан дүниені,  
Бұл өмірдің жазы мен көктемі бар.

Күтеді елің әлі де даңқынды өрлер,  
Ақку қонған ақ иық, алтын көлдер.  
Сазыңменен тербеткен Алтай, Жайық,  
Самалды өлке, Сарыарқа, салқын белдер.

Тамсанатын үніне қырдың гүлі,  
Қалған шығар бір жасап жыр дүлдүлі.  
Гүл бағына мінеки қонды дейміз,  
Ел сүйген Жетісудың бір бұлбұлы.

Сахнаға шығып ән саларда тұғырға қонған  
қаршығадай сыланып, өні құлпырып, жүзіне сүйкімділік  
ойнап, домбыраны безек қактыра жөнелетін дарынды  
әнші Дәнеш жайлы белгілі жазушы Сәуірбек Бақбергенов  
былай деп жазған еді. «Нағыз қыранды аяқ бауды  
шешкенде көретініміз сияқты жеке дауыспен өзін-өзі  
сүйемелдейтін әншінің өнерін домбыра қағысынан да  
байқау қын емес. Дәнештің домбыра қағысында  
дәлдік, әсемдік, саздылық, құбылып жататын үнділік  
кейбір әншілердің дауысынан әлдеқайда анық та қанық,  
сазды естіледі. Ал, оның дауысында тыңдаушысын жай  
сүйсіндіру ғана емес, баурап, билеп кететін күш, жүректі  
шым-шым еткізіп, діріл қактыратын саз, адам жаңына  
қуат беріп, қанаттандыратын сұлулық бар». Бұл әннің  
қуатын, қасиетін жетік меңгерген, әрі өзі жоғары талап  
қоятын шебер әншінің өнеріне көрегендікпен дәп берілген  
әділ баға.

Дәнеш әннің адам жаңын баурайтын, бойын  
балқытатын әсерлілігіне, мәнерлілігіне, нақыштылығына  
ерекше ден қоятын. Тыңдаушысына құрметпен қарап,  
оған өзі орындаған әнінің мән-мағынасын, нақышын,  
құдіретті күшін, әсем сазын жүрекке жылы жеткізуғе  
ұмтылатын. Ән мәнін салмақты, ойлы етіп, сырын терең  
ұғындырсаң деген ізгі ниеті әрдайым басым жататын.

Көзі тірісінің өзінде Жетісудың жезтанңай сандуғашы

әрі бұлбұл әншісі атанған Дәнеш халық әндерінің шебер әрі тамаша орындаушысы ғана емес, өзі де терең сырлы, мақпал үнді, әсем ырғақты, сазды әндер шығарған кәсіби сазгер ретінде де кеңінен танымал еді. Әнші-сазгердің өзі шығарған әндерінің қайсысын тыңдамаңыз, көмейінде неше түрлі әдемі үндердің сырлы сандығы бардай құйқылжытып, кейде асқақтатып, кейде бәсендетіп, әуенін бабымен баяулатып қалқытқанда күмбірлеген, күмістей сылдырлаған сұлу да сиқырлы үнге тамсана құлақ түріп, өнеріне сүйсіне отырып ынтыға түсерің хак. Оған Дәнештің күй көнілінен туындаған әсем әуенді, сұлу да сазды «Жетісу», «Саясында алманың», «Белжайлау», «Сәулөшім», «Аңсаған аяулым» жене басқа да көптеген әндері дәлел. Олар әншілердің тұракты орындаитын, жұртшылықтың сүйіп тыңдаитын туындыларына айналды. Әсем әуенді, сұлу да сазды осынау ән шоғырында Дәнештің ашық дауысы, кең тынысы, сәнді де мақпал үні бар. Әрі әні жанға жайлы, жүрекке жылы лебіздерге де толы. Халықтық дәстүрден алшактамаған, терең ойлы әндерді әнші шешен домбыра, жүйрік саусақ арқылы әннің табиғатын, жан сырын терең сезіндіріп айту дәстүрі берік қалыптасқан.

Дәнеш ән орындаушылық шеберлігімен бірге өзі шығарған тамаша әндерімен ел есінен шықпайтын мұра, асыл қазына қалдырған сазгер. Ол бойындағы бар өнерін, мөлдір сезімді, кең тынысты әндері арқылы еліне қалтқысыз еңбек еткен, қазақ халық әндерінің мәртебесін биікке көтерген әнші еді. Елінің асыл қазынасын халықтық дәстүрден алшактатпай өз қалпында, өз бабында жеткізуге талпынатын дәстүрін өз шығармаларының алтын арқауына айналдырған. Кең тынысты, мақпал үнімен ән шырқағанда құштарланып, әннің иіндерін әсем келтіріп, толғандырып, әсерлендіріп баурап алатын әндері радиода, теледидарда, сахналарда жи орындалып жүр. Осыған орай әнші-сазгер Дәнеш Рақышевтің артына қалдырған өнер мұрасын ардақтау, оған ізеттілікпен, ыждаһаттылықпен қарау кейінгі үрпаққа парыз екені аян. Осы мақсатпен игі істің қарлығашы ретінде Талдықорған облыстық «Полиграфия» өндірістік бірлестігінің «Офсет» баспаханасынан Дәнеш Рақышевтың шығарған әндері

кітапша болып жарық көріп, өнерпаз оқырман қауыммен қауышқандығын құлақдар ету қуанышты. Оған әнші-сазгердің Отан, туған жер, махабbat жайлсыр шертетін көптеген туындылары енген. Кітап, сондай-ак, әншінің әр кезде түскен көптеген суреттерімен безендірілген. Жинаққа енген ән сөздерінің ішінде қолға түсे бермейтін, әрі әнқұмар қауым мәтінін жатқа айта алмайтын кейбір авторлардың шығармалары да бар. Мәселен, Таңжарық Жолдыұлының «Қоштасу», «Амандасу», «Ақынның сыры», Шәкәрім Құдайбердиевтің «Жастық туралы», Бақтыбай Жолбарысұлының «Жетім бала», «Арқалап домбырамды сағым қудым», «Бәйшегірге», «Әзіл» атты өлеңдері бар.

Дәнеш ән шығарғанда жергілікті ақындармен тығыз байланыс жасап, олармен жұмыс істеуге айырықша ықылас қойған кішіпейіл, әрі қарапайым дарын иесі еді. Соның айғағы болса керек, кітапқа енген ән сөздерінің көбісі жергілікті жетісулық қаламгерлер. Ақын Құрманбай Толыбаев пен Рахметолла Нұрпейісов сөздеріне жазылған әндер туған жерге, өскен елге деген сағынышқа, қуанышқа, шаттыққа толы әрі асқақ үнділігімен баурайтын туындылар. Әбен Дәуренбеков, Тоқпай Исабаев, Нұрғали Омарқұлов, Қаден Бопаев, Тұрғанғазы Жапарқұлов және басқалардың жазған өлеңдері де көнілге қонымды. Жинаққа енген ән сөздерінің қайсысы болмасын Дәнештің орындаушылық шеберлігімен қатар өз өнерімен, өз нақышымен, өз өрнегімен ерекшеленетін сазгер екендігін айғақтайды, әрі дәлелдей түседі.

Дарынды ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне шығарған “Сағындым ғой”, “Аққулар, қош болындар”, “Санаулы менің сағатым”, “Сок, жүрек” әндерін тамылжытып шырқағанда, ән тар бөлмені жарып өтіп, Арқаастауының шындарын аралап кетіп, қайта оралғандай әсерге бөлейтін. Дәнештің дарынды үнінің дауылы екпіндектендей, әсем әуез кең даланы кезіп кеткендей, оның ойлы орманына, жібек желмен желкілдеген құрағына, көбігін көпірте шашып жатқан ақ жалды бұлағына, жан-жануар мен жәндіктердің құлағына құйып жатқандай құйындей үйірілген әсем әуез сезімді баурап, көнілде әдемі әсер қалдыратынына тындаушы жүрттың талай куә болғаны жадымызда.

Дәнешті Мұқыры тауының жотасына жерлеу сәтінде сөйлеген сөзінде Қуаныш Сұлтанов былай деген еді: “Бүгін қазақ халқы - асқақ үні әуезді әнінен адасып қалғандай күй кешіп отыр. Халқымызда “Ән айтпайтын қазақ жоқ, бірақ әнші болу мыңның біріне ғана тиетін ырысты үлес” деген ұлағатты сөзі бар. Сол бала кезінде өнердің бағы қонып, қыдыры қолдаған - тенденсі жоқ, ешкімге үқсамайтын, көзінің тірісінде ең өнерлі әншіге айтылар “жезтандай”, “күміс көмей”, “бұлбұл” сияқты бар теңеудің бәрін естісе де, сабасынан аспай, сүйкімін асырып, ағаға іні, ініге мейірбанды аға болған, еліне кішіпейіл азамат - осы аяулы Дәнеш ағамыз еді. Өнерге деген адалдықтың, азаматтықтың, тазалықтың үлгісін бүкіл өмірімен уағыздап өткен біртуар сап алтын да осы Дәнеш ағамыз еді. Ол сырын да, сынын да кіршіксіз сақтаған қалпынан сыр бермей, осынау өмірге қабағын шытпай, соңғы сапарға аттанып барады. Ендігі жерде Дәнештің ерекше үні халқымен бірге болмақ. Дәнеш әнінің рухын халықтың зердесінде сақтайтыны анық.

Бар ғұмырын өнер жолына арнаған, әнді әспеттеп өткен дарынды әнші-сазгер Дәнеш Рақышевтың таза көңілінен, шынайы мөлдір сезімінен туындаған әндері ел жүрегінен берік орын алғып, өнер сүйер қауымның құлағында мәңгі қалары анық. Сонымен бірге ол кейінгі үрпақ үшін де асыл мұра.

Дәнештің есімін әсем әндері ұмыттырмайды. Дәнештің қызы Гүлнэр Рақышева ән жинағына енген «Әкешім» деген өлеңінің соңғы шумағында:

Жаның сенің ешқашанда өлмейді,

Ұландарың мейіріміңе шөлдейді.

Жер жаратын бұлбұл атың мәңгілік,

Елжадында сақталады, өлмейді, - дейді. Иә, әнбарда Дәнеш бар, дарынды өнер дарағы да даңғайыр. Оны tot баспасы анық. Өйткені, ән құдіреті күшті. Оның самғар аскары биік, қалықтар аспаны кең, барап жері де алыс. Ол мәңгілік. Домбыраға қосылып бебеулеген майдақоныр тәтті үнді әсем әуені жан жүйені баурап, жүрек қылын шертетін, ән бесігінде тербейтін рухқа толы өнері санамызда жаңғыра беретіні көміл.

## КҮЙ ҚҰДІРЕТІ

– Ассалау мағалейкум,  
Әлеке!

Қызылшырайлы, қапсағай денелі Әлқуат ақсақал шертіп отырған домбырасын қоя салып, орнынан епелектей тұрды да:


– Уағалейкум иссалам, келіңдер, қарақтарым, жоғары шығып, жайғасып отырындар, – деп қалылы текемет төсөлген төрін үсынды.

– Рахмет, аға! – Жұмыстан қайтып келе жатыр едік, сіздің домбыраңыздың күмбірлеген үнін естіп осылай бұрылдық.

Жігіттердің бірі киіз үйдің керегесіне арқасын тірек отырды да, қасындағыларға сендер де тізе бүгіндер дегендегі ым қақты. Күй құмартушылар қаздай тізіліп жайғасқан соң:

– Сіздің жаңа бір күй шығарды деп естідік. Соны тыңдағалы келіп едік, Әлеке, – деді. Келушілердің шаруасын емеурінен таныған Әлекен:

– Күй атасы Кербұқа ғой, – деді керегеге сүйеулі



тұрған өмірлік серігі қара домбырасын қолына ала беріп, – мен сол адамға байланысты бір аңыз айтайын, күйін соңынан тартармын. Біздер, күйшілер, қалыптасқан дәстүрге берікпіз. Пір тұтатын ұстаздарымыздың күйлерін көп назарына ұсынбай тұрып, өз туындыларымызды орында маймыз. Ұстаз рұқсат етпесе, шәкірт қолына домбыра алмайды.

Кербұқа – ертеде еткен күйші. Оған байланысты аңыз әңгімелер ел ішінде өте көп. Кербұқаның күйлері талай ғасырлардың тосқауылынан өтіп, қазіргі заманға жетіп отыр ғой. Бұл оның асқан өнерпаз болғандығын дәлелдесе керек.

Кербұқа өмір сүрген заманда азы әлты қарыс қаһарлы хан билік құрыпты. Елін қылыштың қүші, найзаның ұшымен бұқтырып ұстайды екен. Бірде ханның ержетіп қалған мұрагері жанына жалаңдаған қырық нәкерін ертіп, аңға шығыпты. Ол кезде Маңқыстау құба түкті құландардың мекені болса керек. Ханзада бастаған қырық жігіт құлан үйіріне таңдана жүріп үркітеді де, құлдыраған тұз тағыларын кер садақтың нысанасына алады. Сүт пісірімдей уақыт ішінде бір үйір құлан құба жонда теңкиіл-теңкиіп қалыпты. Тек үйір бастаған құланның айғыры ғана адамның төбе шашын тік тұрғызарлықтай етіп арқырай кісінейді де, айдалаға қарай бет қойыпты. Ханзада нәкерлеріне «өзім қуып жетіп, алдаспанмен басын шабамын, сендер қала беріңдер» деп дауыстайды да, құйындай үйтқып зымырай қашқан құланның ізіне түседі.

Ханзада осы сапардан оралмайды. Оны иен далада құланның айғыры ат ұстінен жұлып алып, болат тұяқтарымен таптап өлтірген екен дейді аңыз.

Баласының ізсіз-түссіз жоғалып кеткеніне қайғырған хан еліне: «Баламның өлімін өстірткен адамның аузына қорғасын ерітіп құйғызамын» деп жар салады. Сол кезде ордаға Кербұқа келген екен...

Әлекен тاماғын бір кенеп алып, тізесінде жатқан домбырасына қолын созды. Күйшінің қабактары тұксисіп, көз жанарында бұрын байқалмаған бір ұшқын жарқ ете қалғандай жайран қақты.

Домбыра күмбірлей жөнелді. Өсем әуен шанақтан шапшып шығып, пернелердің бойымен дірілдеп барып көтерілгендей. Міне, бір топ жігіт арғымактарын ойнақтатып ауылдан шығып барады. Қатқыл жерге тиген ат тұяқтары бір қалыпты дүбірлейді.

Әлекеңің көзі шаңыракта болғанымен ойы ғасырлар қатпарын аралап жүрген сияқты. Кең кеудесі көріктей көтеріліп-басылып, күйді тым тереңнен шым-шымдап тартқан-ды. Мына ерен күй оның көкірегінде пісіп-жетіліп, содан кейін сыртқа ақтарылып жатқан тәрізді.

Бір кезде домбыра үні ширығып, күмбір үні күшейді. Жұздеген тұяқтар дала төсін жаңғырықтыра безіп барады. Құландардың дүркірек қашқаны, салт аттылардың бүйірден қиқулай қосылғанын шешен домбыра айызды қандырар күмбірмен сездіріп отыр. Көзінді жұмсан, түрлі сурет жанданып, көз алдында елес беріп, зердеге терең сыр жеткізгендей сарнайды.

Шірене тартқан керсадақ жебелерінің ысылын, құландардың шыңғыра кісінегенін домбыра айна-қатесіз салып, тұла бойды шымырлатады. Міне, астыңғы ішек жеңіл ғана лыпыған нәзік үн шығарды. Бұл құла тұзге лағып бара жатқан құлан айғыр тұяқтарының дүбірі. Үйірінен айрылған тұз тағысының қабырғасын қайыстырған қайғысы мен қайнаған кегін домбыра ышқына, ыңырана баяндап, жүрекке терең мұн құяды.

Енді бірде домбыра сөйлеп қоя берді. «Балаң өлді, балаң өлді» деп азалы хабарды жеткізгендей тебіренеді. Егіз ішек үндесіп, өзгеше бір әуен толғайды-ай кеп.

Әлекен күйдің осы арасына келгенде бір жеткірініп алып, әңгімесін қайта жалғастырды.

Күйді басын тұқырта тыңдалп отырған хан бір кезде селк етіп, оқты көздерін Кербұқаға қадап: «Мынауың балаң өлді» деп зарлап тұр ғой, айтқанымнан қайтпаймын, иманыңды үйіре бер» деп қаһарланыпты. Сонда Кербұқа: «Алдияр, мен сіздің алдыңызда жақ ашқан жоқпын ғой, сөйлесе домбыра сөйледі, сосын өзіңіз қайталадыңыз. Бұған мен айыпты емес шығармын», – дейді. Амалы құрыған хан: «Қорғасыңды қолындағы құралына құйындар, өзін айдаһар апанына апарып, тастандар», – деп әмір етіпті.

Індерінен бастарын суман-суман шығарып, тілдерін жаландатқан жыландарды көргенде Кербұқа бірғажап күйді тарта жөнеліпті. Сонда үңгірдегі жыландар бұрала билеп, күй сазына елітіп, жайбарақттанып жайылып түскен екен дейді. Сөйтіп, ерен күйші өз өнері арқасында ажалдан аман қалыпты.

Кербұқаның бұл күйін екінің бірі тарта алмайды. Бұл көкірек зеректігін, көп машиқтануды, шеберлікті керек ететін, орындауы өте құрделі шығармалардың бірі. Осы қайғы мен мұнға толы күйді келістіре күмбірлеткен Әлқуат Қожабергенов – өзінің бүкіл өмірін күй жолына арнаған өнерпаз. Туған өлке – Маңғыстау өнірі күйшілерінің дәстүрін жалғастырушылар арасында оның алатын орны бөлек. Әлекең қеудесі қазынаға толы алтын сандық іспетті.

Қарт өнерпаз қасаң қара домбырасын оңтайладап алып, бұрын-сонды өткен күйшілердің күйлерін төкпектеткенде көніл көкжегіңіз кеңіп, бір жасап қаласыз.

... Әлқуаттың әкесі Қожаберген де, нағашысы Артықбай да жыршы-тұғын. Үйі қашанда той-думанның ордасынан аумайтын. Небір балқемей әншілер мен арқалы күйшілер осында бас қосып, өнер сайыстыратынды. Сондай ортада өсіп, ержеткен Әлқуат домбыраның сазды үні мен нақышты жырды жасынан жаттап өседі. Абыл, Есбай, Сәулебай, Құлжар, Қауен күйшілердің таңдайды тамсантар туындылары Әлқуаттың жүрегіне жол тауып, оның домбыраға деген құштарлығын арттыра түседі.

– Ей, Қожаберген! Сенің мына балаңның көкірегінде сәулесі бар екен, – дейді бірде салдың төрінде домбырасын күйге келтіріп отырған қараторы мосқал адам. Бұл қазақ, қарақалпак, түркмен жұртына өнері мәлім Құлшар күйші болатын.

Атақты домбырашының жеті жасар бала жайлы жылы лебізіне шексіз шаттанған Қожаберген таныс шеберге балқарағайдан домбыра шаптырып, Әлқуатқа сыйға тартады. Өнер жолын мұрат тұтқан бала Әлқуат алқа топтың алдында домбыра тартып, жұрт көзінелінә бастайды.

Әкесі Қожаберген сал қайтыс болғанда Әлқуат сегіз жасқа да толмаған еді. Өзі көріп қалған жүйрік жыршылар мен ерен күйшілерден қол үзбейді. Олардың қай-қайсысы да Әлқуат үшін үлкен өнер мектебіне айналады.

Балаң Әлқуаттың жасынан жыр жаттап, замана сазын көңіліне, жадына тоқып өсуіне әдепкіде құшті әсер қалдырған Қашаған ақын көрінеді. Қашекең Түркменстандағы Ташауыз қаласының маңында туып, өскен. Әкесі Күржіман өлген соң Каспий жағасындағы Қараөзекке келеді. Бұғанасы қатпай жалдамалы еңбекке тап болған жетім жігіт өмір сокқысын көп көреді. Жалшылықпен күн кешкен өмір болашақ ақынның жас жүргін жасыта да, бұғаулай да алмайды. Қайта ол ширап, пыси түседі. Зерделі де зерек жас Атырау мен Қиуа елдеріне кенінен тараған жырларды жаттаудан жалықпайды. Өзі де өлең шығарып, ақын атанады.

– Осы Қашекең ақынмен алғашқы рет он жасымда кездестім, – дейді Әлқуат. – Бекі жайлауында Есжан дегеннің асы берілді. Бұл бір үлкен жиын болды, 400-ге жуық үй тігіліп, бәйгеге 160 шамасында ат қосылды. Жыршылар мен күйшілер де тәуір-ақ жиналды. Жыр жүйрітерінің осы бір үлкен тобын басында қара бөрігі, үстінде мәндәлі шапаны, аяғында кебісті мәсісі бар жалпақ бет, үлкен көз, салбыр мұрын, бұғакты келген ірі денелі кісі бастап келді. Көргендер аты шулы Қашаған ақын осы десті. Қолында шашақты қара домбыра, астында ақпа-төкпе ақберен. Сөз зергерлерінің бірі Бегендікұлы Сүгір жырау мен Адай күйлерін қос ішектеп, өз нақышымен сөйлететін әйгілі домбырашы Шомғұл Ибраһимов төр өріне жайғасқан. Мен осы зияллылар түскен үй маңын жағалап жүрдім. Қашекең қара домбырасын шертіп қойып, жырды үлкен тебіреніс үстінде шертіп отыратын кісі еken. Делебесі қоза келіп, жырды түйдек-түйдек төгілдіретін суырып салма сөз зергері еді. Дауысы жуан, үнді-тұғын. Кең қанатты үй төрінен асқақтап шыққан өуен ауыл-аймақты түгел баурайтын. Осы кездесуде Қажекеңнің кейбір кібіртік ақындарға: «Қолында қаруың жоқ болса, жауың түскір күтіп отыра ма!? Ақынсың ба, онда қолма-қол жыр тиегін

ағыт, айызымыз қансын!» – деп айтқан сөзі әлі есімде. Қашекенің өнеріне халық қатты сүйініп, үлкен қошемет көрсетілді. Бұл маған үлкен әсер етті. Содан кейін-ақ жыртыңдал, күй тартпайынша көңілім тыншымайтынды шығарды. Сол кезден бастап өнерге біржола бетбұрыс жасауға бекіндім.

Әлқуаттың бойына күйшілік өнердің берік қалыптасуына, күй саздарының мазмұнын терең түсіне білуіне дәстүрлі домбырашы Мұрат тарапынан тиген әсер де үлкен.

– Ол Маңғыстау, Түркмен, Қарақалпақ аймағына есімі мәлім Өскенбай күйшінің бел баласы. Мұрат әкесінің ақындық, жыршылдық, күйшілдік дәстүрін жалғастырып әкеткен өнерпаз. Бар өмірін өнерге бағыштаған Мұраттың есімі де республикамызға ғана емес, Қарақалпақ, Түркмен, Тәжік, Әзіrbайжан жұртшылығына да кеңінен танылған. Оттызыншы жылдардың орта шенінде ел ішін күймен әлдилеп жүрген Әлқуатқа осы Мұрат Өскінбаевтан: «Тез Шағадамға /Красноводск/ жет» деген хабар келеді. Бұл кезде Түркменстанның Қарабұғаз ауданында қазақ театрын ашу жөнінде шешім қабылданған болатын. Театрдың домбырашылар тобын іріктеп алу күйші Мұрат Өскенбаевқа тапсырылған екен. Ол үйымдастырған домбырашылар үйірмесіне Әлқуат та мүше болып қабылданады.

Күйге құштар Әлқуат театрда қызмет істейтін Бөлекбайдың Әмірханы, Бокбаланың Бозайлы, Қартбайдың Айтуары сияқты әнші-күйшілермен бірге халыққа рухани қызмет етеді. Осы бір кездерде Қазақ күйлері Түркменстан мен Қарақалпақстан аспаны астында емін-еркін естілген-ді.

Киелі сахна төрі Әлқуат Қожабергеновтың күйшілік өнерінің тың сатыға көтерілуіне үлкен септігін тигізеді. Театрда істеген жеті жыл ішінде Әлекен бұрын өз орындаудында болмаған оттызға жуық күй үйреніп, оларды нәшіне келтіре орындауға машықтанады. Осы кезеңдерде Әлқуат Қожабергенов түркменнің, қарақалпақтың небір дүлдүл күйшілерімен өнер сایысына түсіп, есімі жұртшылыққа кеңінен танылады.

Көрінген күйші-домбырашының қолынан келе бермейтін, не оңайлықпен ойнай алмайтын, қағыс техникасы қын күйлерді мұдірмей орындайтын дәрежеге жетеді. Маңқыстау түбегінің сергек сенімді өнерпазы Қалманбекұлы Өскенбай түрікмен елінің күйшісі Құлбаймен бір тойда кездесіп, күймен айтысады, шеберлік толастырып, өнермен арбасады. Сайыс шарты – бірінің күйін екіншісі айна-қатесіз қайталап орындалап, одан кейін өздері тосыннан тың күй шығару. Ірге қоныс екі елдің көне күйлерін нақышына келтіріп шебер шертетін Өскенбай мен Құлбай бірін-бірі жаңылыстыру мақсатында ұлттық ерекшелікті танытатын әр қылышы сазды үнге толы қын қимылды алуан қағыстармен сайысады.

Екі өнерпаздың да табан астынан шығарған күйлерінің қимылды мәнерімен орындалу техникасы тым бөлекшелігімен тұщымдырады. Мұнда бір қалыпты сазды өуен орындалып қана қоймайды. Орындаушының қос қолының нешеме саққа жүгіретін қимылды әрекетін сүрінбей қайталау қынның қыны сияқты. Осы бір бүкпелі бұлтыңы көп, қылышы-қылышы қалтарысты қимылға толы шебер қағысты тілейтін өнер саңлақтарының күймен сайысын Әлқуаттың қызу қандылықпен тамаша орындайтынына көрермен қауым тамсана таңдай қағады.

Кішкене қоңыр домбырасы да сыршыл. Әлекең қос шекті қағып, пернелерін басып, күй сазын жебеп жіберсе, тындаушы көнілін әдемі бір өуезді өуен бауары хак.

Әлқуат жасынан өмірлік серігіне айналған жыр мен күйді еш уақытта да қағаберіс қалдырып көрген емес. Ол тартқан құдіретті күй Ұлы Отан соғысының қан кешкен күндерінде де окоптарда күмбірлеп, қажыған қайратқа қуат бергені аңызға айналған.

Иә, ол кез 1942 жылдың қысы еді. Еділ өзені жағасында кескілескен ұрыстар жүріп жатқан-ды. Ұрыс арасында сәл-пәл тыныс бола қалса, жауынгерлер жиналып алып әңгіме-дүкен құратын. Әрқайсысы өз көкірегінің түкпірінде жатқан ойларын ортаға салып, бір жасап қалатын. Майдан даласында атыс толастаған бір

тыныштық орнаған сәт еді. Он бес шақты жігіт блиндаж ішінде ашы темекінің қою түтінін будақтатып, әңгімелесіп отырады. Көпшілігі қазақ, қарақалпақ жігіттері. Екі-үш түркменнің боз ұланы және бар.

– Шіркін-ай, осындайда домбыра болар ма еді? – дейді жігіттердің бірі күй ләззатын армандағандай рахаттана көзін жұмып.

– Сержант, сен неге үндемей отырсың? Әлқуат Қожабергенов дегенде қарақалпақ елі елең ететін еді. Домбыранды сағынып жүрсін-ау шамасы, – деп нәкістік Құдайназар әзілін шындықпен астарлай сөйлейді.

– Ей, жігіттер-ай, қай-қайдағыны еске салдыңдар-ау! Қолыма домбыраны жеті жасымда алып едім. Міне, сол кәрі жолдаспен көріспегелі көп айдың жүзі болды. Өзімді домбырашылыққа баулыған ұстаздарым түсіме еніп, сағындырып жүр. Кейде құлағыма әлдебір күй сазы келіп, домбырамды іздеп, айналамды қарманамын. Сонда қолыма мұп-мұздай винтовканың ұнғысы ілігеді, – деп Әлқуат күрсіне тіл қатады.

Осы кезде взвод командирінің: «Жау атакаға көтерілді, орындарыңа барыңдар» деген бүйрүғы естіледі. Ұрыс қайта қызып береді.

...Кең блиндаждың ішінде жауынгерлер алқа қотан отыр. Ұзак уақытқа созылған ұрыстың сәл саябыр тартқан шағында блиндажға взвод командирі кіріп келеді. Қолындағы ораулы нәрсесін іргеге сүйейді де: «Бәрің жиналдыңдар ма?» дегендей төнірегіне көз жүгіртіп өтіл барып сөз бастайды:

– Қаруластар, өткен ұрыста біздің взвод неміс-фашистерінің ротадан астам жауынгер-сарбазын жойып жіберді. Рота, батольон басшылары бұл ерлігімізге шын жүректен алғыс айтып жатыр. Біз де талай асыл азаматтарымыздан айрылдық. Сержант Китов, кіші сержант Маралбаев, ефрейтор Федоренко, қатардағы жауынгерлер Сейтназаров пен Ғафуров ұрыс даласында ерлікпен қаза тапты.

Жігіттердің терең күрсінгендері естіледі.

Сәл үнсіздіктен кейін взвод командирі сөзін қайта жалғастырады:

– Көз жұмар алдында бәріміздің қарулас досымыз қарақалпак халқының ержүрек ұлы Құдайназар Сейітназаров маған бір өтініш айтқан еді. Ол өз арамызда қазақтың белгілі бір домбырашысы жүргенін бәріміз де білеміз. Бірақ оған күй тарттырудың сәті түсө қойған жоқты. Құдайназар досымыз бізден құпиялап Әлқуат Қожабергеновке арнап қарағайдан домбыра жасапты. Ол міне!

Взвод командирі орауын ашқанда құшық шанак, домбыра жігіттердің көз алдында жарық етті.

Зұлым жаумен шайқаста мерт болған есіл ердің азаматтығына етжүрегі егіліп толқып отырған Әлқуат домбыраға ұмтыла қол созып, қалай шап бергенін өзі де байқамай қалады...

– Жігіттер, – дейді Әлқуат қолындағы кішкене домбыраны төсіне басып тұрып, – мынау маған тартылған үлкен сый. Өмір мен өлім аралығында қан кешіп жүрген шақта бала күннен бергі жан серігіммен табыстырғандарың үшін жүрегім қуаныштан жарылғалы тұр. Білген өнерімді өз алдарыңа жайып салуға мен даярмын. Қара суықпен күстенген саусақтарым винтовканың құндағына дағдыланып, домбыраны тосыңқырап қалғанға ұқсайды. Жыр мен күйдің мүкісі болса, кешіре көріндер.

Әлқуаттың сөзін ұйып тындаған жауынгерлер:

– Әлеке-ау, біз сізге еш кінә тақпаймыз, білген ән-күйінізді шертіп жіберіңіз, зенбіректің ызыңы мен бомбаның құрсілінен сарсып әбден зеріккен құлағымыз бір ашылсыншы. Көрсет бар өнерінді.

Домбыраның құлақ күйін келтіріп алған Әлқуат қос ішекті шертіп-шертіп жібереді де сәл дыңылдатып барып, бір аянышты лебізге толы әуенді аңыратада бастайды. Құшық домбыраның күніренген үні жауынгерлердің тұла бойын шымырлатып жібереді. Бебеулеген қос шектен бірде тәтті, бірде ағылшындың сапырылып, үлкен мұнлы қайғы мен өкініштің сыңсыған үні «ой баурымдағандай» естіліп, көнілді құлазытып, бейжай күйге түсіреді. Күй аяғы созаланданып талмаурап келді де, қайтадан қайратқа мінгендей құйқылжып,

құлпырып, жігерлендіріп, рухтандыра түседі.

– Бұл күйді Үқылас қаһарлы ханның ордасына кіріп, жалғыз баласының өлгендігін естірткенде шығарған екен. Жаңа Құдайназардың ерлікпен көз жұмғандығын хабарлады. Аяулы да ақжарқын дос еді ғой. Амал не, топырағын торқа болсынды айтуға тура келіп тұр. Жаңағы қаралы күй абзал азаматтың қазасына көніл айтуым болсын. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ». Біз адап досымыздан айырған қара ниет дүшпаннан кек алып, оларды жерге қаратуға, серт берісейік.

– Дұрыс айтасың, Әлеке!

– Зымиян зәлімдердің зықысын шығарып, індепейінше тынбаймыз. Жеңіс туын желбірететін боламыз әлі-ақ.

Жауынгерлер дабырласып кетті. Жаудан кек алуға бәрі құштарлық танытып, намыстың наизағайын жарқылдатты дерсің.

– Жауды жер жастандыратынымызға өз басым сенімдімін, – деді Әлқуат домбырасын саусағымен жайлап шертіп қойып. Қазақта Өтемісұлы Махамбет атты дуалы сөзді ақын болған. Ол ерлікті, батырлықты жырлап, хан мен ұstem тап өкілдерін ащы мысқылымен аяусыз түйреген өршіл ақын. Осы Махамбет сұлтанға айтқан жырында былай деген екен:

Біз бір енеден бір едік,  
Бір енеден екі едік.

Екеуіміз жүргенде,  
Бір-бірімізге ес едік...

Әлекен ұзақ жырды шұбырта жөнелді. Жауынгерлер де жырды ұйып тыңдал, көнілдерін сергітті. Бәрі де жырдан шабыт алғандай қайраттанып, айбаттанады.

– Рахмет, достым! – деді Әлқуатқа жақындау тұрған еңгезердей өзбек жігіті. – Өнерлі-ақ екенсің. Сенің күйлерің мен жырларың жүрегіме жалын құйғандай әсерге бөленидім. Жауға деген өшпенделігім өршіп, кегіме кек қосыла тұсті. Қазір дүшпаныма Махамбетше тиіссем деп тұрмын. Өткір де құдіретті жыр кімді болса да құлшындырыры хақ...

А. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында

жауынгерлерге жырымен, күйімен жігер мен қуат берген Әлқуат Қожабергенов омырауына бірнеше майдан медальдарын жарқыратып тағып, елге жеңіспен оралды. Үйде қалған кәрі жолдас қара домбырасымен шын жылап көріседі. Бұл өнірде соғыс өртіне шарпылмаған бірдей бір шаңырақты табу қын-ды. Біреудің асқартаудай әкесі, біреудің асыл жары, біреудің әлпештеген ұлы қанды майдан даласынан оралмай қалды. Осындай жүдеу көнілжандардың қайғысына ортақтасып, олардың жүздеріне шаттық сәулесін түсіруді азаматтық парыз санаған Әлекең қайтадан ел аралап, домбырасынан күйтекті. Жұртшылыққа рухани азық үlestіруден танбады.

Үнемі халық арасында жүріп, өмір ағымын жіті байқап үйренген Әлқуат Қожабергенов екінші бір қырынан көріне бастағаны бар. Өз жанынан күй шығарып, сазгерлік-күйшілік дарынының да бар екенін танытты. Әлекеңнің «Қырық жылдың қырқасында», «Космонавт», «Каспий толқыны» және басқа күйлерін ауыл өнерпаздары табыспен орындал жүр. Оның күйлері республикалық радио арқылы да беріліп тұрады...

Өнерпаз қарттың соңғы күйі – «Маңғышлағым – мақтаным» деп аталады. Бұл жарты арал жұртшылығының өз алдына облыс болып, отау тігуіне орай қуаныш шабытынан туған күй. Бірден биік нотадан басталған күй шаттық сезімін тыңдаушы көкірегінен құйып тұрғандай әсер етеді. Маңғыстау түбегінде болған түбірлі өзгерістерді, жапанды жаңғыртқан адамның жасампаз еңбегінің құдіреттілігін күй тілінен ұғынып, осы әуенде тудырған күйші талантына таң қаласың!

Жыр мен күйдің дүлділі Әлқуат Қожабергенов көпті көріп, кемеліне келіп, өнері толысқан шағында Абыл мен Аралдың, Есір мен Өскінбайдың, Есбай мен Мұраттың күйлерін, Нұрым мен Ақтанның, Қашаған мен Сәттіғұлдың, Аралбай мен Ербақынның, Тұмен мен Елбайдың жырларын шебер орындауымен ерекшеленді. Әлекеңнің бойына дарыған өнердің ерекшелігі – қазақ мәдениетінде өзіндік өрнегі бар адайлық жырлар мен күйлерді мәнерлі сазымен екпіндете төкпектетсе, жырлауды маңқыстаулық әуенмен толғайтын. Ешқандай

бәлсінуді білмейтін өнерлі қарт күй мен жырдың түу тарихын баяндап, ішкі сырын аша түсетін әңгімелерді де көп білетін. Ол Маңқыстаудың мұнайлы өнірі мен Атыраудың актылы қойға толы алқабын аралап, елге өнер көрсетуден әсте жалықпайтын. Қайта қиянға қанат қағатын қыранша қомданып, өнерге деген құштарлығы арта түсетін. Демалыс алса, хат салып хабарласып, қалтықсыз көнілмен күтіп отырған түрікмен, қарақалпақ жеріндегі ағайындарға баруға асығатын. Көршілес елдерге барып, қазақы өнерді насихаттайтын. Олардың соны саз, сырлы жыры болса, үйреніп қайту Әлекеңнің қанына сіңген қасиет-тін.

## ЖАЛЫНДЫ ЖЫР ЖАМПОЗЫ

Жетісу өңірінде от ауызды, орақ тілді шешен атанаңп, сөз өнерін пір тұтқан, талай-талай шар-шы топта тайсалмай толғана жыр төккен шайырлар тобы өзінше бір шоқ жүлдүз. Өлең десе өршелене өрге жүгірген Қуат Терібаев, Қалқа Жапсарбайұлы, Темірғали Рұстембеков, Әбікен Сарыбаев сыңды жыр жүйріктегінің есімдері құрметпен аталса, Артық Жексембекұлының ақындығына жұртшылықтың берер бағасы да жоғары.

Кезінде арқалы ақын, сурып салма жыр жүйрігі, әрі зейіні зерек құйма құлақ атанған Артық ақынауыз әдебиетін, оның ішінде ертегілер мен аныздарды майын тамыза айтатын әрі құмартатындаитын ортада ер жетті. Артық та бала жастан халқымыздың ой-арманы мен тілек-мақсатын білдіретін, әдет-ғұрып пен тұрмыс-салт дәстүрлерін суреттейтін өлеңдер, батырлық жырлар мен айтыстарды, мақалмәтелдер мен даналық сөздерді көкейіне түйіп өсті. Өзі де ел ішінде ән салып, өлең шығарып, ақындық өнерге бойлап енді. Ұсыла келе арқалы әрі тапқыр ақын атанды.

Осы Артық ақын аузынан әлеуметке тараған, көкіректе



жатталған, таспаға жазылып архивте сакталған өлеңдері, толғаулары, айтыстары мен дастандары жинастырылып, Республикалық Талдықорған «Полиграфия» өндірістік бірлестігінің «Офсет» баспаханасынан «Жырбұлақ» деген атпен жарық көріп, оқырмандар қолына тиді. Осы жыр жинақтың алғы сөзін жазған Артық ақынды бала кезінен билетін, өнерін сан мәрте құлақ айызын қандыра тындаған, көнілі данғайыр тұстастарымен жыға таныс әрі етене жақын жүрген республика мәдениетіне еңбек сінірген қызметкер Егеубек Дағабаев: «Артекенің адуынды ақындығына, халқымыздың ауыз әдебиетін, термекиссаларды, мақал-мәтелдерді, орып түсер орақ тілдердің шешендік сөз мәйегін айтарлықтай көп білгендігіне қалың жұртшылықтың тәнті екендігіне әбден көзім жеткен еді» десе, Республика Ғылым академиясының академигі Е. Үсмайылов пен профессор Б. Уақатов ақындық жақсы дәстүрді әрбір талант иесі жаңа мазмұнда өзіндік ақындық үлгі өнермен дамытқандығын айта келіп, бұған Артық ақынның лайықты үлес қосқандығын атап өтеді. Сонымен бірге Республика Ғылым академиясы М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкери, филология ғылымының кандидаты Тұрлыбек Сыдықов: «Бізде айтыстың дәстүрін толық сактаған талдықорғандық Қалқа, Темірғали, Артық сияқты айтыс өнерінің шеберлері бар» деп мақтан тұтады. Мұның бәрі жыр жампозы Артық ақынның шығармашылық өнеріне білдірілген ыстық ықылас, әрі үлкен ынта қойғандығының дәлелі екені анық.

Артықтың сөз өнеріндегі ой-өрісінің кеңдігін, сұлу сөзге қамшы салдырmas жорғалығын дөп басып таныған, әрі болашақта айтыстың туын жықпас ақын атанарына үлкен сеніммен қараған Қыдыралы ақын оны алғаштындағанда былай деп ағынан жарылыпты:

Бақтыбай, Саралардың туын жықпай,  
Өтсем деп өмірімнен жүруші едім.  
Тәнірге сені берген мың бір тәуба,  
Туар деп сендей біреу сенуші еді.  
Қыдыралы қырандай қанат қомдап,  
Қағады домбыраның енді ішегін,  
Оу, артымнан ерген Артықжан,  
Шырағым қайта маздады-ау.

Мәйекті сөзді, Артықжан,  
Тағдырдың саған жазғаны-ау... Бізге жеткен  
деректерге ден қойсақ Қыдыралы да өз дәуірінің айтулы  
ақыны болған көрінеді. Осы дуалы ауызды ақын бір  
көргенде-ақ Артық Жексембекұлының өнерін аса жоғары  
бағалап, айтыс туын алға апарар ізбасар іні тапқанына  
айырықша қуаныш білдіріп, оның болашағына үміт артқан  
екен. Ақынның айтқаны айнымай келіп, Артық арқалы  
ақын болып қалыптасып, көптеген өлеңдерімен,  
дастандарымен, толғауларымен тындаушыларын  
сүйсінгенде жи еске алынады. Аудандық, облыстық,  
республикалық ақындар айтысына қатысқан Артық талай  
тәншімал тарландармен жыр додасына түскен қанатты да  
арқалы ақын екендігін танытып, алғырлығымен  
ерекшеленген. Содан болар, айтыс ақындары Артықтың  
сөзінің мәйектілігіне сүйсінсе, өзі айтыс кезінде  
қарсыласына жауап бергенде «інжудей» сөз асылын  
таңдал, талғап, ойдың тұңғиық тереңінен жібек жал,  
болат тұяқ арғымақтай орғып, тас бассам от шығады  
тұяғымнан» деп алғырлығы мен арындылығын паш етуі де  
тектен-тек айтылмасы хақ. Мәселен жамбылдық  
Жақсыбаймен сөз сайстырығанда:

Айтыстың аптықпалы, аламанды,  
Бәйгелі базарында бақ сынайын.  
Сабырмен сал ортаға бар олжанды,  
Өлеңмен мен онынды паш қылайын.  
Мен едім жалайырдың жемаясы,  
Жетектеп адымынды аштырайын.  
Дулаттың жыр дәнені жүгіріп көр,  
Жарауың келіспесе састырайын.  
Қойға жетпес қойторы ақын болсан,  
Қылайын жынын алған бақсыдайын, - деп  
мықтылығына табындырып, сес көрсете сөйлеуінің өзінде  
үлкен мән бар. Гәп ақындық алғырлығын асқақ  
ұстауында жатыр.

Ақын Артық тағдырдың ауыртпалығын көп көрген жан.  
Өзі айтқандай, он үшінде шешектен шерменде бол,  
зғиңтиқтың азабын тартқан жан. Қос жанарының оты  
сөніп, жарық дүниені көруге кіріптар болғанымен  
тауқыметі таусылмас тіршілік тақсыреті ақынның ақылын,  
ойын, үшқыр қиялын тұқырта алмады. Керісінше, өсиетті  
әрі түйінді тұжырымды ойларға толы зерделі де зерлі жыр

жолдарын төге білген сұңғылалығына қайран қаласыз. Көкірек көзімен көріп, төңірегіндегі өзгерісті зеректігімен сезіп білетіндігіне тәнті боласыз. Оған кітапқа енген жырлар куә. Артықтың шаршы топ ортасында жүріп, елі мен жері жайлы толассыз толғанып, өмір ағымымен кең тыныстаған, халық ортасынан шыққан ақын екендігін өлеңдері анық аңғартады. Ол өмірге құштарлығын нәрлі ойымен жеткізіп, тіршілік құдіретін түсіне білуді тіліне тиек етіп толғайды. Қоғамдық мәні бар қомақты пікір түйіндейді көбіне. Қазақ халқының қуғын-сүргінде жүріп, айдау-атудың зәбірлі зардабын көргеніне ашынып, қатыгездік қасіретіне қабырғасы қайысады. Ет жүрегі езілген күндерін еске түсіреді. Халқына жаны ашиды. Аяушылық сезімінің сеніне соғылады.

Ақынның «Зорлыққа - зауал» дастаны өмірбаяндық тауқыметтің бір көрінісінен елес беретін, көкіректің кемеріне қатқан шерменделі шерін толғана шерткен деректі шығарма. Онда патшалық зобалаң мен қысынсыз қысастыққа душар болған халықтың бастан кешірген сұмдықтары өлең сөзбен зерлі өрнектеледі. Патша өмірімен он тоғыз бен отыз бір жас арасындағы жігіттер майданға, қара жұмысқа алынбақшы болады. Оны жүзеге асыру әрі озбыр, әрі жебір атаман Калашникке тапсырылады. Жанашыры жок қорғаныссыз жігіттер тізімге ілігеді. Атаман Калашник пен Байтоқ деген бай екеуі өмпей-жәмпей тіл табысып, ойларына келгенін істейді. Оны ақын:

Қос зұлым ақылдасып тапты амалын,  
Тайсалсын ба, сан дүркін сатқан арын.  
Ырысбайдың орнына Жұмабекті,  
Тіркетті кедей-кепшік басқаларын, -  
дейді. Ал бай баласының орнына тіркелген Жұмабек -  
жар сүймеген тақыр кедей. Оны ақын:

Келгенше қырық беске Байтоқ байдың,  
Тентіреп қойын баққан қызық көрмей,  
Жаздырды отызда деп Жұмабекті,  
Шын жасын айтудына ерік бермей,  
Нақақтан-нақақ жапқан бұл жалаға,  
Шыдасын ел-жұрт қалай күніренбей, -  
деп жырлай келіп, көптің мұны мен ойын ортақтастырады.  
Калашниктің қараулығын:

Пара жеп атжалмандай жалмандады,  
Барын салып баласын құтқарғандар,  
Азғындық әдетінен бір танбады,  
Шалды отызда, баланы жиырмада деп,  
Жаздырып айдатуға арланбады, -деп ызаланып,  
кекесінді кейіпте мінейді.

Дастанда Анненков жендеттерінің бейкам жатқан Жетісудағы елді нақақ еңіреткендігі, аяусыз басқыншылық әрекеті өшкөрелене жырланады. Көк көздері шегірейіп, жез мұрттары едірейген орыс әекерлері ауылға күнде атойлатып ойнақ салып, ат ойнатып ел-жүртты тарының қауызына сиярдай мұсәпірлік күйге түсіріп зәре-құтын қашырғандығына ақын көнілі құлазиды. Өйткені, ұрыстың шығуына, ел-жүртты дүрліктірген дүрбеленің басталуына бір қазактың ұстасы шалғы жасап жатқанын көрген жендет «анау қылыш соғып жатыр» деп нақақтан-нақақ жала жабуы бейбіт жүрттың кінәсіз қырғынға ұшырауына себепші болады. Нақты жағдайдың байыбына бармаған арандатушы жендеттер ақын сөзімен айтқанда: «жер тырнап, қой құрттаған Сырымбетті, шал-кемпір, жүкті әйел, сәби демей, бауыздады, атты, асты, қырып кетті. Қораны өрт жалмады, ел қансырады. Қазактың өшті сөйтіп сан шырағы». Осындай көрініске ақын жаңы түршігеді. Қатты опынады. Қаныпезерлердің қиянatty қатыгездігінен түңілген ақын көкірегін кек кернейді. Елінің бірлігі мен татулығына сүйсінуден гөрі алауыздығының басымдығына күйінеді. Өйткені, ақын сөзімен айтқанда: «Қырылып Сырымбеттер жатқан шақта, от жалмап, қызыл қанға батқан шақта, көрші ауылдар сай-сайға үркіп жатты». Намыс қорғап, күш біріктіріп, жауды алқымынан алып, орыстарға қарсы ойран салудың орнына, әркім бет-бетімен бас сауғалаған қазактардың қасіретті де күйінішті тірлігіне ақын іштей ызаланып, қатты налиды.

Қайтейін, қайран мәнің Қазекем-ай,  
Әмсе осылай өзіңе-өзің жұтсың.  
Бөлініп бір-біріңнен әмсе осылай,  
Қаласындар бастарың бір қосылмай.  
Ала боп ағайынмен жүргенің-ақ  
Көрініп дос - қасындей, қас - досындей.  
Сондықтан сорымыздың қайнағаны.  
Бағынды бөтөн кірме байлағаны.

«Балақтан кірген битің басқа өрмелеп»,

Тыйылмас алдына сап айдағаны, -

деп ұлттымызға тән қанына сіңген нақты шындықты шыпшырғасын шығармай өзгеріссіз, өндеусіз ұғынықты сипаттап алға тартқанда бүйрекің шаншу қадалғандай бұлкілдейді. Елінің бірліксіздігіне арланады. Ел іргесін сөгілдірмей, тұтастығын сақтаса екен деп армандаған ақынның:

Жұртым-ау, әлі талай таланарамыз,

Ұйдырап жүрсек былай ынтымақтан, - деуі бүгінгі күн ұранымен үндесіп, сабақтасып жатқаны сөзсіз.

Жыр құдіреті де осында болар. Бүкіл жұрттың мұнназасын білдіре отырып, тату-бірлікті, ең асыл мұратты үлгі етіп ұсынады, соған жетуге үндейді.

Дастандағы татулыққа шақырған, бірлікке үндеғен алтын арқаулы ой «Отыз жетінің оғы» атты өлеңінде де қайталанып, өзіндік желімен әдемі үндесіп, жымдасып жатуы да асқақ арман мұратының ғибратты тағылиматы екені аян.

Ақын Артық Жексембекұлының «Жырбұлак» атты кітабын оқи отырып, оның өзіндік қолтаңбасына, зерделілігіне, сөздерінің алмастай өткірлігіне көз жеткізесіз. Жетісу жерінің перзенті, есімі жұмыр жердің түкпір-түкпіріне танымал, екі мәрте Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтың басына бұлт үйірілгенде Артық ақын оны арнайы ізденеп келіп, «болған іске болаттай бекем болғын, қарағым» деп басу айтуды, сабыр сақтауға шақыруы ерекше парасаттылық пен салауаттылықты, қариялық қазылықты байқатады.

Бармысын, арқа тірер асқар тауым,

Қалды ма сәл төмендеп аспандауың.

Алдыңа Артығың кеп отыр міне,

Сен үшін өбігерлі сасқан бауыр.

Қазақтың абырайлы перзентісің,

Алмайтың берекенді соққан дауыл.

Елің аман, жұнжитін жөнің де жоқ,

Тасадан тас атты деп тосқан жауың, - деп қайрат беріп, рухтандырады да:

Ел қастерлі сен үшін,

Сен қымбатсың ел үшін, -

деп асқақтаған абырайының көзден таса, көнілден ұмыт болмайтынына сенім білдіреді. Артық ақынның сөздері

бейнелі, түйінді ойлары терең.

Артық ақынның өлеңіне өзек болған, адам жасаған қиянаттан қиялданатын кезеңін зіл-зобалаңының бір көрінісі мұнадай:

Япыр-ай, неткен көп ед жала деген,  
Құрығын кәрі, жасқа сала берген.  
Ақ ниет, алла деген азаматқа,  
Ажалын аждаһадай ала келген.  
Аталып халық жауы атылғаннан,  
Қарыс жер қалмай барад қара жерден,  
Жаладан біреу ұры, біреу қары,  
Біреу бұзық, ал біреу байдың жары,  
Біреу тыңшы - советке, біреу міншіл,  
Біреу күншіл азайған беттегі ары,  
Басқаның Мәскеудегі бір тобырдан,  
Жатыр-ау, жаппай жау бол жүрттың бәрі.  
Құдайдың құлағына жетер ме екен,  
Егілген, еңіреген елдің зары? -

деп шарасыздықтан күніренгенде іші үдай ашиды. Бұл жолдарға пәлендей түсініктеменің керегі шамалы. Ел басынан өткен қасірет, титықты тауысқан тақсырет, құғыншылық пен зобалаңың еріксіз құлы болып, аяғына кісен, еркіне тұсау салынып, тыптырыған шақта тынысын тұншықтырған ақын өзек жарды өкініші мен азаматтық тұлғасын, айқын ойын танытады.

Көркемдік қуаты мол, көкейкесті мәселеге құрылған өлеңін бірі «Жайылымды жүрдай ғыптың игердік» атты толғанысты жыры. Табиғат келбетін өзгертіп, құнарлы топырақты тозаңға айналдырған бұрынғы шенеуніктердің солақай саясаты мен шалағай басшылығын сынап-мінеген ақын:

Жер жаннаты Жетісу жырымдалып,  
Айырылуда ажарынан ырымға анық.  
Құлан жортқан құба жон, бел-белестер,  
Көшкен құммен көмілді бұдырланып.  
Мың бұралған сұы бал бұлақ қайда,  
Қыз шашындей ағатын бұрымдалып,  
Бұларды басын тігіп бабаларын,  
Құнсыз болса қорғаған бұрын нағып? -

деп іргесі сөгілген елінің, құнары қашқан жерінің, тозаңы шыққан белінің, сұы тартылған көлінің қасіретті көрінісіне қүйініш сезімін білдіреді. «Далақтап тілгілемей Жер-

Анаңды, ағайын, айналаңа қара абайлап!» - деп қасиетті өлең тілімен ескерту жасауы да, адамгершілік түрғыдан білдірілген заңды наразылық. Туған жерге жаны ашығандықтан, оған жүргегінің ауыратындығын тілге тиек етеді, көкірек кере күрсіне, күнірене толғанады. Елінде жүріп еркіндік пен жер-сұынан айырылып, кіріптарлыққа мұқтаж еткен дәуірдің ащы зары десе болғандай бұл өленді. Ақын жүргегін тыншытпайтын басты қайғы елдің тағдыры, шұрайынан айырылып тозып бара жатқан өлкесінің пұшайман, қалт-қалт тірлігі. Бәріне аландаушылық білдіреді. Артық ақынның өлендерін оқи отырып, жұп-жұмыр ойы бар, нақылға татырлық сөзге айналған мағынасы терен, мәні ыждағатты тұжырымдардың да көп екендігін аңғарасын. Оған:

Дауылда буырқанбай мұхит қалмас,  
Ашу сыртқа бір шықпай айыз қанбас;

Қалталылар елді езіп еңіретсе,  
Қалтасыздар туғандай сорлау үшін;

Сорлайды серігімен септеспеген;

Асқақтаған апанға түспей қоймас.

Ақиқат - нағыз алтын tot баспайтын. Мызыымас ел бірлігі - ұлы қамал.

Өшкен емес, өскен ел болу - парыз.

Жақсы іні өз ағасын агалайды,  
Жаманы басқаларды жағалайды.


Құм жылса, тас болар,  
Біріксе уық қос болар.

Ыңтымақсыз ырыстан,  
Құралақан бос қалар, - деген пәлсапалық ой түйіндерін жатқызуға болады.

Міне, Артық ақын көкірек көзінің көрегендігімен, сезімінің сергектігімен, көркем сөзбен ғибратты да өсиетті тұжырымдарды осылайша түйіндейді. Мұның тәрбиелік мәні үлкен екені өзінен-өзі үғынықты.

## КӨҢІЛІ КӨЛДЕЙ КІШІМ ЕДІ

Ауыл аның атаңған Кішім Қалиқызы Абданбекова өз дәуірінде абыройы артып, атак-даңққа бөленіп, ғибратты ғұмыр кешіп, адами ізгілік қасиеттің ұстанымдары мен тәлімді-тәрбиені бойына молынан дарытқандығымен танылған жан. Оның шаруашылықтың бір жағын басқара жүріп, қуаты мен жігері қындықта да қайтпағандығын, парасаты мен сабырлылығы ісіне сай, әрдайым жақсылық жасауға



ұмтылып, ел-жұртына жанашырлықпен қарап, табанды еңбегімен ұлан істі тындырып, еліне еленіп, халқының қалаулысы болғаны бүгінде қадір-қасиетін, атқарған ісін, төнірегіндегілерге тигізген қайырымдылығын, көңілінің көлдей екендігін аңыз-әңгімедей ғып үнемі айтып, еске алып отыратындар көптеп саналады. Қазақ әйеліне тән кайратымен ауқымды шаруаны тындырып, сындарлы шактарда да тәзімділік таныта жүріп, отбасының беделін жоғары ұстап, шаңырақ шаттығын шалқытып, ұлағатты үрпақтарын татулыққа, бірлікке, ұстамдылық үрдістеріне, беріктікке баулыған ана Кішім ҚАЛИ-

**ҚЫЗЫНЫҢ туғанына 100 жыл толып отыр.**

Халық даналығында «Адам болып жаратылу оңай, адам болып қалу, едәүір қын» деген қағида бар. Ұғым ауқымы кең бұл дәрістің мән-мағынасы ұшан-теніз ойды қамтиды. Жарық дүние есігін ашқан адамның әделкіден өнегелі отбасында тәрбиеленіп, рухы мықты, ісі табанды, қайратты, парасатты, сабырлы болатындығы анық. Кішім де сондай отбасында тәрбиеленіп, өсіп-өркендеген түлек.

Анасы Жарқынбала 14 құрсақ көтерген. Бірақ балаларының бәрі шетіней берген. Соңғы Кішім туғаннан кейін оны басқа бір жамағайындарына беріп жіберіп, кейіннен бір арқа отынға сатып алған. Осылайша, қазаки рәсімге иланғандықтың нышаны болар, кішкене Кішім де өршіл болып өседі. Оның туып-өскен өңірі Лабасы тауының етегі. Жан серігі Ағыбай Абданбекұлы да қарапайым еңбек адамы. Бар өмірін мал шаруашылығында өткізген жан. Жылқы бақты, түйе өсірді. Шаруашылықтың қажет еткен жеріне шауып барып-келіп жүрді. Кезінде малға беретін тұз болмағандықтан сонау Балқаш көлі аймағындағы Сарыесік атырау төңірегінен түйемен тұз тасыған да осы Ағыбай.

## **АЛҒАШҚЫ АРТЕЛЬ**

Кішім ауылда өскендіктен шаруаға икемді, өте пысық-тұғын. Адамдармен тіл табысып, тапсырылған жұмысты тиянақты атқаратындығымен ауыл басшыларын сүйсіндіріп жүретін-ди.

Бір күні ұзын бойлы келген қараторы келіншек көгенделген қой-ешкілерді сауып жатқан Кішімге:

- Келін, а, Кішім келін, сені отау үйдегілер шақырып жатыр, тездетіп келсін дейді, - дейді қасына жақын барып.

- Жарайды, екі-үш өшкі қалды, тез сауып болғасын барайын, - деп Кішім ісін әрі қарай жалғастыра береді.

Шаған тауларының шатқалынан арындағы аққан Ақсу

өзені жағасындағы көкорай шалғынның ортасына қоныстанған алты қанат қоңыр киіз үйдің ішінде ауылдың бас көтерер белсенділері тегіс жиналыпты. Бәрі де Кішімнен үлкен. Ауылдың қадірлі адамдары. Аralарында өзі жақсы білетін Бейіскұл Тоққұлынов, Қауыс Кәрімов, Эбдікәрім Аманбаев, Аманбек Белдібаев және басқалар бар. Олар табалдырықтан аттай берген Кішімді көрісімен:

- Төрлет, қарағым, жоғары шық, - деп жылы қабылдайды да, әңгімені әрі жалғап: - Атың әйел дегенімен ісің ер жігітке лайық екендігін көзben көріп жүрміз. Қазак «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген сөзді айтушы еді. Оны әлдеқашан құрдымға кеткендей еттің өзің. Осындағы отырған көвшілік саған үлкен міндеп жүктегелі отыр. Ауылдан екі бригада құрдыш. Бірін мына отырған Аманбек басқарады. Екіншісін саған тапсыруды үйғардық, - деді Қауыс.

Кішім ойын іштей көніліне түйіп, сәл үнсіз қалды да:

- Аға, айтқаныңыз орынды. Бірақ менен қандай бригадир шығады. Сауатым да шамалы. Өзім болсам жаспын. Білгірлігімнің жетіспейтіндігі өзіме аян. Көвшілікпен жұмыс істеу де оңайға соқпасы анық, - деп келіспеушілік білдіргендей сыңай танытты.

- Саспа, келін, - деді Қауыс. - «Көш жүре түзеледі» деген. Ұқылас болса, бәрі жөнделеді. Басқара алмайтын шаруа жоқ. Бәрін көріп жүрміз. Іске икемділігің бар. Ұйымдастыру қабілетінді ұштай білсең, көвшіліктің тілінде табасың. Сауатым шамалы деме, амандық болса, хат танитын күн де жетеді, - деп Қауыс әңгімесін әрі сабактады. - Қазір біздің артельге кіргендерден 14 өгіз, 4 жылқы, 1 түйе, 6 соқа жиналды. Осыларды екі бригадаға бөлеміз. Бір бөлігін, жаңа айтқанымыздай, Аманбектің жауапкершілігіне жүктейміз. Екіншісін Кішім келіннің қарамағына береміз. Сөз осы. Іске кіріс. Табыс тілейміз.

Бұл «Еңбекшіқазақ» артелі басқармасының алғашқы мәжілісі еді. Ол 1932 жылдың көктемі болатын. Жылдың

бұл мезгілі жылдағыға қарағанда өзіндік ерекшеліктерімен келді. Шығыстан ескен қоңыр самалдың арты алтын арайлы күн шұғыласына ұласып, қашаннан бостандықты аңсаған еңбекші халықты мұратына жеткізгендей еді. Бай-кулактардың иелігіндегі жерлер тегісімен артель мүшелерінің қолына өтіп жатқан кез. Жаңа ұйымдастын қауым өздерінің үлесіне тиген шаруаға білек сыбана кіріспіп, қазақ ауылдарының дала тәскейінде екпінді еңбектің лебі есе бастаған. Жер жыртып, тұқым сеуіп, егін өсіруді қолға алды. Сонымен бірге, бар тіршілігі төрт түлік мал өргізумен айналысатын қазақтар үшін тосын шаруаға - бағалы дақыл қызылша өсіруді міндеттеді. Оны алғашқыда қалай өсірудің айла-тәсілін де, күтіп-баптаудың агротехникалық шараларын да түсінбеген жұрт әжептәуір қиналды да.

- Кішім-ау, мынаның бәрі бірдей теңге жапырақ қой. Қант қызылшасы қайсысы? - десіп, арам шөптен қызылша дақылын ажырата алмай таңданысып қалысқандары да бар. Жапырақтарының түр-түстері теңгеге ұксас қызылша өркендерін басқа өсімдіктерден ажыратудың да қындығы рас еді. Мұны бригадир Кішімнің өзі де көрген жоқ-ты. Тек, Дүңгене деген жерде ұйымдастырылған қысқа мерзімді агротехникалық мектепке барып, сонда қызылша өсірудің жай-жапсарына біршама қаныққан. Тәтті түбір дақылының жапырағы қарақошқылданып, төрт-бестен құлактанып өсетіндігі есте қалған-ды. Оны қызылша өсірушілерге өзінше түсіндірді.

- Жанадан қауымдастын артель мүшелерінің алғашқы өсірген қызылшасының өнімі көнілден шықпады. Қаншама күтіп-баптадық десе де, бригада қарамағындағы 20 гектар жерден небәрі 800 центнердей ғана өнім жиналды. Мұны азсынып жүрсе, басқа жердегілердің өнімі бұдан да төмен болып шығыпты. Алғашқы қызылша өнімінің көніл толтыратындығына сүйсінген аудан басшылары бригада жетекшісі Кішім Қалиқызына бір велосипедті сыйлыққа бергендеңі қуаныштарында шек жоқ еді...

Еңбегінің еленгендігіне ризалық білдірген Кішім:

- Біз қол жеткізген табысқа орыс ағайындардың тигізген септігі үлкен. Солардың көмегінің арқасында жақсы өнім өсірдік, - деп ағынан жарылған.

Кішімнің бұлай деуінің де өзіндік сырлы бар. Кішімге колхозға мүше болып кіресің дегенде оған қарсылығын білдірмейтіндігін, сонымен бірге өзінің ұсынысын айтқан. Ондағысы «Трофим Иванович Дайнеко деген көршім бар. Барнаул жақтан жақында көшіп келген. Сегіз қырлы, қолы өнерлі адам. Ортаға салатын соқасы мен сиры бар. Сол себепті оны да мүшелікке қабылдайық», деп ұсыныс жасаған. Осы Трофиммен бірге Украинадан келген Василий Чернышев те мүшелікке өтті. Екеуінің шаруаға үлкен септігі тиді. Бірі - орталықтағы құрал-саймандарды жөндейтін ұсталық міндет атқарса, екіншісі, сумен жүретін диірмен орнатып, көпшіліктің азын-аулақ астығын тартып, ұнға айналдырып берді. Қант қызылшасын күтіп-баптауға да ақыл-кеңестерін аяған жок.

Дүңгена жері ежелден ел назарын аударған аймак. Мәлдіреп аққан Көксу өзені жағасындағы бау-бақшалы, табиғи көркі, саялы қарт Жонғар Алатаяның сағасынан ескен қоңыр самал желі әркімді-ақ сүйсіндіретін жоталы өнір.

«Жерден тамыр тартқан мал өлмейді, қара жерден нәр алған адам өлмейді» дегендегі, өмір бойы байлардың тепкісін көрген кедей шаруалар күндіз күміс, түнде алтын болып ағатын Көксу өзенінің жағасына қоныс теуіп, диқаншылық кәсібін менгеруге құлшына кіріседі. Тіс ағашпен жер жыртып, тақиялап тұқым сеуіп, тары, қонақ, сұлы, жонышқа дақылдарын өсіруді үйрене бастады.

## ҰТЫМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бір күні Кішім ауылдық кеңестің жиналышына шақырылды. Ауданнан өкіл келген. Кеңестің тәрағасын сайлауы керек екен. Жиналыш ашылып, тәрағалыққа кімді ұсынасыздар деген сауалға жиналған көпшілік бір ауыздан:

- Бұл жұмысқа лайықты бір адам бар, ол - Кішім келін. Басқару тізгігінін сеніммен тапсырсақ, жауапкершілігін жоғары сезініп, атына кір келтірмей, ауылымыздың алға ілгерілеуіне нақты басшылық беретіндігіне сенеміз, - деген ұсыныстарын айтты.

Ұсыныс бірауыздан макулданды. Кішім Қалиқызының алдында жаңа іс, жаңа мақсат тұрды. Бұрын бір бригаданы басқаратын болса, ендігі жерде Лабасы етегіндегі ауылдарға басшылық жасап, халық қызметшісіне айналуы тиіс. Ол кезде жаңадан үйымдастырылған Мұқыры машина-трактор стансасы, Көксу өніріндегі қант зауыты осы ауылдық кеңестің қарамағында болатын. Сонымен бірге Желдіқара, Жетіжал, Қақпақты мен Достар сияқты о шеті мен бұ шеті бірнеше күндік жазғы жайлауы мен қысқы қыстаулары қаншама. Егістік көлемі де бұрынғыдан әлдеқайда үлғайған. Төрт тұліктің өрістері де бір-бірінен шалғай. Осыншама жерді салт атпен аралап, еңбекке жұмылған шаруа адамдарының көнілінен шығу да оңайлыққа түспесі анық. Олар құлсе, жадырап, ренжісе, көнілін табудың жағдайын жасауы тиіс.

Осыншама ауқымды міндетті мойнына алған Кішім шаруашылық басшыларымен, мал мамандарымен бірлесе отырып жұмыс істеді. Артель бастығы Мұкаш Бабашев та іскер басшы болатын. Қандай мәселе болмасын бірлесіп, ақылдасып шешетін. Үкімет таралынан да көмек көрсетіліп, машина-трактор стансасынан жер жыртатын техника бөлінді. Жаңадан келген тракторларды жүргізу Ахмет Сүлейменов, Досай Сағынбаев сияқты азаматтарға тапсырылды. Мал шаруашылығының өркендеуіне байланысты жайылымдықтар мен өрістерді кеңейту күнтәртібіне қойылды. Шебі жұғымды, суаты бар өнірден мал жайылымын іздестіру арқылы ауылдан 150 шақырымдай шалғайдағы Қақпақты жері игерілді. Тұрсынбай учаскесіне де мал қоныстандырылды.

Бұл кезенде, атап айтқанда, 1943 - 1944 жылдары колхоз бастығы Мұкаш Бабашев сыркаттанып қалуына

байланысты барлық шаруаны жүргізу Кішім Қалиқызының мойынына жүктелінді. Бастық жоқ кезде жұмысты қожыратып алмау мақсатында тынымсыз еңбек етіп, барлық сала бойынша жоғарыдан берілген міндетті тапсырмаларды орындауға күш салды.

Ерінбей істеген еңбек өз нәтижесін беріп, жемісін жеп, игілігін көре бастады. Ауыл балаларының білім алуына жағдай туғызылып, мектеп бой көтерді. Моншаның қабырғасы қаланып, көп кешікпей игілікке берілді. Клуб, кеңсе, ұстахана, ағаш өндейтін цех үйлері салынды. Мұқыры өзенінің жоғарғы бойынан сиыр фермасы үйымдастырылды. Қақпакты қыратына қой отарлары шығарылды.

Көктемде мал төлдету ойдағыдай өтіп, қой қырқу, жүнін өткізу ұтымды үйымдастырылды. Қозы-лақ уақытылы жеke отарларға бөлініп, саулықтарды сауып, сыр жасау арқылы едәуір табыс тапты. Бірлесіп істеген жұмыстың нәтижесінде «Еңбекшіқазақ» колхозы елімізге 10 мындаған пүт астық, 3 мың тоннадан аса сүт, 100 тоннадан артық жүн, осы мөлшерде ет және басқа да азық-түлік өнімдерін өткізді. Бау-бақша дақылдарының өнімдері де молайып, үлкен табысқа кенелді. Колхозшылардың еңбекақысы өсті. Қызылша өсіруде де жоғары көрсеткішке қол жетті. Көкбастау, Мұқыры, Талапты алқаптарындағы егіннен жоғары өнім жиналып, мал шаруашылығын да өркендете білген шаруашылық миллионер колхоз мәртебесіне ие болды.

Лабасы тауы бауырында,  
Кішім Совет ауыльнда,  
Сәulet құрып келеміз,  
Дәuletіміздің шағында, - деп ауыл тұрғындарының ән шырқайтын шағы да осы тұс.

## ЖЕНІСКЕ ЖЕТЕЛЕГЕН

Ұлы Отан соғысының қанды майдан кезінде ауылда тұратындар тарапынан нақты көмек көрсету міндетті

қойылды. Ұшақ жасауға ақша жиналды. Әркім өзінің қолынан келген көмектерін жасап, ауыл әйелдері қеудеше, жылы шұлық, қолғап сияқты киім-кешектерді тоқып, майданға аттандырып жатты. Сонымен бірге колхозшылар атынан 2 млн.сомға заем сатып алынды. Мұның сыртында колхоз бастығы Мұқаш Бабашев 150 мың сом, Сауытбек Қойбағаров 140 мың сом, Тазабек Қаңлыбаев 60 мың сом, Наурызбай Сағымбаев 50 мың сом, Кішім Қалиқызы Абданбекова 40 мың сом қаржыны Отан қорғау ісіне қосты. Мұндай өнегелі іс жер-жерде кеңінен өрістетіліп, женіске жетелеп жатты.

## **ҚОЙШЫНЫ ҚОРҒАП, ҚОЙЫН ҚОСТЫ**

Мал отарын аралап жүрген Кішім Қалиқызына қойшы Мұқаш келіп:

- Мен құритын болдым. Отарымдағы қойларды қасқыр қырып кетті. Басқа түскен пәледен қалай құтыламын? - деп мұның шаққаны бар. Әр іске байыппен қарайтын Кішім көп сөзге келмей-ақ, төніректегі шопандарды - Намазбай, Әліп, Омарбек, Құрманғали және басқа адамдарды дереу шақыртып, шағынжын өткізеді. Онда өзі алға шығып сөз сөйлеп:

- Қасқыр - тұз тағысы. Сендердің де отарларыңа қасқыр шауып, шығынға ұшыратуы кеміл. Бұл ешкім әдейілеп жасайтын іс емес. Оқыстан болған оқиға. Сондықтан да өздерің иықтасып еңбек етіп жүрген Мұқашты қойын қасқырға қырғызғандығы үшін заң жолымен жазалаттырмай-ақ, оны құтқарудың амалын қарастырайық. Қасқыр қырған қойларын отарға қосайық. Мен өзім 10 қойымды беремін. Кәне, кім қанша үлес қосады? - деп сауал қояды.

Басшы Ана сөзін ешкім жерге тастамай, ұсынысты бәрі макұл көреді. Қасқыр қырған қойлар саны қалпына келтіріліп, отар түгенделеді. Сөйтіп, шопан жазадан құтқарылған. Шопан Мұқаш жақсы іске бастамашы болған Кішімге және өзінің әріптестеріне үлкен ризашылығын білдірген.

## **АҚЫЛ АЙТЫП, ТЕНТЕКТІ ТЫЙҒАН**

Кішімнің және бір ерекшелігі - тұрмысы тәмен адамдарға жаңы ашығыштығы. Сонысымен де болар, әрі үлгілі іс-әрекетімен жұртты өзіне қаратып, бірлікке үйита білетіндігін ел-жұртты жиі айтады. Адами нұры жүзінен сезілетін, үлкенде сыйлап, кішіге қамқоршы бола біletін осы бір жанды ауыл тұрғындары өздерінің тойтомалактарына құрметпен шақырса, қайғылы жағдай бола қалса, отбасына түскен мұнды бөлісуге ортақтастырып отыратын еді. Өйткені, Кішім ана тойға келіп отырса, сауық қызықты өтіп, дастарқан басында ешқандай артық сөз айтылмайды. Тәртіп бұзушылыққа жол берілмейді. Кейбір қызулықпен даудыс көтеріп, өр көкіректенгендер болса, дереу басу айтып, тиым салатын да осы Кішім ана. Сол себепті де той иесі оның өткізілетін шараның аяғына дейін болуын қалайды екен.

Кей жағдайда біреудің басына қайғы орнап, адамы қаза болып жатса, оған да белсене қатынасып, қамқорлық жасаған. Ол келген бойда үй ішінің жағдайы қандай, өлікті жөнелтуге мүмкіндігі бар ма, жоқ па, соны зерделеп, қажеттілерін тауып беруге қолма-қол көмек көрсетіп, отын-суын әкелтіп, соятын малын, азық-түлігін түгендер беретіндігі әлі күнге дейін ел есінде.

Жұртқа ақыл айтып, ауыл тентектерін тәртіпке шақырып жүретін Кішім анаға кейбір замандастары: «Ауылдық кенес пентәртіп сақшысының істейтін жұмысын сен атқарасың. Оған араласып, әуре болып қайтесің?» дейтін көрінеді. Оларға: «Аналық парызымды өтеп, жұртты жақсылыққа жұмылдырып жатсам, оның несі айып. Ақыл айтудан адам азбайды. Тек қана тыңдарман жұрты болса игі» дейді екен.

## **ҰЛАҒАТТЫ ҰРПАҚ ҮЛГІСІ**

«Жақсының аты өлмейді, артында ұрпағы қалғанның ізі өшпейді» дегеннің растығын Кішім ананың ұрпақтары дәлелдеп отыр. Олар үлкен анасының жарқын бейнесін,

ерге тән нар тұлғасын еске ала отырып, рухына тағзым етулерінің өзі перзенттік парызын өтегендіктің бір көрінісі десе болғандай. Оған дәлел ретінде мына жайды айтуға болады. Кішім ана мен Ағыбай атаның тұрған үйін мешітке айналдырып, жұртшылықты имандылықта жүгіндіретін, жұма намаз оқып, тәубешілік ететін орын жасап, қайта жабдықтауы үлгі тұтар өнегелі істің бір парасы. Бұл да онайлыққа түспеген шаруа. Себебі, Кішім аpanың жалғыз қызы Сараның күйеуі Еділ Текенов салдырып берген үйді 1990 жылы, Кішім ана қайтыс болғаннан кейін, колхозға өткізе салған. Оны Ұлы Отан соғысының мүгедегі Мәжит Оңашбаев иеленген. Кейінрек ол үйді басқа біреуге сатқан. Үйдің қолдан қолға өтіп жүргеніне, оның үстіне әке-шеше отырған жайдың басқа біреудің игілігіне айналып кеткендігіне наразылық білдірген Кішім аpanың немересі Андріян Еділұлы үйді қайтарып алушың жолын ойлайды. Үйдің кейінгі жаңа иесі бір жағынан дүкен ашып, екінші жағына өздері тұрып жатқан соң үй-жайды бере қойғысы келмейді. Ақырында өз үйін өзі екі мыңға жуық АҚШ долларына сатып алуға мәжбүр болады. Оndaғы ойы бұл үйді мешітке айналдырып, халықтың келетін орны етуді мақсат тұтқан еді. Осы бір игі істі қолға алғып, қайта жаңарту жұмысын қызу жүргізді. Оған осындағы өндірістік кооперативтің төрағасы Кенжехан Халелов, округ әкімі Барлыбек Байтаев та қолдан келген көмектерін беріп, техникамен, автокөлікпен қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде мешіт үйі де өзір болды.

Тұрғын үйді мешітке ыңғайластырып, қайта жөндеп, төнірегін реттеп, ішін қажетті бұйымдармен жабдықтауға қомақты көмек көрсеткен Кішім аpanың сіңлісі Қазизадан туған ұлы Төлөген Шойынбеков . Осы тұста Атымтай жомарт атанған Төлегеннің адами қасиеті мен кісілік келбетіне де тоқтала кетсек, ол туған жердің қасиетті топырағында мандай терін төгіп, адал еңбегімен өшпестей із қалдырған аталар мен әкелердің өнегесін, ізгілікті істерін алға жалғастырып келе жатқан азамат. Оның қайырымдылығы да жарасымды жақсы істері мен

айшықты нақыштары текті жердің түлегі екендігін дәлелдей түсетіндігіне сүйсінесіз. Орта буын ағалардың өкілі ретінде үлкенге ізеттілік танытып, кішіге қамқоршы болып жүрген азаматтың парасатты пайымы мен өнегелі еңбек жолы, жан дүниесі, көнілінің көкжиегі туған жердің шуакты шапағатымен нұрланған атымтай жомарттың өзі. Алға қойған мақсат-мұратының биігінен көріну жолында ілгеріге талпыныспен, қажырлы құлшыныспен, еңбек етіп жүрген Төлегеннің кіндік қаны тамған топырақтан бойына дарыған дарқандығы да көпке аян. Оның үстіне ана сүтімен нәрленген сезімі, қабілет-қарымы, өзіндік мінез-құлқы берік қалыптасқан. Мәнді де мағыналы өмір сүрүтүрғысында өмірге іңкәрлік пен құштарлық танытқан өреннің ата-бабалары мен әкелері халық қамын ойлаған ардақты адамдар. Олардың қатарында ел-жұртыхы сыйлаған Нақысбек, Нұрмолда, Сембай, Тәттібек, Тәти сынды жан дүниесі таза, ісіне адал қауым өкілдері бар.

Аталары мен ағаларының өсиетті сөздерін естіп, санасына берік сіндірген Төлеген жасынан жақсы қасиеттерді бойына дарытып, өмірге құштарлығымен даралана түседі. Табиғатынан жігерлілік танытқан Төлегенге өжеттік тән, өрлікті сүйеді, еңбекті қадір тұтады. Бала кезінен үйірлі жылқы бағып, ат үстінде шымыр шыныққан әкесі Мейманқұл баласы Төлегендің қасына ертіп жүріп, ерлікке баулиды. Өзі үзенгілес болған игі жақсылардың бас қосқан жиындарына ертіп барып, әңгімелерін естіп, ойға түйген балаң жігіт Төлеген де ат құлағында ойнап өседі. Ежелден ата қонысы мен өрісі бір Сандықтас жайлауында аралас-құралас отырған. Деріпсәлі бабадан тарайтын Балпық әулие атанды үрпактары ауыл аймақты думандатқан той өткізеді. Осы салтанаттың үлкен бір шарасы ат бәйгесі еді. Аламан бәйгеге қосылған аттардың бірінің тізгінін ұстаған жеті жасар Төлеген оқ бойы озып, көмбе мәресіне екінші болып жетеді. Халық қошеметі де көбейеді. Бірі сәйгүліктің аяқ алысының ерекшелігіне, кең көсіліп, бауырын еркін жазатындығына, желдей ескен екпініне,

сәйгүлігінің сымбатты мұсініне тандай қағысып жатқан сэтте жүрөгі үлпілдеген шабандоз Төлегенді Алдабергенұлы Нұрмолда ағасы ентелей келіп, бауырына басып, бәйгеден озып шыққанымен құттықтап, мандаіынан сүйеді.

- Сенің шынашактайлығыңа қарап, қауқары шамалы, салмағы жеңіл ме десем, шымырдың шымыры екенсің ғой, қарағым. Жылқышы әкең де сәйгүлікті баптаудай-ақ баптапты. Бәйге аттарының ешқайсысьна қара көрсетпей, алғы шепке алқынбай жетті. Атты баптаса осылай баптасын. Сен де өршіл өрен екендігінді таныттың. Талабыңа нұр жаусын, балапаным. Өмірдің өр биігінен көрініп, сый-құрметтің төрінде жүр әрдайым, - деп ақ батасын берген еді.

Еңбекпен даңқы шыққан атақты Нұрмолда атаның адад ниетті ізгі тілегін естіген Төлеген де шабыттанып, қанаттана тұскен-тұғын. «Бата алсан Андастан, кем болмассың мал-бастан» деген мәтелдің мәнін де осы Төлегеннің тірлігінен танисың. Бата шапағатымен көсегесі көгеріп, еңсесін тік ұстаған балаң жігіт бүгінгі ел ағасы атанған азамат Төлеген еді.

Алғаш өмір есігін ашып, ана сүтінің дәмін татқаннан бастап тегі асыл бекзат аталар мен аналардың мейірінің шуағына бөленіп, аялы алақандарының жылуын сезініп, әспетті әлпештің аясында қанатын қатайтып, қолтығынан демеп-жебеуімен, қамқорлық қолдауымен еңбек сапарының айдынына құлаш ұрған өреннің де өмірге деген құштарлығы да ерен еді. Ол жүрек өмірімен қалаған кәсіби мамандығымен, атқарған ісімен өмірлік бағытын тауып, асқақ арманына қол жеткізген азамат деуге лайық.

Төлеген қандай лауазымды қызмет атқармасын, өз міндетін үлкен жауапкершілікпен, білгірлікпен атқаратын білімі терен білікті маман ретінде танылған басшы. Барған жерінде ел-жүртқа қамқоршы болып, халық пен етене араласып, ағайын-туыс тауып, жаңа достармен сыйластығын жарастыра түсетін, онысын өрі қарай сәтті жалғастыра білетіндігі өзіне тән қасиет. Жанын

нұрландырған жүрек жылуының шапағаты мол екендігін әр жерде, алқалы ортада нақты ісімен дәлелдеп жүргендігімен де мерейі үстем, беделі жоғары.

## МЕЙМАНҚҰЛ

Кішім апанаң құрмет тұтқан Төлегеннің әкесі Шойынбеков Мейманқұл да аймағына еңбегімен танымал болған адам. 1902 жылы Малайсары тауының бектерінде дүниеге келген, жастайынан еңбекке араласып, тіршілік қамын өз бетінше жасайды. Еңбекпен есейе жүріп, жан-жағын аңғарып, тіршілік жағдайын оңалтудың жолдарын қарастырғанымен, ол кездегі жағдай қыын еді. Ұлы Октябрь тәңкерісінен кейінгі ашаршылықты да, серіктестікке үйымдасу науқанындағы киындықты да бастан кешіреді. Мейманқұл Нұрмолдамен көп сырласып, өмір жайлы ой толғап, тұрмысты түзеудің бағыты тәнірінде әңгіме-дүкен құратын. Екеуара сыр шерткенде, Нұрмолда:

«Барлық береке еңбекпен келеді. Сен де кедейсің, мен де кедеймін. Екеуімізді ел катарына теңейтін тек маңдай теріміз бен табанақымыз. Сол үшін ерінбей еңбектенейік»; - дейтін. Оны елгезек жігіт Мейманқұл да макұл көріп, еті тірлігін байқатып, кез келген жұмысқа белсене кірісетін. Тұрксіб темір жолының құрылышына Нұрмолда Алдабергеновпен бірге қатысып, қоғам үшін атқарылатын еңбектің мән-мағынасын түсіне білді. Еңбекақысына алғаш уыстап ақша алып, тұрмысын түзей бастаған соң, бұл жұмыстың тиімді екенін жете ұғынды. Тапсырылған іске үлкен жауапкершілікпен қарап, өндірісте жұмыс істеуге жастықтың құш-жігерін аямай жұмсады. Соның нәтижесінде әрі өзінің тыңдырымдылығының арқасында еңбектес құрбыларынан оқ бойы алға озып, стахановшылар қатарынан көрінді. Темір жол құрылышының аяқталуы салтанатына арналған көкпар тартысында Мейманқұл алдына жан салмай, жұртшылықты қайраттылығымен сүйсіндіреді. Өзі

жұлдегер атанып, мәртебесі өсті.

Мейманқұл Ұлы Отан соғысының қанды майданына қатысып, одан екінші топтағы мүгедек болып оралды. Бірақ та еңбектен қалмай, шаруашылық жұмысына белсene араласты. Ол қазіргі Көксу ауданының «Алғабас» колхозында және Кербұлақ ауданына қаасты «Сарыбұлак» совхозында жылқы бағып, оны өсірудің қырсының әбден қанықты; Жұз биеден құлын алу көрсеткіштерінде ойдағыдай орындалап, алғы шептен көріне білді. Еңбекі де жоғары бағаланып, Еңбек Қызыл Ту орденін өніріне жарқыратып тақты. Сонымен бірге талай рет облыстық, республикалық жылқы өсірушілер көрмесіне қатысып, олардың мақтау қағаздарын, құттықтау хаттарын иеленді.

Мейманқұл ата атақты жылқышы болумен қатар, қымыз дайындаудың асқан шебері ретінде танылған адам. Ол жылқы сүтіне белгіленген тәртіп бойынша қойдың құйрығын қосып, сабада пісіп, әзірлеген қымыздың дәмділігін білетіндер Сарытөр жайлауына әдейі іздел келіп, ішетін еді. Сонымен бірге оның жылқы бағып жүріп, мал ұрламақшы болған төрт ұрыны құрығымен жайратып, матап тастағандағы батылдығы ел аузында аңызға айналған.

Мейманқұл Шойынбеков қарапайым еңбектің ардагері атануымен бірге үбірлі-шүбірлі отбасының да иесі еді. Оның ұрпақтары өсіп, ата есімін әрдайым еске алып отырады. Ең бастысы - еңбекқор шаруа адамының есімі ардақталып, одан қалған игі істердің жақсы жалғас табуы әркімді-ақ қуантады. Мейманқұл атаның ұрпақтарының оқығаны мен тоқығаны көп. Кәсіби мамандықтың иелері. Олар алға ұмтылып, үлкен талпыныспен еңбек етуде.

Бұгінгі тәуелсіз еліміздің байрағын биік ұстауға еңбекпен үлес қосуға құлшынған Мейманқұл ұрпақтарының ата дәстүрін үзбей жалғастыруы тұғырлы тұлғалардан дарығантектілік көрінісі деп бағалауға әбден лайық.

Осы Мейманқұлдың туған ағасы Демеуқұлдың

кеудесі күмбірлекен күй секілді көрінетін. Сөзге де, іске де ұста кісі еді. Сөйлегенде ой тамырын тереңінен тартатын. Кішілерге үлкендігін көрсетіп, дұрыс жолға жетелейтін. Тәлімді тәрбиенің үрдістерін үрпағына үнемі насиҳаттайтын. Текті ортадан шығып, киелі топыраққа табанын қыздырып, жүрекке шапағат жылуын мол дарытқандығы болар, өмірге құштарлықпен қарап, ойға түйгенін тыңдырғанша байыз таппайтын жомарт жүректі жан еді.

Демеуқұл бойының биіктігі екі метрге жуықтайтын балуан денелі, ірі тұлғалы кісі болатын. Көкпар тартқанда ешкімге дес бермейтін. Жылпың қимылды, алғыр кісі еді. Демеуқұлдың отбасынан бес ұл, үш қыз тәрбиеленді. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, бәрі де оқып, білім алған. Кәсіби мамандықтардың иелері. Бұгінгі тәуелсіз еліміздің іргесін нығайтуға өз үлестерін қосып жүрген өрендер. Осындай текті адамдардан үлгі алып, өнегесін үйренген Төлегеннің істері мысал бола алады. Ерекше атап өтерлігі, Төлегеннің жаны ізгілікке құмар. Қажетті іске қол ұшын беруден тартынбайды. Шапағат нұрын шашып жүретін азамат ел-жұрты қадірлекен аруақты аталар Ескелді би, Балпық әулие, Қарынбай әулие, Үш бәйтерек, Орақты батыр және басқалардың мерейтойларын өткізіп, көрнекі кесене-ескерткіштерін тұрғызуға белсене қатысып, оған лайықты үлес қосқаны бұған нақты дәлел.

Өзі жақсының дос-жараны да көп, өрісі кең. Олармен өзара қарым-қатынасы үзілмейтін жібек жіптей мықты әрі жұмсақ та. Еңбек пен есейген аталары Демеуқұл, Мейманқұл, Тәтібек, Нұрмолда және басқалардың шұғылалы шапағатын өзгелерге таратады. Білген Төлеген де көпшіл жан. Ол кіммен болса да, жақын бауырындай құшағына тартып, кең пейілділік танытып, мейір шуағын төгуге әзір. Өзі құрмет тұтып, сыйлайтын ағаларының алдын қыып өтпейді. Сәлемін беріп, жылы сөзін айтады, мейманасын тасытып жібереді. Алматы мен Астанадан жиі хабарласып, жағдай сұрасып, аман-саулықты біліп

тұратын дос-жарандарымен де ақ жарқын пейілмен, сағынышты сезіммен қуана қауышып жатады. Бұл да Төлегеннің тұлғасын кемелдендіре түсетін, мерейін өсіріп, беделін арттырып, абыройын асқақтататын адал еңбектен бастау калған мәнді ғұмырының үзілмес өнегесі мен тамыры терең тәлімділіктің жарқын көрінісі. Жаратқан иесінің нәсіп еткен бұйрығы екендігі даусыз.

Демеуқұл өзінің қарындасты Кішім Абданбаевамен, інілері Игібай Базарбаевпен, Нақысбек Байшапановпен және басқа замандастарымен жиі араласып, шаруа жайлы ақылдасып отыратын.

## КҮЙЕУ БАЛА

Шойынбековтердің әuletі мен Кішім Қалиқызының туған-туыстары, “Пайғамбар да күйеу баласын сыйлапты” дегендей, күйеу бала Еділ Төкеновті бәрі де құрмет тұтты, ол Ағыбай ата мен Кішім ананың қызы Сараға үйленіп, өмірінің соңына дейін жұбайын, қайын-жұртын сыйлап, алдарынан кесе-көлденен өтпеген аса бір мейірман жан еді. Еділ қайын-жұртына, өзі жұмыс істеген ортасына еңбекқорлығымен, адал ісімен, ерінбейтіндігімен, қарапайымдылығымен, біrbеткей мінезімен танылды.

Ақтөбе облысының Темір қаласында дүниеге келген Еділ еңбекке ерте араласты. Соғыс жылдарында өгіз жегіп, соқамен жер жыртты. Кейінірек шаруашылықтың есеп-қисап жұмыстарын жүргізді. Онжылдық мектепті бітіргеннен кейін Алматы қаласына келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға тұсті. Оны бітірген соң 1957 жылы Талдықорған облыстық «Советтік Жетісу» газетіне жолдамамен жұмысқа орналасты. Содан бастап осы өнірдегі бұқаралық ақпарат құралдары саласында жемісті еңбек етті. Соңғы 30 жылға жуық кезеңде облыстық радиохабарларын тарату комитетінде қызмет атқарды. Ол дүбірлі еңбек ортасында жүріп, жекеленген еңбек

адамдары жайында сыр шертетін мақалалар жазып, радио тораптары арқылы таратуға үлес қости. Оның қаламынан бірнеше кітапшалар жарық көрді. Атап айтқанда, Ақсу ауданындағы Жансүгіров атындағы колхоздың тәжірибесін насихаттайтын «Бапқа бітер бал дақыл», Көксу ауданындағы Мұсабек атындағы совхоздан «Тәжірибеден тәлім», осы аудандағы механикаландырылған шаруашылық бірлестігінен «Ет өндірудің тасқынды әдісі» секілді бірнеше кітаптары баспадан шықты.

Талдықорған облыстық теле-радиосының тарихынан сыр шертетін «Талдықорғаннан сөйлем тұрмыз» деген кітабы оқырмандар қолына тиді.

Журналистика саласындағы еңбегі де жоғары бағаланып, лайықты құрметке ие болды. Бірнеше рет радиотелекомитеттің жоғарғы орындарының Құрмет грамоталарымен марапатталды. Еңбек және Ұлы Отан соғысының ардагері белгілері берілді.

Еділ Төкенов қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып жүрді. 1944 жылы бірінші рет облыстық радионың әуе толқынан шыққан Балпық би көшесіндегі 55-үй қабырғасын мемориалдық ескерткіш-тақта орнатудың бастамашысы болды. Облыстық радионың тұңғыш басшысы, әрі ғимарат үйін салдырылған Қылышықбай Бисопаұлы Байғожин тұрған үйге мемориалдық тақта жасатсам деп ізденіп жүрген еді.

Тағдырға тосқауыл қайсы. Дүниеден өтерінен бір күн бұрын «Жетісу» газетінің, Талдықорғандағы редакциясына келіп осы газеттің байырғы қызметкері, марқұм Мұғалімбай Жылқайдаров туралы естелік жазып беруді өтінген еді. Ертеңіне өзінің дүниеден өткендігі туралы сүйк хабар жетті. Өмірдің құпиялылығы мен қысқалығының бір көрінісі осы болар. Еділдің кейінгі ізбасарларына қалдырылған елеулі еңбегі бар. Марқұмның отбасы, ағайын-туыстарының әріптестері, замандастары Еділ Төкеновтің жарқын бейнесін еске түсіріп, естеліктерін айтып, рухына тағзым етіп, дүға бағыштап отыруды

дәстүрге айналдырған. Лайым ер есімі есте болғай.

Кішім ананың мешітін жұртшылық иглігіне беру ісіне туысы Аскар Тұктібаев та үлкен қолғабыс көрсетті. Текенұлы Еділдің балалары Еркін, Ботагоз, Мұңсыз мешіт үйі толық жаңартылып, жабдықталып біткенше басықасында жүріп, жұмыстың тиянақты атқарылуына белсене араласты.

Шойынбековтың әuletімен өзара шынайы сыйластық қатынасты үзбей, Ағыбай мен Еділ ұрпақтарының ауызбірлігін жараптырып, ортақ іске жұмылдырып, бәріне бас иелік етіп отырған Кішімнің қызы Сара Абданбекова. Адамды емдең, шипалық қызмет көрсету саласында 42 жыл істеп, зейнеткерлікке шыққан Сара да төрт бала өсіріп, олардан бес немере сүйіп отырған әже. Отбасының берекесі де, үййтқысы да, қамқоршысы да осы Сара апа.

Баршаға бірдей қараған көңілдері көлдей Шойынбековтер мен Кішім ананың еңбектері ел есінде. Еңбекшіқазақ ауылының бір көшесі Кішім ананың есімімен аталады. Бұл да анаға деген ел ықыласы, халық құрметі. Сонымен бірге кейінгі ұрпаққа Кішім ананың қажырлы еңбегі мен өніріне таққан «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін және мемлекетіміздің жоғарғы органдарының көптеген мадактау қағазымен марапатталғандығын насхаттап, үлгі етудің өзі де бір ғанибетті іс.

Әulet ұрпақтары Еңбекшіқазақ ауылында бас қосып, елі ардақтаған Кішім Қалиқызы Абданбекованың туғанына 100 жыл толуын атап өтіп, топырағы торқа, жатқан жері жайлы болып, бақылық дүниенің шапағатты шуағына бөленіп, пейіште нұры шалқуына арнап мешіт ашып, ас беріп, құран оқытқанына ел-жүрті дән ризашылық білдірісті.

## СЫРБАЗДЫҚ СЫҢҒЫРЫ

Файсекенді - Файыс Егембердиевті білетін үзенгілес қатарлары мен ізбасарлары: «Сексеннің сенгіне шықса да сырды да, сыны да кетпеген. Сабырлылығы мен парасаттылығына салиқалылығы жарасқан сырбаз кісі ғой», - десіп сүйсініс білдіреді. Айтса айтқандай. Оған титтей де шубә келтіре қою да қын. Нақты шындық сондай. Күнделікті тірлігі де, мінез-құлқы да, жүрістүрьеси да бірқалыпты. Жақсы жақтарымен жүртқа танылмаса, кері кету дегенді, асып-тасуды білмейтін иман жүзді адам.

Кезінде жоғары орындар сеніп тапсырған міндетін еш дабыра даңғазасыз атқарған нағыз еңбек торысы. Жазмыштың жазғанын місө тұтып, соған қанағаттанған. Байлық та тілемеген. Еліне сіңірген еңбегін де бұлдамаған жан. Бәйбішесі Жамалдан басқа тірі пендеден артық бақ та күтпеген. Сөйтеп ғойши, бүйтеп ғойши деп тілемсектік танытпаған. Тек, өзіне өзі сенген. Бойына тәнір дарытқан тума талантына табан тіреп, соны қамшылаумен тірлігін түгендеген. Сонысымен-ак,



еңіске салсаң төске озып, төске салсаң, шыңға шығып, жігіттік сымбатын да, сырын да бермей, сылқым басып келе жатқаны қуантады.

Файсекенен үйренер ғибрат та мол. Ең бастысы - қарапайым кісілігі мен адамгершілік тұрғысындағы үлгі-өнегесі телегей-теніз. Халық алдындағы адами қасиеттердің қағидасын берік ұстанатын біртоға азамат. Ел қарызы мен парызын өтеудегі адалдығы, тапсырылған іске деген жауапкершілігін жоғары сезінетіндігі берік қалыптасқан дағды. Еңбектің жемісті болуын ердің ісі, ардың өлшемі, беделдің безbenі санайтын қalamгердің өмір жолының өрімдері де өрнекті.

## ОҚ ПЕН ОТ ОРТАСЫНДА

Жастық шағының қызықтарын сұрапыл соғысқа жүттүрған Файыс Егембердиев әйгілі Қаратай бөктерінің бір аңғарын жамбастаған Ақкүйік ауылының перзенті. Қанды майданың оғы мен отына кеуде тосар жауынгер қатарына жетінші сыныпты бітіргеннен кейін, он жеті жасында іліккен Файыс әуелде Ақмолада, сержанттар даярлайтын пулеметшілер батальонында болып, қаһарлы қарудың қыр-сырын меңгеруге сегіз ай бойы ден қояды. Кілең ауылдан келген бос белбеу, бозекпе жасөспірімдер. Пулемет станогын бес-алты шақырым жердегі жаттығу алаңына арлы-берлі арқалап апарып, алып қайту екі иықты жауыр еткен. Аш күзендей бұралып, шаршап-шалдығатын-ды.

Файысқа станокты пулеметтің суреті мектеп қабырғасында жүргенде таныс еді. Жазу дәптерінің сыртындағы осы пулемет жадында. Чапаев қолын созып, жау нақты нұскап, оның қасында Надя пулемет лентасын мықты ұстап тұрғанын бейнелеген суретке көзі қанықты. Азамат соғысы кезінде қызылжауынгерлер бұл пулеметті, жақсы көргені сонша, «Максим» деп атаған. Енді оның тетіктерін көзбен көріп, қолмен ұстап, қандай қару екенін меңгерді. Пулеметтің кереметі - замок-құлпында екен. Ол патронды ұнғыға өзі тығады, оталдырады, атады. Босаған гильзаны сыртқа

лақтырып жіберіп, қайта оқтай қоятын ғажап бөлшек. Осы пулеметтің әрбір бөлшегінің қыр-сырын, шұңқырын, сайын, ойпатын, дөнін, ату тәсілін үйреніп, көзді жұмып бөлшектеп, көзді жұмып қайта жинастыруды кәніңі кәсіби шеберлердей-ақ меңгерді. Оқты атқылап тұрып қақала қалса, кедергі «дертің» бірден тауып, қайтадан іске қосуға да машықтанды.

Жауынгерлік қаруды пайдалануды үйренген жастар майданға аттанады. Әдепкіде екінші, сосын үшінші Беларусь майданында армия генералы Черняховскийдің қарауында соғыс аласапыранына кіреді. Алғашқы шабуылда қанаттас жатқан жауынгерлердің бірсыпрырасы өкі үшады. «Максим» пулеметтің үясында екі жауынгер қансырап, жан тапсырады. Ғайыс та жараланады. Аяғын сылтып басып, винтовкаға сүйене, қақаған аязда, алғашқы жәрдем қосына жете, іші мұзға толы окопқа құлайды. Таңсәріде мұны қарастынан тапқан майдандас жолдастары: «Тұр, тұрлап!» қарастынан аршып алады.. Ғайыс бәрін естісе де, тоңған тілі икемге келмейді. Ақырында екі солдат тік тұрғызып, қаудыраған шинель сыртынан тепкенде, «ыңқ» еткен дыбысты естіп:

«Oh, ененді үрайын, тірі ғой!» - деп таңданыпты.

Балтық жағалауы майданына артиллериядың кіші лейтенанттар даярлау курсына жібереді. Онда оқығандарға өңкей майорлар мен полковник дәріс береді. Тірі орысты алғаш рет он жеті жасында көрген Ғайысқа үққанын орысша жеткізу қынға соғады. Бәрі есепке тірелгендіктен, геометриялық үшбұрыштың да өзара байланыстары мен қасиеттерін формулаға салып, шыр айналдырады. Күнде тактика сабағында өтетін осындай есепті дәл әрі тез шығарады. Жауға бас көтертпей, күлін көкке үшыратын мерген де алғыр курсанттардың бірінен саналады. Тек сөйлеу жағына келгенде үлгерімі мақтарлықтай дәрежеде болмайды. Бар мүкіс орысшаға шорқақтығынан еді. Оны сезген подполковник Лихачевтің жүк машинасының ішкі бөлшектерінің от алғандағы қымыл байланысын сұрап тұрып, орысшаға жүйрік чуваш, мордвин, орыс

жігіттерінә қарап: «Курсант Егембердиев бәрін ұғып отыр, тек тілмен толық жеткізе алмайды. Ал сендер болсандар, орысша мұдірмей сайрағандарыңмен, арғы жақтарында түк жоқ, ененді ұрайындар!» - деп сөккені де бар.

Көп ұзамай майданға қайта кіріп, екінші, үшінші Беларусь майданында Смоленск қаласынан жаудан азат етуге атсалысады. Үшінші Балтық бойы майданында Риганы босатып, американдық “Катарпиллер” Тукумус пен Либаво арасындағы Курляндияда соғысты тамамдайды. Бұл кезде Ғайыс Егембердиев 203 миллиметрлік гаубицаның командирі еді. Оның бір снарядының ауырлығы 90 келі. Лафетасын бір трактор, стволын бір трактор сүйрейді. Жоғарғы қолбасшының тікелей бүйрекшімен, жойқын шайқастарға қатыстырып, жаудың берік қорғандарын қиратуға ғана қолданылатын қару.

## ҚУАНЫШТЫ ХАБАР

Соғыс өрті сөндірілісімен Ғайсекең қызмет ететін зенбірекшілер бригадасы Пруссияның ну ормандарынан ағаш дайындауға жегіледі. Сұлу теректер тым сымбатты. Көкті тіреп тұрғандай, жапырактары сыйдыр қағады. Ұшар басына көз жүгіртсең, бас киімің ұшып жерге түседі. Осы бір әсем теректерді түбінен кескен аралардың ызыңы мен қарш-қарш шабылған балта дыбысынан құлақ тұнады. Ғайыс ұзынынан сұлаған сырғауылдарды сыртқа шығарып, ентіге дем алып тұрғанда: «Егембердиев, қайдасың? Саған Үкімет пакеті бар. Мына хатты алдым деп қол қой» деген дауысты естіп елең етеді. Ормандағылар жалт қарасты. Келіп тұрған артиллерия бригадасының хат тасушысы. Почташы қыз ұсынған, жиектері желектері қырқылған үлкен көгілдір пакетті алғанда, ғажапқа таңырқана тамсанды. Алғашқы бетіне әр жердегі байланыс бөлімшелерінің мәрі басылған. Әрқайсысының тұсына: «Бұл арадан ауысып кеткен», «Басқа бөлімшеге жіберілген» деген белгілер соғылған. Демек ұрыс

даласының біраз жерін ұзак шарлаған пакет Файыс Егембердиевті іздеп талай жерді сүзіп шығыпты. Үшінші Балтық бойы майданын кезіп, полковник Затуловский басқаратын №49 артиллерия бригадасына ауысып, нурман ортасында жүрген иесін енді ғана тауып отыр. Пакет-хат сыртындағы «Қазақ ССР-і» деген жазу көзінөттей басылып, бір қуанышты хабарды сезінгендей іші жылып сала берді. Ашса әлде бір сиқырлы леп бетін шарпитындағы әсер тұла бойын шымырлатып, мәндайы жіпсіді. Көгілдір төрт бұрышты пакет ішінде қандай сыр барын, нендей хабар жеткізгелі тұрғанын ойлағанда жүрегі өрекліп, ерекше бір күйге елігіп, тыншымады. Солдаттардан шеттеп, терекке сүйеніп тұрып, сыйқырлы пакетті ашты. Аппақ қағазға моншақтай әріптермен мынандай сөздер тізіліпті.

«Солдат Егембердиев! Сіздің 1942 жылдың қыркүйек айының 22 жұлдызындағы хатыңызға байланысты мынаны хабарлаймыз: әкеңіз Еділбаев Егемберді кінәсі дәлелденбекендіктен түрмеден босатылды.

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі  
Президиумының Председателі  
Ә. Қазақбаев».**

Тосын хаттағы осынау сөздерді оқығанда қуанғаны соншалық, көнілі толқып, көз алды бұлдырап, ақ теректі қапсыра құшақтап, үнсіз тұрып қалды. Сәлден соң жүрек толқуын басып, хатқа қайта көз жүгіртті. Әуелде түсекілді сезінген. Енді ойласа өні. Файыс соғысқа шақыру қағазын алып, аттану тықыры таянғанда әкесі Егемберді түрмеге түседі. Қойған кінәсі де қисынсыз. Жала жабылған. Қаскөйлердің көрсетуінше «діндар Егемберді суретке қарап намаз оку күнә деп, қабырғадағы көсем суретін жұлып алып, жыртып, отқа лактырып тастаптымыс. Бірақ, сотқа шақырылғанда куәгерлердің ешқайсысы жиналмайды. Өз ісіне жалтақтау судья бірден сегіз жыл түрмеде отыруға үкім шығарады. Егембердінің кемпірі Дәмелі мен 70 жастағы шешесі Кенжебике екеуі үйде зарлап қала берген. Он жеті жасар Файыс бүгін-ертең майданға жөнелтілуге дайын тұрған. Үйде қалған екі кемпір қалай күн көреді? Соны ойлаған

жеті сыныпты жаңа ғана бітірген Ғайыс тәуекелге бел байлап, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ә. Қазақбаевқа арнайы өлеңмен хат жазып, үйдегі екі кемлірдің қорғансыз қалғанын мәнзеп, әкесінің қалай құнаһар атанып, үсталған оқиғасын бүкпелемей, жілке тізгендей етіп түгел баяндаған. Тағдыр талқысының қаталдығына назаланғандығын күніреніп, мұңын шағып, әкесі Егембердіні, түрмеден босатуға ракымшылық жасауды өтінеді де, өзінің арманы асқақ жас екендігін, әділдікке сенетіндігін, әкесіне жабылған жаланың шындыққа жанаспайтындығын дәлелдеуге көз жеткізсеніздер екен деген өтінішін білдіре келіп:

Большевиктік ажыратар айқын жол,  
Эшалонмен жауға аттанып, тарттым қол.  
Салтанатпен жауды жеңіп қайтамын,  
Өйткені мен лениншіл комсомол.

Әдейі арнап, сізге жазған талабым,  
Ажыратар деймін ақ мен залалын.  
Асау жүрек асқақтамай қоя тұр,

Қазақбаев ағайдан күт хабарын! - деп үміт күтетіндігін білдіріп, салмақты басшыларға салған ойын жеткізген-тұғын. Жоғарыдағы хат-пакет соның жауабы екен де. Жүрегін жылтып, қуанышқа кенеген хат кеудеге беріш бол қатқан мұзды жібітіп, көкірегінде атой салған сезім көкпарының ағымына ілестіріп, көнілін шарықтатқаны бар. Курляндия ауасын кеуде кере сіміріп, көніл толқуын серуендер үзак жүріп, әрең басқаны әлі есте.

Көп кешікпей ауылдан да хат алғып, әкесі Егемберді түрмеден шығып, үйіне келген қуанышын хабарлапты. Ғайыс бұған да қатты шаттанып, қойнынан тәгілген қуанышы қонышына құйылып, өңсесін тіктеп тұрған еді.

## ЖУРНАЛИСТИК ЖОЛ ЖОРАЛҒЫЛАРЫ

Соғыс аяқталысымен майдан даласындағы от пен оқтың арасынан келген Ғайыс журналист болуды қалады. Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің журналистика бөліміне құжаттарын тапсырады. Қаламының желі бар жігіт қабылдау емтихандарының сынағынан мүдірмей өтеді. Ұстамы берік, мінезі үяң да биязы жігіт студенттер қатарына қабылданады. Оқуды үздік тамамдаған жас маман әдепкіде республикалық журналдың бірінде қаламы төсөліп, кейін «Социалистік Қазақстан» - бүгінгі «Егемен Қазақстан» газетінде табан аудармай 16 жыл істеп, бөлім басқарады. Көркем очерктерімен, көсемсөздерімен көпшілікке танылады. Журналистік шеберлігі шындалып, тәжірибесі толысқан қаламгерлер санатына қосылған Ғайыс Егембердиев 1974 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы шешімімен Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінің бас редакторлығына жіберіледі. Басқару тізгінін ұстаған қаламгер келген бетте көшелігімен керуен көшін түзеп, басшылықты да бірегей атқаратын ақылман кісі екендігін байқатады. Ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленеді. «Ақсұнқар қаққызыбай іледі, ақылды адам айтқызыбай біледі» деген ғой. Сырбаздығы, сабырлылығы, салиқалылығы басымдығын іскерлік қабілетімен аңғартты. Ұрда-жық әпербақандыққа барған емес.

Әкімшілдік танытып, әкірендемеді де. Қандай іс болса да әділдікпен, адалдықпен шешетін. Жайсандығынан, жайдарлылығынан жаңылмайтын. Өдептілігі мен ар-ұттының қаймағы бетіне шығып тұратын. Ұжымға жағымды да сіңімді мінезімен сыйлылығын, құрметін, беделін арттырды. Бұрын арыз жазып, шағымданып қалған редакция қаламгерлері де райынан қайтып, жаңа басшының ыңғайына жығылды. Ұжым ұтымды уәжге үйиды. Ауызбірлік орнықты. Журналистер де қарымдылық үдесінен шықты. Шеберлік қабілеттері ұшталды. Жетісу өнірінің көкейтесті мәселелерін арқау

еткен көлемді мақалалар, ойлы очерктер тартымды жазылып, өмірдің өткір де өзекті тұстары, ашы шындықтары басшылар құптауын иеленіп, жауаптары да келіп жатты. Өмірдің білгір де қордалы тұстарының көбелеріне қозғау түсті. Оқырмандар мен жұртшылықтың талаптары мен тілектері кеңінен қамтылып, әлеуметтік мәселелерді көтеру үрдіс алды. Халық қамын құйттеп, сартаптанған санаға сәуле түсіріп, сергуге серпін берді. Тіс батпайтын тақырыптарға да қалам тартылып, қатып-семіп қасаңсыған жайтарға да қозғау түсіп, тоң көбесін жібітуге игі ықпалы тиді. Бұл қайсарлықтың, қаймықпағандықтың, қоғамға жанашырлықпен қарап, халық мұддесін қорғағандықтың көрінісі екендігі аян. Бұлар бас редактор F. Егембердиевтің сарабдал да сара нұсқауымен орындалып жатса, басшының бойындағы мол батылдығын бағамдайтын бағыт-бағдар еді. Файсекеңнің және бір ерекшелігі, батыл жазған сынның ертеңі қандай болады деп жалтақтамайтындығы, сөзінді түзеп, пікірінді күзей де бермейтіндігі еді.

Көрнекті қаламгер Ғабит Мұсірепов айтқандай, Файыс Егембердиев не жазса да «Қызығып жазып, ойланып жазып, ой сала жазып, ойландыра жазып», «адам үшін жанын беріп, бағын беріп», «жел ескендей, дария шайқалғандай, ой аунақшығандай», «ызалана жазып, кекпен жазып, күйдіре жазып» келе жатқан қарымды қаламгер.

Өмірдің өзекті мәселесін өткір көрсетіп, қанатты қағида қазығын қағып, биік парасаттылық танытатын ой өреді. Табан тірер ой тұжырымы - қазаки, табиғи мінез-құлықты, болмыс пен бітімді, діни ұғымды, ділдегі, тілдегі қасиеттерді кестелейді. Шежіреге тереңдей бойлайды. Аңыз әңгімелермен айыз қандырады. Ойлары нақты. Ізгілік ниетке негізделген. Деректері мен дәйектері дәлелді. Нысанаға дәп тусу үрдісінен ауытқымайды. Шынайы шындықтың шырайын кіргізіп, мөлдір сезіммен астарлайды. Қашан, қайда болса да, ел мұддесін ойлап сөйлейді. Оқырман жанын баурайды.

Әр мақаласы адамгершілік қасиетті, отаншылдық рухты, ерлік пен елдікті, ұлттық ұлағат пен халықтық салт-дәстүрді, намыс пен ожданды қорғау тұрғысында өрбитіндіктен де көкейге қонымды.

Нағыз адами қасиет пенденің нәпсісін игеруінен байқалады. Нәпсісін, яғни дүниеге шексіз құштарлығын жеңген адам - нағыз адам. Ал, нәпсіге бой алдырып, дүние қызығына елітуші шынайы адам дәрежесіне көтеріле алмайды. Барға - қанағат, әмәнда шектен шықпаңдар деп уағыз айтады.

## ШЫНАЙЫ ШЕБЕРЛІК

Газет күнделікті өмір тынысының айнасы. Көбіне ақпараттық материалдар жарияланып, оқырмандарды соңғы жаңалықтармен құлағдар етіп жататыны және мәлім. Мұндайда асығыстықтан болар немесе тақырып ауқымы шенберінен шыға алмаушылық салдарынан туындар, әйтеуір газет беттерінде жарияланған мақалалар қарадүрсінділеу келетіні заңдылыққа айналып кеткен сықылданып, бойға үйреншікті болып көрінетіні әрбір тұрақты газет оқырманына жақсы аян.

Ал, әр журналист өзі жазған не қорытқан мақаласын ой елегінде әбден екшеп, өзіндік шеберлігін, қабілет-қарымын, шабытының арынын дәлелдейтіндей көшелі ой төгілдіріп, көкейге құйылып жататын әсері мол, мәні терең, ойы кемел, көркемделуі сезімге қозғау саларлықтай болса құба-құп. Оқырман зердесінің айшықты бейне, түйінді тұжырым табылып жатса, ол да бір ғанибет. Әркім қалам сілтеген тақырыбын жүректі ынтықтырып, көнілді егілтіп, елжіретіп жазса, қонымды ойы оқырманға рухани нәр, бойына күш-қуат беріп, сүйсіндірері кәміл. Көніл көзімен шолып түйген түйінді кестелі сөздері қашан да көкейден шықпақ.

Үлкен толғаныспен жазылған мақалада қорытылған өситетнамалыққа татитын сөздері көбірек болып, ұлағат тұтар мағына тұнып жатса, оған әркім-ақ терең үніліп, ой саларлық кейбір тұжырымдарын көкейге тоқитындей, ләzzат алатындей болса, қаламгер еңбегінің зая

кетпегені, бағының жанғаны. Нәр беретін кемелді ойлары түйінді тұжырымдармен байытылса, қаламгердің қарымдылығын, көрегендігін, көкірек көзінің қырағылығын, ой-өрісімен астастыра білгенін аңғартары сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда «Жетісу» газетінің 1998 жылғы 28 наурыздағы санының екінші бетінде жарияланған «Кеуденде намыс болса «Жер-ана асырайды» атты мақаланың сәтті жазылғанын атап өткен лайық. Авторы соғыс және еңбек ардагері Ғайыс Егембердиев - тәжірибелі журналист.

Аз жазса да, саз жазатын, ойын баптап, пікірін нақнанқ, діттегенін таптап өрнектеуге машиқтанған кәнігі қаламгер. Ал, жоғарыда аталған мақаласы - қаламгер ойының сергектігін, талғам-тауының шағылмағанын, айтпағын зерделеп көркемдеуге, көкейге қонымды етуге дағдыланғандәстүр үрдісінен таймағандығын дәлелдей түсетін қолтаңба. Қай тұрғыдан, қай онтайынан қарамаңыз, жүрекке жылы қабылданары қапысыз. Оны ешкім де теріске шығара да қоймас. Басқаны қайдам, өзіме қатты ұнады. Өрнекті ойлары қолыма қалам алып, мақала жөніндегі пікірімді ортаға салуға ықпал жасады.

Мақаланың тәрбиелік мәні де, өнеге етерлік өрнегі де бар десек, еш артықтығы жоқ секілді. Айтары нақты, сөздері шымыр, ойлары нанымды. Мақаладағы мысалдар үйқыдағы намысты оятып, шаршаған шабытты үдете түсуге иғі ықпал жасайтын, жүреккежылы ұялап, ойға нәр, бойға әл беретін тұстары тәнті етеді. Сондай-ақ өсиетті әрі қасиетті толғамдарға да толы. Нысанасы нық әрі тиянақты. Көлемі шағындау мақалада мақал да, мәтел де, нақыл да, қанатты сез де жиі ұшырасады. Бекерге көтере мақтады демес үшін осы бір мақаладағы ойлы тұжырымдарды, нақыл мәндес нақышты да тұщымды сөздерді тізбектегенде, мына төмендегідей көрікті әрі кестелі де өрнекті сөздер қатары түзілді. Тынданыз, оқырман:

Өмір ыстық,  
Тіршілік тәтті.

Жолсыз жүріп торыққан,  
Жол, қадірін біледі.

Жалғыз жүріп зарыққан,  
Ел қадірін біледі.  
Терін тәгіп тырбанған,  
Жер қадірін біледі.

Он сегіз мың ғаламның болуы мен толуы, гүлденуі мен солуы, өсүі  
мен өркендеуі, қадірі мен қасіреті жер иесінің әсері.

Елді ырыстан арылтпа,  
Жерді жемістен тарылтпа.

Көк тәңірі - нұрынды аяма,  
Жер тәңірі ырысынмен аяла.

Көп тілегі мол дастарқан, береке,  
Шат-шадыман, күлкі менен мереке.

Қарттардың пейілі кеңейеді,  
Жастардың күлкісі көбейеді.

Кеңпейілділік пен шаттық тұздығы - жерде.

Ай орнына туады,  
Күн орнына батады.

Күн нұры тәгілген, кәусар бүркүраған жерде қайыршылық  
қамытын киу - үлкен күнә. Жерге... дақылынды сепсен, су жанында  
- суғарсан, күзде дәulet үйінің есігін қақпайма?

Жер-Ананы емуден қашқақтама,  
Көгерсін десен көсегем,  
Жерді иегере біл - бос мақтама.

Намыс кернесін жүректі,  
Еңбек ет сыбанып білекті.

Малы жоқ адам кедей емес,  
Ары жоқ адам кедей.

Әркімге арынды сатқанша,  
Жерге мандай терінді сат.

Еңбек адамды бүтіндейді,  
Жалқаулық адамды түтіп жейді.

Азып-тозуға ойысқан халық ойын,  
Керенаулық зіл баспасын бойын.

Адамды алға, табысқа, байлыққа сүйрететін ұлы күштің бірі -  
намыс.

Тойлауға ұмтыламыз,  
Ойлауға ұмтылмаймыз.

Бірлік бар жердегі тірлік те қызық.

Қаламгер Ғайыс Егембердиевтің өзін көп толғандырған бір тақырып тәнірегіндегі қалам сілтесінің кейбір үзіктері осындай. Оның нақтылығына жоғарыдағы бас-аяғы жұмыр, айтары шымыр көп мағыналы, сан қырлы сөздер тізбегі куә.

Газет бетінде осы сықылды ой тербел, ақыл күйттеуге үндейтін мақалалар жиірек жарияланып жатса, оның ішінен түйінді тұжырым, қалтқысыз қағидаға айналар ойлар туындалап, бір кәдеге асып жатса, қандай ғажап! Мақала мақалдай астарлы, мәтелдей мәнді, қанатты сөздей қарымды ой қамтып, нақышты нақылдай сөз тізбегін түйінде, нақты ой өрнегін тұжырымдайтын болса, одан артық не керек. Журналистің шеберлігінің танылар тұсы да осы емес пе.

Корыта айтқанда, газеттегі сүбелі жарияланымдарда сәтті қолданылған қанатты сөздерге лайық ойларға құрылып, оқырман көкейінен шығып, жүргегіне жылы тиіп, ішіндегі дәні бір кәдеге жарап еді. Бірлігі игілікке айналар, бірегей пікірі көкірек қазығына байланар еді, жадымызда жатталып, ақылымызға ақыл, ойымызға ой қосуға ықпал жасар еді. Осы бір ізгі ниетті үрдіс тұтып, оқырман көкейіне ғибрат қондырарлықтай тағылымдық танымы бар мақалаларға әрдайым ақ жол тілегеннің еш артықтығы жоқ шығар.

## ШӘЙІ ОРАМАЛ ШАРАПАТЫ

Ауылдан майданға аттанатындарды шығарып салатын күнде жеткен. Станса тәнірегі, шойынжолбойы сендей соғылысқан адамдар. Күніренген тобыр. Жылаған-сықтаған жұрт, ығы-жығы қимыл. Қаракеугімде, жүк вагонына көтерілер сәтте, сапырылысқан адамдар арасынан бір қыз Ғайыстың қолын қысты да, сырт көзден жасырын алақанына шәйі орамалды ұстата қойды. Қыз жанарын жалт еткізіп, жұрт арасында қала берген. Орамал жүрек қылын шертіп, сезімнің жалынын алаулата түсті. Вагон донғалағының дүрсілімен үндесе соғылған жүрек үлпілі үдей берді. Қол бұлғап алыста қалып бара жатқан арудың

тостағандай нұрлы жанарын, күнге тотыққан табиғи жүзін, салқын самалға қарсы ұшқан қарлығаштың қанатындай қиғаш қасын, албыраған алқызыл ерінін, жіптіктең сұлу мүсінді тұлғасын көз алдына елестетіп, ынтызарлық сиқырлы күш қиялына ілесіп, талықсып барып мыйзып кетті.

Ұрысқа кірген сайын төс қалтасында қастерлеп сақтаған шәйі орамалды іштей жан серігіне, ақылшысына санап, қасиетті, қадірлі, киелі тұтатын орамалдан ауылдың жусаны мен жуасының іісі аңқығандай, алпыс екі жүйесі босайтын. Артынша жігерленіп, қайраттанатын. Ерекше бір қуат бойын кернейтін. Шабуылға үшінші рет көтерілгенде мина жарықшағы шекесін тіліп өтті. Ақкан қанды шәйі орамал тоқтатты. Бір жапырақ шүберек құдіретіне бас иіп, киеліге балап, тәуба тұтты. Сол орамалды соғыс біткенше тастамай, тұмардай, төс қалтасында сақтады.

... Арада 60 жыл өткен соң Ғайыс орамал ұсынған қызды - Жаңылды іздестіруді үйғарды. Ойы шынайы риясыз ризалығын білдіру, ақ ниетіне тағзым ету еді.

Жүрдек пойыз Жаңыл қыз орамал ұсынған перронға да жеткізді. Ағайындар арасында тынышып алған соң Жаңылды сұрастырды. Ақыры тапты.

- Жаңылмысың, мені танисың ба? - деді Ғайсекең. Жаңыл сәл-пәл үн-тұнсіз бөгелді де, мұңлы әуенмен Ғайыстың өзіне арнап, майдан даласында жазып, хатпен жіберген өлеңін жатқа айта бастады. «Қалай танымайын» дегендегі сыңай танытты. Екі көзі мөлдіреп жасаурады. Көнілі босаған Ғайыс:

- Жарайды, ұмытпапсың, - деп қолын алды.

- Ең соңғы жазған өлеңдеріңің біраз шумағы да есімде. Ол 1946 жылдың желтоқсаны еді ғой, - деп таны да өлең шумақтарын айтуда ыңғайлана бергенде Ғайыс:

- Таныдың, ризамын! - деп мандайынан сүйгенде, жүзінен қызыл нұр алаулап, сезімі буырқанған Жаңыл:

- Иәпірім-ай, мына балалардан үят болды-ау, - деп жымия езу тартып, ақ жаулықтың шетін құлағына қыстырды. Оған жол бастаушы Әлжан.

- Сексендегілердің пәк сезіміне құлсө құлсін! - деді. Жаңылды да кәрілік мендеген, бірақ көкірек көзі ояу

екен. Тұрмыс құрып, отау тіккеннен бері үбірлі-шұбрлі отбасына айналған. Он алты құрсақ көтерген. Олардан отыз бес немере, жеті шәбере сүйіп, бесік жырының әлдиін әуелеткен, ауыл аймағына сыйлы әже көрінеді.

Файсекең жүрерінде:

– Жаңыл, мынау сәлем-сауқат, - деп сый-сияпатын ұсынды. Оған балаларының бірінің:

– Оho, әжем әтір алып, сәнденетін болды ғой, - деген сөзі үй-ішіндегілерді күлкіге шомылдырды.

– Пәк сезіммен ұсынылған осы бір шәйі орамал киесі ме, Файыс елге аман-есен оралды. Араға алпыс жыл салып, аңсаған арманындағы болған абзал жанмен – Жаңылмен жүздесіп, қауышуының өзі де бір керемет құбылыш-ау!

## ЖАРАСҚАН ЖҰБАЙЛАР

Файыстың жар таңдал, бас құрап, отау тігіп, шаңырақ құруда да жолы болған жігіт. Астрахань алқабының Жамал есімді аруына құрық салған. Содан бері аттай елу жыл өткен. Қосағымен қоса ағарып, үрпак өсіріп, үбірлі-шұбрлі балалары мен немерелерін сүйіп, мерейлері өскен бақытты шаңырақ.

Файсекең ағамыздың жігіттік сынын бұзбай, сергектікпен сыланып жүруі де осы жеңгеміз Жамал апайдың арқасы екендігі және даусыз. «Сенің табаныңа кірген шөгір менің мандайыма қадалсын!» деп аялайтын жар. Асты-устіне түсіп, әлпештеп отыруы да адал жардың сыйластығының жарқын көрінісі. Файсекең ел иесі, Жамалапай отбасының киесі іспетті. Екеуі бірлесіп шаңырақ шаттығына бөленіп, жақсысын асырып, жаманын жасырып, үзілгенін жалғап, жыртылғанын жамап келеді. Ананың ақ сүтін емген, бесік тәрбиесін көрген, жағасы жайлау, жаны жаз пен демен тағдыр қосқандығына Файсекең әрдайым тәубә етеді. Бір-бірін ұғысып, махабbat отын маздатуда. Файсекең көңіліндегісін қас-қабағынан аңғарып, қолындағы барынан гөрі арына сүйенетін тәубашыл жанды өмірлік серік еткеніне дән риза. Кеңпейілдінің кемімейтінін, мейірімді жүректің картаймайтындығын дәлелдеу үстінде.

- Жамал біздің қоюлған міншілдікке күт болып кіріп, бақыт бесігін тербете келді, - дейді Ғайсекең. - Туғантұысқанды жүргегінің жылуымен баурап, мейірімділігімен орап алды. Аллаға тәуба, төрт қыз, үш ұл - жеті перзент сүйдік. Тұңғышымыз Жаннат - облыстық қаржы бөлімінде менгеруші, Шарбат - мектепте музыка пәнінің ұстазы, Салидат - үлкен құрылыш мекемесінде экономист, Шамшат - Алматыдағы пионерлер Сарайында домбырадан дәріс береді. Ұлдарымыз: Азамат - Талдықорған қалалық білім бөлімінде бас маман, Рахат - спорттың қаратә түрінен ұстаз-жаттықтыруши, Болат - кеден қызметінде.

Еріне серік, отбасының берік алтын діңгегіне айналған Жамал Дәубетқызы Тоқбаева мәртебелі ұстаз. Көп жыл мектептерде жемісті еңбек етіп, «Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған. Бұгінде қадірменді әже. Он екі немере сүйіп отыр. «Өзіне қарай қосағы, қазанына қарай ошағы» дегендей, Жамал апай жетпісті еңсеріп қалғанымен сезімі сергек, дастарқан сәнін әуезді әнімен көмкеріп, барын базар етіп жіберуге де ептейлі.

Ғайсекең мен Жамал апайдың ақ дастарқанының басында еркін сырласып, жайдары жайғасып, әңгімедүкен құрғандар қаншама. Көрнекі ақын-жазушылар Әбілдә Тәжібаев, Әбу Сәрсенбаев, Тахауи Ахтанов, Кемел Тоқаев, Әзілхан Нұршайықов, Мырзатай Жолдасбеков, Манап Көкенов, Көкен Шәкеев және басқаларды сырлас, сыйлас дос-жарандарына балаған азаматтар. Бәрі де әз жүректің, ақ ниеттің ілтипатты сезіміне бөленгендер.

## ЖАҚСЫ БАЛА ҚАНДАЙ-ДЫ?

Күншығыс халықтарының жауынгер ойыны қаратэ, кінгбоксинг Ғайсекеңнің немерелерінің тұрақты шұғылданатын көкпарына айналған. Ортаншы ұлы Рахат бұл ойынның бүге-шігесін толық игеріп, қаратә білгірі атанып, үшінші дан қара белдігін беліне байлаған. Республикаға еңбегі сіңген жаттықтыруши. Өз алдына жеке мектеп ашып, оған «Айдаһар» деген ат қойып, жүзге жуық жас өрендерді баулуда. Бірнеше шәкірттері

әлем чемпионы дәрежесіне көтерілді. Ал жаттықтырушы Рахаттың өз балалары Кәмила, Мәриям, Әлішер «Айдаһар» мектебінің түлектері. Республикалық жарыстардағы жұлделерін атамағанда, Грекияның Родос аралында кингбоксингтен өткен әлемдік чемпионатта он жастағы Әлішер «Алтын алқа» тақты. 2003 жылы ежелгі Эллада жеріндегі әйгілі Гиппократ отаны Кос аралында дүниенің 33 елінен жиналған 1300 кигбоксершілер арасынан жұлдыздай жарқырап шыққан Кәмила, Мәриям, Әлішер әрқайсысы алтын, күміс, қола медальдармен бірге әлем чемпиондары атағын иеленіп, елге қуанышты оралды. Сөйтіп, қазактың бір отбасында 3 әлем чемпионы дүниеге келді. 2008 жылғы шілдеде Кәмила мен Мәриям Венгрия астанасы Будапеште өткен дүниежүзілік додада да үлкен жеңіске жетіп, Қазақ Республикасының көгілдір туын аспанға көтеріп, екі алтын медальды тағызып, екі “әлем кубогын” жеңіп алғып қайтты. Ал, Әлішер болса Италияда өтетін әлем чемпионатына қатысуға аттануға жан-жақты әзірленуде.

Немерелерінің спорт қоржынында бүгінде 17 жастағы Әлішерде - 13 алтын, үш күміс және екі қола медалі бар. Одан кейінгі Мәриямда - 15 алтын, 5 күміс, 2 қола медаль, Кәмилада - 15 алтын, 6 күміс, 4 қола медаль, жалпы алғанда Егембердіұлы Рахаттың шаңырағында 43 алтын медаль, 14 күміс, 8 қола медаль бар екен. Бұл қазақ отбасында сирек кездесетін оқиға. Оған қалайша қуанбассың!

– Менің боталарым Италияға, Францияға, Онтүстік Африкаға кигбокс түрлерінен өтетін сайыстарға қатыспақшы, - дейді Ғайсекен. - Несі бар, орта жүздің Қоңыратынан желі тартқан Божбан руының Құлым божбаны, «Қой аузынан шөп алмайтын божбан, үш үй божбанмен сыйайлас болсан, ашаршылықта аштан өлмейсің» - дейтін нақыл қалдырған, әкпейіл, кең құшактылар үрпағы жаңа заман үрдісіне лайық өнер көрсетіп, даңқын арттырса, боталарыма Жаратушы иенің назары ауып, раҳман нұры жауғаны да. Бақыт пен рахат деген осы болар.

Келіндері Сәуле, Марина, Әлия енеден үйренген тәлім-тәрбиеге адад. Олар да дос-жаандарының мейіріне бөлөнген кеңпейіл жандар.

## ІЗГІЛІККЕ ІҢҚӘРЛІК

Ғайыс Егембердіұлының ғұмырнамалық кітабы «Жарық дүниеге іңқәрлік» деп аталады. Бұл ғибратты ғұмырын әдеби тілмен өрнектелген көп жылғы табанды да қажырлы еңбектің жемісі. Кісілік пен кішілікті, қарапайымдылықты бойына молынан дарыта білгендігін де сөз саптасынан-ақ ұғынасын. Имандылық иірімдері ыждаһаттылықпен, ой саларлық өсиетті сөздермен көмкеріледі. Кітап сабырлы да, салиқалы сөздердің жиынтығы іспетті. Ақыл-кеңестерге, түйінді тұжырымдарға толы. Тіл, дін, діл, ұлттық дәстүр, иман, ар-ұят ұстанымдарына берік болуға шақырады. Сонымен бірге зинақорлық, бейбастық тәрізді қоғамға жат қылыштардан, рухани жұтандық, өтірік, өсек, қызғаншак, күншіл, жағымпаз, қиянатшыл әрекеттерден жиіркенуге үндейді. Көкіректегі көрегендікті қағаз бетіне түсіру де онай емес. Ең әуелі шеберлік, жүйелілік қажет болса, сол үрдіс үдесінен шығып, ізгілік іздерін, іңқәрлік сезімдерін әдемі де жүйелі тізген.

Ғайсекен сыйластығы мен парасаттылығы жарасқан, сыпайы сырбаздығы сыңғыраған жаңы жайсан адам. Кездесе қалсан, не ортада отырсан, дастарқан басында жақын дидарласып, шүйіркелесе кететіндігінің өзі үлгі тұтарлық өнеге. Отырған жері уағыз. Ғибрат аларлық әңгіме-дүкеннің ұстасы. Тұла бойы тұнып тұрған шежіре. Діни тағылымдардың да майын тамызады. Құйма-құлаққа адами қасиеттердің дағдыларын қүюдай-ақ құяды. Өр сөзі көрегендік пен шешендікке татиды. Тыңдаушысы жылы лепті самалаймалағандай күй кешері анық. Өйткені, зейіні зерек, ойы сергек Ғайсекен әкесі Егембердіден бала күнінде мұсылманша хат танып, Сайхалидің Қазанда шыққан хиссасын, Шәді шөренің Ташкеңде арабша төтенше әріптермен жазылған, «Сияр Шарифін» түпкі нұсқасынан түгел оқып, ғибратты тұстарын жадында сақтаған. Сондай-ақ, «Мұңдырық-Зарлық», «Ләйлі-Мәжнүн», «Қыз Жібек», «Қобыланды», «Алпамыс», «Қамбар», «Бөгенбай» жырларын былай қойып, «Зарқұм», «Сал-сал» қиссаларын үзіп-жүлқып

жатқа айтатын жырау десе болғандай.

Әнді де әспеттеп, әдемі салғанда жұмсақ биязы үні жүрекке жылы үялайды. Сезімді әлдилеп, ет бауырды елжіретеді. Омар һаямның, Көрғұлының өсиетті шумақтарын өз мақамымен нәшіне келтіре қоңырлата қозғағанда тәтті сезімге, ерке назға, ойлы мұнға бөлейтін үнін естудің өзі бір ғанибет.

Бүгінде сексеннің сенгірінде серуен құрған Ғайыс Егембердиев ағамыз Талдықорған қалалық ақсақалдар алқасының белсенді мүшесі, қоғамдық бастамалардың үйытқысы. Халқымызды толғантып жүрген мемлекеттік тіл тұрғысында, дін жайында, ұлт рухын көтеру мәселелері жөнінде теледидардан сөйлеп, газеттер мен журналдарға мақала жазып тұрудан да жалықпаған жан. Яғни, су төгілмес жорғалық пейілінен жаңылмаған. Зейінді сөз зергерінің тектілік қуаты күшті. Кісілік келбетін кемелдендіре түсетін жайсандығы, жайдары да жарқындығы, жібектей мінезі, сәбидей пәктігі, мөлдір бұлақтай ар тазалығы, бәрі-бәрі өріле келіп, адами көркемдіктің құрыштай беріктігін қалыптастырыған сырбаздығы сынғырлаған сарабдал сабырлы кісінің бетбейнесін аша түседі.


Бірінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, екі мәрте Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталған, Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, «Алматы облысының Құрметті азаматы, «Қазақстанның Құрметті журналисті» атақтарын иеленген Ғайыс Егембердіұлына көрсетілер ілтиpat та телегей-теңіз.

## **КӨКІРЕК КӨЗІ ОЯУ ЕДІ...**

Өмірді көп сүргеннен гөрі, көргені көптің кемел келетіндігі аян. Оған Туғанбек Сағымбекұлының өмірі, кісілік келбеті нақты дәлел. Оны қашан көрсөн де қимылы ширак, ой-өрісі кен, сезімі сергек, ұқыпты киінетін қалпын бір бұзбай жүретін еді. Сөйлессен, білімдарлығын, әсіресе зан бапта-рының білгірі екендігін бірден аңғартатын.

Қанды майданның бел ортасында шынығып, бейбіт еңбекте білімін жетілдіріп, кәсіби мамандығының шеберлігін арттырып, лауазымды қызметін үлкен жауапкершілікпен атқарған Төкең – Туғанбек Сағымбеков сексеннің сенгірінің үстіне шынып, алғы өмірге үлкен үмітпен қарап, елі мен жеріне тыныштық тілеп отырған ақының ақылман ақсақал атанған шағында дүниеден озды.

Іле өзенінің төменгі сағасындағы Құйған ауылындағы мектептің 9 сыныбын бітірген балаң жігіт Кеңес елі соғыстың зардабын шеккен шақта майданға аттанады. 1943 жылдың желтоқсанынан 1945 жылдың мамыр айына дейінгі аралықта оқ пен оттың арасында жүріп, жері мен



елін немістердің басқыншылық әрекетінен қорғауға белсене қатысады. Алғашқыда үшінші Беларусь майданына кіріп, рота старшинасы міндеттін атқарады. Бұдан кейін бірінші Украина майданына жол тартады. Жасынан өжет өскен өрен соғыс даласында қайсарлық танытып, өзіне жүктелген міндетті мұлтіксіз орындаиды. Одер өзенінің бойындағы шайқаста да беріспей алғы шептен көрінеді. Бірнеше рет жарапанады. Денесіне дарыған оқ жаңғыршағы ет арасында қалған. Ол да алпыс жыл бойы жанын сымбатып, сұрапыл соғыстың сойқанды шағын еске түсіріп қоятуғын-ды.

- Оқ пен от жалынына ораған қанды майданнан елге аман-есен оралуыма әкем Сағымбектің берген аяны қорған болды ғой деп ойлаймын, - дейтін Туғанбек көзі тірісінде. – Олай дейтінім, Украина жерінде аласапыран соғыс жүріп жатты. Біз 200-гежуық жауынгер шабуылдан кейін қазармаға жиналып, дем алуға жатқанбыз. Шырт үйқыда екенмін. Әкем келіп: “Бұл жерден тез тайып тұрындар, кешіксендер құрисындар, кідірмендер, жылдам қимылдандар” деді де ғайып болды. Аң-таңмын. Тәуекел деп үйқыдағы жауынгерлерге тез жиналып, орын ауыстыруға бүйрық бердім де, өзім бастап тоғайға қарай бет алдық. Сөйткенше болған жок, дұшпанның ұшақтары қара құзғындай қаптап, бомбалай бастады. Әлгі 200-ге жуық жауынгерді түгелдей жайпап салды. Ішінен тек жеті адам ғана тірі қалдық. Солардың бірі мен. Тірі қалдық дегеніміз болмаса, бәріміз де ауыр жаракат алдық. Тоғайды паналап, бас сауғалап жүріп, санбатқа жеттік. Бұл соғыс сойқанының бір-ақ көрінісі. Ал төрт жылға жуық уақытқа созылған ұрыстың қасіреті қаншама дейсің. Ендігі үрпақ ондай опатты көрмесін де білмесін.

Иә, сексеннің сенгірінде де сергектікпен өмір өзгерісін жақсы сезінген Туғанбектің ақ тілеуі еді. Ендігі жерде өнірімізді өрт шалып, өмірімізге дерт салмасын. Бүгінгі үрпақтың шаттығы мен бақыты егемен еліміздің өркендер, дамуымен ұласып, жасампаздық жақсылықтарға толы болғай. Қазіргі ақ ниетті адамдардың арманы осы.

Соғыстан кейін елге оралған Туғанбек келісімен

Алматыдағы мемлекеттік заң институтына оқуға түсіп, заңгер мамандығын алып шығады. Алғашқы еңбек жолын республикалық әділет министрлігінде бастайды. Одан кейін арнайы жолдамамен Батыс Қазақстан облысына жіберіледі. Осы өнірдегі Жәнібек ауданында табан аудармай он жыл халық соты болып істейді. 1962 жылы Талдықорған өніріне оралып, Кербұлақ, Қапал, Киров (қазіргі Көксу) аудандарында халық сотының тәрағасы болып істеп, өзінегінде тапсырылған лауазымды міндетті үлкен жауапкершілікпен атқарады. Соңғы кезде Еңбекшіқазақ ауданында қызмет атқарып, содан, 1981 жылы зейнеткерлікке шығады. Бірақ қарап отырмай, адвокаттыққа ауысып, заңдылықтың дұрыс қолданылуына, қылмыстың әділетті шешілуіне көніл бөледі.

Туғанбек Сағымбеков заңдылықты берік қолдап, әр істі байыпты шешіп, тиянақты үйғарымдар шығарып, тәртіптілік пен бірлікті нығайту жолындағы табанды еңбегі де тиісті орындар тарапынан жоғары бағаланған. Білікті маманға Талдықорған өніріндегі Көксу ауданында халық соты болып істеп жүрген кезде Қазақ ССР-нің еңбек сінірген заңгері Құрметті атағы беріледі. Бірнеше медальдармен марапатталған. Республикалық Жоғарғы Кеңестің Құрмет грамотасымен әлденеше рет мадакталған. Істі әділ шешкендігі үшін қызмет еткен жерлеріндегі ел-жүрттан алған алғыстары да жеткілікті. Солардың ішіндегі ерекше көрінетіні Елбасы Назарбаевтың Құттықтау хаты. Онда: “Сіздердің алдағы уақытта да ортақ саптан қалмай, халықтарымыздың достығын, Қазақстан жүрттының рухани бірлігін нығайту, жастарға тәрбие беру үшін көп іс тындыра алатындарыңызға менің сенімім кәміл. Еліміздің саяси, экономикалық өміріндегі өзгерістерді тереңдету жолында жұмсап келе жатқан күш-жігерімді сіздер құлшына қолдайды деп үміттенемін. Мемлекет те өз тарапынан оңайға түспей тұрған осынау кезде өзінің ардагерлерін қолдау үшін қолынан келгеннің бәрін істейді. Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға береке, басыңызға бақыт, деніңізге дәйім сергектік тілеймін”

делінген.

Мемлекет басшысының осылайша ілтипатты лебіз білдіруі өмірге деген құштарлықты арттыра түскені анық. Осындай ізгі ниетті құттықтауды облыстық соттың тәрағасы Серік Байбатыров та білдірген. Жылы сөзге жүрек қуанып, мерейі өсіп еді.

Туғанбек көкірек көзі ояу қарт-тұғын. Өте әңгімеліл, өткен-кеткенді шежіредей айтқанда айыз қандыратын. Домбырамен әнді де нақышына келтіріп салатын. Көпшілік ортаны сүйетін.

Туғанбек Сағымбеков заң қызметкері болғанымен ән салып, күй шертуді өмірлік серік етумен бірге құлақ құршын қандыратын әңгімелер айтуға да өте шебер әрі зердесі зерек кісі еді. Орал облысының аудандарында халық соты болып істеген кездерінде көрнекті ақын Тайыр Жароковпен жүздесіп, бір дастанқаннан дәм-тұз татысқан сәттерінде естіген әңгімелерін жиі айтып отыратын. Әрі “Тайыр тапқыр еді, тосыннан қойылған сауалға бір-екі шумак өлеңмен әзіл-қалжының араластырып жауап бере қоятын еді” дейтін де, әңгіметиегін ағытатын. Осы Туғанбектің айтуымен жазылған Тайырдың бірнеше әңгімесі былайша өрілетін.

Бірде Тайыр Жароков Мәскеуден келе жатып, Орал тұсынан өтетін стансадан түсіп, ағайын-туыстарға, жолдас-жобаларына сәлемдеседі. Тайыр вагон тұсына жиналған бір топ жүртты қырағы көзімен шолып шығыпты да, өзін қарсы алып тұрған замандасы Кенжеге қарап:

Мендалының Кенжесі,

Чапаевтай қеудесі.

Ауданда герой бұл қожа,

Жоқ қой мұның тенденсі.

Сәлем берді бұрын кеп,

Келмей тұрып өзгесі.

Бітпей жатқан шығар-ау,

Қалғандардың езбесі, - депті.

\* \* \*

Ауданда хатшы болып істейтін Байсыйынов Қүрекен деген кісі ауыл шаруашылығы министрінің

орынбасарлығына ұсынылыпты. Бірақ оны мәскеудегілер қаламай, кері қайтарыпты. Соны естіген Тайыр:

Мына отырған Қүрекен,  
Қүрекен десе Қүрекен,  
Бұ да дүрдің бірі екен.  
Боламын деп министр  
Үміті де ірі екен.  
Бола алматы бірақ та,  
Жаны берік сірі екен.  
Жалпақталдың ішінде  
Көзге ілінбей Қүрекен,  
Қалай шыдалп жүр екен? – депті.

\* \* \*

Аудандық партия комитетінің хатшысы Қойшыбай деген досына тосыннан дидарласқан Тайыр былай депті:

Ей, Қойшыбай, Қойшыбай,  
Кездестік-ау жолшыбай.  
Сірсек қапсың талтайып,  
Жағын керген қайшыдай.  
Дізенді неге бұкпейсің,  
Күзетте тұрған қойшыдай,  
Басқаны бұл неғылсын  
Шаруаны ойлар жалшыдай, -  
деп қағытыпты.

\* \* \*

Тайыр “Тасқынға тосқын” поэмасы жарияланған соң баспада істейтін Мұхаметжан Қаратаевқа барып қалам ақысын сұрайды. Мұхаң өлеңнің әр жолына қойылатын қаламақы мөлшерін 7 сомнан асыра алмайтынын түсіндіреді. Оған ризалық білдірмеген Тайыр бір аяғын табалдырыққа тіреп, есік тұтқасынан ұстап тұрып, Мұхана тесірейе көз тастап:

Шәлтиіп бола қапсың әлдеқандай,  
Ойың бар тіпті мені алдағандай.  
Несіне жеті сомды сен бұлдайсың,  
Мен бұрын он төрт сомды алмағандай, - депті де шығып кетіпти.

\* \* \*

Тайыр елу жасқа толғандығын атап өту үшін туған жеріне – Орда ауданындағы Әжени ауылына келеді. Осында Жасқұс аталып кеткен алыстан оқшау көрінетін шоқ тал бар екен.

Сол тұсқа келгенде Тайыр өзін қошеметтеушілерге қарап, төңірегіне көз жіберіп тұрып:

Алыстан аңсан сағынып,  
Саған келдім, Жасқұсым.  
Өзгеге жаман болсаң да,  
Өзіме тіпті жақсысын.  
Қанаты қатып келіп тұр,  
Жеріне туған нақ құсын, -

деп кеудесін кере ауасын жұтып, топырағына аунаған екен.

Міне, Туғанбек жоғарыдағы тәрізді өмірдің өзінен өрілген әңгімелерді көп білетіндігімен ерекшеленетіні көз алдымызда бүгінгідей көрінеді.

Туғанбек Сағымбеков бала өсіріп, олардан немерелер сүйіп, үбірлі-шүбірлі отбасының кеңпейіл отағасы екендігін өмірінің соңғы күніне дейін дәлелдеуден танбады. Тағдыр қосқан жары Ғалия Саурықова да сөзіне іскерлігі сай, өнерге жақын, адамгершілік ар-ожданы берік ұстанатын жүзі жарқын жан. Ұзак жылдар бойы сауда саласында істеп зейнеркерлікке шыққан. Сауданың үздік қызметкери белгісінің иегері. Қазір майдангер-заңгер қосағының шаңырағын ұстап отырған аяулы да адал жар.

## **ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР**

Осы бір аққұба өнді, жазық маңдайлы, жүзі жайдары, жанары нұрлы қағылez жанға жол-жөнекей жолыққандар:

- Күлеке, көніл-күйіңіз қалай, қуаттымысыз, денсаулықтың арқасында шауып жүрмісіз, - деп елпен қағып, қос қолын ұсынып, ақжарқын пейілімен сәлемдесіп жатады.

Күлекен де сәлем берушіге:

- Өзің де аман-есенбісің, қарағым. Қуаныш пен бақыттың үлкені осылайша емен-жарқын жүздесу ғой. Дидарымызды көріп, денеміздің түзіктігін білісіп тұрғанға не жетсін. Жасекеңің - Жасболаттың шаңырағы



орнында, дастарқаны жаюлы, үйге жүріп, дәм татындар, - деп мейірімі мен жомарттық мезіретін жасап бағады.

«Сырлы аяқтың сырлы кетсе де, сыны кетпейді» деген сөзді Күләш анаға қаратып айтқан тәрізді көрінеді. Көнілі сергек, көкірегі ояу аданың аңғарымдылығы да, алғырлығы да мол. Әрі тың. Өткен шактан сыр тартып, әңгіме тиегін шерте қалсаңыз, айыз қандыратыны әдемі әсерге бөлейді. Көніл түкпірінде сақталған қатпарлы сырлы да, жыры да алтын арқаудай айшықтала түседі. Майын тамызып айтатын әңгімесімен құлак құрышын қандырады. Өмірі де өрнекті, саналы ғұмырының әр белесінің бүге-шігесі де есінде.

Имандылық жолын берік ұстанған ибалы да инабатты жан ретінде ел-жұртына танылған Күләштің балғын шафы бал жалатпаған. Қындықты көп көріп, ширіғып өскен. Әкесі Байқадам байқуатты, сауатты, оқығаны мен тоқығаны мол адам өкен. Алайда, Кеңес өкіметінің дәuletті, оқыған жандарға карсы үйымдастырған куғын-сүргініне Байқадам да ілігеді, Оның дүние-мұлқі тәркіленіп, абақтыға қамалады. Кейін «халық жауы» санатында ату жазасына кесіледі. Әйелі Бәтіш төрт жастағы қызы Күләш екеуі тентіреп калады. Бір күні ел кезіп келе жатып, аяқ асты ауырған анасы бейтаныс үйдің босағасында жантәсілім етеді.

Байсары деген кісінің үйінде екі көзі жәудіреп, жетім қалған Күләшті бір кісі «Жаршапқан» деген жердегі балалар үйіне тапсырады. Осы жерде балалар үйінің директоры Нұрақас Телжановтың енесі, Елеусіздің әйелі Аяулы тұлымшағы желбіреген үян да биязы мінезді қызға ықыласы ауып, асырап алады. Кісі есігінде бойжеткен қыз кеңсе жұмысына ілігіп, колы аузына жетеді. Еркелікті білмей, ерте есейген Күләш үй шаруасына өте ықтиятты қарайды. Сәмбі талдай бұралған қыз қолына орыстың балалайкасын алып, халық әндері «Жалғыз арша» мен «Илигайды» құйқылжытып, нақышына келтіре баппен шырқағанда, ауыл-аймак адамдары таңғалыса қарап, тамсана тұшынатын. Ауылдың музықант қызы атанғаны да осы шақ.

Күләш болашақ серігі Жасболатпен Қарашілік

өзенінің жасыл жағасында алғаш танысқанда: «Мен бір жұмбак жанмын. Оны ешкім біле бермейді. Сен де үғынбайсың. Егер нағыз азамат болсан, үғынарсың бар жайды. Тілегім сол, бақытты болуды ойлайық», - деген еді. Күләштің алды-артын бағамдауда сабырлылық танытатын жан екенін Жасболат үғынғанымен, «мен бір жұмбак жанмын» деген сөзінің түпкі төркініне сол кезде түсінбеген-тұғын. Сөйтсе, оның мәні тағдырына қатысты екен.

Күләш өсе келе білетіндерден әке-шешесінің арғы тегін сұрастыра жүріп, анықтағаны - атақонысы Талдықорған өніріндегі Көксу ауданына қаасты Желдіқара мал жайылымы маңайында көрінеді. Әкесі Ақтолымбек үрпағынан тарайтын Нарша бидің баласы Бәйкісінің жалғыз ұлы Байқадам деген екен. Шешесі Бәтіш өте ажарлы, сұлу адам болыпты. Өнерге де бейімділігін ел біледі. Күләш келбет-көркі келісті осы шешесіне айнымай тартқан деседі көз көргендер.

Күләш апамыздың өмірлік серігі Жасболатпен екеуінің үзак әрі айшықты да қызықты тұрмыстық тірлігі көпке үлгі етуге лайықты ғұмыр. Ел иғлігі үшін қызмет етіп, өзінің еңбекқорлығымен, өмірге деген ерекше талпынысымен, жақсы өнегесімен танылған тұлғалардың бірі.

Жасболат Нұрмұхамбетұлы 1923 жылы 20 казанда Ақсу ауданының Сүттіген ауылында туған. Әкесі Нұрмұхамбет Шымырұлы Мамания мектебін бітіріп, хат таныған, білімдар, ұстаз адам болған. Анасы Рәш Апыrbайкызы ауылдың қоғамдық өміріне араласып, өз ошағының отын өшірмей, әuletінің берекесін сақтай білген ел анасы. Алайда қабырғасы қатаймаған Жасболат жастайынан жетім қалып, өмірдің біраз қыншылығы мен тауқыметін де тартады.

Тәлімді, тәрбиелі отбасында дүниеге келген өрен Матай кентіндегі №12 онжылдық мектепті үздік тәмамдайды. 1942 жылы Солтүстік Кавказ өніріндегі соғысқа шақырылып, бір жылдан кейін офицер дәрежесін иеленеді. Ауыр жарақат алуына байланысты еліне оралады. Қан майданда көрсеткен ерлігі үшін «Отан

соғысы» орденімен, 12 медальмен және басқа грамоталармен марапатталады.

Осы кезден бастап үлкен еңбек жолындағы алғашқы қадамдарының бірі - туған ауылында есепші қызметін атқарады. Алдына биік мақсаттарды қоя білген алғыр әрі жас қызметкер 1949-1953 жылдары Алматы қаласындағы облыстық ауылшаруашылық банкте инспектор болып істей жүріп, ҚазМУ-нің экономика факультетіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай тәмамдал, жоғары білімді маман дипломын алады.

Елі үшін калтқысыз әрі адал еңбек ете білген Жасболат Нұрмұхамбетұлы Қазақ ССР-і Женіл және тамақ өнеркәсібі министрінің көмекшісі, Талдықорған облыстық Ақсу аудандық тұтынушылар одағының, Жамбыл облыстық тұтынушылар одағының төрағасы, Талдықорған қалалық өнеркәсіп тауарларын сату мекемесінің директоры қызметтерінде істеді. Білімге деген құштарлығының арқасында Мәскеудегі кооперативтік институты бітіреді. Өз ісін біліктілікпен атқарған отыз жылға жуық тұтыну коопeraçãoясы мен мемлекеттік сауда салаларына басшылық жасайды.

Жамбыл облысындағы тұтыну одағының қаржышаруашылық жүйесінің нығайып, өркендеуі Ж. Нұрмұхамбетов қызмет еткен жылдармен тікелей байланысты. Жаңа үлгідегі сауда орындарының ғимараттары салынады.

Талдықорған қаласында өндірістік тауарлар саудасы мекемесінің бастығы болып істеген кездерінде тікелей Жасболат Нұрмұхамбетовтың бастамасымен орталық әмбебап дүкені кеңейтіліп, қосымша сауда орындарының іргесі қаланды. Үш қабатты «Киімдер үйі», басқа да сауда орындары ашылып, халыққа мәдениетті сауда жасаудың жаңа түрлері енгізілді. Жүрегі жалынды, сөзі өткір, ұстанымы берік жан екендігін әр істе дәлелдей білетіндігімен танылған еді.

Жарты ғасырға жуық өмірін адал әрі табанды еңбекке арнаған Жасболат Нұрмұхамбетұлының зейнеткерлікке шыққаннан кейін де заман ағымына ілесіп, еліміздің қоғамдық-саяси, мәдени өміріне белсене ат салысып,

әрі қарай да өзінің өмірлік мұратын жүзеге асыра білді.

Қоғамдық жұмыстарға араласып, кейбір құрделі мәселелерді шешуге септігін тигізуге белсене қатысты. Ол облыстық ақсақалдар мүшесі ретінде төңірегіне белсенді топты жинастырып, жұмыс бағдарламасын жасап, түйінді мәселені нақты шешуге игі ықпал жасады. Талдықорған қаласында үлкен мешіт үйін ашу мақсатында көп жұмыс істеді. Бұрынғы кинотеатр мешітке беріліп, имандылық үйінің талаптарына сай жаңартылып, құрделі жөндеуден өткізілді. Жаңа түрге енген ғимарат қасиетті мешітке айналып, шаңырағынан шапағатты нұр шалқыды. Дүлдүл ақын Ілияс Жансүгіровтың әдеби мұражайын ашып, оған қажетті мұрағаттарды табуға тигізген жәрдемі де қисапсыз десе болғандай. Нарықтық қатынастың өтпелі кезеңінде ел арасына шығып, уақытша қындықты жеңу жолында табандылық танытып, берекебірлікті нығайту қажеттігі жөнінде ноқталы ойларын ортаға салып, насиҳат түсінік жұмысын жүргізді. Тәуелсіздікті нығайтып, Көкбайракты биік ұсташа үшін елдің тұастығы мен ынтымағын нығайтуға бағытталған ұтымды әңгімелерді құйма құлакқа молынан сініретін.

Жасболат терең ойланатын. Дүниетанымының көкжиегі кең-тұғын. Сондығы болар, жасы үлғайғандығына қарамастан, «Өмір, саған құштармың» деген естелік кітап жазып, баспадан шығарды. Онда өзінің басынан кешкен оқиғалар негізінде ой толғап, нақты тұжырымдар жасайды. Оларды оқи отырып саудагер-қаламгердің ойшылдығына, білгірлігіне, шежірешілдігіне тәнті боласын. Бұл кітаптың кейінгі үрпаққа құнды мұра болатындығы хақ.

Жасекен көпшіл, қоғамшыл еді. Жарықтық жанынан Ғайыс Егембердіұлы, Егеубек Дағбағаев, Біләл Сатыбалдиев сынды беделді азаматтарды жиі көруші едік. Олардың арасындағы кіслік, сыйластық, ағалы-інілі жарастық дәстүрге үласып жататын. Өзара әңгіме-дүкен құрғанда сыршылдығын, көп білетіндігін аңғартатын. Ұлтжандылығын ашық айтатын. Ортаның ақылшысы, мақтан етер тұлғасы іспетті көрінетін. Досқа дархан, кемтарға қамқор еді. Жақсылыққа шаттанатын,

қындықты төзімділікпен жөніп, сыртқа сыр бермей, сабыр сақтайтын. Осындай жаны жомарт, пейілі кең адамның шарапаты мен жақсылығын ұмыту мүмкін емес. Есте ұзак сақталары кәміл.

- Бітімі кең, денесінің батыр тұлғалығына қарамастан, жанарлары оттай жайнап, кере қарыс мандайын айдай жарқыратып, кісілік келбеті мен аталы сөзін айтып, төңірегін түгел игеріп, әсерлі әңгімеге үйіріп отыратын. Үні ашық, дауысы санқылдаштын. Әншілік өнерге де қабілетті еді. Қолына домбыра алып, «Қобыланды келеді сайменен» деген өзінің сүйіп айтатын әуенімен тыңдаушысын тамсандыратын. Оған аяулы жары Күләш ана қосылып кетсе, дастарқан басы, үй-іші ерекше бір шаттық шалқары толқынында тербелгендей күй кешетін. Көнілді кеш сауық-сайранға ұласып жүре беретін. Шаттана күліп отырып, сөз арасында: «Күләтайды қосылғаным жарты ғасыр өтсе де, өкшесін қисатпай, сымбаты мен сынын бұзбай, алақанға салып аялап келемін. Сол үшін де маған ризалығын білдіріп, бабымды тауып, күтіп бағуда. Менің Күләтайды асыл адам ғой», - дегенді жиі айтЫП, разылышқ көнілін риясыз білдіретін. Сүйікті жары Күләш апаны алақанына салып, аса бір мейірімді ықыласпен, ыстық махабатпен шын жүргімен әлпештеп, шынайы сүйіспеншілігін сездіретін. Шынынайту керек, Жасекең асыл жарын өле-өлгенше аялап, еркелетіп өтті.

Сол Күләш анамыз бүгінде қара шаңырағының туын биік ұстап, Жасболат ағаның жолдас-жораларына дастарқанын жайып, дәм-тұзын ұсынып, ардақты да аяулы жан серігіне дүға бағыштап отыруы берік қалыптасқан дәстүрге енген.

«Жақсының аты өлмейді» деген сөз рас. Жасболат Нұрмұханбетұлының Ұлы Отан соғысындағы ерлігін, қоғамдық жұмыстағы белсенділігін, еліне сінірген ұшантеніз еңбегін бағалап, есімін ұлықтаған Талдықорған қаласының басшылары тіршілігінде тұрып, өмір сүрген үйінің қабырғасына есімі жазылған ескерткіш тақта қойды. Жасболат есімі ардақталған, әлі де ардақталған береді. Артында ізгілікті істерінің ізі бар . Өшпейтін өнегесі бар,

шежірелі мұрасы рухани қазына, кітабы бар. Үрім-бұтағы бар. Шаңырағының шырағын сөндірмей, алауын маздатып, төңірегіне шапағатын шашып отырған асыл жары, аяулы аруы Құләш апа-әже бар. Бұлар тұрғанда Жасекеңің есімі естен кетпейді, халқымен бірге жасайды.

Бүгінгі күні Жасболат пен адал жары Құләш апайдың махабbat пен парасаттылықтан бастау алған шаңырағы аясында үлкен әулеттің негізі қаланып, сегіз баладан тараған үрпақ бір қауым өлге айналып отыр. 1997 жылы абзал азамат Жасболат өмірден озды. Киелі шаңырақ туын биік ұстап, Жасболаттың замандастарымен сыйластық қарым-қатынасын одан әрі жалғастырған жұбайы Құләш Елеусізқызы - балалары мен немерес-шеберлерінің қамқоршысы, ардақты ана, аяулы әже.

Жасболат «Өмір, саған құштармын» атты ғұмырнамалық кітабында зайыбы Құләшпен бірге өткізген күндерін былай түйіндейді: «Екеуміз де берген үәделерімізді, айтылған серттерімізді, адами қасиеттерімізді жоғалтпай орындалап шыққан тәріздіміз. Үйлену тағдырдың артқан үлкен жұғі еді. Бұл сыннан білекке білек, тілекке тілек, жүрекке жүрек коса білудің нәтижесінде ғана сүрінбей өттік, үлкен абырайға ие болдық. Құләш мінезге бай, өз пікіріне, өз ісіне берік, әр нәрсеге еліктемейтін, не істесе де өзіне лайықтысын ғана таңдалап алатын, байсалды да кішіпейіл келін екенін ағайынтуған, жолdas-жоралар алдында паш етті». Бұл - Құләш анаға арнаған жарты ғасырдан астам, яғни 55 жыл қол ұстасып бірге ғұмыр кешкен өмірлік серігінің сөзі.

Лев Толстой айтқандай: «Үйінде бақытты болған адам - ең бақытты адам». Әйелдің өзіне жарасымды батылдығы мен тапқырлығы ер азаматқа бекзаттық, көпшілдік қасиеттерді сіңіреді екен. Бұған жұмсақ мінезді, жайдары жүзді, кішіпейіл ишаратынан бір мыскада ауытқымайтын Құләш апаның мұқияттылығы мен тиянақтылығы, ізеттілігі мен инабаттылық ұстамы дәлел. Жасболаттың еңсесін жоғары ұстап, азаматтық тұлғасының биік тұруына, қатарластары арасында жайрандалап бой көтеруіне осы Құләш апаның ықпалы мол

екені және даусыз. Жасболат та зайдың Күләшті құрметтеп, алақанында аялады.

Күләш апа келіндік міндетіне де кілтипан келтірмеді. Енесі Рәш әжені отыз үш жыл туған анасындағы күтіп-бақты. Ененің келінге деген ыстық ықыласының артқаны соншалық, кесел мендеп, халінің төмендеп, демінің таусылар шағын сезген ене келіні Күләшті шакыртып алғып, әлсізденген үнмен:

«Күләтай, жарық дүниедегі несібем түгесілейін деген сынды, сендермен қоштасып қояйын. Осы үйдің құтберекесі өзіңсің. Шаңырағына ие бол. Жалғыз ұлым Жасболат пен немерелерімді саған тапсырдым. Сен барда, олар еркінсиді. Елін таниды. Дастанқаны жиылмайды. Осы үйдің шаттығын шалқытып, ырыс-дәuletін құттайтатын сен. Берекелі де берген қолың ашық бола бергей», - деп ак тілеуін айтып, батасын берген екен.

Күләш апа соғыс жылдарында және одан кейінгі кезеңдерде елмен бірге жемісті қызмет етіп, халық алғысын естіген жан. Көпшілікпен тіл табысып, ағайынтуыспен етene араласқан отбасында үбірлі-шүбірлі балалар өсіп, ер жетті. «Орнында бар онадар» демекші, жетімдіктің тақсыретін тартқан ерлі-зайыптылар бауырынан тоғыз бала өрбіді, олардан немере, шөберелер дүниеге келді. Бұгінде апамыз солардың қызығына тоймай, мәре-сәре күй кешуде.

Ұлағатты да өнегелі ғұмыр кешіп, балалары мен немерелерінің қызықтарын тамашалап, түтінін тұзу шығарып, тәніріне сыйынған, аузынан тәубасы түспейтін, бұгінде секеннің сенгіріне иек артқан Күләш Елеусізқызының ғибратты ғұмыры, міне, осындағы. Қолына үкілі домбырасын алғып, баяулатып ән салып, отырған ортасын думандатып жіберетін әженің өнеріне де әркім ынтық. Мәуелі бәйтеректей жапырағы жайқалып, тамырын терең тартқан ғазиз жанға көрер қызығының көбейіп, татар дәм-тұзының таусылмасын, үрпактарының желкілдеп канат жайып, мәртебенізді биіктете бергей демекпіз.

## ҚОЯЛЫНЫң ҚОНДЫРҒЫСЫ

Ұстаз-ғалым, химия ғылымдарының докторы, профессор Қоялы Аяпбергенұлы Балқаш ауданындағы Құйған ауылының түлегі. Осындағы орта мектепті бітіргеннен кейін 1956 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, оны тәмамдаған соң өзі оқып бітірген Бозжанов атындағы орта мектепке жұмысқа келіп, физика, химия, математика және астрономия пәндерінен сабак берді. 1965 және 1967 жылдар аралығында Сейфуллин атындағы Целиноград мемлекеттік педагогикалық институтының (қазіргі Гумилев атындағы Евразия университеті) жоғары математика кафедрасында оқытушы және аға оқытушы болып істеді. 1967 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы жанындағы аспирантураға түсіп, оны ойдағыдай аяқтап шықты. Онда кванттық химия және спектроскопия – электромагниттік сәулелердің спектрін зерттеумен шұғылданатын физика саласы бойынша зерттеу жұмысымен шұғылданып, 1972 жылы кандидаттық диссертация қорғады. 1992 жылы



«Органикалық молекулалардың реакциялық мүмкіндіктерінің кеңістік құрылымымен байланысы және есептеу тәсілінің кинетикалық сипаттамасы» деген тақырыпта докторлық диссертацияны ойдағыдай қорғады. Ғалымның зерттеу еңбектері жоғары бағаланып, Д.И. Менделеев атындағы ақшалай сыйлық пен Құрмет грамотасымен марапатталған. Қоялы Аябергенов көп жылдар бойы педагогикалық қызметпен үздіксіз айналысып келеді. Ол жоғары оқу орындарының студенттеріне математикалық анализ, жоғары алгебра, аналитикалық геометрия және математикалық физика курстары бойынша дәріс береді. 1974 жылдан бері, Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры Е. Букетовтың шақыруы бойынша, осы оқу орнындағы химия факультетінде жұмыс істейді.

Ғалым-ұстаздың екі монографиясы жарық көрді. Ол 110 ғылыми жұмыстардың авторы. Оның еңбектері шетелдік ғылыми қауымдастық тарапынан да үлкен қолдауға ие болған. Бірнеше рет Польша, Чехия, Индия, Америка елдерінің ғалымдары өткізген халықаралық симпозиумдарға шақырылған.

Іле өзені арнасының Балқаш көлінегінде сағасындағы Құйған ауылында туып-өскен түлек Қоялы Аябергеновтың балалық шағы балдәуренді болды дей алмайсыз. Оның жастық шағы соғыс өрті өршіп тұрған тұсқа дәп келді. Оқу тұрмак, күнкөрістік көрек табу қынға тұсқен шақта бір үйдің бас көтерері өзі болып қалды. Жаратқан тәнір пешенесіне жазғаны шығар, көрген қындығы да қисапсыз еді, тұрмыстық тауқыметпен табаны тілінді де. Әкесі Аябергеннің әлпешіне бөленбеді. Көппен бірге соғысқа аттанып еді, туған жерден топырағы бүйірмады. Майдан даласында ерлікпен көз жұмды. Шешесі Тазаның тірнектеген тіршілігінің табысын інісі Еңсе екеуі қанағат тұтып, қарындары бірде тойып, бірде орта құрсақ жүрген кездері де жиі. Анасын аяп жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін оқудан қол үзіп, еңбекке ерте араласып, Балқаш көлін жағалап, балық аулады. Отбасының тұрмысын түзеуге тырбанды. Алға айқын мақсат қойып,

соған жетудің межесін мен зеді. Өрелі ой, асыл мұрат балаң жігітті үнемі ілгері қарай жетеледі. Талапшылдығы, табандылығы алған беттен қайтпауға деген қайсарлығы мен өмірге құштарлығы оны арман өріне қарай үмтүлдырыды. Тұрмыстағы тапшылық пен қыншылықтан шығудың жолын іздестіре жүріп, оқуға деген ынтасын жоғалтпады. Қайтсем де оқимын, білім аламын деген мұратына сай құлшынып бақты. Алға қойған мақсатына жетпей тынбайтын балаң жігіт ересек тартып қалса да, араға бірнеше жыл салып барып, мектеп партасына қайта отырып, орта білім алды. Содан кейін Алматыға жол тартып, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсті.

Қоялы жастайынан ойшыл, ізденімпаз әрі жаңалыққа жаңы құмар еді. Сол алтын арқау желісімен талай тұнғиық құпияларды ашу жолында химия саласына зерделілікпен зер салып, зейін қоя ізденді. Көптеген құпиялардың жасырын сырларын ашып, оны өндіріске енгізуге, ел кәдесіне жаратуға үмтүлды. Химия ғылымының өзіне тән құпия да қын ерекшеліктеріне теориялық тұрғыдан зерттеулер жүргізіп, дәйектілікпен дәлелдемелер ұсынып, елімізде химия ғылымының дамуына өзіндік үлес қосып жүрген ойлы да білімдар ғалымдардың санатына қосылды. Оның жаңалықтары ғылым әлемінде жоғары бағаланып, әлемдік дәрежеде оқытылатын тың теория есебінде қабылдануының өзі де көнілге үлкен қуаныш үялатады. Ғалым негізінен спектроскопия — электромагниттік сәулелердің спектрін зерттеумен шүғылданатын физика саласы бойынша жемісті еңбек етіп, атомдардың, молекулалардың және олардан құралған құрделі жүйелердің энергия деңгейлері мен бұлардың арасында жүретін кванттық ауысулар тәсілдерін зерттеді. Спектроскопия құрылышы және этилен тотығының реакцияласуға қабілеттілігі және оны өндіру тәсілдеріне терен зерттеулері бойынша жүргізген жұмысы бойынша ғылым кандидаты атағын қорғады.

Туған ел топырағында жемісті қызмет етіп, химия мен физика ғылымдары саласында құбылыстардағы құбылмалылықты ғылыми тұрғыдан зерттеуде көрнекі

ғалымдармен иық тірестіре жаңалықты дәріптеумен қатар, түйіні шешілмеген көкейтесті күрделі мәселелердің құпияларын тыңғылықты зерделеп, зерттеу арқылы табудың тегершігі деп саналатын ғылыми жаңалықтар ашу болса, оны халық кәдесіне жаратудың жемісін көрудің өзі бір ғанибет.

Еңбегінің жемісін халық игілігіне жаратып келе жатқан қызымысты ғалымның соңғы жаңалығы желдің күшін пайдалану арқылы экологиялық жағынан таза, әрі құны арзан электр қуатын өндіру жолындағы ізденісі, ток ендіретін тетік жобасын ұсынуы ғылым саласындағы жақсы жаңалықтың бірі ретінде атап өтуге әбден лайық.

Жаңашыл ғалым желдің күшін пайдаға асыру жолында көп ізденді. Бұл сала бұрын да зерттелінген. Желді пайдаға асыру тәсілі ерте заманнан қолданылып келе жатқаны да мәлім. Ғалым Қоялы ойлап тапқан жаңа қондырғы жел күшін тұрмыс қажетін өтеуге пайдалануға мол мүмкіндік береді. Автор жел арқылы электр қуатын өндіретін қондырғының, яғни аспаптың пайдалы әсер коэффициенты әлемдік тәжірибедегі 38-48 пайыздан 77 пайызға дейін жеткізуді мақсат тұтқан. Мұның болашақтағы пайдасы үлкен. Автор өзі ойластырған қондырғыны машина деп атауды үйіргеді. Бұл машина арқылы жел қуатынан алынатын электр энергиясы экологиялық жағынан таза, әрі шығының қуат көзі болып табылады. Жел күшімен электр қуатын өндіретін бұл қондырғы қазіргі ауылдық жерлерде пайдалануға өте қолайлы. Өйткені шағын ауылдарға электр жёлілерін тарту әлде-қайда қымбатқа түседі. Ал жаңашыл ғалымның ойлап тапқан қондырғысы шағын ауылдарға, шамамен 20-25 үйі бар елді мекендерге ток беруге қуаты толық жетеді. Тәжірибе кезінде дәлелденгеніндей, жел күшімен жұмыс істейтін қондырғының тиімділігі де үлкен. Енді осы қондырғының құрылышына тоқталып өтейік. Электр қуатын өндіретін қондырғы өте қарапайым, жасалуы көп қындық келтірмейді. Негізінен қалақшалардан тұрады. Олардың ені жалпақтау, түркы қысқалау. Сол себепті де қалашықтардың көлбене және тік еңістік бойынша айналу жылдамдығына қарай қуат күші көбейе түседі. Тік

жазықта айналатын қалақша - пропеллер ұзын болған сайын, оның өндіретін қуатының едәуір бөлігі ауа кедергісін женуге жұмсалып, энергия жинау қүші азаяды. Себебі, айналу осінен алыстау жердегі, ұшар ұшындағы бөлігінің жылдамдығы орта бөліктегіден жоғарылау болады. Ұшақтардағы винттер қысқа, тұқылдау болып келетіндігі сондықтан. Ал тік ұшақтардағы қалақшалар кедергісіз жоғары көтеру қүшіне айналады. Яғни көлбеу жазықтықта шыр айналатын винттердің ұзындау жасалғаны пайдалы. Отан соғысы алдында Америкада ұзындығы 80 метр, үш тармақ қалақшалы жел машинасы іске қосылған. Жоғарыда айтылғандай, қалақшалардың ұзындығы салдарынан, қатты жел кезінде теңселіп, сынып кеткен. Демек, қалақшалардың ұзын болуы тиімсіз, әрі шығынға соқтыруы ықтимал.

Электр қуатын өндіретін қондырғы жасаған автор өз нұсқа-моделінде жоғарыдағыдай жағдайларды ескеріп, айналатын қалақшалардың түркүн қысқалау жасаудың үлгісін ұсынған. Жай айналатын үлкен қуаттыларына ұзындау қалақшалар орнатуға болады. Оның зандылықтары техника ғылымы саласында шұғылданып жүрген ғалымдар мен инженерлер үшін түсінікті. Бұл жерде ең басты мәселе электр стансаларының көптеп салынуына байланысты, назардан тыс қалып келе жатқан жел қуатын пайдалану арқылы электр энергиясын өндіру және пайдалы әсер коэффициенты арттыру күн тәртібіне қойылып отыр.

Жел қүшінен электр қуатын өндіретін қондырғының тиімділігі қандай деген сауалға жауап іздейтін болсақ, оның тұрмысқа қолайлы екендігіне көз жеткіземіз. Мәселен, жаңа қондырғы үн тарту үшін диірмен тасын айналдыруға, құдықтан су шығаруға, бау-бақша мен егістікті суаруға қолайлы мүмкіндік туғызады. Олай дейтін себебіміз, жаңа қондырғының 10 метр-секунд жылдамдықта 5 киловатт қуат беруге мүмкіндігі толық жетеді. Желдің жылдамдығы 20 метр-секундқа жетсе, қуат алу көзі 35-40 киловатқа дейін өседі. Бұдан кейін 20 киловаттан 150 киловатқа дейін қуат беретіндей етіп өзгерістер енгізуге де болатындығы дәлелденген. Екпіні

бәсекән желді аэродинамика заңдарына сәйкес екі-үш есе күшеттегіндегі қосымша қондырғылар жасаған. Бұл қондырғы жел энергиясы тарихында тұңғыш рет пайдаланылып отыр. Осы конструкциядағы жел машинасының біреуі ғана 100-ден 500 киловатқа дейін қуат бере алатын қондырғы жасауға да негіз қалайды. Сөйтіп, олардың орташа қосынды қуаты 30 мың киловатт болатын жылына 3x10 киловатт-сағат энергия өндіретін жел күшін игілікке жарататын электр стансасын жасауға мүмкіндік береді. Ғалым қолындағы деректер өған дәлел. Экономикасы дамыған Америка Құрама Штаттары, Бельгия, Германия, Жапония, Қытай сияқты елдерде тұтынатын жылдық энергияның 25 пайызға жуығы жел күшінің энергиясы арқылы алынып, тұрмыстық қажеттерді өтейтін көрінеді. Онымен қоса барлық жерде тиімділігін, әрі арзандығын, экологиялық тазалығын, қолдануға қолайлылығын дәлелдеген. «Жел күшімен қуат жинайтын қондырғы желсіз күндері қайтеді?» деген сауал да туындаитындығы көміл. Мұны да ғалым жан-жақты қарастырған. Бұл проблема жөнінде талай елдің ірі ғалымдары бас қатыра іздепген де. Олар желсіз күні энергия алушың электролиздік, аккумуляторлық, гидростанциялық жолдарын ұсыну жағын қарастырған. Сол арқылы электр қуатын тұтынушылардың шағын тобының қажетін өтеуге болатындығын дәлелдеп берген. Былайша айтқанда, 200-500 тұтіні бар ауылдың мұқтажын өтеуге қызмет ете алмағанымен, шағын ауылдар үшін пайдалануға тиімді қондырғы жасауға болатындығына көміл сенім бар.

Ғалым Қоялы желсіз күндері қуат өндірудің жәйі қалай болатындығы төңірегінде көп іздөнгендігін айтады. Өзіндік тоқтамға келіп, тиянақты тұжырым да жасаған. Қысқаша айтқанда, қондырғының жұмысшы бөлшектерінің термодинамикалық құйін өзгерту арқылы жел машинасына үздіксіз жұмыс істеткізуғе болатындығын зерттеген. Оның қуатын қажетті мөлшерден де көбірек арттыру мүмкіндігі барлығына көз жеткізген. Бірақ та ондай қондырғының біреуінің құны 5-10 млн.тәңгеге дейін барады. Бұл шығын бір жылға жетпей-ақ өз құнын

өтейтіндігін де есептеп шығарған. Демек, жұмсалған қаржы қайтадан орнына қойылып, пайдаға қарай жол ашады. Ғалым ұсынған жаңалық өндіріске енгізілді ме, дейтін болсақ, бұл жағынан да қолға алынып жатқан игі іс бар. Теориялық жағынан тиімділігі есептелініп жасалған қондырғының үлгі-жобасы бойынша инженер Анатолий Белоконь Қарағанды ет комбинатының шеберханасында қондырғыны жасап, іске қосқан. Өндірістік-инженерлік жұмыстың және материалдар шығынын іскер азамат Қойлыбай Пардабеков көтерген. Жаңалық авторы өзіне қолұшын беріп, көмек көрсеткен, игі бастаманы өндірісте қолдануға мүмкіндік туғызыған азаматтарға алғыстарын білдіреді.

Жел күшімен электр қуатын өндіруді шағын ауылдарда қолданудың тиімділігі үлкен. Қазіргі ауыл жылдарының ауқымын да атқарылып жатқан жұмыстардың бір саласы елді мекендерді электр қуатымен қамтамасыз ету екендігі даусыз. Осыған орай қалақша тетіктері желмен қозғалу арқылы электр қуатын өндіретін қондырғыны әр облыстың аудандарындағы шағын елді мекендерде орнату жағын қарастырып, қондырғыны көптеп шығаруға қаржы бөлсе, жаңашыл бастаманы қолданысқа енгізсе деген ұсыныс-тілек те бар. Ізденімпаз ғалым тек қана ғылыммен шүғылданып қоймай, әдебиетке, өнерге жаны құмарлығымен де ерекшеленеді. Ол ағымдағы басылымдарда публицистикалық мақалалар мен әртүрлі тақырыптарда жарияланған терең мазмұнды зерттеулерімен оқырман қауымға жақсы таныс. Автордың «Президенттікке кім лайық?», «Бүгінгі күн толғаныстары», «Жер неге сілкінеді?», «Араб түбегінде жұлдыздар неге сирек?» және басқа тақырыптардағы ізденистерінде таңғажайып құбылыстардың құпияларын дәйектілікпен терең зерттейді. «Ана туралы баллада», көрнекті ғалым Е. Букетовтың бақылыштық болуына орай бағышталып жазылған «Дүние салды бір алып», желтоқсан оқиғасына арналған «Ормандағы ойран» және басқа өлеңдері «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланған. Өлеңдерінің өзегі өмір, өрімі мен өрнегі өрелі ойға толы. Көркемдік кестесін келістіре көмкерген. Түйіндейтін

тұжырымдары да тың. Нақыштары да нақты. Оқырмандарын ойға қалдырып, сезім пердесін шертеді. Қоялы ән айтқанды да ұнатады. Тыңдаушысын баурап аларлықтай өзіне ғана тән қоңыр дауысы бар. Ғылыми ізденистен қолы қалт етіп босағанда домбырада, мондалинада, балалайкада, жеті ішекті гитара да ойнап, ән салатын өнерпаздығы қанға сіңген қасиеттей көрінеді. Сонымен бірге ұлтжандылығымен ерекшеленетін ер, ойын бүкпесіз ашық та, батыл айта алатын ақыық азамат.

Жел машинасының жаңа пайдалы әсер коэффициенті өте жоғары, қолданысқа тиімді әрі қолайлы қондырғы жобасының теориялық есептеулерін жүргізіп, жарыққа шығуына жолдама берген және алғашқы қарапайым моделін жасап шығарған ізденимпаз әрі жаңашыл ғалым Қоялы Аябергенов қазіргі кезде Евней Арыстанұлы Букетов атындағы Қарағанды университетінің химия факультетінде «Реакцияға қабілеттілікті бағалау және болжау» арнайы курстан, стреохимиядан, химиядағы математикалық тәсілдер, қазіргі жаратылыс танудың концепциялары және басқа пәндер бойынша қазак, орыс тілдерінде дәріс оқиды.

- Қазіргі Жетісу өніріндегі іргелі облысты басқарып отырған Шалбай Құлмаханұлы менің шәкіртім еді, - дейді профессор Қоялы Аябергенов. — Осыған орай «Жетісу» газеті арқылы облыс басшысы Ш. Құлмаханов мырзаға басшылық қызметте атқарған игі істерінің нәтижесінде «Барыс» орденімен марапатталғандығымен құттықтағым келеді. Ол мектепте оқып жүргендеге, ұстаз ретінде байқаушы едім, алғыр, пысық, аңғарымды, әрі жігерлі еді. Ерінбейтұғын. Көпшілік ортаға жақын жүретін. Осы бір жақсы қасиеттері басшылық қызметте жүріп ысылып, толыққандығын, парасаттылық пен салиқалы да сабырлылыққа үштасқанын ісінен де, қабілетінен де, кемелді көрегендігінен де аңғарғандаймын. Еңбегінің жемісті, өмірінің ұзак, денсаулығының мықты болуына ұстаздық тілекестігімді білдіре отырып, шамалы бұйымтайым - тілегімді де жеткізсем деймін. Мен жасаған жел күшімен электр қуатын өндіретін қондырғының нұсқа үлгісінің жобасы дайын. Енді оны

өндіріске жіберіп, стандарттық қалпын сақтап, бір тексті етіп шығаруды көбейтіп, электр жарығына мұқтаж шағын ауылдарға орнатса, ел кәдесіне жарап, игілігін көрер еді. Бірак, дайын қондырғы нұсқасы қозғаусыз тұр. Осыған орай мен жасаған қондырғыны өндіріске енгізуге шәкіртім, әрі інім Шалбай қолұшын беріп, шағын ауылдың шырағын жарқыратып, шаттығын көбейтуге қамқорлық жасаса деген өтініш-тілегім бар. Бәрін шешетін қаражат қой. Мүмкіндігіне қарай ойланып көрер деген үмітімді де үзбеймін. Ісіне сәттілік тілеймін, абыройының жұлдызы жоғарыдан жана берсін.

Ізгі ниетті ақ тілек қолдау тауып жатса, өнерлілер өрісінің кеңістігі кеңейіп, ізденістегі ынта-жігері арта түсері анық.

Білімінің тереңдігімен, біліктігінің ерендігімен ерекшеленетін Қоялы Аяпбергенұлының азаматтық өрісі де кең. Сондығы болар, көвшілікпен қоян-қолтық араласып, өзінің ізбасарларына, алдына келіп жүгінген кіші інілері мен шәкірттеріне де қамқорлық жасауға келгенде көңілі дархан, ниеті таза, жаны жомарт. Ғалым ағаның ынта-мейірі түсіп, қолұшын беріп, тікелей ғылыми жетекшілік етуінің нәтижесінде жиырмаға жуық талантты жастар ойының өрістілігін, ісінің көріктілігін көрсетіп, ғылыми еңбектер жазып, кандидаттықтарын абыроймен қорғады. Олардың қатарында Бозжанов атындағы орта мектепте істеп жүрген кезінде өзі оқытқан шәкірттері де бар. Атап айтқанда, Қасен Қожаханов медицина ғылымының докторы, Шалтай Смағұлов физика-математика ғылымдарының докторы, Сабыр Жарқынбаев, Манап Тубекбаев физика-математика ғылымының кандидаттары, Жұмаділда Бәзілов, Әлиман Үсқағиқызы педагогика ғылымдарының кандидаты, Жетпісбай Егінбаев Қоялы ағасымен бірге істеп, ол да математика ғылымының кандидаты атанды. Бұлардың бәрі де Қоялыдан білім алып, тәрбиесін көріп, өнегесін үйренген бір мектептің тұлектері, Құйған өніріндегі күні кешегі мектеп шәкірттері. Олар әр салада білімділіктерін көрсетіп, ел үшін қызмет етіп жүр. “Ұяда не көрсен, үшқанда соны ілесің” деген қанатты сөздің өмірден

алынған қағида екендігін дәлелдеп, Қоялының бір мектептен түлеп үшқан шәкірттерінің санаулысы ғана бұлар. Мұның өзі білім үясының оқыту сапасын талапқа сай атқарғандығын нақтылай түсетін дәлелдер.

Ғалымның әкесі Аябергенде, шешесі Таза да сыпайы, инабатты, биязы әрі кішіпейіл, кісіліктері кемел парасат-пайымдылығымен ел-жұртына қадірі артқан текті әuletтің ұрпақтары еді. Олардың өнегелі тәрбиесін бойына молынан дарытып, өміріне өзек еткен Қоялы да тағдырын қосқан қосағы Санақ екеуі ұрпақ өсіріп, шырайлы отбасының шырқын бұзбай, қалыптасқан дәстүр қалпын сактауды берік ұстанып келе жатқан жанұяның отағасы. Қындыққа қасқайып қарсы тұрудан тайынбау қанға сіңген қасиет. Табиғатынан танбаған таза жүрегі де жомарт. Әділеттіліктен ауытқымау үшін таразы басын тен ұстауы да тектіліктен дарыған кісілік пен адамгершілік қағидасының тұтас бір көрінісі деуге әбден лайық. Айналасына ұлағат сәулесін таратқан ұстаз, білікті де білімдар ғалым ғылым жолындағы ізденістері арқылы ел кәдесі мен игілігіне жарайтын жаңалықтар аша беретіндігіне сенім де үлкен.

## **АЗАМАТ АЖАРЫ**

*Күнделікті тіршіліктің өзінде,  
Белейді еңбек шат-шадыман сезімге.*

**Ян РАИНІС,  
латыш ақыны**


Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансұгіров атындағы мәдениет сарайының алды адамдарға толы. Жан-жақтан ағылып келіп жатқандар қарасы да мол. Табалдырық баспалдағына тақай берген орта бойлы, мығым да шымыр денелі адамға қарай жаппай үмтүліп, жапырлай сәлем берушілер көбейген.

- Қалыңыз қалай, ұстаз аға?

- Бүгінгі мерекенізben құттықтаймыз!

- Ұстаздық кесіпті біліктілікпен менгерген ағаларымыздың бірі ғой бұл кісі.

Осындай сөздер арнайы айтқан бір топ адам оны қаумалай жанасып ішке қарай еніп бара жатты. Көпшіліктің мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетіп жатқан адамы Егеубек Далбағаев еді. Ол осы тұста өзінің көпшілік арасында үлкен беделге ие екендігін сыйлай білгенге



сыйластырын айғақтай түсетінін біреу аңғарып, біреу байқамағанда болар. Бірақ шынайы шындық соған сияды. Ана сүтімен бойға тараған қасиеттің ең қадірлісі елін сүйіп, халқын құрметтеу, туған жеріне мәндай терін аянбай төгу десек, бұл әрі азаматтық абыройды асқақтататын, кісілікті кемелдендіретін салауатты сабырлықты байсалдылық парасаттыққа ұластыратын ұлағатты да ғибратты іс. Бұған бүгін де жетпіс атты жотаның жиегіне табан тіреп, өр биігіне ұмтылуға көз жіберіп, барлық саналы өмірін еңбекпен етене өткізіп келе жатқан Егеубек Даданбекұлы Дағбағаев сынды абзал жанның тыныс-тірлігі өнегелі іспен өрнектелген өмірі нақты дәлел.

Елекенің кісілік келбеті мен бекзаттық қалыптасқан кезеңі қоғамдық ортаға еніп, ортақ ойлы замандастармен дидарласудан бастау алғаны анық. Ең әуелі Ақсу алқабындағы Кеңқарын қойнауының топырағына кіндік қаны тамған қарадомалақ бала Егеубек анасы Жабағының ақ анарын еміп, бесік жыры әлдиінің әсем әуенін құлағына сіңіреді. Әкесі Даданбектің шалғайына оралып жүріп тіршілік қарекеттеріне тырбанып, еңбекке бейімделіп өседі.

Әкесінің ағасы Исатай ержетуіне, оқып-білім алына қамқорлық жасап, үлкен қолғабыс тигізеді. Ауыл мектебін бітіргеннен кейін Абай атындағы Алматы педагогикалық институтын ойдағымай тамамдайды. Мұғалімдік мамандық менгерген Егеубек 1953 жылы Қаратал ауданындағы Тастөбе ауылына жолдамамен келеді. Осындағы Жамбыл атындағы орта мектептің табалдырығын аттап, ұстаздық еңбек жолын бастайды. Өзі сүйіп таңдаған мұғалімдік қыр-сырына ықылас қойып, біліктілікті жетілдіру жолында тынбай ізденеді. Осылайша Қаратал өнірінде 18 жыл бойы тұрақты қызмет істейді. Аудандық оқу бөлімінде, партия комитетінде, атқару комитетінде жауапты лауазымды қызметтер атқарып, жұртшылықпен қандай жұмыс болмасын тапсырылған істі тиянакты атқаруға дағыланған Егеубек өзін іс үстінде танытып, үйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленеді. Тың бастамалар туындейді. Соның нәтижесінде Қаратал өнірінде жасөспірімдерді оқыту мен тәрбиелеу бағытында

қомақты істер атқарылады. Педагогикалық кадрлар іріктелініп санаты нығайтылды. Мектептер мен бала бақшаларының материалдық-техникалық базалары жақсарды. Бірден бес сегіз жылдық мектеп, он жылдық мектепке айналдырылып, ауыл балаларына қолайлы жағдай жасалынды. Үштөбе қаласында музыка, спорт мектептері, екі бала бақшасы ашылды. Төрт мектеп-интернат үйі сапқа тұрып, оларға шалғайдағы малшылардың балалары тартылды.

Егеубек Далбағаевтың аудандық білім беру саласына басшылық жасаған тұстарын да жүзеге асырылған игілікті істерді еске алушылар да көп. Солардың бірі Республикалық дәрежеге дербес зейнеткер, Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі Тоқтарбай Қанапияновбылай дейді:

- Егеубек Даданбекұлы ауданға келген алғашқы күннен бастап оқу-тәрбие жұмысын біліктілікпен басқаруға үмтүліп, білімін, күш-жүгерін, іскерлігін көрсетіп, әрбір іске сауаттылықпен жоғары талап қоя білетіндігін байқатты. Аудандағы барлық мектептердің жеке пәндер бойынша толықтай кабинеттік жүйеге көшуіне ерекше мән беріп, оларды заман талабына сәйкес жабдықтауды үдайы назарында ұстады. Нәтижесінде жақсы бастамалар туындалап, мектептің тыныс-тіршілігі кеңейіп, жақсы да жарқын істер көбейді. Мектептерді техникалық құралдармен қамтамасыз ету үшін көптеген қоғамдық үйымдармен, мекемелермен бірлесіп жұмыс істеуге бағыт ұстады. Аудан мектептері толықтай кабинеттік жүйеге көшіп, материалдық-техникалық жағынан едәуір нығайды. Оқу-тәрбие жұмысындағы онды өзгерістер облыс көлемінде жақсы жақтарынан атап өтілді.

Егеубек Даданбекұлының және бір ерекшелігі - орынды талап қоя білетіндігі. Іскерлік қабілеттілігі сүйсінітеді. Жаңалыққа жаңы құмар әрі ізденимпаз. Кадрларды тәрбиелеуге де шынайы көзқарас танытады.

Білім саласының құттыханаларынан еңбек баспалдағын аттауды бастаған Егеубек Даданбекұлының ұстаздық еңбегінің жоғары бағалануының өзі бір ғанибет.

## **МӘДЕНИЕТ МӘНЕРІ**

*Қимылданан аныздай өрлік өскен,  
Намыс үшін от құшқан, селді кешкен,  
Жәбірленген жандарға жан ұшырып,  
Сын сағатта қол берген, елжірескен.*

**Фариза ОҢҒАРСЫНОВА**

Ұстаздық өмірден ұлағаттылық өнегелердің бастауларын үйренген Егеубек Даданбекұлы Жетісу мәдениетін өркендептіл, оның қанатының кең жайылуына қосқан үлесі де елеулі. Олұзак жылдар бойы Талдықорған облыстық мәдениет басқармасын басқарды. Осы кезеңдегі атқарылған шаруаға көз жіберсек, қадау-қадау істердің жүзеге асырылғандығына куәгер боламыз. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары Егеубек Даданбекұлының тікелей араласуымен Андреев, Бәрлітебе, Сарқан, Қаратал аудандарында мәдениет үйлерінің ғимараттары салынып, пайдалануға берілді. Жиырмадан астам клуб үйлері ашылды. Оларда ауыл жастары үшін мәдени сауық кештері үйіндастырылып, жастардың бос уақыттарын қызықты өткізуудің тартымды бағдармалары жүзеге асып жатты. Аймақтың елді-мекендерінде қырықтан астам кітапхана ашылып, жұмыс істеді. Талдықорған қаласында облыстық драма театры, Сәкен Сейфуллин атындағы іргелі кітапхана, М. Тынышбаев атындағы тарихы өлкетану мұражайы, Ілияс Жансүгіровтің әдеби мұражайы есіктерін жұртшылыққа айқара ашып, мәдени қызметтің кеңінен өрістеуіне, жұртшылықтың рухани байлықпен сусындауға молынан мүмкіндік туды. Облыстық мәдениет басқармасының арнайы ғимараты бой көтеріп, талай игі шаралар үййтқысына бағыт-бағдар беретін орталығына айналды.

Мәдениет мекемелері еліміздің тарихын, ұлттық дәстүрлердің үрдістерін, жағымды әдет-ғұрыптарын кеңінен насиҳаттауда жұртшылық арасында атқарылған іс те қыруар. Мәселен, Жетісу өнірінде оннан астам тарихи-мемориалдық, сәулеткерлік өнерлерінің мұражайлары бой көтерді. Олардың бәрінде ел

тарихының өткендегісі, елдік пен ерліктің сан алуан шежірелері жинақталынды. Алтынемел етегіндегі қазақтың біртуар ұлы Шоқан Уәлихановқа арналған мемориалдық кешеннің салынуының өзі үлкен тиянақты жұмыс еді. Ақын Сара Тастанбекқызына, дарынды сазгер Мұқан Төлебаевқа, ауыл шаруашылығы өндірісінің нар тұлғалы білікті маманы Нұрмоловда Алдабергеновке қойылған ескеркіштердің өзі үлкен бір әңгіме арқауы.

Е. Далбағаевтың басшылығымен облыстық мәдениет басқармасы Жетісу өнірінде сазгерлік өнерді дамытуға, халықтық өуендерді бір жүйеге келтіруде қомақты жұмыс атқарылғандығы жүртқа аян. 1990 жылы Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптары оркестрі үйымдастырылды. Оның құрамына өнерлі өрендерден іріктелген 40 адам енді. Аймақтағы көркемөнерпаздардың тоғыз ұжымына халық театры әртісі атағы берілді. Қазақстанның еңбек сінірген әртісі құрметті атағына сегіз адам ие болды. Еңбек сінірген мәдениет қызметкері атағын жеті адам иеленді. Мұның бәрі Е.Далбағаевтың өнер адамына деген ыждағатты ықыласын, олардың мерейін өсіріп, мәртебесін марқайту мақсатындағы жүзеге асырған жарқын істерінің бір ғана көрінісі еді.

## **ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІК ЕСКЕРКІШТЕРІ**

*Адал еңбек еткеннің көнілі шат.  
Әлішер НАУАЙ.*

Жетісу өнірі тарихи орындарға бай. Көрнекі ескеркіштер мен сәулетті мұражайлар қатары біршама. Бірақ олардың барлығы жинақталынып бір жүйеге түсіп, құжаттық деректері реттелініп, тарихи мәні мен мағынасы терең зерттелінбей жататын. Егеубек Дағбағаев облыс мәдениетін басқаруға келген тұста бар-жоғы үш-ақ мұражай бар еді. Олар тарихи өлкетану, «Жаркент мешіті» сәулет өнері, Черкасск қамалы мемориалдық мұражайлары еді. Бұл мұражайлардың материалдық-техникалық базасы жүдеулеу, әрі қоры да аз-тұғын. Экспозициялары сын көтермейтін. Мұражайлардың

мұрағаттық қорын толықтыру қолға алынбаған, қолдау да таппаған-ды.

Мәдениет саласында он екі жыл үздіксіз еңбек еткен Егеубек Дағбағаев өткен дәуірдің шежіресі тарихы, елдік пен ерліктің ескерткіштері болып табылатын мұражайлардың жұмысын жақсартуға, оларды халықтың рухани игілігіне айналдыруға ерекше назар қойды. Жаңадан жеті мұражай үйі ашылып, облыста едәуір іс тыңдырылды. Қаракерей Қабанбай, ақын Сара, Ілияс Жансүгіров, Нұрмолда Алдабергенов, Мұқан Төлебаев сыңды халықтың біртуар азаматтарына арналып жаңадан мұражайлар мен ескерткіштер кешенді бой көтерді. Мұражайлардың көрермендерге арналған құндылықтары - мұліктері көбейтіліп, саны артса, екінші жағынан сапасы да жақсартыла түсті. Осыдан барып облыстағы мұражайлардың жұмысы Республика бойынша алдыңғы қатардағы мәдениет ошактарына айналды. Мәселен 1985 жылы облыстық тарихи өлкетану мұражайының мұрағаттары Республика бойынша ең үздік деп танылып, оның базасы негізінде мұражай қызметкерлерінің Республикалық семинар-кеңесінің ұйымдастырылуы игілікті істің нышаны еді. Мұражайлардың мұрағаттарын орналастыру, безендіру, құнды мұліктердің қорын толықтыру жағы да пәрменді жүргізілді. Мұрағаттардың құндылық ерекшеліктерін, мәні мен мағынасын тарихи дәйекті деректемелер түрғысынан насихаттауға бет-бұрыс жасалынды. Тарихи мәдени ескерткіштерді түбегейлі анықтап, зерттеп, есепке алу, қорғау жұмыстары ойдағыдай іске асты. Республикада тұнғыш рет тарихи, мәдени ескерткіштердің картасы жасалынЫП, мемлекеттік қорғауға есепке алынған ескеркіштердің бәрінің төл құжаттары толтырылды. Сонымен бірге мұрағаттардың мән-мағынасын ұғынықты түсіндіруге арналып қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде түрлі-түсті сегіз бүктеме баспаҳаналық тәсілмен шығарылды. Осыншама қыруар істі атқаруда Егеубек Дағбағаев мырзаның ұйымдастырушылық қабілеті танылып, ойға алған, жоспарланған істі барынша тиянақты жүзеге асыруға күш-жігерін аямайтын жан екендігімен ерекшеленді.

## ІЛТИПАТТЫ ЛЕБІЗДЕР

Білімнің сөзі - ем,  
Мейірімі көп, өзі – кең  
**Мағжан ЖҰМАБАЕВ**

Егеубек Даданбекұлының бір ерекшелігі білімсіздің алдында кішірейіп, білімдінің алдында шікірейіп көрген емес. Талғамы мен толғамын тайталастырып, тығырықты тосқауылдардан тайсалмайтындығымен достарына белгілі. Ол дәuletі асса, талтақтағанды, өнбейтін іске салпақтағанды, досын сатып, жан сақтағандықты қаламайтын және ондайға бармайтын өзіндік үстами мен дәті берік жан. Адами дидарымен мерейлі мейірімін, жомарт жүректің пейілін төгу арқылы жүрттың көнілін нұрландырып, шапағатымен шаттандыруға құштарлығы жақсы мәлім. Сондығы да, болар Егеубек Даданбекұлымен сырласатын, жақын жүретін, қоян-қолтық араласатын адамдардың да біліктіліктері бекем, әрі ниеттері таза, бірліктері бірегей. Осынау абзал жан жайлы бірге қызметтес болған, үзенгілес қатар жүрген жолдас–жораларынан, замандастарынан сыр тарта қалсаңыз, олардың да түйіндең айтар сөздері шынайылықты, кіслік келбетті, парасаттылықты паш етіп жатады. Енді сондай ілтипатты лебіздер легіне құлақ түріп, көз жүгіртер болсақ төмендегідей:

**Әбу Сәрсенбаев** – Қазақстан Республикасының еңбек сінірген дәрігері:

- Өз басым Егеубек Даданбекұлын тек қана еңбекқорлығымен емес, жеке басының білімділігімен, адамдарға қамқорлығымен, қоғамдық жұмыстағы белсенділігімен танылған жан. Оның көп жылғы жемісті еңбекі Жетісу жеріне жақсы мәлім. Халық ағарту, мәдениет салаларында қыруар жұмыс атқарды. Ол өте қарапайым. Ақсақалдық қасиеті де жоғары.

**Құләш Тұменбаева** – Республикалық дәрежедегі зейнеткер:

- Егеубек Даданбекұлы даңғыра шумен, дарақты мақтанды бойына дарытпаған жан. Сабырлы жүріп,

салмақты ұстайды өзін. Қандай да бір қыннан қисын қыбын тауып, төгіліп сөйлейтін шешендігі де бар. Өзгені тыңдай білетін кішіпейілдігі, пікірімен ұсынысын ебін тауып өткізе алатын шеберлігі әркімді тәнті етеді. Қай ортада жүрсе де, ақ пен қараны ажырата алатын аңғарымпаздығымен ерекше көрінетін ақсақал.

**Тұрар Бостанова** – Батыр ана, еңбек ардагері:

- Ана мен балаға қамқорлық жасау ардақты іс. Бұл тұрғысынан алғанда Егеубек Даданбекұлына тек аналық алғысымызды айтуға парыздымыз. Ол кісі қамқоршылығымен, қайырымдылығымен, тұрмыстыршіліктің әртүрлі тауқыметін дұрыс түсіністікпен бағалайтындығымен ұнайды. Осы жағынан алғанда Елекеңнің кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде ұсынар айшықты істері де ұланғайыр.

**Асылбек Меніс** – Талдықорған қалалық емханасының бас дәрігері:

- Пейілі кен, мінезге бай, әрі қарапайым кісі кім десе, Егеубек ағаның есімін атар едім. Ақылдасуға, көмектесуге әрдайым даяр. әзілімен кіrbің қабақты жадыратуға да шебер. Демеп, жебеп рухтандырып отыруы ана сүтімен бойына сіңген қасиет тәрізді. Жан жылуын аямайтының, адам жанын түсіне білетіндігін үлгі тұтамыз. Адами асыл қасиеттерінің аясында жүріп, аға деген сөзді айтудың өзі біз үшін үлкен ғанибет.

**Тұрарбек Омарбеков** – Талдықорған қалалық ақсақалдар алқасының мүшесі, еңбек ардагері.

- Егеубек ақсақал Жетісу жеріндегі есімін ерекше айтуға тұрарлық азамат. Ол өзінің тынымсыз еңбегімен энциклопедиялық білімге ой-өрісін негіздеген, үйымдастырушылық қабілеті жоғары, терең ойлы бірегей тұлға. Қатардағы мұғалімнен облыс деңгейінде ел басқару дәрежесіне көтерілген Елекең құрметті еңбек демалысы кезінде де тыным таптай ақсақалдар алқасын басқарып, қоғамға қомакты үлес қосып жүрген үлгілі адам, еңбеккор ер.

**Ғайыс Егембердиев** – соғыс және еңбек ардагері, белгілі журналист:

- Қазақта не бір зиялы қарттар бар. Бірақ...

қарттардың ішінде қырттар да ұшырасады. Егеубек осылардың алдыңғысы. Иман жүзділер адами жолдан, әділеттен аумайды. Ол обал, сауап, әдеп, күнә секілді киелі ұғымдарды құлағына құйып, көкейіне түйіп өскен, кісілік пен кішілікті таразылаған азamat. Біреуге мейірімділік, қайрымдылық жасаудан рақатқа молығып, жаны жай табатын зерек адам. Байқаймын, әр кез сүрінгенге сүйеу болуға, риясыз қол үшін беруге құштар. Мұны мен қаламыздағы үлкен «Ақмешітті» салуға төрт ақсақал ниет білдіріп, мекемелердің, кәсіпорындардың есігін қағып, жылу жинағанда анық аңғардым.

Көпке мәлім билік иелерінің уәде беруі бір басқа да, оны орындау бір бөлек қой. Егеубек уәдешіл «жаңа қазактарға» сарыла қоңырау шалып, бірін ұялтып, бірін қызартып дегендей, мешітке көп қаржы түсуіне мұрындық болғанын үзенгілес біздер ғана білеміз. Ұйымдастырушылық, жетекшілік икемдігіне қоса, ол парасатты, байсалды, шешен де. Сабырлы, биязы, мағыналы сөзімен әлеуметті өзіне тартып, ұйытып әкетерлік қабілет дарыған жан.

**Сатыбалды Кеңесов** – Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің тәрағасы:

- Еңбекпен есейген Егеубек Даданбекұлының жасының ұлғайғанына қарамастан кекселекті иектетпей, еңсесін жоғары ұстауының өзі мықтылық. Үйреншікті, құлшынысынан жазбай, сезімі сергек, мығымдық қалпын бұзбағандығы әркімді қайран қалдырады. Имандылық нұры ұялаған, мейірімді жүзі кішіпейілдікке, жылылыққа толы. Жүрегінің жылуынан шуақты шапағат нұрына бөленгендей сезінесің. Үлкендерді сыйлап, кішіге кішіпейілдік танытуы, жұрттың бәрін тең санап, бірдей көруі өмірлік қағидаға айналған дағды дерлік.

Осындай сан алуан ілтипатты лебіздерімен жүргі елжірейтін Егеубек Даданбекұлы құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін де жас ұлғайды, кекселік менедеді деп қол қусырмады. Өмірлік тәжірибесінің қағидаларын жастарға ұлғі-өнеге ретінде ұсынып, адамгершілікті, қанағат пен рақымшылдықты насихаттаудан әсте бір жалыққан емес. Не істесе де,

ақылмен ойланады. Біліктілігімен іс атқарады. Әмірлік тәжірибесінен қорытынды шығарып, ілкімдісін іріктеуді. Дәмдісін жұртқа ұсынады. Бұл тұста Елекенің өзі үйымдастырған «Шежіре отауы» көп нәрсені үйретуге иғі - ықпал етуде. Осы қоғамдық клуб арқылы Жетісудың тарихын, мәдениетін, негізгі мұрағаттарын, ұлттық үрдістерін зерттеуде атқарған ісі үшан-теніз. Клуб қызметі өнегелі ісімен Республикаға да танылды.

Ақсақалдар алқасының бастамасымен Талдықорған қаласында бұрынғы «Чайка» кинотеатры қайтадан жабдықталынып, Жетісу ақ мешіті пайдалануға берілді. Оның сыйымдылығы бір мың адам. Осы мешіт үйі арқылы жастарды адамгершілік, имандылық иірімдеріне үйретіп, халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды кеңінен түсіндіріп, жастарға отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеуге иғі ықпал ететін көпшілік орынға айналуына Елекен қосқан үлес те үлкен.

Егеубек Даданбекұлы Дақбағаевтың көп жылғы жемісті еңбегі жоғары орындар тарапынан лайықты бағаланып жүр. Ұстаздық қызметі үшін Қазақстан Республикасының білім беру саласының үздігі атанды. Ол «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапатталынды, Алматы облысының құрметті азаматы атағы берілді. «Парасат» орденін өніріне тақты.

Еңбекпен етene өскен Егеубек Даданбекұлының отбасы да берекелі. Жанұясына тән өзіндік жылылық шуағы бар, қонакжай шаңырақ. Ағайын-туыстары, досжарандары жиналған ортаға дастарқан жаятын Зағипа Бақытқызы жоғары білімді, жас үрпаққа тәлім-тәрбие берген үстаз. Математика пәнінің білікті маманы. Жанұядада екі қыз, екі ұл тәрбиеленді. Олардан жеті немере, бір шебере сүйіп, балалар қуанышы одан әрі жалғасып, шаңырақ шаттығы шалқи түсуде. Балаларының бәрі жоғары білімді, еңбекке қабілетті жандар. өздері жұмыс істеген саласы бойынша белсенділіктерімен қатар құрбыларының алдыңғы легінде жүргенін ата-аналары әрдайым қуаныш санайды. Үйден күмбірлеген домбыра үні естіледі. Күй тартып, өмір жырын шертіп, үлкен толғаныс үстінде отырған Егеубек Даданбекұлы. Ол өзінің

енбекпен өрнектеген өмір жолына көз жіберіп, бақытты, шаттықты күндердің ән-күйін жырға қосып, алғы өмірге құштарлық сезіммен ой жіберіп, қиялы самғау биқтерге шарықтайды. Домбыра құлағынан өмір күйінің сазы шалқиды.

## «ТӘРБИЕ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ»

Мәдениет саласында ұзақ жылдар жұмыс істеп, тәлімді тәрбие беру ісімен ұдайы шұғылданып келе жатқан Егеубек Даданбекұлы Дағабаев мырзаға газет тілшісі жолығып, сұхбаттасқан еді. Төменде әңгімені оқырмандарға ұсынып отырмыз.

**- Егеубек Дағанбекұлы, біз Қазақстан мемлекеті ретінде тәуелсіздікке қол жеткеннен бері үлттық сөзімізді айтып, үлттық іс-әрекет көрсетудегі және мақсат-мұддемізді жүзеге асырудағы қазіргі іс барысына көңіліңіз тола ма?**

- Әрине, толады. Көңіл көншітер кемелді істеріміз де көп. Ең бастысы үлттымыз «Қазақстан елі» деген атпен дүниежүзі қауымдастыры қатарында өз орнын иеленді. Бұған тәубә деп шүкіршілік жасауымыз керек. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы мемлекетімізді тағы да бір белеске көтеретін, соған бағыт-бағдар беретін құнды құжат. Президент сөзімен айтқанда, реформаның бірінші кезеңі аяқталды, саяси-экономикалық шаралар іске асты. Еліміз дүниежүзі мемлекеттері арасында зор қошемет, құрметке ие болды. Қазақстанның саяси тұрақтылығын, экономикасының дұрыс бағытқа түскенін бүкіл әлем мойындалп отыр. Отандық экономика көздерінің негізі қаланып, онды өзгерістерге бетбұрыс жасауымыз бәріміз үшін қуаныш әрі мерейлі мәртебе.

Президент Жолдауында халықтың тұрмысын жақсарту мәселесін көтерді. Зейнетакыны, жалақыны өсіру, жеңілдіктер жөніндегі берешектерді өтеуге қаржы бөлу және басқа әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді күн тәртібіне қойды. Бұл жақсылықтың алғы шарты. Еліміз өркениетті елдер көшіне ілесе бастағандығының нышаны.

Азияның орталығында көк байрағы желбіреп, жұлдызы жарқыраған «Қазақстан мемлекеті халқының дархан пейіліне тән берекелі, бірлікті ел екендігін дәлелдейтін көріністің айқын айғағы. Дегенмен де шаңырағы биік, босағасы берік ел болу үшін, елдігімізге тән өркенді кәсібіміз болса, әркім өзіне тиісті шаруашылығын ептеілі жүргізсе, нарық әлемінде бір ғана мұнай мен шикізат емес, мынау «Қазақтардікі»- деген атпен ірілі-уақты тауарлар өндіріліп, жан-жақты сұранысты иеленіп, сатылып жатса ғой шіркін.» Бұл да әзірге асқақ арман.

**- Тосқауыл – кедергілердің себептері қандай?**

- Еліміз екі ғасырдан артық бодандықта болып, өз ойымыз бен өз мақсатымызға, өз дәстүр-салтымызға сай мемлекет құра алмағанымыз сізге де мәлім. Біреудің иегінің астында, соның қалауымен, нұсқауымен күнкөріс үшін тырбанып, «қазақ» деген атымызды әзер сақтап келдік қой. Орталыққа қарап жалтақтауымыз көбейді. Өз тұсымыздан ел өміріне байланысты құрделі де жауапты мәселелерді шешуге ұмтылғанымызben, түпкі ой төркінін түнекте тұншықтырдық. «Барлығын мемлекет береді», «Біз үшін партия ойлайды» деген желеумен терең ойлану мен толғану қабілетінен де айырылғанымыз да ақиқат. Осы бір бой үйренген психология бүгінге дейін әдетке айналып, ойымыздан да, көкейімізден де кетпейтін сыңайлы. Мысалдықтың ми батпағына малтығуымыз соған дәлел. Әлі де «Жоғарыдан» көмек күтіп, әлі де біреуге сенушілік, бейқамдық, еріншектік басымдау. Нактылы істен көрі, сөз құмарлыққа үйірсектеуміз. Әркім өз бетімен тіршілік жасайтын уақыт жеткен сияқты. Мұны жастарға ұғындырып, бекер сенделістен сейілтуіміз керек. Шүкіршілік, Жетісуда жер де, су да жетерлік. Егін ек, мал өсір. Еңжарлыққа салынба. Еңбек етсең емесің.

Өкінішке орай, қалаларда бәрі бос жатқандай, құнарлы топырақты, нұлы жерін тастанап шаһарларға қарай шұбырушылық әдетке айналып барады. Әсіресе жастар жағының бейқамдығы көп мазалайды. Біріншіден – ауылдан келіп қалаға шоғырлану, оның жақын маңындағы саяжайларға, жатакханаларға орналасып, жұмыс іздеуге мәжбүр. Қалада орналаса қоятын орнықты жұмыс та жоқ.

Базар төңірегінде кездейсоқ кездескен күнделікті мардымсыз теңге-тебенмен күнелтуде. Бұл не тіршілік? «Тепсе темір ұзетін» жастарымыз қала сыртындағы саяжайға орналасқанына мәз болып, күнделікті бес-он тыны тапқанына ризашылық пейіл танытатын сияқты. «Орын таппай баптанба», - демеп пе еді Абай атамыз. «Ертеңін ойламаған ер азар» демекші, өмірге терең бойламай, қам-қарекетсіз, жеңіл жүретін жастарды көргенде жүрегің ауырады. Біз сенген болашағымыз жастардың бүгінгі тірлігі осындай. Олар «арбакеш» болса, ертеңгі күнімізден не күтеміз.

Бұгінде ірілі-уакты елді мекендер мен қалаларда не көп дүкендер, дүңгіршектер, кафелер, барлар көп. Олар көрші елдерден әкелінген сырты жылтыраған, іші бырқыраған өзі қымбат дүниені алушылардың сиректігінен біреуі жабылып, екіншісі ашылып жатады. Халқымыз айтушы еді: «Өзіннен тумай – ұл болмас» деп, тегінде өзіңнен өндірілмесе, өз өзегінен шықпаса, кісіден алып, кісіге берген кімді жарытады дейсін. Қай жыртықты жамайды. Сондықтан бұрау өндірсекте өзіміздікі болсыншы, өзімізді өзіміз жұмыспен қамтып, шеттен келген қоқыр-соқырларды ығыстырып, мемлекетіміздің өзіндік бет-бейнесін жасасақ, дәuletіміз шалқып, берекеміз құтаяр еді. Әрі алушыға да, сатушыға да тиімді болар еді. Бағасы да аспандамас еді. «Жері байдың – елі бай» дегенді нақты іспен дәлелдегенге не жетсін.

Базар жағалап тыны таппай, кәсіпкерлікпен шұғылданып теңге тапсақ. Қаржы қорын көбейтіп, тұрмысымызды түзейтініміз шүбәсіз.

**- Қазақ ұлтының келбеттік көрсеткіші ана тілінің – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, беделін арттырудың іске көніл көнши ме?**

- Тіл мәселесі, оны күнделікті қолданыстағы аясын көнектізу – бүгінгі таңдағы ұлтымыздың қасіреті. Мұны ешкімнен көруге болмайды. Өзіміз кінәліміз. Үстіміздегі жылдың 13 желтоқсанда журналистермен кездесуінде Елбасымыз тілдің саяси мемлекеттік мәселелері шешілді деді. Ол рас. Шешімдер бар. Тек оны іске асыру керек.

Ел болып, тіл мәселесін қолға алуымыз ауадай қажет. Тілді – ұлттық саясатқа айналдырмаған жөн. Тілді білу, үйрену әрбір азаматтың, әрбір отбасының, іс басқарып, ұжым басында отырған ұл-қыздарымыздың қоғам алдындағы парызы. Солардың істегі қабілетіне, ұлттық сезіміне, ар-ожданына тікелей байланысты. Үстіміздегі жылдың қазан айында Талдықорған қалалық ақсақалдар алқасы «Шежіре отауында», «Өнер алды - қызыл тіл» деген тақырыпқа дөңгелек үстел мәжілісін өткіздік. Ол нені көрсетті. Біріншіден – тілге қамқорлық жоқтығы айтылды. Сөзден асып, іске кірісу кешеуілдеуде. Іс барысын жүйелі басқарып отырған не қоғамдық, не мемлекеттік үйым да, мекеме де жоқ. Бір кездегі Қазақ тілі қоғамдарының тарапынан байқалған белсенділік жоқтың қасы. Көп жерде аты бар да, атқаары шамалы. Анда-санда баспасөз бетінде көрініс бергенімен, тайға таңба басқандай ізі танылмайды, көмескіліктен күнгірттігі көpteу.

Екіншіден – Тілді әңгіме жасағанда, өзіміздің қанымызға «сіңіп» кеткен әдетімізше, кемшілікті біреуден, тіпті «жоғарыдан» көреміз. Ол кейбір жағдайда дұрыс та шығар. Дегенмен тіліміздің мәртебесін көтеруде үйымдасқан қымыл аз, ынта кем, ұмтылыс екіүдай. Бізге оны біреу жасап, табаққа салып, алдымызға тартатын сияқты үміттенеміз. Жалтақтауымыз жан қиналтпайды. Тілжөнінде патриоттық сезім, намыс байқалмайды. Бұған бір ғана мысал, биылғы қараша айында аты шулы «Караван» дейтін газетте облысымыз жөнінде, бізге «жанашыр» танытқансып, барды-жоқты құрастырылған «материалдар» басылды. Оның ішінде біздің атабабаларымыз қалыптастырыған халықтық дәстүрімізге шабуыл жасағансиды. Неге қуаныштарыңды қуаныштайсың, неге Қарасай, Қабанбай, Райымбек, Ескелді бабаларыңа ескерткіш қоясындар, оған шыққан шығынға «қарын тойғызу керек еді» деп ақыл айтЫП, аруақ атына нұқсан келтіріп жазғаны бар. Соған осы күнге дейін не үлкеніміз, не кішіміз жауап беруге, тойтарыс жасауға ықылас танытладық. Бұл не? Осы да елдігіміз бе?

Ата-дәстүріміз ұлттық негізіміз емес пе? Оған көрінген көкatty көлденендең кимелеп, Құндылығымызды тұқыртып жатса, қалайша жаң шыдайды.

**- Қазіргі кездегі адамды, оны ішінде жастарды тәрбиелеу ісіне қөзқарасыңыз қалай?**

- Қарттарымыз - шежіреміз, жастарымыз - болашағымыз. Бұл да сай-салада батырап, бұлыңын бұқпантайлап, өзіне тән арнасын таппай, нарық қыспағына түсіп, бой көтере алмай, ыстықта шөжіген дән кейітпес құбылыс тәрізді. Халқымыз «Асыл тастан, ақыл жастан» деп тегін айтпаған ғой. Осы ақылдың басын қосып, үйымдастыра алмай келеміз. Бүгінгі және келешектегі ұрпаққа берілетін тәлімді тәрбие тамыры тереңде. Сыры да, қыры ұлан-ғайыр. Соған қарамастан тәуелсіздікке қол жеткелі жасөспірімдерді тәрбиелеу ісі әртүрлі мекемелердің кеңселерінде бытырап, береке таппай назардан тыс қалып жүр. Атап айтсақ, білім мен ғылым, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық келісім министрліктеріне беріліп, бір жүйеге түсе алмай жүрген - үлкен мемлекеттік іс. Жастар мәселесі де саяси тұрғыдан әдемі шешілген. Бірақ оны іске асыру механизмін қозғайтын қуатты күш кемшін.

Мектептерде бұрыңғы пионер мен комсомол үйымдары жоқ, олардың орны үнірейіп бос тұр. Облысымызда «Мың бала» атты жақсы ізгі іс бастама көтерілді. Бірақ ол бастама штатқа тіреліп, ақылы вожатый-жетекшілер болмағасын жастар арасында өз орнын таба алмай адасып жүр. Соңғы деректер бойынша мектептердегі тәрбие ісімен шұғылданатын оқу ісінің менгерушілері де қысқартылған көрінеді. Сонда не тәрбиесіз бала өсе ме, іс ілгері баса ма? Шындығына келсек, облысымызда ұлттық тәрбиелік мәні бар көптеген иғі ата - дәстүрлеріміз көтеріліп жүр. «Рухтан» бастап, «Кеусенге» дейін жеттік. Осылардың негізінде – ізгі де иғі істерді басқарып, бағыт-бағдар беретін әкімдер құрамында мемлекеттік, немесе қоғамдық үйымдар қажет-ақ. Бұл өз алдына қомақты мәселе. Күн тәртібіне қойылып, нақты шешімін тауып жатса, нұр үстіне нұр.

**- Қазіргі жастардың рухани байлығы жүдеу деген**

**сөз жиі айтылады, ол жөніндегі сіздің пікіріңізді тыңдасақ деймін.**

- Жастардың рухани байлығы жүдеу, ой-өрісі шектеулі деген сөз жеткіліксіздеу. Одан да батылырақ барсақ, қателесе қоймаспыз. Себеп – салдары да жеткілікті. Менің естуімше елімізге тек телерадио компаниялардың екі жүзге жуық каналдары хабар таратады екен. Олардың барлығы бірдей біздің мемлекетіміздің саясатын, ұлттық ата-салтымыз бен дәстүрімізді, иманжүзділікті насиҳаттаудан аулақта жүр. Мазмұныз идеялық жағынан арзан қолжүздеген сериялардан тұратын видеокөріністер жүйкені жүқартады. Оның сыртында, сауда да, түрлі-түсті кассеталар тағы бар. Бәрінің негізгі бағыты біреу-ак, тәбелес, кісі өлтіру, немесе әкесі мен қызы, анасы мен ұлы шатасып, айқасып жүрген шым-шытырық, шытырмандар, нәрсіз, мәнсіз дүниелер. Сананы улайтын қасіретті қараеттер. Бұны көріп жүрген жастар ертең кім болады? Тіпті мемлекеттік теледидар хабарларынан, қазақтың ән-құйлерін тыңдаудың өзіне зармыз. Осы тұста айтар ойлар көп.

Бұрынғыдай жалтақтап, Мәскеуге қарайтын кезең өткен, неге біздің шығармашылық өнер ұжымдары «Құрманғазы», «Отырар сазы» оркестрлерінің және басқа ұлттық өнеріміздің ақынтарының концерттік бағдарламаларын жеке кассетаға түсіріп, төлемді етіп сатпасқа. «Хабар -1», «Ақшам» каналдары арқылы тарихи фильдерді көрсетіп жатса, кім құп алмайды. Осы бығытта жұмыс істейді деген «Хабар-2» бағдарламасының Республикамыздың шалғай аудандарын айтпағанның өзінде, Алматының түпіргесіндегі Жетісудың, оның ішінде Талдықорған аймағының көре алмауына не жорық. Осындай шағын шалағайлықтардан шалқар айдын құралады. Айдыннан жүзіп өту қын, жастардың ой-өрісі де бейне таспаның бейбастық көріністерімен көмкерілген. Одан тысқары шығаруға пәрменді күш керек.

**- Сізге Талдықорған аймағындағы тарихи, мәдени ескерткіштердің мән-жайы жақсы таныс. Олардың тәрбиелік мазмұны мен мәнін насиҳаттау,**

## **түсіндіру бағытындағы атқарылған шаралар қандай?**

- Ата-бабаларымыздың өміріне, зерделікпен қарау, тарихи ескерткіштерді сақтау, оларды тәрбиелік бағытта насхаттау мен пайдаланудың маңызы бүгінгі таңда ерекше. Ал Жетісу өнірі құндылығы жоғары тарихи мұраға бай өлке.

1992 жылы тарихи, мәдени мұралар жөнінде мемлекетіміздің арнайы заңы қабылданғаны белгілі. Осыған орай Талдықорған аймағы бойынша 927 археологиялық, тарихи, мәдени ескерткештер есепке алынып, заңға сәйкес олардың құжаттары жасалып, картасы баспадан шығарылған еді. Олардың ішінде Жаркент қаласындағы сәулет өнерінің үздік үлгісі «Жаркент мешіті», Шанханайдығы халқымыздың біртуар ұлы, ғұлама ғылым Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановқа арналған мұражай - ескерткіш кешені, ақыық абзал азаматтарымыздың – ақын Сара, Ілияс Жансүгіров, Мұқан Төлебаев, Нұрмолда Алдабергенов ескерткіштері халқымыздың касиетті де, қасіретті өмірін баяндайтын бағалы мұралар. Халқымыздың рухани денгейін арттыруға қызмет ететін, жастарға тәлімді тәрбие мен өнегелі ұлағатын ұсынатын байлықтар.

Ал оларға жауап беретін, оның құжаттарын жасап, оны сақтап, тарихи мәнін насхаттайтын орын кім? Сол бір бағалы құндылықтардың кімнің қарауында екені белгісіз. Осы жағы қынжылтады, әрі ойлантады.

**- Сіз «Шежіре» отауын құрып, оның жұмысын талапқа сай үйымдастырып отырсыз. Осы жөніндегі атқарылған іске әрі келешектегі бағдарламаңызға тоқталсаңыз?**

- 1995 жылдан бастап, Талдықорған қалалық (бұрын облыстық еді) Ақсақалдар алқасының «Шежіре отауы» жұмыс істейді. Халқымыздың салт-дәстүрінің негізін насхаттауға құрылған. Мұнда ойы биік, тәлімі мол ұлқыздарымыздың өнегелі өмір жолдары, еліне-жұртына деген аманаты жинақталып, жүйелі баяндалады.

Ақсақалдардың жұмыс штабы – десек те болады. Ұлттымымыздың шежіресін, олардың киелі өсиеттері мен ойларын зерттеп, насхаттаудамыз. Ұлттымымыздың әдет-

ғұрыптарын, озық дәстүрлерін сақтап қалуға, тәлімдерінен ұлағат үрдістерін үйренуге себепші болама деген ойдамыз.

**- Егеменді еліміздің мемлекеттік Әнұранына өзгеріс енгізу жөнінен ұсыныс жиі айтылып жүр. Бұған Сіз қалай қарайсыз?**

- Әнұран – патриоттық сезіміміздің асқар шыңы. Сиднейдегі олимпиада біздің түлектеріміздің «алтын алқаға» ие болған құрметіне арнап жер жүзінің алыстағы алтыншы құрлығында мемлекетіміздің қазақтың музыка дәстүрі негізінде жазылған Әнұранымыз шалқи естілгенде жүргіміз елжіреп, қалайша тебірендік. Көз алдыңа қазақтың даласын елестеткен әуен үні төбемізді көкке жеткізді ғой.

Біз тегі біреуге еліктегіш халықпаз. Ресей Әнұранын өзгертеді деп біздің желпінуіміз женілтектік. Қазіргі Әнұранды өзгертуге өз басым келіспеймін. Бізде патриоттық рух негізінде жазылған шығармалар тапшы. Еліміздің Әнұранына ұсынылып жүрген Шәмші Қалдаяқов пен Тілеухан Бекболатовтың туындыларының ұлттық мәнері ашық, айшықтары нақышты бейнеленген жігерлі әуендер екені даусыз. Оларды қасиетті сахна құдіретіне қалдырған жөн. Тегінде мамандардың айтуынша, Әнұран бүкіл дүниежүзі елдеріндегі салтанаттарда орындалатындықтан, оның өзінше музыкалық өлшемі, шарты бар. Оны да ескерген жөн. Өзгерістерге ұшырата беруден ұтарымыз да шамалы. Сабыр түбі - сары алтын. Барды қанағат тұтып, қазіргі Әнұран әуенін әр жүрекке жеткізсек, тәрбиелік мәнін күшайте түссек, ештеңеден ұтылмасымыз кәміл.

Сөз соңында айтарым, жырмасыншы ғасырды тарихқа аттандырып, жаңа ғасыр – үшінші мыңжылдық табалдырығын аттағалы тұрған шақта егеменді елімнің барша халқына жасампаздық істермен көрініп, іргелі мемлекет болуына Көкбайрағының биіктегі желбіреуіне тілекестік білдіремін.

**- Әңгіменізге раҳмет.**

## **ДИМЕКЕҢНІң ӘКІЛ БАЛАСЫ**

Жол құрылышын салуда Жетісу өнірінен тысқары жерлерге де адал еңбекімен, білікті маман екендігімен есімі кеңінен танымал болған, халық қадір тұтатын атпал азаматтың бірі - Сейдахмет Балтабайұлы Шүрегеев. Ол Талдықорған қаласындағы “Ақ жол” жабық акционерлік қоғамының президенті. Еліміздің көптеген аймақтарында жол-көпір құрылышын және басқа да ғимараттарды салуда кәсіби мамандығының қырсырын жетік менгерген білгір құрылышы, жемісті еңбек етіп келе жатқан абыройы асқақ, беделі биік, біліктілігі бірегей басшы. Өніріне “Еңбек Қызыл Ту” орденін таққан үздік еңбеккер. Республика дәрежесіндегі “Құрметті жолшы” белгісін иеленген іскер маман. Алматы облысының құрметті азаматы. Алматы облыстық мәслихатының депутаты болып қатарынан төрт мәрте сайланған халық қалаулысы. Лауазымы жоғары тиісті мекемелердің басшылары тарапынан алған мадақтау қағаздары мен алғыс хаттары да жеткілікті. Замандастары жолдаған құттықтаулар мен ілтипатты



лебіздерден де кенде емес.

Сейдахмет Балтабайұлының бір салада табан аудармай қырық бес жыл тұрақты еңбек етіп, қажыр-қайратын ел иглігіне жұмсай жүріп, талай тар жол мен тайғақ кешулердің сындарлы сынағына да сыр бермей, сағын сындырмай, еңсесін тік ұстап, өр мінезінен ауытқымай табандылықпен атқарған ауқымды істерінің ел аузында шежіре ретінде айтылатын тұстары да ұшан теңіз.

Әке өсиетін санасында берік сақтаған, кіслік пен кішіліктің туын жоғары ұстаған Сейдахмет қызмет бабымен қазақ халқының дана перзенті, мемлекетіміздің ірі қайраткері, біртуар тұлға Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев сынды абыройы Алатаудай асқақ адаммен жақын жүріп, серіктес, дәмдес болу арқылы үлкен кісінің өкіл баласы атануы да Сейдахметтің сыпайылығын, кісі сыйлау дәстүрін білетіндігін, бір-бірімен астасып жататын сергек сезімділігін айқындаі түсетін нақты деректі әңгімелердің де арқауына айналған айшықты нақыштары шынайы шежіре. Осыған орай біз бүгін Сейдахмет Балтабайұлы Шүрегеевтің биылғы жылы халық қалап, төртінші рет облыстық мәслихаттың депутаты болып сайлануымен құттықтай отырып, кәсіби үйреншікті ісінде ірі женістерге жетуіне, денсаулығының мықты болуына тілекестік білдіруімен бірге, қошеметке лайық мейірімі мен шарапаты мол өнегелі өмірін өрнектеген деректі әңгімелерінің кейбірін оқырманға ұсынып отырмыз.

## **СҮЙІНШІ, ҰЛ ТУДЫ!**

“Екі жақсы қосылса - құт” демекші, мұрты тебіндеген бозбала Балтабай мен он сегізден енді ғана асқан айдай ару Құрманқайша алғаш кездескеннен бірін бірі ұнатып, тағдырларын тоғыстырып, жұптасып өмір сүріп, өздерінше түтін түтетуге бел байлады. Дәм-тұздарын жаастырған екі жастың ата-аналары да келісіп, құдалық жоралғыларын жасасып, етене араласып кете барған. Бұл кезде Балтабай Шұбарағаш ауылындағы мұғалімдер даярлайтын курсты бітіріп, мектепте сабак беріп жүрген

балғын жігіт еді. Тіршілікке бейім, сөзге де шебер, өжет жігіт ретінде көзге ілігіп жүрген жайсан ұшы. Оның құрық салған қалыңдығы Құрманқайша да ешкімнен кем емес, үлгілі отбасының тотыдай таранып өскен инабатты, тәрбиелі аруы. Қыз әкесі Дүбір - бесасспап кісі. Бес саусағынан өнері тамған деуге лайық ісмер. Ауыл-аймақтың аяқ-киімдерін жөндеп, жаңасын тігіп беретін шебер етікші. Ағайын-туысқа қайырымды, елге қадірлі кісі.

Жаңа шаңырақ көтеріп, отау иесі атанған Балтабай мен Құрманқайша жұптасып, жұбайлық өмірді бірлесіп бастап, тұрмыстың қындығын жеңіп, ептесіп-септесіп, алғы өмірге сеніммен қарады. Қатар құрбыларынан қалыспауға ұмтылды. Ұнтымағы жарасқан жұбайлардың қуаныштары да көп болатын. Соның ішіндегі ең ерекшесі әрі бақытқа балайтын ұмтылmas күні - 1940 жылғы 20 шілденің шуақты күні. Осы күні нұрын төгіп, шапағатын ағыл-тегіл шашқан еді.

- Сүйінші, Құрманқайша аман-есен босанды. Ұл туды! Ат ұстар азамат өмірге келді, - деген қуанышты хабар үй ішін шат-шадыман думанға толтырып, күміс күлкі керегені кернеді.

Балтабайда да ес қалмады:

- Тұңғышым туды. Тәнірім ұл сыйлады. Ұланым бар!- деп жайрандап, ағынан ақтарыла шапқылап жүрді. Ағайын туыстардан сүйінші сұрасып, қуанышты хабар ауыл-аймақты дүбірлетіп жатты.

Жарық дүние есігін ашқан сәбиге ауыл ақсақалдары мен үлкен-кішілері жиналып, азан шақырып, есімін Сейдахмет деп қойды.

Балпанақтай сәби өмірге талпынып, енді-енді қаз-қаз тұрып, жүре бастаған шақта әкесі Балтабай көппен бірге Ұлы Отан соғысының майданына аттанды. Өзінің үміті мен келешегі санаған ат ұстар ұланын анасына аманат етіп тапсырды. Құрманқайша баласын әлпештеді. Ержетуін тіледі. Әкесі майданнан хат жазған сайын ең әуелі сұрайтыны балғын балаланының хал-жайы. Қалай өсуде, сөйлей ме, өмірге құштарлығы қалай? Бәрін-бәрін білгісі келеді. Әкелік махаббатын, сағынышты сезімін хатпен

өлеңдетіп жеткізетін. “Шаңырактың туын ұстайтын осы сары алтыным” деп үміттенетін. Отбасы да Балтабайдың қанды майданнан елге аман-есен оралуын тіледі. Арманы алдамады. Балтабай отбасына оралып, тіршілік тізгінін ұстады. Ошақ оты маздады. Жақсылық шапағатын шашты. Үй-ішінің берекесі кіріп, шүйіркелескен үрпақ өрбіді. Балтабай бала тәрбиесіне, олардың оқып, білім алуына ерекше қамқорлық жасады.

## ҚАЛЫҢДЫҚ

1960 жылдың күзі еді бұл. Ерте есейіп, өмірге құштарлық танытқан Сейдахмет Ақсу ауданына келіп, осындағы жолды пайдалану учаскесіне жұмысқа қабылданып, еңбекке өнді кіріскең өрімдей өрөн кезі. Мекеме бастығы Сламбек Сенкеев Сейдахметтің әкесі Балтабайды білетін болып шықты. Ол жас жігітпен әңгіме ұстінде:

- Сен туғанда әкең Балтабай қатты қуанып, әйелім ұл тапты деп бөркін аспанға атқан. Егін орағының кезі. Үш күн, үш түн шілдехана тойын жасап, ауылды думандатқан. Кейбір тар пейілділер: «Балтабайдың сонша дарақыланып, шашылып-төгілгені несі? Ұл тапқан қатын жалғыз сонықі ме?» деп керауыздандар да болған. Содағы шикі сары ұл сен де ер жетіпсің, қарағым. Еңбегіңе табыс тілеймін. Ісіңе, шаруаға ықтияты бол, - деп өткенді еске түсіріп, ақыл-кеңесін қоса айтқан-ды.

Бір жолы осы Сламбек әкесін танитын болған соң қамқорлығыма, әлде бойдақ бозбала Сейдахметке қалыңдық табуға көмектескісі келді ме, өзінен өзі әңгіме тиегін ағытып отырып:

-Қарағым, Ақсу, Қапал өнірінің топырағы құнарлы, елі киелі. Көз алдымызда көлденең жатқан анау тау сілемін Ешкіөлмес дейді. Соның батыс бектерінде Ақешкі ауылы бар. Шағын елді мекен. Осы Ешкіөлмес тауының етегіндегі Тоғызқұмалақ сайның аңғарлы алқабында Тастанбекқызы ақын Сара апамыз Арқаның ақыны атанған алғыр Біржан сал Қожағұлұлымен айттысқаны

тарихта бар. Ол үлкен шежірелі өнір. Соған тақау Ақешкі ауылында бір бойжеткен қыз бар еken. Жақында көрдім. Тура саған лайық. Жанары мәлдіреген ботакөздің өзі. Сол аруға құрық сал. Тіл табысып, тағдыр қоссандар бар ғой, өкінбейсің. Айың оңыңдан туады. Өмірлік серік болатынына сенімдімін. Әр бойжеткенге көз салып, көп әуреленбей ақешкілік аруға тоқта. «Мен, мен» деп кеуде керіп жүрген Сейдахметсің ғой сен. Әкелік ақылым сол, тілімді ал, - дегені бар.

Әкесіндегі адамның жеңгетайлық жолын ұстанып, ойда жоқ әңгімені бастағанына іштей таңданған Сейдахмет не дерін білмей әдепкіде дағдарып қалады. Накты жауап айтпағанымен, жүректі үлпілдеткен бір сезім мазалай бастайды.

Үлкен кісі ұнатқан аруды көруге ынтығады. Екі сынық, бір сұлтаумен Ақешкі ауылына келіп, осындағы жол жөндеуші Құдайбергенмен, оның зайыбы Розамен әңгімелесіп, бейтаныс қыз жайлы суыртпақтап сыр тартады. Екеуі де бір ауыздан:

-Тәрбиелі, инабатты қыз. Әке-шешесі де текті кісілер. Берекелі отбасы. Тілін тауып, ықтиярыңа көндіре алсан, жақсы жар, сенімді серік боларына кепілдік беруге әзірміз, - деседі.

Қыз шағын дәмханада істейді еken. Тамақтанушылардың бірі ретінде Сейдахмет те келіп, үстелге отырады. Екі көзі қызда. Орта бойлы, шымыр денелі. Қолаң шашы тірсегіне түскен қыз ширақ қимылдал қызмет көрсетіп жүр. Сөзі де сыпайы. Жүріс-тұрысында да әдептілік пен ізеттілік байқалады. Сейдахметтің де қалайтыны осында ару. Көнілінен дәп шыққандай. Ол мұрты тебіндең, қыздарға қырындағы бастағаннан: «Мен үйленетін қыздың шашы ұзын, мінезі ұяң болса» деп іштей армандаитын. Міне сол арманы алдынан шығып, еліктің бейкүнә лағындағы елеңдеп, елпілден тұр.

Армандағанындағы ажарлы қызға, ынтықтығы артып, құмарлығы күшейді. Қыз да қылышты. Сыңғырлай күледі. Биязы қылышымен баурай түседі. Жүрегі де үлпілдейді. Қыздың келбетінен көнілі толды. Селтеңі мен желікпесі жоқ екендігін ісінен, жүріс-тұрысынан аңғарды. Қызға қылышп

қарайды. Бар ықыласы ауып, көз тоқтата тамсанады.

Сейдахмет тәуекелге бел байлап, Ақешкінің айдай аруына көнілі құлап, «Осы қыз жарым болса, жаратқан иемнің жарылқағаны деп білер едім» деген ойға бекінеді.

Асханаға келгіштеп жүрді. Қызға сөз айтуға батылы да жетпей ме, көп кібіртіктейді. Қасына тақау барады. Тіл қатпайды. Іште алаулаған сезімді, тілсіз жүрек лұпілінің ынтығын сезінер деген үмітте. Ойын, сырын жанарымен жеткізер сәтті күтті.

Қызды алғаш көргенде тұла бойы шымырлап, әлде бір сезім құйындастып өткен. Бұрын кездеспеген қуаныш. Іздегенін тапқандай көнілі тыншығанымен жүрегін бір күш жаулады. Ойын шырмап, тамырын матап тастағандай қарай бергісі келеді де тұрады. Көніл түпкірінде жанартаудай атқылаған құштарлық сезімі қызға қарай жетелеуден танбайды. Қыз да бұйығы. Мінезі тұрақты. Аз сөйлеп, көп тыңдауға бейім. Сылқым жігітті іштей барлап, сын көзімен қарайтын тәрізді. Мұнысын Сейдахмет те ұннatty. Болашақ өмірлік серігінің ішкі сырын білгеннің еш артықтығы жоқ.

Екеуі жиі кездесіп, жаздың қысқа, күздің ұзак таңын бірге қарсы алып жүрді. Достарша сыр ашып, серуен құрды. Бір-бірін түсінгендей, етене танысқан еді. Жан жүректері ұғысып, түсініскеннен кейін екеуі тағдыр қосып, үйленбекке бел байлады. Қол алысып, сөз берісті. Үйленетін күн де белгіленді.

Сейдахмет қазаки дәстүрмен құдалық жолын жасап, үйлену тойын өткізудің қамына кіріскең. Абыр-сабыр шаруамен жүргенде Ақешкідегі сырлас досы Құдайберген кенеттен телефон шалып: «Тездетіп жет, қалыңдығың қамығып, қабағы ашылмай жүр. Әлденеге ренжулі сияқты» деген тосын хабар жеткізеді.

Өзінің де аңсары ауып, бір жолығып қайтсам-ау деп арман жетегінде жүрген Сейдахмет үкідей ұшып, Ақешкіге жетеді. Шындығында да қыз қабағы салыңқы. Бұрынғыдай елпілдемейді. Томсырая қарайды. Неге бұлайша өзгере қалғанының себебін сұраса, екі араға ши жүгіртіп, ақ сезімді алдарқататын әңгімені көпсіткен ғой. Оны жасап жүрген Сейдахметтің сенімді достарының

бірі. Ол екі араға күл шашып, опасыздыққа барған. Жаны таза, ниеті пәк, жүргі кіршіксіз, сезімі мөлдір қыздың көніліне құдік ұялатып, жалған сөздер айтып, сенімін селдіретіп тастаған. Ол ару қызға келіп, жаны ашығандық пейіл таныта отырып, әңгіме арасында: «Сен ана сары жігіттің сөзіне сеніп жүрсің бе? Ол нағыз суайт. Бұған дейін де үйленген. Әйелімен ажырасқан. Екі баласы бар. Осындай алаяқ жігітке алданып қалма. Оған тұрмысқа шығамын деп сөз берсең, райыңдан қайт. Бекерге әуреленбегін оған», - деп теріс бағытқа үгіттеп, азғырған. Жан түршігерлік сұмдықты естіген қыз да қатты ойланып қалады. Бармағын тістегендей күйге түсіп, шынайы сезім шыныдай шытынап, ақ ниетінің, асқақ арманының аспанында найзағай ойнап, тұнық ойының үйқы-түйқысы шығады ғой баяғы. Ал енді қыз бетін бері қаратудың өзі де қын. Бірақ Сейдахмет саспады. Бар жайды сыбырмен баяндады. Екі араға сөз тасып, арандатушылардың әрекеті екенін дәлелдеп бақты. Адалдығына көз жеткізді. Қойшы әйтеуір, қызды өз сөзіне сендіріп, ашуын басып, қабағын ашты.

-Өмір жолы қираваң деуші еді үлкендер, - деді Сейдахмет қызға жанарын қадап. – Сол рас екен ғой. Біз қол ұстасып, қатар жүріп, ғұмыр кешсек деп армандап едік. Сол сезімге бөгет болып, кедергі жасаушы кердендер шығып жатыр. Ондай арам ниетті адамдардың әрекеті ұзаққа бармайды. Алғаш рет зұлымдықпен бізді ажыратпақ болған сұмырайдың жел сөзіне кезіктік. Оны жеңеміз. Әйткені мен адаммын, ақпын. Балауса балғынмын. Өсек-аянға ілігердей әрекетке барған емеспін. Арымның тазалығына сенгін. Мен тек сенімен бақыттымын.

Осы сөзге иланған қыз да игілікті. Содан кейін көп созбай, Қапал өңірінен тауып, Орынбектің жібектей үлбіреген қызы Кәкимаға үйленді. Ол келісті келін атанды. Өзімен бірге құт-берекені ілестіре әкеліп, ағайынның ауыз-бірлігін, туыстың татулығын сақтаудың үйітқысына айналып, бар істі үйіріп әкетті. Жүрек қалауының ынтығын білдіріп, шынайы маhabбаттың бал сезіміне бөлеген күні кешегі қаршадай қыз Кәкима киелі қара шаңырақтың

табалдырығын аттап кіргелі ақ жаулығына кір шалдырмай келе жатқан Балтабай әuletінің қадірлі келіні атанды. Сейдахметтің бабын таба білген сүйекті жар. Қартайған енесін туған анасынан артық күтіп, келіндік ілтипатын көрсетуден шаршап шалдықпаған кішіпейілді, мейірлі жан. Құдасын құрдасындаған, Құдағын сырласындаған сыйлаған ақ пейілді, дархан дастарқанды от иесі. Қүйеу балалары сыйлап, құрмет тұтатын ене, бұлдіршіндердің әжесі. Бауырынан балапандарын өрбітіп, тал бесік тербеткен аяулы ана. Ұрпағынан немерелер мен шеберлер сүйіп, әлдиінен әспетті үн естіліп, пейілінен періштенің мейірі төгілген әз әже.

Кәкима қатарынан қалмай оқыды. Есеп-қисапқа тиянақтылық танытып, оның қыр-сырын меңгерді. Еңбек етежүріп, ұрпақ өсірді. Немере сүйді. Шеберенің жұпарын иіскеді.

Құрманқайша әже атанып, немересінің алды Дананы, онан соң Айгүлді бауырына басты. Ақ түйенің қарыны жарылып, Кәкима ұл туды. Есімін Сәбитқали ағасының, айтуымен Арман қойды. Шаңырақтың шаттығын жалғастырып, ұрпағының тамырын одан әрі терең жаятын ұланы - Арманы әкесіне тартып, өршіл, алғыр болып өсті. Әке жолын қыуп, жол құрылышының мамандығын менгерді. Арманның еті тірлілігіне, істі тиянақты атқаратындығына, келіні Зумираңың инабаттылығына, ізеттілігіне әке-шешесінің көнілі марқайып, мейманасы тасып жүретіні дәстүрлі дәрежегежетті. Орынды қуаныш. Ізбасары ізгілікке үйір. Ізденгіш. Жақсыларға жақын жүреді. Бәрі де әке мен шеше тірлігінен, олардың адами қасиетінен дарыған дағды екені және анық. Өнегеден ұлағат үйренгеннің өзі де бір ғанибет-ау.

Сейдахмет әuletі шаңырағының төрінде шаттық шалқып, қуаныш қуанышқа жалғасты. Қызы Dana өз теңі Батырға тұрмысқа шықты. Сүйінші! Жас жұбайлар ай дидарлы Диорана, Томирис пен Жасминді өмірге әкелді. Сүйінші! Айгүл Нұрбекті қалады. Сүйінші! Олар Дінмұхаммед пен Мұхаммед есімді немерелерді тарту етті. Сүйінші! Арман мен Зумираңың отбасынан қырдың қызғалдағындаған тұлымдары желбіреген Әйгерім, Ақбота

мен Диана өрбіді. Сүйінші!

Міне, сүйінші сүйіншіге жалғасып, Сейдахмет шаңырағынан сәбілердің күміс күлкісі шартарапқа естіліп жатыр. Тәнір мейірі түгесілмесін. Баянды бақыт құт боп дарып, шалқардай шаранасы ортаймай, бақытты отбасы әuletін шаттық бесігі тербей берсін дейміз.

## НАМЫС НАЙЗАҒАЙЫ

Сейдахмет бозбала кезінде арманшыл еді. Жақсы бастаманы да қолдағыш болатын. Соның әсері ме, жалын атқан жастық шағында ұран болып көтерілген Қазақстан Магниткасы атанған Теміртауға - Бүкілодақтық комсомолдық екпінді құрылышқа өршіл өрендер жаппай атандып жатқанда осы бір дүбірден шет қалғысы келмеген Сейдахмет те тілек білдірді. Оған қатысу зор мақтаныш. Әрі аскак арман. Теміртауға бару үшін кәсіби мамандықты менгеруін керек. Мамандық алуға құлшынған балаң жігіт орта мектепті бітірісімен Ресейдің Кемерово қаласына аттануға бел байлады. Жалғыз емес, бір топ өрен. Уыздай жастар бәрі де.

Оқу басталып, сабак өтіп жатты. Жағдай да бірқалыпты. Бірақ Сейдахмет селқос. Қабағы да салыңқы. Оқуға деген ынталасы да бәсен. Ойлайтыны ауыл. Бұрын анасының қасынан ұзап шықпаған балғын жас. Шешесін сағынады. Дүниеден озған әкесін аңсайды. Достарымен, құрбыларымен қауышсам-ау деп көнілі байыз таппайды. Осының бәрі қосылып сабак оқуға деген ынтаны азайтты. Оның үстіне сабак орыс тілінде. Кілең техникалық термин. Түсіну қын. Санаға сіңіп, бойға дари бермейді. Бүйтіп жүріп, кәсіби мамандықты жете менгеру екіталай. Әурешілік әбігерден қалай құтылады. Жолы қайсы?

Ары ойлап, бері ойлап, училище директорына барып, бар жағдайды баяндап, оқығысы келмейтінін айтуға бекінді. Директор дұрыс қабылдады. Сейдахметті ұқыпты тыңдады. Балаң жігіттің ойын түсінген директор:

- Сен еліңнен шалғай қалаға неге келдің әуелде? - деді.  
- Оқығалы, мамандық алғалы.

- Өте дұрыс. Демек сен нық сеніммен, асқақ арманмен келдің. Осы училищені бітірсең Теміртауға баrasың. Комсомолдық екпінді құрылышқа қатысасың. Ол жастарға үлкен мәртебе. Ал оқуды тастап, үйіңе барсан, кім не дейді. Оқи алмапты, қындыққа төзбепті демей ме. Комсомолдық уәде мен серт қайда? Жігітке жасықтық жараса ма? Өресі биік өрге өрлейтін өрен емессің бе сен? Жастайыңナン қындықтан жасқансаң, өскенде кім боласың? Осы жайлы ойландың ба, балақай? Саған айтар ақылым, оқудан сескенбе. Жігерлен. Арды, ұятты ойла. Оқуға зейін қой. Жатпай-тұрмай сабакқа әзірлен. Сонда бар кедергіні жеңесің. Еліңе білікті маман болып ораласың. Оған анаң да қуанады. Сен азаматсың, солай істе, райыңナン қайт, - деп арқасынан қағып, бұйығы намысын ояты.

Оқуды тастамақ болған райынан қайтқан Сейдахмет директор сөзінен кейін бар ынтаны сабакқа аударды. Кітаптан бас алмады. Қын жерлерін жаттап та алды. Санада сақтады. Зердесінің зейінділігін танытты. Бұла күш иесі екенін анғартты. Шамалы уақыт ішінде үздіктер қатарына ілігіп, училищені «өте жақсы» деген бағамен тәмамдады.

Егерде училище директоры ақыл-кеңесін айтып, намысын қайрамаса, қайтер еді. Сол кезде оянған жастық жалын намысының найзағайы өмір бойы жарқылдап, қуат күшін тасқындағып, арыны басылмай келеді. Сол бір құдышетті ұғым күші ешнәрседен қаймықтырмай қайраттандырады да тұрады. Айбарлы азулымен де, мансабы биік тұлғамен де тектетіреске барып, көкейдегісін қаймықпай, ашық айтатын дәрежедегі әділеттілікті сүйетін, өресі биік текті тұлға ретінде елге танылды.

## ШИПАЖАЙ ШАПАҒАТЫ

Сейдахмет Шүрекеев көнігі құрылышы да. Ол “Қапал-Арасан” шипажайы кешенінің құрылышын салуға басшылық жасады. Д.А. Қонаевтың қамқорлығымен, нұсқауымен қажетті қаржы бөлініп, жаңа жобалы шипажай

қысқа мерзімде сапалы салынған, еңсесі биік, қазіргі талапқа сай келетін емдеу кешені сыртқы сәулеткерлік сымбатымен сүйсіндіріп, айшықты ажарымен нақышталған еді. Ол Кеңестер Одағына белгілі шипажайдың бірінен саналды. Басы ауырып, балтыры сыздап, сырқаттары сыр берген кеселдерін емдеген жандар ыстық сұнына шомылып, жанына дауа тауып, жақсы демалып, шипалы ем алып, көнілдері сергіп қайтып жатты.

Қапал өнірінің табиғаты мен ауа райы қай кезде болмасын жанға жайлы, сырқатқа шипа. Көкірек сарайын аштын кәусар ауасы, тас арасынан ақкан мөлдір бұлақтары, сарқыраған тау өзендері, сыңсыған қарағайлары мен шыршалы ормандары өте тамаша. Көктем айларында тіпті көріктеніп, тұкті кілемдей түрленеді. Жаннатты жерге айналады. Осы кезде Қапал алқабын араласаң, саясында демалып тыныстасаң, жанынды жадыратып, ерекше бір ләззатқа бөлейді. Табиғаты көрікті осы аймақтағы өзінің қамқорлығымен салынған “Қапал-Арасан” сауықтыру орнына Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев қыста да, жазда да келіп, демалып, емделіп қайтатын. Құрылыш салып жүріп, сәті түсіп, осы дана аға Димекенмен Сейдахмет Балтабайұлы жақынырақ танысады. Келе-келе дәмдес болып, еркін сөйлесіп, пікір алысатын дәрежеге жетеді. Шипажайға әр келген сайын қасында апталап жүріп, серуен кезінде сенімді әрі сырлас серігінің бірі саналады. Секенің отбасымен танысып, балаларының маңдайынан сипап, беттерін сүйеді. Келіні Кәкима жайған дастарқаннан дәм татып, бата береді.

“Қапал-Арасан” шипажай кешені құрылышының жоғары сапада салынып, пайдалануға берілуіне күш-жігерін жұмсаған Сейдахмет Шүрекеевтің еңбегіне, адамды түсіне қарап емес, ісіне қарап бағалайтын Димаш Ахметұлы да ризалық білдіріп, атalyқ алғысын айтады.

Бір жолы “Қапал-Арасанға” Димаш Ахметұлы Қонаевтың келетіні жөнінде хабар жетеді. Қадірлі қонақты күтуге Сейдахмет те әзірленеді. Жаны жақын бауырына балаған ағасы Әбіләкім Әубәкірұлын да демалуға

шақырады. Ол Д. Қонаевтың қарауында, Орталық партия комитетінің аппаратында 15 жылдай қызмет істеген зиялы азамат. Сейдахмет осы ағасына:

- Қапалға келіңіз. Өзенге шомылып, жайлауға шығамыз. Димекең аға да бірге болады, - деп бар жайды баяндайды.

- Үлкен адаммен, дана кісімен бірге жүрге өреміз жете мө? - дейді қонағы ізеттілікпен.

- Қаймықпаңыз, Димекең өте қарапайым кісі. Елжұрттан алшақтамайды. Демалушылармен бірге еркін жүреді. Шүйіркелесіп әңгімелескенді ұнатады.

- Тәуекел онда.

Сыйлы қонақты табиғат аясында серуендетіп, демалдыру мақсатында дастарқан үйымдастырылып, өзен жағасына баруға жиналады. Бәрі әзір. Тек Димекенің жанар-май құюға кеткен машинасы кешігеді. Жолға көз тігіп тұрған Сейдахмет Димекеңе жақын келіп:

- Димаш аға, кешіккен көлікті күтпей-ақ, мына қара “Волгаға” мініп көрсөніз қайтеді? - деп сыпайгершілікпен өтінеді.

- Сейдешжан-ай, айтқаныңды екі етпейін, - деп машинаға қарай жүреді.

Ауасы таза көгалды анғардың жағасына кең жайылған дала дастарқанын Димекенің өзі басқарып, ұлағатты аталы өсиеттерін, әзіл-қалжынын араластыра отырып, кезек-кезегімен сөз береді. Кезек Сейдахметке келгенде, Димекең еңсесін тік ұстап, Секеңе қарай еңсеріле бұрылып:

- Ендігі сөз осы отырысты үйымдастырып, бәрімізді мәз-мейрам күйге кенеп отырған жайсан, азамат, менің өкіл балам Сейдешке беріледі. Ал, тындандар, - деп көпшілік назарын аударады.

Сейдахметтің жасы кіші болса да, атын толық атамай, еркелетіп “Сейдеш” деуі үлкен кісінің інісіне деген ізгі ниетті ілтипаты іспетті көрінді. Жылы лебіз көнілді де елжірете түскен-ді.

Сейдахметтің Димаш ағасымен тағы бір кездесуінің ұмытылmas сәті бар. Димекең “Қапал-Арасан” шипажайында тынығып, Алматыға қайтып бара жатып,

“Ақниет” құрылыш компаниясының президенті болып істейтін Көбес Ақылбаевтың Талдықорған қаласындағы үйіне жол-жөнекей ат басын тірейді. Сейдахмет те келіп сәлем береді. Қадірлі қонақ өте кішіпейілділік пен қарапайымдылық үлгісін көрсеткендегі дастарқан басындағыларды сөзге тартып, әзіл-қалжыңын жарастырып, емен-жарқындық пен еркіндік мәре-сәре күйге кенейді.

Ас ішіліп, дастарқан батасы қайтарылған соң Димекең орнынан тұрып:

- Ардақты бауырларым! Сый-құрметтеріңе ризамын. Рахмет! Осы дастарқан басында маған туыстығынан гөрі жүріс-тұрыстары етене жақын екі азамат отыр. Бірі - үй иесі, інім Көбес Ақылбайұлы. Екіншісі - менің өкіл балам Сейдешім - Сейдахмет Балтабайұлы. Екеуде құрыш қолды құрылышсы. Кәсіптерін біліктілікпен меңгерген іскер мамандар. Ертең құрылышшылар күні. Ол - үлкен мереке. Мен осы білікті екі маманды мерекелерімен құттықтап, Алматыдан арнайы ала келген шапанымды екеуінің иығына жабайын деп тұрмын, - деді.

Үстел басындағылар өре түрегеліп, ду қол шапалақтап, үй-ішін күмбірлетіп жіберді. Үлкен кісінің құрметіне бөлөнгендегі тәбелері көкке жеткендегі, жүздерінде күлкі нұры жайналап тұрып:

- Димаш аға, екі шаңыраққа екі күн бойы тойлайтын сый-сияпат жасап барасыз. Ризамыз, - десіп, өздерінің қуаныштарын ағыл-тегіл ақтарды.

- Тойларың тойға үлассын. Мерейлерің үстем бола берсін! - деп ізгі ниетті тілегін білдірген Димекең Алматыға аттанып кетті.

Димекеңнің қолынан зерлі шапан киіп, ілтипатына бөлөнген сәтін Секең әлі күнгө дейін тебірене еске алады. Даны адамның ыстық ықыласы, таза пейілі кімге болса да ерекше бір ұмытылмас сәт болып қалатыны қандай ғанибет.

Сейдахмет Шүрекеев шипажай салу арқылы Димекеңнің шынайы шапағатын сезініп, мейірімі мен ыстық ықыласының нұрлы шуағына шомылған шағын еске алса, бір рухани күш бойына қуат беріп,

жігерлендіретіндей әсерге бөленеді.

Сейдахмет өзін өкіл балам деп әспеттеген Димаш Ахметұлына деген шынайы сезімі мен ізгі ілтипаты шексіз. Димекеңің Сейдахметтің қызы Dana мен ұлы Арманға тарту еткен сыйлықтары, Димекеңмен бірге отбасында, серуенде түскен суреттері әulet үшін - бойтұмардай бағаланатын ең қадірлі мұлік ретінде сақтаулы тұр. Қызы Айгүл мен Нұрбектің отбасында дүниеге келген сәбиінің есімін Дінмұхамет деп қойды. Киелі адамның мейірінің шапағаты болар, Димекең бетінен сүйіп, мандаіынан сипап, алдына отырғызған Секеңің ұлы Арман да абыройлы азаматтар санатына берік орныққан еті тірі, ісі ірі өрен ретінде әке жолын қыуп, кәсіби мамандығын жете менгерген ер жігіт атанып жүр. Секеңің еркелетіп жеткізген ұлдың адаленбегімен елінің мерейін өсіріп жүруі әке үшін ғанибетті мәртебе.

## ТАҢДАУҒА ТҮРАРЛЫҚ ТЕКТІ ТҰЛҒА

Қыркүйек айының соңғы күндері. Шаруашылықтарда жиын-теріннің қызған шағы. Қырман басы да қызу еңбек. Ондағылардың біразы топталып жиналып, өзара әңгіме дүкенінің көрігін басып, гу-гу етеді. Оларға жинақы киінген екі-үш адам жақындей берді. Кол алысып, сәлем бергеннен кейін, олар да әңгімеге килікті.

Сөз саптауларына қарағанда, алдағы депутаттарды сайлауға қатысты пікір талас. Кімді сайлаймыз? Үміткеріміз үмітімізден шыға ма? Халық сенімін ақтай ма? деген сауалдар көбейген. Әркім әр тарапқа сілтейді. Депутаттықтан дәмеленгендер де бірнеше адам. Қайсысын тандаған дұрыс. Топ ішінен қолын сермей сөйлеген бір қарт тік мінездік танытып:

- Мен сайлауға қатыспаймын. Әлде біреуге дауыс беріп әуреленбеймін. Неге дейсіндер ме? Себебі, қай депутат сенімнен шықты. Сайланғанша жақсылық жасаймын, жарылқаймын деп уәдені үйіп-төгеді. Мандатқа қолы жеткесін шу қаракүйрық деп төбесін көрсетпей ғайып болады. Ондай депутат кімге керек? - деп киқарлана қытымырланды. Оны жақтаушылар да

табылып, пікірлерін ашық айтып жатыр. Бірі мұнын шақты. Екіншісі сабыр сабасына түсіп, тоқтамға шақырды. Осы сәтте әлгінде топқа қосылған екі-үш адам өздерін таныстыруды. Орта бойлы, ашан денелі сары өндісі Сейдахмет Шүргеев. Ол облыстық мәслихат депутаттығынан үміткер. №25 сайлау округінен түсіп, тіркеуден өткен. Екінші азамат депутаттықтан үміткердің сенімді өкілі Болат Бисұлтанұлы. Екеуінің де түсі жылы. Өздерін қарапайым ұстайды. Кішіпейілділікпен кішірейіп сөйлейді. Пікір сайысында сауатты, білімді екендіктерін аңғартады. Сөздері жүйелі. Бүгінгі дәуірдің, қоғамның тірлік-тынысын байыпты пайымдайды. Елдің, жердің тарихынан хабарлары мол. Жетісу жерінің де жетістіктеріне жетік. Халық мұддесіне қатысты көтерген көкейтесті мәселелері де мәнді әрі мәнерлі. Ел жайын кеңінен ойлайтын азамат екендігін ісімен дәлелдеуге бар күшін жұмсайтынның өзі іспетті кісі. Ой-өрісі де өрелі. Сөздері, пікірлөрі заман үрдісімен үйлесімді екені сезіліп-ақ тұр. Асқақтап аспайды, тасырандалап таспайды. Сабырмен сыпайы сөйлейді.

Қырман басында дидарласып, ашық пікір таластыра келіп, депутаттыққа кандидат Сейдахмет Балтабайұлы Шүргеевтің сөзіне құлақ түргендер алғашқы қыңыррайларынан тез қайтып, шүйіркелесе сөйлесіп, жүздері жадырай тұсті. Топ ішінде еңсесін тік ұстап тұрған зейнеткер Тоқтар Сабазов көвшілік назарын өзіне аударып:

- Біз Сейдахметті білеміз. Сыйлаймыз. Ол бұған дейін де үш рет облыстық мәслихатқа депутат болып сайланған. Енді төртінші рет бақ сынап, сынаққа түсіп отыр екен. Ол шындалып та, сыналып та өмір көрген азамат. Халыққа қалтқысыз қызмет ететіне сенім мол. Ол тандауға тұрарлық әрі соған лайық текті тұлға ретінде көпкө танымал тұлға, - дей келіп Сейдахметтің тыңдырыған шаруаларын, шарапатты жақсылықтарын жіпке тізгендей түгендереп шықты.

-Халайық, Сейдахмет жай ғана жол салушы емес, - деді Рамазан Жантайлақов. - Ол білікті маман. Білгір құрылышы. Біле білсең, Ақсу-Басқан, Ақсу-Қаракөз,

Жансүгіров-Арасан, Ақсу-Қызылтаң-Матай-Құрақсұ-Қарашыған ауылдарын даңғыл жолмен жалғастырып, өзендерге көпір салған осы азамат.

- Олар ауыл арасының жолдары ғой. Алматы-Өскемен, Талдықорған-Ұшарал-Достық, Ақтогай жолдарын салған да осы азамат басқарған құрылышылар.

- Елордамыз Астана қаласында да қолтаңбасы бар. Парламент үйінің алдындағы жолды өрнектеп, тас кірпіш төсеп, қазақтың атақты үш би - Төле, Қазыбек және Әйтеке билерге қойылған ескерткіш төңірегін көріктендірген де осылар. Астана алаңын асфальттап, Дендропаркті түрлендіріп, Бейбітшілік көшесі мен Вавилов даңғылын тақтайдай етіп әрлегені және бар.

- Бәрін айт та, бірін айт, Талдықорған қаласына жасаған жақсылығы бар ма?

- Ер туған жеріне тер төгеді. Күші асқан соң сырт аймақтарға да болысады. Қолдан келгенін аямайды. Секенің Талдықорғанға төккен тері де телегей теңіз. Қаланы қалпына келтіруге күш салды. Бар техникасын жұмылдырыды. Көшелерге сапалы асфальт төседі. Қаратал өзенінің екі жағын жалғастырған мықты көпір салды. Оны жастар «Ғашықтар көпірі» деп, мақтан етеді. Тұнде қос қапталында шамдар жанып, шапағат нұрын төгіп тұрады.

- Дұрыс, дұрыс екен. Ел сенімінен шығып жүрген ер көрінеді. Міне, депутатқа осындай атпал азаматтар лайық. Ел сыйлаған Секенді біз де қадірлеп, құрметтей білейік.

Жиналғандар бір тұжырымға тоқтап, жадырап, көнілденіп қалды. Осы мезетте Тоқтар Сабазов орнынан қайта көтеріліп, Сейдахметке мойын бұрып:

- Адал еңбегінмен абырайға бөленіп жүрген жансын, қарағым. Қадамына гүл бітсін! Әрдайым мәртебен биқтеп, мерейің өсе берсін. Сол үшін саған дауыс беремін. Осындағылар мені қолдайды деп сенемін, - деуі сол екен, қаумалап тұрғандардың бәрі бір ауыздан:

- Шүрекеевті білеміз. Шыншыл, адал адам ол. Қолдаймыз, - деп жиналғандар желпініп қалды. Еркін

ауылының ақсақалдары Рамазан Жантайлақов, Сейдахмет Мұқашев, аналар атынан Жанат Тәкенқызы мен Гүлжан Мұқатайқызы кандидатты жақтап сөйлеп, қуаттады.

Сөз бен іс бір жерден шықты. Сейдахмет Шүрегеев көпшілік дауысқа ие болып, мәндайы жарқырап, алға озды. «Депутаттық атақ емес - аманат» деп ұғынатын Сейдахмет Балтабайұлы Шүрегеев осылайша Алматы облыстық мәслихатының депутаты болып төртінші рет сайланды. Таңдауды жасаған халықтың өзі. Көп қаласа, оған ешкім қоймас таласа. Ол адал еңбекпен келгенabyroymen үлкен бедел екені даусыз.

## **СЕКЕННІҢ БІР ТАРТАРЫ**

Өскемендегі жол құрылышы институтында оқып жүрген Сейдахмет, жоғары оқу орнын бітіріп, мемлекеттік комиссияда диплом жұмысын қорғауға жүрмекші болып жиналады. Оны естіген үзенгілес достары мен замандастары топырлай келіп:

-Жолыңды жуамыз. Жұз грамдатып коньяк ішеміз, - деп қаумалап, қолпаштайды. Шарап ішуге Секен келіспейді.

-Өздерің білесіндер мен коньяк тұрмак, шарапты да татпаймын ғой. Қинамандар, - деп өтінеді.

-Қолыңа диплом алып, жоғары білімді кәсіби маман, білікті инженер-құрылышы атансан да ішпейсің бе? – деп қажайды көп әзілдесесін Нәби.

-Өзің айтшы, аман-есен қорғап шықсан шамалы ішесің ғой, - деп тақымдайды досы Маркс.

-Жақсы қорғасам ыңғайына қарай көрермін.

-Көрермін деме, ішемін де.

-Бұл пәлені татпағалы он жылдан асты. Енді бой үйретпей-ақ қояйын.

-Диплом қорғаған күні ше? – деп тақақтайды.

-Жанды қоймадыңдар-ау. Сүрініп кетпей, қорғап шығайын әуелі. Сосын өздерінді, сөздерінді қимағандықтан бір тартарға тәуекел дейтін шығармың.

-Уәден үәде ме?

-Екі сөйлеу ерге сын.

-Секе, сен уәде бердің, біз келістік. Сәті түсіп, диплом жұмысын қорғап шық. Соған тілектеспіз.

-Оқуы мен тоқуы жетеді Секеңің, қорғап шығады, - дейді нық сеніммен бәрі жамырай сөйлеп.

-Алдың ала аптығып, жол кеспейік. Жазмыштың бір бұйырғаны бар шығар, - дейді Сейдахмет сабырлы қалпын өзгертпей.

Секең диплом қорғайтын қарсанда үш жігіт – Нәбимұрат, Доссан және Маркс Өскемен қайдастың деп бір күн бұрын Талдықорғаннан шығады. Жігіттер жеткенде Сейдахмет диплом қорғауға дайындалып жатады. Түс әлетінде қорғауға кіреді. Құдайдың берген абыройы мен жанкүйер шынайы достарының ақ тілеуі шығар, диплом жұмысын «өте жақсы» деген бағаға қорғап, мәндайы тершіп шығады. Есік алдында күтіп тұрған жұбайы Кәкима мен бес жасар Арманы бірінші болып қауышады. Арманы «папам, бес алды» деп саусақтарын тарбитең, бар дауысымен жар сала айқайлайды. Сейдахмет те баласын бауырына басып, жүрегі жарылардай қуанады. Достары да қаумалап қоршап, құшақтасып, қолын қысып, бетінен сүйеді кезекпен.

-Ал кеттік, дипломды қорғап шыққандығыңды жуамыз, - десіп, бәрі топырлаған бетте ресторанға тартады. Күні бұрын тапсырыс беріліп қойылған дастарқан үсті жайнап тұр. Сығастырыла қойылған тағам тұрларі де сан алуан.

Не ішесің, не жейсің, қалауың білсін. Арак-шараптың да таңдаулы тұрлерін самсатып қойған.

-Ал Секе, ақ түйенің қарыны жарылды деген осы. «Өте жақсы» корғадың дипломды. Баяғы уәде жадымызда, сап-таяқпен ішемін дегенсің. Кәне, конъякты бақалға толтыра құйып жібер, - деді.

-Сендердің бір ауыз сөздерің мен шын пейілдерің үшін жан садақа. Мұндай қуаныш екі айналып келе бермес. Мұндайда ішпей, қайда ішейін, әкел бері, - деп Сейдахмет саптаяқ толы конъякты қайқайып тұрып, дем алмастан бірақ төңкереді. Бұған дейін ішімдікке жоқ, әрі ішуге көндіре алмай жүрген жігіттердің көздері

шарасынан шығардай таңғалысады.

-Нағыз ердің өзі. Өстімесе Секен бола ма. Сертке берік сырбаз ғой бұл. Бар істе мықтысың, - десіп дабырлап арқасынан қағып, қолпаштай түседі.

Сейдахмет тершіген мәндайын сұртіп:

-Бәрі де сыйластық пен көніл қимастықтан, шалқыған шаттық пен қуанышқа ортақтасқан пейілден туындал жатқан жақсылықтың әсері. Пейілі кең, жұздері жарқын адап достармен бірге жүру де үлкен ғанибет. Мен сол үшін де тартынбадым. Құрметтерің мен ықыластарыңа рахмет! – деп Сейдахмет те ілепіре түседі. Қуаныш шаттығы одан әрі жалғасып жатты.

Содан бастап Секенің бір тартары бір саптаяқ конъяк деген сөз елге тарап кетеді

## ЖОМАРТТЫҚ

Сейдахмет орталау жастағы кезі. Саяжай сатып алмақшы ниетпен үш мың сом ақшаны несиеге алады. Бұрын мұндай қомақты қаржыны қолға ұстап көрмеген еді. Қуанғаннан болар, жүрегі дүрсілдеп, көнілі өрекпіп, шын ба, өтірік пе дегендей уысындағы ақшаға қайта-қайта қарағыштай береді. Мол ақшаның қолға іліккенін зайыбы Кәкимаға айтады. Ол да қуанып:

-Саяжайынды қоя тұр. Әуелі тұрмысмызды түзейік. Үсті-басымызды жаңалайық.

Алматыға барып, киім-кешек сатып алайық, - деп ұсыныс жасайды. Әйелінің сөзін жығып, көнілін қалдырығысы келмеген Сейдахмет бірден келіседі. Қолдағы ақша әлде қалай жетпей қала ма деген оймен үш айлық жалақысын қосымша жаздыртып алады.

Алматыға жол тартады. Қасында зайыбы Кәкима. Әдеттегі тәртіп бойынша астана төріндегі әріптестеріне сәлем бергелі жол-жөнекей соғады. Олар да жылы қабақпен қарсы алып:

-Жол құрылышының ең жас бастығы сенсің. Іскер деп, қолы ашық деп мактап та жүрміз. Сәті түсіп тұрған күн екен бүгін. Секенің жомарттығын көрейікші бізде, - десіп қалжындейды. Қалтасы ақшаға толы Секен тартынбай:

-Жүріндер мейрамханаға, тәуекел деп да старқаннан дәм таттырып, бір сыйлап тастайын, - дейді.

Сонымен дәм-тұз татқызуудың соны ұзаққа созылып, оншақты адамды қалауынша сылқита ішкізіп, жегізеді. Бар ақшаны бір кеште жұмсап, киім-кешек сатып алу жайына қалып, Талдықорғанға құр қол қайтады. Дүкендерді араламадық-ау деген Кәкимаға:

-Тар пейілдік танытып, ренжіме?! Құдай нәсібімізді кемітпесін. Қолға тағы ақша түсер, сонда сауда жасармыз, - депті де қойыпты. Қүйеуінің қалтаға түскен ақшаны төгіп-шашип жұмсайтын жомарттығын жақсы билетін Кәкима да сонша дарақыланғандығына тіс жармапты.

## **ҚҰС АТУҒА ШЫҚҚАНДА**

Сейдахметтің отызға ілікпеген кезі. Жұмыстан қолы бір босамайды. Жолдас-жоралары анға шығып, табиғат аясында серуен құруға құмар. Ұзап шығайын десе автокөліктері жоқ. Бәрі де жаяу-жалпылы. Өздері құралпылас жігіттердің ішінде көлігі бары тек Сейдахмет. Ол жол мекемесінің бастығы. Бір күні бәрі жиналып Сейдахметке келіп, құс атуға шығайық деп үгіттейді. Аң аулауға құмарлығы шамалы, әрі бейімділігі де онша емес Секен тартыншақтап, жұмыс бар ғой деген сұлтаумен көніңкіремейді. Жігіттер жанды қояма. Жатып кеп сөздің майын тамызып мақтап, аң аулаудың қызықты әңгімелерін айтып тамсандырған соң Секен де илігеді. Сөйтіп, бірнеше жігіт Секенің «Газ-69» маркалы бес орындық женіл автокөлігімен аң аулауға шығады.

Діттеген жерге жеткен соң әрқайсысы көлді жағалай бұқпантайлап орналасады. Бұрын мылтық атып көрмеген Сейдахмет, абырай болғанда бір үйректі атып түсіреді. Басқалар да құр алақан емес. Қанжығаларында азды-көпті олжалары бар, ымырт үйіріле қонатын жерге қайтады.

Дала қосында ортаға отты маздатып қойып, ошақты жағалай жайғасып отырып тамақ іshedі. Бәрі назарды Сейдахметке аударып, үйректі қалай атып алғаны төңірегінде әзілі мен қалжыңы аралас қылыш-қылыш

әңгімелер айтылады. Аңшы хикаяттары ауызды аштыртып, көзді жұмдырады. Аракідік Секенді құралайды көзге ататын мергенге балап, қолпаштап-қошеметтеп әбден мақтауын жеткізеді ғой.

- Секе, аң аулауға шыққан алғашқы сапарың сәтті басталды. Шұдегеннен үйректі қалпақтай жалп еткіздің. Бастамаң онды. Келесі жолы тіпті қатырасың. Құс біткенді бір өзің-ақ қырып салып, біз ататын қауырсын қанаттыны қалдырмайтын сынайың бар. Түбінде қарауылға іліккенді тірі жібермейтін мерген шығады сізден, - деп Секене көпшік қойып, мереін өсіреді. Ошақ басындағы айтылған аңшылардың әңгімелеріне әсерленген Секен де көнілденіп, желпініп желкілдей түседі.

- Келесі жолы құс атуға тағы келетін болсандар, мені де қалдырмандар, - деп Секен пейілденеді. Жігіттерге де керегі осы сез. Түк атпаса да көлігін мініп ілесіп, қалжыңымен қағытып ортада жүргенінің өзі қызық.

Құс атуға шыққан алғашқы сапары ұнады ма, әлде құштарлығы оянып, көніл хоши түсті ме, Секен екі-үш күннен кейін аң аулауға әуесқой жігіттерге телефон шалады.

- Жігіттер, алдағы сенбі мен жексенбіде өткендердегідей көл жағалап қайтуға қалай қарайсындар, - деп тамырларын басады.

- Секе, көлік сізден болса, ілесуге біз дайын, - деп ұсынысты құп алады. Осыдан бастап Секен аң аулау серуеніне шығуға құштарлығы артып, қолы қалт еткенде тоғай аралап, көл жағалайтын әдетке бойы үйреніп, әуестене бастайды.

- Табиғат аясында аңшылықпен серуен құрған қандай ғанибет. Тәбетің де ашылып, ішкен-жегенің бойға сіңіп, жақсы тынығады екенсің. Бұл бір сүйікті іс секілді, - деп кеуде кере тыныстағанға рахаттанатын болды.

Бір жолы аңшы серіктестері Секенді ертіп, сонарға шығады.

Қыстың қытымырлана бастаған шағы. Тәулік бойы жапалақтаған қар да қалың. Қояны мен қырғауылы бар-ау деп Бұрған өзенінің жиделі, тоғайлы тұсына келіп тоқтайды. Әдетте қырғауылдар кешке қарай жайылымға шығады. Соны андыған әуесқой аңшылар белгіленген

бағыт бойынша әр жаққа тарап қар кешіп, тоғай аралайды. Құртік қар адым аштырмайды. Секен ойлы-шүқырға үйілген қарға омбылап, шаршап-шалдығып, қалжырап келе жатса, алдындағы шенгел түбінен бір сұр қоян атып шығып, бұлталактап қаша жөнеледі. Бейқам келе жатқан Сейдахмет қатты үрейленіп, бұрын қасқырды көрмегендіктен болар, тұла бойы мұп-мұздай болып, жаны түршігіп, сасқалақтап қалады.

Қоянды атудың орнына мылтығын қолтығына тығып, қалшиып тұрып:

-Қасқыр, қасқыр қашты. Әне, әне кетіп барады, - деп бар дауысымен ышқына айқайлап, қалбалақтайды.

Секенің қоянды қасқыр деп қорқып сұрланған түсін, үркектеген тұрысын, қауқарсыздық танытқанын көрген серіктері қыран-топан күлкіге басады. Ішектері түйілгенше күліп, қар үстіне аунай-аунай кетіседі. Көнілі абыржыған Сейдахмет оларға күрсіне қарап:

- Мыналарға не көрінді-ей, соншама құлгендері несі?  
– деп тымағын қолына ұстап, басының буы бұрқырап, ештеңені түптеп түсінбей, тырқылдаған күлкінің парқына бара алмай аңырып, сіркесі су көтермей томсарып тұрыпты.

## ҚАЛЖЫҢ ҚАРЫМТАСЫ

Сейдахмет жаратылысынан көпшіл. Кімге болса да ашық қабак танытып, жанын жаздай жадыратып жүреді. Отырған жерін әдемі әзіл мен көніл қалдырmas қағытпалы қалжындарға ұластырып, көнілдерді жайма жуақ ететін әдеті бар. Сондай бір сыпайы әзілдері жарасқан достарының бірі – жазушы Ораз Исмаил. Екеуі де қалжыңғой. Дидаласа қалса, бірің-бірі қағытуға әзір тұрады.

Сейдахметтің сөзі өткірлеу, әрі тапқырлығы да тамаша. Оразды талай жерде саз балшыққа отырғызып кетіп жүретін. Ораз да осал емес. Бір онтайы келер, «құрт есесі малтадан» дегендей, қарымтасың қайтарармын дейтін іштей.

Бір жолы алакөлдік достары Боранбай Кәкімнің баласы Еріктің үйлену тойына Сейдахмет те, Ораз да

шакырылады. Қуаныш иесі Оразға асаба бол деп қолқа салады. Дос көнілін қимаған Ораз келісіп, той тізгінің үстайды. Нұсқау бойынша рет-ретімен сөз беріліп жатады. Кезек Сейдахметке келгенде, тілінің қышымасы үстап кеткен Ораз шабыттана тұрып:

Бұгін таңда талай тілдер сайрайды,

Талай жанның бойында от ойнайды.

Ал Сейдахмет Шүрегеев жанары,  
Көшедегі бағдар шамдай жайнайды.

Ойнақшыған көзі орнында тұрмайды,  
Сөзге шешен, әзілге де ынғайлы.

Ал, қадірлі замначальник доруправ,  
Сөз сіздікі, халқың ұйып тыңдайды, -

деп өлеңдетіп сөз береді. Сол-ақ екен жаратылысынан қос жанары шоқтай жайнап, ойнақшып тұратын Секеннің көздеріне көздері түскен құдағилар мен құдашалар, қыз-келіншектер қыран-топан құлкіге басады. Іштерін басып, ішектері түйілгенше сылқым құлкі тыылмайды. Құлкішілердің біразы Сейдахмет азы судан жұтыңқырап алған соң көзі ойнақшып тұрған ғой деп ойласа керек. Обалы не, Секен ішу жағына сараң, сергек жүреді. Құлкіге бұлығып, көнілдері серпілген жұртты көрген Секенің көздері бұрынғыдан да бетер ойнақшып жан-жағына алактап қарағыштай береді. Құлкіге кенелген ел-жұртқа өзі де қосылып езу тартады.

Сөзін сөйлеп шыққан соң Сейдахмет сырбаздана асаба досы Оразға жақын келіп:

-Неше жылғы жиналған үпайларыңың біраз қарымтасын осы жолы қайтардың, бауырым, - деп, арқасынан қағады. Әзілді түсінгендіктен шамданғандығын сездірмей жымиып құліп жүре беріпті.

## БӨДЕНЕҢІҢ ТӨСІ

Дәрігер Нәбимұрат Шәріпов әзіл-қалжыңды сүйетін жігіт еді. Сейдахметтің жұбайы Кәкиманы қарындасы санайды да, Секене күйеу баласың дейді. Секен Нәбимұраттың әйелі Ынтаны «әпке» деп сыйлайды.

Нәбимұрат үйіне Сейдахмет келсе, күйеу сыбағасы деп төс тартудан әсте жаңылмайды. Әзілқой Секен де

тартынбайды, төсті мұжіп, сараңдыққа салынбай, ырымын жасап, қалтадағы барын табаққа салып жүргенімен күйеулігін толық мойындай бермейтін.

«Сарыағаш» сауықтыру шипажайынан дем алып, емделген Нәбимұрат қайтарда Ташкенттің бір ресторанынан екі бөдененің етін сатып алады. Ондағы ойы - алыс жолдан, ұзак сапардан оралғанда қатар-құрбылары мен жора-жолдастары шақыртпай-ақ өздері жиылып келіп: «Сарқыт жейміз» деп сау ете қалатын әдеті бар. Соларды таңсық дәм бөдене етімен сыйлап жібермекші. Қалыптасқан дәстүрден жаңылмайтын достардың біразының басы қосылып, дастарқан жайылады. Дәу табақ ет тартылады. Нәбимұрат Ташкенттен арнайы әкелген бөдененің төсін Сейдахметтің алдына қояды. Оны байқағандар:

- Пәлі, Секеңе бұрын-соңды болмаған ырым - құс төсі тартылды. Кәне, өзің ғана жемей, бізді де құр қалдырма?  
- деп гүілдеседі. Алдындағы сыйлы тағамға жайдарланып, езу тарта күлімсіреген Сейдахмет бөдене төсін жеп, ырымын жасап, табаққа ақша салып отырып:

- Мына Нәкеңнен - Нәбимұраттан еш құлық артылмаған шығар. Бұрын да талай келіп, дәм-тұз татып жүрген дастарқан ғой бұл. Осы үйден қойдың да, сиырдың да, жылқының да, тіпті бір жолы түйенің де төсін ұсынған еді. Төсті жесем де, күйеулігімді мойындармай, әзіл-қалжыңға сүйеп жүре беруші едім. Енді міне, майы жүрекке тимес бөдененің кішкене төсін ұсынып отыр. Бұл да тапқырлық. Сол үшін де күйеу бала екендігімді мойындармасқа лаж қалмады, - деп бас иіп, сәлем береді. Әзіл-қалжың одан әрі жалғасып, дастарқан басындағылар өзара мәз болысыпты.

Бөдене төсі тұрғысындағы әңгіме аңызға айналып кете барады.

## ЖОЛ ҰЗАҚ, ӨМІР АЛДА

Қаратал өніріндегі «Коржынкөл» совхозына бір жолы жұмыс бабымен төрт-бес адам келе қалады. Ішінде Сейдахмет Шурегеев те бар. Бәрінің шаруасы біреу. Шаруашылыққа қатысты мәселені талқылау бітіп, келісімге келіп, тапсырманы тиянақтаған соң,

әдеттегідей совхоз директоры қонақтарды дастарқанға шақырады. Облыстық партия комитетінің лауазымды қызметіндегі Ақылбаев пен Жигулин үйге кіреді. Директор да оларға ілесе жүреді. Кейінректе тұрған Сейдахмет пен құрылыш мекемесінің бастығы Шынарбек жайбаракат тұра береді. Ойлары ішке кіргендер жайғассын. Үй иесі дастарқан басына отырарда шақырады ғой деген ойда болады. Біршама уақыт өтеді. Ешкім ештеңе демейді, тым-тырыс тыныштық. Шыдамы таусылған Сейдахмет қасындағы Шынарбекке бұрылып:

-Бекерге состиып тұра береміз бе, жүр үйге кірейік бізде, - дейді. Шынарбек те шыдамды, ізетті жігіт.

-Ақай жоқ, тоқай жоқ кіріп барғанымыз ыңғайсыздау болар, шамалы күтейік, өздері де шақырар, - деп үстамдылық танытады.

-Ыңғайсыздансақ ығыстыра береді. Қашанғы күтеміз. Жүр, үйге, - деп екеуі кіріп келсе, әлгі үшеуі жайбаракат рахаттанып тамақтанып отырады. Тамақты тым-тырыс ішкендерге тесіле қараған Сейдахметтің өні өзгеріп, бетіне қаны ойнап шыға келеді. Оны үй иесі бірден байқап, абыржи бастайды. Екі дәй қонақ өзімен өзі. Кім келді, оған мән бермегенсіп, іштей тыржындал, жақтырмаған сыңайларын білдірмегенсіп, ештеңеге мән бермей өздерінше шалқып-тасып отыра береді. Жайсыздықты бірден сезген Секен дізе бұкпестен:

-Ұқыластарыңызға раҳмет! Біз қайттық, - деп теріс бұрылып, есік табалдырығын аттай бергенде үй иесі алдарына көлденен тұрып:

-Дәм татыңыздар. Кешіріңіздер. Ұят болды-ау өзі, - деп бәйек қағады.

- Астан үлкен емессіздер ғой, дастарқанды тастамай, тамақ ішініздер, - деп қайталап жалынып-жалпайып, аяқта жығылғандай болған соң, шеткерірек орындыққа жайғасады. Бірақ, «ұзілген жіпті жалғасаң, түйіні көрініп тұрады» дегендей, дастарқан басында қонақжайлылық, еркін отырыс, жылы жұзділік пен емен-жарқындық байқалмайды. Сүреңсіз көніл, тырысқан қабак қытыймыры отырғандарды бүйіктырып, тұншықтырғандай әсер етеді.

Отырыс ұзаққа созылмай, бәрі жолға шығады. Орта жолға жеткенде Көбен:

- Суға түсіп, шамалы таза ауада тыныстырық, - деп ұсыныс жасайды. Оны макұл десіп, Қаратал өзенінің құмдауыт жайлы жағасына тоқтайды. Директордың үйіндегі дастарқанға шақырмай, оңаша тамақтанып отырғанына ренжіген Секеңнің көнілін ауламақ болған ниетпен обком партияның қызметкері Көбен жақын келіп:

- Секе, Сіз ренжіп келесіз. Бізді дұрыс түсінгін. Ел ішіне келгенде өзімізді жоғары ұстап, өзімізді өктемдеу көрсетпесек, бізге кім бас иеді, бізді кім сыйлайды. Оңаша отырып, әңгімелессек деп едік. Бәрі бір кірдіңіздер. Бірден дастарқанға шақырмады деп ренжіменіздер, оған кешірім етіңдер, - деп мәймәңкелейді. Сейдахмет қасындағы Шынарбекке қарайды. Ол тым-тырыс, тіл қатар сыңай танытпайды. Назар аудармаған адамша өзеннің қарсы қатпалына көз тігіп, тымырайып тұрады. Сөз қисыны келіп тұрған соң Сейдахмет:

- Өзін жоғары ұстап, өктемдік танытқандарды елдің қаншалықты сыйлап, құрметтейтінін уақыт көрсетер. Әлі талай кездесіп, жүздесерміз. Жолұзак, өмір алда, - дейді де қояды.

Өздерін жоғары ұстап, өктемдік көрсеткен обкомның екі қызметкері де көп ұзамай тақтан тайыпты. Ел ішінде қарапайымдылықпен кішірейе білген Сейдахметті көкірек көрсетпесе де ел-жұрты сыйлап, құрмет тұтады.

Сейдахмет негізгі қызметін көпшілікке пайдалы іспен де байланыстырып келеді. Ол облыстағы “Қаракерей Қабанбай батыр” және “Әулие Көтентәуіп Қоңырбайұлы” қоғамдық қорларын үйымдастырып, шарапаты мол іс-шараға басшылық жасауда. Сондай-ақ, облыс орталығы Талдықорған қаласынан өкіл әкесі Д.А.Қонаевтың ескерткішін ашуға атсалысып жүрген азаматтардың бірі. Ақиқатын айтсақ, таяу мезгілде әсем Талдықорғанда Қаракерей Қабанбай мен ғасырдың озық ойлы біртуар перзенті Д.А. Қонаевтың да ескерткіштері бой көтереді.

## KYMIS KEMEY

Қуанышты дастарқан үстінде әр тарау әңгімелер айтылып, көтөн көріспеген ағайындар шешіле сыр шертісіп отыр. Бәрі де ортада отырған осынау күміс шашты адамға мейірлене назар аудара береді. Сөз арасында:

- Күмеке, әңгімені әнмен нәрлендіріп отыралық. Бір әу деп жіберсеңізші. Майда қоңыр даусыңызды естімегелі көп болды ғой, өзінізді де, әнінізді де сағындық, - десіп қояды.

Дастарқан басындағы-лардың Күмеке деп отырғандары – Күмістай Онғарбеков. Осы бір елгезек мінезді, акжарқын адамға көпшіліктің: «Ән айт, домбыра тарт» деп қолқа салуының да өз орны бар. Жұртшылық арасында тума таланттымен танылған, ән айтып, күй тартып, жұртшылықтың айызы мен құлағының құрышын қандыратын адамдар болады емес пе. Оларды «сегіз қырлы, бір сырлы» деседі жұрт. Бұл әділ баға. Үнемі көп көзінің алдында жүретін, дуалы ауыздардан анда-санда бір шығатын дауалы кесім, тұра пікір екеніне күмәндандудың өзі қыын. Сондай өнерлі азаматтардың бірі осы Күмістай. Бүгінгі дастарқан басында отырғандардың



жасы кексе тартқан, шашы күмістей жылтыраған, жанарынан жылылық шуағы төгілген, салалы саусақтары сүйріктей осы бір адамға көбірек ынта қойып, қолқа салулары да сондықтан. Оның әнші, домбырашы екенін Талдықорған төңірегінде білмейтіндер кемде-кем. Қаратал өнірі адамдарының бәрі Күмекеңнің жүзін көріп, дидарласпаса да, оның әнеріне сырттай қанық. Оны етене жақын білетіндер:

- Қоңыр дауысымен баяулатып, ән салғанын көрсөң ғой!

- Домбыра пернесін құлан жортқандай шертетінін айтсаңшы!

- Ортаға келсе, әдемі әзіл араластырған қуақы сөздерімен де күлдіріп, мысқылды қалжыңымен де баурап алатындығының өзі бір ғанибет! – десетуғын.

Күмістайдың атына осындай жылы лебізді, ыстық ықыласты сөздердің айтылуы да текten-tek емес-ті. Халық әрқашанда сыншы, әділетін айтатыны анық. Күмістайға да жоғарыдағыдай бағаның берілуі әділ. Күмекең ән мен күй дарыған, оны сүйген отбасының түлегі. Жасынан сауықшыл ортада өсті. Шағын жиындар мен той-томалактарда домбыра шертіп, ән салмаса көнілінің қыбы қанбайды. «Сен айт, ол айтсын» деп бәлсінуді білмейді әсте.

Күмекеңнің өзіне көптен бері серіктес болған күйден гөрі әнге лайық, жайлы қоңыр домбырасы бар. Ол әркезде-ақ әнге десе әнге, күйге бұраса, күйге даяр тұрады. Бабына келтірілген домбыраны шертіп қалғанда қос ішек бебеу қағып, отырғандардың назарын бірден өзіне баурап әкететініне әркім-ақ қайран.

Жіңішке мойын, қызыл қоңыр домбыра кішкентай болғанымен өте шешен. Бунақтарының арасына көз тартатын гауһар тас орнатылған. Шанағының беті үнге үн қосып, дауысты күшетуі үшін бірнеше жерінен тесілген. Малшы қауымға лайықталғандай домбыра қақпағына лақ пен серке суреті ойып салынған.

Домбыраны күйінде ұстау, пернелерін шешен сөйлейтіндей етіп ретіне келтіру - әрбір адамның қолынан келе бермейтін іс. Күмекеңнің кез-келген домбыраны қолына ала бермейтіні де сол. Домбыра бабында болмаса, Күмекеңді қанша құзасаң да, шабытына келтіре

қою қын. Қуаныш кештеріне барғанда домбырасын өзімен бірге тастамай ала жүретіні де содан.

Бұгін де қолға үйір домбырасымен күмбірлетіп күй тартып, баяулатып ән салып, шағын ортаға шырай беріп отыр.

Міне, Күмекен ежелгі әдеті бойынша төрт қырлы қызыл домбырасын қолына алғып, құлағын бұрады. Әр пернесін басып, құлағына тосып, ызыңын тыңдалап көрді де, салалы саусактарының ұшымен шертіп-шертіп жіберді. Қос ішектен есіліп шыққан қоңыр саз қырық құйқылжығалы тұрғандай көніл-пернесін қозғай жөнелді. Сол сэтте Күмекен ұшатын бүркітше қомданып, малдас құрып отырды да:

- Кәне, қолқалап қалдындар ғой, ән айтайын ба, күй тартайын ба? Көпшіліктің көнілінен шығайық, әйтеуір, - деп еді, тыңдарман қауым қай әннің атын айтарын білмей тосылып қалысты. Сосын Күмекен домбырасын қағып-қағып жіберді де, қоңыр дауысымен өзінше бір әнді бастап кетті. Ән сазы мамырлап, жүрек қылын қытықтап барады. Баяу басталған қоңыр ән барған сайын сағымдай толқып, балдай тамылжып, шырайлы шырақ шым-шымдап тұла бойға сіңіп жатыр. Отырғандардың бірде-біреуі селт етпейді. Әнді үйып тыңдалап қалған. Бұл Арқаның атақты әншісі Естайдың «Жайқоңыры» еді. Атына әуені сай ән бабымен баяулап, тыңдаушының жүрегінен жылы жай тауып жатқандай. Ән жай басталып бара-бара қайырмасы үдей тұсті де бірде шалқып, бірде толқып, үй ішін түгелдей еліктіріп әкетті. Әнді Күмекенің дежан-тәнімен беріле жүрекке жеткізе білгені соншалық, өзінің де елітіп, балқып кеткенін сезбей де қалған сияқты. Қоңыр әуеннің тыңдаушыларына әсер еткені сондай, демін ән аяқталғанда бірақ алғандай. Бәрі қол соғып, «бәрекелді» десіп, қолпаштап жатыр.

Көпшілік қолпаши Күмекенің де делебесін қоздырды білем, домбыраны жеделдете екінші бір ән ырғағына келтіріп, шертіп-шертіп жіберді. Қос ішектен шыққан күніреністі кең тыныстан жүртшылық селк етіп, шошып оянғандай сілкінді. Домбыраны шалғы қайрағандай арлы-берлі шерткен саусактардан жан тебірентерлік сарын тасып төгіліп жатқандай. Егіліп-төгіліп бебеуlep сыр суыртпақтаған қос ішекке майда қоңыр үн қосылды.

Аманжол Рахымжанның Қасымымын,  
Мен қалған бір атанаң ғасырымын.  
Біреуге жұртта қалған жасығымын,  
Біреуге аспандағы асылымын.

-Айтушысы келіссе, әннен құдіретті ешнәрсе жоқ та шығар. Мынау керемет әуен ғой. Әнді өз сазымен, өз назымен, өз нақышымен орындаушылар кемде-кем. Ал, мына Күмекең бүкіл даланың далиған кеңдігін таркеудеге сыйдырып әкеліп, осы үйдің төріне сау еткізіп төге салғандай әсерге қалдырыды емес пе. Кім білген, нағыз күміс көмейдің өзі екен де.

Тыңдаушы жұртшылық әншінің дарындылығына таңғалысып, таңдай қағысып жатыр. Бәрі де орындарынан бір-бір көтеріліп басылып, гу-гу етісті.

Абыр-дабыр мен тамсаныс сәл толастаған соң отырғандардың бірі:

- Күмеке, - деді төрде домбырасын жай ғана сұқ саусағымен шертіп отырған Күмістайға бұрылып, - сізді «Сарыжайлауды» жақсы тартады деуші еді, соны шертіп жіберсеніз. Көпшілік те наразы бола қоймас.

- Өзіңнің күйге деген талғампаздығың бар-ау шамасы. Сағыныш сазы мен ләззаты басым күйді тандауын қарай гөр!

- Өмір сүйген адам өлең-жырды та талғай біледі.

Осындағы қосарланған сөздер айтылып жатқанда Күмекең қос ішекті бебеулетіп, «Сарыжайлаудың» сазына беріліп, ырғағына ілесіп кеткен-тұғын. Саусактары домбыра сағағында сырғанап, акқудай сыңсыған сағыныш сазды үн көнілге кербез келісімдер, лала лебіздер қонақтатып жатыр. Ішекті шертуі мен қағуында да, пернені басуында да өзіндік өрнегі бар.

Жұрт тым-тырыс. Қос ішектен көтерілген әсерлі саз діріл қаға екпінде, көп көңілін баурап, елітіп бара жатқан тәрізді. Күйдің «тәри-тарайт-тарайт-тайлап» келетін тұсы тым әсерлі. Жуан дыбысы мен жіңішке дыбыстардың жымдастып, жүйріктей жүйткіп, жорғадай тайпалан қаққанда жұрт кішкене қоңыр шанақтың сиқырлы шежірелі сырына тамсанып, іштен тынып, демдерін үнсіз алысты.

Күй тыңдаушылардың үйып кеткені соншалық, әуезді,

назды саздың баяулап барып үзілгенін бірак білді.

Дастарқан басындағылар біріне-бірі:

- Кемеліне келтіре тартады-ақ екен. Саусактарында буын жоқ па деймін, - десіп қол соғып, қошемет көрсетті.

- Күмеке-ау, осы кейде радиодан, теледидардан әннің әрін кетіріп, күйдің көнілін таба алмайтындар да эфирге шығып, теледидарда көлбейтіні бар. Солардан сіздің неңіз кем? Алматыға барып, өнерінізді неге көрсетпейсіз жұртқа?

- Бәрі дұрыс қой. Бірак әр нәрсенің өз орны бар, - деді Күмекен тершіген мандайын сұртіп. – Біз ауыл арасында жүріп, өзің сияқты ағайындар көнілінің қалауын тапсақ, соның өзі жетіп жатыр.

- Күмеке, олай болса тағы бір-екеуін тартып жіберіңіз.

Көлденен қолқа салушылар көбейді. Күмістей домбырасының құлағын күйлеп, сәл ойланыңқырап отырды да былай деді;

- Көпшілік қалап қалды ғой, Тәттімбеттің «Көкейкестісін» шертіп берейін. Тәтекен бұл күйін Петербургке барып патшаның тойынан торығып қайтқанда шығарған деседі. Халқының қамын ойлаған көнілінің көкжиегі кең күйші былай толғаған екен.

Күмекен күйді жеті таған қағыспен бастап, бірте-бірте еркін көсілте жөнелді. Ерсілі-қарсылы қағылған астыңғы ішек «тау-тауу-тауу-тау» - лап қоңыр қаздай қаңқылдал, ызалы ызындар төгілді дерсің. Бірте-бірте астыңғы-үстіңгі ішек қос қабаттанып, күйдің сиқырлы тілі ашылып, әуезді үні қанға сіңіп, бойға тарап, сезімді сапыра жөнелді. Бара-бара саусактар төмен құлдилап, қос ішекті алма кезек шалып, сүйініш, күйініш, өкініш, үміт сезімдері бір-бірімен қаббаттасып, жүректі егеп, шымши толғап, шырышық атып бебеулемді. Көз ілеспес жылдамдықпен сағаққа қарай өрлеген саусактар сиқырлы сұлу ызындар төгілдіріп, күй тілінің шежіресін шешілдіре шертіп жатыр.

Күніренген күй мына Күмістайдың қолындағы домбырадан емес, айдалада еркін есілген дауыл ызыңындағы бебеулең, құсаға тұншыққандай булығып, бірде ішін тарта ысқырып, бірде еркін серпіліп, кейде көмейге кептелгендей ширыға түседі. Күмекен де домбыраның қос ішегін еміне сауып, есілтіп отыр.

- Пай-пай, қос ішектің Қараталдың қоңыр самалындағ  
есуін қараши, - деп үлкен сыршыл лебіздің тұла бойын  
жайлап, делебесін қоздырып жібергенін жасырмай  
айтушылар да бар.

Сыңсыған күй қайырылысы «дори-дори-дой-дой,  
доридой-ай» деп булыға күмбірлегенде қос ішек үнін  
таңсық ынтықпен тыңдал отырғандардың бірі:

- Шіркін, Тәттімбеттер туа біткен табиғи талант қой.  
Осы күні он бес жыл оқыса да ұқсатып, өнер көрсете  
алмай жүргендер бар. Мынау сұмдық күйді ешкім де  
қайталай алмас, - деп орнынан қозғалып, күйшіге қарай  
ентелей тұсті.

Дастарқан үстінде бас қосқандар күйге тояттаған  
сыңай танытқанымен, әлі де қыбы қанбай қалғандай  
күйшіге қарады. Күмекен үйыған саусактарын сілкіп-  
сілкіп алды да, орамалымен тершіген мәндайын сұртті.  
Сосын:

- «Көкейкесті» күйі осы, - деп домбырасын іргеге  
сүйеп қойды. Отырғандар өзді-өзімен дабырласып кетті.

Күмістай Онғарбеков өзіне ән мен күйді өмірсерік  
еткен, өнерді беріле сүйетін адам. Ол көп жылдар бойы  
партия қызметінде істеді. Қазір Қаратал аудандық  
әлеуметтік қамсыздандыру бөлімін басқарады. Өзіне  
тапсырылған жұмысты партиялық жауапкершілікпен  
атқаратын К. Онғарбеков қайда бармасын, өзі болған  
ортасын әуезді әнгे, күмбірлеген күйге бөлеп, отырыс  
шырайын кіргізетіндігі әркімге аян. Мынау шаттықты кеш  
те өнерлі жанмен жүздесудің бір сәтінің көрінісі еді.


...Әне екі білегін тағы да сыбанып, домбыраны қолына  
қайта алды ол. Үстіңгі ішек күніреніп, астыңғы ішек  
безектей жөнелді. Қасірет-қайғысына толы шерлі күйді  
шерткен он саусаққа көз ілеспейді. Бұл «Ақсак құлан».  
Оны жосылтып отырған Күмістай.

**Талдықорған облыстық  
«Октябрь тұы» газеті**

**22 әқпан 1980 жыл.**

## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Адами қасиеттің өзіндік ерекшеліктері де сан алуан. Солардың ішінде бірауыз сөзімен көптің көңілінен шығатын, елді үйіта білетін адамдар да болады ғой. Ақылының кемелдігімен, пайымының парасаттылығымен, өз ісін білгірлігімен тұтастай бір елдің тізгінін ұстап, оларды жақсылыққа жетелейді. Мұндай адам елі мен жерінің тағдырын көп ойлайды. Жастардың кемелді келешегіне көз жүгіртеді. Жақсылық жасағандарды қолдап, оларға бағыт-бағдар береді. Өмірден өз жолын таба алмай шәлкес басқандарға жөн-жосығын айтып, дұрыс жолдың нұсқасын сілтейді. Өмірдегі тіршілік тізгінін түзу ұстаудың тәсілін үйретеді. Көкірек көзі ояу, көшелі ақсақалдың көпке ортақ ақыл-кеңесіне, үлгі-нұсқасына құлақ асқандар өмір жолынан адаспайды. Оларды ел сыйлайды. Нар тұлға азамат санайды. Тұтқа тұтады. Үлкен ауылдың осындай ақылманды қариясына айналған ақырық ақсақалдың бірі Тұралық Дөненбаев қария. Ол бүгінде сексеннің сенгірігіне шығып отырған Екпінді ауылының құрметті азаматы. Саналы өмірінің көбісін жасөспірімдерді ұлағаттыққа тәрбиелеуге үндел



келе жатқан ұстаз.

Елдің бірлігін сақтап, ынтымағын жарастырып отыруды өзінің азаматтық парзы санайтын ақсақалдың көргені де, ойға түйгені де, өмірлік тәжірибесі де жеткілікті. Ақыл-кеңеске бай қадірменді қарт Тұралық ақсақалдың ғұмырнамалық еңбек жолына көз жүгіртсек, ол былайша өріледі.

Тұралық Дөненбаев - Екпінді ауылының құрметті азаматы. 1928 жылы 20 тамызда Екпінді ауылдық Кеңесіне қарасты Майлышаттың құнарлы қоңыр топырағында дүниеге келген. Балалық шағы Ұлы Отан соғысының ауыртпашилығын арқалаумен өткен. 1942 жылы Андреев орыс орта мектебінің 6 сыныбын бітірген соң, колхоз бригадасында еңбек етуге орналасады.

Соғыс уақытында істеген еңбегі жоғары бағаланып, 1945 жылы «Енбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. 2005 жылы сол кездегі еңбегі ескеріліп «Ветеран войны 1941—1945 г.г.» деген төс белгісін өніріне жарқыратып таққан.

Соғыс аяқталғаннан кейін оқуын Үшқайың орталau мектебінде жалғастырады. 1947 - 1950 жылдары Лепсі педагогикалық училищесін бітіріп, Надеждовка орталau мектебіне мұғалім болып орналасады. Еңбек істей жүріп, Қазақтың С. М. Киров атындағы университетінің филология факультетін сырттай оқып бітірген. Қатардағы мұғалімдіктен орта мектептің оқу ісінің меңгерушісінен, мектеп директорлығына дейін көтеріліп, жиырма бес жыл ұстаздық қызметте болады. Еңбегі жоғары бағаланып, Қазақ ССР - інің оқу-ағарту ісінің үздігі белгісімен марапатталған.

1975 жылдан 1990 жылға дейін халық депутаттарының Октябрь ауылдық кеңесінің тәрағасы болып үздіксіз он бес жыл қызмет істеген. Андреев аудандық кеңесінің екі рет депутат болып сайланып, тұрақты комиссияның оқу және денсаулық сақтау жөніндегі комиссиясын басқарады.

Тұралық Дөненбаев — зейнеткерлік – құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін аудан басшыларының нұсқауымен аудандық «Қазақ тілі» қоғамының тәрағасы болып сайланады. Үйгентас ауданы өніріндегі жер - су,

ауыл, елді мекен, мекемелер мен шаруашылықтардың бұрынғы тарихи атауларын қалпына келтіруге сінірген еңбекі ерекше атап өтуге лайық.

Бүгінде сексен жастың табалдырығын аттап тұрған қария әлі де тың, ширақ. Ақыл-ойы сергек, әңгіме айтудан жалықпайды. Ауылдағы ақсақалдар алқасының жұмысына белсене қатынасып, жаңарған әлемдегі жаңа Қазақстан, сәулетті болашақ туралы, жастар тәрбиесі жайлышекциялар оқып, әңгімелер өткізіп тұрады. Екпінді, Үшқайың, Қарлығаш мектептеріне барып, оқушыларға Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынов, Әнуар Әлімжанов және басқалардың өмір жолдары мен шығармашылығы жөнінде әдеби кештер өткізіп тұрады.

**- Тұралық аға, сіз жазушы Әнуар Әлімжановты жақсы біледі екенсіз. Осы қаламгердің өзініз байқаған ерекшеліктері қандай еді? Сол жайлышекциялардың берсеңіз.**

- Әнуардың білгенде қандай. Асқақ Алатаудың солтүстік етегінде қоныс тепкен, табиғатының сұлулығы талайлардың аузының сүйін ағызған, жері қасиетті, елі ырысты, халқы қонақжай Шұбарағаш – Ойжайлау өнірінде Қарлығаш деген ауыл бар. Осы құтты мекенде туып өскен, аты әлемге әйгілі Әнуар Әлімжановтың жандуниесі сондай айқын-жарқын тамаша адам еді ғой. Біз бала кезімізден бірге өстік, сырлас болдық. Бір жапырақ нанды бөліп жеп, ағалы-інілі адамдай тату-тәтті қатынаста жүрдік. Ол көп оқитын, көп білетін, аса зерек, ұғымтал, пысық, еңбекқор болатын. Ата-анадан кәмелетке жетпей айырылған Әнуар қанша бейнет көрседе, жасыған жоқ. Тыңымсыз еңбек ете жүріп оқыды, оқығанын зерделеп, санасына тоқыды. Осы өнегелі әдеті бүкіл өміріне ұласты.

Әнуар Әлімжановтың, қазір ортамызда жоқ, бірақ оның өзі сияқты жарқын шығармалары Европа мен Азия құрылыштарында, Америка аймағында жүртшылықтың қалтқысыз қызығушылығын туғызған сонау бір уақытты қазақ халқы жақсы біледі.

Атаның емес, адамның баласы болған Әнуар тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзат баласының сөзін сөйлеп, жоғын жоқтаған көркемсөз шебері, зерделі

жазушы болды десем, асыра айтқандық бола қоймас деп білемін.

Бергенінен берері көп шынайы дарын иесі ортамыздан ертерек кетті, амал қанша?!...

Сырлы- сырбаз Әнуардың достығы, адамгершілігі, мағыналы өмірі естен кетер ме екен!?!... Біз білетін Әнуар Әлімжанов қазақ халқының озық ойлы, сегіз қырлы, бір сырлы, оттай жалындаған, алмастай өткір, шындық пен әділдікті ту қылып ұстаған асыл жан еді ғой. Мадак-мақтанға жок, қызмет дәрежесі жоғары адамдарға жарамсақтануды білмейтін. Әділдік пен парасаттылықты насихаттап, басқаларды да соған үндеп отыратын.

«Ел аралаған сыншы, тоғай аралаған үйші болады» деген рас екен. Көргені мен білгені мол Әнуар өз уақытында қазақ халқының біртуар ұлына, ірі тұлғасына айналды.

Ол өзінің елін – қазақ халқын, оның дәстүр-салтын аса құрметпен қадірлей білді. Жер шарының қай жерінде жүрсе де, өз елінің, туып-өскен жерінің тарихы мен келешегі өз шығарламарында анық көрсетіп, асқақтата суреттеп берді. Оның шығармалары әлемнің көптеген халықтарының тілінде жарық көрді.

**- Әнуардың достарына деген қарым-қатынасы, ықылас-пейілі жөнінде не айтасыз?**

- Несін айтасыз, жаны жомарт-тұғын. Достарын көруді аңсайтын. Сырласуды армандалап жүретін. Елге келсе, мені әдейі іздеп келіп, қасынан қалдырмай жүретін. Оның және бір ерекшелігі қоғам, мемлекет қайраткері бола жүріп, ешқашан көкірек көтермейтін. Өзі сенген достарына өзек етін кесіп беруге дайын тұруши еді. Ал оның сыйлас достары дүние жүзінде жетерлік еді. Олардың көбі қазір де Әнуар туралы естеліктер жазды. Әзіміздің ақын-жазушыларымыз арасында С. Мұратбеков, F. Қабышұлы, К. Смайлов, Ә. Нұршайықов және басқа шынайы достарының естеліктерін оқып та жүрміз. Ә. Әлімжанов жетпей айтатын жел өкпеге, асырып айтатын данғойға айбары сүйк, тілі уытты еді. Ол мінездің бетсізін, өнердің тексізін мұлдем жек көретін. Әнуар қырандай самғап, дүниенің төрт бұрышын түгел аралады. Әлем халықтарының жүрегінде достықтың, татулықтың,

бейбітшіліктің асыл ұрығын септі.

Өтірік өсекке жаны қас, қандай қызметте болмасын рушылдық, жершілдік дейтін дерттен аулак жүрді. Адал, еңбеккор жастарға құрметпен қарайтын. Олармен жиі-жі кездесіп, сырласып, пікір алысады қалайтын. Жайшылықта қарапайым ғана азамат көрінетін Әнуар үлкен жиындарда шешіліп сөйлеп кеткенде, өздерін көсем санап жүрген шешендер тосылып, Әнуар Әлімжановтың сынына, қоғамда болып жатқан кемшіліктерді ашып көрсеткеніне еріксіз мойын бұратын.

**- Әнуар Әлімжанов қазақ тіліне шорқақ, тек орысша сөйлейді, орысша жазады дейді жұрт. Сол рас па?**

- Қазақша білмейді деуге келіспеймін. Ауылға келгенде ана тілімізде актарыла сөйлейтін. Әрине, орысша оқығандықтан, осы тілде жатық сөйлейтіні айдан анық. Неге десен, ол мектепті, училищені, университетті орыс тілінде бітіргендіктен көсіле еркін сөйлеуге орыс тілі оған ыңғайлы да еді. Ол өз шығармаларын және қоғамдық маңызы бар мәселелер туралы мінберден сөйлеген сөздері тек орыс тілінде болушы еді. Олана тіліміз – қазақ тілін ешқайсымыздан кем білмейтін. Қызмет үстінде, үйде, кейбір жиындарда қазақша сөйлейтін. Арасына орысша сөз қоспайтын. Әнуар Әлімжановтың аты ерте шықты. Атағы ерте жайылды. Сегіз роман мен повесть шығарып, бес әңгімелер мен очерктер жинағын оқырманға ұсынды. Осылардың бәрі қазақ тіліне және әлем тілдеріне тәжімаланған. Газеттер мен журналдарда оның жүздеген мақалалары басылды. Ол мақалалардың көпшілігі ағылшын, француз, неміс, хинди, жапон, қытай тілдеріне аударылған. Қазақ халқын дүние жүзіне Әнуардай кең танытқан ешкім жоқ. Ол өз елін бүкіл дүниенің төрт бұрышына мағлұм қылды. Өз халқының салт-санасын, ұлылығын насихаттады. Асыл адамдарының есімдері мен еңбектерін әлемге әйгілі етті.

Есімі әлемге әйгілі Әнуар Әлімжанов Мемлекеттік және халықаралық сыйлықтарды аз алмаған жазушы. Осылардың бәрінен қымбат бір сыйлық бар. Ол халықтың сүйіспеншілігі. Қай өлке, қай қалада болмасын, оның шығармасын оқымаған адам кемде-кем. Махамбет,

Мұстафа, Шоқан және басқа қасиетті адамдар туралы жазылған Ә. Әлімжанов еңбектерін жоғары бағалаймыз.

Алматы облысы Алакөл ауданы «Үшқайың» ауылында Әнуар Әлімжанов атындағы қазақ орта мектебінде жазушыға арналған мұражай бар. Ол үнемі жаңарып, толықтырылып келеді.

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжанов 2010 жылы 80 жасқа толады. Осыған байланысты Қабанбай батыр атындағы ауылда ескерткіш қою жұмысы жоспарланып, арнаулы қор құрылып, осы бір игі істің қуанышына кенеліп отырған жайымыз бар. Бұл сәтті істің басы-қасында Алматы облысының әкімі Серік Әбікенұлы Үмбетов, Алакөл ауданының әкімі Бағдат Қарасаев сияқты озық ойлы азаматтардың жүргені жаңымыздың нұр құйғандай әсер береді. Игі істің жүзеге асатынына сенім де мол.

**- «Қариясы бар ел - қазынасы бар ел» дейді халық даналығы. Бұған қалай қарайсыз?**

- Қашанда текті елдің, тәрбиелі ортаның қариясы қадірлі. Біздің Екпінді мектебінен білім алған жастар өздерінің ұстаздарына қарап бой түзеді десем артық айтқандығым емес. Осы мектептің тұлектері, кейіннен ұстаздық қызмет атқарған Омарбаев Әbdіхамит, Әлсейітов Жақсыгелді, Сүлейменов Беделбек, Шәкеров Нұрғизат, Айқұлов Сансызбай, Адамбеков Тоқыш, Дүйсембеков Зиқап, Шынғожин Жұсіп, Байжанов Сәбетай, Нұсіпов Советхан, Қанабеков Асан, Қыстаубаев Әділхан, Исабаев Нұрғазы, Әбішева Нұрсұлу, Баева Манат ел құрметіне бөлөнген абзал жандар. Олар ауданымыздың әр мектебінде басшылық қызмет атқарды. Бір кездері ауданымыздың әр түрлі саласындағы барлық кадрлардың 60-70 пайызы Екпінді мектебінен оқып шыққан тұлектер еді. Қазіргі кезде бүкіл Жетісу өнірінің көптеген жерлерінде осы қара шаңырақтан қанаттанған тұлектер қызмет етуде. Осыған қарап отырып, келешек ұстаздарға, ұрпақтарға киелі мектептіңabyройын одан әрі көтере берулеріне бұрынғы ұстаздар атынан тілекtestіk білдіруді парыз санаймыз. Өйткені, ұстаздың жолы өте ауыр да abyройлы. Бүгінгі шәкірттің ертең келіп сәлем беріп, есіне алуы үлкен мәртебе деп

білу керек.

**- Қартаю мен қариялықтың ара-жігі қандай?**

- Ақын Мұқағали Мақатаевтың «Қариялар азайып бара жатыр» деген өлеңін оқып отырып, неге бұлай толғанды екен” деп ойға қаласын. Қарап тұрсақ, айналамызда қарт кісілер баршылық. Бәрі құрметті. Бірақ өзімізben бірге істеп, қалжындастып, сырласып жүретін ұстаздар қауымы тым азайып барады.

Өлеңнің түпкі мағынасы қартаю мен қариялықтың ара-жігін ажыратып тұрып көрсеткен екен. Бұрынғы аталар елді парасатымен, тектілігімен, халықтың салт-дәстүрлерді жетік билетіндігімен бірауыз сөзімен-ақ жастарға дұрыс жолды нұсқаған, көрсете білген. Әр ауылдың ақылман қариясы болады екен. Олардың ешкім тағайында маған. Жұрттың өзі мойындал, ол кісілерді төрге шығарған. Ондай қарияларға Әйкен, Бекен, Базарбай, Тінібай, Аталық, Бәшен, Қапан, Қалидолда сияқты ұстаздар, ауыл ақсақалдарынан Қалиакбер, Әбеусыздық, Мейірман, Қыдырәлі, Шынғожа, Кәкен, Сейітжан, Омархан, Садық, Шілікбай, Қасымбай, Рахымжан, Қасымжан, Құлсәбір, Мұхаметқали, Жақыпбек сияқты қарттар толықтырады. Аналардан Алшораз, Құлбән, Нәсір, Қади, Нұрипа, Шәмшия, Мәрия, Бәтен, Құлбәрән отбасылық, әжелік үлгі-өнегенің ордасы іспетті.

Мәңгілік ештеңе жоқ. Жас қартаяды, кәрі ары қарай озады. Бәрін уақыт таразысы өз орнына қояды.

Керісінше, қартайғанын ұмытып кететін қариялар бар. Тек жасының үлкендердің сыйла деп кісімсінгенше, өзін үнсіз сыйлата білу - нағыз ғанибет деп білер едім.

«Алдыңғы толқын ағалар,

Кейінгі толқын інілер.

Кезекпенен өлінер,

Баяғыдай көрінер» - деп Абай данамыз айтқандай, байқалмаған адамға, сол баяғыдай көрініп, уақыт осылай өте келе қазіргі жүрген жастардың бүгінгі істеген істері де кейінгіге тарих болып қалатындығы күмәнсіз.

**- Қазіргі жастар мен қарттардың арасындағы айырмашылықты қалай бағалайсыз?**

- Айырмашылық өте көп. Әсіресе сыйластық жағы

жұтап бара жатқанына қабырғам қайысады. Біз де бала болдық. Шыбықты ат қып мініп шапқылап жүрген кезімізде ақсақалдар жиылып отырған жерден шуылдал қасынан өткенімізде, «тәйт» дегендә дауысын естісек, жымжырт бола қалатынбыз. Қайтадан қасына келуге жасқанатын едік. Жасыратыны жоқ, қазіргі уақытта адам өзгерді ме, заман солай ма, «тәйт» дегенді тыңдамақ түгілі, аттандал жатсан да, «ау» демейтін таскерен, безбүйрек балалардың бары рас. Осындайда ойлаймын, күні кешегі бетіне жан қаратпайтын қарттарымыздай емес, қазіргі қарттарымыздан қауһар кеткен сияқтанады. Қазіргі кезде қадірі мен беделін арттырған қариялардың қатары да сиреген. Балалардың да ойыны басқа. Мұның бәрі телеэкрандағы тексіз сериялардың көріністерінде дауысыз. Экрандағы көрсететіні, жалаңаш денелер мен итше ауыз жаласқан, немесе бірін-бірі өлтіре соғатын тәбелестің көріністері, батыстан келіп жатқан даңғаза мұзыкалар себеп болды ма деймін. Мектепті қанша жерден жарқыратып қойғанмен, онда жақсы мұғалім болмаса, бәрі бекер. Қырық бес минуттың тиімді пайдаланылмауы, бұл зая кеткен уақыт. Тек зая кеткен уақыт қана емес-ау, ұрпақ болашағына қиянат жасау. Ұстазы жақсы болған шәкірт, оның алдында өмір бойы басын иіп тұрады. Бір қария: «Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылаймын» деген екен. Қазіргі ұрпақ, бұдан біраз бұрынғы ұрпақтан барлық жағынан да басқаша тәрбие ырқына беріліп, ұлттық үрдістен тыс өзгеріп бара жатқандығы жаңға батады.

**- Ауылдағы имандылық жайлы не айтасыз?**

- Біздің ауылдың тұрғындары әуелден-ақ дінді құрмет тұтқан. Лайбұлақ ауылында жастарға дін үйрету ерте қолға алынған. Шома Шәріп қажы жүртты имандылыққа үйірген. Ол білімді, араб елінде таза сөйлейтін сауаты жоғары адам болған. Меккеде алты жыл оқып, араб тілінде қызмет істеген. Осы кісіден тәлім алып, медресесінде оқып, дін жолын ұстап, мешіт ашқандар бар. Олардың қатарында Байқуатбай, Мұқаш, Ахмақали, Үйдірыс сыңды молдалар жүртты имандылыққа үйірген. Үшқайындағы мешіт үйін ұстаған Шәкердің де сінірген еңбегі елеулі.

Әуелден осындай имамдар тәрбиесін көріп, діннің адами қасиеттерді берік ұстауға, таза жүргуге, адал болуға үндейтінін түсінген ел-жүрттың дінге деген ниеті мен ықыласы жоғары. Қазір ауылымызда көрікті де, сәулетті жаңа мешіт үйі бар. Оны салдыրғандар, Алланың рахымы жаусын оларға, осы Екпінді ауылының тұлектері.

Ауыл ақсақалдарының алдында бұл игі істі жүзеге асыруға Тұрар Шаяхметұлы мешіт салып беруге уәде берген болатын. Ол жомарттық жасап, өзінің ағайын-туыстарын, бауыр-қарындастарын жұмылдырумен бірге, ауыл азаматтары Болатбек Қапсамалов, Қанат Әлібеков, Ермек Майқанов, Сайран Мейірманов, Аман Шотанбеков сияқты иманжүзді жандармен бірлесіп, Екпінді ауылының қақ ортасында сырт көрінісі көз тартарлық еңселі мешіт үйін салып берді. Мешіттің ашылу салтанатына арналып үлкен ойын-сауық үйымдастырылды. Оған Мақпал Жұнісова, Ақжол Мейірбеков, Майра Ілиясова сынды елімізге танымал әншілер өнер көрсетіп, жүршылықтың ілтиратына бөленді. Оларға ел риза. Бұгінде жастар дінге сеніммен қарайды. Мешітке жиі келеді. Имандылық иірімдерін үйренеді. Оқиды. Түсінбегенін сұрайды. Дінге бет бұрғандары қуантады. Сол ұстанымнан таймаса деп тілеймін.

Ауылға сәнді мешіт салдырған кәсіпкер Тұрар Шаяхметұлы Орынбаев туған жеріне жақсылық жасауы тек осы ғана емес. Ол жүрегі ауыл деп соғатын азамат. Туған жердің топырағын көріктендіріп, жерді жұтатпай, тоқырауға ұрындырмай, қабырғасы сөгіліп бара жатқан ауылдың шаруасын шаршап-шалдыға жүріп еңбек етіп, қараусыз қалғанғимараттарды қатарға қосып, елигілігіне жаратуға үлкен үлес қосқан азамат. Сонымен бірге ол туған жеріндегі елге қызмет ететін «Қаратай» ашық акционерлік қоғамын құрып, егістік алқабын өндеп, мол астық өсіріп, ел-жүртіның көнілінен шығуда. Бұл қоғамда елуге жуық механизатор-жұмысшы еңбек етіп, тұрмыстарын түзеуге қолайлы жағдай жасаған. Міне, имандылық шапағаты осындай болады.

**- Отбасыңыз жайлы бір-екі ауыз сөз айтсаныз?**

- Әлгі жастардың үйлену тойларында шаңырағы биік, керегесі кең, уығы мықты болсын деп ақ тілектерін

ақтарып жатады ғой. Осы ізгі ниетті тілек бізге де айтылған болар. Қуаныштысы сол, шаңырағымыз шаттықта толы. Үбірлі-шүбірлі бала-шаға өсті. Ал өмірлік серігіме айналған асыл жарым Әбікен атаның қызы Ақшолпанмен үйленуім де біртүрлі. Тіпті күтпеген жерден қолыма қонған бақыт құсы десем болар. Қалай дейсіз бе? Мен Алматыда оқып жүргенмін. Үшқайың ауылында тұратын Әбікен соғыстан келген соң, әке-шешем бой жетіп отырған қызына құда түсіп, сыртымнан тон пішіп қойыпты. Ата-ана үйғарған соң, қайда барамын. Келістім. Сөйтіп үйленген едік. Содан бері 60 жыл өтті. Жұбымыз жазылған жоқ. Әй-шәй дескеніміз де естілмеді. Татулығымыз тұтінімізді тұзу шығарудан танбады. Төрт ұл, төрт қыз өмірге келді. Олардан жиырма екі немере, төрт шөбере сүйдік. Балалардың бәрі оқыған. Кәсіби білімдері бар. Қоғамның әр саласында қызмет істейді. Бизнеспен шұғылданғандарының да жағдайы, шүкіршілік, тәуір. Біздерге қарайласып, көмектесіп тұрады. Соған ризамыз. Тірліктеріне қуанамыз.

- **Сексенге иек артқандағы сезіміңіз...**

- Ой, тәнірі-ай, жетпістің жонында жүрген қалым әзірге өзгере қоймаған тәрізді. Өзімді сергек сезінемін. Сүйікті жерлес жазушым Әнуардың кітаптарын қайталап парактаудан жалықпаймын. Естеліктерімді қағаз бетіне түсіремін ауық-ауық. Жалпы алғанда, қол қусырып отырған пенде емеспін. Тіршіліктің күйбені бастан асады. Солардан қолым қалт етпейді бір сәт. Еңбектену арқылы өзімді ширак ұстаймын. Босаңсымауға бекінгенмін. Сол үйреншікті әдет сексенінде де сыр бере қоймас деген ойдамын.

- **Құдай қуат берсін!**

- Рахмет ниетіңе.

## ӘБДІҚАДЫР ӘУЛЕТІ

Ел ішінде адамгершілік қасиетімен, кіслік келбетімен, берекелі ісімен, қарапайымдылығымен, қайырымдылығымен танылған адамдарды ешкім де ұмыта қоймайтындығы анық. Халыққа жасаған жақсылығын айтып, жұртқа жайдары мінезімен, жұғымдылығымен ұнағандығын еске алып отыратын дәстүр бар. Сондай кіслігімен де, кең пейілділігімен де ел есінде сақталған есімдердің бірі - Әбдіқадыр Байжұманұлы.

Бұл кісінің парасаттылығы, дарқандығы өз алдына, сөйлесе сөзі, істесе ісі үлгі тұтылған. Қолының ашықтығымен, елге жайлыштығымен, қамқоршылдығымен аты шыққан. Қай жерде қызмет істемесін халықтың жағдайына қарап, тұрмысын түзеуінә көніл бөліп отырған. Жетімді жебеп, жесірді демеп, тұрмысы нашарға қайырымдылық жасап, барынша көмек қолын созған. Аты жоққа көлік, сауыны жоққа ас, үйі жоққа пана бола білген. Жанашырлықпен қарап, қанатының астына алып, назарда ұстауды берік қалыптастырған. Байжұманұлы Әбдіқадырдың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиында абзал азаматтың, білгір басшының жақсы қасиеттерін ел-жұртты еске алып қана қоймай, онымен мақтанатындығын, үрпактарының өсіп-өнгендігін,



бәрінің де білім мен еңбекке ынталы жандар екендігін бір кісідей тілге тиек етуі текten тек өмес-ті. Әbdіқадыр Байжұманұлы ел-жүртқа жағымды басшы болған. Ешкімді алаламаған. Баршаны бірдей көрген. Халық та панасына санап, қуат, медет тұтқан. Бір сөзбен айтқанда, Әbdіқадырдың іс-әрекеті елі мен жерін әспеттеуге, жетім-жесірін жебеп-демеуге бағытталып, барынша септігін тигізуге ниет етіп, сол ұстанымды берік сақтаған кісі. Ел аузындағы:

«Бай болсан, халқыңа пайдаң тисін,  
Батыр болсан, жауыңа найзаң тисін.  
Бай болып, елге пайдаң тимесе,  
Батыр болып, найзаң жауға тимесе,

Елден бөтен үйің құйсін, - деп келетін қағиданы берік ұстанып: «Басшы екенсің, халықтың бабын тап, жағдайын жаса. Мұң-мұқтажына құлақ ас. Сонда ғана ел-жүрт қолдайды» дегенді мұрат тұтқан адам болған. Бұл ойды салтанатты жында сөз сөйлеген Көксу аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Саяқ Мұсабаев бекемдей тұсті. «Әбекең - Әbdіқадыр аға Октябрь, Бесқайнар колхоздарын басқарған тұста мен аудандық партия комитетінде істеп жүрген едім, - деді ол. - Шаруашылықта талай келіп, жұмыс жағдайымен танысып тұратынбыз. Ол кезде жұмыс жоспарлы, белгіленген межені орындау - баршаға міндеп. Тексере келгенде бар жайды ашық айтып, бұкпесіз сыр аштын, байсалдылық қалпынан ауытқымайтын, ұстамдылығымен ұнайтын. Алдына келгенде мұқият тыңдалап, шаруасын бітіретін. Сонысымен көп көнілінен шығатын қамқоршы адам еді. Бұгінде артындағы үрпағы өсіп, заман талабына сай еңбек етіп жүрулері сол әкеден дарыған тәлім-тәрбиенің негізі екендігі аян. Жақсының ісі әрқашан жалғасады.

Ауыл-аймағы туғанына 100 жылдығын тойлап отырған Әbdіқадыр Байжұманұлы кім еді? - дейтін болсақ, оған өмірбаяндық деректері қанағаттанарлық жауап бере алады. Ол Қапал уезі Таужалайыр болысының екінші ауылында шаруа жанұясында дүниеге келген. Еңбек жолын 1916 жылы Таужалайыр болыстығының сұлтаны Мақажанның хатшысы болудан бастаған. 1926 жылы болыстық қосшы одағының хатшысы болып істеп жүріп, ВКП(б) мүшелігіне өткен, содан кейін Алматыдағы жоғары партия мектебінің тыңдаушысы етіп қабылданып, білімін жетілдірген. Оқуын бітіргеннен кейін Таужалайыр болысы

тұтыну қоғамының тәрағасы, оның хатшысы болып істеген. 1932 - 1937 жылдары Қарабұлақ машина-трактор станасы директорының орынбасары, Еркін селолық кеңесінің тәрағасы, «Октябрь» колхозының бастығы, Қараталаудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып лауазымды қызметтер атқарған. Одан кейін еңбекшілер депутаттары Қараталаудандық кеңесі атқару комитетінің тәрағасы болып сайланған. 1939 - 1935 жылдар аралығында бұрынғы Киров ауданындағы Октябрь, Бесқайнар колхоздарының тәрағасы болып істеп, бұл шаруашылықтардың экономикасын нығайтуға, халықтың тұрмыстық жағдайын көтеруге қатысты мәселелердің жағдайын онтайлы шешіп, елді мекендерге жаңа үлгідегі құрылыштар салуға көніл бөлген. 1955 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін «Октябрь» колхозында, «Жетіжал» және «Еңбекші» совхоздарында әртүрлі басшылық қызметтерде істеп, туған жердің түлегі ретінде перзенттік парызын адал өтеген.

Әbdіқадыр Байжұманұлының Отан алдындағы адал қызметі жоғары бағаланып, Қазақстан қой шаруашылығын дамытудағы сінірген еңбегі үшін жоғары үкімет марапаттауларына ие болған. Ол Ленин орденімен бірнеше медальдардың иегері. Ұлы Отан соғысы жылдары өзінің еңбек табысынан майданға көмек ретінде 100 мың сом өткізген. Майданға қосқан елеулі үлесін бағалаған жоғарғы Бас қолбасшы И. Стalinнен Алғыс хат алған.

Қоғамдық еңбекке бар саналы өмірін арнап, күшжігерін жұмсап, табандылықпен еңбек еткен Әbdіқадыр Байжұманұлы 1962 жылы одактық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шыққан. 1976 жылғы 16 наурызда ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болған.

Жақсының өзі өмірден өткенімен, оның артында қалған үрпақтары, қоғамға сінірген еңбектері, халқына жасаған жақсылықтары ешқашан ұмытылмақ емес.

Бұған Октябрь ауылында өткен Әbdіқадыр Байжұманұлының туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиынның көрінісі нақты дәлел. Жиынның беташары ретінде жырдан шашу шашылды. Ауыл-аймағына белгілі ақын Шәкір аға өзінің толғауын әнмен орындағы. Оның кейбір шумактары мына төмендегідей:

Ойлан, жұртым, есіңе ал бабаларды,

Арып-ашып тер төккен аналарды.<sup>30</sup>

Қиян-кескі соғыста сойыл ұстап,  
Біздер үшін қан төккен ағаларды.

Біздер үшін жан берген бауырларды,  
Бауырларсыз қаңырап ауыл қалды.  
Қатын-қалаш, кемпір-шал, бала қалған,  
Есіме алсам, қорқамын ауыр халді.

Сол бір ауыл жүктегенді арқалаған,  
Әбекен емес пе еді арқалы адам.  
Байжұмандаидай бабамнан ұл боп туып,  
Осы бір бақыт үшін шаршамаған.

Міне бүгін әкеміз жүзге келді,  
Жүзі жарқын бейнесін бізге берді.  
Немерелер негізсіз болмасын деп,  
Бақыт жолын сарапап ізде деді.

Ұлы тойы әкемнің жалғасуда,  
Ұл мен қызы, немере араласуда,  
Шөбере, шөпшегі мен туажаты,  
Апармайма атағын әр ғасырға.

Мың раҳмет айтамын Дәрібайға,  
Ата рухы балаға дарымай ма?  
Дарығаны ап-анық көрініп тұр,  
Ұқсатамын хан бабам Абылайға!

Шәкір аға арнауын осылайша толғады. Соңғы шумактағы «Мың раҳмет айтамын Дәрібайға» деуі де занғы. Әкесінің 100-ге толуын атап өтуге бастамашысы болып, ағайын-жұртын шақырып, басын қосып отырған осы Дәрібай. Ол әкесі Әбдіқадыр бастық болып істеген Октябрь ауылында туып-өсіп, осындағы ел-жұртты еңбекке тартып, олардың тұрмыстық жағдайын түзеуге өзіндік үлесін қосып жүрген жігіт ағасы. Ол ауылдағы іргелі шаруашылықтың бірі Солтанбай атындағы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жетекшісі. Әке дәстүрін жалғастырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін мол өндіріп, халықтың ырыс-құтын көбейтуге белсене қатысып жүрген Дәрібай үлгілі жанұяның отағасысы. Үш бала өсірді. Бәрі де жоғары оқу орындарында оқиды. Әбдіқадырдың жұбайы Ұлбосын ана да текті әuletтің

босағасын аттағаннан бастап, келген жерінің ағайынтыстарын, бала-шағалаларын бауырына тартып, аналық мейірін көрсетіп, айналып-толғандығымен жаңа ортаға тастай батып, судай сіңген. Барша ағайынмен алыс-беріс қатынас жасап, ынтымақ пен татулықты жарастыра білген мәмілегер жан болған. Отбасының берекесін кіргізіп, ак дастарқаның жайып, қонақтарын жайдары жүзбен қарсы алып отырған.

Дәuletі еңбекпен толысып, өмір жолы берекелі істермен айшықталған Әbdіқадыр мен Ұлбосын ана 14 бала өсіріп тәрбиелеген. Ұбірлі-шұбірлі бұлдіршіндер бірбіріне сүйеу болып ер жетіп, жоғары кәсіби білім алған, еліне қызмет етуде.

Өсіп-өнген өркенді отбасының балалары жайлышты ауылдың тарихы мен шежіресін жинастырып жүрген Сағынай Өмірзакұлы әңгімелеп берді. Әbdіқадырдың балаларының бірсыптырасы еліміздің күре тамыры темір жол бойында еңбек етеді. Мәселен, әулеттің Аманкелді есімді ұлы Астанада Қазақстан темір жолы кәсіподак комитетінің тәрағасы болып қызмет істесе, оның екі ұлы да әке жолын қыуп, теміржолшы мамандығын игерген. Әbdіқадырдың қызы Гүлсара жасөспірімдерге ұстаздық етсе, оның балалары да теміржол бойында істейді. Әжібегінің екі баласы да әке кәсібін жалғастырып, теміржолшы мамандығын менгерген.

Анасы Ұлбосыннан үлгі алған, өнегесін үйреніп, отбасылық инабаттылықты бойына мол дарытқан қыздары да ұбірлі-шұбірлі бала өсіріп, ардакты аналар атануының өзі үлкен бір ғанибет. Әbdіқадырдың үлкен қызы Дана апай 10 бала тәрбиелеген батыр ана. Қазіргі кезде балаларының бәрі ер жетіп, жеке-жеке отбасын басқарып, шаңырақ туын жоғары ұстап отыр деуге толық негіз бар. Қамила апай 11 баланың анасы атанған мейірлі жан. Оның балалары да ер жетіп, еліне қызмет етуде.

- Жақсының ісі әрқашанда былайғы жүртқа үлгі-өнеге, - деді аудандық қазақ тілі қоғамының төрайымы Әсет Әbdіқадырқызы. - Бүгінгі үрпақ үшін Әbdіқадыр әулеттің үйретер ұлағаты, салты мен дәстүрі өте мол. Осындай отбасыларын көрген жастар қисық басуға, қыңыр міnez танытуға, оғаш қылыш қөрсетіп, оқшаулануға бара қоймасы белгілі. Біз бұл әулеттің жақсы істерін кейінгі үрпаққа үйретіп отырсақ, отбасылық бірлік нығайып, еңбек ету дәстүрін берік сақтар едік.

Әбдіқадырдың кезінде үзенгілес жүрген серіктестігінің бірі Солтыбай қарт сөз сөйлеп, іскер басшының қамқоршылдығын атап көрсетті. «Біз Әбдіқадырдың асыл бейнесін, болмыс-бітімін, іскерлігін ешқашан да ұмытуға тиісті емеспіз, - деді Солтыбай қарт. Ол Әбекеңнің сөйлеген сөзін, жүріс-тұрысын қимастықпен еске алды. Салтанатты жында айтыскер ақын Мұғражқызы Гүлжаухар:

Байжұманов көшеіміз  
Ғасыр тойын жасады.  
Атамыздың жолымен,  
Жастар алға басады.

Аман жұрсін Уәзира  
Жүзге келген шешеміз.  
Сол шешемнің жолымен,

Келін болып өсеміз, - деп үлгі-өнеге тұтатындығын жыр жолымен жеткізді. Жақсыдан үйрену, үлгі алу, соларға қарап бой түзеп, әдет-ғұрпымызды қастерлеп жатсак, қадір-қасиетіміз артып, мереіміздің өсетіндігі сөзсіз екендігін құптаушылар да көп болды.

Абзал әкенің ел үшін атқарған ісін ауыл әкімі Болған Қазтайұлы, Әбдіқадырдың үлкен қызы Даны, ұлы Өзбек және басқа құда-құдағилары, қайын жұрт өкілдері, немерелері мен шеберелері мактан етіп сөйледі.

Салтанатты жынға дайындық күні бұрын жүргізіліп, Байжұманұлы Әбдіқадыр есімімен аталатын көшеннің бойы түгел тазартылып, қоршаулары жаңа шарбақпен жаңартылып, сырланған. Сонымен бірге салтанатты жын күні Көксу өніріндегі футбол сүйетін спорт шеберлерінің командалары қатысқан спорт сайыстары өткізіліп, сауық кешінің қызықтары еселене түсті.

Әбдіқадыр әулеті бір футбол командасына қажетті киімдерді, құрал-жабдықтарды сыйлық ретінде тарту етті. Әбдіқадыр әулеті әлуettі қауымға айналған. Бірліктері берік, сыйластықтары сыпайы, ағайын-туыстық қарым-қатынастары жарасқан жаңуялардың өсіп-өрбіген үрпақтары ата-ана дәстүрін жақсы жалғастырып, түгелдей еңбекке ынта қойғандықтары қуантады. Өсер елдің үрпағы осындей болса керек.

## **МІНӘЙІ МІНЕЗ**

- Әллау, Қаншайымбысың, қалың қалай, құрбым-ау. Сырқаттанып қалды деп естіп едім, айықтың ба?

- Құдайға шүкір. Бас аман, мал түгел. Кәріліктің салдары болар, көшеге шығу да қындалп барады. О жер, бұз жерінен бір тұртпектеген сырқатқа сыр алдырып, көніл құла-зитын кезіміз де бар. Дәрігерге қаралып, ем-домын алған соң, босаған буындардың бұранда-лары бір шама бекиді. Жылдам тұрып, ширақ басып, қуаттанып қаламыз, - деп Қаншайым да телефон шалған замандас-құрбысы Құлипанға ағынан жарыла сөйлеп жатыр.

- Жексенбике құрбың хабарласты ма? Сексеннің өріне секіріп, мәре-сәре болып жатқан көрінеді.

- Білемін. Менімен құрдас қой. Бір жылғы төлміз. Екеуміз де саудада істеп, халыққа адап қызмет еткенімізді, Құлипан-ау, өзің де жақсы білесің. Мен де жетпістің жасыл жайлауынан түсіп, сексен деген ауылға қарай сапарым басталды. Жақында бала-шағаларым атап өтеміз деп қамданып жатыр. Міндетті түрде келесің



ғой. Шақыру билетін жібергенбіз, алған да боларсың.

- Иә, алдым. Тойың тойға үлассын!

- Айтқаның келсін.

Телефонмен тілдесіп, ашық-жарқын әңгіме тиегін ағытып жатқандар бір дәуірде тең өскен құрбыластар – Күлипан мен Қаншайым. Екеуі де Бақанаста тұрып, бар өмірін, бойдағы күш-жігерін халыққа қызмет етуге арнаған еңбеккор жандар. Ал Қаншайым болса, бүгінгі күні мерейтойын өткізуғе әзірлік үстінде еді.

Ел-жұрты алдында, ағайын-туыстары ортасында өз өмірінен есеп беруді үйғарған өз ана Қаншайымның жалындаған жастық шағы сойқанды соғыс өртіне шарпылып, қын кезенді бастан өткерді. Тылда жүріп, қатаймаған қабырғасын қайыстырып, үлкендермен бірге тіршілік қамын күйттеді. Ұлы Женіс күніне тезірек жетуді армандалап, қолынан келген іске бар күш-жігерін жұмсады. Күн демеді, тұн демеді, табандылық танытудан танбады. Әдепкі еңбек жолын аудандық газет редакциясының есепшісі болудан бастап, өз ісіне тәп-тәуір машықтанды. Тұтыну одағы басшыларының шақыруымен сауда саласына ауысып, күнделікті қажетті тауарлары мен азық-түлік дүкенінде сатушы болып орналасты. Жауапкершілігі үлкен жұмыс. Ұқыптылықты, ықтияттылықты қажетсінеді. Тұтынушыларды алдауға, арбауға, біреуден тын-тебенін қымқырып қалуға дәті бармады. Ар-үятты, адамгершілік қасиеті жоғары үстады. Барынша адал қызмет етуге талпынды.

Бір салада табан аудармай қырық жыл мінсіз жұмыс істеу де оңай емес. Айтуға ғана жеңіл. Оның үстінен халыққа қызмет көрсету, бәріне бірдей жағу, көнілдерінен дәп шығу үлкен сынақ. Одан сүрінбей өту, тіл табысып, тұтынушылардың талаптары мен тілектерін қанағаттандыру, сауда мәдениетін сақтау Қаншайымды ширатты, істеңесілдірді. Тәлімді тәжірибелерді көнілге тоқыды. Шапшандықты үйренді, іздениспен еңбек етудің нәтижесінде көптен күткен мұратына жетті. Халық құрметіне бөлөнді. Мандай тері төлөнді. Өңіріне жарқыратып «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін тақты. Коопeração жүйесінің үздігі атанды. Жоғары

органдардың мақтау қағаздарына есімі алтын әріппен жазылды.

Халқына адал қызмет еткені үшін алған мақтау қағаздары мен алғыс хаттарының өзі бір төбе. Аудандық кеңестің депутаттығына сан мәрте сайланып, мінбелерден сөз сөйлеп, тыңдаушылардың көкейінде жүрген күрделі мәселелерді көтергені де күні кешегідей есте.

Тұтынушылар талабына сай қызмет көрсеткен тәжірибесі толысқан Қаншайымның тәрбиелеген шәкірттері де көптеп саналады. Өнегелі сатушыдан тәлім-тәрбие алған, сауда мәдениетін сақтаудың сан қылышада-тәсілдерін үйренген ізбараасларының үлкен беделге ие болғанын әрдайым мақтан тұтады. Олар да өз ұстазын көргенде: «Қаншайым апа, қуаттымысыз, көніл-күйіңіз жақсы ма?» деп жадырай сәлемедесіп, хал-жағдайын біліп, ақ жарқындық пейілдерін танытып, мәре-сәре күй кешіп жатуының өзі бір ғанибет іспетті.

Қаншайымның жан сергігі, отағасы Сейіткемел Смағұлұлы тым елгезек, ақкөніл, жайдары жан еді. Көп жылдар бойы аудандық мекемелерде лауазымды қызмет атқарып, өскен жері мен елінің көркеюіне, өндірісінің өркендеп, экономикасының нығаюына қажырлы еңбегімен үлес қосқаны көпке жақсы мәлім. Айдындағы қос аққудай қанаттасып қатар жүріп, жұптары жарасқан жұбайлардың отбасындағы бесікте екі үл, екі қыз тербетіліп, тәрбиленді. Бәрі де ержетіп, оқыды. Жоғары кәсіби мамандықтар алды. Ұлдары ұяға қонып, қыздары құтты қоныстарын тапты. Қазір олар ата-аналарына 10 немере, 7 шөбере сүйдіріп отыр.

Үбірлі-шүбірлі өркенді отбасының тамырын терең жіберіп, жапырағын мол жайған ғазиз әже Қаншайым үрпақтарының қызығын қызықтап, балдай тәтті сөздеріне сүйсініп, оқыс қылышқтары мен мойыс мінезіне байсалдылықпен басу айтып, сабыр сабасына түсіреді. Бір ерекшелігі – балаларының жақсысын жақтап, кемшілік жібергенін кемсітіп, тұқыртпайды. Мейірі мен пейілі бәріне бірдей ортақ. Ақылын айтып, кесімді кеңесін тындалады. Мінәйі мінезінен танбай, салмақты сөйлейді.

Діттегенін діңкілдетіп ділмәрсімей-ақ керек жеріне дәп тигізеді. Көнілге қонымды сөзі жүрекке жылы ұялайды. Абысын-ажындарын төнірегіне үйіріп, сұртпақтап сыр тартып, жанға жағымды әңгімесімен ой бөліседі. Шынайы сыр шертуге келгенде кішіпейілділік, қарапайымдылық қалпынан да жалықпайды. Жасының ұлғайғанына қарамастан, үлкенге ызылып сәлем беріп, сыпайылық танытса, кішілерді айналып-толғанып, мандаіынан сүйіп, бауырына басады. Қайда бармасын ізеттілік, инабаттылық әдетінің жібін босатпайды. Ел адамы ретінде елгезек мінезбен елпілдел, қамқорлық құшағын кең ашады. Адами қасиеттерді берік ұстаған қалпынан бір сәт те өзгермейді. Екіжүзділікке бой алдырыған жан емес. Ажарлы аққұба әлпетіне инабаттылық иірімдері мол үйірілген биязы мінезді Қаншайымның бойынан қарапайымдылық тумасынан дарыған қасиет деуге лайық.

Қаншайым апаның сабырлығы мен раҳымшылығы басым. Сонысы үшін де қыздары да, келіндері де, абысын-ажындарының үлкені де, кішісі де пір тұтады. Ешқайсысы алдын кесіп өтпейді. Сөзін бөліп, араға орынсыз килікпейді. Қайта бәрі де абзал анаға ұқсауға, жақсы өнегесін үйренуге, соған теңесуге ұмтылыс пен құлшынысты ынта-ықылас танытуға құштарлығының өзі сыйластық пен құрмет белгісі іспетті.

Әдептілік пен инабаттылықтың ақ туындаған көрінетін Қаншайым ана да ұлттық салт-дәстүр үрдістеріне өте берік. Текті отбасынан тәrbие көргендігін ісімен де, сөзімен де дәлелдейді. Аяулы аны, ардақты әкесі Иса да кеңпейілді атымтай жомарт жандар-тұғын. Қонақжайлышы, дархан дастарқан жаюы ата-ана өнегесінен жұғысқан тәлімділік үлгісі.

- Құдай қосқан қосағым Сейіткемелдің о дүниеге ертерек озып, балалар қызығын көре алмағаны, - әрине, арман, - дейді Қаншайым апа. - Жаратқан иемнің ісі өзіне жөн. Қолдан келер шара жоқ. Ал өзім тірлігіме тәубашылық етемін. Бір кезде балаларымды бағып-қаққан болсам, бүгінде оларға мен баламын. Түгелдей қоғадай жапырылып, апалап тұрғаны. Алакандарына

салып аялап, мәпелеп күтіп, ас-суымды әзірлеп, алдыма қояды. Қай-қайсысы болмасын, кайда жүрмесін, жиі-жіе денсаулығымды сұрап жатады. Киелі қарашаңырақты ұстап отырған ұлым Сайраным мен келінім Элия ең жақын жанашырым. Бас ауырып, балтыр сыздаса, жан-тәндері қалмай дәрігерге жүгіріп, дәрі-дәрмегін әкеп, ем-домын жасайтын сүйенішім де, сенерім де осы екеуі. Олар барда ешнәрсеге аландамаймын. Төрт құбылам түгелдей көрінеді. Қонақ келсе, қысылмаймын. Да старқаным баяғыдай жаюлы, қазанасулы. Көнілімнің гүлі, көзімнің нұры іспетті көрінетін Динара, Нұртас, Мәди есімді немерелерім жаулығымның шалғайына оралып, еркелегенде ет жүрегім елжіреп, мерейім өседі. Көніл керегесінің кемері кеңейіп, өзімді бақыт айдынында жүзгендей шаттық сезіміне бөленемін. Бақытбек есімді күйеу балам сонау Жаркент өніріндегі Айдарлы ауылында тұрады. Шаруамен шұғылданады. Қолы қалт етпейді-ау. Сонда да уақыт тауып қызыым Гүлнардан бұрын телефон құлағын қоңыраулатып, хал-жағдайымды, денсаулығымды сұрап жатқан балаға қалай сүйсінбейін. «Сырқаттанып қалды деп естіп едік, бара алмай жатырмыз. Дәрі-дәрмек алуға қаражат жағынан қысылып жатқан жоқсыз ба? Не керек, жасырмай айтыңыз», - деп елпендей сөйлегенін естігенде ырзалыққа толы сезім құшағына енемін. Гүлнарымның да жаны жайсан. Қолы ашық. Алматыдағы үлкен қызыым Мерекенің де жан-тәні менің үстімде. Уақыт тапса, қасымда болып, халімді көзбен көріп, қамқорлық жасауға әрқашан да әзір. Қоныс шалғайлышына қарамай жиі хабарласады. Келіп те кетеді. Бәрі де сыйлайды. Соған шүкіршілік етемін.

Көпжылғы бейнетті еңбектің зейнетін көріп, балалар ортасында бақытты өмір сүріп отырғанына сүйсінген Қаншайым ананың көнілі ояу, зердесі сергек. Қоғам өмірінің жаңалықтарына құлақ түріп, өзінше ой түйіп, саралай да біледі.

- Теледидардан Елбасымыз Нұрсұлтан баламның ел аралаған сапарларын жібермей көремін, - дейді Қаншайым ана. – Халық қуаттайды. Жаксылыққа

бастайтын басшы деп бағалайды. Мен де сол көптің тілеуіне қосыламын. Тәуелсіздік туын тіккен Президентіміз аман-есен болғай. Бастаған ісін тиянақтасын. Атқарып жатқан ісі де ұланасыр. Алғы мақсаты да орасан зор. Халық үшін атқарып жатқан істерін қос қолымды көтеріп қолдаймын. Бейбіт күнімізді бұлт торламасын. Татулықтан тәтті, сара жолдан сәтті ештеңежоқ. Тәңірім бергенін тыймасын. Аналық ақ алғысым сол – бірлігіміз берекеге айналсын.

Ақ ниетін, ізгі тілегін ағынан жарыла айтатын Қаншайым ананың өзінен де, байсалды сөзінен де, мінәйі мінезінен де, өнегелі ісінен де жаңының шапағаты шуақ шашып, жүргінің жылуы самалдай есіп тұратыны кімді болса да сүйсіндіреді. Ғазиз ана да көпке қамкоршы. Сондығы шығар, ағайын арасындағы араздықты сезсе, татуластыру жағын көздейді. Жыртығы болса, жамасуға қолұшын береді. Тесік көрсе, тығындасады, керіс көрсе, кері кетірмей, келістіруге де даяр. Сол үшін де ел-жүрті сыйлап, қадір тұтады. Әз ана да өмірінің өнегелі тұстарына ой жүгірте отырып, бүгінгі тыныс-тірлігін бақытқа балайды.

Бір әulet шаңырағының туын биік ұстап, сыпайы сырбаздығынан ауытқымайтын, өз тірлігін әрдайым бір қалыпты жүріс-тұрысқа дағдыландырған Сайран Сейіткемелұлын туған күнінен білетін едік. Көз алдымызда жарық дүние есігін ашқан күні кешегі өрімдей өрен бүгінде ел ағасы атанып, елудің ернеуіне аяқ тірепті. Жарты ғасырлық асуладың белестерінен қалай өтті? Еліне сінірген еңбегі қандай? Өмірдің өріндегі бедері айқын іздерінен нені аңғарасын? Адамдық қалпын, ұлттық салтын сактаудағы ерекшеліктері жайлы не айтуға болады? Осындағы сауалдарды ой елегінен өткізгенде Сайранның адами келбеті, иманжүзділігі, қарапайымдылығы, өз ісіне мығымдығы, тапсырманы тиянақты атқаратындығы көз алдыңа елес беріп, тұғырлы тұлғасын биіктен көргендей сезімге бөленесін.

Сайранның ең басты қасиеті туған жерге, өркендереп ескен елге деген ықыласы мен махаббаты өте жоғары. Олай дейтін себебіміз, ол қарақан басының қамын

ойлаған болса, жоғары дәрежелі қызмет құып, сыртқа шығып кетуіне мүмкіндіктері де, қолдап-қорғайтын қамқоршылары да табылған еді. Бірақ Сайран кіндік қаны тамған Бақанастың ыстық топырағынан табан аударған емес. Өзі туып-өскен өнірде тұрақты еңбек етіп, тапсырылған қызметін үлкен жауапкершілікпен атқарудан басқаға мойын бұрмай, қоғамға адалдық жолынан таймай келе жатқан еңбекқор ер.

Бақанас орта мектебін бітіргеннен кейін әкесі Сейіткемел жұмыс істейтін орман шаруашылығы мекемесіне табиғат қорықшысы болып орналасты. Өлкесінің табиғи байлығын көзбен көріп, көп сырына қанықты. Міндетін мінсіз атқаруға ынта қойды. Табиғатты аялап, оны қорғауды перзенттік парызы санағанымен жоғары білім алуға құштарлығы күн санап арта түсті. Асқақ арман Алматыға жетеледі. Құжаттарын қазақ политехникалық институтына тапсырып, емтихан сынақтарынан сүрінбей өткендегі қуанышын айтып жеткізу қын. Жоғары оқу орнын ойдағыдай бітіріп, инженер-металлург мамандығын игеріп шықты. Жоғары білімді кәсіби маман ретінде алғашқы еңбек жолын Алматы қаласындағы Қазақтың ғылыми-зерттеу институтында минералдық шикізаттар жөніндегі инженер болудан бастады. Мұнда үш жыл шамасында істеген соң, туған жері Бақанасқа оралды. Жастардың қалауымен «Ақдала» совхозы комсомол комитетінің хатшысы болып сайланып, саяси жұмысқа араласты. Шаруашылықтың әр саласындағы жастармен тіл табысып, оларды алда тұрған міндеттерді орындауға жұмылдыруға күш жұмсады. Еңбекте үйымдастырушылық қабілетімен танылып, ел арасында беделге ие болған Сайран Смағұлов Балқаш аудандық халықтық бақылау комитетінің нұсқаушылығына ауыстырылды. Бұл істе де іскерлігімен, талап қоюшылығымен көзге ілікті. Қоғамдық өмірдегі кем-кетіктерді бақылауда қырағылық байқатты. Көптеген кемшіліктер халықтық бақылаушылар тарапынан сынға алынып, оларды жою жөнінде пәрменді іс-шаралар жүргізуге бастамашы бола білді. Өз міндетін үқыптылықпен тиянақты атқаратын

Смағұлов

Сайран Балқаш аудандық халық депутаттары атқару комитеті үйымдастыру бөлімінің менгерушісі қызметіне жоғарылатылды. Осы салада жеті жыл істеп, қызметінің қыр-сырына әбден қанықты. Қазіргі кезде Балқаш ауданы әкімі аппаратының басшысы. Лауазымды қызметті атқарғанына да он жылға жуықтады. Басшылар сенімінен шығып, міндетін жоғары жауапкершілікпен атқаратын Сайран Сейіткемелұлы бүгінде үлкен бедел иесі. Ақырын жүріп, анық басатын, халыққа адал қызмет етуден басқаны ойға алмайтынabyройы асқақ азамат. Жасынан өңбекке үйреніп, есейіп еңсе көтергеннен кейінде есесін жібермей жігерлік күш-қайраты мен білімін біліктілікке жұмсай білуі қуантады. Адал өңбегі де тиісті орындар тараپынан жоғары бағаланып жүр. Ол «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» және «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медальдармен марапатталған. Мұның сыртында мақтау қағаздары мен алғыс хаттары да ер-жігіттің жемісті өңбегін пашеткендей үй төрінде ілулі тұр.

Сайран табиғатынан сабырлы. Артық сөзі жоқ. Көпірме боссөзділікке салынбайды. Нақтылықты сүйеді. Ойға түйгендерін тұжырымдап, түйіндеп жеткізеді. Біреуді сырттай мінеп-сынап жататындар тобына қосылмайды. Сол үшін де Сайран үжым мүшелері арасында да, дожарандары ортасында да сыйлы, әрі үлкен беделге ие болған ізетті жан. Мінезінен де артық мін таба алмайсың. Сыпайылылық қалпынан өзгеріп, қыр көрсетер, қабақ шытар доңайбаттылыққа бармайды. Сондығы болар, өңбектес әріптестерімен тіл табысып, оларға жоғары талап қоюмен бірге өзіне тапсырылған міндетті тиянақты тыңдыруға ұмтылады. Күн тәртібіндегі мәселенің түйінді шешімін табу үшін тынбай ізденеді.

Еліне беделі артып, көпке танылған Сайран Сейіткемелұлының бауыры жылы, құшағы кең азамат. Бұл әке-шеше өнегесінен үйренгенінің көптігін дәлелдейтін үрдіс. Әкесі Сейіткемел ақ көңіл, көвшіл, кішіпейіл кісі еді. Содан түйсігіне түйгендерін өмірлік дағдыға айналдырған. Ізеттілігі мен инабаттылық

иірімдерімен төнірегіне өзгелерді үйіріп, өзінегін тарта білуі де сондықтан болса керек. Қазіргі кезде сексеннің сенгіріне шығып, отбасының аяулы да қадірменді ақылманы атанған Қаншайым анасының ақ сүтінен дарыған асыл қасиетті мен үлгі-өнегесі де ұшан-төніз. Жаңы жайсан ғанаңың ашық жүзіне үйірілген имандылық иірімдері тек шарапат шуағын шашады. Сайранның еліне сыйлы азамат ретінде танылып, өрлеп, өрлеп жүруіне, жігері мен күш-қуатын тасытып, отбасының құтберекесін шалқытып отыратын парасат пайымы мен мейірлі пейілі көл-көсір осы Қаншайым анасының игі ықпалының молдығынан десек еш артықтығы жок. Өйткені, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеп, бәріне он қабағымен қарап, қамкорлық көрсетуді парыз санайтын ана пейілінің кеңдігі ел-жұртына жақсы аян. Үйінен қонағы үзілмейді. Қашан болмасын дастарқаны жаюлы тұрады. «Келіндер, ішіндер, жендер» деп төнірегіне жылдылық пен мейірімділік шуағын шашып отыратын ана тәрбиесін көрген Сайран да, жұбайы Әлия да ешкімді жатырқамайды. Ағайын-туыстармен араласып, жақсылармен жанасып жүретіндігімен де көпке қадірлі. Сайран асыл жары Әлия екеуі ана ақылын тыңдалап, айтқаның екі етпейтін, үйренгені мол, тәрбиесі тәлімді, көкірек көздері көреген жандар.

Ерлі-зайыптылар Динара, Нұртас, Мәди есімді үлқыздарын өсіріп, олардың да аяулы жандар санатында болуына мейірім мен пейілінің нұрын төгуде.

Қазақы дәстүрді берік ұстанатын Сайранның сабырлылығы мен сыпайыгершілік сырбаз мінезіне, тірлігіне әркім-ақ сүйсінеді. Міне, бүгінгі елағасы атанған абзал азаматтың кісілік келбеті осындай адами қасиеттерімен ерекшеленеді.

Мерейтойына мизамшуақ мейіріммен жеткен Сайрамға ғұмырын ұзак, жұмысын жемісті, жүрер жолын ақ болып, басыңа бақ қонып, абырай биігінен көріне бер деген тілегімізді білдіре келіп:

Бақанас ауылында тұратын, Балқаш ауданы әкімі аппаратының басшысы болып істейтін Сайран Сейіткемелұлы Смағұлов ініміз елудің егеулі наизасын

тұғырында тік ұстап, еңсесі биік ел ағасы екендігін  
адал еңбегімен, білікті білгірлігімен танылып, ел-жүртүна  
беделі артып,abyroy асқарынан көрінген шақта шалқар  
шаттықтың айдынына шығып отыр. Сүйікті де, ізетті  
інімізге алдағы уақытта да халқың үшін адал еңбек етіп,  
ел-жүртүңың құрметіне бөлене бер деп тілейміз.  
Жайсандығың жасында жарқырасын. Көпшілдігінің  
кеңістігінің көкжиегі кеңейіп, ізгі ниетті дос-жарандарың  
көбейе берсін, өзің туын көтерген қасиетті  
шаңырағыңың шапағаты мен шаттығы молайып,  
мейманаң тасып, мерейің өсіп жүргейсің.

Сүйікті інім, Сайраным,  
Бақытты бол, жайнағын.  
Әлиямен жұп жазбай,  
Жадырап жүр, күл жаздай.  
Динараңмен шаттанып,  
Нұртасыңмен мақтанып,  
Мәдиңмен марқайып,  
Жүріндерші шалқайып.  
Тұсінетін жан жайын,  
Сүйікті анаң Қаншайым,  
Тауысып алмай ырзығын,  
Көрсін бала қызығын.  
Өрге шауып тұлпардай,  
Биікке самға сұнқардай.  
Жүртшылықпен санасып,  
Жақсыға жүр жанасып.  
Туынды тігіп жерінде,  
Сыйыңмен жақ елінде,  
Ұзак болып ғұмырың,  
Берік тұрсын тұғырың, –  
деп ақжарылқап ізгі ниетін білдіруші –  
ағаң – Әли.

## **СЫЙЛАСТЫҚТЫ СҮЙЕТИН ӘЖЕ**

Бұгінде сенсеннің сенгіріне сергек шығып отырған Бейісбай келіні Қантай апа бір әулеттің ардақты анасы. Жиделі ауылында есімі құрметпен аталатын инабаты мен ибасы астасқан иман-жүзді, дидары мен мінәйі мінезді, сабыры сал-мақты, салиқалы сардар санлакты әже. Аналық жүрегінің мейір шапағаты мол төгілетін кеңпейілдінің нақ өзі. Жаратылышынан ындыны жуас, жайдары жан.

Сонау Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталған шақта майданнан оралған жауынгер азамат Бейісбайұлы Әбдірахманмен тағдыр қосып, ұлы өмір көшінің керуеніне ілескен еді. Ол кезде Құйған өнірінде мемлекеттік ондатр аулау кәсібі кеңінен өрістетіліп жатқан-тұғын. Жастайынан аң аулауға құмарлық танытып, мергендігімен көзге іліккен Әбдірахман осы мекемеге аңшы болып кіріп, терісі бағалы ондатрды және басқа аңдарды аулауға белсене кірісті. Негізгі науқан күзде басталады. Оған дейін жазғы дайындық жұмыстары жүргізіледі. Ондатрға ұялар жасалады, өсіп-өнуіне



жағдай туғызылады. Науқан қауырт белең алған тұста күн сайын 80-100-ге дейін ондатр ұстап, терісінің шелін қырып, кергішке кептіру Қантайдың міндеті еді. Өз ісіне келе-келе машиқтанып, теріні теспей, май жібермей қырып тазалауды үйренді. Әбдірахман қанша ондатр ұстаса да, лезде тазалап, кергіштерге кереді. Науқан біткенде кейбір жылдары 2500-3000 ондатр терісін мемлекетке өткізіп те жүрді. Басқа елақшаның не екенін білмейтін кезде, аңшылар ақшаны қүреп алып, тұрмыстарын түзеп, бір масайрап қалатын. Табыс болған соң ішіп-жемі де мол. Оның үстіне Әбдірахман да көпшіл кісі еді. Кең пейіл, жомарт азамат көнілі жақын ниеттес замандастарын үйге шақырып, дастарқаның кеңінен жаятын. Кісі үзілмейтін үйдің самаурынының шоғы басылмайтын. Қазан буы бүркүрамайтын сәттер де сирек. Қантай да қонақтарына он қабағымен қарап, ренжімейтін. Осындай жомарт адамға жолығып, оны өмірлік серік еткен Қантай да өзін бақытты санайтын. Бірақ тағдырға не шара, Әбдірахман өмірден ерте озды. Артында ізбасар ұлдары Әбдіманап пен Жасмұрат ата тегін одан әрі жалғасытырушы болып қалды. Осы екі ұлдан тараған үрпақ та үбірлі-шүбірлі отбастарына айналды. Үлкен ұлы Әбдіманап Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетін бітірді. Әуелде қаладағы зауыттың бірінде еңбек жолын бастаған ұл әкесінің тілегі бойынша тұған ауылы Жиделіге оралды. Өзі мектепте де, жоғары оқу орнында да бірге оқып, егіз қозыдай қатар өскен Зарима Мақметқызына үйленіп, екеуі де орта мектепке орналасты. Зарима осы мектепте табан аудармай 40 жылға жуық ұстаздық етіп, шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие берумен шүғылданды. Бейнетті еңбегінің зейнетін көріп отыр бүгінде.

Әбдіманап та осы мектепте мұғалім, директор бол істеп келеді. Біршама уақыт Жиделі ауылдық округінің әкімі болып істегені болмаса, негізінен білім үясында табанды еңбек етуде. Әуелде мұғалімдіктен бастап, он жылдан астам уақыт директорлық тізгінді ұстап, адаптың қызмет атқаруда.

- Келінім Зариманы бала күнінен білетін едім, - дейді Қантай әже. – Сыр мінез адамға құда болғанға не жетсін. Құдалық сыйластық жарасып, балалардың қуанышына ортақтастық. Иық тірестіріп тең жүрдік. Ауызбірлігімізге де қылаудай кінәрәт түскен емес. Бәрі өз орнымен, салт-дәстүрдің үрдісімен жымдасып жатты. Үлкендердің біразы бақильтық ғұмыр кешкенімен, кейінгі үрпақтар арасындағы сыйластықтың үзілмес өнегесі жақсы жалғасын табуда. Келінім Зарима өте қарапайым, жаны нәзік, кішіпейіл жан. Өз қызымдай көремін. Жаратқан иенің қой аузынан шөп алмайтын текті келін бергеніне тәубәшілік етемін. Құдайға шүкіршілік, қолымдағы келінім Заримамен бір шаңырақтың астында бір қазаннан ас ішіп, тату-тәтті өмір сүріп, үрпақ өсіріп отырғаныма сүйініп, ішіммен тәубәмді мың мәрте қайталаймын.

- Заримам үмітімді актады, - дейді Қантай апа. - Қызымнан артық қүтеді. Сыйлайды. Апалап тұрады. Соның өзі дәтке қуат. Жылы сезімен жүрегімді жібітеді. Ықылас-пейілімен мейманамды тасытады. Бұдан артық маған не керек. Көніл хошым қанағаттанып марқаяды. Әбдіманап пен Заримадан өрбіген ұлдарым мен қыздарым оқығаны мен тоқығаны бір өздеріне жетерліктей. Бәрі де еңбекке орналасқан. Бастарында баспаналары бар, тұрмыстары да бақуатты.

Қантай әже немерелерінің үйлеріне барып, қона жатып, шамасы жеткенінше тірліктеріне қарайласады, келіндеріне ақыл-кеңесін айтып, үлкендігін, аналық парызын өтеуге үмтүлады. Аракідік немерелерінің туған күніне, шілдехана тойына қатысқанын өзіне бақыт санайды.

Ағайын-туыстарын сағынып, жүздесуді ансап отыратын әдеті бар. Денсаулығы жақсы болған соң да, жаз бойы қыдырысты, серуенді көбейтеді. Балаларының қуанышына ортақтасады. Сіңлісі Дәнтайдың да хал-жағдайын сұрап, жиі жүздесуді мұрат тұтады. Құдалардың жақсылығынан да қалмайды. Бірде, сонау Көлсай төнірегінде Иса құдасына кетсе, кезекте Қарасай ауданындағы Бекболат ауылында тұратын құдасы күтіп отырады. Жиделі мен Алматы аралығындағы

құдаларының бірі Топарда, екіншісі Бақанаста тұрады. Оларға да жол-жөнекей соғып, есен-амандықтарын біліп, көнілін бір демдейді. Балқаш қаласында сіңлісі Шәмшәкүлдің қызы Нұржамал қалып еді, нендей күйде еken деп те аландалап, сұрау салып, хабар-ошар алғанша мазаланады. Осының бәрі сексендегі әже үшін қым-қуыт ой толғау, байыз таптырмайтын шаруалар. Жүргенге шаршап-шалдықпайды. Өзін ширак сезінеді. Көнілі көтеріліп, еңсесін тік ұстайтыны сүйсіндіреді. Сол себепті де үйдегілер де: «Серуендесін, тыңайып, сергіп қайтсын» десіп, ағайын-туысты аралауға қарсылық танытпайды. Өмірден, күнделікті отбасылық күйбенін тірлігін көзben көргені мен түйсігіне түйгені көп әженің жанының жылуын, шапағатының шуағын төнірегіндегілерге молынан төгуге әр қашанда әзір тұратын жан. Мейірі мен қайырымы да мол ана. Ешқайсысына бұлданбайды. Қайырымына қайтарым сұрамайды. Болмысындағы өнеге-үлгісін кейінгілерге үйретсем деген тілек пен ақ ниеттің адамы. Барға асып-таспайтын, жоққа қабак шытпайтын ана. Балалары мен немелерінің басынан күн, табанына сыз өтпесе деп тілейтін жанашыр қамкоршы. Отбасылық тәрбие мектебінің ұстазы іспетті барлық баланы алдына алып, әлпештеп үлкендерлікпен байсалдылық байқатады.

Бәрін айтта бірін айт, Қантай әже секеннің сеңгіріне сүрлеу соқпағын салғанымен сана-сезімі сергек, зердесі зерек, сыйластықты сүjetін, салауаттылық салт үрдісін берік ұстанатын, сыпсың сөзге ілеспейтін, сыздануға салынбайтын, сабырлы да, салиқалы мінезінен танбайтын, салмақтылығымен, сұңғақтау сымбатымен сынын сақтаған адами қасиеті мол сырбаз әже.

## МӘРТЕБЕСІ БИК МӘРИЯМ

Бұлаймақ негізінен таулы өнір. Іркес-тіркес шеккен нарадай дөңкиген жондар шоқыланып ба-рып, ойпанға ойысып, әрі қарай қос қапталы таумен түйікталған кең аңғарға ұласады. Сол аңғардың төскейі де, күнгейі де тау кемері.

Аңғарды қак бөліп жатқан қасқа жолдан солтүстікке қарай бұры-лып, үстіртке шықсан, төнірек түгелдей көзге шалынып, алақандағыдай көрінеді.

Күнгейдегі сонау тарғыл тартып жатқан Тұлқілі тауының төскейі, теріскейіндегі ойпаңдан басталып, бірте-бірте қыратқа, одан әрі шоқыға ұласытын кең аймақ Жонғар Алатауының сілемі. Ал, сонау Тұлқілінің төскейіндегі көк жон Асан қайғы арман еткен ғажап жайлау. Біздің іздегеніміз де осы жайлаудың жазығын қоныстанған өз мәртебесін еңбегімен биқтеткен Кербұлак ауданындағы «Арқарлы» совхозының шопаны Мәриям Аябаеваның ауылы.

Әдетте шопан ауылына баратын жолдың сан тарау келетіні бар. Бұл жотаның сілемі жыралы, жылғалы, сайлы болып келеді де, әркім өзінше тұспалдал жол тартады. Оның үстіне шопанауылы көп ретте үстінен дәл тұспесен,



қобылардың қалтарыс қойнауын сағалап, кейде көзге шалына бермейтін шүңгейттің шетін жағалап, малға ыңғайлы, сұы жақын, шүйгіні іргелес қонысты қуалап, көше беретіні аян.

Кедір-бұдыр жолға түскен соң үстірт үстінде біраз анырдық. Бір жотадан асып түссен, екіншісі көлбендей қалады. Сай-сайға ұштасып, таусылар сыңай танытпайды. Қатарласқан сансыз қобы да иір-қиыр. Соңғы жауыннан кейін изеннің түбі бөртіп, жусаны жібіп, қоянсүйегі құнарланған өнірді күзгі көрініс мендеген. Төңірек тарғыл тартып, өкпек жел селдір селеуді баяуғана шайқайды.

Қия бетті қиғаштай қиған жол алға қарай жылжыған шақта күнгей қабакта жатқан бір отар көрінді. Ойпандау жазықтың сонына таман бөгеген бұлак сүйнан көлшік орнапты. Осы су көзінің жоғарғы басында жұмыртқадай киіз үй көзге шалынды. Жотадан жылғаға қарай дүрліге, домалана құлап келе жатқан қойлар бір-бірімен қанаттасып, шұбырып, ылди-төменге қарай ентелей жүгіріп, маңырап, мекіреніп, сайдың ішін шуға бөледі дерсің. Қой соңын жиыстырған күнқақты жүзі қонырқай тартқан аттылы адам біз іздеген Мәриям Аябаева еді. Ол кісіні көптен білеміз. Жазық маңдайлы, қой көздері күлімдеп тұратын, жылы жүзді адам. Ашық мінезді, толықша денелі, келбетті әйел. Жылтыраған әшекейге әуестігі де шамалы. Қарапайым киінуді ұнататын, өз бойын ұқыпты күте білетіндігі анғарылады. Ақжарқын, әсіресе шаруа жайын баяндауға келгенде ойындағысын бұгу жоқ, барын ақтарып салуға даяр. Сезімталдығы, жүрегінің нәзіктігі байқалады.

**Автор:** Ерен де, еселі еңбегімен елге танылған адамдармен дидарласып, етene танысуға, табысқа жетуінің сырын тереңірек білуғе құштарлығымыз бар. Бұгінгі сіздің қияндағы қонысыңызды қынсынбай, әдейі ізден келгендері мақсатымыз да осы.

**М. Аябаева:** Атам қазақ «жақсыны көрмек үшін» деген ғой. Оның үстіне бұгінгі заманда еңбек сүйгенді ел сүйеді, алыстан ат сабылтып, әдейі іздесеніздер, еңбегімізге көрсеткен құрметтерінің шығар, оған рахмет. Мына қойды таңғы сағат төртте өргізген едім. Суға құлаған беті осы.

У-шу да біразға дейін басылмайды. Үйге жүрініздер, әуелі мен барып жылдамдатып, үй ішін сыпсырып, текемет, сырмакты қағып-сілкіл, ретке келтіре қояйын. Алтынқұл, қалқам сен тездетіп самауырға су құйып, шоқ салып жібер.

Мәриям осыны айтты да үйге қарай жедел басты. Күні бойы мал соңында жүріп келгеніне қарамастан қимылы ширак. Сөйлегенде ашық-жарқындығын бірден аңғардық.

**Автор:** Жайлауларыңыз жанға да, малға да саялы жер екен. Тау самалың жұтып, кәусар ауасын сіміріп жүрген адамдардың көңіл-күйі де сергек, әрі жадыраңқы болар.

**М. Аябаева:** Тұлқілі пәлендей асқақтаған тау емес. Аласа болғанымен жер асылы. Қойнаулары малға құтты қоныс. Сылдырап аққан бұлактарының сұы да мөлдір. Ішсең сарайынды ашады.

Жоталары мен бөктерлерінде, сайлары мен ойпанында белуардан келетін көк майсалы шалғыны да ырғын. Самал желмен тербеліп жатқан сәтін көрсөніз, құдды бір тау үстінде, теніз шалқып, тынымсыз ақ жалданып толқып жатқандай әсер етеді. Алуан гүлдер араласа өскен шөбі көк масатыдай. Қырмызы гүлінің жұпар шашқан иісін айтсаншы, ғажап! Құмарлана жұта бергің, сіміре бергің келеді. Ауасының дәрулігі мен тәттілігі соншалық, сарайыңыз ашылып, ойыңыз сергіп, бойыңыз балқып, масандай да жасандау күйге енесіз. Осы бір аймақты жұмыр жердің жұмағындаі сезінемін.

Тұған жерге, өскен өлкеме деген ыстық ықыластың, мөлдір махаббаты сазды да әуезді ән болып төгіліп, жайлау көркін аспанға асқақтатып, шартарарака шарықтатып, көкіректі кернеп, жүректерге маржан болып құйылып, жататындығына өзім күәгермін. Осы жанға жайлы жаннатты жердің жазирасында Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазған Нұрғиса Тілендиевтің «Саржайлау» әнін талай төгілдірдік те. Әсем әннің:

Жадырап, жұтайыншы тау самалың,

Осы еді ғой сағынып аңсағаным.

Гүлдерім, шыршаларым, аршаларым,

Бәріңе арнап мен бүгін ән саламың.

Саумал бұлак балдай дәрім,

Салқын самал баурайларын.

Саялаған, беу, туған жер,

Сағындырған, Саржайлауым.

Қалайша тауып айтылған асыл сөздер десенізші!

Өмірге ғашықтық, тіршілікке құштарлық, әсем әлемді әспеттеушілік, бүгінгі дәуір тынысының жырын талмай, тынбай әдемі ән сазын жүрекке ұялататын құдырет бар. Осынау шалқар кеңдіктің көркіне тек сұлулық тән. Келбеті мен көрінісі де көз жауын алады. Беткейлерде шашырай жайылған қой, киіз үйлерге тақау желілерге байланған биeler мен құлындар, бәрі-бәрі бір-бірімен үйлесіп жатады. Малшы қауымның шаруа жайын реттеп, малын шүйгінді өріске бағып, емін-еркін бел жазып, аяқ сұytатын, көрші-қолаңдармен құшақ жая қауысып, қонаққа шақырысып, ерулік беріп, құда болып, той жасап, көніл сергітетін кезі де осы жазиралы жайлау төрі.

**Автор:** Мәке, «Арқарлым - бақыт бесігім» атты кітабынызды оқыған едік. Сізді аялап өсірген сол аяулы алқабының туралы не айтасыз.

**М. Аябаева:** Менің еңбекке араласып, ел санатына қосылып, Отан байлығын молайтуға үлес қосып, түлеп өсіп келе жатқан өлкем Арқарлы алқабы. Ауылдағы сегізжылдық мектепті бітіргеннен кейін еңбекке араластым. Игілікті еңбекке бел шеше кірісуді мұрат тұттым. Бұған анам Мұғілсін де қарсылық білдіре қойған жоқ. Мен өзімнің бақытымды алтын ұям - туған жерімнен таптым. Аяулы Арқарлым мені бақыт бесігінде әлдилеп, әлпештеген құтты қоныс десем болады. Осы жерде ақ махаббатым гүл жарып, ақ отау тігіп, үйлі-баранды болдым. Мен өз бақытымды ақ босағамнан, өз аулымнан, ел мен ерді көгерктен ерен еңбектен таптым. Сондықтан да Арқарлы алқабы маған ыстық. Таусылмайтын әнім де, талмай толғай беретін жырым да Арқарлы. Ол алтын бесігіме айналған анамдай жер. Осы өнірді аяулы ақын ағамыз Ғали Орманов та өлеңіне қосып, былайша жырлағаны бар:

Тағы да тұрмын басында,

Сүйікті тауым, Арқарлы.

Тасыңа түнеп жасымда,

Сүйегем саған арқамды.

Таңырқай тұнғыш көргенім,  
Тұксиген жым-жырт құз еді.  
Төсінде шимай өрнегің, -  
Тау ешкі, арқар ізі еді.

Ақын жыры-өмір шындығы. Бір кезде Арқарлының алқабы анға да бай-тұғын. Бүгінде ақтылы қой қаптаған мал өрісі. Менің қуанышты күндерімді көбейткен құтты қоныс, мерейлі де мейірімді мекен бұл.

Күнгей қабақты өрлей жатқан отарды орағытып өткен «Волга» үй іргесіне келіп тоқтады. Екі-үш бала машинадан жүгіре шығып, Мәриямның шалғайына жармасты. Бәрі өздерінше мәз.

**Автор:** Мәке, сыйлыққа машина алды деп еді, сол көліктеріңіз осы ма?

**М. Аябаева:** Иә, шындығын айтсақ, «ГАЗ - 24» автомобилін аламыз деген ойда жоқ еді. Ана бір жылы облыстық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде төлді көп алып, артық жүн өткізгендігіміз үшін үстіне қалы кілем жауып, осы машинаны алдымызыға көлденең тартып, кілтін ұсынғанда, тәбем кекке екі-ақ елі жетпей қалған шығар. Қала мен далада мұндай машинаға әркімнің қолы жетпей жүргенін естіп жатамыз. Соған қарап, біз де мұндай көлікке дәмелене де, құштарлана да қойған жоқ едік. Оның үстіне алысқа барып, ауыл арасын, ағайынтысты аралап қайтуға дынданай «Москвичіміз» бар. Оны да сыйлыққа Москвадағы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі тегін берген еді. Ертеректе үй іргесінде қос ат ұстағанды көрген едік. Ал, қос машиналы үйді кездестіру сирек. Сонымен үлкен жиыннан сұліктей «Волга» мініп қайттық. Бұрын көккасқа дәненмен қой кайырсақ, енді отардың шетін «Волгамен» жиыстыратын болдық. Көлік дайын болса, жүріс-тұрыс та көбейеді екен. Кейде аудан мен облыс орталығына, арысы Алматыға да аңсарымыз ауып тартып кетуге оқталатын кезіміз де бар. Оның үстіне үй іргесінде көлдененде тұрған машинамен бір жерге барып келе қояйықшы деп ағайыншылық өтініштерін айтып келушілер де біршама. Ешкімнің де көңілін жыққың, келмейді. Машинаның майын да аямайсың. Бірақ, қойдың шаруасы қисапсыз көп қой, әрі мазасыз. Сол шаруажайды көзден

таса етуге дәтіміз жетпейді де. Ұзап шыға қоюмыз қын. Қолымыз қалт етпейді. Ертелі-кеш ойлайтынымыз осы қорадағы ақтылы қойдың қам-қарекеті.

**Автор:** Отар шаруасының бейнеті мен зейнеті де ортақ шығар?

**М.Аябаева:** Ол не дегеніңіз. Мынау сенікі, анау менікі деп шаруаны бөліске салатын біз емес. Ондай әдетіміз де жок. Екеуіміздің де илегеніміз бір терінің пұшпағы болған соң, шаруаға төң шығамыз. Мен қойды өріске шығарсам, Қызайбай ауылдағы қора-жайға қарайды. Некен-саяқ арық-тұрақты жемдеп, күтімге алады. Кейде бұл шаруаны, керісінше, мен атқарамын. Екеуіміздің тұрмыс құрып, отау тігіп, бөлек отар алып, таяқ ұстап, осы кәсіпке машиқтанғанымызға міне, биыл табаны қүректей отыз жыл. Аз уақыт емес. Талай қындықты жеңдік. Табиғаттың тосын тәлкегіне, ауа райының аяқасты құйындағы құбыла қалатын өзгерістеріне қайратымызды қарсы қойып, төзімділік таныттық.

Табандыда қажырлы еңбек нәтижесінде тіжірибеміз толысып, қой сырына қанығып, кәсіби шеберлігіміз жетіліп, шаруамыз кемелдене түсті.

**Автор:** Біздің елімізде «Жарыс - еңбекшілер творчествосын өрістетудің аса маңызды өрісі, совет адамының өзін-өзі орнықтыруы мен биіктей тусуінің, оның қабілетінің, дарынының, азаматтық қадыр-қасиетінің анықталуы мен жұртшылыққа танылуының негізгі тәсілдерінің бірі» деп санайды. Осыған орай сіз жарыс мәнін қалай түсінесіз? Өзара жарыстасыңыз кім? Жалпы шаруашылықтағы өз әріптестеріңіздің көрсеткіштері қандай?

**М.Аябаева:** Жарыс, шындығында да табыс кепілі, жасампаз қозғаушы құш, бәсекелестердің делебесін қоздыратын қызуы мол қайрат пен қуат. Ал, істің табысты болуы, түпкі нәтижесінің пайдамен қорытындылануы еңбеккердің құш-жігеріне, ақыл-ойна байланысты. Сонымен бірге тапсырылған жұмысты әркімнің жан-жүрегімен,abyroй-намысымен және ар-ожданымен атқаруында. Ортақ игілікке адал жұмыс істеу, тәртіпті қатаң сақтау, жауапкершілік пен белсенделік көрсету, шаруашылық мұддесіне өзінің жеке

мұдделеріндегі қамқорлық жасау үжымның әрбір мүшесіне қойылатын талап. Бұл талап-тілектерді жүзеге асырып, ішкі мүмкіндіктерді толық игеруге күш жұмсалса, табысқа қол жететіндігіне еш күмән жоқ. Жарысқа қойылатын шарттың талаптары да жоғары. Еңбек бәсекесін қыздыру үшін өзара жарысуши екі жақ үзенгі қағыстырып, ауыздықтарын алыстырып отырса ғана қызық. Мысалы, мен ана бір жылдары - сарқандық шопан Құлшетай Айтовамен жарысқа түстім. Ол халық депутаттары аудандық Советтің сессиясында сөз сөйлеп, қой шаруашылығының тиімділігін арттыру, отар табысын молайту үшін көтеріңкі міндеттеме қабылдала, мені өзара жарысқа шакырғанын естідім. Әріптесім мені де жаңа биіктен көрінуге құлшындырғысы келсе керек. «Жақсы сөз - жарым ырыс» деген, жарыссак жарысайық, деп бағалы бастаманы құп алдым.

Біздің жарысымыз қой шаруашылығын одан әрі өркендетудің резервтерін тереңірек ашуға, мүмкіндіктерді толығырақ пайдалануға, әріптестерімізді жаңа жетістіктерге бастауға, артта қалғандарды қатарға тартуға үлкен септігін тигізгендігі, әсерлі болғандығы аян. Тегінде жарыстың мақсаты, алға қойған нысанасы да осы емес пе. Құлшетаймен өзара жарыстың бір қызығы - бірде ол, бірде мен озып шығып, шынымен-ақ тайталастық. Нағыз жарыс деп осыны айту керек. Делебені қоздырған қозғалыс әрқашанда пайдалы.

**Автор:** Сіздің отардың толық шаруашылық есепке көшкендігі мәлім. Бұл тәсілдің ұтымды, әрі тиімді жақтары жөнінде не айтасыз?

**М. Аябаева:** Қашан да болмасын жақсы тәсілдің өрісі кең, әрі өміршен. Біздің отардың да шаруашылық есепке көшіп, еңбекақы төлеудің жаңа тәсіліне көшкеніне бірнеше жыл. Біз осындай тәсілге - түпкі нәтиже бойынша еңбекақы төлеуге көшкеннен кейін, отардың есеп-қисап жұмысын жақсартуды жан-жақты ойластырдық. Тұракты әрі жоғары өнім алу - біздің ортақ қам-қарекетімізге айналды. Еңбек тәртібі нығайды, талап күшейді. Еңбек өнімділігін арттырып, отардан алынатын өнімді молайту үшін ұқыптылыққа, сапаға назар аударып, орынсыз шығынды азайтып, үнемшілдікті күшейттік. Мұның бәрі

жақсы нәтижеге қол жеткізді. Атап айтқанда, өнімнің өзіндік құны кеміп, табыс молайды. Мысалы, бір центнер жүн өндіруге жұмсалынатын шығын жоспардағыдан 20 процент арзандады. Ал, отардан өндірілетін жалпы өнім бір жарым есе кебейді. Он бірінші бесжылдықта 670 саулығы бар біздің отардан 344 мың сомның өнімі өндірілді. Оның 164 мың сомы таза табыс.

Отардың толық шаруашылық есепке көшуіне орай еңбекақымыз да еселеп артты. Үстіміздегі бесжылдықтың өткен жылдарында еңбекақымыз 36 процент өсті. Ал үстіміздегі жылы бригада мүшелерінің арқайсысы жыл аяғында бес мың сомнан қосымша ақы алатын болады. Бұл жердегі шаруашылық есептің ең тиімді жағы - өнім өндірудің молайғандығы, сапасының артып, өзіндік құнының кемігендігі, сонымен бірге халық байлығын сақтауға, үнемшілдікке кең жол ашылып, орынсыз шығынға тосқауыл қойылуы.

**Автор:** «Еңбек еткен емеді» деген ғой, жаңа шаруашылық есептің тиімділігін, еңбекақының артқандығын айттыңыз? «Еңбегіне қарай өнбегі» дегендей, қосымша табыстар да мол шығар?

**М.Аябаева:** Кімде-кім мәндай терін аямай тәксе, ол адамның ырысқа кенелетіні сөзсіз. Қойымыз өсіп, өнімі молайған сайын, шүкіршілік, табысымыз да мол. Мысалы, біздің кесікті еңбекақымыз өз алдына, олай сайын беріліп тұрады. Күзге қарай, кейде жыл аяғында, бізге артық алған қозы мен жұнғе қосымша еңбекақы төленеді. Біз тоғызыншы және оныншы бесжылдықтарда 22400 сом қосымша еңбекақы алдық. Биылғы жыл үшін сегіз мың сом есептелінеді. Мұның үстіне қосымша қозысы тағы бар. Ал, шаруашылық озаты ретінде келелі кеңестер мен мерекелі жиындарда алатын сый-сияпатымыз өз алдына бір тәбе. Табыс мол болған соң, байлық та жетеді. Ешнәрседен кенде емеспіз. Еңбек зейнетін, ел құрметін көріп отырмыз.

**Автор:** Совет әйелінің сергек сезімі, оралымды ойы, киелі қолы, қайырымды да мейірімді жүрегі қай істе де, қай уақытта да танымал. Сол үшін де Отанымыз, халқымыз әйелдер еңбегін әрдайым жоғары бағалайды. Осы бағыттағы өзіңіз құрметтейтін, әрі ардақ тұтатын еңбеккер аналар кімдер?

**М.Аябаева:** Ерлік ісімен, ерен еңбегімен республика тарихына алтын әріптермен жазылған апаларым мен әпкелерім, сіңлілерім мен қыздарым да көп. Арыға бармай-ақ, Жетісудың жайсан қыздарын, еңбеккер әйелдерін алайық. Бұл жерде мен бәрінен бұрын Зылиха Тамшыбаева құрбымының есімін бұрын атағым келіп тұрады. Ол әуелі жерлес болғандығы үшін мақтаныш. Әңгіме онда емес, ол кешегі қарапайым сауыншы еді, бүгінде табысты еңбекке бастаушы, іскер де қабілетті үжым басшысы. Зықаң басқарған шаруашылықтағы Битай Тәтенова, Мәмила Әлімбаева, Зәкария Сейітова сияқты, сондай-ақ және басқалар да тамаша еңбеккерлер. Бұкіл республика қадір тұтатын қайратты да ардақты аналар. Бұлар бейнеттен зейнет тапқандар. Бақытқа кенеліп, құрметке бөленигендер. Еңбек адамына деген үздіксіз құрмет пен қамқорлыққа жауап ретінде бар күш-қайратымен адажұмыс істеуді өзінің азаматтық парызының асқақ мұраты, айнымас өлшемі ете білген жандар.

Жетісуге құрметті еңбеккер аналар көптеп саналады. Жаркенттік жүгері өсірушілер Күләш Айтжанова, Адалят Зайнаудинова, Күлғайша Бердіқұлова, сарқандық тракторшы сіңлім Құлману Марданова, үштөбелік пияз өсіруші Вера Шин және басқалар еңбегімен жұртшылық құрметіне бөленип, Отанның жоғары наградаларын омырауларына жарқыратып тағып жүргенінің өзі не тұрады. Осындай Отан мақтан еткен еңбеккер аналарға бас иіп, құрмет көрсетуге мен әрдайым даярмын.

**Автор:** Біздің елімізде “Еңбек қуанышы - бақыт”, “Еңбек түбі - береке”, «Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге бақ тұрар» дейді. Осы мақал-мәтедердің мәнін қалай ұғасыз?

**М.Аябаева:** Мәтел де, мақал да, нақыл да өмір тәжірибесінен алынған түйінді ойлардың тұжырымдары. «Үрыс алды еңбек» деген және бар. Мен өмірге осы тұрғыдан қарап, осы тұрғыдан түсінгім келеді. Қабырғам қатар-қатпастан еңбекке етене араластым. «Ермек қуған бәлеге жолығады, еңбек қуған қазынаға жолығады» дегендей, мәні бақытқа кенеген еңбек.

**Автор:** Сенімді серіктеріңіз кімдер?

**М.Аябаева:** Бұл жерде мен «Жолдасыңың кім екенін

айт, сонда мен сенің кім екенінді айтамын» деген классикалық қағида есіме түссе, ерім Қызайбайдың есімін бірінші кезекте атаймын. Өйткені, ол осы отардың шаруасына менен көп еңбек сінірмесе, аз бейнет көрмейтіні хак. Малдың бағым-күтімін, жайылым мен қонысын, сұы мен отын Қызайбай да өте жақсы біледі. Мал десе ішкен асын ерге қоятын жан.

Қызайбай ағаларың да бедел мен құрметтен кенде емес. Оның омырауында қос Еңбек Қызыл Ту ордені жарқырайды, Қазақ ССР - інің ауыл шаруашылығына еңбек сінірген қызметкері атағына ие болды. Бір сөзben айтқанда, менің табысым Қызайбай екеуімізге ортақ, бірлескен еңбек жемісі.

Біздің табысқа жетуімізге әрдайым қол үшін беріп отыратын ферма меңгерушісі Стамбек Қалтаев, зоотехник Молдахан Көбеев, малдәрігері Бейсен Тұрғанбаев және басқалардың да үлестері мол. Олар біздің қамқоршыларымыз, бағыт-бағдар беріп отыратын жетекшілеріміз.

**Автор:** Мәке, «КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев Кербұлақ ауданына келген сапарында «Арқарлы» совхозында төл алу жөніндегі он бірінші бесжылдықтың тапсырмасын облыста бірінші болып орындаған аға шопан, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мәриям Аябаевамен әңгімелесті» деген КазТАГ хабарын оқыған едік. Республика басшысымен дидарласқандағы әсерлерініз жөнінде не айтасыз?

**М.Аябаева:** Адамның қызметі жоғарылаған сайын қарапайым бола ма деймін. Ел бастаған адам дана ғой. Дінмұхамед Ахметұлы ағамен қолдасып, бетпе-бет кездесуімнің, ашық-жарқын әңгімелесуімнің әсері мол. Ол естен кетпейтін, жүргегімде ұзақ сақталатын күн.

Қатардағы қарапайым шопан әйелді шын жүргімен сыйлап, ілтипат пен ізет білдіруі күні бүгінге дейін есімде. Еңбегіме зер салып, оған ыстық ықылас, ағалық мейірім көрсетіп, қамқорси қарауы жүргегімді елжіреткені анық.

Атам қазақ «Түсі жылыдан тұңілме» дейді емес пе. Димаш аға да тұлғалы денелі, бойшаң, отты қөздері

ілтипатқа толы, мейірманды адам ғой.

- Мәке, - деді ол қоңырқай дауысымен күнде көрісіп-білісіп жүргендей. Соңда «Жақсыда жаттық жоқ» деген осы екен ғой деп ұқтый. Біз қой бағудың қының сезінеміз, - деді Димаш аға сөзін әрі қарай сабактап.- Бірақ, сіз сияқты табанды еңбеккердің көптігін мақтан ететініміз және бар. Қындықты жеңіп, қуанышқа кенелудің құпиясы неде деп білесіз? Қой өсірудің ерекшеліктері қандай?

Ардақты аға осы сұрақтарды қойды да маған байыппен қарады. Асау аттай бұлқынған жүрек дұрсілін басыңқырап, шаруа-жайымды айта бастадым. Айтпағым көп еді, қысылғандықтан қысқартып та жібердім-ау деймін, лезде-ақ сөзім таусылып қалды.

- Дұрыс, дұрыс, - деп менің сөздерімді жымия тұрып тыңдады да:

- Біз малшылардың күш-жігеріне, табысына, тәжірибесіне сенеміз. Табысқа жете беруіңізге тілектеспіз. Сау-саламат болыңыз, - деп қасыма тақау келіп, қол берді. Мұндай ілтипат пен құрметке толқып кеткенімді жасыру да қын еді.

**Автор:** Сіз мемлекет басшысына өз көрсеткіштеріңізді де баяндаған шығарсыз?

**М.Аябаева:** Иә.

**Автор:** Қосымша сұрақ берген жоқ па?

**М.Аябаева:** Сөзімді бөлмей тыңдады. Мен айтып болған соң, «Сіздің көрсеткішіңіз табыс шегі ме? Оны шаруашылық бойынша көбейтуге мүмкіндік бар ма? Совхозда үзенгі қағыстырып жүрген бәсекелесіңіз көп пе?» – деп сұрады.

- Менің көрсеткішім табыс шегі деп айта алмаймын, - дедім. - Талпынғандардың табыс шегінің өресі биік. Оған менің әріптестерімнің жоғары көрсеткіштері дәлел, - деп облыс көлеміне танымал әріптестерімнің есімдерін атадым. «Төл алу көрсеткішін шаруашылық бойынша қалай көбейтуге болады?» деген сұраққа: «Озаттар саны көбейсе, табыс көбейеді, бұл жауапкершілікке, талапқа байланысты» дедім. Совхозда үзенгі қағысып жүрген бәсекелестерімді айтуға келгенде, ыңғайсыздандым. Себебі, ондайлар аз, барының арақашықтығы алшақ.

Мені «Жалғыз ағаш орман емес», жеке дараланғанша, әріптерінді де көбейт, артта қалушылар болмасын, - деп ескертпе жасағаны ғой деп ұқтым. Содан кейін:

- Мал өнімділігін молайтуға бола ма? - деп сұрады.  
Бұған еш бөгелмедім.  
- Болады, - дедім сенімді түрде.  
- Қалайша? - деді. Дәлелмен айтпайсың ба дегендей сыңай танытты.

- Бұл жерде мамандарға мал тұқымын асылдан-дырушыларға жүктелінетін міндет үлкен. Олар өнімді мал тұқымын өсіріп берсе, оны бағып құтуге біз даярмыз, - деп салмақты мамандар жағына аудара сөйлемдім. Бұған да ризалық білдіргендей болды.

**Автор:** Мәке, мал өнімділігін арттыру бүгінгі күннің келелі мәселесі екені рас. Малдың сапасын жақсартып, өнімділігін арттыруға, жемшөп өндірісін озық қарқынмен дамытуға, селекциялық-асылдандыру жұмысын жетілдіріп, жемшөп қорын молайтудың мүмкіндіктерін пәрмендірек қолға алып, іске асыру басты міндет. Демек, мал өнімділігін арттыру өзекті мәселе күйінде қала береді. Оның шешімін табуға лайықты үлес қосудың да жауапкершілігі үлкен. Солай емес пе, Мәке?

**М.Аябаева:** Иә, солай. Бұрынғы айтқан сөзімді қайталайын. Өнімділігі жоғары мал болса, оны бағып-қутуден біз жалықпаймыз. Отан байлығын молайтуға лайықты үлес қосуды өзіміздің патриоттық парызымыз санаймыз.

**Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газеті**  
**7 желтоқсан 1985 жыл**

# ЖАРАСҚАН ЖҰБАЙЛАР

Адами табиғаты қаралайым, тек еңбектің соңында жүріп, бұлтың-сылтыңға салынатын әдетке бой алдырмаған кіршіксіз ниетті адамның шалқып тасуы, кеуде кере мақтап, асқақтауы некен-саяқ. Қуанышы қанша қойнына сыймаса да, көкірегіне тоқтық сезімін ұялатып, қанағат тұтудан әрі аспай, жұртқа жасаған жақсылығы мен қызметін дабыра етпей, орнымен тиянакты тындырып, жылы жауып қоя беретін бірегей пенденің бірі - Әділхан Қайболлаев. Кісілік келбеті кемелденіп, лауазымды қызметіндегі беделі өсіп, тәлімді тәрбиесі толықса да, кішілік ілтиратынан ауытқыған емес. Және бір жақсы қасиеті - еңбегін сатып, бәлсінбейтіні. Мансап қып, пайда тауып, даңғаза беделге ие болуға да құлшынбайтын жан. Ол мемлекеттік лауазымды қызметкер иесіне тән ар-намыс пен инабаттылықты қастер тұтатын маман.





## **БІЛІКТІЛІК БЕЛГІСІ**

Әділхан Қайболлаев өзіне жүктелген мемлекеттік лауазымды қызметі - облыс әкімдігі аппаратының қаржышаруашылық бөлімін басқару міндетін адал атқарсам деген ниет осы жұмысқа келген күннен бойына берік қалыптасқан іргесі мықты тұғырдай. Былайша қарағанда, қызметі көзге ілінбейтін іспетті. Шын мәніне үңілсе, шаруасы шаш етектен. Жауапкершілігі үлкен жұмыс. Атап айтқанда, ол өзі басқарған бөлімнің жұмысын тиянақты жүргізіп, істі жақсартуға қатысты ұсыныс-пікірлерін нақтылап айтуға, белгіленген шаралардың тыңғылықты орындалуын бақылауға міндетті. Әкімдік аппараты ғимаратының талапқа сай болуы да осы бөлім басшысы Әділхан Қайболлаұлының мойынында. Жоғары органдардың қаулы-қарапарларының, оған байланысты әкімдік басшылары нұсқауларының нақтылы және дер кезінде орындалуы, үнемі назарда ұстауды қажетсінетін күрделі іс. Қаржылық сұраныстың да жолдары сан тарау. Осының бәрі бір адамның иығына түскен ауыр жүк болғанымен, көзге көп көріне бермейтін, ескерусіздей шаруа сияқтанады. Мәселен, бір ғана мысал. Әкімдікте облыстық дәрежеде өткізілетін жиынды алайықшы. Оған қатысуышылар есігі ашық, іші жарық, тап-түйнақтай таза, желдетілген, электр шамы жарқыраған залға келіп, орындықтарға жайғасады. Осыған дейінгі дайындық қаншама. Жиналыс бітіп, ойдағыдай аяқталғанша сабылысы көбейіп, сабыр тауысатының біреу білсе, біреу біле бермейтіні анық. Мұның бәрін бақылау Әділхан Қайболлаевқа жүктелген міндет. Сол себепті де ол өзінің бақылауындағы әр істі жіті қадағалайды. Дайындықтың бүге-шігесіне дейін мұқият тексереді. Онсыз жанытын таппайды. Мазасызданады. Бір жерден ши шығып, ескерту естіп, басшылар алдында қысылып, пәсейіп қалам ба деген көнілі де тыншымайды. Ісіне ықтиятты

Әділхан мінсіз қызмет етуді мұрат тұтатының күнделікті шаруасынан анық аңғарасын. Адамдармен тіл табысып, бірлесіп жұмыс істеуге, күрделі мәселені бірлесіп, кеңесіп шешуде де тапқырлық қабілетімен ерекшеленетіндігі де ұжым мүшелеріне жақсы мәлім. Қолынан іс келетін, тапсырылған жұмысты дөңгелетіп әкететін азаматтарды іріктеп, тәрбиелеп, қолдап, қызмет бабында өсіруге қамкорлықпен қарап, игі ықпал жасауға да жомарт.

## **ЫСТЫҚ ҮҚЫЛАС ЛЕБІ**

Жер жаннаты Жетісу өлкесінің жұмақ өнірінде жүрсе де Әділхан өзі тұлеп ұшып, өмірге қанат қағып, еңбек табалдырығын алғаш аттаған Қызылорданың қыратты беліндегі туған топырағына деген перзенттік сезім тұла бойында қанойнатса, саналы өмірінің отызға жуық жылын қайнаған еңбек ортасында өткізген Ақтөбе аймағы аңсаған ыстық үқыласының лебі майдақоңыр самалдай аймалап, жүрек қылын тербейтіні бар. Себебі, туған жері Қызылорда өніріндегі Қазалы ауданына қаасты Октябрь ауылының шағылына аунап, суына шомылдып, кәусар ауасын мейірі қанғанша жұтқаны, балалық шағының балдәуренді күндері бүгінгідей есінде. Онда әкесі Қайболланың, шешесі Лиманның табандарының ізі бар. Олар тұрған үй - отбасында үбірлі-шубірлі өскен жеті баланың тал бесігі. Әке-шеше ақылы мен өситетіне құлак тұрген құтқанасы да осы баспана. Балғын санасына білім нәрін құйған мектеп те осында. Ал Ақтөбе аймағына үқыласы мен ынтасының артып, отбасын бұрып, барып қайтсам-ау деп аңсарының ауа беретіні - жоғары оқу орны - Шымкент қаласындағы химия-технологиялық институтын бітірген соң алғаш еңбек жолының есігінашып, ұжым мүшелерімен етene араласқан, есейген, ел санатына қосылған өлкесі екендігінде. Әдепкіде Ақтөбе силикат кірпіш зауытының жоспарлау бөліміне инженер-

экономист болып орналасты. Оқып-тоқып білгендері мен ойға түйгендерін енді іс жүзінде сынайтын әдепкі сәттерінде жүргөтілдеп, көңілі де толқыды. Бейтаныс сала. Қым-қиғаш қындықтары да жеткілікті. Бірақ жігерлі жігіт жалтақтап, жасымады. Әрбір тармақтағы қисапсыз сандардың қыр-сырына қанығуға терең бойлады. Бұрынғы істейтіндердің тәжірибесін үйреніп, ақыл-кеңестерін бойына сініре білді. Жұмысты барынша беріле істейтіндігімен көзге іліккен жас маман Әділханды Ақтөбе облыстық комсомол комитеті жұмысшы-жастар бөліміне нұсқаушы етіп қабылдайды. Артынша осы жастар бөлімінің нұсқаушы-бақылаушы қызметіне жоғарыла-тылды. Біліктілігі бекемденіп, сенімнен шығуның нәтижесінде облыстық атқару комитетіндегілер құда түсіп, аттай қалап алғып, осы ұжымның бас экономисі қызметінің орындығын ұсынды. Сөйтіп жүріп Ақтөбе облыстық атқару комитетінің материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің бастықтығына тағайындалады. Облыстық атқару комитеті тәрағасының көмекшісі, баға бөлімінің менгерушісі, іс басқарушысы - аппарат басшысының орынбасары міндеттеріне де жауапкер-шілікпен қарап, сындарлы сындардан сүрінбей етіп жүрді. Ақтөбе облыстық әкімдігі аппаратының іс басқарушысы, «Бакалея» акционерлік қоғамының бірінші вице-президенті ретінде өндірістік салада көптеген үйымдастыру жұмыстарын жүргізді.

Ақтөбе облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына барып, мемлекеттік қызмет инспекциясының бастығы, басқарма бастығының орынбасары қызметінде тыңдырған істері де ауқымды. Ақтөбедегі «Нефте-Газ-Дем» ашық акционерлік қоғамында үйымдастыру-әкімшілік бөлімін басқарып, жаңа қырынан танылады. 2002 жылғы ақпан айынан бері Алматы облысы әкімдігі аппаратының қаржышаруашылық бөлімінің менгерушісі.

- Қай жерде еңбек етсең, сол жерде құрметтісің, - дейді Әділхан Қайболлаұлы. - Мен үшін өмірімнің жақсылықтары жапырақ жайып, қуанышты құндерімнің күәсі болған, бақытқа бөлекен, балалық балдәуренім өткен, қызмет етуде, замандастар арасында жоғары мәртебеге жеткізген жер мен еңбек үжымдарым әрқашанда оттан да ыстық. Қайда жүрсем де, қандай ортада болсам да, бәріне ерекше сүйіспеншілікпен қарап, халық үшін адал еңбек ету - басты мұратым.

«Еліңе құл болмасаң, би болмайсың» деген қағиданы ұстанып, өзімежүктелген міндетті абырайлы атқаруға бар білімім мен біліктілігімді, қүш-жігерімді, тәжірибемді жұмсап, әділеттілік туын жоғары ұстасам, маған соның өзі үлкен бақыт, әрі мәртебе.

## БІЛГІР БАСШЫЛАР ӨНЕГЕСІ

Әділханның жұмыс бабында шынайы қамкорлығын көріп, іскерлігін үйреніп, тәрбиесін бойына дарытқан басшы ағалары да көптеп саналады. Олардың білікті маман ретінде қалыптасуына көп ықпал жасағаны туралы ризашылықпен әңгімелейді. Солардың бірі Оразалы Қозыбаев ағасы. Бұл кісі Ақтөбе облысын басқарып тұрғанда Әділхан оған төрт жыл бойы көмекші болады. Еңбек Ері атағы бар білікті де білгір басшы еді. Барынша қарапайым-тұғын. Ойын ашық айтып, орнықты пікірге, құнды ұсынысқа құлақ асатын. Мейірманды жан-тұғын. Дәл осындай іс-әрекетпен, адами мінез-құлықпен Шалбай Құлмаханов сүйсіндірді. Ол Ақтөбе облысын басқару тізгінін ұстағанда, облыс әкімдігінің іс басқарушысы болған Әділхан Қайболлаұлы: «Шалбай Құлмаханұлы өнірге жанды жадырататын тың тынысты леп ала келді» дейді де, оның жұмысты үйымдастырудың іскерлік қабілетімен, талап қойғыштығымен, цифrlардың санасында сайрап тұратындығымен, шаруақорлық

шапшаңдығымен, ерінбей-жалақпай жұмыспен шұғылданатындығымен, кердендер мен келенсіздікке ымырашылдық танытпайтындығымен қоғамға, еліне адал қызмет етудің үлгі-өнегесін көзімен көргенін айтады.

Қазір Шалбайдың тәлім-тәрбиесін көрген, қоян-қолтық жүріп, ұлағатты ісін мұрат тұтқан азаматтар қатары көбейген. Бәрі де игі жақсылардың жақсылығын айтып, нұрын тасытып, олардан тараған шапағат пен ізгілік іздерін әрдайым мақтан етеді. Осындай тұлғасы биік басшылардан Әділханның да көрген тәрбиесі мен үйренген өнегесі үшан-теңіз.

Ұлағатты да білгір басшылардың іс-әрекетіне, әдептілігіне, адалдығына, азаматтық адамгершілігіне, іскерлік қарымдылығына, алғыр ойлы алымдылығына, тәлімді тәрбиесіне тәнті болумен бірге, сондай аbzal қасиеттерді үйренуге сәтті кезеңнің туғандығын өзіне үлкен өмірлік күндылыққа айналған қымбат дүниеге балайды.

Өмір бойы саудада істеп, тұтынушыларға адал қызмет көрсетуімен үлгі тұтылған Әділханның әкесі Қайболла балаларына тек әділетті болуды өсиет еткен. Ол кісі: «Балам, ешкімнің ала жібін аттама, біреуді жазықсыз жазалап, ғайбаттап даттама. Таяқтың екі ұшы бар. Бірі өзіңнің басына тиер қаупінен сақтан» деуден жалақпаған. Әкенің осындай ізгілікті дәріптеген дәрісін тыңдалап, өсиетін санасына сіңірген Әділхан теріс әдетке бой алдырмауға барынша берік.

Сөз арасында бірнеше сауалдар қойған едік:

**Кіслік келбеттің көрінісі неде?**

- Адамгершілік қағидаларынан алыс кетпеу, оның ішінде адамның инабаттылық пен кішілік қасиеттері кіслікке әкеледі.

**- Сыйластықты қалай түсінесіз?**

- Қазакта «ат кісінескенше, адам түсініскенше» деген

ұғым бар. Бұл дүниеде таныстықтан соң сыйластықта жүргенге не жетсін.

Мен өзім шынайы сыйластықты, ықыласты қарым-қатынасты ұнатаамын. Жақын туыстарыңмен, досжолдастарыңмен көнілге кірбің салмай, тонның ішкі бауындай, жақсыңды асырып, жаманыңды жасырып, қарапайым қарым-қатынаста, сыйластықта журу кім-кімге болса да жақсы ғой деп ойлаймын.

**- Ар мен намыстың арасы қандай?**

- Ар мен намыстың бір-бірінен аса алшактығы шамалы. Ол екеуі өзара тығыз байланысып жатқан асыл қасиеттер. Азаматтардың биіктігі арының тазалығы мен намысының беріктілігінде. Аталарымыз: «Қоянды қамыс, жігітті намыс өлтіреді» деген екен, оның үстіне біз: «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп өскен адамдармыз.

**«Жаңа қазақ» ұғымына қалай қарайсыз?**

- «Елу жылда ел жаңа» дегендей, заманына қарай адамы да өзгереді. «Жаңа қазақ» ұғымы қазіргі қалталылардың іс-әрекеті мен кәсібінің өзгеруіне байланысты айтылған деп ойлаймын

**- Бос уақытта немен шұғылданасыз?**

- Сол бос уақыттың өзі көп бола бермейді-ау. Кішкене ондай бос уақыт табылса, жер жаннаты Жетісудың адам таңғаларлық ғажайып табиғатымен танысқым келеді. Өткен үш жылдың ішінде демалыс кездерімде Алакөлді, Балқаш көлін, Көлсайды, Шарын кереметтерін, Торанғылы тоғайын, Алтын Емел қорығын, Қапшағай су қоймасын, Есік, Талғар, Қаскелең тау шатқалдарын барып көруге, олардың көркем табиғи келбетін қызықтауға уақыт таптым. Ал күнделікті бос уақытта көгілдір экран көруге, баспасөз жаңалықтарын оқуға арнаймын.

**- Кімнен қорқып, неден қаймығасыз?**

- Біреу Алла Тағаладан: «Сіз адамды жараттыңыз, оныңыз дұрыс, бірақ неге оны ауыртасыз?» дегенде:

«Олар мені ұмытып кетпеуі үшін», «Ал неге оларды өлтіресіз?» дегенде: «Оларды қорқыту үшін» деген екен. Сондықтан адамдар тек құдайдан ғана қаймығып, қоркуы керек, қалғанының бәрі пендешіліктен болатын нәрселер.

**- Біреуді алдаған не арбаған кезіңіз болды ма?**

- Кейде белгілі бір жағдайларда зияны болса да, өшқашанда өшкімді алдаған емеспін. Алдау деген өтірік айту, өтіріктің жанында үрлық тұрады. Атамыз қазақ «Өтірік өрге баспайды, үрлық түбі қорлық» - деп бекер айтпаған. Бой үйретпеген жиіркенішті әдеттен аулақ жүрудің өзі адами арды таза ұстаудың кепілі ғой деп білемін.

## ЖАРАСҚАН ЖҰБАЙЛАР

Қос жұбай Әділхан мен Гүлсара екеуі тағдыр тоғыстырғалы байыпты мінездерімен, сабырлы салмақтылықтарымен, өздерін бір қалыпты ұстауларымен ел-жұртына танылған отбасының иелері. Көпшілдігі мен кішіпейілділігі кімді болса да бір көргеннен-ақ баурап, өздеріне тартып, үйіріп әкететіні қалыптасқан дәстүр. Ағайын-туыстар арасындағы жақсылықты қуаныштар мен кейбір ренішті кездердің бәріне қатысып, өздерінің көнілдерін, ізгі ниеттерін білдіруде де абзалдығы мен қамқоршылдығы басым. Адами асыл қасиеттер екеуінің бойына ана сүтімен дарыған іспетті. Өмір тынысын байыптауда да ұлттық салт-дәстүр үрдісінен ауытқымайды. Болашакқа сеніммен қарап, еліне, жеріне адал қызмет етуді парыз санайтын ой-өрістері биік жандар.

- Гүлсара екеуіміз Шымкент шаһарында оқып жүріп таныстық, – дейді Әділхан өткен шағын еске алып. – Сонау Қызылорда жақтағы Қаратай қойнауында туып-өскен қыз Шымкентке келіп, Әль-Фараби атындағы

мәдени-педагогикалық институтына түскен екен. Бір қалада қатар оқыдық. Студенттік өмірдің қызықтарын бірге өткізіп жүріп, ақыры тағдыр қосып, қол ұстастық. Содан бері отыз бір жыл өтті. Бір ұл, үш қызымыз бар. Үлкеніміз - Берік. Білімі жоғары. Хирург-онколог. Алматыдағы ғылыми-зерттеу институтында істейді. Келінім Жамила да дәрігер-кардиолог. Немереміз Нұрайым жеті жаста. Қызымыз Ләйла да дәрігер. Оның Рұстем есімді 8 жасар баласы бар. Екінші қызыым қаржыгер, облыстық мекемедегі бір бөлімнің бас бухгалтер-бастығы. Кішіміз Алтынай университетте оқиды. Ағылшын, корей тілдерінің маманы болып шығады деген үміт бар. Балалар қызығын тамашалап, солардың бақытты да шаттықты өміріне ортақтассақ, ол да ақ арманның жүзеге асқаны болар. Олар қонаққа келіп, немерелердің тәтті тіліне, сан қылышына мәз-мәйрам болып, төріміз бен көніліміз көл-кесір шаттыққа кенелетін сәттердің өзі бізге үлкен бір шадыманды шақ.

Өмір айдынында жүзген қос ақкудай жұбы жарасқан жұбайлар Әділхан мен Гүлсара Досалықызының отбасындағы тату тірлігі, сыпайылығы мен сыйластығы, қоғамдық жұмыстағы атқарып жатқан істері кімге болса да үлгі тұтуға, үйренуге лайық тәлім-тәрбие. Әділхан өзінің інісі Әділсерік пен бес қарындасын өсіріп, оқытып, үй-жай етуге қамқоршы болған жанашыр аға.

Жүзі жылды, күлімкөз Гүлсараның алысты жақын етіп, бөтенді бауыр санайтын, қонағын жайдары қабақпен қарсы алып, ренжімей күтуінің өзі өкінің бірінің қолынан келсе де, қонышынан баса бермейтін шаруа. Бітім-болмысы шынайы, мінезі мінәйі, биязылығы мен инабаттылығы қатар өрілген Гүлсара болса, төңірегіндегілерге шарапат шуағын шашуға әрқашан да әзір.

Ақтөбе қаласындағы балалар кітапханасында отыз жыл еңбек етіп, істің қыр-сырына қанығып, толыққанды

тәжірибе жинақтаған Гүлсара Досалықызы Қайболлаева Талдықорғандағы Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапхананы басқарған соңғы үш жыл жақсы жаңалықтармен жаңғырды. Кітап қорытың туындылармен толығуда. Әр түрлі тақырыптарда қабырғалық кітап көрмелерін ұйымдастыру дәстүрге айналды. Жетісу өлкесінің тарихи шежіресін, белгілі тұлғаларын таныстыратын «Ауыл өмірі» энциклопедиясын шығаруға қажетті деректі құжаттар мен жазбалар жинастырылды.

Әділхан мен Гүлсараға ортақ бір қасиет - қарапайымдылық, сабырлылық пен ұстамдылық. Екеуде балаларын бауырына басып, барынша мейір-шуағын төгеді, көзімен айналып, көнілімен сүйеді. Олардың да ел санатында халыққа қызмет көрсетіп жүргендеріне шүкіршілік етіп, іштей қуанып, сырттай айналып-толғанып отыру да қазақи әдептілік салтын паш ететін көрініске пара-пар ізеттілік нышанындей.

«Екі жақсы қосылса, ай мен күндей жарасар» дегеннің нақ көрінісіне осы Әділхан мен Гүлсараның отбасылық тұрмыстық тірліктері ұқсайды. Оларда жаңы жайсан атападан жұғысқан талай тамаша адами абзал қасиеттер баршылық. Ақыл-парасатына, кеңпейілділігіне, бауырмалдығына қарап, дара дарқандық дәрістерін бойларына мол дарытқандығына бүгінгі тірлік-тынысы дәлел. Жан жылуы шуакты, көніл жомарттығы куатты жандар екендігімен ел-жүртты сүйсіндірудің өзі бір ғанибет.

## **БІЛІКТІ БАСШЫ БАРДА...**

Кезекті іссапар кезінде Қаратал ауданының әкімі Роман Ухенович Ким мырзаға жолығып, еңбектегі табысын тілге тиек етер өндіріс орындары жайлы сұрағанымызда, ол еш ойланбастан былай деді:

- Нарықтық тығырыққа тіреліп, жұмысын босаңсытып, тіпті тоқырауға кезіккен Үштөбе төңірегіндегі кәсіпорындарға былтырдан бері жан бітіп, механизмдері қозғалысқа түссе бастады. Макса-тымыз - жергілікті жердегі мүмкіндіктерге орай отандық немесе өзіміздің қол таңбамыз қойылған тауарлар шығару. Бұл бағытта атқарылып жатқан игі бастамалар баршылық. Отандық тауар өндірушілердің алғашқы қарлығаштарының бірі «Құнарлыжем - Астық» жабық түрдегі акционерлік қоғамы. Бас директоры Сейілхан Базарханұлы Базарханов іскер кәсіпкерлігін нақты іспен дәлелдей білген атпал азамат. Ол үйымдастырушылық қабілетімен де сүйсіндіріп жүр. Сырттай маратапттай бермейін, өзімен дидарласып, өндірісін көріп, зауыттың тыныс-



тіршілігін, еңбек ырғағаның серпінін көзбен көргендерініз дұрыс шығар.

Әкімнің айтуы бойынша әрі жақсыны көрмек үшін Үштөбе қаласының батыс беткейіне бағыт ұстадық. Қаратал өзенінің он жағалауына таяу қоныс телкен ғимаратгары зәулім көклен таласқан алып зауыттым алыстан апық көрінді. Бұл кеңестік дәуірде – 1985 жылғы желтоқсан айында алғашқы өнімі - құнарлы мал азығын өндіре бастаған кәсіпорын еді. Төрт түлік төскейге жер қайыстыра өрген шақта шаруашылықтардан құнарлы жем алуға келген жүк машиналары зауыт ауласына сыймай, апталап кезек күтіп, ептілері бастыққа жол тауып жолығып, шаруасын тездетіп бітіруге ұмтылатын. Сұраныс көп, үш ауысыммен жұмыс істесе де, кезек күтушілер азаймайтын. Тынымсыз еңбек күйі бір сәтке де толастамайтын.

.. Жалпы өнім шығару көлемі 63,5 миллион теңгеге жеткен-ді.

Нарықтық реформаға сәйкес мал шаруашылығы қожырап, төрт түлік саны күрт кеміп, құс өсірмейтін болғасын зауыт өніміне сұраныс та сап тылды. Алып зауыт не істерін білмей тығырыққа тіреліп, дағдарысқа ұшырады. Еңбек күйінің үні естілмей, есіктер де тарс жабылды. Құні кеше еңбек көрігін қыздырған зауыттың қимылсыз қалып, сұына бастауы әркімнің-ақ қабырғасына батты. Оны аудан әкімнің орынбасары Сейілхан Базарханов та бастан кешірді. Зауыт тағдыры оны да мазасыз күйге түсірді. «Кәсіпорын жүрегін қайтсек соқтыруға болады. Нарықтың қай тамырын басса, қан жүреді, қыруар қаржы жұмсалып салынған алып зауыттың сұтылған аттай қаңтарылып тұруына жол беріп, сырттай «опырай» деп өкінгенмен іс біте ме? Бір қозғаушы күш кажет-ау» деп іштей толғанатын, құн-тұні ойланатын.

Тұн үйкесін төрт бөлгөн мазасыз ойлар Сейілханды бір жасампаз күш жаңа бастамаға итермелеп, белді бекем будырды. Әкімшіліктегі жайлы орынтағын тастап, жұмысы ұшы-қырысыз қым-қуыт, әрі әзірге алғы

болашағы бұлдыр кәсіпорынга барып, істі қолға алуға бекінген еді. Содан бері бір жылдан сәл-ақ асты. «Жас келсе іске» деген, бүгін де Сейілхан Базарханов басқарған зауыттың отандық тауар өндірушілерінің мейманасы тасып, мерейлері үстем болып, алдыңғы қатарлы кәсіпорындар қатарынан орын алып отыр.

Қазіргі нарықтық заманда тоқырап қалған өндірісті калпына келтіре қою, істі ілгері бастыру оңайлыққа түспесі әркімге аян. Ойға алғанды орындалап, діттеген нысананы дәп басу үшін әуелі білім мен біліктілік, іскерлік пен табандылық, үйымдастырушылық қабілет пен білгірлік аса қажет. Осындай қасиетті бойына мол дарытқан адам ғана тасын өрге домалатып, биіктен көріне алатындығы және ақиқат. Қаңтарылған кәсіпорынды іске қосуды үйірған Сейілхан Базархановқа жоғарыдағыдай қасиеттер тән еді. Ол алғыр азамат. Өз кәсібінің білгірі. Істің тетігін табатын, кемнің кетігін жабатын кәсіпкер. Өзінің қолынан іс келетініне сенбесе, аумалы-төкпелі нарық кезеңінде берекесіздікке ұшырап тоқырап-тоқтап қалған кәсілорынды жұмыс істетемін деп күлшынбас еді ғой. «Сен тимесен, мен тимен бадырақ көз» деп тағынан түспей жүре бермей ме.

Сейілханды бірауық қиял жетегіне ілеңтіріп, алға ұмтылдырған жастық жалын алауы, бойдағы бұла күш, ойдағы асқарлы асқақ арман, өзі мұрат тұтқан мақсатты меже. Қажырлы, іскер азамат «Көз қорқақ, қол батыр» деген мәтелді «Көз - көреген, қол - береген» деп үқты. Әрине, төрт қабырғасы қалқайып қаңырап тұрған зауытты іске қосу да оңайлыққа түспесі анық. Көп ізденіс қажет. Сейілхан әр іске сергектікпен қарап, не істеу керек, қандай құрал-жабдық алу тиімді, оған жұмсалатын қаржы көзі қандай, әрі қол ұшын ұсынатын кім.? Осы жайлы бизнес-жоспар жасалынды. Кәсіпорында ұн өндіретін, кеспе өнімдерін жасайтын технологиялық жабдықтар орнатуға кәсіпкерлер шақырылып, тендер жарияланды. Тәуір идеяның жүзеге асуы тікелей қаржыға да қатысты. Осыған орай, өткен жылы аудан экономикасын

сауықтыруға инвесторлар тартудан түскен жалпы көлемі 146,2 миллион теңгенің 26 миллионы «Құнарлыжем – Астық» акционерлік қоғамына бөлінді. Тендерде индиялық мамандардың мерейі үстем шықты. Олар алғашқыда іске білек сыбана кірісіп, жаңа жабдықтарды құрастыра бастады. Бірақ тендер жеңімпаздары біліктіліктері төмен бе, әлде селқостау болды ма, жабдықтау-құрастыру жұмысын сылбыр жүргізді. Кәсіпорынды іске қосу мерзімі ай асып кеткеніне қарамастан, асығыстық танытпады. Содан кейін келісім-шарт қайта қаралып, индиялықтарды еліне қайтаруға тура келді. Қалған жұмысты бітіруді үштөбелік мамандар қолға алып, іске құлшына кірісті. Жергілікті мамандарды менсінбеу бекершілік екен. Құнтүн демей еңбек еткен Игілік Әмірен, Шынар Жақыпбекова, Сайлау Толғанбаев және басқа мамандар біліктіліктерін танытып, цехтағы жаңа жабдықтарды құрастыруды аз күн ішінде аяқтап, өндірістік жүйелердің бәрін іске қосып берді. Сөйтіп тұтынушылар талабына сай келетін тәулігіне үш түрлі сортты 100 тонна үн тартатын өнімділігі жоғары қуатты диірмен және сағатына 100 килограмм әртүрлі макарон өнімдерін шығаратын итальяндық техникалармен жасақталып-жабдықталған жаңа цех жүйесі іске қосылды<sup>6</sup>. Бұл өткен жылдың тамыз айы еді. Содан бері өндіріс жүрегі тоқтаусыз соғып, шашасына шаң тигізбей жұмыс істеп тұр.

Біз шымыр денелі, ширак қымылды жігіт ағасы Сейілхан Базархановқа әңгіме үстінде:

- Алғашқы аяқ алыстарыңыз қалай, қындықтардың кейінге қарай ығысатын түрі бар ма? - деген сауалымызға еш мұдірместен әрі қағаздарын аударып-төңкеріп көрсеткіштерді іздемей-ақ:

- Былтыр тамыздан бастап төрт ай жұмыс істеп едік, - деді ол, - жылды табысты қорытындыладық. Атап айтқанда, жалпы мөлшері 66 миллион теңге құрайтын 3512 тонна үн тартылды. Макарон түрлерін шығаратын жүйе 59 тонна өнім өндіріп, екі миллион кіріс әкелді. Мұның сыртында алты мыңнан астам бидай әзірленіп, қамбаға

қүйилды. Оның 4800 тоннасы өндөлді. Жалпы алғанда өткен жылы кәсіпорын межелеген нысана бойынша өнім өндіру көрсеткіші 16 есе өсті.

Табыс аз ба, көп пе, өздеріңіз саралаңыздар. Ал жаңа мыңжылдықтағы міндет те жоғары болмағы мәлім. Қазір барлық цех толық қуатында жұмыс істеп, өнім өндіру үстінде. Ең бастысы - ойлаған мақсатымызға жететіндігімізге, ягни жұмсаған шығын өз кайтарымын» өтеп, пайдаға шығып, мәндайдан төгілген тердің мәуелі жемісін беретіндігіне сенім негізі нық қаланған тәрізді. Біз соған қуанамыз.

Жаңа технологиямен жабдықталған макарон өнімдерін шығаратын үш жүйе жұмыс істейді. Біріншісі итальяндық жүйе, сағатына 100 килограмм, екінші жүйе немістікі, ол сағатына 60 килограмм, үшіншісі ресейлік жүйе, одан сағатына 60 килограмм, үш жүйе бойынша сағатына 220 килограмм өнім, ал тәулігіне 5280 килограмм бес түрлі макарон өнімдері шығарылады. Цех тәулік бойы төрт ауысыммен жұмыс істейді. Эрауысымда төрт адам, барлығы 24 адам еңбек етеді. Ал үн зауытындағы диірмен қуаты тәулігіне үш түрлі сортты 100 тонна үн тартады. Оның 45 пайызы жоғары сортты, 20 пайызы бірінші сортты, 10 пайызы бидай жармасы. Былайша диірменге салынған бидайдың 75 пайызы таза өнім береді. Бұл өнім өндірудегі ең жақсы көрсеткіш, сапа жағынан онды нәтиже.

Осы әңгімeden кейін өндіріс басшысы кәсіпорынның цехтарын, қуатты диірмен қондырғысын көзben көріп, аралап шығуға ұсыныс жасады. Кәсіпорынды аралауға бет алғанымызда жол-жөнекей бір қабатты үйдің есігін ашып:

— Осы үйге қуаты 120 меговаттық электр жарығын беретін кондырғы қойдық. Себебі соңғы кезде орталықтан берілетін электр жарығы бірде бар, бірде жоқ. Ал бізге жұмыс процесін тоқтатуға болмайды. Электр жарығы өше қалса, бір-екі минут ішінде барлық жүйе өз қондырғымыз арқылы берілетін электр жарығына

қосылады. Агрегаттар сақадай-сай әзірлікте. Тұрақты кезекші бар. Бәрін бақылап отырады. Электр жарығының бірқалыпты берілуін бақылайтын да сол кезекші.

Төрт қабатты ғимаратты қамтып жатқан қуатты диірмен құрылышының өзі бір керемет. Шимай-шатпак құбырлар, бірі тәмен, бірі жоғарыға қарай жылжып жатқан жүйелерді қайсысының қайда кетіл жатқанын ажыратуда қын. Ал кәнігі мамандар оның әрбір тармағының бір қалыпты жұмыс істеуін, ырғағының бұзылмауын жіті бақылап, көз жазбай қадағалап отыр.

- Қаратал өнірінде, Жетісудың басқа аймақтарында бидай өсірушілердің өндірген өнімі сіздерді толық қанағатғандыра ала ма? - деген сауалға Сейілхан Базарханұлы:

- Бұрындары Талдықорған аймағында өсірілетін бидай өнімі біздің сұранысымызды толық қамтамасыз етер еді. Соңғы кезде бейқамдық па, салғырттық па, тоқшылық салдары ма, суғармалы жер бола тұра, бидай егістігінің көлемі кеміді. Еккені мандырымды түсім алмайды, екпегені болса да жүрдай.

Жалпы алғанда Жетісу егістігінен қазіргі кезде жиналатын бидай өнімі біз үшін мандырымсыз. Сол себепті де біз астықты аймақтармен ынтымақты байланысқа шығып, Көкшетаудың «Голден-Грейн» компаниясымен шарт жасастық. Олар бізге төрт мың тонна сапалы бидай беруге келісті. «Корпорация Достар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің президенті Александр Владимирович Ким мырза келісім бойынша бізге 35 мың тонна бидай сатпақшы. «Ердің екі сөйлегені өлгені» демей ме. Бізben өзара ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс. істеушілер арасында түсінбеушіліктің болуы мүмкін емес. Сертіміз серт болуы тиіс.

- Қазір үн тартушылар көбейді. Әр шаруашылықта диірмен бар. Өнімді өткізетін тұтынушылар таппай қиналып, іркіліске ұшырап қалмайсыздар ма? - деген сұраққа Сейілхан еш қиналыстық танытқан жоқ. Жайбаракат жайдары жауап берді.

- Диірменнің көбі рас. Бірақ сапасы әртүрлі, - деді ол.

- Шаруашылықтардағы қаптаған диірмендер бидайды ұнға айналдырудың технологиясын толық сақтай бермейді. Содан барып ұн сапасыздыққа ұшырайды. Нанға илесе, көмпиіп піспейді, қамыр жайса, езіліп кетеді. Бірі қоңырқай, бірі қара, бірі кебекті болып, көнілден шықпай жатады. Ал біздегі диірменде тартылған ұн стандарт талабына толық жауап береді. Соңдығы болар, ұнға деген сұраныс күн сайын көбейіп келеді. Біз бұған дейін Жетісу төңірегіндегі тұтынушылардың сұранысын өтеген болсақ, қазір Қызылорда, Павлодар облыстары, Өзбекстан мен Ресей экономикалық қарым-қатынас жасау арқылы ұн алуға тапсырыстар беріп, оның орындалуын өтініп отыр. Өзіміз оңтүстік астана – Алматы қаласыңға «Ақсай-Нан» акционерлік қоғамымен тұрақты ұн беріп тұруға келіссөз жүргізу деміз. Біз өндіретін ұн сапасы ақсайлықтардың технологиялық талаптарына жарамды болса, онда олар тұрақты тұтынушыға айналып, сенімді серіктес болмақ. Бәрі сапаға байланысты. Жеке адамның өзі сапалықты қалайды. Оған жауап беру бізге парыз. Алдағы уақытта өнім түрлері көбейеді, тұтынушылар шенбері кеңейеді деген үміттеміз.

Кәсіпорында жұмысты кідіріссіз жүргізудің алғы шарттары толық жасалған. Бидайды вагоннан, қораптары ұзын автокөліктерден түсіру жұмыстары автоматтандырылған. Бидайды жан-жақты өндеуден өткізу үшін өндірістік база құрылған. Бидайды тазалау, өндеу және ұнтақтау технологиясы Жетісу өнірінде, сондай-ақ республикамыздың солтүстік және орталық аудандарынан әкелінетін астықты өндеуге лайықталаған бейімделген. Демек өнім қабылдау, оны өндеу мүмкіндіктері толық қарастырылған. Дайын өнімдерді сақтайтын қойманың сыйымдылығы 500 тонна ұн екен, онда қазір 800 тонна ұн қойылған. Тартылған ұнды технология талабы бойынша он күн бір орнында сақтап, содан кейін басқа қоймаға ауыстырады екен. Бір

қоймадан екінші қоймаға ауыстыру үшін жұк машинасына қап-қап ұн тиеп жатқан жігіттердің жылпың қимылы кімді болса да сүйсінгендей.

Акционерлік қоғамның ұн өндіретін, макарон өнімдерінің түрлерін шығаратын цехтарында сайдың тасындағада адамдар іріктелген. Солардың бірі Игорь Габидуллин. Ол бас технолог. Семейдегі ұн комбинатынан арнайы шақырылған. Пәтер берілген. Өз ісін жетік меңгерген маман. Ауысым шебері Шымхар Назарбаев, жұмысшылар Ж. Әбдірахманов, Е. Жұмабаев, Л. Тамарова және басқалар нарықтық қатынас тұындаған талаптарға сай іс-қимыл жасап, еңбек өнімділігін арттырып, өндірісті ілгері бастыру үшін күш-қайратын іркіліссіз жұмсап жүрген азсал жандар.

Қазіргі нарықтық экономиканың талабы айқын. Іскерлікті, нақты есеп-қисапты, қарыздар болып қалмауды, бережак борышты көбейтпеуді талап етеді. Бас директор Сейілхан бұл жағын да қатаң бақылауға алған.

Ең әуелі бюджет алдындағы салық пен өтемдерді толық төлеуді қадағалайды. Сол себепті де бюджетке де, электр жарығы үшін де, басқа да төлемдерге қарыздар емес. Тиісті өтемдер ай сайын толық өтелініп отырады. Оның үстінен әлеуметтік мәселелер де назардан тыс қалмайды. Табысы күнделікті тұрмысына жетіспейтін адамдарға, зейнеткерлерге, балалар үйіне, мүгедектер мен сырқаттарға азды-көпті мөлшерде материалдық және қаржылай қайырымдылық көмек көрсетіп отыру дағдылы іске айналып келеді десе болғандай.

Акционерлік қоғамда, оның өндірістік кәсіпорындарында еңбек көрігінің қыза тұскеніне, табыс көзі телегей теңіздей шалқи бастағанына куәгер болғандаймыз. Ал алда тұрған міндетте, атқарылар іс те қазіргіден әлдеқайда ауқымды. Бірінші кезекте тәулігіне 60 тонна Қаратал күрішін тазалап, өндейтін зауыт салынбақшы. Оған «Каспий-Банк» ашық акционерлік қоғамы құлшыныс танытып, ынтымақтастық келісіммен

жұмыс істеуге уағдаласып, 250 мың АҚШ долларын бөлуге уәделескен. Сонымен бірге бидай, күріш өсіретін, шаруашылықтардың науқандық жұмыстарды, көктемгі жер жырту, тұқым себу, егістікті күтіп-баптау жұмыстарын агротехникалық мерзімде кідіріссіз жүргізу үшін 10 мың тонна жағар-жанар майды алдынала беруге, кейіннен өтеуіне астық өнімдерін алуға уағдаласып, келісім-шарт жасасып отыр. Нан пісіретін зауыт ашу да күн тәртібінде тұрған мәселе. Жаңа жұмыс орны ашылса жұмыссыз жүрген адамдардың бірсыптырасы еңбекпен қамтылатыны анық.

Міне, іскер кәсіпкер, білікті де білгір маман Сейілхан Базарханұлы басқарған «Құнарлыжем-Астық» акционерлік қоғамының алғашқы аяқ алысы осындай. Болашағынан күтетін үміт те үлкен. Қыруар шаруаның қындығын женудің ретін тапқан, өндірістің басықасында болып, барлық ісін онды өзгеріске бұра бастаған білікті басшыбарда істің ілгеріге іркіліссіз жылжи беретіндігіне, ырыс қазанын ортайтпас табысы тасып, беделі асып мейманасының асқақтап, жолы онғарылып, мәртебесінің биіктей түсетіндігіне сенім де мол. Лайым солай болғай.

Сейілхан Базарханов кейінгі жылдары Үштөбедегі «Айдын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне ауысты. Мұнда да шаруа женіл бола қойған жоқ. Қордаланып қалған көптеген қындықтарды жеңуге тура келді. Басшысы тұрақтамай, бір қолдан екінші қолға көшкен сұт зауытының берекесі қашқан. Еңбек өнімділігі тәмен. Өнім түрлері аз. Қарыз шаш-етектен. Сейілхан алғашқы күннен осындай олқылықтардың орын алу себептерін саралап, нешеме жылдардан бері төленбей созылып келе жатқан қарыз-құрыздардан арылтып, тазартуға ден қойды. Жанжақтан жиналып әкелінетін сұт мөлшерін көбейтудің жолдарын іздестірді. Бұл істе өзінің үйымдастыруышылық қабілетіне сенім артты. Қажыр-қайратын жұмсады. Жұмыс істейтін адамдарға талапты күшейтіп, жауапкершіліктерін арттырады. Күн тәртібінде тұрған

мәселелерді нақтылап, сөзді қысқартып, тікелей пайдалы еңбекпен шүғылдануға баса назар аударды.

Жаңа басшының қатаң талап қойып, оның орындалуын жіті бақылауы алғашқыда еркіндікке бой үйретіп қалғандарға ұнамады. Бірақ Сейілхан Базарханов ешкімді сілкіліп, зекіп-жәберлемей-ақ, жайды сабырмен түсіндіріп, зандалық талап бойынша жұмыс істеу керектігін алға тартты. Міндетті ұғындырыды. Босандыққа үйренгендер ширай бастады. Тәртіп орнықты. Сүт өнімдерін көбейту мүмкіндігі қарастырылды. Жаңадан сауын сиыр табынын ұйымдастыру қолға алынып, қора-жай салынды. Жұмыс реттелінген соң сүт те, одан шығарылатын өнім түрлері де көбейді. Қазір сүт зауыты бойынша жиырмадан астам сүт өнімдері өндіріледі. Кәсіпорын табысы көбейіп, жұмысшылардың тұрмыстық жағдайы оңалды. Мұның бәрі қай істе болсын белсенділік танытатын, Сейілханның іскерлігінің нәтижесі. Қажырлы еңбегінің жемісі. Білікті басшының елге деген құт-берекесі сарқылмастай жалғасып жатуы қуантады.

## ҚУАНЫШ

Дүниеге жаңа келген сәбиге азан шақырып, ат қоюдың да үлкен мәні бар. Үримшылдық рухы-мен нәрленген қазақ жаңа туған бала атын да алдан күтер жақсылықты мен-зеп, бір Алла соған жет-кізе гөр деген ниетпен қоятыны және мәлім. Тіршілігі тәубесіне жа-райтын қарапайым отбасының бірі ерлі-зайыпты Беке мен Қораба ананың үйінде дүниеге алтыншы сәби келген кез Ұлы Отан соғысының зардабы мен тауқыметін тартып жатқан шақ еді. Жаңа туған нәрестеге есім беру рәсімінде сол бір сұрапыл соғыстан азаматтар елге аман оралып, қайғы шерін сейілтейікші, әuletі мен елін қуандырып, аман-есен жүрсінші деген ниетпен сәби есімін Қуаныш қойған еді. Сол Қуаныш әке-шеше үмітін ақтап, қоғамға қажырлы еңбекімен қомақты үлес қосқан адамгершілік қасиетін тектілік тәрбиенің үлгісіне ұластыра білген азамат ретінде ел-жүртіна танымал тұлғаға айнала білді.

Сәби Қуаныштың шілдехана тойы өтісімен әкесі Беке Ұлы Отан соғысына аттанады. Бірақ майданға қатыспайды. Бірден Новосибирск қаласындағы еңбек армиясына жіберіліп, осындағы қару-жарак шығаратын



зауытқа жұмысшы болып қабылданып, онда 1947 жылға дейін еңбек етеді. Елге аман-есен оралған соң Басши ауылына қоныс теуіп, үй салады. Бала Қуаныштың болашакта құрылышты мамандығын қалауына осы үйді салу үлкен әсер еткен секілді. Ол бала болса да, әкесінен қалыспай, өз әл-дәрмені жеткенше қолғабыс бергенсіп, томпандалап жүретін. Еңбек жолын алтыншы сыныптан бастады. Жазғы демалыс кезінде қос ат шегілген арба айдады. Совхоздың шөп шабу науқанына қатысып, пішен жинасты. Он үш жасар балаға күні бойы маяға шөп көтеру де онайға соқпады. Арбада келе жатып, екі иығы салбырап ауырып, таңғы бесте тұрғанда, саусақтары барбиып ісіп, жұмуға келмеуші еді. Бірақ намысына тырысып, оқу басталғанша жұмыстан қалмайтын. Он жылдық мектепті бітіргеннен кейін, көзі үйренген кәсіп – құрылыш салуға ынтасы ауды ма, әлде қол қусырып қарап жүруге әдеттенбегендіктен бе, балағымен көше шаңын сыпрыып сенделгендерге ілеспей, бірден құрылыш жұмысына шығып, еңбек жолын бастады. Ол кезде «Басши» совхозында құрылыштың көнінен қанат жайып, қызу жүргізіліп жатқан тұсы-тұғын. Дене бітімі кішкене, қабырғасынан күн көрінетін бұла жас Қуанышты көрген құрылыш бригадирі Тұрлыбек: «Сен ауыр жұмысқа жарамайсың. Құрылыш қабырғасы көтерілген соң кірпішті жоғарыға әпере алмайсың ғой, қарағым», - деп қайтарып жібереді. Тік мінезді әрі өжеттігі болар, құрылыш басшысына барып, жұмыс беруін сұрайды. Ол бөренелерді тіліп, тақтай кесетін цехқа жібереді. Мұнда да жұмыс ауыр. Шенбері қырық-елу сантиметр бөренелерді дөңгелетіп, арбаға тиеп, тақтай тілетін араға жеткізеді. Тілінген тақтайларды шығарып, текшелеп жинайды. Осылайша, дамыл таппай сегіз сағат жұмыс істейді. Шаршап-шалдығып жеткендегі үйі жер кене. Оны көріп көңілі жабырқайды. Соғыс жылдарындағы қыншылықтан қажыған әкесі жүдеу, қарт сияқты көрінетін. Ауыр жұмысқа қайырымы аз. Үлкен бауыры Рақыш Алматыда оқиды. Медициналық институтта студент. Үйдегі іске жаары Қуаныш қана. Әкесінің жабырқау көңілін көтеріп, тұрғын салып, әкешешемді қуантсам-ау деген арман ойынан шықпайды.

Осы мақсат-мұратын іске асыру үшін әкесіне келіп: «Мен биыл Алматыға, оқуға бармаймын. Сіздер тұратын еңселі үй салып беремін», - дейді. Оған әкесі: «Балам, қатарыңнан қалма. Оқуға бар. Білім ал. Бір мамандық игер», - деген. Бірақ бірбеткейлігінен қайтпайтын Қуаныш құрылыста жұмыс істеуді қалады. Бөренені тақтай етіп тілетін құрылыс цехында үш жыл істеді. Ара-арасында тұрғын үйлер, асхана және басқа ғимараттар салуға қатысты. Қуаныштың қолтаңбасы қалған қой қырқатын қосын, қой қоралар мен баздар әлі күнге дейін жұмыс істеп, шаруашылық кәдесіне жарап тұр.

Құрылыста істей жүріп, өзінің негізгі арманы жеке үй салуға дайындықты қолға алады. Үй іргесін құятын тас әзірледі. Құм түсірді. Ерітіндін құятын тақтайлар тапты. Сөйтіп 1961 жылғы наурыз айынан бастап, үй іргесін құймақшы болды. Жер тоң. Балтамен шапқылап тоңды ойып, іргетас құятын шұңқыр қазды. Кірпіш қалыптарын тауып, лай езді. Кірпіш құйып жүріп 12 сәуірде ғарышқа алғаш рет адам ұшқанын, оның Юрий Гагарин екенін естігені әлі күнге есінде.

Қуаныш тырбанып, тынбай еңбек ете жүріп, наурыз айында бастаған тұрғын үй құрылысын қарашада салып бітіреді. Бұған әке-шешесі қуаныш, баласының еті тірілігіне іштей сүйсінген-ді. Жаңа үйдің және бір жақсылығы – алғаш қоныс тойында ағасы Рақыш үйленіп, қалындығы Неляның жаңа үй табалдырығын келін болып аттағандығының өзі бір ғанибетке балаған.

Үш жыл құрылыста істеген соң, осы кәсіпті ұнатып, мамандықты терең меңгеру мақсатында Жамбыл қаласындағы гидротехникалық институтына құжаттарын тапсырды.

Жолы болып, емтихан сынактарынан сүрінбей өтіп, студенттер қатарына ілігеді.

Жоғары оқу орнына түсіп, студент атанғанымен күнкөрістің қамын естен шығармайтын. Өзі сияқты еңбекқор балаларға қосылып, қаладағы теміржол стансасына барып, қолайлы жұмыс іздейді. Вагоннан көмір түсіреді. Көбінесе тұнгі ауысымға шығады.

Бірінші курсты бітіріп, екінші курсқа көшкеннен кейін қаланың жылыту орталықтарына барып отжағушы болып

екі жыл істейді. Күндіз сабағын әзірлейді де, тұнгі ауысымға шығады. Ара-арасында теміржол стансасына барып, вагоннан көмір түсіріседі. Бір вагондағы 60 тонна көмірді түсіріп, рельстен бір метр жерге лақтырады. Сол еңбегі үшін алатыны 23 сом. Тақтайларды түсіру құны тәуірлеу. Бір вагон ағашты түсіріп, жинағаны үшін 60 сом алады. Тапқан тын-тебенін күнделікті тамағына, жолына жұмсайды. Артық қалғанын жинастырып, киім-кешегін бүтіндейді. Қанша қиналғанымен табысы бар. Азды-көпті тын-тебен тапқан соң, тапшылық тауқыметін тартпайды. Бұл кәсіпті оқу бітіргенше жалғастырады.

Жатақхананың бір бөлмесінде тұратын үш-төрт жігіттің ауызбірлігі мықты, ынтымағы жарасқан жандар. Бір-бірімен «иша-ай» десіп, реніш білдірген емес. Түгелдей бірлікшіл. Қалта қағылып, тын-тебен таусыла бастаса, жұптасып стансаға барып, вагон жүгін түсіріп, пұл тауып қайтады. Ішім-жемге жетіп артылады.

Уысына түскен пұлдан іркіп, ауылына баратын жолақысын жинайды. Артылып жатса үйіне әкеліп, керек-жарағын сатып алуға жұмсайды. Үйге келгеннен кейін де тынығып мандытпайды. Шешесіне қолғабыс береді. Азын-аулак тұяғына пішен дайындауға кірісіп, бір жерге маялайды. Қора-қопсыны жөндеп, ашық-шашық жатқандарын реттеп жинастырады. Отын-суын әкеп береді. Тындырымды атқарған ісіне шешесі риза. Анасына жәрдемдескеніне өзінің көңілі тоқ.

Білек қары еңбекпен шымырланып шираған Қуаныш спортты да сүйетін. Топтың күрескері. Қарсыласын алғып та, шалып та жығады. Шеберленіп, айла-тәсілін менгерген күрескер жігіт облыстық жарыстарға да әлденеше рет қатысып, алдыңғы қатардағылар тізіміне ілігіп жүргенін өзіне мәртебе санайтын. Осы бір дене шынықтыру кәсібін өмірлік серік еткен Қуаныш әрқашанда қунақы жүреді. Ойы да, бойы да сергек.

Жоғары білімді құрылышы-инженер маман ретінде еңбек жолын 1968 жылғы тамыз айында бастайды. Ол кезде жоғары оқу орнын бітіргендер тек жолдамамен белгілі жерге жіберілетін. Қуаныштың жұмыс жолдамасы Нарынқол ауданы еді. Оған барғысы келмей, елге беделді, абырайлы азаматтар қатарында жүрген Рахат,

Рақыш, Хамит сынды ағаларының араласуымен туғантыстары қоныс төпкен Жаркентте қалуға рұқсат алады. Жамбыл атындағы колхозға құрылысшы-инженер мамандығы бойынша жұмысқа орналасады. Шаруашылықта 320 бала оқитын мектеп ғимараты салынып жатыр екен, бірден қызу еңбекке араласып кетеді.

Қуаныш үлкен құрылыстарда істесем, басшы болсам деп армандайтын іштей. Сол ойымен үлкен ұжым – ауылқұрылысы мекемесінің бастығы И. Риқунға барады:

- Мен жоғары білімді құрылысшымын. Бір жылдық тәжірибем бар. Мекеменізге жұмысқа алыңыз, - деп өтінеді. Бастық: - Сендей құрылысшы-инженер кімге таңсық. Саған қайдағы жұмыс, - деп кейкиеді. - Еңдеше бір бригадаға жұмысшы ретінде қабылдауыңызды өтінемін, - дейді Қуаныш қайсарлық мінез көрсетіп. Бастық жассынып, менсінбей ме, әйтеуір келіспейді. Табалдырықтан сыртқа қарай аттай бере: - Бәрібір түбінде сенің орынтағында мен отыратын боламын. Соны мақсат етемін. Оған адал еңбегіммен жетемін, - деп өзін қайрап, жігерленіп шығады.

Көп кешікпей құрылыс мекемесіне жұмысқа қабылданады. Тапсырылған жұмысты тындырымды атқаратындығымен танылып, беделі көтеріледі. Бірде жас маманды Панфилов аудандық партия комитетінің үйымдастыру бөлімінің менгерушісі Шафхат Жамалдинов шақыртып алып: - Сені аудандық партия комитетінің шешімі бойынша Еңбек Қызыл Ту орденді Киров атындағы колхозына құрылыс-инженері болып барасың, - дейді. Ол кезде партия айтты болды, келіспеу дегенге жол берілмейді. «Жарайдыдан» басқа сөз жоқ. Колхоз бастығы Ұбырайымжан Қожахметов іске қабілетті, үйымдастырушылығы жоғары, талап қоюшылығы қатал адам екенін жақсы білетін Қуаныш іске құлшына кіріседі.

Осылайша сәтті басталған қызмет өрісі бірте-бірте кеңейіп, беделі де биіктеп, білгір әрі іскер маман ретінде лауазымды басшылар қатарына ілікті. Қызмет баспалдағы да жоғарыға қарай өрледі. Колхоздан кейін 28 жасында 1971 жылы Панфилов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Шаймұқан Сапиев шақырып

алып, Панфилов жылжымалы-механикаландырылған колоннасына бастық етіп тағайындаиды. Бұл осыдан бір жарым жыл бұрын өзін жұмысқа алмаған мекеме еді. Енді оған өзі бастық болып, билікті қолға алады. Бұдан соң да бірнеше құрылыш мекемелерінің тізгінін үстап, алға қойған міндеттерді абырайлы атқарды. Ұйымдастырушылық қабілетін көрсетіп, адамдармен жұмыс істеуде әр жүрекке жол таба біletіндігімен ерекшеленген Қуаныш Бекеұлы 1983-1989 жылдары Талдықорған қаласы атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып істеп, қаланың көркеюіне үлес қосады. Бұдан кейін Талдықорған облыстық әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары міндеттерін абыраймен атқарады.

Талдықорған қалалық құрылыш материалдары бірлестігінің бас директоры болып істеген кезінде қаланы көркейтіп, сәнді ғимараттар салғаны қазіргілердің көз алдында. Қосқан үлесі қомакты. Көргеннің көзі тояды. Көрмегендер сырттай қызығатын дәрежеге жеткенін әркім мақтан ететін.

## ҚҰЛШЫНЫС ПЕН ҰМТЫЛЫС

*Талаптың мініп тұлпарын,  
Тас қияға өрледі.*

**Абай.**

Қуаныш Бекеұлы бұрынғы Талдықорған облысы әкімінің бірінші орынбасары болып істеп жүрген кезі. Бір күні күтпеген жерден ел арасына мынандай сөз тарады.

-Ей, естідің бе, Қуаныш басқа жұмысқа ауысыпты?

-Қайда?

-Талдықорғандағы насос зауыты салынып жатыр еken ғой, соған.

-Лауазымды қызметін тастанап, осы зауытқа барып па? Онысы несі еken?

-Бұтін дүние бөлшектеніп, бар мұлік талан-таражға салынып, қалқайғаны қиратылып жатқан кезде жаңа зауытты саламын, іске қосамын дегеніне не жорық?!

-Бәсе, деймін-ау. Нарықтық кезеңдегі тапшылық тақсыретімен тәлтіректеген тұста қаржыны кім бере

қояды дейсің оған.

-Құрылыстың қыр-сырын білетін кәнігі кәсіби мамандығы бар адам ғой. Әртүрлі көрнекі ғимараттарды тұрғызған. Беделді жерлерде істеген. Өмірден түйгені де, тәжірибесі де тәуір. Он екіде бір нұсқасы жоқ зауытты салуға бел байлад, тәуекелге баруының да өзіндік қыр-сыры, көздегені мен діттегені бар шығар.

-Солайы, солай-ау. Дегенмен көп тәтпіштеп-тергештеп қайтеміз. Көніл көзі көреген, іскерлігімен танылған құрылысшыға қындық кедергі бола қоймас. «Іздеген жетер мұратқа» демекші, ойға алғаның орындаитындығына сенімі де нық болғасын зауытқа барған шығар.

Осындай әрқылды тұспалдаған тұжырымдар айтылып жатты. Оған Куаныш құлақ тұргенімен, алған бетінен қайтпауға бекем бекінген-ді.

Әркімде өзіндік мақсат-мұдде бар. Өмірge сол жетелейді. Жұрт айтқандай, Куаныш та жоғары лауазымды мемлекеттік қызметте істеп жүре берсе де болар еді. Тұртпектеуден тыныш-тұғын. Жел сөзге ілікпес те еді. Бірақ ол жаңа жұмысқа – тереңнен су шығаратын қондырғылар жасайтын зауыт құрылысын жүргізуге ауысар шакта ойланды да. Көкейінде бір үміт, бір құдік тайталасып тұрғаны да анық-тын. Үміт үзілсе, үңжырғасы түседі, жібек жіптері жалғасып жетелеп кетсе, сенімнен шығады. Үркер жұлдызы тәбесінде жарқырары хак. Құдік көбесі сөгілмесе, кежегесі кейін тартуы кәдік. Істің кетеуін кетірмейтін күш-жігер. Намыс оты, жүрек әмірі. Бұлар барда құдік те күпірленеді. Үміт үкіленеді. Арман асқарына, мұрат мұзартына өрлеуі қажет. Өзі үшін емес, елі үшін тер төгу – перзенттік парыз. Қабілет қарымын көрсетер шағы да осы тұс. Жұмыс істей алатындығын, үйымдастыру қабілетін дәлелдеуге тиісті:

Өзіне өзі үлкен сенім жүктеген Куаныш бар салмақты қайыспай көтеруге бекінді. Туған жердіңabyroyын асқақтататын – азаматы. Қайсаrlық танытып, жақсы бастамаға үйітқы болса, соңынан жүрттың ерері де хак. Куаныштың нартәуекелге бел буының ең негізгі себебі де осында.

Куаныштың қорытынды тұжырымы осылайша көкейге қорғасындағы құйылды. Оған негізгі себеп Талдықорған

қаласына тағы бір металл өндейтін зауыт тұрғызыу еді. Құрылыс ғимараттарын салудан біршама тәжірибесі бар Қуаныш Бекеұлы білімді, білікті кәсіби маман екендігін осы ірі құрылыстарды салу кезінде дәлелдеген. Жамбылдағы жоғары оқу орынын бітіріп, алғаш еңбек жолын бастаған Алтынемел баурайының онтүстігіндегі Басши ауылында, одан кейін Жаркент жерінде жаңа жобалы аудандық Мәдениет үйін, қазіргі әкімшілік ғимаратын, сондай-ақ мектептер мен ауруханалар және көптеген тұрғын үйлер салуға тікелей араласты. Одан кейін Талдықорған қаласына қызмет бабымен ауысып, мұнда да жаңа қырынан таныла білді. Іргелі құрылыс мекемесін басқарды. Осы ұжым құрылысшылары салған қаланың батыс жағындағы Қаратал өзенінің қойнауына таман қоныс тепкен облыстық туберкулез ауруларын емдейтін диспансердің жаңа жобалы кешенінің өзі үлкен бір қалашық. Еңсесі биік тұрмыстық қажеттерді өтеу комбинаты, бүгінгі ішкі істер департаментінің орналасқан үйі, автоматты телефон стансасы, байланыс үйі, қан құю емханасы, өрт сөндіру депосы, қазіргі жұмыс істеп тұрған фин моншасы және басқа нысандар осы Қуаныш Бекеұлының тікелей басқаруымен әрі етene араласуымен салынған іргесі берік, сәулетті де еңселі ғимараттар.

Талдықорған қалалық атқару комитетінің бірінші орынбасары болып істеген жеті жылда да құрылыстан бір сәтке де қол үзген жоқ. Керісінше, көп қатарлы тұрғын үйлер құрылсын тездетіп салуға басшылық тарапынан жіті қадағалау жасап, үйымдастыру жұмысының үткыр жүргізуін бақылады. Сөйтіп жүріп лауазымды қызметі Талдықорған облысы әкімінің бірінші орынбасарлығына жоғарылады. Мұнда да құрылыс жұмысымен тығыз байланыс жасады. Қуаныш қаланың әрі облыс басшыларының бірі болып істеген кездерде Талдықорған қаласында жаңа тұрғын үйлер көптеп сал туздеді. Іргелі өндірістік нысандар бой көтерді. Қазіргі қаладағы «Самал», «Ғарышкер», «Юбилейный» шағын аудандарындағы әрбір құрылыста Қуаныш Бекеұлының айшықты өзіндік қолтаңбасы бар.

Енді міне, жүргегінің әмірімен өз еркімен басталған құрылысы жүрмей, тығырыққа тіреліп тұрған

Талдықорғандағы салынып жатқан тереңнен су шығаратын насос қондырғылары зауытының құрылышын салуға тікелей араласып, істі қолға алуға бекініп отыр. Бұл 1994 жылғы қантар айының 14 жүлдөзы еді.

## ТАЗА СҰҒА ТАЛПЫНЫС

*Ерінбей еңбек етсөң, шыдалап егер,  
Тікен де гүлге айналып шыға келер.  
**САҒДИ,**  
Парсы ақыны.*

Қуаныштың ерте тұратын әдеті. Бұгін де сол дағдысынан жазбады. Оянысымен жуынып-шайынып алды да сыртқа шықты. Көкжиектен сығалай қараған алаулы таң нұры аппак қар басқан төніректі жаңа бір күміс шұғылалы сәулеге бөлеп, түрлендіре бастаған шақта зауытқа қарай бет түзеді. Шытымыр аязды ауада біршама серуендер, көңілді көтеріп, бойын сергітті. Жаңа жұмыс орнының ауласына кірген бетте әуелі зауыттың сыртқы алаңын аралап көруді ойға алды. Іштей төрт құбыласы түгел шығар деп ойлаған зауыттағы тіршілік көріністерін алғаш көргенде лепірген көңіліне секем түсіргендей тәрізденді. Көңілі кірпиязданып, кіділенгеніне қарамай сілкіне түсіп, қайраттанып, намысын жаныды. Сөйткенімен қай тұсқа қараса да шашылған станоктар, темір-терсек шаш етектен. Бей-берекеттік пен бейсауаттық басым. Қурелмеген қар. Мұздақ аралас қоқыр-соқыр үйінділері қалай болса солай ретсіз, бей-берекет жиналған, шашылған құрылыш материалдарынан аяқ алып жүргісіз. Құрал-жабдықтар да үйіліп-төгіліп, ашиқ-шашиқ жатыр. Қабырғасы қалқайған құрылыш алаңындағы еңбекке араласқан адамдар да некен-саяқ. Бейқамдық жайлаған, қымыл әрекет мардымсыз. Мұндай көңілсіз көріністерді көріп, мұнда ең әуелі тәртіп пен реттілік орнату қажеттігін ойға түйді.

Жайбарақаттық жайлаған зауыттың тыныс-тіршілігін ойлы көзбен байқаған Қуаныш құрылыштың атқарылар жұмысының қыруар екендігін бірден бағамдады. Шындығында солай еді. Зауыт өндірісі негізінен насос қондырғыларын шығаруға бағытталынған. Мұндай

қондырғылар шығару өмір талабынан туындалп отыр. Өйткені, ең таза су – жер астының терең қабатында шалқиды. Оны қай жағынан алсаңыз да, тазалығына, денсаулыққа зиянсыздығына кепілдік беруге болады. Күнделікті пайдаланып жүрген беті ашық сулардың тазалығы бүгінгі талапқа тольқ жауап берे алмайтыны мәлім. Тұрмыста жиі қолданатын ауыз судың еш қоспасыз мәлдір әрі таза болуының тигізер пайдасы да ерекше. Соған қарамастан ауыл шаруашылық дақылдарын суғаруға, күнделікті ішетін ауыз суға өз дәрежесінде көніл бөліне бермейді. Өзендердегі, бұлақтардағы, жылғалардағы, тоспалардағы сулардың беті ашық. Олар өзді-өзінен табиғи жағынан ластанып жатады. Жел соғуының, дауыл тұруының салдарынан ойдағы, қырдағы кір-қоқыстар да осы ашық су беттеріне түсетіндігі, оның араласып, езіліп, ластанып кететіндігі мәлім. Бұған қоса егістіктерден ағылатын су әртүрлі химикаттардың қоспасына айналған. Мұндай ластанған суларды ішуге пайдалану адам ағзасына, денсаулыққа елеулі түрде зиян екендігін тіпті кейбір кеселдерді өршітіп жіберетіні дәрігерлік тұжырымдамаларда да дәлелденген. Ел ішінде жиі кездесетін асқазан, ішек ауруларының таралуы осы ауыз су тазалығына тікелей қатысты. Ал еліміздің 80 пайызға жуық тұрғыны таза су пайдалануға мүмкіндігі жоқтар қатарына жатады. Мәселен, Астана, Екібастұз, Қызылорда қалаларының тұрғындары ауыз суды өзеннен ішеді. Шөлді және шөлейт аймақтарды қоныстанғандар, Ақтөбе, Маңғыстау, Жезқазған, Арқалық аймақтарындағылардың да таза суға зәрушілігі анғарылады. Шалғай жерлердегі ауыл тұрғындары күнделікті ауыз суды жылғадан, тоспадан, өзеннен, көлшіктен алады. Таза су ішуге мүмкіндіктері барлары бес-алты метр терендіктегі құдықтан тартылған суды қажетіне жаратады. Мұндай мүмкіндікті пайдаланушылардың саны да шамалы. Өйткені, жеке тұрғындарға құдық қазу, олардың бөлшектерін табу нарық кезінде қымбатқа түседі. Оның өзі үлкен қолбайлау. Былайша айтқанда, көптеген шалғай ауылдарда жер астынан шығарылған суды пайдалану, құдық қазу әдісі бар болғанымен, жаппай дамымай отыр. Осыған орай Алматы облысында «Құдық»

бағдарламасы жасалынған. Мұндағы мақсат ауылдық жерлерде, ағынды сүй жоқ аймақтарда тұрғындардың құдық қазу арқылы жер астының таза сүйн пайдалану мүмкіндігін қарастыру еді. Жетісу жерінің кез-келген аймағының жер астындағы сүй кем дегенде 4-5 метрден шығарылады. Тұрғындар да көбіне соны ішеді. Шындығына келсек, бұл да таза су емес. Нағыз таза су екінші қабаттан 14-16 метрден, одан әрі қарай шығады. Осындай шыныраудан ғана тартылған су таза деп есептелінеді.

Осыған орай таза судың көздерін іздестіруге талпыныс жасалынып, халықтың денсаулығын сактап, күнделікті тұтынатын ауыз сүйнің сапасын жақсарту мәселесі күнтәртібіне қойылды. Таза судың жер астынан шығатындығы, оны халық қажетіне жарату жағы ойластырылған шакта, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсыруы бойынша, Республикамыздың мемлекеттік аграрлық бағдарламасына сәйкес, 1991 жылы Талдықорған қаласында жер астының таза сүйн шығаратын қондырғы – насостар зауытының құрылышын салу үйғарылды. Көп кешікпей құрделі кешенді ғимараттың жобалық-қаржылық құжаттары жасалынды. Қуаныш облыс әкімшілігінің бірінші орынбасары болып қызмет істегендегі үйымдастырушылық тәжірибесін пайдалана отырып, зауыт құрылышы экономика министрлігі арқылы Республикадағы бірден-бір отандық өнім өндіруге бағытталған іргелі құрылыш тізіміне енгізілді. Осы көрнекі құрылыштың қызу басталар шағы Қуаныш Бекеұлының зауытқа алғаш басшылық жасау сәтімен тұспа-тұс келуінің өзі жұмысты ширак жүргізуге жауапкершілікті қүшайте тұсуге үмтүлдірді. Намыс жігерін жанып, қайратын еселей түсті.

## ІЗДЕНІС ИГІЛІГІ

*Тәтті сүйң дәмі аузымнан еш кетпес,  
Қалың нуың, қыр, сүйңа жер жетпес.  
Мағжан ЖҰМАБАЕВ.*

Зауыт құрылышын жүргізу онайға тұспегені аян. Үнемі ізденісті, тынбай еңбек етуді қажетсінді. Қуанышта бұған

қайсарлық пен табандылық таныта кірісті. Өзі де тапсырылған істі тыңдырмайынша тыным таппайтын жан еді. Не істесе де, тиянақты атқаруға жасынан дағдыланған. Әкеден тамыр алған еңбеккорлық пен іскерлік қабілет бойына молынан дарыған. Талап қоюшылығы да бірегей. Ала-құлалықты, біреудің ала жібін аттауды жат қылыш санаған. Өзгелерді өзімен тең үстайды. Ілікті іске ілеспейді. Кедір-бұдырдың тігісін жатқызып, қырын сындырып, жігін білдірмей жіберуге машық. Үлкенге ілтипат, кішіге кішіпейілділік танытуы да қанға сіңген қасиет. Көпшілікпен ортақ тіл табысып, әңгіменің онтайын келтіруге де икемді. Ол да жастайынан санасына сіңген дағды. Қабілеттілігі мен қарымдылығының қауқары да әлеуетті. Мұның бәрі еңбекке ерте араласу арқылы бойы үйренген ерекше үрдіс. Бала жастан бейнетқорлыққа кезігуі, күнделікті тіршілік қарекетін күйттеу дүрмегіне ілесуі, еңбекпен бұғанасы бекіп, қабырғасы қатайып, шынығып өсуі қайшаруаға болмасын бейім тұруына игі ықпал еткені кәміл шындық.

Зауыт құрылышын салуда да жанды жалдал, тісті қайрап жүріп маңдай терін төгіп, еңбек етуге тура келді. Істе ысылған, қындықта пысыған Қуаныш білімі мен тәжірибесін, күш-жігерін табандылықпен жұмсал, қайраттылық көрсетуінің нәтижесінде зауыт құрылышы екпінді еңбекпен сәтті басталды.

Зауыт өндірісінің құрылышы 1993-1994 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес экономиканы қайта жаңарту қоры есебінен Республикалық инвестициялық бағдарлама шеңберінде қаржыланды. Жалпы алғанда несие көздері келісімшартқа сәйкес 2089 мың АҚШ доллары бөлінді. Зауыт құрылышына бөлінген қаржыны толық игеру мақсатымен құрылыш жұмысы 1994 жылдан бастап Қуаныш Бекеұлының басқаруымен қызу қолға алынды. Қауырт қимыл кеңінен өрістетілді.

1994 – 1997 жылдары зауыт еліміздің ерекше көніл бөлетін басымдырақ құрылыштарының тізіміне ілігіп,

Республика Үкіметінің қаулылары бойынша қаржыландыру мәселесі шешілді. Зауыт құрылышына келісім-шарт бойынша «Эксимбанк-Казахстан» жабық акционерлік қоғамы тарапынан 2711089 АҚШ доллары мөлшерінде қаржы бөлінді. Осынау қыруар қаржының бір тиынына шашау шығармай, зауыт құрылышын салуға жұмсалынуын Қуаныш Бекеұлы күнбек-күн жіті бақылауға алды. Өзінің құрылышының мамандығын ұтымды пайдалана білді. Құрылышылар бригадасын ұйымдастырып, зауыт құрылышын өз күштерімен жүргізді. Соның нәтижесінде қаржы екі есе үнемделді және бөлінген қаржы бағдарламаға сәйкес өз мақсатына толық жұмсалынды. Құрылыш жұмысы мердігерліксіз жүргізіліп, қаржының тиімді игерілуіне ерекше көніл бөлінді.

Әр тиын уақытылы есепке алынып, ұқыпты жұмсалу жағы қатаң бақыланды. Соның нәтижесінде құрылыш толық аяқталды. Республика Үкіметінің мемлекеттік комиссиясы зауыт құрылышының біткенін көзben көріп, кешенді ғимарат нышанын пайдалануға қабылдап, іске қосуға ұйғарым жасады. Сонымен «Казагропроммаш» ашық акционерлік қоғамының бүйірлігімен 1999 жылғы сәуір айының соңғы күндерінде зауыт Отандық өнім өндіретін іргелі кәсіпорындар қатарына қосылды.

Кәсіпорынның жалпы сипаттамасы жөнінен бір-екі ауыз сөз айтар болсақ, зауыт мемлекеттік меншік болып табылады. Жоба бойынша 326 адам жұмыс істеуі тиіс. Зауыттың өндірістік алаңы 9299 шаршы метр. Оның негізгі бөлігі – 5400 шаршы метрден астамы өндірістік алаң. Зауытта технологиялық байқаудан өткізетін және өндірістік жабдықтар мен құрал-саймандар жасайтын цехтары бар. Кәсіпорын металл кесетін-жонатын, ұсталық, қалыптайтын, пластмасса құятын арнаулы технологиялық жабдықтар аспаптарымен толық қамтамасыз етілген. Зауытта ЗЦВ 6-63-125 және ЭЦВ – 8-25 -150 маркалы тереңнен су соратын насос қондырғылары шығарылып, олардың өндірістік жобасы жолға қойылған.

Зауыт шығарған тереңнен су тартатын қондырғылар

Республиканың машиналарды сынақтан өткізетін стансаларында тексеріліп, сапасына жақсы баға берілді. Содан кейін Отандық өнім өндіру басталып, өндірістік бағдарлама жобасында белгіленген тереңнен су соратын үш түрлі қондырғыларды шығару тұнғыш рет толық қуатында игерілді. Алғашқы қадамның нақты табыспен тиянакталынып, тереңнен таза су шығаруға талпыныстың нәтижелі болуы үжымды, оның басшысы Қуаныш Бекеұлын да ризашылық сезімге бөлегені анық.

Зауыт жұмысшылары негізгі Отандық өнім өндірумен бірге қосымша күнделікті тұрмысқа қажетті ауыз су және үй аулаларындағы бақшаларды, участекі жерді суғаруға қажетті, әрі пайдалануға тиімді ВЦП-0, 63-25 су сорғыш агрегаттарын және 95 киловаттық КВЦ-10 маркалы қатты және сұйық отын жағу арқылы үйлерді жылдытуға арналған қазандықтар шығаруды ойлап тауып, өндіріске енгізді. Жылу беретін мұндай қазандықтармен екі-үш қабатты жеке тұрғын үйлерді, шағын оғистерді жылдытуға және ыстық сумен қамтамасыз етуге лайқталынып жасалынған әрі қолданылуға да ыңғайлыш.

Өндіріс орнының бірқалыпты әрі өнімді жұмыс істеуіне қажырлы еңбектерімен, көпжылғы іс-тәжірибесімен жеке үлестерін қосып жүрген абзалаадамдар қатары да көптеп саналады. Олардың сапына Григорий Долгов, Александр Селиванов, Серік Жұмаділов, Ақшатаев, Беделбаев, Ернар Лаубаев, Ермұхан Конгуев, Берік Жапаров, Василий Мартынов есімді еңбек адамдарын жатқызу әбден лайық. Бұлардың беделі мен абыройы үжым арасында да жоғары. Олардың іскерлігін, өнертапқыштығын, жаңашылдығын әркім-ақ мақтан етеді. Осындай шебер қолды ісмерлер істеген өндіріс орнынан шығарылып, тұтынушыларға жіберілген өнімдерге наразылық білдірушілер болған емес. Мұның өзі өнімнің сапасы жоғары, әрі сұранысқа сай екендігін дәлелдейтін мысал.

## **ЕЛБАСЫНЫҢ ҮҚЫЛАСЫ ДА ЕРЕКШЕ**

*Астыңа берсе алтын тақ,  
Еліңің саған сенгені.  
Береке-бітім жолын тап,  
Күштің бетін баста деп,  
Қолыңа тізгін бергені.*

**ТЕЛЕ БИ.**

Зауыт өнім өндіре бастағалы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев кәсіпорынға екі рет келіп, өндірістің цехтарын аралап, ондағы берекелі істің бастауларын көзбен көрді. Соңғы келісінде атқарылып жатқан іске назар аударып, нарықтық кезеңдегі қыындыққа күш-қайратын жұмсаған үжым мүшелеріне ризашылық ықыласын білдіріп, раҳметін айтқаны бар. Өндіріс орнына келген Елбасы зауыт басшысы Қуаныш Бекеұлына назар аударып:

- Қуаныш, зауыттың тыныс-тірлігі қандай? Откен жылы қаражат жағынан көмектесуге уәде еткен едім, одан нәтиже шығардың ба? - деп сұрағаны бар. Оған Қуаныш Бекеұлы Елбасына тура қарап тұрып:

- Нұреке, қаржылай көмек беруге қамқорлық жасағаныңыз үшін үлкен раҳмет. Соның нәтижесінде зауыт іске қосылды. Жұмыс істей бастады, - деді. Нұрсұлтан Әбішұлы зауыт басшысына өткір көзімен тіке қарап:

- Зауыт іске қосылып, өнімді шын шығара бастады ма? – деп қайталап сұраған еді. Оған Қуанышта зауыттың Отандық өнім шығаруды бастап, тұтынушыларға ұсынғандығын нақты дәлелдей түскенде барып, тыңдырымды іске көнілі толғандай болған Елбасы:

- Көмекті тиімді пайдаланып, қаржыны орынды жұмсай білген адамдарға әрқашанда раҳмет айтамыз. Саған да үлкен раҳмет, Қуаныш! - деп ризашылығын қайталап білдірген еді.

## **КЕЛЕШЕК КӨКЖИЕГІ ДЕ КЕҢ**

*Аларыңды алып қал бүгініңнен,  
Күн бар ғой деп ертеңнен қапы қалма.*

**Қадыр МЫРЗА ӘЛІ.**

Зауыт салынғасын өнім шығарса ғана тиімді. Ол үшін өнімге тапсырыс пен сұраныс қажет. Бүгінгі нарықтық қатынас көп нәрсені қожыратып жіберді. Соған қарамастан насос қондырғыларын шығаратын зауыт келешегі көкжиегінің кенересі кең, болашағы үлкен. Тек, Отандық өнімді таратудың жолын жан-жақты қарастырған абзal. Зауыт өніміне сұранысты көбейтудің онтайлы жолдары да бар. Ең әуелгісі – шетелдерден тасымалданатын өнімдерге мүмкіндігінше шек қою мәселесі. Атап айтқанда, кеденшілердің ақпаратына сүйенер болсақ, республикамыздың әртүрлі аймақтарына жылына 6 миллион АҚШ долларына бағаланатын су сорғыш қондырғылары шетелдерден тасымалданатын көрінеді. Бұл іспен Алматыдағы «А-Сан» және «Энергетикалық компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіктері, Өскемен қаласындағы «Сигма» фирмасы, «Казводоканалсоюз» ассоциациясы және басқалар шүғылданады. Осы тұста «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала» деген нақылдың тиімділігін айта отырып, республикамызда, оның ішінде Талдықорғанда тереңнен су тартатын әртүрлі әрі қуатты насос қондырғылары шығарылып жатқанда, өзіміздегі барды көрмей, қаржыны сыртқа жіберуге әуестенушіліктің тиімділігі қанша?» деген сұрақ көкейге оралады. Сырттан тасымалданған өнім біріншіден, Отандық тауар өндіруге үлкен кедергі. Берекесіздік бәсекелесін тудыратын жайт. Оның үстіне сыртқы сауда жеке тұлғаларға тиімді болғанымен тиісті орындар үшін пайдасыз екендігін ескерген жөн.

Өнім таратудың тиімділік жағын қарастырып, сырттан су сорғыш қондырғыларды тасымалдауға тосқауыл қойылса деген тілек те бар.

Үшіншіден, Талдықорғандағы тереңнен су соратын қондырғылар зауытын, республикамыздағы бірден-бір

ірі кәсіпорын болғандықтан, халық шаруашылығының маңызды нысандары қатарына қосып, қаржыландыру жағына көніл бөлген ләзім. Осылай істегендеган зауыт өз жұмысын жандандыра алады. Отандық өнімді мол шығаруға қолайлы мүмкіндік туады. Әрі зауыт жұмысшыларының әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін онтайлы шешуге қолайлы жағдай жасалары хак.

Зауыт шығаратын тереңнен су тартатын насос қондырғыларын пайдалану, әсіресе шөл және шөлейтті аймақтарға орналасқан облыстардың аудандары мен шалғайдағы шаруашылықтар үшін өте тиімді. Сонымен бірге Өзбекстан, Түркіменстан республикаларынан да сұраныстар бар. Зауыт жұмыс істегелі су соратын қондырғыларға деген сұраныс берушілер қатары молайғанымен, көбісі қаржының тапшылығына байланысты тапсырыстарын алуға келгенде тартқыншақтай беретіндігі бар.

Жер астынан су соратын насос қондырғыларын шығаратын зауыт алдында тұрған әрі келешекте атқарылатын істері де ұланғайыр. Олардың ең бастыларын атап айттар болсақ, Солнечногорск қаласындағы негізінен насос жабдықтарын өндіретін «Гидротехника» акционерлік қоғамының мәліметі бойынша, ЭЦВ-4 насос қондырғыларын Тәуелсіз мемлекеттер достастығы аймағында тек қана бірақ кәсіпорын шығарады. Ол Воронеждегі «Энергия» кәсіпорны. Бұл зауыт өнімге деген сұраныстарды толық өтей алмайды. Ал ЭЦВ-4 насос қондырғысы жоқтың қасы. Барлы-жоғы жалпы санының 77 пайызын ғана қанағаттандырады. Демек өнім жетіспейді. Тұтынушылар сұраныстарын толық өтеу үшін тапсырыстар қабылдауды бір орталықтан жүргізсе, қаражат өтемдерінің кәсіпорынға түсуін қадағаласа, өндіріс өрге басар еді деген ой да көкейге қонады. Мәселен, Халықаралық қайта жабдықтау және даму банкісінің иригациялық-дрежанаждық жүйелерді жетілдіру жөніндегі жобасына көз жүгіртер болсақ, Талдықорғандағы жер астынан су тартатын қондырғылар зауытының өнімі әр жерге-ақ қажет екендігі байқалады. Атап айтқанда, тек Оңтүстік Қазақстан облысы ғана жер

астынан су тартатын ЭЦВ 12-255-30 насос қондырғысының 700 данасын қажетсінетін көрінеді. Мұндай тапсырысты орындауға зауытта толық мүмкіндік те бар.

## ҚИЯЛ ДА ҚАНАТ ҚАҒАДЫ

*Еңдігі арман мендегі –  
Татулық болсын тынысын,  
Еңбегің – елдік ырысын.*

## Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

Зауыт ғимараты занғарлы. Еңбек көрігі қызып, жалынды алаулардың ұшқыны табыс шашуындей жарқырап, көнілдерге жылылық нұрын құйғандай әсерге бөлейді. Кәсіпорын ауласында орта бойлы, шымыр денелі, бидай өнді, күнқақты, жүрісі ширак әрі қағылез Қуаныш Бекеұлы жүр. Ой үстінде. Бар арман тілегі зауытты қалай, қалайша тоқтатпай жұмыс істетсем дегенге ойысқан сыңайлы. Ізденеді. Пікірін болжамдал, тұжырымдайды. Келешекке ой жүгіртеді. Қиялда қанат қағады, оған да ілеседі. Бар түйіні, еңбегімен ел ырысына үлес қосуды армандайды. Қанағат тұтатын тұс та осы. Қай шартаралы шалмасын, қыранша самғаған көніл көгі де көрегендік танытудан, алғы өмір өлшемін ой елегінен өткізуден танған емес. Құлшыныс, қиянға самғатады. Ұмтылысы ұтымды шығып, үмітін үкілейді. Соның өзі Қуаныш үшін үлкен медет пен мұрат.

## ЕЛІН ОЙЛАҒАН ЕР – ЖЕРІНЕ ТӨГЕР ТЕР

*Өзіне-өзің кәміл бол,  
Халқыңа жақын бол.  
Төле би.*

Көгілдір көктемнің шуақ шашқан күні. Біз биік шоқы басына шықтық. Қасымда орта бойлы, ширак қымылды ел ағасы атанған азамат Қуаныш Бекеұлы. Ол Жонғар Алатаяның батыс сілемінің етегінен басталып Балқаш бойының құмдауыт адырына қарай көсіліп жатқан кең

даланың төп-тегіс жазығына қарап тұр. Бір сәтте сабыр сақтап, әр сөзін ойланып, салмақтап сөйлейтін дағдылы әдетімен ақыық ақын Мұқағали Мақатаевтың:

Жер, кешір мені!

Таныма тажалым деп,  
Төсінде тарқамаған базарым көп.  
Гүл өсіріп, каналдар қазамын көп,  
Бұлдірем де қайтадан әуреленем,  
Қайтсем сенің жаранды жазамын деп, – деген өлеңін жатқа оқыды да:

– Осы шумақтың мәні терен. Жүрек қылын шертетін тұжырымы толқытады. Толғау іспетті. Қатты тебірентеді, – деді ол. – Жыр жолдарында айтылғандай, осы Қызылағаш өніріндегі айдындағы алқапқа қарай тоспалы су қоймасынан канал арқылы су жіберіп, тарғылданған кең жазықты құлазытып, тандырын кептірмей, адам иғілігі үшін қызмет етуге жаратсам деген ой маза бермейтін еді. Тағдырдың жазуымен жер-суландыру жобасының басшыларымен танысып, араласып жүрген кездерінде сөз арасында ол кісілер: “Осы өнірден өзіне жауапкершілік алып, Қызылағаш алқабының жобасын іске асыратын бір адам табылмады-ау. Егер ешкім қолға алмайтын болса, бұл жобаны Онтүстік Қазақстан облысының аудандарының біріне бере салуға болады. Оnda 30 мың гектар жер игерілуде” деген соң, азаматтық намысқа тиетін сөздер ойландырды. Халықтың да жұмыссыздықтан берекесі кетіп, қоныс аударып жатқанын еске ала отырып, Ақсу ауданының Қызылағаш тұрғындарының иғілігіне жаратсам қайтеді? деген үйғарым көкейден кетпеді.

Сол мақсатпен игере бастаған жеріміз мына жатқан жалпақ жазық. Жалпы көлемі 1420 гектар. Түгелдей егістік жер. Кімнің қандай дақыл еккісі келеді, оны өзі біледі. Әрине, тұсімділігі мол, өтімділігіне сұраныс бар дақыл өсіретіндігі сөзсіз. Жерді игеріп, жемісін жеу үшін маңдай терін төгуге бел буғандарға келісім-шарт бойынша жер беріп жатырмыз. Адамдармен қоянқолтық жақындастып, аралас-құралас еңбек етуге кірістік. Ел қамын ойлаған адам әуелі жеріне тер төгіп, топырағын көгертуі тиіс. Осындаид аттанысқа бет түзедік пе деген ойдамын. Көктем шуағын төккелі бері қауырт қимыл

көбейді. Алға қараңызшы. Анау қыбырлағандардың бәрі еңбекке құлшына кірісіп, болашақ өнімге негіз қалап жатқандар.

Облыс әкімшілігінде қызмет етіп, Алакөл, Сарқан, Ақсу аудандарын аралап, ары-бері өткенде, ондағы жүрген техникаға, қыбырлап еңбек етіп жатқан адамдарға, жайқалып тұрған егіндікке қарап, ризашылықпен кеуде керетін. Қуаныш Бекеұлы ауыл тұрғындары үшін 2000 жылдары Қызылағаш ауылындағы мектепті жаңа оқу жылына дайындау кезінде жөндеу жұмыстарына қажетті белағаш, бояу, әк және басқа заттарды түгелдей өз қаражатымен сатып беріп, үлкен үлес қосқан еді. Кемтарларға да көмегін аямаған азамат.

Ол айналаны көзбен шола тұрып шаруа жайын бар ынта-ықыласымен әңгімелей бастады. Аракідік өзінің ісіне сүйсінетіндігін де ірікпеді. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» дегенді Төле би бабамыз осындағы азаматтарды көріп, дидарласқанда айтқан шығар. Ой осыған жетеледі.

Жол-жөнекей келе жатып, нарық зандалығына орай туған жерді түлеткендер туралы әңгіме қозғағанда да, Қуаныштың ерекше бір толғаныс тебіреніспен сөйлейтінін аңғарғанбыз. Қазірде соны дәлелдей түскен сыңайлы. Айтылған сөздің шындығын растаған іспетті. Көз алдымызда кеңінен көрілген мидай жазық дағала жатты.

Шығысындағы Қызылағаш ауылы мен батысындағы Көлтабанның екі аралығындағы егістік алқапқа көз жіберсеңіз, тегістігі сүргілеген тақтай бетіндегі жазыққа қызыға қарайсыз.

## ҚЫЗЫЛАҒАШ ҚАЙТА ҚҰЛПЫРАДЫ

О, қайран жер, қайрымды жер,  
Күшті едің ғой, берші жігер.  
Жаралғансың адам үшін,  
Бір өзіңсің таянышым.

**Әбілдә ТӘЖІБАЕВ.**

Осынау Қызылағаш алқабын игеру жайлы сөз қозғалғанда Қуаныш Бекеев он ойланып, тоқсан

толғанды. Оның да өзіндік себебі бар еді. Кеңес үкіметі тұсында дүрілдеп тұрған шаруашылық-тұғын. Құтты мекендігімен танылған қоныс. Жота жоны мен ойпанды кеңістігіне егін егілетін, қырман толы астық жиналатын. Асыл тұқымды жылқы өсіретін. Кең жазықты таудағы жайлау қойнауында төрт түлік түлеп өсетін. Төрт құбыласы сай кеңшардың адамдарының айдарынан жел есетін. Нарықтық қатынас пен ауыл шаруашылығын реформалау салдарынан кеңшардың байырғы бағыты кілт өзгеріп, шаруасы шайқалып, қыспақтың түйішіна тірелгеніне әркім қайран. Шаруашылық байлығы бір қолдан бір қолға өтіп, жергілікті тұрғындар жер сипап қала берген-ді. Жұмыссыздар көбейіп, ауыл адамдарының ыңыршағы шығып, кедейшілікке ұрына бастаған-ды.

Ұйымшылдықты ұйытып, ұмтылысты күшайтетін адам табылмаған соң берекелі ауылдың қиуы қашып, ырысқұты кете бастағандығын Қуаныш Қызылағаш ауылына алғаш барып аралағанда көзben көріп, кейістік кейіппен басын шайқаған-ды.

Нарықтық қындықтың өтпелі кезеңінде бұрынғы берекелі ауылдың экономикасы құлдырап, жұмыс орындары жабыла бастағасын әл-ауқаты бар тұрғындар басқа жаққа көшіп, үйлерін бұзып әкеткен. Еңселі сауда үйлері мен мәдениет ғимараттары талан-таражға салынып, қиратылып, ауыл қаңыраудың кейпін киген. Тіпті соңғы жылдары салынған жаңа ғимараттардың да тасталқаны шығарылып, материалдары талапайға түскен. Орнында тек үйінділер мен қоқыстар қалғанын көргенде жүрек шаншитын еді. Ал егістік алқабында қурай өсіп, арам шөп басып кеткен. Жырым-жырымы шыққан алқаптың топырағы кеуіп, ерні кезеріп, күтімсіздікке ұшырағандығын көргендер ренішті үнмен: «Уақыт солай, қолдан келер қайран жоқ, қайтеміз. Берекесіздікке тыым салынатын күннің қашан туарын кім біледі» деген сөзден әрі аса алмай, әрекетсіздік құлаш жайған.

Қызылағаш ауылының құты қашқан кезіндегі келенсіз жайларды өз көзімен көріп, қүйқалы жердің азып-тозып бара жатқандығын сезінген Жетісу өніріне белгілі, адал еңбегімен ел құрметіне бөленген бүгінгі Қуаныш Бекеұлы іске араласып, бар жауапкершілікті мойнына алуды

ұйғарды. Қызылағаштағы егіс даласын өндеп, ретке келтіру жобасы 1996 жылы дайын болған. Бірақ жоғарыдағыдай бейберекетсіздікті көргендер жобаны жүзеге асырудың ауыртпашилығын жеңуге батылдық жасамаған. Жергілікті азаматтар азып-тозып бара жатқан ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуға көніл бөлмей, назардан тыс қалдырған. Бұл ауылдың тұрмыстық-әлеуметтік жағдайын көтеретін бірақ нәрсе бар. Ол осындағы егістік алқапты игеріп, оны ел игілігіне асыру еді. Бірақ сол жерді игеру үшін жасалынған арнайы жоба-құжаттары сөреде шаң басып, екі жылдан астам уақыт жатқанымен, жауапкершілігі үлкен жұмысты өз мойнына алып, оны тыңғыштықты атқаруға ешкімнің батылы бармай жүрген-ді.

Үлкен істі қолға алған Қуаныш Бекеұлы ең әуелі ауылдың экономикалық жағдайын зерделеді. Басқару үрдісімен танысты. Ауылдағы еңбеккерлердің қандай көзқарасы бар екенін пайымдады. Көрген-білгенін саралап, одан ой қорытып, өзіндік тұжырым жасай біletін басшы ретінде Қуанышқа елде сенім артты. Өзі елді арқа тұтты. Тек басқару тізгінін тұзу ұстап, халықты еңбекке жұмылдыру үшін ұйымдастыру жұмысының ұтқырлық деңгейін жетілдіруге көнілаудару бағытын берік ұстанды.

Нарықтық қатынастың экономикалық қындығы ауыл тұрғындарын тығырыққа тіреп, күнкөрістік тірнектеген тіршіліктерінен табандарын тайдырып, қожырау мен тоқырауға ұрынған шакта адамдарға жақсылық жасау, жұмыспен қамту, күнделікті қорек табуға бағыттау, тұрмыстық жағдайды түзеуге игі ықпал етіп, онды бағыт-бағдар беру әрқашанда жақсылық нышаны. Оны да қолдан келген адамдар жасайды. Қуаныш сондай жандар қатарына жатқызуға өбден лайық. Ол жақсылық жаршысы ретінде еліне, жеріне адал еңбегімен үлес қоссам, көркейтsem, гүлдендірсем, нарықтың өтпелі кезеңінде қолға алған ісімді шашыратпай ұстап, перзенттік парызымды абыроймен өтесем дейтін жандардың санатында өзіндік кісілік келбетімен танылған еңбеккор жан. Жомарт жерді игеруге бел шешіп кіріспе кеткен еді.

## **ҚҰРЫЛЫС ҚАРЫШТАП, ЖЕР ЖАҢАРДЫ**

*Көрмесін дала көктің бұлты-жасын,  
Ақындар ақ сезімдей жыр құрасын.  
Қып-қызыл дәнге толы қырмандарым,  
Нан иісі кен даламда бүркүрасын.*

**Фариза ОҢҒАРСЫНОВА.**

Шаруа тізгінің ұстаған соң қырманға тау-тау етіп қызыл бидай төгіп, бағалы дақылдардың жемісін жеп, ел ырысын молайтқанға не жетсін. Осындай мұратты көкейтесті арманы еткен Қуаныш Бекеұлы бастаған ісін берекелі етіп, өндірісті өрге бастырып, өнімін елге беріп, құт-берекені молайтсам-ау деп армандайтын. Арман асқақ, атқарылар іс таудай. Оған су құрылыштарын қарышты қадаммен жүргізіп, егістік жерді жаңарту қажет. Оған күш жете ме? Мүмкіндік көздері қандай? Қуаныш әуелі осылар жайлы қабырғасымен кеңесті. Білікті мамандармен пікірлесті. Атқарылар жұмыс ауқымын болжамдады. Оған жұмсалар қаржының мөлшерін есеп шотқа қақты. Несиеге ақша алса, оның қайтарымын уақытылы өтеп тұруға мүмкіндік бар ма? Қарыз алғанда оңай, қайтарғанда қиналысқа түсіретін шаруа екенін ой елегінен өткізді. Осыларды жан-жақты байсалдылықпен тәтпіштей ойластыра келіп, ақыры нар тәуекелге бел буды. «Шынар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құруға қажетті құжаттарын жинастырып, тиісті орындардың шешімін күтті.

Ең әуелі Қызылағаш су қоймасын қабылдаудан бастады. Алматы облыстық су шаруашылығы комитетінің бүйрүғына сәйкес Жетісу суландыру жүйесі фирмасының төрағасы Бейбіт Бекетайұлы Сейқымбаев қарамағына алған сыйымдылығы 42 миллион текшеметрлік Қызылағаш су қоймасын, тұрғын үйлерді, қора жайларды, басқа да су тоспасына қажетті құрылыштарды акт бойынша иемденді. Бұл су қоймасының құрылышын салуды алғашқыда Талдықорғандағы №5 құрылыш-монтаж колоннасының «Мелиорация» өндірістік бірлестігі, №6 механикаландырылған құрылыш өндірістік бірлестігінің арнағы құрылыш монтажшылары және басқа

да су шаруашылығы құрылыштарын салатын арнаулы өндірістік мекемелер шұғылданыпты. Бірақ іс шегіне жетпеген. Жобалық-сметалық құжаттары бойынша құрылстың жалпы құны 1337 мың теңге құрайтын еді.

Жаңа құрылған «Шынар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қосалқы шаруашылығын үйымдастыруға жер беру туралы Ақсу ауданының әкімі арнайы шешім қабылдады. Онда Қазақстан Республикасы Президентінің «Жер туралы» Жарлығының 77-ші бабы негізінде аудандық Жер реформасы жөніндегі комиссияның шешімімен Қызылағаш ауылының аудандық қорға бөлінген жерінен барлығы 2205,19 гектар жер серіктестікке тұрақты пайдалануға бекітіліп берілді. Оның 1420 гектары егістік алқап. Негізінен игерілетін жер осы. Қалғандары қосалқы жерлер. Атап айтқанда, су коллекторлары жүйесі құбырларының астындағы жерге 4,79 гектар, су қоймасының аумағы 390 гектар, су бөлетін жүйелер орналасқан жер 37,5 гектар, дала қосын салуға 3 гектар, жайылымдық 300, шабындық 50 гектар алқапты құрайды. Серіктестікке берілген жердің жалпы көлемі, шекараасы белгіленіп, аудандық салық комитетіне шаруа қожалығының жұмысына бақылау жасау міндеттелінді.

Серіктестік иеленген жерді игеру үшін қыруар қаржы қажет. Сондықтан да жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы бойынша Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және Даму банкісі арасындағы займ туралы келісімінің күшіне өнуіне арналған шараларға сәйкес Қазақстан Республикасы қайта құру және Даму банкісі, Қазақстан Республикасы Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрліктері мен «Эксимбанк-Қазақстан» жабық акционерлік қоғамы және Ақсу ауданындағы «Шынар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында қажетті қаржыны бөлу және оны қайтару мерзімдерін белгілеген өзара келісім-шарт жасалынды. Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасының негізгі мақсаты-экологиялық нормалар мен талаптарды, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу мен оны басқару әдістерін жетілдіруді және суармалы жерлерді пайдалануды, агротехникамен суландырудың онды тәсілдеріне үйрете отырып, қолда

бар жерді суландыру мен дренаж жүйелерін қайта жаңғырту және жақсарту жолымен 1420 гектар алқаптағы суармалы жердің тиімділігін арттыру еді. Осы мақсатпен 1996 жылғы қазаның 5 күні қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1237 қаулысына сәйкес Халықаралық Даму банкінің ұзақ жылға берілген несие қаражатына Қазақстанда жер суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы бойынша Ақсу ауданының Қызылағаш ауылында 1420 гектар жерді игеру қызу басталды.

Жерді игеруге қатысты жұмыстардың барлығын атқару үшін 7817 мың АҚШ долларының құрылым-монтаж жұмысы жүзеге асырылуы тиіс. Оны кез-келген құрылым-ұйымының орындаған алмайтындығы және кәміл. Осыған орай жерді игеруді жүзеге асыратын құрылымшылар арасында тендер жарияланды. Онда Түркия-Қазақстанның «Идил-Ақсу» консорциумы тендер жөнімпазы атанып, құрылым-жұмысын орындау үшін контракт жасасты. Олар келісім бойынша бөлінген қаржыны толық игеруге барлық күш-жігерлерін және мүмкіндіктерін жұмылдырды. Соның нәтижесінде 1999 жылы басталған құрылымстың алғашқы бөлігі бір жыл ішінде пайдалануға беріліп, 400 гектар жерге егіс егілді. Көптеген адамдар еңбекке араласып, жаңа жерден мол өнім жинап, тұрмыстық жағдайларын біршама түзеп, қаржы қорларын толықтырды. Тың жерді игеру нәтижесінде жаңа табысқа қол жеткізетіндіктеріне үмітпен қарады.

Екі-үш жылдың айналасында құрылым-жұмысы толық аяқталып, келісім-шарт бойынша белгіленген жер көлемі толықтай тегістелініп, су жүйелерінің құбырлары тартылып, егістік алқап та пайдалануға берілді. Он бір километр жерге шеңбері 80 сантиметрлік екі су құбыры тартылды. Егіс алқабындағы атыздардың аралықтары шеңбері әртүрлі кеңдіктегі жалпы ұзындығы 47 километрлік құбырлар жүргізілді. 380 дана тұтікті құбырлар төселді. Жер тегістелді. Қар тасқынының суларын егістік жерді орып кетпеуі үшін терендігі 1,5 метр, ені 3 метрлік, жалпы ұзындығы 30 километрлік канал қазылды. Ұзындығы 75 километрлік егіс аралық жол, су бөлетін инженерлік су жүйесінің құрылымы іске қосылды.

Ендігі мәселеге – қыруар қаржы шығарып, тегістеген алқапты ұқыпты игеріп, халықтың иғлігіне айналдыру еді. Осындаған пікірді сол кездегі Ауыл шаруашылығы министрі С. Мыңбаев та айтып, игерілген жерді көріп ризалығын білдіріп, жаңа табысқа жетуге тілек білдіргендікшін.

## КЕРІЛІП ЕРКЕ ЖЕР ТҮРАР

*Керіліп ерке жер тұраг,  
Мөлдір сумен жуынар,  
Үлде менен бұлдеге,  
Түрлі-түсті гүлдерге,  
Ши жібекке оранар,  
Қарағанда көз тоймас,  
Бұлдіршіндей киінер.*

**Мағжан ЖҰМАБАЕВ.**

– Біздің игеріп жатқан алқабымыз экономикасы дамыған, шаруасының қыры мен сырын жетік менгерген шетелдіктердің егістік жүйесінен бірде-бір кем емес, – деді Қуаныш Бекеұлы әңгімесін әрі өрбітіп. – Барлық жобалау жұмысы егіншілік жерді игерудің соңғы технологиясына сәйкес жүргізілген. Серіктестіктің қарамағындағы жердің агротехникалық, экологиялық жағынан тиімді пайдалану үшін В. Р. Вилямс атындағы қазақ ғылыми зерттеу егіншілік институты ғалымдарының зерттеуімен барлық алқаптың топырағының құнарлылығы, жер қыртысы мен бедерінің құрылымы, қандай өсімдіктерді өсіруге қолайлы және ауыспалы егіс жүйесін қалай жүргізу керектігі жөнінде арнайы зерттеу жұмысын жүргізіп, барлық алқапты жеке-жеке жүйелерге бөліп, қай жердің топырағының және оның құнарлылығы қандай екендігін анықтап берді. Қазір осы карта бойынша жұмыс істелініп жатыр.

Егістік алқапқа әзірленген жерді толық игеру бір ғана серіктестіктің қолынан келетін шаруа емес. Осыған орай, алғашқы жылы облыс әкімдігінің нұсқауымен Қаратал ауданының жуа өсірушілері жерді игеруге өз күштерін жұмсауға бекінді. Соның нәтижесінде Ф. Н. Сон басқарған «Қаратал» агрофирмасының диқандары 700 гектар жерге жуа, қант қызылшасы, соя, арпа

тұқымдары себуді көктемнен бастап, қарқынды жүргізді. Қызылағаш пен Қапал ауылдарының тұрғындарына 300 гектар жер бөлінді. Кейбір жекеленген шаруа қожалықтары да өз мүмкіндіктеріне қарай жер игеруге ынта білдірді. Олардың да талаптары қанағаттандырылды. Қызылағаш ауылының тұрғындары Қозайдаров Мұрат 10 гектар жерді игеруге ниет білдірсе, Александр Васильевич Квитко 56 гектар алқапқа күш жұмсап, жемісін жеуге үміт артты. Қапал өңірінен келген Алексей Васильевич Барсуков 70 гектар жерге қызылша және дәнді-дақылдар егуді үйғарды. Егіншілікпен шұғылданушылар қатарында Жақсылық Байжұманов, Есет Жұнісов және басқалар бар. Қызылағаш ауылындағы орта мектеп 10 гектар жерді игеріп, өнімін жинауды үйғарысты. Олардың да тілегі макұлданды.

Егістік алқаптағы агротехникалық талаптардың дұрыс сақталуын, су жүйелерінің бір қалыпты жұмыс істеуін, бақылау жұмысы Мұрат Қозайдаровқа жүктелінген. Ол бұрын шаруашылық басқарып, үйымдастыру жұмысымен шұғылданған жоғары білімді агроном. Алқаптағы ауыспалы егіс жүйесін қалыптастыруға, дақылдардың өнімділігін арттыруға, суландырудың уақытылы жүргізуіне бақылау жасайтын маман да сол. Егістік алқабындағы техникалардың бір қалыпты әрі тоқтаусыз жұмыс істеуін бақылайтын Өмірзак Бірімқұлов та өз ісінің білгірі. Қазір жаңа техника жоқтың қасы. Қолдағы бардың бәрі ескі. Қосалқы бөлшектер жетіспейді. Осындаш шақта жоқтан бар жасап, ескіні құрастырып, өндеп, жөндеп, қолдағы техниканы тиімді пайдалануды бақылаудың өзі жауапкершілігі үлкен іс. Бұл орайда, Өмірзак өз міндеттінің жауапкершілігін жоғары сезініп жүргендердің бірегейінің бірі.

## БІЛІКТІЛІК ПЕН ПЕЙІЛ

Көнбеске көнеді,  
Женбесті женеді,  
Елі үшін күрескен,  
**Қадыр МЫРЗА ӘЛІ**

Қазақтың атақты Әйтеке би: «Кімде-кім өзінің ар-  
ұятымен барын салып қызмет істесе, ол құл болмайды.  
Еңбекке мұндай қарым-қатынассыз халықтың халық

булуда мүмкін емес» деген екен. Мән-маңзызы өте үлкен осы бір қанатты нақылды Қуаныштың өмірлік өзегіне, бағдарламасына айналдырғанын, оның ісінен айқын аңғару қын емес. Ел алдындағы перзенттік парызын абыроймен өтеп, теңізге тамған тамшыдай болса да, өзіндік үлесін қосуға деген шынайы ниетін жасырмайды да. Барынгасы – білімін, біліктілігін, пейілін өзі атқарған іске іркіліссіз жұмсауға бағытталған. Шаруаның ретін табу, ыңғайлы әрі тиімді тұсын іздестіру бағытындағы ұйымдастырушылық қабілетімен де ерекшеленеді. Және бір жақсысы, біреудің ала жібін аттаудан аулақ жүреді. Ешкімді бөле жармайды. Істелер жұмыс та, қойылар талап та ұжым мүшелерінің баршасына ортақ. «Келісіп пішken тон келте болмайды» дегеннің жарқын көрінісін де осында анық аңғарылады. «Қолдасқанды құдай қолдайды» демекші, нақты іс-нәтижесін көрсетуге ұмтылыс пен құлшыныс та күшті. Бұрынғы бұйыры күйінен, күйкі тіршілігінен арыла бастаған Қызылағаш ауылының бүгінгі тыныс-тірлігі, жаңаша серпінді серпілісі осыған нақты дәлел.

Алғаш кәсіпкерлікке бет бұрган талапкерге бірден он қабак таныта қоюшылық табыла ма? Отқа күйдіріп, суға түсірмей ме?

Қуаныш оны да күнделікті өмірден жете сезінді. Серіктестік құру үшін құжаттарын реттеп, занғы тұлға иесі атану барысында талай сергелденгे тұскенін біреу білер, біреу білмес те. Тіпті, «қаржы жағы қалай, ол қайдан келді?» деп құдіктене қараушылар да көбейді. Тексерді де. Сілкіледі де. Бәрі занғы. Көп түртпектегенімен артық-ауыс жұмсалынған тын-тебен таба алмағандықтарына тексерушілердің өздері де аңтарысты. Бір қындықтан кейін екіншісі туындалғатты. Кесе-көлденең кедергілер сүріндіруге әуестік танытты. Сүрінгенімен жығылмады. Жығылып бара жатса, тік тұруға ұмтылып, қайтпас қайсаrlығымен еңсесін тік ұстады. Жасқанбады, турасын алға тартты. Үмітін үзбей алғы мұратқа ұмтылудан талмады. Бұгінде еңсесі биік, тұтіні тұзу. Адалдық бар жерде тығырыққа тіреудің оңайлыққа түспесінен көз жеткізді. Женіске жетіп, күпті көңілін демdedі.

Қуаныштың бір қасиеті әуелгі алған бағытынан әсте

қайтпайтындығы. Бір беткейлігі бірегей. Ауылдағы ауыртпашилықты қаршадайынан бастаң өткеріп өскен Басши өнірінің қарасирағы бүгінде ауыл-аймағы арқа сүйер таудай тірегі. Азаматтық және туған жерге деген перзенттік парызды мойынына ерте жүктеген. Оған байсалдылық, сенімділік, тәртіптілік, жеке өзіне және қарамағындағыларға талап қоюшылық сияқты адами қасиеттерді бойына молынан дарытқан. Жоғары кәсіби шеберлігімен әр іске жауапкершілік сезіммен кірісетіндігін нақты ісімен дәлелдей білетін жан ретінде танылған еңбеккор жан. Ол бала кезінен еңбекке ұмтылып өсті. Алға талпынды. Оқыды. Жоғары білімді құрылышы мамандығын игерді. Туған жерінде әсем тұрғын үйлер салды. Облыс әкімшілігінің басшылығында жұмыс істей жүріп, Талдықорған қаласының көркеюіне қатысып, ірі-ірі ғимараттар мен зауыттар құрылышын салуға, өндірісті өркендетуге бел шеше араласқаны өз алдына бір тәбе әңгіме.

Бүгінгі таңдағы Қызылағаш алқабынан көлемді егістік жерді игеруі де өзінше бір ерлік іс деуге пара-пар. Олай дейтініміз, бұл алқапты игерудің бағдарламасы мен бизнес жоспарын жасағандағы ойы туған жердің құдіретіне табынып, оны тұлетуді мұрат тұтқан еді.

Қуаныш Бекеұлының егістік алқапты молшылық көзіне айналдыруды өзіне парыз бен қарыз деп ұғынғандығын бүгінгі ісінен аңғарып, сүйсіне қарайсың. Пейілі жомарт азамат ел алдындағы борышын адал атқаруға, халық қамы үшін мәндай терін төге жүріп қиуы қаша бастаған ауылға береке енгізе бастағанына бұл күнде жүртшылық риза. Неге риза болмасын. Жемісін жеуге, игеруге қажетті егістік алқабы теп-тегіс. Атыз-арықтары дайын. Суғару жүйелері іске қосылған. Бәрі сақадай сай сақылдап тұр. Тек топырақты тұлетсен, егістікті күтіп-баптасаң болғаны.

Ауыл адамдарының талап-тілектерін тыңдалап, мұн-мұқтажына құлақ асу жағын көбірек назарда ұстайтын жомарт жүректі әрі кең пейілді кәсіпкер ретінде танылған Қуаныш Бекеұлының бүгінгі ісі жердің береке-құтының бастауына айналғандай.

– Сәтін салса көш керуені басталды, – дейді Қуаныш.  
– Бағыт дұрыс. Ісіміз ілгерілеп, табысымыз молаяды

деген ойдамын. Менің осынау егістік алқапты игеріп, ел иғлігіне жаратып, халықтың кедейшіліктен дәuletті тұрмысқа бет бұруына жағдай жасағаным, туған жерім мен елім үшін перзенттік парызымды өтегендігім болар деген пікірдемін.

Иә, бұл үлкен иғлікті еңбек. Жомарт жерді игергендер жақсылыққа жолығып, молшылыққа кенелері қапысыз шындық.

\* \* \*

Ел-жұртының назарында, бақытты өмір базарында, жақындарының жүргегінде, ниеттестерінің тілеуінде жүрген Қуаныш Бекеұлы жайлы тасжол салудың белгілі шебері, облыстық маслихаттың төрт мәрте сайланған депутаты Сейдахмет Шүрекеев өзінің «Азаматтың ақ жолы» атты екінші кітабында былай деп жазады:

«Бекеев Қуаныш өзінің қарапайым, іскер, әрі талапшыл қасиеттерімен адамды өзіне қарата алады. Мен жолкөпір құрылышы мекемелерінде бастық кезімде Қуаныш Бекеев облыс әкімінің орынбасары еді. Ол әр істің ретін, шартын, жөнін білетіндіктен онымен ақылдасу, пікір алысу пайдалы болды. Бұл бізге де женіл, екі ұшты, күмәнді ойдан бой таза жүреді. «Арасан-Қапал» санаторий-профилакторийіне Елбасы Н. Ә. Назарбаев келеді деген қарсанда іс басында Қуаныш жүрді. Сөйтіп, белгіленген жоспарлар ешқандай ақаусыз орындалып, бізге де раҳмет айтылды».

Бұл замандастың адал көнілінен актарылған ақ ниеті. Әрі жақсының шапағаты жан-жағына шуақ шашатындығының нақты көрінісі.

Қуаныш Бекеұлы өзінің бекзаттық болмысын, атадан келе жатқан тектілік ұстанымын берік сақтаған жан. Онымен бас қосып, қоғам өмірінен, тіпті кез-келген тақырыпта әңгіме өрбіте қалсаңыз ойының терендігін, байқампаз байсалдығын, әр нәрсеге сергектікпен қарайтындығын сөз саптауынан аңғарасыз. Және бір ерекшелігі, әңгімесін айтып қана қоймайды, сол төңіректегі ой-пікірін, өзіндік қағидасын ұсынады. Өмірден көргендерінің көптігін, оқыған-тоқығанын, басынан кешкен тағдыр тауқыметтерін өзінің ой елегінен өткізіп, осым дұрыс-ау дегенін ғана жария етеді. Көпшіліктің көзқарасын аңғарады. «Сөзін еліне тындана-

алар үлкенің қайсы?» дегендерге осы Қуаныш Бекеұлын көрсетіп, оның атқарған ауқымды істерін мактан ете әңгімелеге тұратын еліне сыйлы азамат, жұртшылық қадірлейтін жан. Оған нақты мысал айта кетейік. Өткен жылғы қыркүйек айында Басши ауылында жеке кәсіпкер, ұлағатты ұстаз Тұрсынбектің бастап қолдауымен мешіт ашылды. Көп адам жиналды. Осы ауылда туып-өскен, қазіргі кезде еліміздің әр түпкірінде лауазымды қызмет атқарып жүрген азаматтарды төңірегіне жинап алып: «Біздің бәріміз, осы тұрғандар Басшидің топырағына аунап, сұын ішіп өстік. Элі де кіндігіміз кесілген жерге келіп, жақсылықтарына ортақтасып жатамыз. Ауыл ортақ. Оның көркейіп, ажарланып тұрғаны көнілге тоқ. Алайда, осында халық үшін, болашағымыз жасөспірімдер үшін ауадай қажетті бір зат бар. Ол Мәдениет үйінің жоқтығы. Орыны бар. Соның қабырғасын қалап, төбесін жауып, іске қосып берсек деген ой мені көп мазалайды. Кәне, осы жайында кім не айтады?» деп өз ұсынысын айтып еді, қаз-қатар тұрғандар түгелдей қолдап, ауызбірліктерін көрсетті.

Ауылда Мәдениет үйін жеке азаматтардың қаржысы есебінен салуға бір кісідей келісті бәрі. «Бастаманы көтерген Қуаныш Бекеұлы құрылышқа басшылық жасасын, біздер қолдаушылары боламыз» деп тиянақты тұжырымды ой түйді. Бұл да Қуаныш Бекеұлының сөзін жықпай, тыңдайтының көрінісі. Әрі сөзіне берік, ісіне мығым азаматтың халық мұддесін ойлап жүретіндігінің қарапайым ғана дәлелі.

Беке баласы Қуаныш іскерлігімен бірге өресі биік тексті тұлға. Қайда бармасын өз ісін үлкен жауапкершілікпен атқаруға ден қояды. Тар аяда шектелмей, ауқымды істерді тиянақты тыңдыруға құлшынады. Туған жерін көркейтетін құрылыш нысандарын салуға қыруар тер төккен білікті маман. Істің ретін тауып, қынның қисының қиуластыра қоятын кәнігі құрылышы. Жастарға кәсіби мамандықтың қыр-сырын үйретуден жалықпаған ұлағатты ұстаз. Шәкірттері мен ізбасарлары алдындағы, жалпы Жетісу өнірінің зиялы қауым өкілдері арасындағы елі құрметтеген азаматтарының бірегейінің бірі осы Қуаныш Бекеев деуге әбден лайық. Пайғамбар жасынан асқанына қарамастан өз тұғырынан тұспеген күш-жігері

жетерлік қайраттылардың алғы шебінде жүрген туған жердің тектілігі жоғары тұғырлы түлөгі. Елінің сүйіктісі. Өзі құрбылас азаматтар мен замандастарынан оқ бойы озық келе жатқан азамат.

Қуаныш үбірлі-шүбірлі отбасының иесі. 1970 жылы Жаркент қаласындағы Ұбырай Алтынсарин атындағы орта мектебінде ағылшын тілі пәнінен сабак беретін Әбдірахымқызы Гүлжанға үйленген еді. Содан бері бір үйдің түтінін бірлесіп түтетіп отырған берекелі отбасылардың санатында келеді. Екеуара бар жақсылыққа бірдей ортақтасып, қыншылық ауыртпалығын бірге бөлісіп, бір-біріне ақылшы болғалы бері Гүлжан үй-ішіндегі игі істердің үйтқысына айналған. Осы тұста Әлішер Науайдің мына бір сөзі ойға оралады: “Жақсы әйел - отбасының бақыты, сәні, дәuletі. Үйдің тазалығы да, үй иесінің тыныш, жәйбақат болуы да содан. Сұлу болса - көнілазығы, тілі тәтті мәмілелі болса - үйде құт-береке болады да, ыдыс-аяқтар таза, өз орын- орнында тұрады”. Осы тұста ғұлама ақын Қуаныштың адаптациясы Гүлжан Әбдірахымқызының күнделікті тіршілігін көріп отырып жазған ба деп қаласыз. Айтылған ойдың бәрі осы отбасына әдейі арнаған сыңды. Ерінің сенімді жан серігі Гүлжан бүгінде ұлын - ұяға, қызын - қияға қондырған жанұяның анасы. Үлкен қызы Гүлнэр жоғары білімді тіл маманы, Азаматы - құқық қорғау органдың қызметкері, Назгүл - қаржы банк қызметкері, Атырауда, Шынар да банк қызметкері, Астанада істейді. Гүлжан осынау үрпақтарынан өрбіп-өскен немерелері мен жиендерінің әзиз әжесі. Сонымен бірге абысын-ажындары, туған-туыстары ардақ тұтып, құрметтейтін жаны нәзік, мейірім шуағы мол жан. Дастанада дархан. Қуанышпен тағдыр қосқалы қуат құтымен берекеленіп, өрнекті өмір өнегелерін үрпақтарына үйретіп отыратын отбасына айналғанына көніл хошаяды.

## НҰРҚУАТ

Өмірден кім өтпейді, кім озбайды дейсің. Жа-рық дүние есігін іңгәлап ашқан сәби, тұбі бір туған жер топырағын жамылып, мәңгілік мекеніне түпкілікті қоныс табері заңдылық нәрсе. Бірақ та өмірден өтіп, көз алдынан кетсе де, жайдары жүзі, жарқын бейнесі көнілден кет-пейтін жандар да бар. Әңгіме тағым еткен ғұмыр иесінің есік пен төрдің арасында жүріп өткендегі ғана қамшы сабындағы қысқа ғұмырында қалай өмір сүрді, адамдарға жасаған шарапат жақсылығы қандай? Қайырымдылығымен, ізгілікті ісімен қуандырды ма? Қоғамға қосқан үлесі елінде еленді ме? Артындағы үрпағы, ел-жұрты өсиетті сөзін, өнегелі өнерін, үлгілі ісін, адами қасиеттерін қайталап, аңыз етіп айтып, қадір тұтып, қастерлейтін дәрежеге көтерілді ме? Міне, осы тұрғыдан алғанда тіршілігінде тындырған ісімен өшпестей із қалдырған адамдар әсте ұмытылмайды. Есімі жүрек төрінде жүреді. Сондай ардақты адамның бірі - кәсіби дәрігер-хирург Нұрқуат Жылкелдіұлы Диханбаев деуге әбден лайық еді. Қоғамға сыйлы,



әулетіне қадірлі, дос-жарандарына жаны жақын танымал жан-тын. Оның адамдарға деген мейірі жүзінен төгіліп тұратын. Тигізер шапағаты шексіз-тін. Төнірегіне жан жылуын шашып жүретін, адамгершілік қасиеті жоғары азамат еді-ау.

Осы Нұкеңмен қай уақытта жолықпа, жүзі жайранdap, езуі жиылмай актарыла сөйлеп, ақ жарыла құletіn. Сәл қоңыrlау қалың шашын саусақтарымен тараштап, артқа қарай қайырып қойып, аман-саулықты сұрастырудан басталатын әңгіме көрігін қалжыңмен, әзілмен әрлеп, әдемі етіп өретін. Шенсініп шіренбейтін. Қарапайым қалпынан танбайтын. Өзінің иықтылығына, ірі денесіне қарай іс-әрекеттері де тұлғасына сай келетін.

Еңселі кеудесіндегі жүргегінің жылуын аямай шашатын, ағайынға аңқылдауынан жаңылмайтын осы Нұркуатпен менің жүздесуім мен танысуы күтпеген сэттен басталған-ды. Облыстық «Жерүйық» газетінің редакциясында істейтінмін. Іс-сапармен Панфилов ауданына Жаркент қаласына барғанмын. Көше бойынан көптен араласып, сыйластығымыз жарасқан замандастымыз ерлі-зайыпты Қали мен Ажарқұл жолыға қалғаны. Аман-саулықтан соң екеуі: «Тұскі асқа бірге барайық. Біздің жан жолдастымыз бар осында. Қазан көтеріп жатыр. Бұйырған дәм-тұзды бөлісіп ішіп, шүйіркелесіп отыралық. Әрі отбасымен танысасың. Кеңпейілді кісілер. Ешкімді жатырқамайтын жандар», - деді. Тұскі тамақ ішу мезеті жақындаған соң келістім.

Ауласы кең үйге келдік. Отағасы бөтенсінбей жылы қарсы алып, құрмет көрсетіп, жылы қабылдал жатты. Мұтән Жарылқапұлы деген азамат екен. Автобазада істейді. Бастығы. Әйелі Қоңыртай - дәрігер. Екеуі де құрақ ұшып елпілдеп, аққөніл, жарқын жүзді адамдар екенін жылы шұрайлы қабақпен қабылдал жатқанынан-ақ сезіндім.

Дастарқан басына жайғасып, дәу табақ ет алдыға қойыла бергенде жүзі нарттай жанған, аңқылдай сөйлеп, жарқылдай құлғен Алатаудай асқақ тұлғалы, еңгезердей иықты адам табалдырықтан аттады. Бізді қарсы алғандағы Мұтәннің қошеметі тіптен арта түсті.

Құшақтарын жайып, төс қағыстырып, емен-жарқын болды да қалды. Келген қонақ етженді күректей алақанын ұсынды. Өзі үйреншікті сыр мінез адамдай көрінді. Танысып жатырмыз. Мен Талдықорғаннан келгендігімді айттым. Нұрқуат та Талдықорған қаласында тұратынын айтты да, маған:

- Қай үйде тұрасын?» - деді.
- Бесінші шағын ауданында.
- Мен де сонда тұрамын ғой.
- Қай үйде?
- 38-ші үйде.
- Мен де сол үйден пәтер алғанмын.

- Сіз әзілдеп отырған шығарсыз. Онда тұрғанымызға үш айдан асып барады. Бір де бір рет ұшыраспағандығымыз қалай? Қалайша жүздеспедік?

- Әзілдеп қайтемін. Сонда тұратындығымды мына Қали мен Ажарқұл де жақсы біледі.

Сөйтсек, екеуіміз де көп қатарлы бір үйде тұрады еkenбіз. Бірақ жүздесудің сәті түспепті. Себебі, Нұрқуат жұмысқа ертеңгі сағат жетілер шамасында кетеді. Мен үйден сағат сегізден аса бере шығамыз. Ол жұмыстан ерте оралады, мен кеш келемін. Осылайша бір-бірімізді көрудің, жолығысудың, не танысадың қисыны келмеген көрінеді. Күтпеген жерден кездесіп, танысқанымызға қуанысып қалдық.

Мен Талдықорғанға келгеннен кейін көршілермен танысып, білісейік. Ерулікке шақырып, дастарқан жайып, дәм-тұзымызды ұсынайық деген үйғарым жасап, өзіміз билетін көршілерден бес-алты отбасын кешке қонаққа шақырдық. Бәрі кешікпеді. Тек Нұрқуат жоқ. Келемін деген. «Бір кісіні көп кісі күтпейді» қағидасына орай, дастарқан басына жайғастық. Бірер сағат кешігіп Нұрқуат та жұбайы Күлпан екеуі ентіге жетті. Алыс сапардан оралған бет екен. Кешіккендіктен дастарқанның төменгі жағынан орын тиді. Біз қысылғанымызben, оған Нұрқуат онша мән бере қоймады. Жарқылдай күліп, бәріміз етене танысындей еркін сөйлесіп, ортаға бейімделіп, көнілділік қалпын өзгертпей отырды. Кезекпен сөзін сөйлеп, ниетін білдірген соң, өнерін

көрсетуді сұраған ұсыныс түсіп еді, оған еш қарсылық білдірмеген Нұкең бәлсінбей-ақ, домбыраны қолға алып, көпшілікке мойын бұра бір қарап қойып, басын бір жағына қисайта отырып, көздерін жұмып алып, домбыра шегін бебеuletіп күй тартты дерсін. Артынша ұйғырлардың «Гұлайым» әнін мақпал үнімен нақышына келтіріп, мәнерлі шырқағанда, отырғандар селт етпей тұшына тыңдады. Ара-арасында биге де бейімділігін байқатып, қолдарын бұлғалақтатып, әдемі қимылдар жасады. Бәріміз өнерін қызыға тамашалап: «Нұкеңнің сегіз қырлы, бір сырлы жан екендігін білмей жүріппіз ғой. Отрыстың ажарын кіргізіп, сауықтың сәнін келтіретін жігіт екен де» деген ой түйісті.

Шындығында да Нұрқуат көпшілік ортаны қарапайым қағытпа-қалжыңымен, әдепті де әдемі әзілімен, күмбірлетіп тартатын күйімен тыңдаушысын тұшындырып, сүйсіндіре біletін бесаспал өнерпаз жан екендігіне көз жеткіздік. Нұкең жоқта дастарқан басында тыныштық орнағандай сезілетін. Ол келді екен, көнілділік көкжиегі кеңейіп, езулерге күлкі үйіріліп, бір әдемі жайдарлылық жүректерге жетіп, отрыстың шаттығы мен думанды қызығы еселене түсетін. Үні де жұмсақ. Сөздері де жылы. Сөйлеуі мәнерлі, ойы ұшқыр. Тапқырлығы да таңдай қактырады. Найзағайдай жарқылдайды. Қалжыңы да жарасып тұрады. Жүрегі кең, қайрат-жігері мығым екендігіне іштей сүйсінесін. Сол үшін де Нұрқуатты ешкім жатырқамай, қуана қарсы алып, сый-құрметін көрсететін дәйім.

Біз де алғашқы таныстығымыз сәтті жалғасып, ынтымағымыз жарасып, етene араласып кеттік. Әдетте қонақтармен жылы жүзбен табысып, қауқылдаса қоштасып жататынмыз үйреншікті әдет. Бірак кейіннен не айтылды, не қойылды дегенді бағамдасаң, ештеңеге көніл бөлінбеген сияқты, есте сақтар түк таппайтының да жиі ұшырасатын жай. Ал Нұрқуатпен алғашқы кездесуден басталып, бірден бауыр басып, жақын араласып кетудің өзіндік ерекшелігі бар. Бір-бірімізді ұғыстық. Түсіністікпен қарайтын дәрежеге жеттік. Сыйластығымыз беріп сыпайы қарым-қатынасымыз нығайды. Өзара мейірімділік пен ыстық ықыласымыз

арта тұсті. Алғашқыда Нұрқуат кісі сыйлағыш па, әлде сынағыш па деген ой түйгөнмін. Сөйтсем, екеуі де бар екен. Кісіні сыйлай да, сынай да біледі.

Достығымыз құдалық дәстүрмен ұласты. Ата-аналарының сыйластық қатынастарының тамыры терең жайылғандығын түсінген балалар да жақсы дәстүрді одан әрі жалғастыруға үн қосып, тағдыр тоғыстырды. Құдай қосқан мың жылдық құда болуға жетеледі. Нұкең мен Құлпанның ұлы Талғат біздің қызымыз Қуанға тағдыр қосуды қалапты. Жастардың ақ тілектерін макұлдап, құп көрдік. Олар да бір-біріне өмірлік серік бола біліп, жұп жазбайтын жұбайлар екендігін дәлелдеп, көз қуанышына айналды. Екеуі де Талдықорған педагогика институтын бітіріп, шаңырақ көтеріп, отау тіккеннен бері жемісті еңбек етіп келеді. Құдайға шүкір, босағалары берік, керегелері кең. Замандастарымен иықтаса жүріп, қызметтерін абырайлы атқарғандары біз үшін үлкен қуаныш. Орталарында екі қызы бар - Элия және Сәния. Элиясынан Арсен есімді немере сүйіп, ата-әже атанғанымен құттықтап, шат-шадыманды қызықты құндерінің көп болғанына ортақтасып жатамыз.

\* \* \*

Тұған жерінің гүлденіп, елінің өсіп-өркендеуі, экономикасының нығаюы да адамдардың денсаулығына тікелей қатысты. Халықтың дені мен тәні таза болып, ағзаны аздыраар ауру-сырқатқа ұрынбай жүрсе, тұрмыс сәнді, еңбек өнімді болары хақ. Осы бір қағиданы іске асыруды берік ұстанған Нұрқуат Жылгелдіұлы дәрігерлік қызметті жүрек әмірімен қалап, кәсіптік мұраты етіп алған еді. Ол алға қойған мақсат үдесінен шығу үшін саналы ғұмырын, күш-жігерін, білім-біліктілігін осы жолға сарп еткен абырайлы азаматтардың бірі, бірі емес, бірегейі деуге лайық еңбекқор, ақжарқын жан еді.

Тіршілік дүниесінде талай жайсандарды түлетіп ұшырған қасиетті де киелі Жаркент жерінде туып өскен Нұрқуат, топырағына тартқаны болар, жаны жомарт, көңілі мәрт, қыран текті түлек екендігін жүріс-тұрысымен, ісімен, мінезімен, әзіл-қалжынымен дәлелдеп, халқына

қалтқысыз қызмет етіп, еліне адаптация мен еленгентін. Өмірден көргені де, үйренгені де, ойға түйгені де мол адам ретінде таныла білгені замандастарына жақсы аян.

Нұрқуаттың Семей жеріндегі студенттік өмірі де қызықты өтті деуге толық негіз бар. Ең әуелгісі, осындағы медицина институтына еш кедергісіз студент болып қабылданды. Болашағынан үлкен үміт күттіретін түлек екендігін осы институт қабырғасында жүріп көпшілікке аңғартты. Оқуымен бірге өнерін де шындалды. Өнерпаз жастарды жиыстырып, домбыра оркестрін үйымдастыруға жетекшілік етті. Күйшілердің шеберлігін шындауға бар ынта-жігерін жұмсады. Отыз үш күйді нотамен тартуды менгеріп, домбыра күмбірін үдете түскені де осы түс еді. Өнерлі жандарды жаңына жақын тартып жүргендігін сол кездегі құрбы-құрдастары жыр етіп баяндайды. Бұл да еңбегінің еш кетпегендігінің белгісі, өнегелі өмір өрнектері иірімдерінің ел есінде жүргендігі қандай жақсы. Ол да ләззат әрі үлкен ғанибет.

Нұрқуат мәртебелі мансап іздеп, жылы да жайлышқа құмартып, шенеуніктердің есігін қағып, табалдырығын тоздырған сәттері сирек. Қызметтегі өсу жолдары адаптация мен өнеркөзінің нәтижесі, мәндай терінің өтеуі. Ол қызметте біртіндеп сатылап өсіп, беделді маман, білікті басшы ретінде танылды. Әуелде, Семей медицина институтының хирургия факультетін бітіргеннен кейін Жаркент өніріндегі Сарыбел ауылындағы емдеуханасында дәрігер болып істеп, кейін осы участекелік аурухананы басқарды. Одан кейін Жаркент қаласындағы аудандық аурухананың бас дәрігерінің орынбасарлығы міндетіне жоғарылатылды. Мұнда өз жұмысын тындырымды атқарып, үйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен Нұрқуат Диқанбаев Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханасының бас дәрігерінің орынбасары етіп тағайындалды. Кейінгі 12 жыл бойы Қарабұлак кентіндегі Ескелді аудандық ауруханасын басқарды. Қай деңгейдегі қызмет міндеті жүктелсе де, адамға адам дос екендігін жылы қабағымен танытып, дәрігерлікке тән сыртқылықты, мәдениеттілікті, үстамдылықты, іске деген жауапкершілікті жоғары

сезінді. Өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоюшылық ұстанымының тізгінін тең ұстады. Ешкіммен беттің арын белге түйіп, табан тіреспеді. Айтысып-тартысуға бармады. Әркімнің өзінегін міндеттерін адалатқаруын зандаулық талап жүзінде сұраудан танбады.

Ұстазға шәкірт, шәкіртке ұстаз бола жүріп, көпшілік көңілін дәп басуға бейімділігін байқатты. Нұрқуат осылайша кішілік пен ізеттілікті, кісілік келбетін қалыптастыруды, беделін өсірді.

Мақсаткерлік, оған жету жолында табандылық таныту Нұрқуаттың бойына бала кезінен дарыған қасиет десе болатындағы еді. Нені істесе де, тыңдырымды атқаратын. Тиянақтылығы сүйсіндіретін. Соның нәтижесінде лауазымды қызметтерде жүріп, мәртебесі өсті, абыройы асқақтады.

Нұрқуат өз мамандығы дәрігерлік міндетін атқаруға аса жауапкершілікпен қарайтын. Науқастар жатқан палаталарды аралағанда әр адамның қасына барып, хал-жағдайын сұрап, тамырын ұстап, жүргегін тыңдайтын. «Сырқатыңыздың беті қайтқан сияқты. Енді тез айығасыз» деп көңілін сергітумен бірге, күтініп жүруге келелі кенесін беретін. Оның осындағы өнегелі істері басшылық тарапынан да жоғары бағаланды. Оған Панфилов аудындық медицина қызметкерлері үжымының алғыс хатындағы пікір дәлел. Онда: «Нұрқуат Жылкелдіұлы, Сіз 1965 жылы Семей медицина институтын бітірген соң, Панфилов ауданындағы Сарыбел учаскелік ауруханасына жолдамамен жұмысқа келіп, алғашқы күннен бастап, өз міндетінізді абыройлы атқаруға белсене кірістіңіз. Екі жылдан соң, Панфилов аудандық ауруханасына хирург-дәрігер қызметіне ауысып, кейін бас дәрігердің емдеу бөлімі жөніндегі орынбасары болып жоғарылатылдыңыз. Ауданда жұмыс істеген жылдарда денсаулық саласының жұмысын едәуір жақсартып, оны жаңаша жүргізуге үлкен үлес қостыңыз. Сіз өте қайырымды әрі қарапайым адамсыз. Адамдарға жанашырлық сезімталдықпен қарайсыз. Біз сізді күш-жігері мол, істі үйымдастыруға өте қабілетті басшы, кәсіби мамандықты жетік мәңгерген дәрігер деп білеміз.

Сонымен бірге мейірімді әке, үлкен-кішіге қамкоршы асыл азамат ретінде қадыр тұтамыз, аса құрметпен қарап, ілтипатпен сыйлаймыз» делінген.

Қағаз бетіне түсіріліп, өзіне салтанатты жағдайда тапсырылған алғыс хаттарындағы айтылған пікірлерден де Нұркуат еңбегіне ізгі ілтипат білдіріледі.

Ескелді ауданының әкімі Сұлтан Дүйсембіновтің хатында: «Сіз өз мамандығыңыздың күрделі де қын жолдарынан өтіп, ұзак жылдар бойы медицина саласында еңбек етіп, басшы қызметте істеп келе жатқан білікті мамансыз. Бұгінде сіз аудандағы ең үлкен дәрігерлік емхананы басқарып, тізгінін берік ұстап отырсыз. Адамға ең қажетті байлық - денсаулық болса, сол байлықты әр адамға сыйлауға құлшынып баққан білікті дәрігер еkenіңізді көрсетіп жүрсіз. Қарамағыңыздығы медицина қызметкерлерін әлеуметтік жағынан қорғауды, дәрігерлерді қолдауды, қыншылықта қол ұшын беруді, адами және рақымшылық, имандылық шарттары деп білетін пейілі кең жансыз. Тура айтатын сөзіңіз, жібектей мінезіңіз сіздің ешкімге ұқсамайтын даралығыңыздың белгісі. Сізге адалдық, шыншылдық, еңбекқорлық тән. Біз сізді нар жүгін арқалаған абзал азамат ретінде қадір тұтамыз», деп ізгі ниетін білдіреді. Ескелді аудандық «Отан» партия үйімі төрағасының орынбасары М. Тілеуберлінов: «Сіз еңбек жолыңызды қатардағы учаскелік дәрігерден бастап, аудандық аурухананың бас дәрігері - басшы қызметіне дейін көтеріліп, өміріңіздің 36 жылын ақ халатты абзал жан ретінде, қарапайым адамдарға шипалы өмірізді қолданып, Гиппократ антын бұлжытпай ақтап, қажырлы еңбегіңіздің нәтижесінде «СССР денсаулық сақтау ісінің үздігі» атанғаныңызды біз мақтан етеміз», - дейді.

Сондай-ақ, денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподагының Талдықорған филиалының төрағасы В.Г. Комлев жолдаған алғыс хатта да Нұркуат Жылкелдіұлының жемісті еңбегі, адамдарға тигізген шарапат жақсылығы, мейірімділігі мен кеңпейілділігі жоғары бағаланады.

Бұлар ұжымдар атынан айтылған ілтипатты жылы

лебіздер. Әрі Нұрқуаттың еңбегіне берілген әділ баға. Мұндай ақ тілекті, таза ниетті алғыс хаттардың қайсысын оқысаңыз да Нұрқуаттың жақсы жақтарын паш етіп, кіслік келбетін айшықтай түседі. «Халық айтса, қалт айтпайды» дегендей, көпшіліктің пікірі елі сыйлаған Нұрқуатқа деген құрметінің белгісі екені анық.

\* \* \*

Нұрқаут екі иығына екі кісі мінгендей кең кеуделі еңгезердей етженді денесі балуан келбетіне ұқсайтын. Мінезі ашық. Танысқан адамымен бірден сырласып, онымен етene араласып кету жағына икемділігі табиғи қасиетке тән тәрізді еді. Кісі сыйлай білетін. Өзі де құрметке бөленіп, еңсесін биік ұстайтын. Ақ құбаша келген, қызыл шырайлы жүзінен құлкі нұры төгіліп тұратын. Құлкісі де әдемі. Жөн-жосықсыз тарқылдалап құліп, қарқылдалап жатпайды. Езу тартып жымғанының өзі ерекше көрінетін. Қаттырақ құлсе, иіні бұлқілдеп, бар денесі қозғалысқа енетін. Артық құлкіге бой алдырмай, тез тежелетін. Шүйіркелесіп отырған ортаны құлкіге кенеп, әдемі өзіл мен қағытпалы қалжың айтуға шеберлігін, сөзге ұсталығын аңғартатын. Қысқа қайыратын тапқыр қалжынына құлақ түргендердің айызы қанғанша құлетін. Сөз арасында қалжың қисыны аңғарылса, оған жүйрік ойларын қосып, тапқыр тұжырыммен түйіндей қоятын да, тыңдаушысын риза ететін. Дастанқан басында жайдарлықтың нұрын себетін. Елпілдеп, еркіндеп отырып, әңгіме көрігін гuletетін. Төңірегіндегілерге ілтипатпен қарайтын. Өзін барынша сыпайы ұстайтын. Пікір айтушыларды, әңгімеге араласқандардың сөзін ықыласпен тыңдайтын. Сұрау түссе, қысқа жауап қайырып, түсінікті ой түйе қоятын.

Қазақта «Тау алыстаған сайын асқақтай түседі» деген қағидалы сөз бар. Осы бір ұғымы терең тұжырымды ой Нұрқуатты еске түсіреді. Оны өзгеше қырынан танып, кіслік келбетін кемелдендіре түсетіні анық. Нұкеңе ерекше бір біткен қасиет бар. Ол ағайын-туысқа, жақын жора-жолдасқа, үзенгілес жүрген замандасқа, қатар-құрбыларына тең қарайтын. Бәріне бірдей кеңпейілдік

танытып, кіршіксіз көңілін, ыстық ықыласын білдіріп, жомарт жүрегін айқара ашатын. Табалдырығын аттап кірген адамды жылы шыраймен, аңқылдаған ақ пейілімен құшақ жая қарсы алатын. Орнынан атып тұрып, қос қолын ұсынып: «О, құдаке, жоғары шығыңыз, төрге қарай озыңыз» деп бәйек болып, бауырына басатын. Әдемі әзіл-қалжыңын араластырып, ағынан жарылатын. Балаша қуанып, мәз болатын да қалатын. Шүйіркелесе әңгімелесіп, бар сырын алға жаятын. Нұрекенің адам қызығар және бір қасиеті, ешкімді жатырқамайтын. Үйіне кім келсе де, жайрандаған жылы жүзбен, он қабақпен қошеметін көрсетіп, жұбайы Күлпанға дастарқанын мол етіп жайғызатын. Өзі де көппен араласып, кісілерді арнайы шақырып, ортақтасып, дәм-тұз татуды ұнататын.

Нұрқуат ауызбірлікті, татулықты сақтайтын дәстүрге де берік те еді. Ағайындары мен туған-туыскандарына қамқорлық жасап, қолынан келген шарапатын, жақсылығын аямайтын. Ағасы Тұрғанбек тосыннан автокөлік оқиғасына ұрынып, екі аяғының сүйектері бытшыт сынған шақта үкідей ұшып, қанатымен су себепкен қарлығаштай күні-тұні тыным таппай жүгіргенін ағайын қалай ұмытады. Қажетті дәрі-дәрмектерін тауып беріп, сүйектердің бекіп-бітуіне қатысты шараның бәрін жасаған осы Нұрқуат-тын. Бұл да адамға жақсылық жасау жолында шаршап-шалдығуды білмейтіндігін дәлелдейтін кішкене ғана көріністің бірі. Ол алдына кім келсе, ол келсін, ешқайсысын беле-жармайтын. Әрқайсысының көңілінен шығуға, тек жақсылық шарапатын тигізуге ұмтылатын. Төңірегіне шуақ шашып жүретін. Жай жүрмейді, үзенгілестерінің, әріптестерінің жүрегіне сыпайы әзілмен жол тауып, сезімдерін сөзімен де, ісімен де оятып, жігерлендіретін, жылы ниетімен рухтандыратын, намысын қайрайтын.

Мінезі жаздай жайдары еді. Көңілдегісін бүкпесіз айтатын. Жүрегінің шарайнасынан тек шынайы шындықты ғана сезінетінсің. Көкірек сарайының кеңдігіне ешкім тен,

келмейтін. Періште тілекті ақ көңілділігі көуһардай кіршіксіз еді-ау. Нар тұлғалы Нұрекеңің жүрістүрьесінде, жылпың қимылында өзіндік ерекшелік бартын. Ауыр денесін женіл сезінетін. Іс-әрекетсіз бір орнында байыз тауып отыра алмайтын. Өзі қызмет ететін аурухананың қым-қуыт шаруасымен дамыл таппай шабатын. Кісі қолындағы қажетті заттарын алуға да ептілік танытатын. Оңайлықпен бас сұға алмайтын есіктерге де есебін тауып еніп, мәселесін оңтайлы шешетін. Сөзін нық айтатын. Нақты дәлел келтіретін. Қолмен қойғандай көз жеткізіп, сылтау айтып, сырғактайдынға сына қазатын сызат қалдырмайтын. Бұл тұрғыдан алғанда өзгелерден оқ бойы озықтығын таныта білетін. Адамдармен жақын жүріп, белгілі азаматтармен пікірлесіп, аралас-құралас жүретін сыйластықты ұнататын. Қызметте қатар жүріп, құрмет тұтатын азаматтар да, үзенгі жолдастары мен сырластары да Нұкенді қатты сыйлайтын. Әзілдері мен қалжындары жарасып, емен-жарқын өткізген қызықты құндер күнделігі әлі есте. Ол жадыда ұзақ сақталатын таусылmas жыр болып қала береді.

Думанды ортада болып, жайсан азаматтармен жиі араласатын. Талай қызметтегі лауазымы жоғары, беделі биік тұлғалармен де тілдесіп, дәмдес болып жүретін. Сондай бір мағналы өмірінің мәнді қыры мен көрінісін өзі жиі айтатын, еске алып отыратын. Ол былай қарасан, мактан үшін айтылмайды. Фибратты өнеге үйрену үшін қажетті сияқты екен де.

Нұрқуат Панфилов аудандық ауруханасында істейтін кезі. Бірде телефон шылдырлайды. Тұтқасын көтерсе Талдықорған облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Лұқпан Нұрғазинов. Амансаулықтан соң ол: - «Саған тапсырма бар. Министріміз Төрекелді Шарманов әйелін Жаркент-Арасан сауықтыру жайына алып барады. Қонақты күтіп ал. Қалғаның өзің білесің. Бұгін жиналыс. Ертең мен де жетемін. Оған дейін қонақты жалғызсыратып, назардан тыс қалдыра көрме»,

- дейді. Нұкең еш қиналмай: - «Құп болады, түсіндім. Бәрі орындалады», - деп жоғары жақ тапсырмасын мақұл алады. Нұкең республиканың денсаулық сактау министрін күтіп алғып, барлық жағдайын жасайды. Асусын, дәм-тұзын үйымдастырады. Елпен қағып, елгезектікпен, сергектікпен қызмет көрсеткен Нұрқуатқа министр Төрекелді де де іштей ризашылық білдіреді. Талдықорғаннан денсаулық сактау басқармасының бастығы Лұқпан Нұрғазинов келе сала Нұрқуаттан:

- Қонақты қалай қарсы алдың? Бабын тауып, жағдайын дұрыс жасадың ба? - дейді.

- Бәрі ойдағыдай болуы тиіс. Қабағы ашық, жүзі жайдары.

- Көніліне кіrbін түспесе дұрыс болды.

Нұрғазинов қонаққа сәлем беріп, аман-саулық сұрасқан соң, қалай тынығып жатқандығын білмек оймен:

- Дұрыс орналастыңыз ба? Жағдайыңыз жайлы ма? - дейді іштей сыр тартып.

- Мына жылпың жігітті қайдан тапқансың? - деп министр Нұрғазиновке бұрыла қарайды.

Ол мына Нұрқуат бірдемені бұлдірген екен-ау деген күдік ойына сап ете қалып, не дерін білмей тұтығады. Оның аяқ асты сасып, қысылғандығын сезген министр:

- Неге ойланып қалдың? Қандай адам екенін білмейсің бе? - деп қайталап сұрайды.

- Енді... Жөн-жосықты білетін еді. Сосын тапсырып едік, - деп, күбірлеп қипактайды. Бар ойын бір кінәраттықпен кірпияз көнілге дақ түсіріп қойды ма деген күдік шырмаған. Содан арыла алмай әлек. Нұрекене «не бұлдірдің» дегендей көз қығын тастайды.

- Айтқың келмесе, мені тыңда, - дейді министр. - Нұрқуат жанға шуақ нұрын себетін, көнілі бұлтсыз күндей ашық жігіт екен. Кешелі-бері оған көзім жетті. Өте жадыраңқы. Тауып сөйлейді. Тапқырлығына тәнті болдым. Әзілі де әдемі. Әз орнымен айтады. Езуге еріксіз құлқі үйіретін астарлы әзілдері қандай шырайлы. Осында жігіттері бар сен де бақыттысың, - деп Нұрқуаттың

арқасынан қағады. Сонда барып күпті көнілдегі күдігі сейіліп, терең құрсінген Нұрғазинов:

- Қандай жігіт дегеніңізге қарап, көніліңізден шықпай, бір нәрсе бұлдіріп қойды ма деп қипақтағаным рас, - деп шынын айтады.

Құрметті қонақты Сарыөзектен Алматыға қарай шығарып салады. Нұрқуат өз көлігіне қарай бұрыла беріп, қасындағы жолдастына:

- Шоң бастықты аттандырдық. Арқадан ауыр жүк түсті. Жеңілдендік қой. Ендігісін қойшы, - дейді. Оны естіген Нұрғазинов:

- Эй, Нұрқуат, министр шоң бастық, ал мен қандай бастықпын? - дейді.

Нұкең асып-саспай:

- Министр шоң болса, сіз жон бастықсыз ғой, - дейді.

- Қалай-қалай?

- Министр ең биігі, оның өріндегі дөңестеу жон сізсіз ғой. Біз үшін жон бастық шоң бастық қой, - дейді жарқылдай күліп.

- Эй, Нұрқуат-ай, сені сөзден сүріндіру де, не ұстауда қын-ау. Сынаптай сусисың, - деп, қатарына тұрыпты.

\* \* \*

Нұрқуаттың өзі тәрбиелеп, ұстаздық еткен жастарды былай қойғанда, үзенгілес жүріп, ауыр жүкті иықтаса көтеріскен дос-жарандары да жеткілікті. Солардың қатарында онжылдық мектеп қабырғасында жұп жазбай жүрген достары Әбен Тұтқабаев, Тұрлан Есімқұлов жоғары оқу орнында да бірге оқыған, сырлы да, жыры да бір қимас достары болса, Шаймерден Садықов, Асылбек Меніс, Раиса Баймұқашева, Тілеужан Закарин, Мандал Есенғараұлы, Илзат Албақов, Білім Сапаров, Бексұлтан Бабашұлы және басқалармен еңбектес әріптес ретінде сыйласып, сырласатын ниеті ортақ абзал жандарға балайды. Күнделікті тірлікте етене араласқан достары Қуаныш Бекеев, Қабдіреш Башеев, Виктор Ким, Самат Мырзахметов сияқты билік тізгінін ұстаған азаматтармен

шүйіркелесіп, ортанды әзіл-қалжыңмен күлкіге кенейтін еді. Балдыздары Тәңірберген, Тілеуберген, Қайырберген, бажалары Төлен, Ержан және басқалармен қағытпа қалжыңдары жарасып, ішек-сілелері қатқанша құлісіп, езулерін жимайтын шақтары-ай, шіркін. Нұрқуатпен шаттана шалқып, жаз күніндей шалқып, төңірегіне шапағат нұрын шашқандай емен-жарқын отыратын сондай сәтті шақтардың оралмасқа кетуі өкінішті-ақ. Өзі өнеге тұтқан, осы бір абзал жандардан үйренгені де мол. Алған тәлім-тәжірибесі мен тағылымды өнегесі де жетіп артылады. Жайсан жанның бас қосқандағы әзіл-қалжыңы аралас әңгімесін, болмыс-бітімін үлгі тұтып, сыйлайтын, өз әріптерін тең көріп, ақыл-кеңестерін айтатын.

Нұкеңнің әзіл-қалжыңдары жүргегінің кендігін, ниетінің дұрыстығын аңғартатын. Сыр жасырмай, барды ақтарып ортаға салатын. Кең, пейілділігінің көрінісі іспетті еді. Нұрқуаттың әзіл-қалжыңдарын көзі тірісінде толық жазып алсаң-ау, оны кейінгі үрпаққа жеткізсек-ау деген ой оралғанымен, асығыстық танытпай, жайбаракат жүре бергеніме бүгінде қайранмын. Кім ойлаған, нар тұлғалы адамды ауру жеңіп, алдына сап айдал кетеді-ау деген күдік еш уақытта еске кірмеген-тін. Арамызда жайрандал тірі жүре беретіндей көрінді-ау бізге. Сөйтсек, мандаға жазған несібесі ерте түгесілді ме, кенет бақылық дүниеге асыға аттанып кете барғанын естігенде мен-зен қүй кешіп, фәнидің жалғандығына көз жеткізгендей болған едік.

Нұрқуаттың балдәуренді балалық шағы Жаркент жерінің тәскейіндегі ауылында өтті. Ол кіндік қаны тамған жерді киелі топыраққа балап, төртқұл дүниенің жұмағына да айырбастағысы келмейтін қимас өлкесі - Жаркент жазирасы еді. Соңдығы болар, отыз жылдай туған жерден тыңқары Талдықорған өнірінде қызмет істеп, ел-жұрттымен етene араласып кеткенімен мәңгілік мекенінің топырағы осы Жаркент жерінен бұйырғанын қайтерсің. Бұл да туған жерге, елге деген ыстық ықыластың бір ниеті болар. Нұрқуаттың өзі де тіршілігінде кіндігін кесіп,

өсіп ержеткен жері мен еліне жиі баратын. Суан руының әулиеттүтар қадірменді дана бабасы Екейұлы Қожбамбет бидің жатқан жеріне тағзым етуді перзенттік парыз санайтын. Кіндік қаны тамған топыраққа жеткенше дегбірі қалмай, сағынышты сезімін алаулатып, аңқылдаپ табан тірегенше асығатын. Ағайын-туыстарын, жоражолдастарын аралап, сәлем беріп, аман-саулығын білгенше шыбын жаны байыз таппайтын. Құштарлығы алға жетелейтін. Соларды көріп, тілдесіп, сырласқанша мауқы да басылмайтын.

Нұрқуаттың өзіндік мінезі бар-тын. Ешкімге үқсай да бермейтін. Тіке қарап, турасын айтатын. Қандай жағдайда болсын, ойна келгенін бүкпесіз актаратын. Бетің бар, жүзің бар деп тайсақтамайтын. Ойлағанын ортаға ашық салатын. Оны алғаш естіген адам: «Мұнысы несі? Осылай да сөйлей бере ме?» деп кәдімгідей реніш білдіріп, іштей өкпелеп, үнсіз тынып, теріс бұрылып қала беретін едік. Артықтау сөйлегенін өзі де сезініп, артынша қалжынға айналдырып, байқамағандық кінәсін жуыпшайып, көніл қыбын қилюастыруға қарай бет бұратын. Енді, міне, ондай батыл сөз айтып, әзіл-қалжынды естудің өзіне зар болып қалдық. Бүгінде сананы билеген сағыныш сезімі ой тұнығын сапырып, әдемі әзілдерді аңсайтынымыз бар.

\* \* \*

Семей өнірінде оқып жүргенде Нұрқуат өзіне аяулы жар таңдады. Жүрек қалауымен екеуі тағдыр тоғыстырды. Педагогика институтында оқитын Нұрғалиқызы Құлпанды бақыт құсына балап, қолына қондырды. Қол үстасқан жас жұбайлар Жаркент еліне оралып, Нұрқуат дәрігер болып, Құлпан мектепке үстаздыққа орналасты. Жас мамандар еңбекке құлшына кірісті. Ел-жүртпен етене араласты. Құлпан өзі аттаған ақ босағаның қадірлі келініне айналды. Бір үйде - аядай екі бөлмеде он шақты жан қысылып-қымтырылып тұрғанымен, кейістік кейіп сездірmedі. Барын базарлады. Жоғына тарықпады. Отбасының берекесін, ауызбірлігін

сақтап, алтын босағалы шаңырақтың тұтінін түзу шығаруға жәрдемдесіп, беделін көкке көтеруге септесіп, ағайын пейілінің ыңғайына жығылып, ыңғайсызын сыртқа шығармай, ішке бүгіп, татулық туын тік әрі бекем ұстауға бекінді. Аналық парызына, келіндік міндетіне кергімей, адалдықпен атқаруға шынайы ықыласпен кірісті. Сондығы болар, Құлпанның қадірі мен беделі артты. Ерінің қадір-қасиетін бағалап, аялай білді. Абырой-атағына дақ түсірмеуге тырысты. Нұрқуаттың өзімен қоса шұбатып ертіп келіп, думандатып, әңгіме-дүкен құратын достарын қабақ шытпай күтіп, зыр жүгіретін. Дастанқанын жаятын. Нұрқуаттың да күнделікті күйбені көп тіршіліктің қамқарекетіне алансыз кірісіп, белсенді қызмет еткені де осы асыл жарының арқасы екендігін Нұкеңнің өзі де мойындал, ризашылық білдіріп отыратын. Нұрқуат пен Құлпан ұл-қызы өсіріп, тәрбиеледі. Ұлын ұяға қондырып, қызын қияға ұшырды. Бәрі де өмірден құтты орындарын тауып, заман ағымына лайық қызмет-тірліктерін істеп жүр. Мұның бәрі Нұрқуат пен Құлпанның адалдықты, ақжарқындықты мұрат тұтқан абзал жандар екендігін дәлелдей түсетін шынайы көріністер.

# ТЕГІНЕ ТАРТҚАН ТАРЛАН

Көркем ойдың данагөйі Жүсіп Баласағұн: «Кісіге екі дүниеде бірдей пайдалы үш нәрсе бар: біріншісі – іс пен әзиз мінезділік, екіншісі – ұят, үшіншісі - әділдік. Адам сол үшеуі арқылы бақыт табады» деп жазған екен. Осы бір қанатты қағида Қабдіреш Жұманұлы Ба-шевеке қаратып айтқан іспетті көрінеді де тұрады. «Неге?» десеніз, данагөй айтқан үш қасиетте Қаб-дірештің тұлғасына тән. Оның бойына іскерлік қабілет дарыған. Ол көркем де жайдары мінезбен астарланғандықтан парасаттылығы да жеткілікті. Арын ардақтап, намысын қорғайтын Қабдіреш ел алдында ұятқа қалмау жағын кеңінен ойлайды. Адаспаудың амалын андап, ақырын жүріп, анық басуға бой үйреткен. Осындай кіслік қасиеті бар адам, ешкімнің де ала жібін аттамасы анық. Оның түп тамыры әділдікпен әдіптелген.



«Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, Алтай мен Тарбағатайдың көрікті табиғатынан, құнарлы топырағынан нәр алған Қабдірештің тума болмыс-бітімі жайсандықтан, дархандықтан жарапған. Батыр да балуан тұлғасы мен келісімді келбеті ар-ұятың құрышынан



құйылған деуге лайық. Сонысына орай кәсіби мамандығы инженерліктің қыр-сырын жетік меңгерген, саладағы барлық техникалық-материалдық жабдықтармен қаржылық бағыттағы тәсілдерді де терең игерген тәжірибелі маман, өзіндік ойлары мен толғамы бар азамат.

Адам да тегіне тартып туады, көрген өнегесімен нәрленіп өседі. Әкесі Башеұлы Жұман жасынан еңбекпен есейген, жылқы өсіріп, құрық ұстаған. Көпке қолғабыс беріп, қамкоршы болған. Шешесі Қарлыға Мәмиқызы текті ортада тәрбиеленеді. Әкесі Мәми шаруашылық басқарған. Бірақ солақай саясат кезінде нақақ жаланың, құрбаны болған. «Халық жауы» деп айыпталып, ұсталып кеткен. Артында үш үл, екі қыз жетім қалған. Үбірлішүбірлі балаларын тәрбиелеп, ер жеткізген Қарлыға да адаптация мен көпке шарапатын тигізген абзал жан ретінде ауыл-аймағына танылған ана.

Өмірдің қындығын көп көрген Қабдіреш Бұқтырма өзенінің бойындағы Шыңғыстай ауылындағы 1907 жылы Әбдікерім болыс салдырған іргелі әрі үлкен білім ордасында оқиды. Орта мектепті үздік бітірген соң, жастық жалыны алаулап, албырт жүрегі алып-ұшқан өндірдей жас жігіт Өскемен жол құрылышы институтының табалдырығын имене аттап, құжаттарын тапсырады. Таңдаған мамандығы - автокөлік техникасының инженері кәсібін игеру. Емтихандарға «тұн қатып, тұс қашырып» дегендегі, жатпай-тұрмай әзірленеді. Соның нәтижесінде қиналмай студенттер құрамына ілігіп кетеді. Жоғарғы оку орнының қабырғасында сабағын жақсы үлгерумен бірге қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Қолына диплом алғаннан кейін, өзінің таңдауы бойынша, Талдықорған қаласындағы автокөлік кәсіпорнына жолдама алады. Әдепкі еңбек жолын аға инженерліктен бастайды. Кәсіпорынға жұмысқа кіріскең алғашқы күннен іскерлік пен қабілеттілік бейімін танытып, үйымдастыруышылық ісінде жақсы қырын көрсете білген Қабдіреш №1 автокөліктерді пайдалану кәсіпорнының бөлім бастығы қызметіне жоғарылатады. Кейін бас инженерліктің міндеті жүктеледі.

Қатардағы инженерліктен басталған еңбек жолының баспалдықтары жыл өткен сайын биіктеп, талабы таудай жас маман шұғыласы шұрайлы өлкеге жол тартады. 1980

жылғы қыркүйек айында, жүгері дақылын жинау науқаны кезінде, жиырма сегіздегі маман Жаркентке қызмет ауыстырады. Іргелі «Автовнешстрой» кәсіпорнына директор болып тағайындалады. Бұл кезең ең қын шақ еді. Жаркент жерінің жүгерісі ұшан-теңіз. Пісіп тұр. Үсырапсыз тездетіп жинау міндетті. Қым-қуыт қарбалас көбейген. Автокөлік жетіспейді. Барының өзі мәз емес. Бірі жүрсе, екіншісі тұрады. Қосалқы бөлшектер де тапши.

Қабдіреш қатты қиналады. Күн-тұн демей іске білек сыбанып кірісті дерсің. Аңыздан қырманға, қырманнан қоймаға өнімді тасымалдауға қатысатын қисапсыз көп автокөліктерді техникалық жағынан жүріп-тұруын қамтамасыз ету үшін тыным таппады. Кәсіпорын жұмысы жаңаша құрылды. Техниканы тиімді пайдаланудың тәсілдерімен жақсы жаңалықтар жұмыс жүйесінде кеңінен қолданысқа енгізілді. Адамдардың іскерлік қабілетіне, тұрмыстық жағдайына, ішкі жан дүниесіне үңіліп, қажеттерін қанағаттандыруға ден қойды. Жүргізушілер ынталанды. Техника біткен әзірлік сапына қатар тұзеді. Жалындаған жастық жігерін аямай жұмсаған Қабдіреш өз бастамасымен атқарған игі істерінің нәтижесінде ойдан-қырдан автокөлік жинастырып, аласапыран күйге түсетін беймазалық әрекетке бөгеу қойылады. Іс те онға басып, ырысты табыстың кірісі көбейеді. Бұрын зиянмен жұмыс істеп келген экономикасы төмен әлсіз кәсіпорын ізденіспен, тиімділікпен ширақ жұмыс істеуінің нәтижесінде қым-қиғаш қауырт науқан – жүгері жинаудың қын кезеңінен сүрінбей өтті. Ерінбей өнімді жұмыс жасап, кәсіпорын тиімділігін арттырғанымен іштей арпалыс, түсініспестік тайталас, қат-қабат қындықтар, қылыш-қылыштықтар есте қалды.

Әр ісін байсалдылықпен байыптап, алға ой көзін жүгіртіп, нақты қорытынды жасайтын Қабдіреш қындықтан қиналыссыз шыққанын жаркенттік жүгерішілер ризалық білдірісті. Қабдіреш құрметке бөленеді. Іскерлігін аудан мойындады. Сондағы болар Қабдіреш Талдықорғанға жолаушыларды тасымалдау бірлестігіне қызмет бабымен ауысқан тұста онымен аудан басшылары қимай қоштасып, ісіне сәттілік тілегенді. «Көп тілегі көл» дегендей, жаңа жұмыс орнында да бірлестіктің бас инженерлік міндеттін абырайлы

атқарады. Кәсіпорын ірілендіріліп біріктірілген тұста жолаушылар мен жүк тасымалдау кәсіпорын бірлестігі бастығының орынбасары болып тағайындалды. Кейін бірлестік екіге бөлінеді. Соның бір саласы болып қайта құрылған жолаушыларды тасымалдау бірлестігі кәсіпорынның бастығы болып бекітіледі. 2000 жылдан бері «Желмая» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры болып істеп келеді. Жауапкершілігі жоғары міндетті мінсіз атқаруымен жүршылық құрметіне бөлөнген басшының еңсесі биік, абыройы асқақ екендігі көпке мәлім.

Осындай еңбеккор азамат Қабдіреш Жұманұлымен танысып-білісіп, достық сыйластықпен араласқаннан бергі уақыт ішінде байқағанымыз, бірқалыпты қарым-қатынасынан ауытқымайтындығы.

Адами қасиетімен ерекшеленген, сыйластығы жарасқан, достық парызын абыроймен өтейтін, өзара қарым-қатынасын үзбей, ақ ниетімен, шын көнілімен араласатын достықтың дәнекерлі дәстүрін берік ұстаудан танған емес. Ол жүртшылыққа еліне сінірген еңбегімен, қоғамға қосқан үлесімен танылған болса, отбасында әкелік парызын перзенттері алдында абыройлы атқаруды мұрат тұтқан, осы жолда балаларынан барын аямай, олардың өз замандастары арасында сыйлы, беделді азамат болып қалыптасуына толық жағдай жасап жүрген өнегелі отағасы. Әuletіне қадірлі жан саналса, достарына деген ниеті мен ықыласы тіptен тұзу. Адал ниетіне қарай жүрген ортасында сыйлы, достыққа беріктігін дәлелдейтін түщымды істері де жеткілікті.

Нар тұлғасына сай зорайып шығатын дауысы, өркөкіректеу көрінетін кейпі, еңсесін тік ұстап, жадырап, жарқылдап, қырқылдап сөйлегенде тасқын селдей екпіндей түсетіндігі батыр сыңды келбетіне сай келіп, жарастық тауып жатады. Қашан, қай уақытта кездессенде, аңқылдап ашық сөйлесіп, айқын-жарқын әңгіме көрігін қыздыра түсетін ұстанымынан әсте тайқымайды. Білгірмін, білімдімін деп кеуде керетіндердің көбінен көш ілгері. Жөпшендіні шенденестіре қоймайды. Оқығаны мен тоқығанының молдығын байқатып, әңгіме желісін жазса, көсіле ағытылады. Жаңаны жатқа айтса, ескіге де жүйріктігін аңғартады. Қызды-қыза келе, кіндік қаны

тамған Алтай өніріне ойысса, елім деп соққан ғазиз жүрегі елжіреп, аймағына деген кіршіксіз ақ махаббатын егіл-тегіл актаруға әрдайым өзір.

Осы Қабдірешпен алғашқы танысқан сәттен бастап етene араласып, бір-бірімізді жақын тартып, бауырласып, құшақ аша қауышып кетуімізге не себеп болды десек, жауабы дайын. Ең әуелгісі – достық пейілінің кеңдігі. Ешкімді алалап, бөле-жармайтын жайсан мінезінің жайдарлылығымен қоса Қабдірештің өзгеге үқсамас өзіндік қасиеті де баршылық. Нысана еткен бет-бағдары, көзқарасы айқын. Ойлаған ойын нақты айтады. «Олай емес қой» деп шатастыра қою да қын. Ошарылып та қалмайды. Әрдайым өзі аралас-құралас жүрген дос-жарандарының адами қасиеттерін әңгімеге арқау етіп, үлгі тұтып, өнеге алуға үнделп отырады. Әркімнің дара таланттынан табиғатын, кісілік қадір-қасиетін, өзіндік кескін-келбетін кескіндейтін ойларын ашып көрсетеді. Кейбірінің оғаш қылышын, берекесіздігін, жек көретін әрекеті арқылы түйсігіне түйгенін ешбір көлгірсусіз жеткізіп, бетке айтады. Біrbеткейлік қайсарлығынан айнымайды.

Бұгінгі заманғы тірлік пен елдің ертеңгі келешегі жайында да ой тоғыстырады. Шындықты шынайы қалпында шырқын бұзбай жеткізуғе ынтыға тебіренген тұста шалымдыға шалдырмай шалқып кететіні де бар. Сыбайлас жемқорлардың кең құлқынын бітеп, үнін өшіруге айла-тәсілдердің дәрменсіздігіне налиды. Саяси ортаның сылбырлылығына, солақайларға соққы берудегі әрекеттерінің әлсіздігіне бас шайқап, қайран қалатын сәттері де жи. Былайша алып қарағанда, Қабдірештің ағынан жарылып айтатын сырды мен шыны, адалдық пен тазалықтың жоқтығына бұгінгі қоғамдық өмірде көрініс беріп жатқан берекесіздікке күйінеді.

Пайымдаулары мен тұжырымды ой түйіндері көкейге қона тындықтан да іштей келісіп, үнсіз иек қағып, емеурін білдіруден әрі аспай қала беретін жайымыз бар. Ойларының тағылым болар, тәлімдікке татыр тұстарының ұстанымының нықтылығы мен мықтылығы артық сөз айтуға мұрша бермейді. Баспадан шыққан әдеби, ғылыми, тарихи туындыларды көп оқиды. Оқығанын жадына мықтап тоқиды. Сол себепті де, деректердің нақтылығына жүгінеді. Тыңдарманының

көкірек көзін қанықтырады. Ойдың көюжиегінің кеңістігін кеңейтеді.

– Қоғамда сыйбайлас жемқорлар жеткілікті, – дейді Қабдіреш өзара пікір алыса қалсаң. – Olsen төмпештеп, балталаған сайын өрши түсетін, тамыры тереңге жайылған дертке айналып барады. Батпандал кірген кеселді, мысқалдап шығару оңайға түспейтін тәрізді. Себебі, жемқорлыққа бой үйреткендердің көбісі мемлекеттік қызметкерлер мен құқық қорғау органдарының тіс қақты әккілері. Олар қарапайым халықтың қамын ойлаудан гөрі өз құлқынының құдығын тығындауға бейім. Лауазымды қызметке қабылданатындар тамыр-таныстық жүйемен жүргізіледі. Бұл берік қалыптасқан әдет.

Осылайша жең үшінан жалғасып жатқандар бірін-бірі қорғаштайды. Қашан абайсызда әшкереленіп, масқарасы шыққанша дес бермейді. Құрықталған күннің өзінде құтылып кетулері оңай. Су жүқпайды. Ұқит-сұқит деп жымысқының әрекеті түк болмаған тәрізді су жылан басындей жылмаң қағады. Осындағы тәсілмен жемқорлықты жоямыз деу әлсіз әрекет. Егерде жемқорлықтан құтыламыз, адамдық арымызды таза ұстаймыз десек, елдегі саяси жүйені ретке келтіру керек.

Әкімқараларды тізіммен, таныстық жолмен емес, халықтың өзі сайлайтын болса, әркім-ақ ойланады. Халық алдындағы жауапкершілікті терең сезінеді. Арамзалыққа баруға батылы жетпейді. Айылын жияды. Ақырын жүріп, анық басуға дағыланады. Олай болмаған жағдайда, ішіп қойды, жеп қойды деген әңгіме таусылмайды.

Табанынан ыстығы өткен Алтай, Тарбағатай тәрізді торқалы топырақты киелі алқабының көркем табиғатын, ескерткіш тұтардай әр тасы мен бұтасын, өзені мен айдынды шалқарын мүсіндең суреттегенде, ондағы адамдардың абыройын асқақтатып, көкке көтере әңгімелегенде Қабдірешке қарадай сүйсінесің. Айыз қандырады. Бұқтырма аймағының табиғи ғажап көркін тілге тиек еткенде, шалқи сөйлейді-ай кеп. Жыр ғып төгеді, сыр ғып емеді. Айтқыштығына, білгірлігіне қызығамыз. «Бұл бәтір осының бәрін көкейіне қалай тоқыған» деп тамсана таңдай қағып, қайран қалатынымыз бар.

Қабдірештің Тарбағатай табиғатын майын тамызып тамсандыра мактағанда Алтайға қарай құдере көшіп, асу асып кеткіміз де келеді. Кербұғыларын үйірісіп, бұлақты өзендерінің сарқырамаларын тамашалап тұрғандай әсерге бөлейді.

Әркімнің туған жері, өскен елі бар ғой. Бірақ дәл Қабдірештей ешкім де көсіліп сөйлеп, іңкәрлік сезімін тұщындыра алмасы кәміл. Оның кіндік қаны тамған топырағы Алтай алқабындағы Катонқарағай аймағындағы Ақсу ауылы. Күншығыс өлкенің бар асылын, бар байлығын, жанарды жаулайтын табиғи сұлулығын өн бойына молынан дарытқан ғажайып өнір. Асқар-асқар таулары мен асу-асу белдері қандай. Ақ балтыр ару қайыңы мен көк тіреген қайсар қарағайларының зәулімдігі сондай, ұшар басына қарасан, басындағы бөркің түседі. Таңы да арайлы. Ертөңгіліктे алқызыл нұры ақ бас таулары мен бүйраланған ормандарын аймалап құшса, бозала таң қылан bere бастағаннан бозторғайлары сайрайды. Төңіректен құс біткен дүркірек оянып, кен дүниені әсем әуезді үн кернейді. Ақжалды асау толқынын аспанға ата аласұрған Бұқтырма сарыны да бір тынбайды. Тұс әлетіне таман суатқа құлаған марал үйірінің дүбірі мен кермиық кербез еліктерін көрудің өзі бір ғажап. Бір-бірімен мінгесіп-ұштасқан асқақ Алтайдың жақпар тастары мен құзар шыңдарының қолтық-қойнаулары мен заңғарлы аңғарларының тарихы өзінше бір таусылmas шежірекір. Тау етегінде тұрып кеуде кере айқайладап көрсөң бар ғой, шың-құздар үнінді іліп әкетіп, қайталап жаңғырықтыра түседі. Шөптері де шырынды. Сан алуан гүлдер араласа өскен жасыл шалғыннан ат омыраулатып жүре алмайсың. Заңғарлы тау аңғарларынан сарқырай аққан бұлақтар мен қайнарлар қаншама. Олардың кәусар сұы бал татиды. Қалың, шөп арасында жыптырай өскен қып-қызыл бұжыр бұлдірген мен таңқурай жемістерін таңдайыңызға салып талмасаңыз, ерекше бір тіл үйірген шырынды дәммен ораза ашқандай тамсанасыз. Жазиралы жазықтың келбетіне қызықтай қарап, балқарағай шайырлы өсімдіктердің жұпар иісі жайлаған таза ауасын жұтқан адамда арман жок-ау, шіркін.

Әрі қарай актарыла, көсіле сөйлеген Қабдірештің

әңгімесін сілекейімізді ағыза тыңдал, тағатымызды тауыса бастаған тұста:

– Қабеке-ау, өлкенізді өлердей мақтай бергенше, сәтін түсіріп бізге де көрсетпейсіз бе? – дейміз ғой сөз арасына қыстырылып.

– Айтсаңыздар болды. Ол да ойда жүрген шаруа. Тек тіршілік күйбенімен уақыттың қалай зымырап өтіп жатқанын аңғармай, қолайлы кезеңді өткізіп алатынымыз ғана қолбайлау. Әйтпесе бәрі бар. Мүмкіндік те жетеді. Тек бәріміз келісіп, бір уақытты белгілейікші, – деп жік-жапар болып, тілекке тілек қоса келіп:

– Алтайдың ауасын құмарта жұтатын күнге дейін кермаралының мүйізінен жақында ғана алынған қарақошқыл қанынан дәм татыңыздар, – деп жүз грамдық стаканды мөлтілдете ұсынады. – Ал мынау майлы балық тек Бұқтырмада ғана өседі. Жеп көрініздер, бал татиды. Тіл үйірген дәмі ауыздан кетпейді, – деп тұздалып шала кептірілген балық кеспелерін алға қояды. Бізде қарап отырмай әзілді қалжыңға ұластырып:

– Алтайдың асқақ тауындаи балуан тұлғалы дененіді тік ұстап, екі иығыңа екі кісі мінетіндей жалпақ жауырынды, емендей бойшаң өскендігіңің сырын енді ұқтық. Алтайдың бар дәмдісін жеп, таза ауасын сімірген адам екендігің түр-әлпетіңнен көрініп түр, – дейміз ғой баяғы әңгіме желісін әдемі әзілге ойыстырып. Қабдіреш те еш іркілмей:

– Жері мен тегіне тартып туғандар еліне тұтқа болатындығы тарихтан белгілі. Бізде құралақан емеспіз, жетістігіміз бен желпінуге жарайды. Олай дейтінім, менің жерлестерімнің арасында елге танымалдар өте көп. Уақыттымызды алды деменіздер, тездетіп атап өтейін. Елімізге белгілі көрнекі ғалымдар Сәрсен Аманжолов, ағалы-інілі Баламер мен Ермек Сахариевтер мен туған жердің түлектері. Қаламгерлер қауымынан Қалихан Үсқақов, Оралхан Бекеев, Дидахмет Әшімханұлы, Әлібек Асқаров сынды жерлестерімнің шығармашылық еңбектерін жоғары бағалаймын.

– Бәсе, тәгілдіріп сөйлегендे Оралханнан кем түспейсің. Тегіне тартқан тарлан тұяқ екендігінді енді

білдік, – дейміз сүйсінгенімізді риясыз алға жайып.

– Оралханға теңесу қайда. Ол ерекше талант иесі. Iрі суреткер. Оның сөз саптасы ешкімге ұқсамайды. Төгілдіріп жазып, шынайы сезімнің тұнғиғының тереңіне жетелейтін зерде-зейіні тым зерек, асқақ мінезді қалагер ғой. Толғаныстан туындаған шығармалары өршілдікке, өткірлікке жетелейді. Ойлары отты, жалынды. Сағынышқа, аялы арманға толы лирикалық туындыларын оқыған сайын оқибергің келеді. Оның несінайта берейін. Сіздерге де жақсы аян шығар, – деп жазушы жайлы ой толғаған Қабдіреш әңгіме ұшын өзіңе тірейді. Ой тастап, парасатты пайымдауға бағыт сілтейді. Онысы «Оралхан Бекейдің шығармаларын мен оқып қана қоямын ба, сіздер де парактап, зергерлі сөздің ләззатты шырынын татыңыздар, әдебиеттен нәр алыңыздар» дегенге саятынын іштей ұғынамыз.

Жаңарлы көздері отты. Кім болса да жасқанбай, қадалып қарайды. Зейін қоя тыңдайды, бұйралау қалың шашы мен тобылғы ренде өні де өзін ажарландырып тұрады. Қонақтар арасында отырып әңгімеге кірісп кетсе, көмейін бұлкілдетіп, аузын толтырып, оқып білгенін, естіп-көргенін тыңдарман құлаққа жеткізуғе ынталы. Асып төгіліп, ағынан жарылып, ақтарыла сөйлейді.

Білмейтіні жоқ. Қай тақырып қозғалсын, бәріне еркін араласады. Араласып қана қоймайды, білгірлігін танытады. Сол арқылы тыңдаушысын да баурап алады. Аңқылдап, жарқылдап шығатын кең тынысты үнінде де адамдағы баурайтын жылылық бар. Тарихи деректерден, әлемдегі кереметтерден, небір ғажайыптардан түйдектетіп ой түйіп, нақтылықты қолмен қойғандай етіп төгілдіре сөйлегенде дарынды әрі оқымысты деген ғалымдарың да теңдесе алмайтын шығар деп ой түйесің. Оған таңдана, қызыға қарайтынымыз шындық. Үйіндегі бір бөлменің қабырғасына қаланған кітап сөресіндегі туындыларды түгелдей парактап, оқып шыққанына, оқығанын санасына берік тоқығанына көз жеткізгендей боласың. Шындығы солай, Қабдіреш әдебиетпен, әншілік өнермен біте қайнасып қана қоймай, өзінің рухани әлемінің кеңістігін, өзіндік өрнегімен көріктендіре білген азамат. Оның бойына жинаған рухани қазынасы сарқылmas байлық. Әрдайым

толығып, кемелденіп, жаңару арқылы айналасын әсерлі әңгіме шуағымен нұрландырып, шалқар дауысымен көкке қанат қағатын әндерімен тыңдарманын сүйсіндіре беретіні көміл.

Надандық жаман қасиет. Оның тұп тамыры да терең. Адамды жек көрінішті ететін нәрсе адамдық пен тоғышарлық, дүниекүмарлыққа салынып, тасбауырлыққа ұрыну, бос мақтанға беріліп, жалған сөйлеп, тоғышарлық топастық таныту - адамға жат әдеттер. Әрине, кейбіреулер қаншалықты жат қылық екенін біле тұра, барады. Өркөкіректікке салынып, кеуде кереді. Ал Қабдіреш болса, ондай жағымпаз әдеттен бойын аулак ұстайды. Жағымпаздыққа бой үйретпеген. Тек әділеттікке жүгінеді. Ондай қасиетін оның төнірегінде жүргендер жақсы біледі.

Қабдірештің жүйелі сөзі ойлы адамның ғана көкірегіне сәуле түсіреді. Оған ұлттық сана, ұлттық мінез, ұлттық табиғат тән. Осы төніректе әңгіме өрбітсе, талғамы ерек тұлғаның тұрпатын танытады. Ауқымы кең мәселе жайлы айтқаны тыңдаушысын он ойлантып, мың толғантады. Халықтық болмысты танып, ұлттық салт пен дәстүрін, әдет-ғұрпын, ежелден қалыптасқан тілін, ділін, дінін, өнер мен мәдениет үрдісін бүгінгі ұрпақ бойына сіңіру жайлы пікірлері мен пайымдаулары көңілге қонымды. Халықтық үрдістің ұлтымызға тән қасиеттері қалтарыста қалып, келешек ұрпақ мәңгүрттікке ұрынама деп аландайды. Өзекті өртейтін күйбің тірлікпен қайда барамыз? Бұғаулық құлдықтың шыңжырын қашан үземіз? Қасіретті қайғыдан құтылудың жолы қайсы? Осы тәріздес мәселелер жүректі шымырлатып, атша тулатады.. Бәрі орынды ой. Аңсаған арман. Сол себепті де, ойланасың, еріксіз пәтуаласасың.

«Досың мың болса да аз, дұшпаның біреу болса да көп» деген қағиданы берік ұстанады. Жалғыз ағаштың орман болмайтынын, жалғыз жігіттің қорған болмайтынын айтып, «елге танылған ер болам десен, етек-женің кең, алдың ашық, көңілің мәрт болғаны жөн» дегенді де әңгіме арасына сынадай қағатын азамат.

Мұнысы жай сөз емес, нақты дәлелін жүрген жерінен, істеген ісінен, қарым-қатынас жасап, ынтымағы жарасқан достарына деген ықылас-пейілінен анық

аңғарасын. Кісілік пен кішіліктің келбетін айнадан көргендей әсерге бөлөнесіз. Шенгелдідегі мал шаруашылығында істейтін Уәлихан Канафин, бірге оқыған тұрғыласы Шаяхмет, дәрігер Жақыпбай Ақшалов, техника саласының маманы, әріптесі Закир Хизиров құшак қауыштыра қарсы алатын ет жақын адамдары. Сыйластығы жарасып, дастарқан басында жиі-жіе бас қосатын Қуаныш Бекеұлы, Нұрқуат Жылкелдіұлы, Виктор Ким, Самат Мырзахметұлы және басқалар сырды да, жыры да бірдей көрінетін замандас достары. Көпшіл, қоғамшыл Қабдіреш жанына жақын тартып, бауырына басып, сыйласып жүргенді ұнатады. Ол көрші Қытай еліне барып жүрген әр сапарында жаңа дос тауып келеді. Жай тауып қана қоймайды, туыстай бауырына басып, ак ордасының төріне отырғызып, жақын жолдас-жораларымен қауыштыра да біледі. Сондай азаматтың бірі Сапарбайұлы Қайратпен, оның отбасымен етene араласып кетуі ешкімді де бөтенсінбейтіндігінің, керісінше жақсы көріп, көпшілдігін танытатындығының дәлелі. Қайрат қарымды, дарынды азамат. Пекиннің жоғары партия мектебін бітірген. Әдебиетші. Әңгімешіл. Дүниетанымы жан-жақты. Осы Қайратпен туысындағы сыйласады. Бұл Алланың адал ниетті үмбетіне ғана тән үлгі тұтарлық кісілік қасиет деуге лайық іс.

Қабдірештің әңгімешілдігі өз алдына, тамылжыта ән салғанын көрсөніз. Құлақ құрышын қандырады. Үні де ерен, тынысы кең. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әндерді шырқағанда тыңдарманың қатты тебірентеді. Құлақтан кіріп, бойға дарыған зор дауыс көкке қалықтағанда көнілің шарықтап самғайды. Оны тындалап отырып.

– Темір тетігін түгендейтін кәсіпті игергенше, өнер жолына түссе, Ермек Серкебаевты басып озбаса да, иық тәңестіріп жүретін белгілі әртіс болар еді-ау. Сахналық өнерді қалайша таңдамадыныз. Жұлдызы жоғарыда жарқырағандардың қатарында жүріп, үлкен қошеметке бөлөнер едіңіз, – деп ішке бүккен пәндешілік пікірімізді сыртқа шығаратынымыз бар өзімізше. Оған Қабдіреш:

– Өуелгі нәсіп өнерден емес, темір тетігін менгерген инженерлік кәсіптен бұйырыпты. Сол тірлікті күйттеп, тырбандағанда жүрміз, соған шүкіршілік. «Жазмыштан озмыш

жоқ» деген қағида ұстанымы осы болар, - дейді де қояды.

Ата-анадан үйренген үлгі-өнегесін өрбітіп, отбасының құт берекесін кіргізіп, әuletтің өркенін өсіріп, ұрпағын жалғастырған асыл жары Жазира да Қабдірештің өзіне лайық жүзіне құлқі үйірілген, ақ пейіл жан. Жоғары оқу орнында бірге оқыған, құрылыш инженері-экономисті мамандығын игерген Алтайдың қызғалдақтай құлпырған аруы Жазирамен тағдыр қосып, шаңырақ көтергелі бәйтеректей жапырақ жайып, ұлағатты ұрпақ өсіріп, оларды тәрбиелеп, оқытып, бір-бір мамандықтың иелері атандырып отыр. Алғашқы көз қуанышына айналған ұлы Дәulet әке жолын қуған өрен. Автокөлік техникасының инженері.

Ләйла есімді қызы екі бірдей мамандықтың иесі. Талдықорғандағы Ілияс Жансұғіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Одан кейін Д. Қонаев атындағы университетте оқып, заңгерлік білім алған. Қазір Астанада еңбек етеді. Кіші қызы Зәуре Қазақ университетін бітірген. «Казкоммерцбанкте» бөлім бастығы болып істейді.

Осынау ұрпақтарынан өрбіген немерелерінің атасы мен әжесі. Қытайдың Үрімші қаласындағы қытай тілінде оқытатын мектепке орналастырған немересі Айгерімнің хал-жағдайын телефонмен күн аралата сұрап-біліп, мазасызданатын, байыз таппайтын сәттері де жи. Қайтсін, немере ыстық қой. Істегі үлгісі мен отбасындағы өнегесін бір-бірімен қабыстырып, адами кіслік қасиетті қастерлеген. Қабдіреш пен Жазираның кіршіксіз көңілдері таза ниеті ақ дастарқанына құт-береке болып молынан дарыған. Қос жұбайдың мәртебесін өсіретін де осындағы жомарттық пен мәрттік. Олар бақытын еңбекпен тапқан жандар. Ләйім бақыты мен шаттығы шалқар сәтті күндер үзіліссіз жалғасып, молынан дари бергей дейміз ақ ниетпен.

## **САМАТТЫҢ СЫРЫ**

Сонау Қаратаудың шығыс етегінен келіп Талдықорған өңіріне 1972 жылы табан тіреген Самат Мырзахметұлы алғашқы сәтінен жеке басының қасиетімен, елгезектігімен, өзінің ерік-жігерімен және міндеті жұмысын тыңдырымды атқарып, адаптациялық күнделікті көздесетін сынақ-сәттерінен сүрінбей өтіп, еңбектес әріптестері мен замандастарын жән-тәнімен сүйетін әрі құрметтұтып, сыйластығын жаразты жалғастыратын жеке тұлға ретінде қалыптасқан азамат. Осы тұрғыда Саматпен сырласа қалсаң былай дейді:



-Өмірде қаншама қындық болса да, төзімділік танытып, шыдап бағып, оны жеңуге үмтүлған жөн. Ер азаматқа қайсарлық пен қайраттылықты, ақынға тән алғырлықты, батырға тән батылдықты бойына мол дарытқаны дұрыс дейтін әке сөзі мен үшін бағдаршам іспетті бағыт-бағдар сілтеді, алғы өмірімді айшықты да мәнді етудің жолын айқындағы. Сонымен бірге мен әкемнен адам баласын бөле жармайтын бауырмалдық пен көпшілдікті, тектілікті мұраға алсам, анамнан

инабаттылықты, сыпайылықты, тазалықты үйрәндім. Соның нәтижесі болар ел-жұртпен араласып, көпшіліктің көңіл толқынында жүзіп жүргеніміз. Бар сырды еркін аштың, әңгіме-дүкен көрігін қыздырып, ара ұясындағы гуілдесетін пейілі мен көңілі жақын достар таптық. Құрылыш саласының білгір маманы Қуаныш Бекеұлы, дәрігер Нұрқуат Жылгелдіұлы, автокөлік техникасының білгір инженері Қабдіреш Жұманұлы, су шаруашылығының кәсіби шебері Виктор Ким және басқалардың шынайы достық пейілдерін жан-тәнімізбен сезіндік. Жиі араласып, сыйласып тұрамыз. Өзім бала кезімнен бірге өскен Сейітмақан Жайлаубаев, Нұрлан Байкөзов, студенттік өмірдің бес жылын бірге өткізіп, бір жапырақ нанды тең бөліп жеген Әмзехан Мырзатаев сыңды азаматтар жиі хабарласып, аман-саулықты сұрасып, қуанышымызға ортақтасып, қайғымыз болса бөлісіп, көңіл аулап жатады. Ең жақсысы сол - бәрінің де көңілдері кіршіксіз, адалдықтары сүттей ақ, құшақтары кең, жүрек жылуын тең бөлісуге әзір абзал жандар.

Саматтың жарық дүние есігін ашып, таза ауамен алғаштыныстаған жері қожыр тасты Қаратай сілемі бітіп, асқақ Алатай басталатын анғар алқабының іргелік етегіне қоныс тепкен Тереңөзек ауылы. Осындағы құнарлы топыраққа кіндік қаны тамған түлек. Әкесі Тоқбайұлы Мырзахмет қаршадайынан жетім қалып, тіршіліктің тауқыметін тартып өскен кісі екен, қос қолының қарын еңбекпен қатайтып, қабырғасын қайыстырып жұмыс істеген өрен жастайынан пысықтық, ширақтық танытып, елгезек болып ержетеді. Жігіт шағында Аненковтың бандыларын құртуға аттанған отрядқа қосылып, жауынгерлік қару ұстап, ұрыс майданы жолында ерлікпен шайқасады. Бандылар отрядын ойсырата опындырып, мақсатына жеткізбей, қара ниеттілердің қарасын көрсетпей, ел ішін дүшпандардан тазалауға белсене қатысады. Кеңес өкіметі ауыл тұрғындарын серіктестікке біріктіріп, артельдер үйымдастырған тұста Мырзахметке Жамбыл атындағы шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары міндетін атқару жүктеледі. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, адамдардың тұрмыстық жағдайын оналдыруға қамкорлық жасауға ерекше көңіл бөледі. Ел ішінде адамгершілігі мол, кіслік пен кішілікті түсінетін парасатты, сыйлы азамат ретінде жұртшылық құрметіне бөленіп, елге танылады.

Мырзахмет тіршілігінде қатарынан кем қалмады. Көбінен оқ бойы озық жүрді. Шаруашылықтың бір жағын басқарып, ауырын иығымен көтерісіп, қындығынан шығудың жолын көппен бірге іздесті. Үкімет жұмысына шын берілген кісі еді. Біреудің ала жібін аттауға зауқы соқпайтын. Зандылықты, тәртіпті жақтайтын. Әділдік пен адалдықты пір тұтқан адам-тұғын. Ол өз бақытын тек еңбектен іздеді. Содан ләzzат тапты, рахат көрді. Даңғаза даңққа ұмтылмады. Қатардан қалмағанын, көппен бірге көргенді қанағат тұтты. Бала-шаға өсіріп, үрпағының жапырақ жайғанын көріп, есейгендіктеріне іштей ризалық білдіріп жүретін қалпынан бір сәт өзгермейтін жан екендігін ісімен дәлелдейтін-ді. Мырзахметтің тағдыр қосқан жұбайы Бегіміш Ауғанбайқызы да қазақ аруына тән бекзаттылық үрдісті берік ұстанған инабатты жан екен. Биязылық пен байыптылықты, имандылық пен мейірбандылықты бойына мол дарытқан ана үбірлі-шұбірлі бала өсіріп, бірінен кейін бірі өмірге келген Аман, Аманқұл, Жаманқұл және Жақсықұл, Сәрсен есімді бес ұл тәрбиелейді. Біз әңгіме арқауы етіп отырған Самат осы отбасының тәртінші ұлы - Жақсықұлы. Оның азан шақырып қойған есімі Жақсықұл бола тұра, ағайын-туыстары Жақсытай деп еркелетеді. Үйленгеннен кейін таңдаған жары Майра өзінше Самат деп атайды. Қазіргі кезде осы есім - яғни Самат аты еңбек ұжымдағылар мен дос-жарандары арасына кеңінен тарап кеткен. Біз де көпке танымал Самат есімімен атауды жөн көрдік. Неге десеніз, оның азан шақырып қойған Жақсықұл екендігін көпшілік жөнді біле бермейді. Самат десен, «Мырзахметұлын айтасыз ба?» деп сақ еткізеді.

Ел-жұртына Самат есімімен танылған осы Жақсықұл көп балалы отбасында өскендіктен де болар, жастайынан еңбекке араласып, елгезектікке, тындырымдылыққа үйренеді. Мұрты енді-енді тебіндеген балаң жігіт Самат Мырзахметұлы Теренөзек ауылындағы сегізжылдық мектепті бітірген соң үш-төрт шақырым қашықтықтағы Ақыртөбе стансасындағы орта мектепке жаяу-жалпылы барып-келіп оқиды. Қолына кәмелеттік атtestat алғанымен жоғары оқу орнына баруға мүмкіндігі болмай дағдарады. Ағасы Жаманқұл Алматыда, жоғары оқу орнында оқитын. Екі бірдей баланы оқытуға тұрмыстық

жағдайда көтермейтін, қаражат тапшылығы да тығырыққа тірейді. Содан Самат қол қусырып қарап жүрмей, мектепте тракторист мамандығын менгергендігі туралы куәлігі берілген еді. Сол бойынша әкесі істеген Жамбыл атындағы колхозға барып, механизатор болып орналасады. Шаруашылықта бір жыл істеп, азды-көпті қаражат қорын жинастырып, анасы Бегіміштің келісімімен колхоздан жолдама алғып, Жамбылдағы инженерлік-технологиялық институтына құжаттарын тапсырады. Әбүйір болғанда, емтихандардан сүрінбей өтіп, оқу орнының инженер-экономист факультетінің студенті қатарына ілігеді. Институтты үздік бітірген жас маманға Талдықорған қаласындағы ауыл құрылышы тресіне қызметке баруға жолдама беріледі. Мұнда инженер-экономист болып орналасады. Бұрын білмейтін бөтен жерде, іске кіріскең жас маман жастық жалынын алаулатып, алмас қылыштай жарқылдал жүріп, еңбек майданына білек сыбана араласады. Кәсібін жетілдіріп, білмегенін үйренуге деңқояды. Өндірістік ұжымның ілгері басып, экономикасының өркендеуіне, трестің сан-салалы тармақтарын материалдық-техникалық жағынан толық жабдықталуына ерекше назар аударып, табандылықпен еңбек етеді. Төңірегіндегілермен, жұртшылықпен етене бауырындей жақындастып, әріптестер ортасымен құшақ аша қауышады.

Құрылыш тресінің сан қылыш шаруасына да қанығады. Қай істі болмасын тындырымды атқаратын Самат басшыларға да ұнайды. Біртіндең қызмет баспалдағы жоғарылай бастайды. Трестегі сараптамалық-экономикалық сараптау бөлімінің бастығы болып тағайындалады. Осы тұста жастар арасындағы ұйымдастырушылық қабілетінің барлығымен көзге іліккен Саматты Талдықорған қалалық комсомол комитетіне жұмысқа шақырады. Бірақ трест бастығы: «Сендей маман өзімізге де керек, өндірістің өзекті мәселесін өзінше шешуге қабілет-бейімі бар кадрды уыстан шығармаймыз» деп арнайы шақырған жерге жібермей қояды да, лауазымды қызметінің беделін арттырып, треске қарасты Талдықорған өндірістік-технологиялық жабдықтау кәсіпорнының бастығы етіп тағайындаиды. Одан кейін ауыл құрылышы тресі басқарушысының орынбасарлығының тізгінін ұстатады. Үш трест бір

мекемеге біріктіріліп, бірлестік құрылып, ірілендірілген тұста Саматқа осы бірлестік бастығының орынбасары міндетін атқару жүктелінеді. Ауыл шаруашылығы саласын техникамен, басқа да құрал-жабдықтармен, қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ететін іргелі мекемеде де өз біліктілігін сынап, бастықтың он қанаты бола біледі. Еңбекте ысылып, тәжірибесі толысқан шақта Талдықорған темір-бетон бүйімдарын шығаратын зауыттың бас директоры болып тағайындалған 1992 жылдан бері осы өндіріс орнында табан аудармай тұрақты еңбек етіп келеді.

Кәсібін жетік білетін білікті маман Самат Мырзахметұлы қай жерде, қай салада қызмет істемесін өз жауапкершілігін жоғары сезінетін, міндетін мінсіз атқаруға үмтүлу дағдысын бойына берік қалыптастырыған еңбеккор жан екендігін көрсетіп жүрген ісіне мығым атпал азаматтардың бірі. Шалғай ауылда өсіп, жасынан қарапайым адамдармен көп араласқандығы әр ісінен көрініп тұрады. Сонау жалындаған жас шағынан бастап бүгінде ел ағасына айналып, ұжым басшысына дейін, лауазымды қызмет дәрежесі өскен Саматтың қоғамға қосқан үлесі де қомақты. Атап айтқанда, Шаған тауының өр биігіне салынған теледидар мұнарасының құрылышы өте күрделі нысанның бірі. Бұл құрылышқа қажетті құрал-жабдықтармен әртүрлі қондырғылар республикалық, одактық дәрежедегі зауыттардан алуға тұра келетін. Соларды іздестіріп, келісіп, тау басына жеткізуде Самат аянбай-ақ тер төгеді. Сол телемұнара әлі күнге дейін ел игілігіне жұмыс істеп тұр. Сарқанның Қарабөгетінде, Қаратал ауданындағы «Бірінші Мамыр» кеңшарында ірі қара өсіретін күрделі кешендер салуға да белсене қатысты. Талдықорған қаласындағы ірі панельді үй құрылышы зауытын іске қосуға сінірген еңбегі де елеулі. Бұлардан басқа мектептер мен балабақшалар, тұрғын үй ғимараттарында да Самат еңбегінің қолтаңбасы тайға таңба басқандай нақышталған. Бәрінің ел игілігі үшін қызмет істеп тұрғанын көрген Самат та еңбегінің жүршылық кәдесіне жарап жатқанына іштей ырзалық сезімге бөлөнетіні бар. Өз қолтаңбасын көріп қуанғанға не жетсін.

Самат Мырзахметұлы қандай ортада журмесін өзінің білікті маман, іскер басшы, шебер үйымдастыруши,

қабілетті қызметкер екендігін көрсету үстінде. Тығырыққа тірелгенде де тапқырлық танытуымен, тапсырманы тиянақты тыңдыратындығымен, өзіне жүктелген жауапкершілікті жоғары сезіне біletіндігімен көзгетүскен еді. Сол үрдістің жібек жібін ұзіп алмай, сәтті жалғастырып келе жатқаны сүйсіндіреді.

Самат күнделікті өндірістік жұмыс барысында туындаитын кейбір қын жағдайда, түйіркішкі тіреліп қалмайды. Кәсіби мамандармен пікірлесіп, жөн сұрасуға ақылдасуға әрқашан да әзір. Қандай да қым-қуыт қызба сәттердің өзінде де жол таба алатындығы бар. Көбіне ақылға салады. Қызбалыққа барып, тығырыққа тіреліп қалмаудың тәсілін күні бұрын ойластырады. Былайша айтқанда, парасаттылық пайымы жеңетін. Оған сабыры мен байсалдылығы қосылған соң қателіктерге бара бермейді. Кейінгі інілеріне түзу жол сілтеп, Айтмұхан Қаракүшіков, Ермек Есбатыров, Владимир Иванович Копылаш сынды ағаларымен ақылдасып отыру да қанға сіңген үйреншікті әдет.

«Келісіп пішкен тонның келте болмайтынын», түйінді мәселелер оңтайлы шешілетінін көзben көріп, жүрекпен сезіне біледі. Әрісінің нәтижелі, жемісті болуы да осында үткыр тәсілдерді ұтымды пайдалана білудің игі қорытындысы екені және анық.

Саматтың табиғи пішіні де келісті. Ақшыл өнді жүзінен әдемі бір жылы жымыс табы үзілмейді. Мінезі жайдары. Өзіндік болмысы мен бітімі бәлек. Ұяндығы басымдау көрінгенімен өжеттігі де, өрлігі де бар. Көкейінен шықпаған мәселеге келісе қоюы екіталай. Оған мысал ретінде мына бір жайды айтуға болады. Самат ірілендірілген бірлестік бастығының орынбасары болып істеп жүрген кезде облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы Әзтай Ерсалиев шақыртып алған, бір жоспарланбаған нысанды техникалық жабдықтармен қамтамасыз етуге тапсырма береді. Самат қоймаға келетін барлық жабдықтардың, құралдар мен техникалық бөлшектердің тек қана тапсырыстар бойынша жоспарлы түсетіндігін, оларды иелері уақытылы алатындығын, қоймада артық ештеңенің болмайтындығын түсіндіріп, тапсырманы орындаі алмайтындығын ашық айтады. Ол сөзді құлаққа ілмеген хатшы өзінің әдеттегі тік мінезділігі мен әміршілдігіне

басып: «Сен өзің кімсің-ей? Хатшы сөзін тыңдамайтын, берген тапсырмасын орындашын қандай дәусін. Сені партия мүшелігінен шығартып, көзінді көкшітейін. Дандаисыған сендейлерге сол керек» - деп шарт кетіп, үстелін қойып қалады. Самат үндеңмен, іштен «менің коммунист емес екендігімді білмейді екен-ау» деп ойлады да, шығып жүре береді. Мұның өзі Саматтың ісіне адалдығын аңғартатын мысалдың бірі ғана. Күнделікті жұмыста осы іспеттес текетірестер ұшырасатын. Самат әділдікті алға тартып, беталды жетекке жүрмейтін, қажетсінсе қайсарлана қалатын-ды.

Самат пен Майра тағдыр қосып, жұбайлық жаразтық тапқалы отбасының берекесі артып, көгеріп-көктеп, үл мен қыз тәрбиелеген әке мен ана атанды. «Бала берсен, сана бер» деп тілейтін-ді. Тұнғыш перзенті Айдар жарық дүние есігін ашып, іңгәлап үн қатқанда Саматтың анасы Бегіміш пен Майраның шешесі Толқынай апа жас істі немересін иіскегендегі екеуінің де жүректері қуаныштан жарыла жаздағандай шаттанғаны әлі есте. Қызылшака сәбиді қос ана кезекпен кезек тұзды суға шомылдырып, бесікке бөлөп, шешелік мейірі мен пейілін көл-көсір төккен-ді. Сол Айдар мектепке барды. Партаға отырған сәттен бастап-ақ, «болар бала болмысынан» екендігін танытты. Сабакқа ынтамен қатысып, орта мектепті үздік бітірді. Білімге деген құштарлығы алға жетелеп, Пәкістандағы бүкіләлемдік ислам институтына түсті. Білім көптік етпейді деген оймен Алматыдағы мемлекеттік заң академиясын бітіріп, халықаралық қатынас жөніндегі заңгер мамандығын игерді. Оны да қанағат тұтпай Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде оқуын жалғастырып, экономист мамандығын алды. Білімдар Айдар қазір Индияда, елшілікте істейді. Үйленген. Жұбайы Жанар Құрманғалиқызы да жоғары білімді заңгер. Жануяларында Айбек есімді ұлы өсіп келеді. Самат пен Майраның сүйікті қызы Гүлнэр жауқазындағы құлпырып бойжетті. Қазақ мемлекеттік университетінің халықаралық құқық қорғау факультетін бітірген. Мамандығы заңгер. Гүлнәрдан кейінгісі үл. Есімі Қайрат. Ол да оқуға өте зеректік қабілет танытты. Бір жылда екі сыныпты бітіріп, он бес жасында Қазақ мемлекеттік университетінің студенті атанған Қайрат Алматыда

облыстық қаржы полициясында істейді. Өз мамандығын білгірлікпен атқарып, әріптестері арасында беделі де жоғары. Еселі еңбегі мен адал қызметінің нәтижесінде шендік дәрежесі де өсіп келеді.

Бұгінде ерлі-зайылты жұбайлар мәуелі бәйтеректің саясы іспеттес. Әке-шешенің «ұрпағымыз өссе, солардың қызығын көрсек, немерелер сүйсек» деген асыл армандары орындалып, шаңырақ шаттығының көбейгендігіне шүкіршілік айтып, тәубасын мың мәрте қайталап, өздерінің Алланың рахымына бөленгендеріне ризалық білдіріп отырған отбасы.

Бірде Самат тұс көреді. Әкесі Мырзахмет тақау келіп: «Балам, анаңды қолыңа алсаңшы. Бағып-күтсөңші» дейді де ғайып болады. Самат тұра салып: «Ойпырмай, не болып қалды? А나м аурушаң еді, қиналып жүр ме?» деп іштей ойлайды да байыз таптай жолға шығады. Бір мың шақырым жол жүріп, Жамбыл облысына қаасты Тереңөзектегі әкесі салдырған үйдегі шешесіне келсе, шынында да өні жүдеу екен. Сырқат мендеген. Төсек тартып жатыр. Жүріп-тұруы қындаған. Анасының халжағдайын көрген Самат: «Апа, сізді қолыма алып баққалы келдім. Жиналыңыз» дейді. Баласына таңырқай қараған анасы: «Не айтып тұрсың өзің? Мына әкен салдырған хан сарайындай ақ ордамды, бақ-дәuletке кенеген босағамды, ұрпақ өсірген алтын ұямды қалдырып, қайда бармақпын. Одан опа шеге қоямын ба? Жанға жара салатын, көнілге қонбайтын сөзді айтпағын. Мен ақ ордамды тастап, ешқайда бармаймын. Жылы орнымнан қозғама» деп ұсынысты шорт кеседі. Жағдайды тұсіндіріп, ары айтады, бері айтады. Бірбеткей ана көнбейді. Келіспей қояды. Көнілі селкос Самат кері қайтады. Әкесінің: «Анаңды қолыңа алсаңшы» деген аманаты көкейінен кетпей көп мазаланады. Оншақты күн өткен соң қайта келіп, анын қолына көшуге үгіттеп, бар жайды тұсіндіреді. Бұл жолы аны келіседі. Бірақ өз шартын алға тартады. «Құдай берсе қуанып, өзі алса - қалайша қарсылық көрсетесің. Өмірден көргеніме, қолым жеткенге тәубә деймін. Аллаға шүкіршілік. Өмір барда, қаза бар. Егер көзім жұмыла қалса, сүйегімді ақ босағамнан арулап шығарып, иманы саламат болғыр, ана әкеңің қасына жерлейсің. Өрдайым ағынан жарылып жүретін қосағым еді ғой, жанында жатайын. Жер шалғай,

жол алыс, топырақ бұйырған жер осы екен деп, Талдықорғанның бір жеріне томпайта салмайтын боласың. Осыған келіссөң барамын. Әйтпесе әуреленбе бекерге» деп еңсесін тіктейді.

Ана сөзін мұқият тыңдаған Самат: «Айтқан тілегіңіз екі етілмейді. Толық орындаимын. Ол менің перзенттік парызым» дейді бекемденіп.

Үлкенді сыйлаудың үлгісін анасы Толқынайдан үйренген Майра енесі – Бегіміш апаны қолына алғанда тәрбиелі, инабатты келін екендігін көрсете білді. Төсек тартып, өздігінен жүріп-тұра алмайтын енесі Бегіміш әжені қабақ шытпай күтіп-бакты. Қанша қиналса да, бетіне жел болып тимеді. Алдынан кесе көлденең өтпеді. Айтқаның екі етпей орындалап, сырқатына шипа болар емдомын жасатып, зыр жүгірді.

Қартайған шағында сырқаттанған аданың барлық салмағын қабақ шытпай жүріп көтерген келіні Майра Наурызбайқызы енесін жас балаша күтті. Уақытылы тәбеті шапқан ас-суын әзірлеп беріп отырды. Жатқан бөлмесін, төсек орнын таза ұстап, ене көңіліне кірбің түсірмеудің барлық шарасын жасады.

Ізетті де инабатты келінінің қызметіне енесі де ризалық білдіріп, ақтық демі таусылғанша аналық алғысын жаудырып жатты.

- Менің енемді ерекше күтуім ең әуелі келіндік парызым еді. Оның үстіне енем де кішіпейілділігімен бауырына тартып, айналып-толғанудан жазбайтын. Мені жинақы жүрге, берекелі болуға жетелеген де енем. Жетпегенді жеткізетін, білмегенді үйрететін. Жүзінен иманы үйірілген жан еді. Ақылына парасаты сай болатын. Көңілге дық түсірер артық сөз айтпайтын. Ренішке, керіске, ілікшатысқа бармайтын. Туған анамнан артық айналатын. «Қарағым, шырағым, бақыттың менің» деп еркелетіп, мәртебемізді өсіріп, көңілімізді көтеріп отыратын дағдысынан жаңылмайтын жарықтық. Зердесінде сезім түйсігі бар келінді келсал етпей, келісті келін етіп тәрбиелеуге баулитын ақылын айтып, істің жөн-жосығын сілтейтін. Осында мейірманды ана-енені кім күтпейді дейсің. Енеміздің жатқан жері жарық, қабірінде шапағат нұры шалқысын деп тілеймін.

Шындығында да, Майра енесі алдындағы келіндік парызын адал өтеген мейірлі жан. Енесі Бегіміш ана 95

жасқа келгенде қарапайым қалпынан ауытқымай дүниеден озып, бақылық өмірге аттанды. Самат анасының аманатын орындалп, мәйітін әкесінің қасына апарып жерледі. Дұғасын бағыштап, құранын оқытып, басына ескерткішін де орнатты. Сөйтіп, баласы Саматта, келіні Майра да ана алдындағы парызын шын пейілмен адал өтеп, адамгершілік қасиеттің туын тік көтергеніне ел-жұрты да ризалық білдірді. Бүгінде Бегіміш а나ның таза ниеті мен ыстық ықыласы отбасына дәulet, ырыс, береке болып оралғандай көрініс береді. Ұрпағы өсіп, бақ-құты молайып, абыройлары артып, жұртшылық арасында сыйлы отбасына айналғаны бұған нақты дәлел.

«Анасы бар адамдар қартаймайды» деп ақын жырға қосқанында, Самат пен Майра өздерін ана алдында баладай сезінетін-ді. А나ның аялы алақанын, қамқоршыл көңілін, амандығын тілеген ақ ниетін, шексіз мейірі мен пейілін мұрат тұтып, өздерін иранбақтың саясында сайран салып жүргендей масайрайтын. Анасы балаларына берекелі қолымен ақ да старқанын жайып, кенпейілділікпен дархан да салмақты мінәйі мінезімен ортада отырғанда төнірегіне шырай көрік беріп, жанды жадыратып отыратын кездерін аңсайды. Өмірге алтын асықтай ұлдар мен қыздар әкеліп, әрқайсысының жеке-жеке шаңырақ, көтерген тіршілігін көзben көріп, олардан немерелер мен шеберелер сүйіп, бәрінің қуаныштары мен жақсылықтарына, отбасылық қызықтарына ортақтасқан үлкен шаңырақтың шырақшысында төнірегіне мейірмандық шапағатын шашқан өркендер-өскен әулеттің үйитқысы ретінде танылған Бегіміш анаға деген сағыныш күннен күнге ұлғайып, жарқын бейнесін елестетіп, аңсайтындықтары бар. Сарқылмас сағыныш балаларының жүрегінде алаулы оттай маздалп тұр.

## БАЗАРБАЙ

Қазақтар көнілге ұнаған адамына «Туған жердің топырағына тартып туыпты» десіп жатады. Осында шындық бар сыңайлы. Адамның алғаш кіндігі кесіліп, қаны тамған жердің топырағының, киесі үрпағының өнбойына күш-қуат беріп, болмысбітіміне, бар тыныс-тірлігіне ықпал ететіндігі занды құбылыс тәрізді. Әлгі «Сүтпен кірген мінез сүйекпен кетеді» деудің де мәні осыған саятындығына көз жеткізеді. Көгілдір көкпен таласқан Шаған сынды таулары бар өнірдің баурайында туып, сол жердің ауасын жұтып, суын ішкен Базарбай Тұралыұлының адами табиғаты туған жерге тартқандығына күмән келтірмейсіз. Ол өзі жүрген, еңбек еткен ортасына қарапайымдылығымен, ұстамдылығымен, сабырлы мінезімен ұнамды. Көнілінің кеңдігі, жанының дарқандығы, рухының биіктігі, акжарқын да адаптейілі, адамгершілік мейірі бірбірімен қабысып жататындығы тұрақты әрі сынапша сусымайтын бір қалыпты жағдайынан ауытқымайды әсте. Ең бастысы - рухани жандуниесінің тазалығы, ісіне ададығы, сенім білдірген қызметіне деген жауапкершілігін жоғары қоятындығы. Шаған тауынан тараған нұрлы шуақтың шапағатымен қанына сіңіп, бойына



дарыған асыл қасиеттері болса керек мұнысы. Әйткені бала Базарбайдың асыр салып ойнаған алқабы, кәусардай бұлағынан ішкен сүс, кеуде кере тыныстаған жұпарлы ауасы Шағанның шалқар кеңістігінікі. Әнірдің үрпаққа өнеге тұтар үлгісі де, айыз қандыра айтар шежіресі де, тамыры терең тарихы да жетерлік. Жонғар шапқыншылығы жорықтарынан қалған таңбаларды айтпағанда, осында қоныс тепкен ата-бабалардың өзіндік мәнді де, мағыналы әңгімеге арқау болар айшықтары тұтас бір тың тақырып деуге лайық. Елі мен жерін қорғаған Ескелді батыр, Балпық әулие, Қабылиса — Қабан жырау сынды бабалардың ізі қалған әнірдің өренінің рухын асқақтатынп дем беріп, күш-жігерін қайрайтын құдіретті күш барын сезінеді.

Базарбай Тұралыұлы Баймұханбетов Талдықорған облысындағы Көксу ауданына қаасты Қаблиса ауылында орта мектепті бітіргеннен кейін, Алматы ауыл шаруашылық институтының экономика факультетіне оқуға түсіп, 1972 жылы оқымысты агроном-экономист мамандығының дипломын алған. Оқу бітірісімен бұрынғы Гвардия ауданындағы Киров атындағы совхоздың бөлімшесінде агроном, 1973-1983 жылдары осы шаруашылықта бас агроном болып қызмет атқарады. Осы жылдары шаруашылықтың экономикалық көрсеткіштері жақсы нәтижелерге жетеді. Егіншілік пен малдан алынатын өнімдер көбейді. Шаруашылықтағы бастауыш комсомол үйімінің жұмысы да үтқырлығымен облыстық дәрежедегі құрметке бөленді. Алдыңғы шептегілердің бірі деп саналды. Соның нәтижесінде комсомол үйімінің хатшысы міндеттін қоса атқарып жүрген Базарбай Баймұханбетов Мәскеуге, ВЛКСМ-нің XVII съезіне Талдықорған облысы бойынша сайланған 18 делегаттың бірі болып үлкен жыныға қатысу құрметін иеленді. Ол кездे облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Қуаныш Сұлтанов, Киров аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Жомартқали Жексембінов сынды жалынды жігіттер еді. Олармен жете танысып, жастар тәрбиесі, еңбегі жөнінде жарқын болашақ тұрғысында ой бөлісіп, пікір алысқаны әлі күнге дейін жадында.

Жастардың үлкен жынынан жігерленіп оралған жас жігіт еңбектегі құлшынысын одан әрі өрістете тұсті. Осы жылы СОКП-ның XXIV съезі өтіп, оған Киров атындағы

совхозының директоры Омархан Есілбайұлы Көнекбаевтың делегат болып қатысуы шаруашылықта деген жоғары ықыластың көрінісіндегі сезілді. Осы шаруашылықта істеп жүріп, егіншіліктен жоғары түсім алғандығы үшін Базарбай Тұралыұлы 1980 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Мерейін өсіріп, беделін көтерген осы бір іргі іске совхоз директоры Омархан Көнекбаев, бәлімше менгерушісі Қабыл Жұманов және басқалар ақыл-кеңесін беріп, істі үтқырлықпен жүргізудің әдіс-тәсілдерін үйреткендігін ұмытпай, оларды әрдайым ұстаз санап, құрмет тұтады. Ол екеуі де өз істерінің білгір мамандары-тұғын. Жұмысшыларға ете жоғары талап қоятын. Өнімді еңбек етуге тұрмыстық қолайлы жағдай жасай біletін. Мұның бәрі жас маманның басшылық ісін өз ағаларынан үйренуге ықпал жасап, үлкен септігін тигізгендігін кейінгі өмір тәжірибесі көрсетті.

1983 жылғы 23 сәуірде Базарбай Баймұханбетов Гвардия аудандағы «Развильненский» совхозына директор болып тағайындалады. 1988 жылы денсаулығына байланысты өз өтінішімен Кербұлак ауданының «Жоламан» асыл тұқымды қой совхозына бас агроном болып ауысқан. Ол кезде бұл шаруашылықта Нұrbай Жантілеуов директор болып істейтін. Ол да ісін жетік менгерген жас маманды жылы қабылдап, өз міндетін талапқа сай атқарып, жұмыс істеуіне қолайлы мүмкіндік туғызды. «Жоламан» асыл тұқымды қой совхозының көрсеткіштері де жоспарға сай орындалып, елеулі табысқа қол жеткізеді. Тіпті кейбір экономикалық көрсеткіштері, өзге жерлердегімен салыстырғанда, әлдеқайда алда болатын. Бірақ егін шаруашылығында біршама олқылықтарға жол беріліп, түсім алу жағы көніл көншітпейтін. Шаруашылықтағы егіс көлемі “Қарашоқы” совхозынан кейін ғана қалатын. Базарбай агроном болып істеп жүргендегі Жоламан алқабын суландыру мәселесі күн тәртібіне қояды. Бұл іс жүзеге асса, «Жоламан» совхозы 10 мыңға жуық гектар жерді егістікке игереді. Жазық кеңістіктің келешегін ойлаған, әрі астық өндірісін молайтуды көздеген республика басшысы Д. Қонаевтың нұсқауымен Жоламан алқабын игеру қолға алынып, төрт скважина бұрғыланады. Ол 300 метр терендіктен табылған суды қуатты насоспен сорып, жоғары шығарып, құбыр бойымен темір-бетон

резервуарға – қоймаға құйылып, ондағы су насос арқылы жаңбырлатқыш «Фрегат» қондырғыларына жіберіледі. Оның ұзындығы 82 метр. Бір орнында тұрып су қүшімен шыр айналып, 164 метрлік шеңбер жасап, тәулігіне 74 гектар жер суара алады. Бір қондырғының ғана атқаратын ісі бұл. Егер оның оншақтысы жұмыс істесе, қанша жер суғарылатынын есептей беріңіз. Тусырап, сусырап шөлдеп жатқан боз даланы жаңбырлатқыш қондырғылар арқылы суғаруға агроном Базарбай Баймұханбетовтің де қосқан үлесі өлеулі. Су тапшылығына ұшырап, кенезесі кеүіп жатқан тарғыл даланың нақ ортасында көгалды алқап жасалғанда, шөлге тіршілік нәрі келіп, меңреу далаға жан бітіп, еңбектің қызғанын көз көрді. Алтын алқапқа айналып, ел ырысы мол жиналған-ды. Осы бір игілікті істі жүзеге асыруға қатысадың өзін үлкен бақыт санағаны, ұмытылmas сәттің куанышы әлі есте.

Жоламан алқабында 17 фрегат іске қосылып, мал азығы үшін беде егіліп, 1989 жылдан бастап совхоз Қазақ ғылыми-зерттеу егіншілік институтымен келісіп, өзара еңбек шартын жасасып, егістік жерді суландыру, құнарлылығын арттыру, тұқым сапасын жақсарту арқылы мол өнімге қол жеткізу шараларын қолға алды. Соның нәтижесі болар, 1988 – 1990 жылдары қатарынан үш жыл бойы астық өндіруден Қербұлақ ауданы бойынша жоғары өнім алуға қол жеткізді. Егіншілікпен шұғылданатын диқандар, механизаторлар мен комбайншылар, мамандар мен жұмысшылар жиын-терін қорытындысы бойынша қосымша еңбекақыға 2000- 5000 сом аралығында ақша алды. Ол кезде мұндай ақша жеңіл автокөліктің құнына пара-пар еді. Мұның сыртында келісім-шарт жасасқан Қазақ ғылыми-зерттеу егінішлік институты тарапынан да қосымша сыйақы төленді.

1990 жылы Қербұлақ аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы болып Нұrbай Жантілеуов, «Жоламан» совхозының директоры болып Серік Әбілқасымов тағайындалды. Олармен қоян-қолтық араласып, тұсіністікпен жұмыс істеген Базарбай Баймұханбетов лауазымды қызметі жоғарылап, 1992 жылы «Қызылжар» совхозына директор болып тағайындалды. Содан бері осы щаруашылық негізінде құрылған «Қызылжар» өндірістік кооперативінің төрағасы болып істеп келеді. «Ауылына қарап, азаматын таны»

дегендей, Базарбай Баймұханбетов өзі басшылық тізгінің үстағаннан бері жауапкершілігіне жүктелген міндettі үлкен сезіммен түсінетіндігін, оны мұқият атқаруға беріле кірісетіндігін, іскерлік қабілеті мен біліктілік шеберлігін аямай жұмсап, халық үшін еңбек ететіндігін таныта білді әлі де таныту үстінде. Соның нәтижесінде ол басқарған «Қызылжар» өндірістік кооперативінің экономикасы нығайып, тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы оңалып, ауыл мәдениеті жақсарып, көпшілік бос уақыттарын көнілді өткізіп, демалуға баратын орындар іске қосылып, жалпы жұртшылықты, әсіресе кооператив мүшелерін үлкен қуанышқа бөлеп отыр. Мұның бәрі бүгінгі білікті басшы Базарбай Тұралыұлының шаруаны шашыратпай, басқару ісін шырқ иіріп, атқарылатын жұмыстың реті мен ыңғайын тауып, ішкі мүмкіндікті тиімді игеру жолында тапқырлықпен, алғырлықпен, іздепспен еңбек етіп жүргендігінің дәлелі екені анық.

## БАҒДАРСЫЗ БАҒЫТ

Базарбай Тұралыұлы бірсыныра шаруашылықтарда басшылық қызметтерде істеп келіп, «Қызылжар» совхозының директоры болып тағайындалған шақта нарықтық қатынасқа орай ауыл шаруашылығы саласында құрделі өзгерістер қызу жүре бастаған еді.

Жекешелендіру науқаны кеңінен өріс алып, іргелі елді ыдыратып, барды талапайға түсіріп жатқан кезең болатын. Соның ықпалы болар, 1992 жылғы 11 қараша күні, Кербұлақ ауданының әкімі Сәрсенғали Әжібаевтың шешімі бойынша, «Қызылжар» совхозы «Қызылжар» үжымдық кәсіпорын болып қайта құрылады. Бір жыл өтпей жатып, 1993 жылғы 15 маусымда шаруашылықтың клубында күтпеген жерден тұтқыл жын шақырылады. Оған Талдықорған облысы әкімінің ауыл шаруашылық жөніндегі орынбасары Төлеухан Нұрқиянов, Кербұлақ ауданының әкімі Сәрсенғали Әжібаев катысып, күн тәртібіне қойылған мәселені талқылайды. Оғанаудандағы барлық шаруашылықтардың басшылары, ауылдық кеңестердің төрағалары, ауыл тұрғындары қатыстырылады. Ұжым төрағасы Б. Баймұханбетов шаруашылықтың сол кездегі экономикалық-әлеуметтік жағдайы туралы егжей-тегжейлі баяндайды.

Облыс әкілі Т. Нұрқиянов ез сөзінде облыс әкімшілігі

мен ауыл шаруашылығы басқармасының отырысында облыс бойынша экономикасы төмен, болашағы бұлдыр шаруашылықтарды тарату керектігі жөнінде шешім қабылданғандығын айтып, оның ішінде Кербұлак ауданы бойынша «Қызылжар» ұжымдық кәсіпорнының да бар екендігін атайды. Облыс өкілі: «Бүгіннен бастап ұжымдық шаруашылықты жоқ деп есептеңдер, әркім тиесілі үлестерін алып, өз беттерінше тірліктерін жасайтын болады. Ендігі жерде ұйымдық шаруашылық бар екен деп ойламаңыздар», - деп бірақ түйеді. Бұл тосыннан қойылған жағдай көпті құдіктендіреді. Жынға қатысуышылар ешқандай бағдарсыз жасалынған нұсқауға таңқалып, шешім байыбын түсінбей қала береді.

Көпшілік жиналышынан кейін шаруашылықтың барлық мамандары, ауыл ақсақалдары бас қосып, өзара ақыл қорытады. «Іргелі шаруашылықты таратып, әркімді өз бетінше тірлік жасауға жібереміз бе? Немесе бәріміз үшін қолайлы болатын ұйым құрып, бірлесіп жұмыс істеу жағын қарастырамыз ба?» деген сұрақтар төнірегінде әңгіме өрбітеді. Шындығын айтса, шаруашылықтың ортақ табысын әркімнің үлесіне бөліп бергеннен келер пайда шамалы. Техника елдің бәрінен жетпейді және бір қындық - Қызылжар өнірінің топырағы толық дәрежесінде құнарлы деуге болмайды. Қырышық тасты, сортандау, құрғақшылыққа жиі ұшырайтын алқапта жайқалтып егін өсіру әркімнің қолынан келе бермейтін шаруа. Оның үстінен жерді жырту, өндеу, тұқым қорын жасау, оны дәрілеу, өнгіштік қасиетін тексеру жұмысын жеке адамдар қалай жүргізеді? Өнір алқабы құрғақшылыққа жиі ұшырайтын болғандықтан, көктемгі қар еріген кезде, жердің дымқылы кеппей тұрып тез арада тұқым себуді бітіру қажет. Жерді жыртып, артынша өндеп, тұқым сепкенде ғана болашақ өнімге берік негіз қаланады. Мұндай шаруаларды жеке-жеке бөлініп кеткен шақта кім қалай атқарады. Жалғыз ағаш орман болып, жарыта ма? Оған қосымша жер жағдайын, егістіктің агротехникалық шараларын жетік білетін, тұқымның өнгіштігі жоғары сортын тандай білген, дұрыс басшылық жасайтын мамандар да қажет. Осының бәрін ескере келе ауыл ақсақалдары мен мамандары: «Бөлінгенді бәрі жейді» дегендей, бет-бетімізben бытырап, өз қотырымызды өзіміз қасимыз дегеннен гөрі, бірлесіп, ынтымактасып жұмыс істейік. Ортамыздан білікті басшы сайлайық», -

деген үйғарымға келеді. Сөйтіп, көпшілік жиналысы шақырылып, шаруаның мал-мұлқін, дәuletін тістегеннің аузында, ұстағанның қолында жібермей, бұрынғы қалыптасқан дәстүрмен еңбек етіп, тірлік жасау үшін «Қызылжар» ұжымдық кәсіпорын болып бұрынғыша қала беруін мақұл көріп, осыған сөз байласады. Өз бетінше жеке шаруашылық құрамын, өз тірлігімізді өзіміз жасаймыз деген кейбір бастамашылдарға ешкім кедергі жасамауға келісілді. Ондайлар шығып жатса, қажетті жері, дүние-мұлік үлесі еш кедергісіз берілсін деп шешім қабылданады.

Еңбек ұжымының осындай үйғарымына қарамастан, облыс әкімшілігі тарапынан қиқу көбейіп: «Бұл шаруашылық неге таратылмайды, қабылданған шешімді орындауға кім кедергі жасап отыр? Болашағы жоқ шаруашылықты ұстаудың қаншалықты қажеті бар» деген тұрғыда қысым жасалынып, тиянақты тоқтам таппады. Қайткен күнде де бірлесіп жұмыс істеуді қаламаушылар төбе көрсетіп, қоқан-локқыны көбейте береді. Оған қосымша облыс басшылығы тарапынан 1995 жылы жекешелендірілген шаруашылыштардың ендігі жерде облыстық Әділет басқармасы шешімімен бекітіліп, сонда тіркелу керектігін талап етеді.

Осындай дүмпулерден кейін 1995 жылы қазан айында көпшілік жиналысы шақырылып, «Қызылжар» ұжымдық кәсіпорны таратылып, оның орнына «Қызылжар» өндірістік кооперативі болып құрылуға мәжбүр етеді. Ол Талдықорған облыстық Әділет басқармасының бүйрүғымен бекітіліп, тіркеледі. Екі жыл өткеннен кейін өндірістік кооператив құру қазіргі талапқа сай емес. Ол бұрынғы совхоздың жалғасы деп тағы да түртпектеп, мазалау тыйылмайды. Шаруаны басқаруға нақты бір адам жауап беруі керек. Әйтпесе жеке-жеке бөлініп, әркім өз үлесін алып шығуы қажет деген талап қойылады.

Осындай тынышсыздықтан кейін 1997 жыддың 5 маусымында «жазған құлда шаршау жоқ», қайтадан жиналыс шақырылады. Өндірістік кооперативтің барлық мүшелері бірауыздан: «Мұлік үлесіміздің 52 пайызын түбегейлі және жер үлесімізді он жылға жалға бір кісіге беріп, сенім серіктестігін құрайық, сөйтіп, бөлінбейік, бірлесіп жұмыс істейік, тұрмыстық жағдайымызды жақсартудың жолын қарастырайық» деген шешім қабылдайды. Бұған өндірістік кооперативтің барлық

мүшелері бір кісідей қол көтеріп, мұлік үлесінің 52 пайызын, оған қоса жер үлесін он жылға жалға шаруаны басқарып келе жатқан Базарбай Тұралыұлы Баймұханбетов мырзаның атына берейік, сол басшылық жасасын» дел бірауыздан келісімге келеді. Сөйтіп, 1997 жылғы, 21 шілдеде облыстық Әділет басқармасының №21-1952-КТ бойынша «Баймұханбетов және К» сенім серіктестігі болып тағы бір жаңа атауды иеленеді. Оның тәрағасы болып қайтадан тағайындалған Б. Баймұханбетов сөз сөйлеп, негізгі ұжымнан жеке шаруашылық құруға бөлініп шығамын деген адамдардың жерін, дүние-мұлқін толық есептеп беретіндігін, оған ешқандай кедергі жасамайтындығын жүртшылыққа құлақтандырады.

Сенім серіктестігі алғаш құрылған үш жылда, дәлірек айтқанда 1998-2000 жылдар аралығында, шаруашылық егіншіліктен мол өнім жинап, бұрын-соңды болмаған көрсеткішке қол жеткізеді. Серіктестік мүшелері еңбекақыларының есебінен өз қажеттерін өтеу үшін қарызға қаражат және азық-түлік өнімдерін ала бастайды. Мұның өзі көп жылғы тығырыққа тірелген тапшылық кезеңінен шығудың онтайлы бір сәтіне, он бетбұрысқа айналады. Бұрын артта қалған шаруашылық қатарында саналып келген «Баймұханбетов және К» сенім серіктестігі өндірістік көрсеткіштері жағынан жақсы нәтижелерге жетіп, аудан мен облыста алдыңғылар қатарынан көрінгенде алқалы жиындарда тілге тиек етіліп, табыстары атап көрсетіледі. Оған себеп, бұл кезенде егістік көлемі 4500 гектарға жетіп, оны тұрақты айналымға қосуға мүмкіндігі туған шаруашылық экономикасы жақсарып, қаражат қоры көбейе бастаған. Осыған орай ауылдағы тұрмыстық жағдайы тәмен отбасыларына, зейнеткерлер мен мүгедектерге, соңдай-ақ мектепке, ауруханаға қайырымдылық көмек көрсетуге жол ашылған-ды.

Серіктестіктің енді-енді қаз тұрып, еңсесін көтеріп, ілгерілеуін көре алмаушылар да табылып, өздерінше кері әрекеттер жасаумен айналыса бастайды. Бұл кезде сенім серіктестігінде мұлік иесі бар 581 адамнан тұратын 330 жануя бар еді. Сенім серіктестіне ешқандай қатысы жоқ адамдардың арандату әрекетімен ел мен жүрттың ауызбірлігіне, өзара түсіністігіне іштарлық пиғыл мен қызғанушылық танытқан бес-алты адам сенім серіктестігі

мүшелерінің үстінен жоғары басшылық-әкімшілік орындарына шағым-арыздар жазумен айналысун қоймайды.

## БАЙЛАМ

Осындай аласапыран тұсында басқару тізгінін ұстаған Базарбай Тұралыұлына өтпелі кезеңін, алғашқы жылдарының қындығы қисапсыз тауқыметтерін жеңуге тұра келеді. Іргелі шаруашылықты ыдыратып, қолдағы бар дүние-мұлікті талапайға салып таратып, шаруаның қиуын қашырып қоюға ары жібермейді. Тапшылығы көбейген қын жағдайда шаруаны басқару, халық тұрмысын төмендетпеу істі білетін басшыға тікелей қатысты еді. Салиқалықпен, сабырлылықпен, парасаттылық пайыммен, әр іске зейін қойып, оның түпкі мақсатын зерделеді. Шаруашылықта бұрыннан істеп жүрген тәжірибелі мамандарға, өндіріс жетекшілеріне арқа сүйеп, олармен бірлесіп ақыл қорытып, қоян-қолтық жұмыс істеуге берік байlam жасап, нақты бағыт ұстануға белді бекем буады. Сындарлы сәттерде адамға қуат беретін нәрсе сенім. Ол алға нық бастап, өмір өріне қарай ілгерілеуге жол ашады, оның үстіне істі үтқыр ұйымдастырудағы білгірлігі мен біліктілігі үлкен септігін тигізеді. Ауыл тұрғындарының ауқатты тұрмыс құруына қол жеткізуге ұмтылып бақты. Жүрегі жылы, ықыласы ыстық, пейілі кең азамат екендігін жүрт та танып, кімнің кім екендігін біле бастайды.

Басқару тізгінін қолға алған Базарбай Тұралыұлы шаруашылықтың экономикасын жақсарту жағын іздестіріп, ішкі мүмкіндіктерді толық игерудің шараларын қарастырады. Шаруаны екі аяғынан тік тұрғызып, еңсесін көтеру үшін тың алқаптар игеріліп, егістік көлемі ұлғайтылды. Атап айтқанда, дәнді дақылдар егістігінің көлемі кеңейтіліп, 4600 гектарга жеткізілді. Себілетін тұқымның сапалы болуына баса көніл бөлінді. Соның нәтижесінде серіктестіктің экономикалық көрсеткіштері ілгерілеп, артта қалған шаруашылық деген атаудан құтылып, алдыңғылар қатарына қосылды. Бұл кездे серіктестік құрамында 330 отбасынан жұмыс істейтін мұлік үлесі бар 581 адам бар еді.

Егістік өнімі молайған соң, тұрмыстық жағдай да оңала бастады. Ауылдағы күнкөрістік жағдайы нашар

отбасыларына, мектепке, ауруханаға қаражат жағынан көмек көрсете бірте-бірте дәстүрлі іске айнала бастауы қуандырады.

Ел арасында серіктестіктің серпінді қымыл жасап, ілгерілеп, табыс табуын көре алмаушылар да шықты. Олар ел-жұрттың ауызбірлігін бұзуға әрекеттеніп бақты. Ақырында бес-алтауы бірігіп арыз жазып: «Қазіргі басшы сырттан келген адам, ол күні ертең бәріңнің ауыздарынды аңқитып, мұліктерінді талапайға салып, өздерінді жұтатып, қара жерге отырғызып кетеді. Мұліксіз, жерсіз қалмай тұрғандарында басшылық билікті алуға қамданып қалындар» деп жұртшылықты үгіттеп, жала жабуға дейін барды.

Серіктестіктің жалпы жиынында оның тәрағасы Б. Баймұханбетов өзі басқарып отырған шаруашылықтың үш жыл ішінде атқарылған жұмыстары, қол жеткен табыстары қорытындыланып, алда тұрған жоспарлары мен міндеттері жөнінде нақты деректермен баяндады. Барды бар деп, жоқты жасырмай, ағынан жарыла сөйлеп, шаруажайын егжей-тегжейлі тәптіштеп берді десе болады. Кемшіліктер де назардан тыс қалмады. Нақты мысалдармен түсіндірілді.

Қызылжар ауылының барша тірлігіне ынтамен араласып, ырыс-құтын көбейтуге мәндей терін төге кірісп җүргендер де көпtek саналады. Олардың кейбіреулерінің есімдерін атап өтсек, еш артықтығы жоқ. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген қағиданы үстانا отырып, мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолы қойылған мақтау қағаздарының иегерлері бас инженер Самай Құранбеков, механизатор-комбайншы Беделхан Әшірқұлов, комбайншылар Сағынай Қоңыров, Ербол Құлшенбаев, Азамат Жанұзаков, Дәурен Рысбеков, Бақытжан Қашағанов, Талғат Мейрамбаев және басқалар ұжым мактанышы. Механизаторлар Сәкен Сыдықов, Бақытжан Батырханов, Нұрболат Маушпев, Қасым Ақымбеков, жүргізушілер Әшіржан Байтоғаев, Бекжан Мұсаев, Төлек Нәбиев, токарь Мұхтар Жетенов, үсташы Нұсіпхан Матайбаев және басқалар техника құлағында ойнайтын өрендер. Барша шаруашылықты үйымдастыруға белсене қатысатын бас агроном Жақсылықбай Мадияров, бас энергетик Амангелді Нұртазин, машина-трактор алаңының менгерушісі Жасқайрат Ерменбеков сынды

азаматтар үйымдастыру жұмысында үтқырлық танытып, әрдайым жауапкершілігін жоғары сезінетін кадрлар есебінде бағаланады.

Қызылжар ауылдың ауызбірлігін тілеп, ынтымағын жаразтырып, ақыл-кеңестерін айтЫП, жастарды тәрбиелеу ісіне араласып отыратын ақсақалдар алқасы бар. Олардың қатарына ауыл имамы Әбілмәжін Байтоғаев, Қадірменді көрияларымыз Әлибай Нұргалиев, Бидахмет Әбдірахманов, Нәби Рысбеков, Ханен Түменбаев, Халел Батырханов, Әбдіғапар Ашықбаев, Немеребай Нұсіпбеков, Доссан Құдайбергенов және басқаларды қосқан ләзім. Ақ пен қараны айыра білетін, көптің ақылшысы, қысылғанда демеп-жебейтін осынау ақылман ақсақалдарға шын жүректен алғыс айтылды.

Сөз сөйлеушілер шаруашылық өндірісінің көрсеткіштерін талқылау барысында жақсы нәтижелерге қол жеткендігін, серіктестікке, оның басшысына сенімсіздік білдіріп жүргендер бес-алты адам екендігін атап көрсетті. Шағымданушыларды халықтың мұддесін ойлаудан гөрі өз әркеттерімен араға іріткі салушылар деп білген жөн. Оның үстіне арызданушылардың ешқайсысы серіктестіктің мүшесі емес, ешқандай да қатысы жоқ, сырт көз адамдар. Шының айтар болсақ, бізді берекеге бастаған басшымыз Базарбай Баймұханбетов. Ол ешнәрсені ішіп-жеп қойды деуге дәлел таппайсыз. Адалдығы, жекебасының пайдасы үшін жемқорлыққа бармағаны тексеру кезінде нақты анықталынды. Ортақ мүлікті олжалап кетеді деу де, оған құдікпен қараушылық та дұрыс емес. Өйтіп, адап адамның арына қара дақ жаққаннан табатын пайдамыз қайсы? Сондықтан да басымызды іргелі ел етіп құрап отырған, барды ұқсатып, кәдеге жаратып, ырыс-дәулетті молайтып келе жатқан, ауылымызды көріктендіріп, тұрмыстық жағдайымызды оңалдыра бастаған Базарбай Тұралыұлына сенім білдіріп, қайтадан басшы сайлайық. Одан жақсыны таппаймыз. Баймұханбетов шаруаны дұрыс басқарып отыр. Ұстанған бағыты да нақты. Табысымыз ешқайда шашылып жатқан жоқ, барлық техника, мүлік-дүние өз орнында, көз алдымызда тұр.

Базарбайды осы өнірдің түлегі емес деп кінәлауымыз, сыртқа тебуіміз адамгершілікке жатпайды. Оның туған жері мына іргеміздегі Шаған тауының арғы шығыс бетінде, біз батысындамыз. Ортамызда тұрған тау ортақ.

Барып-келісіміз, аралас-құраластығымыз ажыраспаған ел-жүртпаз. Базарбай да өз баламыз» десті ауыл ақсақалдары. Бұл үйғарымға жиналысқа қатысуышы 569 өндірістік кооператив мүшесі бірауыздан қол көтерді. Жүртшылық қолдауымен Базарбай Тұралыұлы Баймұханбетов жаңа атауға ие болған, бұрынғы сенім серіктестігі негізінде қайта құрылған «Қызылжар» өндірістік кооперативінің төрағасы болып тағайындалды.

Шаруашылықтың барлық мүшелері толық қатысқан осынау жиналыс ойда жүрген құдіктің бәрін сейілтіп, алға серпілткендей әсер етті. Басшы да, қосшы да әлдеқалай болады еген деген алаңдаушылықтан арылып, ар-ождандарының тазалығын айнадай анық көрсетіп берді. Өндірістік кооперативтің мүшелігінде ұжымға шынайы сенім білдіргендер қалып, ендігі жерде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлесіп еңбекке жұмылуда бекінген ұжым мүшелерінің ыстық ықыласын Базарбай да жақсы сезініп, ел-жүртшының өзіне деген пейілінің шынайылығына сүйіспеншілік сезіммен қарады.

Тырнақ астынан кір іздегендер ілгері басқан істі көре алмай, барды жоққа шығарғысы келіп, жігерді құм етуге тырысып, бекерден бекерге күйдіргені жаңға батқаны да осы сәтте ұмытылған тәрізденіп, Базарбайдың ойына:

Қадірсіздің өсегі шаң сияқты,

Бір сілкінсен қалмайтын.

Қадірлінің өсегі заң сияқты,

Жалған десен ғанаңбайтын.

Қадірсіздің өсегі әзілмен тең,

Бір құлуден қалмайтын,

Қадірлінің өсегі ажалмен тең,

Жаңынды алмай қоймайтын, - деген қағида оралды.

Әркім өз қателігін білетін, ұғатын шығар деп қойды. Өсек айтушылардың өрісі тарылды. Шындықтың өрінен аса алмай, еңсесі түсіп, көздерімен жер шұқып, етекте қалатындығына имандай сенді.

Кербұлақ өніріне іссапармен келген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев ауданның егіс алқаптарының басында болып, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерімен етепе сұхбаттасып, ашық-жарқын әңгімелескен болатын. Осы бір салтанатты жиынға “Қызылжар” өндірістік кооперативінің егіншілері мен механизаторлары да қатысып, мемлекет басшысының лебізін тыңдал, өздерінің сауалдарын қойып, көкейде жүрген күрделі

мәселелерін ортаға салған-ды. Қызылжарлықтардың есінде осы бір кездесу үзак үақыт сақталынбақ. Елбасы емен-жарқын жүздесу кезінде шаруашылықтың егін жайын көріп, атқарылған және жүргізіліп жатқан жұмыстар мен шараларға, ауқымды істерге ризалық білдірген еді. Бұл да қызылжарлылық диқандардың еңбегіне берген жоғары баға.

Қой жылышын, яғни, 2003 жылғы жазғы егіс науқаны қезінде Алматы облысының әкімі Шалбай Құлмаханов мырза да «Қызылжар» өндірістік кооперативінің егіс алқабында болып, егін өсірушілердің еселі еңбегін көріп, ризалық білдіргені бар. Облыс басшысы сонымен бірге егін өсірушілерге жинақылық, ұқыптылық, онтайлы әдістәсілдерді дұрыс таңдай білу қай кездеде қажет екендігін қадап айтты. Жайбарақаттылыққа жол бермеуді талап етті. Астық сапасына терең мән беруге, тұқым сорттарын таңдауда мұқият саралау қажеттігін тілге тиек етті. Ауылды тұлету жолындағы мұдде-мұратты бірінші кезекке қойып, халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуды үнемі назарда ұстал, алдағы уақытта атқарылуға тиісті міндеттерді саралап көрсеткені қызылжарлылық еңбек ұжымдары үшін бағдар-бағыт іспетті. Оларды орындауға бірі кісідей жұмылуда.

Республика Ауыл шаруашылығының министрі болып істеген жылдары Ахметжан Есімов мырза да шаруашылықтың астықты алқабында болып, атқарылып жатқан істі көзben көріп, диқандардың еселі еңбегіне сүйсінгені де жігерге жігер қосып, қайраттандырыған-ды.

Тапсырылған істі тындырымды атқаратын Базарбай Тұралыұлы Баймұханбетовтың қажырлы еңбегі де тиісті орындар тарапынан жоғары бағаланып жүр. Оның өнірінде «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі жарқырайды. Республикаға сінірғен еңбегі, ауыл шаруашылығын дамыту және реформалауға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев қол қойған Құрмет грамотасы көрнекі жерде ілулі тұр. Елбасының Республикамыздың тәуелсіздігінің он жылдығына орай «Алғыс хатын» алған. Онда:

«Құрметті Баймұханбетов Базарбай Тұралыұлы! Отанымыздың көгінде Тәуелсіздік туы желбіреген ұлы күннен бергі кезеңде 10 жыл үақыт өткен екен. Осы жылдар ішінде небір жасампаз, жарқын істер жүзеге асырылды, ал олардың орасан зор мағынасы мен

маңызын келер ұрпақ беруге тиіс.

Бұгін біздің Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты деп терең тебіреніс әрі зор мақтаныш сезіммен айтуға толық хакымыз бар.

Тарихтың тандауы біздің ұрпаққа түсті, құрт бетбұрыс кезенде ел тағдырын шешу біздің еншімізге тиді. Біз өзімізге сендік, өзіміздің қайрат-жігерімізге сендік, іргелі мемлекеттің, көркейген демократиялық қоғамның іргесін бекемдеу үшін білек сыбанып, аянбай еңбек еттік.

Сіз - қалтқысыз қажырлы еңбегі осындай берік іргеге өрілген өрелі жаның бірісіз. Осынау қындығы көп жылда жанымда өздеріңіздей замандастарымның болғанын мен мақтан етемін» делінген.


Елбасының қолы қойылған осы хаттағы ілтиплатты лебіздер Базарбай Тұралыұлының жүрегін елжіретіп, жанын жадыратқаны бар. Республика басшысының адал көнілімен білдірген шынайы сезіміне бөленудің өзі бір ғанибет әрі бақыт қой.

Білім беру жүйесіне сінірген еңбегі және жеткіншек ұрпакты оқыту мен тәрбиелеу ісіне қосқан үлесі де назардан тыс қалмай, республика Білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Сонымен бірге Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы атанған. Мұндай жоғары марапаттаулар Базарбай Тұралыұлының қажырлы да табанды әрі жемісті еңбекінің лайықты бағасы екені күмәнсіз.

Базарбай киелі шаңырақтың отағасы болса, сенімді серігіне айналған жұбайы Гүлнэр Әубекірова «Өзіне қарай қосағы, қазанына қарай ошағы» дегендей, отбасының берекесін келтіріп, барды ұқсатып, балаларды мәпелеп өсіріп, тәрбиелеумен бірге еңбекпен есейген аяулы ана. Ол ауылдағы қоғамдық тамақтандыру орнында - кафе менгерушісі болып істейді. Ерлі-зайыптылар жанұясы бес бала өсіріп, тәрбиелеп, немере сүйіп отырған шаңырақ иелері. Балаларының бәрі де жоғары оқу орындарын бітіріп, кәсіби мамандық алған. Ұлдары Эмель, Ермек пен Ерлан құқық қорғау органдарында қызмет етеді. Қыздары Анар мен Жанар заңгер мамандығын менгерген. Әр салада жұмыс істейді. Балаларынан онға жуық немере сүйіп, тәтті тілі мен қызықты қылыштарын тамашалап, балалы үйдің базарлығын сезінген отбасының думаны мен шаттығы шалқып жататындығы мәртебелерін өсіріп, қуанышқа кенейтін сәттері де жиі.

## ШАҒАННЫң ШУАҒЫ

Қазақта «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» деген мақал бар. Мұнда қаймағы бұзылмаған нағыз қазақы ізгілікті ой тұжырымдалған. Халқына қызмет етіп, пайдасын ти-гізіп, шарапат нұрын шашып, жақсылыққа кенеп жүрген адамның жасаған жақсылығын асқақтата айтып жатсан айып па. Дәріпте-меуге дәт те шыдамас. Ізгі ниетті адамның көвшіліктің игілігі үшін атқарған ісін дер кезінде тану мен мойын-даудың өзі ар-ожданың тазалығы. Ал көрініп тұрған істі, жасалған жақсылықты көзге ілмеу, көрсе де байқамағансып мән бермеу - қызғаншақтықтан туындайтын тар пейілділіктің жиіркенішті көрінісі. Іскерлердің тәлімді тәжірибесін қабыл алу, қисыны келсе, кеңінен дәріптеу, онымен иықтаса қатар жүріп, терезесі тең үнқатысу, сыйластықпен жақындасып, аралас-құралас жүрудің өзі - өресі биік өрелі өреннің өнегелі ісі болса керек. Осы бір қағиданы Бағдат Сайланбайұлына телісек, ешкімнің де мынау артық-ау демесі кәміл. Ол азаматтық қасиеттерді қанына молынан сіңірген. Санасезімінің естиярлылығы өмірдің қайнаған қазанында пісіп-



жетілген, тамыры терең тағылымы телегей теңіз, ұлттық салт-дәстүрдің дәмін тал бесіктен бойына дарытып, узынына молынан жарыған ұлан. Ұлағатты адамдармен теңдес жүріп, үзенгі қағыстыруы соның бір кепілі. Жақсылардың жақсы жолымен жүрудің өзі бір ғанибет. Олай дейтініміз, өмірдегі тіршіліктің жақсысы да, жаманы да көктен сау етіп түсем қалмайды. Жақсылық та, берекелі ырыс-құт та, мәнерлі тұрмыс-күйі де тек еңбекпен келеді. Маңдайдың ашы терінің өтеуі мен ақталуы ол. Әуелеген асқақ арманның орындалуы. Оның бәрі еңбексүйгіштікке құштарлықты танытатын қасиет пен ізгілікке жеткізетін белсенділік белгісі.

Жақсы болашақ үшін жан сала еңбек етіп, атар таңнан үкіленген үмітін күтудің өзі де алға жетелейтін шырақдан сәулесі іспетті құш. Бірлесе тіршілік етуге, қоян-қолтық әрекеттесуге, ортақ іске бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара құш біріктіріп жұмылу нағыз іскерлік пен жасампаздыққа жаны құмар адам тірлігі. Бұл жайттың барлығы Бағдаттың бағыт-бағдарынан, күнделікті атқарған істерінен нақты көрініс береді. Олең әуелі шағын және орта бизнесті дамытуға үлес қосу мақсатында «Шаған» сауда үйін ашуға құш салды. Алғашқыда тауар айналымы шектеулі, экономикалық-қаржылық жағынан әлсіздеу сауда үйі бүгінде қанатын кеңге жайған орталыққа айналған. Ол қазір Қазақстандағы ең іргелі өндірістік-коммерциялық корпорациялардың бірінен саналады. Іргетасы бекемделіп, өндірістік қамту аймағын кеңейткен сауда үйі фирма атанып, әр салалы бағытта тұтынушыларға қалтқысыз қызмет көрсетуде. Осы «Шаған» сауда үйінің бір бөлігі «Евразия» сауда орталығының тұсаукесеріне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, жылы лебізін білдірудің өзі өркенді істі құптағандық деп білген жөн. Бүгінде бұл орталық тұтынушылар талабын жоғары деңгейде атқаратын іргелі сауда саласы.

Әкімшілік басқару аппараты Талдықорған қаласында орналасқан фирмалық құрылымдық жүйесінің өрісі кеңейе түскен. Көршілес Көксу өнірінен басталған жүйе желісі Алматы қаласына да жетіп, тұракты әрі өнімді жұмыс істеуі қуантады. Бір ғана Көксу өніріндегі Балпық би

кентінде әмбебап сауда орталығы, «Ләйля» сауда үйі, «Шаған» және «Ауыл» базарлары, жанар-жағар май беру жүйесі, автокөліктеге техникалық қызмет көрсету кешені, жолға төсейтін қырышық тас құймаларын шығаратын цех, кафелер мен асханалар жұмыс істейді. Сонымен бірге жұмысын доғарып, қаңырап қалған май зауыты жаңартылып, жабдықталып іске қосылды. Аудан орталығында тозығы жеткен кинотеатр да қалпына келтіріліп, халыққа қызмет көрсетуде. «Торнада» жастардың мәдени-сауықтыру орталығы, тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты да жаңаша жаңартылды. Кенттің батыс аймағынан қаңырап бос жатқан жерден жаңадан алма бағы ашылып, көшеттер отырғызылды. Жылу жүйесі мен су құбырынан ажыратылып, қараусыз қалып, иесіздікке үшінраған көп қабатты тұрғын үйлерді жөндеп, тұрғын үйге қолы жетпей жүргендердің өтініштерін қанағаттандыру мақсатында нақты бағдарлама да жасалған еді. Мұның бәрі Бағдат Мәнізоровтың Көксу ауданында әкімдік биліктің тізгінін азғана ұстаған кезінде атқарылған игі істер. Дәлосында ауқымды жұмысты Ақсу ауданына әкім болып тағайындалған тұста да лауазымды қызметін абыройлы атқара білді. Аймақ экономикасын нығайтуға баса көніл бөлді. Өндірістік, шаруашылық мәселелер күн тәртібіне нақты қойылып, жұмысты жақсартуға батыл бетбұрыс жасалды. Жаңаша жұмыс істеу жүйесі қалыптасты. Табысқа қол жетті. Ел-жұрт ризалығымен Бағдат Мәнізоровқа Ақсу ауданының Құрметті азаматы атағын берді. Бағдаттың іскерлігіне, ерінбейтіндігіне ел де риза. Әр ісін аңыз етіп, айтып отырады. Бұл да ел-жұрттың азаматтың іскерлігі мен сүйіспеншілігінің белгісі екені даусыз.

Бағдат Сайланбайұлы қайда, қай жерде қызмет аткармасын, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қолдап, кеңінен өрістеуді талап етіп отырған шағын және орта бизнесті дамытуға барынша көніл бөледі. Кәсіпкерлікті өрістетуге ынта білдіргендердің бастамасын мақұлдал, олардың аяғынан тік тұрып кетуіне мүмкіндігінше қолайлы жағдай туғызуға жәрдемдеседі. Соның нәтижесінде ол басқарған, қызмет істеген аудандарда бизнес пен

кәсіпкерлік жақсы дамыған. Бағдаттың кәсіпкерлерді жақтап, сөзін сөйлеп, олардың өркендеуіне жол ашып жүрген еңбегі жоғары бағаланып, еліміздің кәсіпкерлері бас қосқан республикалық форумға қатысушылардың үйғарымымен оған «Қазақстан Республикасының ұздік бизнесмені» атағы берілген.

Істетігінің күрделі түйіндерін тиімді шеше біletін Бағдат Сайланбайұлы кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын «Правовой Талдықорған» газетін шығаруға қаржылай демеушілік қолдау көрсетуі де құптарлық бастама. Қазір бұл басылым заңнамалық құжаттарды халыққа түсіндіріп, насихаттауда үлкен роль атқарып отыр.

Бағдат өзі спортты сүйеді. Шымыр болып өсу үшін жасынан спортпен шұғылданған. Бокстасудың шынайы шебері екендігін мектеп қабырғасында жүріп-ақ аңғартқан. Осыған орай әрі жас жүрек әмірімен Алматы қаласындағы Қазақ денешынықтыру институтына түсіп, оны ойдағыдай тамамдаған. Жоғары оқу орнында дәріс алып жүріп бокстан «СССР спорт шебері» атанған еді. Көңілінің, жүргегінің спортқа құштарлығы болар, қызмет істеп, шенеунік дәрежесіне көтерілген сайын жастарды салауатты өмір салтына сай тәрбиелеуге, жасөспірімдерді спортпен шұғылдануға бейімдеуді одан әрі дамытуға үдайы көніл бөліп, назарда ұстап отырады. Сонымен бірге спорттық жарыстарға, олимпиадаларға қатысушыларға қаржылай көмек көрсетуге де жомарт-ақ. Мәселен, Бағдат Мәнізоров Американың Атланта, Австралияның Сидней, Грекияның Афина қалаларында өткен олимпиадалық ойындарға Қазақстан атынан қатысатын белді-белді спортшыларға қаржылай қомақты көмек көрсетіп, қамқорлық жасап, қолдау танытуының өзі қолыашық азаматтығын нақты дәлелдейтін көріністер. Мұның сыртында өзінің туып-өскен Көксу өніріндегі жасөспірім спортшылар үшін жаттығулар жасап, шынығуға қажетті спорттық құрал-жабдықтарды толық сатып әперді. Жергілікті спорттық сайыс шараларын өткізуғе, жеңімпаздарды марапаттауға қаржылық жағынан әсте тарықтырмайды. Соңғы жылдары Талдықорған қаласында жастар арасында жыл сайын өтіп жүрген «Жетісу кубогі» атты халықаралық бокс турниріне

қаржылай демеу көрсеткен де осы Бағдат Сайланбайұлы. Оның спортты жан-тәнімен сүйетінін, қаржылай демеушілік жасап, қолдап отыратының жақсы білетін Республиканың спорт минстрлігі Бағдат Сайланбайұлы Мәнізоровқа «Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері» атағын беруі еңбекті бағалағандықтың шынайы белгісі деп білеміз.

Әмірлік бақытын еңбектен тауып, іскерлік қабілетімен азаматтығын ажарландырып, көпшілікке кісілік келбетін көрсетіп, абыройын асқақтатып жүрген Бағдат Сайланбайұлы қарапайым отбасының түлегі. Оның туып өскен өлкесі Жетісу өңірінің ең шұрайлы аймағы – асқақтаған Шаған тауының баурайы. Оның көрінісін жырға арқау еткен ақынға сез берсек, бұл аймақ:

Байтақ жазық бауыры,  
Құйқалы адыр сауыры.  
Жоны жұмсақ бесіктей  
Тербетілер тау ұлы.  
Құт сауатын әр таңдан,  
Шаған тауы – дархан маң.  
Орманында құс сайрап,  
Таңдайынан бал тамған.  
Жауынымен нөсерлі,  
Көк орай шөп өседі.  
Қырмызы қыр тәскейін  
Төрт түлігі кешеді.  
Кәусар деммен суарған  
Шаған тауы шын арман.  
Қыран етіп ұл-қызын,  
Биік өрге ұшырған.

Бау-бақша етегі, таулары кермиық, береке мекені – Шаған тау - жерүйық атанған шұрайлы да шырайлы осынау шапағаты мол, киелі қоныстан қанат қағып, шырқау көкке самғай ұшқан алғыр қырандай талабы толағай күшке толы талантты түлектің бірегейі – Бағдат Сайланбайұлы «ұл-қызы ержеткен, асқақтап арманы, ел данқын өрлеткен, тұлғалы бар жаны» дейтін осы нау Шаған өлкесінің өр кеуделі өрені. Ол бойы мен ойына тектіліктің

тәлімді тағылымдарын берік үялатқан. Әр ісі еңбекпен өрнектеліп, ақылмен абаттандырылады, төнірегін жүрек жылуымен нұрландырып отырады.

Істегі үйымдастырушылық қабілетін үштаған, тәжірибесі толысқан, абыройының мәртебелі дәрежесі деңгейі көтерілген тұста – Алматының Алатай ауданына әкім болып тағайындалуының өзі оған деген үлкен сенім білдіргендіктің белгісі екені аян. Өйткені топырағы құнарлы атырапта туған түлектерді алғырлығымен, өмірге іңкәрлігімен, тас жарған таланттымен таныла білген, белгілі қайраткерлерді қанаттандырған өлке. Халық арманын асқақтатып, мұң-мұқтажын жырға қосқан Қаблиса жырау бабасының өлеңін жаттап, аруағына тағзым етіп, бас иіп өскен өрендердің істері де өрелі. Осы Бағдатқа жаңа ауданды басқару міндеті жүктеліп отыр. Шының айтқанда, Алматы қазақтың Алатаяндай жұлдызы биік сәулетті де дәулетті қаласының бірі. Ол еліміздің онтүстіктегі бас қаласы. Шаһар тарихы ел өмірімен өзектес, тағдыры да сабактас. Қала өсіп келеді. Жыл санап емес, ай санап жаңа құрылыштармен көріктеніп, ажарлана тұсуде. Аумағы кеңейіп, шекаралық шеңберінің көлемі артып, іргесі беріктеніп, атқарылар жұмыс ауқымы еселене тұсуде. Осының бір айғағы – көптен бері шешімін таптай жүрген Алматы қаласының жетінші ауданы болып Алатай ауданының құрылуы. Бұл Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей назарындағы аудан. Сондықтан ешкім де ертеңіміз не болар екен деп алаңдамай, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға жаппай жұмылып отыр. Бұған осы ауданға қарайтын елді-мекендердің тұрғындары да қатты қуануда. Себебі айқын. Бұрын бытыраңқы ауылдарға әкімшілік тарапынан өз дәрежесінде көніл бөлінбейтін. Көптеген көкейтесті мәселелер шешімін таптай, тұрғындардың сарсанға тусуі шаш етектен асатын. Сонымен бірге әр тұрғын жер телімдерін өз бетінше иеленіп, заңсыз үй құрылышын салғаны даулы мәселенің ең күрделісі. Осындай қордаланған жайтарды заңнамалық тұрғысында шешіп, халықтық тұрмыстық, баспаналық жағдайын жақсартуға жаңа құрылған аудан әкімдігі белсене араласады деп елжүрт та үлкен сенім артып отыр.

Енді Бағдат Сайланбайұлы басқарған жаңа ауданның әкімдігі, осындағы мемлекеттік билік органдары күрделі мәселелермен тікелей әрі түбегейлі айналысады. Аудан бас жоспарға сәйкес, қалыпты қала жағдайына орайлас жан-жақты дамытылады. Мұнда инвестиция тартып, өркендетудің де амалдары қарастырылуда. Осылайша Алматы қаласының маңындағы ауылдар деп аталатын елді-мекендердің жағдайын жақсарту үшін түбегейлі бетбұрыс жасалып отыр.

Ауданға әкім болып Бағдат Сайланбайұлы Мәнізоровтың тағайындалуы көнілі күпті ел-жүрттың алғы күнге деген үмітін үкілендіріп, келешекке сенімін тіпті күшайте түсті десе болады. Өйткені басшылық тізгінін ұстаған адам - іскер азамат. Халыққа қамқорлық жасауды бірінші кезекке қоятын, жақсылық шарапатын төгуге жаңы құштар басшы. Ол көпбалалы қарапайым отбасында тәрбиеленген. Ата-анадан үлкенді сыйлауды, сын сағаттардан сүрінбей өтуді, өз міндетін адал атқарған азаматтарды құрметтеуге әрдайым дайын тұратын өрен. Ол бұған дейін Көксу, Ақсу аудандарында әкім болып істеп ысылған. Сонымен бірге өрелі ойымен, өрісті ісімен, өркенді мұратымен артына өрнекті із қалдырып, тек адал еңбек ету арқылы ілкімді ілгерілеуге үмтүлатын, үйымдастыруышылық қабілеті үлкен, өр кеуделі ер екендігін дәлелдеген. Сол себепті де, жаңа ауданының іргесін қалап, қабырғасын көтеріп, шаңырағын биік ұсташа арқылы экономикасын нығайтып, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту жөніндегі бағдарламаларды толық жүзеге асыруға қабілеті жететіндігі де көміл. Талай-талай ішкі мүмкіндіктердің бетін ашып, ел игілігі үшін игеретіні, кәдеге асыратыны, қиялдағы арман-ойларын іс жүзінде көзге көрсетіп, жасампаздықтың жарқын көкжиегіне жүртты бастайтындығына ешкім де еш күмән келтіре алmas деген ниеттеміз.

Бағдат Сайланбайұлын жаңа ауданының тұрғындары қазірдің өзінде танып, біліп қалды. «Әкім болсан, халқыңа жақын бол» қағидасын берік ұстанған ол лауазымды қызметке тағайындалған алғашқы күннен бастап, жүртшылықпен етене араласуға мойын бұрды. Үйреншікті

әдеті бойынша әр іске, әр адамның мұң-мұқтажына зейін қоюда әдеттегі байсалды байыптылығына басып, сарабдал сабыр-лылығын сақтап, түйінді ойын тұжырымдап, мәселені дұрыс шешетіндігін көрсетіп, алғы болжамы мен бағыт-бағдарын жан-жақты түсіндіре бастауы қуантады.

Қазір жұрттың бәрі білгір. Аңғарымды. Кімнің кім екенін әдепі сөзінен-ақ біле қояды. Бағдаттың парасатты пайымдары мен тереңнен ойластырылып жария ететін тастүйін тұжырымдарын ел-жұрт та бірден түсініп, әу бастан ризалық ықылас танытуы да жақсылық нышаны болса керек. Демек, ісіне мығым, шаруашылық саласында да, мемлекеттік қызметте де тәлімді тәжірибе жинақтаған Бағдаттың көргені көп, түйсігіне түйгені телегей-теңіз екені даусыз. Биліктің биік сатыларының баспалдақтарын нық басып, өрге өрлеген бағытынан тайған емес. Істе шындалған, саясаткер рейтингі де жоғары бағаланып жүрген айтулы азаматтардың бірегейлерінің бірі. Оған байсалдылық пен сабырлылық тән. Алғырлығы да аршынды. Тындырымдылығы тиянақты. Жұмыстың ретін тауып, қынның қиуын келтіре қоюға да шебер. Алғы мұратты кеңінен толғайды. Не істесе де, бәрін көрегендікпен ой елегінен өткізіп барып, іске нық кіріседі. Тиімділіктің тәсілдерін терең талдайды. Сондығы болса керек, Бағдаттың төнірегіне іскер кәсіпкерлер жиі топтасады. Келелі мәселені бірлесіп шешеді. «Келісіп пішken тонның келте болмасы» сияқты, ойлағаны діттеген жерінен шығып, көнілді тоғайтып жатады. Осы бір икемді игі тәсіл жана қызметте де одан әрі жақсы жалғасып, халық алдындағы парызын адал өтейтіні алғашқы адымынан анық аңғарылады. «Әкім Бағдат қалай болар екен?» деп аңдысын аңдыған, істің артын баққандар қазірдің өзінде бағасын беріп, «білікті басшы екен, іскерлігі көрініп тұр, келбеті де келісті көрінеді. Кемелдігі шығар» десіп, ризалық пейіл таныта бастаған.

Жаңа ауданның шымбайына батқан күрделі мәселелер мен жетіспеушілігі өте көп. Қындықта қисапсыз. Соңғы 10-15 жылдан бері жанды жегідей жеген зардаптың жинақталып, қордаланып қалғаны мәлім. Олардың бәрін

де өз ретімен, кезегімен шешу жауапкершілігі үлкен міндет. Бағдат Сайланбайұлы тәжіриbesі мол, нақты істің адамы ғой. Бытыраңқы ауылдарда қордаланып қалған күрделі мәселелерді шешуге батыл кірісіп те кетті. Бір ерекшелігі, қандай істі атқарса да, ешқандай артық дабыраға бармай-ақ, іске дақпыртсыз кірісіп, түйінді мәселелердің әрқайсысын онтайлы ыңғайластырудың жолын қарастыруда. Көп ретте тығырыққа тіреліп, түйікталған түрмистық жағдай мен тұрғын үй мәселелері төнірегінде қалыптасқан ахуалдың күрмеуі көп. Оларды бірден шешу де оңай емес. Солардың бірі – электр жарығымен қамтамасыз ету жағы. Алатай ауданына қарасты «Ұлжан», «Солтүстік Бақай», «Шаңырак-2» шағын аудандарында электр желілерін салуға жедел түрде 574 млн. теңге бөлу қарастырылып, он шешімін тапты. Және бір айта кетер жаңалық, биылғы қырқүйектен бастап халыққа қызмет көрсету орталығы пайдалануға беріліп, тұрғындардың сарсанға түсуін азайтты. «Шаңырак-1» елді мекеніндегі республикалық спорт мектебінің ашылуы да үлкен қуаныштың бастамасы. Бұл Қазақстан спортының болашақ санлақтарын тәрбиелейтін білім ордасы болып табылады. Оның Алатай ауданына орналасуының өзі халыққа қамқорлықтың шынайы бір көрінісі.

Алатай ауданы әкімшілік орталығы мен ішкі істер басқармасы ғимараттарының ірге тасы қалануда. Ауданың бас жоспары бекітілсе, ел қуанар жақсылықтардың көп болатыны күмәнсіз. Қазіргі кезде өзін-өзі басқаратын 16 ауыл комитеті жұмыс істеп, ауданың қоғамдық қоры құрылды. Айналасы 2-3 айдың ішінде атқарылған жұмыс та көзге көрінеді. Алайда, іс барысында байқалғаныңдай, көптеген заңсыздықтарға жол берілгендейді анықталып отыр. Шынын айту керек, жұртшылық заң баптарын жете білмейді. Өз құқықтарын өздері қорғау жағына дәрменсіз. Осыған орай ауданда Қазақстан Конституциясы күні қарсаңында ел-жұртқа Ата заңымыздың құқықтарын түсіндіруге баса көніл бөлінген еді. Ол әрі қарай сәтті жалғасуда. Мекемелер мен үйымдарда Конституция мазмұнын қамтитын әртүрлі тақырыпта конференциялар өткізілді. «Ата Заң айшықтары» атты үлкен қабырғалы фотошежіре

жасалды. Аудандағы ұлттық мәдени орталықтармен байланысып, мәдени шаралар үйымдастыруға жаппай қатыстырылды. Мектептер мен бала-бақшаларының үйымдары жаңа оқу жылының алғашқы сабағын осы Конституция күніне бағыттады. Өйткені, бүкіл өміріздің қыр-сырын қамтыған құқығымыздың, тәртібіміздің, салт-дәстүріміздің жинақталған қағидаларын білу - әрбір азаматтың міндеті екендігіне назар аударылуда.

Ауданда сенбілік өткізу дәстүрге айналды. Алатаялықтар бұл бастамаға белсене қатысада. Соның нәтижесінде әр шаңырақ өз аймағын ретке келтіріп, жаз бойы жиналдып қалған күл-қоқыстарды тазалап, үй маңын абаттандыруға жаппай кірісken.

Алматының шекаралық кеңістігін кеңейтіп, өрісін ұзартып жатқан Алатай ауданы әкімдігі уақытша қоныс тепкен ғимаратта Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов болып, әкімдік қызметкерлерінің жұмыс барысымен, жаңадан ашылған бір терезе тәртібімен іске қосылған халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысына да назар аударды. Үкімет басшысы К. Мәсімов Алатай ауданының іргесінен табылған сак қорғанында және ауданының әкімшілік орталығы салынатын аймақта, «Құрылышы» шағын ауданындағы әскери нысанға да ат басын тіреді. Өз кезегінде Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов Үкімет басшысына Алатай ауданы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарының барысын баяндады. «Шаңырақ-1», «Шаңырақ- 2», «Ұлжан», «Әйгерім» ықшам аудандарында салынып жатқан мектептер мен бала-бақшаларының құрылышындағы жұмыс барысын баяндай келе, Алатай ауданының алдағы даму инфрақұрылымымен таныстырып, ауданының бас жоспарының жобасын талқыласты. Осындай игі істерді көрген Үкімет басшысы К. Мәсімов өз сөзінде:

- Дәл қазіргі беталыстарының көніл қуантып отыр. Осы бағыттарыныңдан таймауға тілекtespіn. Бұл сіздердің жаңа ауданды дамытудағы Елбасы тапсырмасын бұлжытпай орындалап отырғандарының дәлелі. Істеріңіз қашан да сәтті болсын, - деп ризалық білдіруі мерейді өсіре түсті.

Жалпы алғанда, жаңа Алатай ауданына қаасты ауыл

тұрғындарының көңілін күпті еткен түйінді мәселелерді оңтайлы шешу жағы ойластырылып жатқаны көңілге сенім үялатып, үміттің ақталатындығы жігерлендіруде. Бұл істің басы-қасында жүрген аудан әкімі Бағдат Сайланбайұлы Мәнізоров Алматы қалалық мәслихатының депутаттығына үміткер болып түскен кездегі тұжырымдамасында:

«Үш баланың әкесі ретінде бюджеттік балабақшалар мен мектептің құрылыштарын жүргізуді қолға аламын;

Ұрпағымыздың денсаулығы мықты болуын қалайтын кәсіпқой спортшы ретінде қаламызда балалар мен жасөспірімдердің спорт клубтарын көтеп ашу мен дамыту үстінде ықпал ететін боламын;

Жақындарымның хал-ахуалына аландаитын қарапайым адам ретінде дәрігерлік қызмет сапасының артуына тегін дәрі-дәрмекпен емдеуді қажетсінетіндерге бөлінетін квотаның көбеюіне қол жеткізуге әрекет жасаймын» деген еді.

Іскер азаматтың осы тұжырымдамасын, мұратмақсатын жүзеге асыратындығы алғашқы аршынды адымынан-ақ көріне бастағаны көңілге ырзалық сезім үялатады.

Қазіргі таңда атқарылар иғі шаралардың тұп-төркінінде осы аймакқа шоғырланып қоныс тепкен қарапайым тұрғындардың құрделі мәселелерін оңтайлы шешіп, рухын көтеріп, бойы мен ойын сергітіп, көңілдерін серпілтіп, өмірге деген құштарлығы мен құлшынысын арттыруға бағытталған. Осының нәтижесінде ауданның мүмкіндігі мол игіліктерін кәдеге асыруға қажетті нысандар орналасатын жерлерге инженерлік-инфрақұрылымдарды тиімді жүргізуді бюджеттің есебінен іске асыру басты мақсаттың бірі. Бұл бағытта инвестицияны көбірек тарту жолында мүмкіндік жан-жақты қарастырылуда.

Иә, Бағдат Сайланбайұлы тізгінін ұстаған Алматының қасиетті санға дәп келген жетінші Алатау ауданында жұмыс жаңаша ырғақпен басталып, екпінін күн санап арттыра түсуде. Бұйыртса, көркейген мекенге айналған ажарлы абаттандырылған аудан көшелерінде көңілді шалқытып, серуен құратын күн де алыс емес.

Сөзімізді Бағдат Мәнізоровқа жазылған ақ тілекпен былайша түйіндесек дейміз:

Тұлпардай текті шығып, шу асаудан,  
Сұңқардай жанарымен қия шалған.  
Шағанның баурайынан түлеп ұшып,  
Алатаудың шыңына ұя салған.

Көксудың шежіресін жатқа білдің,  
Ақсуга нұры жауды хақ Тәнірдің.  
Алатау етегінде бас қаланың,  
Алатау ауданында таққа міндің,

Ел үшін жасаған соң, көп қызметті,  
Еңбегің разы қылсын шексіз көпті.  
Жерлестер саған деген ақ тілегін,  
Бата етіп, шын жүректен жеткізбекші.

Әншейін жан емессің қатардағы,  
Саялы бәйтерексің жапандағы.  
Есіктегі елінді төрге шығар,  
Есімов әкім болған шаһардағы.

Беделің ел алдында биік бастан,  
Қазағың қадамынды сүйіп тосқан.  
Алашқа абыройлы азамат бол,  
Атағы Алатаумен иყітасқан.

#### ІЗГІ НИЕТ


Ізгі ниет те, ақ тілек те, батуалы бата да осы.  
Шағанның шыңына шыққан шынардай абыройың артып,  
еңбекпен келген табысың тасып, бақытың баянды бола  
берсін. Әр істе сәттілік сәтін түсіріп, Шаған шуағы  
шаттыққа кенеп, шапағатты нұрын молынан шаша берсін  
дейміз.

# ЗАҢНАМАЛЫҚ ЗЕЙІН

М Қазіргі кезең ақпарат заманына айналып отыр. Барлық салада ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін қолдану үрдісі басымдыққа бет бұрды.

Бұл бәсекеге білікті іскерлік қабілеттілік өте қажет. Сондықтан да қоғамдық өндіріс салалары сияқты еліміздің білім беру жүйесі де бәсекелестік қатынастарға төтеп бере алған жағдайда ғана бәсекеге қабілеттілік танытары анық. Осыған орай бүгінгі таңда болашақ мамандарға білім беруші оқу орындары да бәсекелестікке түсіп, оған басты назар аударуда. Бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Стратегиялық Бағдарламасындағы ұлттық идеядан туындалап отырған күрделі мәселе. Бағалы идея мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында да бүгінгі күн талабына сай нақтыланып, оларды іске асыру жолдарын іздестіру міндетtelінді.

Еліміздегі жоғары және орта оқу орындарын жаңартудағы келелі қадам - қасаң мамандықтар шеңберінде қалмай, кәсіби мамандықты жіктеуден біліктілендіру қырына көшу болып табылады. Ондағы



басты мақсат - еңбек рыногындағы түрлі салада өз бетінше жұмыс істей алатын, еңбек машинына икемді, оған білімін қолдана біletін мамандарды даярлауды талап етуде. Мұның өзі еліміз әлеуметтік-экономикалық жаңаруы мен демократиялық жаңа сатыға қадам басқан кезенде, жастар саясаты мен білім беру реформасы осы заманға сай, ғаламдық бәсекелестікке төтеп бере алатын, білімді де білгір, саналы да қайратты, жігерлі де ұстамды, тапқыр да салауатты, ұлттық намысы жоғары Қазақстан азаматтарын тәрбиелеу міндетін жүктеп отыр. Талдықорған заң колledgejінің ұжымы да осы жоғары талап үдесінен шығу үшін алдына ұлкен мақсат қойып, нақты міндеттерді белгілеп, демократиялық қоғам заңдылықтарына лайықты заңгерлер даярладап келеді. Қоғамның маңызды мәдени-тариҳи мұралары мен дәстүрлөрін қазіргі Жолдау талаптарына сай құра білген колледж ұжымының оқыту мен тәрбие беруде жеткен жетістіктері мен бүгінгі тыныс-тіршілігін оқырманға ұсынып отырымыз.

## **БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫМЕН**

Еліміз тәуелсіздік туын тік көтергелі білім алууды мұрат тұтқан жастар арасында заңнамалық пен құқық қорғау органдары кадрларын даярлайтын оқу орындарына түсіп оқуға құштарлық танытып, құлшыныс пен ұмтылыс білдірушілер өте көп десек, артық айтқандық емес. Осындай көріністі Талдықорған заң колledgejіне де оқуға тілек білдіріп, құжаттарын тапсырушылардың көптігінен де аңғаруға болады. Кәсіби орта білімді заңгерлер даярлайтын бұл оқу орны республикадағы осы текстес білім ошактарының арасында мәртебесі айырықша биік деуге лайық. Оған ешкімде шүбә келтіре қоймасы анық. Кезінде заңгер кадрларға сұраныс көбірек болған тұста өмірге келген оқу орны алғашқыда Талдықорған заң техникумы деп аталды. Ол Қазақ ССР-ның Жоғарғы және орта білім министрлігінің бүйрүғымен 1978 жылы құрылды. Кейінгі жылдардағы білім беру саласындағы өзгерістерге орай бұл техникум ҚР-сы Білім және ғылым министрлігінің 1995 жылғы шілденін 14 күнгі бүйрүғымен

Талдықорған заң колledge деген атауды иеленіп, оқу орнының мәртебесін айқындайтын лицензия берілді. Әуелде мұндай оқу орнын құрудағы басты мақсат - орта білімді заңгер мамандар тапшы-тұғын. Оларды басқа жақтан іздемей, өз ішімізден даярлау еді. Құқық қорғау органдарын орта арнағы білімді мамандармен қамту мақсатында туындаған игі бастама жақсы жалғасын тауып, орта білімді заңгерлер даярлауда жаңа қырын жарқыратада танытты, әлі де танытып келеді. Бұған оқу орнындағы бүгінгі игі істері мен соны ізденістері, шығармашылық шындалуы, өз түлектеріне заңнамалық негіздерді саралап, талдап үйретудегі тағылымды тәжірибелері және білім үясының бірегей қалыптасуы тұрғысындағы тыныс-тіршілігі дәлел.

Жыл сайын еңбеккор түлектерін қанаттандырып келе жатқан заң колledge қазіргі кезде өзінің дамып өркендеуінің жаңа кезеңіне көтеріліп, соны серпіліспен еңбек етуде. Еңбек ұжымы «Қазақстан-2030» Стратегиясының тұжырымдамаларын ту етіп алға ұстап, әуелгі жұмыс ырғағын бұзбай, ілгерілеудің үрдісін үзбей, үлкен ізденіспен, үйымшылдықпен, ауыз бірлікте алғы мұратқа жұмған жұдырықтай жұмылуы сүйсінеді.

Ұстаздар ынтымағы жаразтық тапқан жерде табысқа қол жететіндігі күмәнсіз. Колледждің оқытушылары мен барлық құрамы бірлесіп, пікірлесіп жұмыс істейді. Бәрінің мақсаты біреуғана. Ол - біліктілігі тиянақты, зейін-зердесі заңнамалық бастауынан сусындаған, санасына саясаттың сипаттарын молынан сінірген орта білімді кәсіби заңгер кадрларын даярлау. Осы мұратты нысанаға алған колледж ұжымының да, түлектерінің де еңсесін биік көтеріп, бойларын тік ұстасуы еңбекпен келген мақтаныштың игі әсері десе де болады.

## НИЕТІ ТҮЗУ БАСШЫ

Қандай да жұмыс болмасын, оның ойдағыдай атқарылып, көз қуанышына айналуы басшыға тікелей қатысты. Іскер басшы кейін кеткеннің өзін ілгерлетудің жолын табады. Ұжымдағы еңбек адамдарының ойынан шығып, жүректің нәзік тамырларын сезімталдықпен дөп

басып, тереңнен толғанатын, әр іске байыппен қарайтын көрегендігі мен білгірлігін іспен дәлелдейді. Санага сілкініс тудырады. Заң техникумына 1978 жылы әуелде оқу орыны директорының орынбасары әрі оқытушысы болып орналасып, кейіннен, яғни соңғы он жыл бойы басшылық тізгінің үстап келе жатқан Мықтыбек Рахымбек сенім мен үміт үдесінен шыға білген басшы ретінде танылды. Табиғатынан елгезек, зерде зейіні ерек үстаз әдепкі күннен колледж тірлігіне белсене араласты. Жауапкершілігі құрделі мәселелерді бірлесіп шешуге дең қойды. Әрбір игілікті істің басы-қасында жүрді. Үнемі елдіктің үдесінен, ұлттың мұддесінен шығуды ойлады. Көптің көкейіндегі мәселелерді дәп тауып, оның дұрыс шешімін қабылдауға байыппен қарап, жастарға жанашырлықпен қарайтын, жағдайымен санасатын ел ағасына айнала білді. Жаны ауырып, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп еңбектенді. Құні бойы сан алуан шаруамен шұғылданып, қанша шаршағанымен алдына келгендерді жылы қабылдап, олармен ашық әңгімелесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдаудан жалықпайды. Қоғамдық шаралар өткізгенде жауапты мамандармен, тапсырма алған адамдармен жиі хабарласып, жоспар-жоба тетігін тәтпіштеп сұрап, қадағалып жүретіні де дағдылы әдеті.

Қашанда сабырлы да сырбаз қалпын өзгертпей, ақырын жүріп, анық басуға дағдыланған үстаз Мықтыбек Рахымбекұлы, білікті маман, қан туыстығы мен жан туыстығы жарасқан алғы ағаларының кіслік тұлғасынан өнеге-ұлғі үйренуге дең қойып, соларға ұқсауға ұмтылу әдетінен жаңылған емес. Жүректерінің жылуы мол ағаларының ақылына кенеліп, қамқорлығына бөленіп жүруінің өзі бір ғанибет. Олай дейтініміз Мықтыбек он жылдық мектепті бітірген кезде қандай мамандық таңдау керектігі жөнінде он ойланып, тоқсан толғанды. Сол кезде қамқор ағалар табылып, ақыл-кеңестерін айтты. Олар полковник дәрежесі бар, ішкі істер органында істейтін Қалтай Ұбырайымов, әуелде полковник, кейіннен генерал дәрежесіне көтерілген ішкі істер министрлігінде істейтін Махан Стыбаев және ішкі істер органдарында беделі қызмет атқаратын туыстары Кеңес Исанов, Қалыбай Алтаев және басқалар балғын жасқа заңгерлік

мамандықты қалауды ұсынды. Мықтыбектің өзі де милиция киімдерінің үлгісіне, қызыл жолақты бас киіміне, қолға ұстап жүріп шырақ сәулесін жарқырататын қоңыз типтес құралына қызыға қарайтын. «Шіркін-ай, осылар сияқты сәнді киініп жүрсем» деген арман жүргегіне маза бермейтін. Заңгер қызметкерлерін даярлайтын жоғары оқу орнына тек әскери азаматтық борышын өтегеннен кейін ғана түсे алатын. Осыған орай армияға аттанды. Әскерден кейін Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінің күндізгі бөліміне түсіп, оны ойдағыдай тамамдады. Білікті заңгер атанып, диплом алды. Осы мамандықтың жемісін жеп, игілігін көруі ағалар ақылының арқасы. Осынау ардақты ағалары арқылы туған аймақтың шежірелі сырларын түйсігіне түйіп, кімнің жақсы, ненің жаман екенін ажыратып, құпиясы көп тірліктің қыр-сырына қанықты.

Қызметке араласқалы ақылман ағалардың дәстүрін берік ұстанып, қасиетін пір тұтып келе жатқан Мықтыбектің ұстаздық, азаматтық, кісілік келбеті орнығып, бір қалыпты жүйеге түскенін былай қойғанда, заң колледжінің тыныс-тіршілігін ондауға сінірген еңбегі мен қосқан үлесі де ұшан теңіз.

Жеке басының пайдасынан гөрі, келешектің кемелденуіне көбірек көңіл бөліп, сол бағытта азаматтық істер атқаруды мұрат тұтқан ниеті түзу басшы Мықтыбек Рахымбекұлы колледже жетекшілік еткелі атқарылған иғі шаралар мен ауқымды шаруалар көптеп саналады. Ол бастаған ісін тиянақтағанша дамыл таппайды. Осында істегелі бері толық демалып, дамылдаған күндері де шамалы. Таңың атысы, күннің батысы демей оқу ғимаратынан ұзап шықпайды. Жұмыс бастылықтан бір сәт те босамайды. Тәртіпке қатал қарап, жоғары талап қойған соң, ұжым мүшелері де өздеріне жүктелген міндетті мінсіз орындауға барынша ынталмен кірісіп, жапа-тармағай жұмыс істеп жатады.

Қазақстан Республикасының құрметті білім қызметкері Мықтыбек Рахымбек Талдықорған заң колледжінің директоры, біліктілігі жоғары, санаттағы оқытушы. Ол «Құқық қорғау органдары», «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» және

«Әкімшілік құқығы» пәндерінен дәріс береді. Біліктілігі жоғары оқытушы ретінде үрпақ тәрбиесі мен білім беру бағытындағы бағдарламаларды кеңінен қолдануды басты назарда ұстайды. Сонымен бірге жаңа білім үлгісінің ұстанымдарын іске асырудың тиімді жолдарын үнемі іздестіріп отырады. Өзінің ұстаздық қызметінде теория мен тәжірибелі тығыз байланыстыруымен қатар, инновациялық оқыту әдістерін қолданады. Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен бірлесіп, дөңгелек үстелдер, пікірсайыс ойындарын жүргізеді. Білікті ұстаз өзінің оқыту шеберлігін және педагогикалық іскерлікті ғылыми-ұйымдастыруышылық тұжырымдамасы талаптарына сәйкес ұдайы жетілдіруді басты мақсат санайды. Колледж жетекшісі ретіндегі кәсіби қалыптасуы бағытында тұрақты жұмыс істеп, жаңалықты өмірге енгізуге мүқият көніл бөледі. Ол өзінің зерттеу еңбектерінде заңнаманың негіздерін саралап, талдап, талғамы тың ойлар айтып, зерделі пікір түйеді, байыпты пайымдаулар жасайды. Оны қолдану кезіндегі тиімділік жолдарын нұсқайды. Тақырыпты талдауды ауқымды қарастырып, ой өрістетуі де ерекшеленіп тұрады. Жасөспірім үрпақ зердесіне де білім сарасын ұялатудағы тигізер септігі мол зерттеулері мен ізденістері өз алдына бір төбе.

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ізденушісі ретінде студенттерге көмекші құрал болып табылатын авторлық әдіstemеліктер дайындалады. Ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсене қатысып, негізгі тақырыптарды толықтыратын бірнеше ғылыми зерттеу мақалаларын жариялады.

Мықтыбек Рахымбек колледждің Қазақстан Республикасындағы орта кәсіптік білім берудің Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарын даярлайтын авторлық топтың мүшесі. Сонымен бірге Талдықорған қаласының және республиканың қоғамдық өміріне де белсене араласады. Қала бойынша арнайы өткізілетін ішараалардың ұйымдастыруышы әрі демеушісі. Аумақтағы жастар қозғалысының дамуына көмектесетін колледж директорларының ішіндегі бірден бір бірегейі де осы Мықтыбек.

Өзінің ізденімпаз іскер қызметкер екендігін әрдайым нақты ісімен дәлелдейді. Талапкершілдігі жоғары. Адамгершілігі мен әділеттілігі, іскерлігі мен ізденімпаздығы, міnez-құлқы, адамдармен қарым-қатынас сезімі ерекшеленіп тұрады. Ол тек өзі басқарған педагогикалық үжымында ғана емес облыстың қоғамдық шеңберінде де есімі құрметпен аталатын жоғары бедел иесі.

«Отан от басынан басталады» демекші, жұбайы Қалқа да заңгер, ұлы Рулан заң ғылымдарының кандидаты, Динар, Медет, Айжан балалары да жоғарғы білімді заңгерлер. Бір сәт немерелерімен демалуға да уақыт тауып, немересі Жәнелдің оқуға деген ынтасын қадағалап, қалт жібермейді. Сондығы болар ол оқу озаты. Құдай қосқан Қалқа екеуі алты немеренің сағындырып сүйсіндіретін ата мен әжесі. Бірі ел ағасы болса, бірі ақ әже деген атқа сай.

## **БАСТЫ ФАКТОР - МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗА**

Материалдық база оқу орнының мәртебесін айқындаитын бірден-бір фактор болып табылады. Сапалы білім беру мен сол оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайтуға тікелей қатысты. Сол себепті де істің бұл жағына көп көніл бөлінгендігі айқын байқалады.

Білім беруді жаңа сатыға көтеру үшін ауадай қажеттіліктің бәрі болмайынша істі алға бастыру да қын. Бұл жағы колледжде басты назарда ұсталатыны аңғарылады. Мұнда орта білімді кәсіби мамандарды даярлауға қажетті оқыту-материалдық база жақсы жасақталған. Еңселі оқу ғимараты бар. Онда оқу аудиториялары, сот мәжілісін өткізу өткізу өткізу залы мен акт және спорт залдары бар.

Әдістемелік орталық жаңа талапқа сай безендіріліп, жақсы жабдықталған. Оқыту барысында пайдаланатын пәндер кабинеттер мен компьютерлік сыныптар да осы заманғы жаңа құрал-жабдықтармен жасақталған. Қабырғаларға көрнекі насиҳат құралдары ілінген. Сонымен бірге асхана жұмыс істейді. Дәрігерлік пункт

сырқаттанғандарға алғашқы дәрігерлік көмекті кезінде көрсетеді. Оларда келушілердің талап-тілектерін орындауға толық мүмкіндік жасалынған.

Әрбір мамандық бойынша өткізілетін тәжірибелік сабактардың бәрі де оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Тәжірибелік сабактар негізінен Талдықорған қаласындағы құқық қорғау органдарында және оқушылардың тұрғылықты жерлеріндегі сот, прокуратура органдарында өткізуге келісім-шарттар жасалынған. Колледж облыстық және қалалық соттарда тәжірибелік сабак өткізууді бағдарламаға сәйкес келіскең. Сондай-ақ, колледж жоғары оқу орындарымен де тығыз байланыс жасайды. Атап айтқанда, Алматыдағы Д. А. Қонаев атындағы университеті мен Академик Ә. Жолдасбеков атындағы институтының профессор-оқытушылары келіп дәріс оқу дәстүрге айналған. Заң ғылымдарының докторы, профессор Әмірәлі Қопабаев, ғылым кандидаттары Роза Жақыпбайқызы Таужанова, Рулан Рахымбек, Асхат Әлімов, Айгүл Қопабаева, Халида Нашырбаева және басқа оқытушылардың берген дәрістерін оқушылар әрқашан да үйіп тыңдайды. Оны белгіленген мерзімде жүзеге асырып отырады. Оқу орнының шағын баспа-полиграфиялық қызмет көрсетіледі.

Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеп, білімдерін жетілдіруіне қажетті оқу құралдары мен әдебиеттер жеткілікті. Кітапхана мен оқу залы қызметі де талапқа сай үйымдастырылған. Онда көркем әдебиеттермен қатар құқық қорғау, экономикалық, менеджмент және басқа да гуманитарлық бағыттағы оқу құралдарын онай тауып алуға толық мүмкіндік бар.

Заңгерлікке қатысты оқулықтар жаңартылып, толықтырылып тұрады. Қазір кітапханада жеткілікті кітап қоры бар. Оның жартысына жетеқабылы заңгерлерге арналған оқулықтар.

## **ҰСТАЗДАР ҰЛАҒАТЫ**

Ұстаздардың біліктілігі мен білгірлігі де, тиянақтылығы мен ықтияртылығы да, мәдениеті мен кісілік қасиеті де танылатын тұсы олардың сабак беру шеберлігі мен тәжіриbesіне тікелей қатысты. Сол себепті де оқу орнына

келген ұстаздар іріктеуден өтеді, тәжірибелі ұстаздарға жол да даңғыл, есік те ашық. Ондайлар мандай алды кадрлар ретінде таңдауға бірден ілігеді. Мәселен: Нафима Алибаева, Зейнегүл Жолдыбаева, Бақытжан Ошақбаев, Гүлнара Байтілеуова, Валентина Михеева, Гаухар Шаймағанбетова, Сәния Тайжанова, Төлеужан Смаков және басқалар оқу орнының мақтанышына айналған тәжірибесі толысқан абзал жандар.

Талдықорған заң колледжінде өткен «Ең үздік жыл экономисі» байқауына облыстың түкпір-түкпірінен талапкерлер келіп, өздерінің өртенгі ел экономикасына қосар үлесін көрсете білді. Облыстық білім департаментінің басшылығымен өтілген бұл байқаудың бүгінгі оқушы, өртенгі жас маманға берер тәлімі мол болып, жаңа ізденіске, шығармашылыққа жетелері сөзсіз. Мұндай байқаулар колледж қабырғасында жиі өткізіледі. «Бүгінгі зангер бейнесі», «Жігіт сұлтаны», «Жасөспірімді жазаға тарту керек пе, жоқ па?» тақырыбындағы пікірталас сайыстары, «Мен және заң» дөңгелек үстелдері, «Жастар және дін», «Заң және жастар», «Болашақ зангер қандай болуы керек?» пікірталас байқаулары жоспарлы әрі қызықты үйымдастырылып келеді. Олардың оқушылар ой-өрісін кеңейтуге, білімдерін жетілдіруге тигізер ықпалы мол екені тәжірибеден көрініп жүр.

Ұстаздардың ұлағаты мен біліктілігін дәріптейтін колледж базасы негізінде құқық мамандығы бойынша республикалық әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Ол ұстаздарға оқыту тәсілдері бойынша бағыт-бағдар беріп, бір орталықтан үйлестіру жұмысын жүргізеді. Оқу барысындағы жетістіктер мен жаңалықтарды тиімді игеруге, жалпы білім беру стандартын енгізу дің жөнжосығын сілтеп отырады. Осының нәтижесінде колледждің бірқатар оқытушылары құқық қорғау мамандығы бойынша жалпы білім беру стандартын әзірлеген авторлар санатынан орын алды.

Отыз жылға жуық тарихы, өзіндік ерекшелігі, жаңашыл дәстүрі бар колледж оқыту мен тәрбие беру үрдісін бір сәтке де бөлген емес. Колледжде оқыту жұмысы орта және арнайы білім беру жөніндегі ҚР Білім және ғылым

министрлігі бекіткен Мемлекеттік стандартқа сай жүргізіледі. Заң колледжі зандық пәндердің стандарттық жүйесін алғашқы құрушылардың бірі. Оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру мақсатында 2 түрлі пәндік бірлестік құрылып, ішкі бақылау комиссиясы үйымдастырылған. Бақылау рейтингтік тәсілмен жоспарлы түрде жүргізіледі. Нәтижесі ашық хабарланып, жеңімпаз ұстаздар «Жылдың үздік мұғалімі» байқауына қатыстырылады. Ол тәжірибелі, бәсекеге лайықты, үздік мұғалімдерді анықтауға септігін тигізеді.

Мұғалімдердің мамандығын талапқа сай жетілдіруде әр түрлі тақырыптарда өткізілетін семинарлар мен курсардың мәні өте үлкен. Өзіндік білімдерін көтеруде шығармашылық ізденіспен еңбек етумен бірге студенттерге көмек ретінде түрлі құралдар мен әдістемелер шығарылады. Өз білімдері мен шеберліктерін жас ұстаздармен алмасып, тәжірибелерін үйретеді, білгірлікке жетелейді.

## **КОЛЛЕДЖДЕҢ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР**

Оқу орыны өзінің алдына қойған міндетін ойдағыдай орындал, мәртебесін арттырып, абыройын асырып отырғаны жүртқа аян. Өзі шаңырақ көтергелі бері 12 мыңнан астам өрен қанаттанып ұшып, еңбек жолына аттанды.

Бұгінде осы оқу орынын бітіріп, кейіннен жоғары білім алған түлектер республикамыздың түкпір-түкпіріндегі құқық қорғау органдары мен басқа салаларда жемісті қызмет істеп, міндеттерін абыройлы атқарып жүргендегі де көптеп саналады. Ең бастысы тәуелсіз елдің дәуіріне сай білім алған колледж түлектері өз мемлекеттің келешегін терең ойлайтын кадрлар санатына қосылып, зангерлік білімін, күш-жігерін, тәжірибесін елінің өркендеуі жолындағы игі іске жұмсауы ерекше қуантады.

Колледж түлектері Республиканың түкпір-түкпірінде еңбек етуде. Оқу бітірушілер арнайы шақырумен және өз еріктерімен қалаған сот, прокуротура және құқық қорғау, АХАЖ органдарына, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдеріне жұмысқа тұрады. Жоғары оқу орындарына

түсіп, арнайы білімдерін жалғастырады, немесе әскери азаматтық борышын өтеу міндетіне аттанады. Колледж өз тұлектерін мақтаныш тұтады. Олардың қатарында Әділет министрлігі тіркеу комитетінің тәрағасы - Мейрамбек Таймерденов, Әсел Ұшақбаева - республика бас прокуратурының аға прокуроры, Манғыстау облыстық прокуратурының аға прокуроры -Күнсұлу Кабдрахманова, Павлодар қалалық соты - Роза Ахметжанова, Алматы облысы күзет комитетінің бастығы Мұрат Әйтімбетов, Жаңатас қаласының соты - Нұрлан Алдабергенов, Қостанай облыстық соты -Аманкелді Ертішбаев, Алматы облыстық сотының судьясы - Арыстанбек Стыбаев, Талдықорған қалалық соттары - Симузар Алиева мен Нұрсұлу Тапелова, Райымбек аудандық сотының тәрағасы - Рамазан Баймахан, Алматы қаласындағы Д. А. Конев университетінің проректоры, заң ғылыминың кандидаты - Сәуле Қазекеева, Д. Конев атындағы университетінің деканы, заң ғылыминың кандидаты, доцент - Гүлнар Алибаева және басқа құқық қорғау, сот, прокуротура органдарында істейтін колледж тұлектерімен мақтануға болады. Колледже оқу бітірушілерді қызметке орналастыруға зор мән беріледі. Жыл сайын тұлектердің қызметке орналасу есебі алғынып, ол келесі жылға студенттер қабылдауға үлгі тұтылады. Құқықтық, демократиялық, әлеуметтік, зайырлы қоғам орнату жолында заңгер мамандығы қажет болғандықтан жылдан-жылға сұраныс та өсуде.

Қазіргі демократияның жаңа кезеңіне аяқ басып отырғанда, әлі де қосар үлесі мол болары кәміл.

## **ИГІЛІКТІ ІЗДЕҢІСТЕР**

Колледждің өзіндік оқу-тәрбие бағдарламасы бар. Ол «Білім» заңы, «Қазақстан-2030» Стартегиялық бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын, мемлекеттік білім бағдарламасын, бастауыш және орта кәсіптік білім беру бағдарламасын басшылыққа ала құрылған. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беруге, одан

ұшқырлықты, жаңа тарихи кезеңін болмысына пара-пар әрекет етуді және экономиканың даму қажеттіліктеріне сай болуды талап ете отырып, орта және кәсіби білім беретін Талдықорған заң колледжіне жүктелген міндеттердің бастысы - оқу орнынан алған кәсіби білімін түрлі мәселелерді шешуге, тәжірибеде біліктілікпен пайдалануға, дербес сынни тұрғыда ойлай білуғе, өзіндік ұсыныс-пікір айтуға, өзін-өзі тәрбиелеп, кәсіби білімін жетілдіруге, білім беру ісінде жаңа технологияларды игеруге ерекше мән беруге, білімдерін жүйелеу және бақылау бағытында рейтингтік әдісіне көшуге, оқушылардың ғылыми шығармашылықтарына, ізденістеріне баса көніл бөлуге бағытталған.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында педагогикалық ұжым шығармашылық ізденіспен еңбек етуде. Педагогикалық үрдістегі жаңашылдықты қолдану арқылы құқықтық, әлеуметтік-экономикалық бағыттағы өзгерістерді өмірге ендіріп, жаңа әдістер мен тәсілдерді пайдалануға ерекше көніл бөліп отыр. Оқушылардың танымдық өсуі мен әлеуметтік жетілдіруін қамтамасыз ету мақсатында нақты ұстанымның бағыт-бағдары белгіленген. Оларда сабак кезінде қоғамдық өкілдер мен сарапшылардың тартылуы, оқушының ойлау қабілетін жетілдірудегі сұрақтарды таңдап ала білу, қайшылықтар мен түйінді жағдайларды тез арада шешіп, сараптауға дағдыландыру, зандық жағдайда жалпы білімді менгеру және тәжірибеде пайдаланудың ұжымдық жүйесін ендіру, алған білімдерін өндіріспен байланыстыра қолдануға қолайлы жағдай туғызып, мүмкіндік жасау, оқушылардың көзқарасын, ұсыныс айтуын, пікір таласын дамыту арқылы оны өмірмен байланыстыра тиянақтау жағы қарастырылған.

Арнайы зандық және жалпы білім беру сапасының артуы, тиісті пәнді өтуде сабак жүргізуудің инновациялық әдіс-тәсілдерін сәтті ендіруге байланысты болғандықтан интерактивтік, сын тұрғысынан ойлау, блоктық және ойын элементтерін кеңінен пайдалану қолға алынды. Қосарлы, іскерлік, өзіндік, топтық, компьютерлік және процестік сабактар өткізу түрлерін қолдану білім беруде ерекше орны, бар екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабак

барысында қолданылған ақпараттық фильмдер, диафильмдер, плакаттар мен сызбалар, компьютерлер, магнитофон мен бейнетаспаларды қолдану оқушылардың теориялық білімін тиянақтау, қызығушылығын арттырып, сабак барысында өзіншे жұмыс істеуге жетелейді. Колледждің әдістемелік бірлестігінде оқытудың түрлі ғаламдық және отандық тәжірибелерді сараптау, оқып үйрену, қолдану, өз іс-тәжірибелерін тарату, жас ұстаздарға ұғындыру, сабак берудің қыр-сырларын зерттеп үйрену, әдістемелік тренингтер, семинарлар, дөңгелек ұстелдер, пікір сайыстар, конференциялар, тәжірибелік сабактар арқылы жаңа бағыттағы шығармашылыққа жол ашу дәстүрі қалыптасқан.

Тәжірибелі ұстаздардың шығармашылығы колледждің «Зангер» газетінде және оқу орнының шағын баспаханасынан шығарылып, көпшілікке таратылады. Өзіндік іс тәжірибелерін таратуда үлгілі ұстаздар да баршылық. Атап айтқанда методикалық орталық кеңестің жетекшісі Бақыт Сексенбаева, жалпы пәндер циклының әдіскері Ләйлә Тәкішева, білім беру ісінің үздіктері Любовь Землянкина, Клара Садықова, Маздақ Шермұхамбетова, Білім министрлігінің мақтау қағазының иегері, «Жыл мұғалімі» байқауының жүлдегері Ләzzат Бердіқожаева, облыстық әкімдігінің мақтау қағазымен марапатталған Роза Нұрматова, Валентина Михеева және «Ең үздік жыл кураторы» сайысының жүлдегері Айнұр Кожабекованың озық тәжірибелері колледж бойынша таратылып, пайдалануға ұсынылды. Білім беру ісінің үздігі, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Маздақ Шермұхамбетованың шығармашылықпен, ізденіспен атқарған еңбектерін жинақтап, «Ұлттық тәрбие - тарихи тағылым» атты екі кітабын шығарды. «Патриоттық және эстетикалық тәрбие сағаттары» жинағында және 10-11 сыныптарда оқылатын «Құқықтану» пәнінің авторларының бірі, «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналындағы бірнеше мақалалары жарияланды.

Сондай-ақ, Меруерт Қаспақтың «Құқықтық ақпаратты автоматтандырып өндеу» атты студенттерге арналған көмекші құралы, Руфина Жандильденованың

«Конституциялық құқық», «Мемлекеттік құқық негіздері пәніне көмекші құрал». Ләzzат Бердіқожаеваның «Конституциялық құқықтан терминология сөздіктер жинағы», «Студенттерге көмек» сияқты студенттерге арналған лекциялар жинақтары да тәлімді тәжірибелерге толы.

Аға әдіскер Бақыт Сексенбаеваның «Мұқағали Мақатаев: өмірі мен шығармашылығы», Айнур Қожабекованаң «Тәрбие берудегі кейбір әдіс-тәсілдер» жинағы жарық көріп, колледж ұстаздарына таратылды. Мұндай іс тәжірибелер ұстаздарды шығармышылық ізденіске жетелеп, іскерлік қабілеттерін ұштайтыны сөзсіз.

Талдықорған заң колледжіндегі тәрбие жөнінде айтар болсак, тәрбие бағдарламасы негізінен «Білім» заңы мен Қазақстан Республикасының жастар саясатының мемлекеттік тұжырымдамасын басшылыққа алып, солардың ұстанымдарына сәйкес құрылған. Оқу орнында тәрбие орталығы болып саналатын «Жастар заң орталығы» жұмыс істейді. Колледж оқушыларының қызығушылығын тудырған бұл орталық айналасына алғыр да қабілетті жастарды топтастырып отыр. Сонымен бірге қалалық, облыстық, республикалық сайыстарының жеңімпазы атанған студенттерден құрылған көнілді тапқырлар клубының «Полиция академия» командасымен де мақтануға болады.

Заман талабына сай мемлекеттік тілді өте жақсы менгерумен бірге халықаралық қатынас тілі ағылшын тіліне және ресми тіл орыс тілін жақсы менгертуге көніл бөлініп, ағылшын тілінің «Welcome to English Club» үйірмесі құрылған.

Мұнда әр жас өзінің белсенділігін көрсетумен бірге, ұсыныс айтуға, пікір таластыруға қызығушылықпен қатысады. Олар өздері атқарған әр істің нәтижесін көріп, оны сараптауға, тілге, елге, Отанға деген сүйіспеншілікке баулиды. Әмір сұруде, кездескен қыындықты жеңе білуге, шындықты жақтап, әділетті болуға, әр іске өз үлесін қосуға бейімділік танытуға тәрбиеленеді, қабілет - қарымы ұшталып, таланты ашылады. Ұлттық намыстың мәнін, бәсекелестіктің не екенін сезінеді, ұғынады.

Бағдарламаға сәйкес әр түрлі тақырыптарда кештер, кездесулер, пікірсайыстар, дөңгелек үстелдер мен акциялар, апталықтар мен айлықтар, байқаулар мен жарыстар өткізуді өздері үйымдастырып, нәтижелерін сарапқа салып, байқалған кемшіліктері сыналып, келешекте оларды қайталамау жолдары нақтыланады.

Олар әр айдың бірінші аптасының дүйсенбісінде жиналып, өз істерін рейтингтік бақылау жүргізу арқылы қорытындылайды. Келесі айдың жоспарын бекітеді. Әрбір ұсыныс, пікір, ескерту назардан тыс қалмайды. Нәтижесі «Зангер» газетінде жарияланады, әр ай сайын өткізілетін оқушылар жиынында ашық хабарланады. Марапаттау мен мадақтау, ескерту жасап, сөгіс жариялау оқушыларды жинақылыққа, бәсекелестікте белсенді болуға жетелейді. Жыл аяғында семестрлік рейтингтер көрсеткіш бойынша әр топтың жұмысы әділ бағаланып, «Алқалық кеңес» сыйлығымен марапатталады. Рейтинг - әрбір оқытушының білімді, сауатты, ғылыми әлеуметтік сапалы түрде бағалауға ықпал етеді. Сондықтан әрбір семестрдің соңында және оқу жылының аяғында рейтингтік жүйе сараптайды. Ол жүйе неғұрлым тәжірибелі оқытушылардың қызметін нығайтып, жетілдіре түседі, ол жас оқытушылар жоғарғы санаттағы оқытушыларға қарап бой түзеп және соларға ұқсап, иық тенестіруге талпыныс жасайды. Былғы жыл қорытындысының рейтингтік көрсеткіштер ережесі жақсы жағынан көрсетті, онда он сегіз тармақтан тұратын сынак саласы бар.

Әрбір оқу орнының өзіндік ерекшелігі, дәстүрі, көздеген мақсаты, жүктеген міндеті болса, олардың шешімін табу жолдары да сан алуан. Көптеген кештер, іс-шаралар, кездесулер, сайыстар, пікірлесулер, дөңгелек үстелдер өткізумен шектеледі. Кейде, сол сәтте бұзықтық, қылмыс сияқты әрекеттер де туындалады. Неліктен солай? Неге өліп-өшіп өткізген тәрбие шаралары көмектеспеді? Олар қайдан шықты? Осы сияқты сауалдар да толғандырады.

Иә, оның кінәсі - асығыс шешім қабылдаудан, кішкене айыпты болса, түсінбей сүрінсе, арадан тез аластату, оның ішкі психологиялық өзгерісіне үнілмеу, әрекеттікten

қашу және жеке тұлғаның, нәзік жанын, сезімін, ішкі өзгерісін, қиялын түсінбеу сияқты жайттардан туындаиды емес пе? Оны білу күрделі мәселе. Сондықтан да, колледжде психологиялық орталықтың орны ерекше. Әрбір оқу орнына психолог керектігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Психология әрбір тәрбиешінің тәрбие құралына айналғаны жақсылық нышаны. Қазіргі кезде педагогтарға да, ата-анаға да, оқушыға да психологиялық ақыл-кеңес өте қажет. Оны педагогтар өзара келісіп, бірлесіп отырып жүргізеді. Ондағы мамандар оқушының өзін-өзі тануына жол ашады. Әрбір өткізілетін іс-шара психологиялық тұрғыдан ерекше талқыланып, тәрбиешілердің зейіні аударылады.

Кураторлар кеңесі атқарған жұмыстар да ауқымды. Олар тәрбиенің қыр-сырын білуде көп шаруа тындырған. Жас тәрбиешілерге тәжірибелі ұстаздар семинарлар, пікір алысулар, конференциялар, іс-тәжірибе алмасулар сияқты шаралар өткізіп, «Ұздік тәрбиеші» байқауына қатысуының тәрбиелік мәні мол болды. Бәрінің түйіні - әр тәрбиеші оқушы жанын шын сезініп, түсініп, жеке тұлға ретінде бағалауға, оқушының шын жанашыры, тірегі, досы, сырласы болуға ұмтыла білуі басты назарда ұсталынады.

Елбасымыз Н. Назарбаев Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауындағы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясына шын жүректен қолдау көрсетілуде. Соның ең негізгі жеті басымдықты іске асыратын бүгінгі шәкірт, ертеңгі орта білімді, білікті мамандаярлау заң колледжіне жүктелген міндеттің бірі. Осы абырайлы міндетті атқару арқылы келелі іске өзіндік үлес қосуды парыз санаған білімді де білікті басшы Мықтыбек Рахымбек басқарған Талдықорған заң колледжінің еңбек ұжымы мен студенттер қауымдастырының бүгінгі таңдағы игі істерінің барысы мен аршынды адымының тыныс-тіршілігі осындей.

## **ЖАРКЕНТТИҢ ЖАЙСАНЫ**

Қабдірешпен бірге Жаркент жеріне қарай сапар шектік. Ол жол-жөнекей:

- Менің әріптесім – Закир есімді азамат бар. Қарапайым, жайсан жан. Ұлты дүнген. Бірақ қазақшаны судай ағызады. Әуелі соған жолығайық. Жаркенттегі жолаушылар тасымалдайтын кәсіпорынның басшысы, өз ісінің білгір маманы, - деп қысқа қайырған-ды.

Сол бетте ешқайда бұрылмастан Қабдіреш айтқан кәсіпорын табалдырығын аттадық. Бізді әдейілеп күткендей, әлгінде сөз еткен Закир де жұмыс орнында еken. Орта бойлы, толықша денелі, буырыл шашты, қалың қара қасты, жүрісі де, сөзі де ширак, ел ағасындағы азамат еken. Ағайын-туыстары келгендей ауланың кіре-берісінен құшақ жая қарсы алып, жарқылдай сөйлеп елпілдей амандастып жатты.

- Автокөліктің күтпеген жерден бірдемесі істен шығып, жолда тоқтап қалатыны бар. Бір көлік Алматының Тастағының маңында, екіншісі өзіміздің Керімағашқа баар жолда сынған көрінеді. Солармен хабарласып,



жөндеушілерге айтып, не керектігін біліп, тапсырма беріп біткенім осы. Бәрі реттелетін болды, - деп мән-жайды баяндай бастады.

Қабдіреш те әңгімеге араласып:

- Жолаушыларды тасымалдаудың талай қындығын бастан кешірдік қой. Тек сапар сәтті болсын деп тіле,- деп сырмінез жұмыс жайына қанықтығын алға тартып жатты. Ол да жолаушыларды тасымалдайтын Талдықорғанаймағындағы үлкен кәсіпорынның білдей бір басшысы.

Закир кәсіпорынның атқаруышы директоры Жақыпбай Ақшаловқа бұрылып:

- Ендігі жұмысты өзің реттей бер. Қонақтар келіп қалған екен, осы кісілермен әңгімелесіп, шаруаларын сұрайық,- деп бізге біржола бет бұрды.

Закир Хизиров басқарған Жаркент қаласындағы «Үркөр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – Панфилов ауданының барлық елді мекендеріне, Алматы қаласына қатынайтын үлкенді-кішілі автобустары бар іргелі кәсіпорын көрінеді. Тұрғындары мен арлы-берлі жүріп тұратын жолаушылары жеткілікті жерде автобус қызметін уақытылы әрі мәдениет талабына сай көрсетудің шаруасы мен машақты да көп жұмыс. Жауапкершілігі де жоғары. Ертеңгілікте жан-жаққа жіберілетін автокөліктердің техникалық түзулігін, жанар-жағар маймен толық қамтамасыз етумен бірге жол қозғалысы ережесін сақтап, жолушыларды аман-есен жеткізу дің қандай жауапты міндет екенін айтып жатудың өзі артық болар. Әр күн жауапкершілікке толы. Күнделікті тіршілік күйбенімен сапарға шығатындарға уақытылы қызмет көрсету – кәсіпорынның бірінші кезектегі міндеті. Себепсіз іркіліс болмауы тиіс. Техника сапарға шығуға сақадай-сай тұрса, бір басқа, ал белгіленген уақытта автокөлік шықпай қалса, жолаушылар жүйкенді тоздырады. Артық әңгіме айтылып, реніш тудырмау үшін әр қызметші өз міндетін жете түсінгені жөн. Закирдің де қоятын талабы осы. «Халыққа қызмет істеуді мойынға алдық па, оны мінсіз атқаруға міндеттіміз»- дейді ол. Талап үрдісінен шығу үшін әркім өз жауапкершілігін

арттыруы тиіс. Сонда ғана талап орындалады. Ол болмаған жағдайда, жолаушылардың ренішті сөзін естисің. Көпшілік тарапынан наразылық туындейды. Бұл ешкімге абырой әпермейтін тірлік. Керісінше, бірқалыпты жұмыс ырғағын бұзу арқылы істің мәнін де, сәнін де кетіретін жайт. Әрі қатынас қозғалысы реттіліктен шығып, дағдарысқа тіреледі. Сондықтан да автобаза бастығы Закир күнделікті жұмыс ырғағын, автокөліктердің белгіленген бағыттар бойынша дәл уақытында сапарға шығуын тұрақты бақылауды үдайы назарда ұстайды. Бұл үйреншікті әдет. Жолаушылары бір тынбайтын күнделікті тіршіліктің темірқазығы іспетті дағдылы дәстүр.

Жолаушыларды тасымалдау сынды күрмеуі қурделі кәсіпорындағы барлық жұмысты бір жүйемен жүргізіп, мінсіз қызмет көрсету талабына сай болу онай шаруа емес. Оны Закир Хизиров бес саусақтай біледі. Ол ірі ұжымға басшылық жасаудың қыры мен сырын жете менгерген білікті де білгір басши. Халықпен жұмыс істеудің жай-жапсарын жақсы түсінеді. Оның бұған дейінгі қызметі де тұрғындарға тұрмыстық-коммуналдық қызмет көрсету саласы болатын. Жаркент қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесін он жыл басқарып, талай қындықтарды кезіктірсе де, ешкімге сыр бермей, абырой биігінен көрініп, беделін арттыра білген-ді. Сонымен бірге кәсіби маман ретінде өзінің біліктілігін арттырып, техника тілін де жетік менгерген еді.

Өз ісін ұқыпты әрі тиянақты тындыратын Закир Хизиров білікті маман ретінде жоғарғы басшылық органдардың ұсынысымен Жаркенттегі жолаушыларды тасымалдау кәсіпорнының бас директоры болып тағайындалған еді. Содан бері он алты жыл өтіпті. Аз уақыт емес. Тәжірибесі толысып, басқару іскерлігі арта түсken. Адамдармен қоян-қолтық жұмыс істеудегі шеберлігі шындалып, өз бойына адами тамаша қасиеттерді қалыптастыра білді. Кәсіпорынның техникалық қызметкерлері мен жүргізушілері, жалпы ұжымға басшылық жасаудың өзіндік ішкі тәсілдерін жете сезінді. Жолаушыларды кездейсоқ тосыннан болатын жол апаттарына ұрындырмай, баратын жеріне жеткізудің

жауапкершілігі өте үлкен екендігін жан-тәнімен сезініп, қызметін абыройлы атқару жөнінен алға қойған мақсатына жету үшін табандылықпен еңбек етіп, өзін-өзі ыждағаттылық пен іскерлік қасиетке баулыды. Ептілікті, реттілікті мұрат тұтты.

Закирдің туған жері, кіндік қаны сіңген топырақ түгін тартсан, майы шығатын шүрайлы да шырайлы жазиралы Жаркент жері. Арнасы ақжалданып жататын Өссек өзенінің бойы.

Балалықтың бал дәуренінде көк дөнендей көнілі ойнақ салған өрен Закир Алтынсарин орта мектебінің қабырғасында оқып жүрген күндерден бастап алдағы арман асқарларына жетуге асығатын. Көп білуге үмтүлатаң. Құштарлығы болар, бір жақалықты естісе, соны егжей-тегжейлі білуге ынта танытатын. Талабы таудай түлек орта мектепті ойдағыдай бітірген соң еңбек етуге енді кіріскең шағында әскери азаматтық борышын өтөуге шақырылады, Белоруссия жерінде үш жыл бір ай әскери міндетін өтеп келген соң Жамбыл қаласындағы гидромелоративтік институтына құжаттарын тапсырады. Емтихан сынақтарынан мұдірмей өтіп, жоғарғы оқу орнының механика факультетінің студенттері қатарына ілігеді. Институт қабырғасында білім нәрімен сусындаған Закир әскери қызметте жүріп ысылып, шымыр шыңдалғандығын байқатып, жаңа қырынан көрініп, белсенділік қабілетін аша түседі. Студент жастар арасында өтетін қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, иғі бастамаларға ұйытқы болып, оған жетекшілік жасайды. Ұйымдастырушылық қабілеті молдығын дәлелдеумен бірге сабакта да зейінділік пен зеректік танытып, 1978 жылы институтты үздік тәмамдайды. Жоғары білімді маман ретінде алғашқы еңбек жолын Жаркент қаласындағы автобус паркінен бастайды. Бұл кәсіпорынға аудан басшыларының үйғаруымен директордың орынбасары болып орналасады.

Закир Хизировтың мектептен кейінгі қоғамдық өмірдегі есею, қызмет сатысындағы өсу баспалдақтары сәтті басталып, жақсы жалғасын табады. Жаркент

қалалық коммуналдық-шаруашылық мекемесінің тізгінін үстап, бұл қызметті он жыл жемісті атқарады. Қаладағы коммуналдық қызмет көрсету саласының жұмысы жақсарып, көптеген жаңалықтар өндіріске енгізіледі. Су құбырлары, жылу жүйелері бір қалыпты жұмыс істеп, қаланы абаттандыру жаппай қолға алынып, ажарлана түседі. Осы салада қызмет атқарған уақыт ішінде коммуналдық-шаруашылық жүйесінің коммуналдық-техникалық базасының қалыптасып, нығаюына қосқан үлесі де елеулі еді. Соның негізінде кәсіпорын әлі күнге дейін бірқалыпты жұмыс істеп келеді.

Тәжірибелі басшы ретінде жұмысы күрделі әрі өзіндік қындығы қисапсыз көп Панфилов аудандық жолаушыларды тасымалдау кәсіпорнына директор етіп тағайындаған тұста да оған үлкен сенім көрсетілді. Бұл жұмыстың да қыр-сырын тез меңгеріп кетуі де іскерлігі мен біліктілігінің онды нәтижесі екені көміл.

Панфилов ауданының құрметті азаматы атанған Закир Хизиров бірнеше рет аудандық және Жаркент қалалық мәслихатының депутаты болып сайланып, халық қалаулысы ретінде көптеген күрделі мәселелерді шешуге араласты. Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы съезіне делегат болып қатысып, шынайы достық пен татулықтың көрінісін жан-тәнімен сезінгені әлі жадында. Әр жылдарда алған алғыс хаттары мен мадақтау қағаздары да жеткілікті. Мұның бәрі жемісті еңбектің жеңісті нәтижелері екені анық.

Екеуара сырласа отырып аңғарғанымыз, Закир табиғаты таза адам. Тектіліктің мәйегі бойына мол дарыған. Мүмкін ол қасиет әкесі Хакимнен жұғысты болған шығар. Ол кісі де өте қарапайым еді деседі білетіндер. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Алласын аузынан тастамайтын Хакимді жаратқан иесі қолдап-қорғады ма, әйтеуір елге аман-есен оралады. Келе еңбекке араласады, мандай терін тәгіп, жемісін жейді. Әуелден береке-құты арылмаған шаңырақ иесінің басынан бағы, алдынан малы кетпеген әulet еді. Жұбайы Сунжар Рамазанқызы да дарқан жан болып шықты. Хан сарайындағы кең үйінен қонақтар үзілмейтін. Дарқан

дастарқанынан небір жақсылар мен жайсандар дәм татып, түстеніп, қона жатып, тынығатын-ды.

Қонақжай әрі көвшіл Хакимнің обасында үбірлі-шүбірлі жеті бала - төрт ұл, үш қыз тәрбиеленеді. Бәрі де ержетіп, есейіп, ел қатарлы тірлік жасайды. Солардың ішінде Закир еті тірілігін жастайынан анғартып, шаруаға бейім өседі. Тегі мықты ұлағатты әuletтің ұланы көвшілікке жанаса жүріп, өнеге үйреніп, ел-жүртпен етене араласудың жақсы екенін жүргегіне түйе біледі. Көрші-қолаңмен, жолдас-жораларымен жиі араласып, кімнің-кім екендігін танып, өзіне жақсы достар табады. Осылайша балаң күнінен көвшілік ортамен етене араласып өскен Закир еңбек ұжымын да жатырқамай жанына жақын тартады. Ол өзінің турашылдығымен, мәрттігімен төңірегіндегілерге қуанышты көңіл-күй сыйлап, әдепті де әдемі өзілдерімен өзінің де, өзгелердің де жанын жаздай жадыратып жүреді. Осы бір дағды Закирдің бойына берік қалыптасқан. Сонымен бірге өзі басқарған кәсіпорынның жұмысын жетік біледі. Техника тетіктегін жақсы меңгерген. Кімге болса да, жанашырлықпен қарайды. Түйінді мәселені әділетті шешеді. Мінезі де орнықты. Сабырлық сактағанда сарабдалдық пен салиқалық шенберінен шықпайды. Жұмыстың қауырт шағында, тығырыққа тірелген тұстарда ақылдасар алқасы мен сырды бүкпесіз ашық айтатын арқа сүйер адамдары бар. Бас инженер Жақыпбай Ақшалов, бас есепші Дәнеш Әбдірахманова, автобус жүргізушилері Ерік Халитов, Тұрған Ушырбакиев, Виктор Анасов және басқалар кәсіпорынның мәндай алды мақтаныштары. Олардың әрқайсысына тапсырылған жұмыс әрдайым тиянақты тыңдырылады. Бәрі де білікті үйымдастырушылар, білгір мамандар.

Закирді еңбекқорлыққа үйреткен әкесі Хизир Хакимұлы. Ол баласын қасынан тастамай ілестіріп жүретін. Еңбекке баулитын. Баласына ақылын айтып, кеңес беретін. Ол: «Балам, өмірдің бар қызығы, ырысқұты тек еңбекпен келеді. Бейнетсіз зейнет көремін деп дәмеленбе. Кімде-кім ерінбей қымылдаса, дәuletке кенеледі. Адал жүріп, мәндай терінді төге еңбек етсөн,

ел-жұртыңа қадірің артады. Қатарыңнан қалмай, иықтасып жүресің. Сөзің де өтеді. Назарың пәс болмайды. Осы сөзімді санаңда сақта. Жадыңнан шығарма», деген сөзі өлі күнгедейін құлағында күмбірлеп тұратындай сезінеді.

Закир әке аманатын естен шығармады. Ешкімге жаманшылық жасап көрген емес. Жайлы бастық атанды, өзі ерінбей еңбек етіп, әке сөзіне адалдық танытып, оны өмірлік бағдарлы бағыт санауы қоғамдағы әр ісінен, отбасындағы тұрмыс-тірлігінен анық көрінеді. Еңбекақы алып, лауазымды қызметті адал атқаруды азаматтық парызы деп санаса, үй-ішілік шаруа-жайын көрсөніз, тіптен тәнті боласыз, ұқыптылығы мен тиянақтылығына тамсана, қызыға қарайсыз. Ат шаптырым аула іші тап-түйнақтай таза. Бәрі қолмен қойғандай ретті. Құлпырған гүл шоқтары жұпарын молынан шашады. Алма ағаштар да жапырағын жайқалта жайған. Одан әрі қора-жай. Қойы мен сиры жеке-жеке ұсталған. Науалары жемге толы. Қыт-қыттаған тауықтары да жыптырлап жүр. Бәріне жемшебі жилюлы, су құбыры тартылған. Электр жарығы жүргізілген. Моншасы қызып тұр. Кір де, жуын. Осыншамалық шаруаны тап-түйнақтай етіп таза ұстау, мал мен тауықты күтіп-бағу онай емес. Бірақ іскерге онай, әрі қолайлы. Ет те, сұт те, жұмыртқа да, көкініс тұрлері де өзінің ауласында. Бәрі де экологиялық таза өнімдер. Оларды ретке келтіріп, өзді-өзінің орнына қойып, жайғастыруда үйдің отанасы Халича Харкейқызының да еңбегі ерен деуге лайық. Әр ісін ұқыпты атқаратын еңбеккордың нақ өзі. Ерте тұрып, сиыр сауады. Сұт пісіріп, қаймағын айырады. Пісірген тағамдары сан-алуан әрі түгелдей тіл үйіреді. Дәмділігі соншалық, тойғаныңды білмей жей бересің.

Халича Харкейқызы жоғары білімді маман. Құрылыш кәсіпорнында бас есепші болып істепті. Қазір зейнеткер. Ілтипаттылығымен жүршылық ықыласына бөлөнген абзал жан. Ерлі-зайыпты Закир мен Халича отбасылық сыйластық пен сүйіспеншіліктің ұлағатты үлгісін балаларының бойларына да дарыта білген.

Үш баласы бар ата-ана. Бәрі тәрбиелі. Үлкен қызы

Лиана жоғары білімді кәсіби маман иесі. Мұнай өнімдері саласында жұмыс істейді. Тұрмысқа шыққан. Күйеу баласы Бауыржан да жайдары жігіт сұлтаны. Отбасында Ербол, Мақсат және Дамир есімді өрендері өсіп, ер жетіп келеді.

Ортаншы Шакир, екі бірдей жоғары оқу орынын бітірген. Қазір Алматыда әскери шекара қызметінде істейді. Майор дәрежесін иеленген. Жұбайы Лаура әуежай компаниясында экономист. Отбасын көркейткен Фатима мен Алим есімді қыз бен ұлы бар.

Кіші ұл Эльдар шаңырақ иесі іспетті әке-шешесімен бірге тұрады. Закирдің осы ұлы Эльдар ұйғыр Магомет қызы Кәмилаға үйленеді. Келін тұсіру тойын қазақтың салт-дәстүріне сай өткізеді. Бұған кейбір әзілдесетін құрдас-құрбылары: «Ей, Закир, сенің өзің де, әйелің де дүнгендіңдер. Ұлыңың үйлену тойын қазақ салт-дәстүрімен өткізуіне не жорық?» - деседі ғой қағытып. Оған Закир аспай-саспай: «Албан, Суан, Дулат, Дунган, Бәріміз бауыр бір туған» деп ет жақын ағайын-туыс болғандығын айтЫП, ынтымағы жарасқан ел-жұрт дәстүрін қанына сіңіргенін алға тартыпты.

Закирдің жұбайы Халича да ата-баба салтын сақтап, туған-туыстар арасында, құда-жекжаттар мен жоражолдастар ортасында үлкен құрметке бөлениген. Үлкенде сыйлап, инабаттылық танытса, кішіге ізеттілік білдіріп, аналықтың адажолынан ауытқымай келеді. Табиғатынан ниеттері таза, пейілдері ак адаптациялық жаңдардың Жаркенттің жайсандары атануы да тектен-тек емес.

## **БІРЛІКТІКТЕР БЕРЕКЕСІ**

Қазақта: «текті жерден шыққан екен» деген аталы сөз бар. Оның негізіне үлкен азаматтық пен адамгершілік қасиеттер тоғысқан. Ең бастысы шындықты сұю. Адалдықтан айнымау, турашыл болған жақсы. Отбасының қыындығынан еңсесін көтере алмай жүретін мұсәпірге, кембағалға, қолы қысқа пенделерге жәрдемдесіп, қайырымдылық жасап, мейірімділік көрсетуге ықылас танытудан тартынбау да тектіліктің шынайы бір көрінісі. Бұл жерде есеппен, бас пайдасын ойлап жасаған жақсылық ұзаққа бармайды. Егерде: «Мен саған мынандай жақсылық жасадым. Сен маған қандай көмек бересің?» деп санасу түбі бір сан соқтырады. Одан да «сен тимесен, мен тимен» деген қағиданы берік ұстанған әлдеқайда артық. Неге десен, «мен саған, сен маған» деу арқылы жасалған қарым-қатынастың сыйластығы ұзаққа бармайды. Ол пендешілдік тірлік, жылпостық әрекет. Біреуге жағыну үшін жалпақтап, асты-үстіне түсіп, жәркелештену де екіжүзділік пен тексіздік нышаны. Қолы жеткен лауазымды қызметінің орынтағының беделін пайдаланып, өзінен жоғарыларға жақсы көріну арқылы



жағымпаздыққа салыну да айлакерлік тәсіл. Осындағы айла-шарғымен билік тізгінің ұстағынымен өзінің жеке іскерлігін, қабілеттілігін таныта алмаса, одан не пайда?

Өзінің адами тектілік қасиетті берік ұстанып, өсіп-өнген ортасына қарай өзіндік көзқарасын танытып, іс-әрекетін жаңаша ойластырып, бағыт-бағдарын айқындалап, өзінің кісілік келбетіне лайық түлғасын сомдай білген азаматтардың бірі - Әbdіжапар Өгізбайұлы Қыстаубаев. Осы әулеттің түп тамырының діңгегі Жиенбет баба үрпақтарына енші бергенде Әbdіжапардың үлкен атасы Итайға баланың үлкені деп шаңырақты табысталты да: «Ойың өрде, орының төрде болсын. Төрт құбылан түгел болса да, бекер қарап жатпа, тірлігінді тоқтатпа, бақталайың еңбекпен құтаяды» деп батасын берген екен. Жиенбет бабаның батасын темірқазықтай бағдаршам еткен үрпақтары өсіп-өніп, бақ-құтқа кенеліп отыр деуге лайық. Әулеттің ата тек шежіресіне көз жіберсек, Байшегір атаның Жиенбет баласынан тарайтын үрпақ Рыскелдіден Итай (Әйтей) туады. Одан Лабақ, одан Тәңірберген. Оның үш ұлы болған. Олар Киікбай, Ілебай және Жетпісбай. Киікбайдан Өтеген, Жолбарыс туған. Жолбарыстың үш ұлының бірі Сомжүректен Ахмет, Қарқабат туады. Ахметтен Қыстаубай, одан Қуанышбай, Өгізбай есімді екі ұл тамыр жайған. Өгізбайдың кіндігінен төрт ұл - Әbdіжапар, Әділ, Файни, Ғайнал өсіп-өнген. Өгізбайдың бел баласының бірі Әbdіжапар да үбірлі-шүбірлі отбасының отағасы, әрі іргелі шаруашылықты басқарып отырған іскер азамат.

Әbdіжапармен дидарласып, сөйлесе қалсан, туған жердің ыстықтығын жиі айтады. Ата-бабам Іле өзенінің төменгі шығысындағы су арналарымен аталатын Көкөзек, Жиделі, Ақөзек, Кетпенқалды өзендерінің аралықтарының қос қапталдарын, солтүстік батыстағы Мылтық атқан, Итайдың Қаратөбесі, Бозтөбе, Майлышас, Қосқоныр, Байқұтты, Қаражыңғыл, Белшағыл, Жекесары деп аталатын қоныстарда үрпақ өсіріп, мал бағып, егін салып, қасиетті де киелі, қыдырлы да берекелі құтты мекен санаған.

Тобылғы реңінен жылылық пен мейірімділік нұры шалқып тұрғандай жүзі жылы Әbdіжапар қолынан келген жақсылығын аямайды. Жомарттығы мен мәрттігі бірдей өрілген. Ерекше бір қасиеті - қандай жағдай болмасын, сөзіне ісі сай. Ол туралы елайтатын пікір дегақсы. «Көпке сыйлы, парасат-пайымы бағдарлы, деңгейі биік, еңбек адамдарын ынталандыруды жаны сүйеді. Оларды мадақтап, марапаттап отыруды бірінші кезекке қоятын азамат» деседі бәрі де. Мұндай жылы ілтиппатты лебізді есту өкінің біріне бұйырмаған нәсіп, ішкі сырын сыртқа жая бермейтін басшыға берілген әділ баға. Жылы көніл мен ыстық ықылыштан туындаған тұжырымды ойдың дұрыстығын Әbdіжапар өзінің іс-әрекетімен дәлелдеуінен танбай келеді.

Ел аузына дарқан көнілімен іліккен ауыл ағасы Әbdіжапар басқарған «Бірлік» агрофирмасының тыныс-тіршілігімен танысуға ынта білдірдік те, Тасмурын асуын асып, Бақанаңқа тұра тартатын күре жолдың бір тармағы Бақбақтыдан шыққан соң батысқа қарай бұрылдық. Ол Бірлік ауылына алып барады. Осыдан он шақты жыл бұрын бұйрат құмдардың арасындағы тың жерге қазық қағып, ел қоныстанған мекен бұл. Сонау жылдары осы жер топырағы кебірсіп, аңызак жел еркін сайран салып, шаңы көтеріліп жататын, сілемі сексеуілді боздала еді дегенге қазір сену де қын. Шындығын айтсақ, елсіз, тіршіліксіз, шөл өнір болғандығы рас. Көкжиегіне көз жіберсен, жанарың талатын тарғыл даладан боздай азынаған желдің ғана уілі естілетін. Қу мекиеннің құмды қырында селдір сексеуілдің қылтанак бүрлери бүрісе бүрленіп, бір-бірімен бітесе шатыса өсетін тікенекті шенгелдің қоңырауы сылдырап, жұпар иісті боз жусаны мен үпелектей үлбіреген селеусіні жел өтінде елпелек қағып тұратын тарғыл даланың бүгінгі тірлік-тынысы мүлде басқаша. Тусыраған құмдауытты қырдың ортасын ойып орналасқан Бірлік ауылы Ақдаланың ажарын ашып, абаттанған елді мекенге, құтты қонысқа айналған.

## ЫНТЫМАҚ

Қай тұсқа қарасаңыз да көз сүйсініп, көніл тояттайтын тірлік лебі еседі. Бұйрат құмды, бел-белесті берекелі елжұрт мекеніне айналдырып, ел ырзығын жерден өндіріп, молшылыққа кенелген ауылда 400-ден астам отбасы тұрады. Оларда есеп бойынша екі мыңға жуық адам бар. Бәрі де нарықтың өтпелі кезеңінің аумалы-төкпелі тығырығына тіреліп, тірліктері қожырап, тұрмыстары тапшылыққа ұрынса да алғы өмірдің жақсы болатынын іштей сезініп, көнгерлілік танытқан табанды тарландар деуге лайық. Қындықты мойынмен көтеріп, сыртқа сыр алдырмаған бірліктіктер берекенің еңбекпен келетінін ұғынып, негізінен құріш егіп, күтімін қүшетті. Мол өнім өндіруге ұмтылды. Енді біреулері малын өсіріп, түлігін тұлетті. Сиырын сауып, сүтін ішіп, ірімшік қайнатып, сықпасын кептірді. Жылқы ұстағандары биесін сауып, шипалы сусынмен таңдайларын кептірмеді. Ептейлілілері жерге еңкейіп, үй іргесіндегі алаңнан-ақ бау-бақша жемістерін жинап, қысқа жететін көкөністің мол қорын әзірледі. Осылайша жер жемісін жеп, құтымен құтайған бірліктіктердің ешқайсысы көптен жырақтанып, жұмақ іздеп шетке көшіп, қоныс аударуға бой алдырмаған. Кіндігі байланған ауылды тастап кетуді ешқайсысы да қимады. Керісінше, бірлесіп жұмыла еңбек етуге құлшыныс танытты. Нәтижесі де онды. Берекелі іске бұтбұрыс жасауға бұрынғы «Октябрьдің 50 жылдығы» кеңшарының негізінде құрылған «Бірлік» агрофирмасының төрағасы Әbdіжапар Қыстаубаевтың іскерлік қабілеті, үйымдастырудағы ұтқырлығы иғі ықпал жасап, үлкен септігін тигізгені даусыз ақиқат. Ол халыққа қамқорлық көзben қарады. Нарықтың шатқаяқтаған шағында шаршап-шалдықса да сыр алдырмаған. Ел-жұрттымен бір тұрып, бір жүрді. Болашаққа сенімділікпен ой жүгіртіп, селкостыққа салынбады. Жүрдім-бардым берекесіздікке тосқауыл қойылды. Шаруаның мүлкін шашау шығармай, бір қолда жинақтап, барша табысты ортаға салу үрдісін берік үстанды.

«Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса,

ауыздағы кетеді» деген аталы мақалдың негізгі қағидасты ынтымақтылыққа меңзейді. Татулық бар жерде табыс мол. Үнтымақ жарасса, ырыс көзі де ашылады. Бірліктіктер бұл дәстүрге берік. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, топтаса табандылықпен еңбек етуде. Соның нәтижесінде шаруашылықтың ұнжырғасы түспей, еңсесі көтеріліп, екі аяғынан тік түрді. Қазір агро фирмада 5100 гектардан астам суармалы жер бар деп есептелінеді. Оның 1270 гектары күріштік алқап. Бидай тұқымы 1250 гектар жерге себіледі. Былтыр күріштің әр гектарынан 31,8 центнерден түсім алды. Бидайдың бір гектарының өнімі 18 центнерден айналды. Мал азығы үшін 200 гектар жерге жонышқа егілді. Одан жиналған өнім шаруашылық малын азықтандыруға, сондай-ақ ауыл тұрғындарының сұраныстарын өтеуге толығынан жетіп, артылып та жатты.

Ауыл жылына орай қамқорлық шаралары көрініс беріп, нақты көмекке де қол жеткен. Егістік үшін 358 тонна «Аммофос» тыңайтқышы берілді. Түгелдей тегін. Көпжыл бойы құнарлылығы кеміп, ешқандай қосымша қоректендірілмеген жерде біршама нәрленіп, құнарлылығы әлденіп қалды. Түсімді көбейтуге қолайлы мүмкіндік туғызды. Нәрлі жердің әрлі болатындығына көз жетті. Диқандар да ризалық сезімде. Олардың тыңайтқышты тегін үлестірген облыстың тиісті орындарына, олардың басшыларына деген алғыстары да шексіз. Бұлайша ырзалық білдірудің де негізі бар. Кетеуі кетіп, күріш егістігінің суландыру жүйелерінің табаны қайырланып қалған арналарын тазалау қолға алынды. Бұл да жақсылық нышаны. Шынайы қолқабыс. Құрісшілер судан кемдік көрмеді. Бағасы да біршама арзандатылған.

## ТҰҚЫМЫ ТӘУІРДІҢ ТҮСІМІ АУЫР

Сапалы тұқым түсім салмағын, гектар берекесін арттырары сөзсіз. Бірліктік күрішшілер бұған да жете маңыз берген. Мұнда қазір бағалы дақылдың «Солнечный», «Мадина», «Алтынай», «Аналог», «Пак Ли»

жәнө басқа сорттары өсіріледі. Қайсысы өңірге қолайлы, әрі түсімді мол береді, соған арнайы тәжірибө жасалуда. Мақсат - осы өңірдің табиғи ерекшелігіне төзімді, топырағына жерсіне алатын, аудандастырылған, әрі мол түсім беретін сортын анықтау. Тұқымы тәуір болса, одан түсер түсім салмағы ауыр тартары кәміл. Оны жақсы түсінген Балқаш ауданының әкімдігі мен ауыл шаруашылығы басқармасы жергілікті құрішшілермен бірлесе отырып, игі шараларды жүзеге асыруға үдайы көңіл бөліп келеді.

Егін шаруашылығының алтын қоры болып табылатын суармалы алқаптарды тиімді пайдалану, агротехникалық ережелердің тәртібін сақтау және талапқа сай іске асыру, жердің құнарлылығын арттыру, бұрындары салынған мелиоративтік-инженерлік жүйені жөндеу сияқты саналуан жұмыстар нақты бағдарлама бойынша атқарылуда. Осындай шаралардың ең бастысы тұқым сапасын жақсарту болып табылады. Бұл бағытта ғылым жетістіктерін пайдалану, егіншілік саласының ғалымдарымен бірлесе жұмыс істеу ынтымактастығы күшейтілген. Осыған орай шаруашылықта «Суармалы егістіктің өнімділігін арттыру және тұқым сапасын жақсартудың жолдары» тұрғысында семинар-кеңес өткізген. Онда «Бірлік» агрофирмасының құріш дақылышының тұқымын өсіретін егістік алқабында салиқалы әңгіме қозғалды. Құріш пен дәнді дақылдардың барлық түрі, жерді өндеуден бастап, өнім жинайтын әр алуан техника мен құрал-жабдықтар көрмесі де мамандар мен құрішшілердің назарын аударды. Кеңеске қатысуышылар аудандық мемлекеттік тұқым сортын өсіретін участкенің егістік алқабында болып, онда өсірілетін 10-ға жуық құріш тұқымымен танысты. Алматыдағы физиология, генетика және биоинженерлік өсімдік институтының зертханасының менгерушісі, биология ғылымының докторы, профессор Л. Мамонов, топырақтану институтының ғылыми қызметкері Ә. Отаров, егіншілік саласының ең күрделі мәселелері жөнінде және тұқым сапасын жақсартудың жолдары жайлы тәлімді тәжірибелерді жан-жақты саралап талдап, тартымды әнгімеледі. Құріш өсірудің,

топырак құрамын жақсартудың, суды пайдалану мен алқаптарға жаюдың, суармалы жерлерді агротехникалық ережелерге сәйкес өндеудің әдістері мен тәсілдері ғылыми негізде кеңінен түсіндірілді. Кеңестің ең бір назар аударғаны тұқым сапасы болды. Осыдан сегіз жыл бұрын «Бірлік» агрофирмасында «Аналог» деп шартты түрде аталынған күріш тұқымы өсіріле бастаған-ды. Olsen агротехникалық шараларға сай баппен күтілді. Түсімділігі де жыл санап артты. Былтыр да мол түсім берді. Дәнінің сапасы да жоғары. Қауызы толық, әрі салмақты. Жаңа тұқымды тәжірибеде бірлесе өсірген ғалымдар О. Таранов пен Ә. Отаров, агрофирма төрағасы Әбдіжапар Қыстаубаев және басқа да мамандар ақылдаса келіп, тәжірибе сынағынан ойдағыдай өткен «Аналог» күріш сортына «Бақанас» деген атау беруді ұйғарысты. Olsen бірауыздан мақұлданды. Сөйтіп, Ақдала өнірінде жерсіндірілген күріштің жаңа сортын өсіруге жолдама берілді.

Бағалы дақыл күріштің жаңа сортын өсіріп, оның түсімділігін молайту осындағы еңбек адамдарының қажырлы еңбегінің нәтижесі екені көміл. Солардың мандай терімен келген ырыс.

Бұл істе Тәттібек Демеубаев, Төлеухан Түменбаев, Болат Әйтімбетов жетекшілік ететін бөлімшелердің өнім аудағы көрсеткіштері жоғары. Звено жетекшілері Жақсылық Ұбалаев, Қыдыржан Дәuletбеков, Еркін Дұртаев, Әлім Тайбаков, комбайншы-механизаторлар С. Дабылов, А. Отарбаев, Қ. Тойшыбеков, А. Қадыров, Б. Ниязов трактордың жекелеген саймандарын жөндеп, жонудың шеберлері Махаббат Күсепов пен Қанат Мамытов қосқан үлес те елеулі. Олар кәсіптерінің көнігі білгірлері. Атқарған істерін тап-түйнактай тындырады. Кінәрат іздел таппайсың. Сонысымен де ұжымға сүйкімді, жұртшылыққа, өсіресе жастарға үлгі-өнеге тұтылып жүрген еңбек майталмандары. Жерді игере білсе, сапалы тұқым сінірілсе, ырысқа кенейтінін түсініп, күріш егудің қыр-сырына жете қанықкан дикандар.

Қай уақытта болмасын, өнделген өнім сапалы. Осыған орай бірліктіктер өндірген өнімдерді өздері өндеуге де

ынта білдірген. Агрофирма күріш ақтау, ұн тарту, май сығу цехтарын ашып, жұмыс істетіп қойған. Шикізат өнімдері де түгелдей өздерінікі. Өнімдерді ұқсатып, сапалы өндеу цехтары халықтың қажетін өтеуге жарап жатыр. Тұтынушылар сұранысы мен талабын қанағаттандыра алады. Кәсіби мамандары да өнімді өндеудің технологиясын жетік менгерген. Олар сапалы өнім шығаруға, сорттылығын дұрыс анықтауға көніл бөлуді бірінші міндет санайды. Қапталған өнімді халыққа тарату мақсатымен арнайы дүкен ашылған. Онда күріш өнімдері, басқа да азық-түлік түрлері сатылады. Ауыл тұрғындарының сұранысынан артық өнімдер сыртқа шығарылады. Басқа аймақтағы тұтынушылар сұранысын өтеу дәстүрі де берік қалыптасқан. Мұның бәрі қаржы көзі. Агрофирма қаржылық қорын молайтуға қосымша нақты түсім мен кіріс.

## ТІРЛІК ТЫНЫСЫ

Істің ретін тауып, шаруаны ыңғайына келтірген бірліктіктердің тірлік тынысы кеңейіп, берекелі істері көбейген. Тұтіндері тұзу шығып, тұрмыстық жағдайлары оңалған. Әр үйдің ауласындағы алаң бау-бақшаға айналдырылған. Сан алуан гүлдер құлпыра өсіп, көз қызықтырады.

Ауылдың әлеуметтік жағдайы да әлуettі деуге парапар. Агрофирмаға бірігіп, бірыңғайланған ұжым басшылығы ауыл жағдайына да көп көніл бөлетіні нақты істен көрініп тұр. Ауылды ажарландыру, жасыл желеқпен көріктендіру бағытында тиянақты шаруа да тыңдырылған. Көше комитеттері құрылып, оларға елді мекеннің тазалығын сақтау, кір-қоқыстарды жөнсіз тастамау жағын бақылау тапсырылған. Көгалдандыруға да қауырт кіріскен. Бұтақтары қураған, сынған, діндері кепкен ағаштар қылып, орындарына талшыбық көшеттерін отырғызу жыл сайынғы көктем айындағы берік дәстүр. Көшелердің қос қапталы шарбақтармөн көмкеріліп, сырланып, ескілері жаңартылған. Мекеннің көріктілігі көніл-күйді де көтеретіндігін тұрғындар да жақсы

сезінгендіктен игі істі өздері одан әрі жалғастыру үстінде.

Ауылда орта мектеп бар. Онда 70-тен астам үстаз, 500-дей шәкіртке білім береді. Байланыс бөлімшесі елдің хат-хабарын, газет-журналдарын уақтылы жеткізеді. Телефон мен радио да халыққа қызмет етеді. Жаңадан салынған Алланың, ақ үйіне келіп, имандылыққа үййітіндарда көптең саналады. Бұл секілді тәрбиешілік ететін игі істердің бірліктіктерге бірегей атқарылып жатқаны көңілге қанағат сезімін үялатады. Ауылдағы жүзеге асып жатқан игі істердің бәрі «Бірлік» агрофирмасының төрағасы Әбдіжапар Қыстаубаевтың іскерлік қабілетінің көрінісі десек еш артықтығы жоқ. Ол өндірісті өркендетіп, құріш егістігінің көлемін арттырып, табысын молайту арқылы шаруашылық экономикасын дамытып, қаржылық қорын көбейтуді мұрат тұтқан іскер әрі еңбеккор адам. Қайраты қайтпаған жігерлі азамат. Шаруаны тиянақты тыңдыру тетігінің ұтымды жақтарын ойластыра біletін білікті де білгір басшы. Сондығы да болар, оны №4 Бақанас округінің сайлаушылары облыстық мәслихаттың депутаттығына бірауыздан сайлады. Ұйымдастыру қабілетімен жұртшылыққа танылған басшының еңбегі де жоғары бағаланып келеді. Ол Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекетке сінірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі ескеріліп «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Демек, үлкен сенім жүктелініп отыр. Оның сенім үдесінен шығатыны, халыққа мінсіз қызмет көрсететіндігіне ешкім де күмән келтірмейді.

## **ОКРУГТЕГІ ОҢДЫ ӨЗГЕРІСТЕР**


Мемлекет басшысы Нұрсултан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің басты міндетіміз – жергілікті жердегі биліктің адамдар алдындағы жауапкершілігін көтеру, оларды әрбір адамның күнбекүнгі мұқтажы мен қам-қарекетіне жақындана беру» деген еді. Бұл жергілікті округтердің әкімдіктеріне берілген бағдар мен нұсқау, нақты тапсырма. Оның

орындалысы Бірлік ауылдық округінде қалай жүзеге асырылуда дейтін болсак, тілге тиек eterлік істер барлығына сүйсінесіз. Округ әкімі Нұрлан Жусанбаев та «Бірлік» агрофирма басшыларымен ынтымақтасып жұмыс істеп, алда тұрған асуларға жұртшылықты жаппай жұмылдыруға ден қойған. Ауыл тұрмысы түзелгендіктен басқа бас қосылып, қуаныш тойларын думандатып өткізу салтанаты көбейген. Бұл да болса біріге білген елдің ынтымағы мен берекесінің көрінісі. Истеріне ықтияттылық танытқан еңбек адамдарының біреуі екеу, екеуі төртеу болып, маңдай терінің өтеуін көріп, мерейі өсіп, мейманасы тасыған шырайлы сәттерінің жақсылық нышандары. Ауыл тұрғындарының деншілігі егіншілікпен шұғылданып, шаруашылықтарында төрт тұлікті түлетіп, құс өсіріп, бау-бақша салып, табыс тауып, тұрмыстық жағдайларын түзеп, бақуаттана бастауларының онды өзгерістерінің айқын да жарқын дәлелдері. Қазіргі кезеңде округтің тұрғындары 300-гежуық ірі қараны, 100-гежетекабылжылқыны, отар-отар қойды өріске өргізеді. Елдің ырыс-құтына айналған тұлік тұрлері жыл санап өз төлі есебінен көбейіп келеді. Нарықтық қатынастың қатал заңына мойынұсынып, өз қарекетін өздері жасауға жанбағыстық әрекет тірлігін тірнектеуге кіріскен. Келешекте тер төгіп, еңбек ету арқылы кемелденіп, дәuletке кенелетіндіктеріне сенімді молайтқан. Қолда барды кәдеге асырып, ұқсатудың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға ұмтылыс пен құлшыныс танытқан бірліктіктердің құлашы да кен, соны серпіннің серпілісі де қуатты күшке толы. Оны бір орталыққа біріктіріп, ортақ іске ел-жұртты жұмылдырып отырған білікті басшы Әбдіжапар Өгізбайұлы Қыстаубаев.

## **АТЫМТАЙ ЖОМАРТ АЗАМАТ**

Қай ауылға, қай ауданға бармаңыз, ақыық азаматың қайсы десе, «мынау» деп мақтанышпен көрсететіндей атпал азаматтары болады ғой, - деді жол басшымыз, Балқаш ауданының әкімі Ерғазы Қошанбеков - Бақбақты ауылында тұратын кәсіпкер Жайлау Өнербековті көргендегойма ылғида осы бір ақиқат оралатындей. Жайлаудың көң, мол пішілген кесек тұлғасына орай мінезі де жайдары. Әр нәрсеге тарылуды жаратпайтын мінезінен хабар бергендей жүзіне дәйім күлкі ойнап тұрады. Сондайда «атына заты сай» деген тұжырым да осындай азаматтарға қарата айтылған-ау деп тағы да сүйсінесің. Көз алдыңа Жақаңның жақсы істері келеді.

...2001 жылдың күзіне қарай Балқаш ауданының әкімі Ерғазы Қошанбековтің үйымдастыруымен Ақкөл мен Жиделі, Балатопар ауылдарында қайырымдылық акциялары үйымдастырылды. Мұндай шараның дәл осы ауылдарда үйымдастырылуының өзіндік себептері дежоқ емес еді. Кезінде мыңғыртып мал өсірген елді мекендердің тұрғындары өтпелі көзен тұсында үлкен



қыншылықтарды жеңуге тура келді. Кеңшарлар таратылып, қолдағы азын-аулақ малдың негізгі бөлігі азық-тұлік пен киім-кешекке арзанға айырбасталып кетті. Сөйтіп, жекелеген шаруа қожалықтарының иелерінен басқа өкіметке ауыз ашып үйренген көпшілік күйзеліске ұшырады. Бұған бір шетінен тұрғындардың негізінен малмен ғана айналысатындығы, жер емшегін сауып үйренбекендіктері де себеп болды. Сондай қын кезеңде суармалы алқапта ақ күріш өсіріп, маңдай тердің маржаны арқасында тіршіліктері мен тұрмысын түзей бастаған Жайлау Өнербеков сияқты жекеменшікке негізделген ауылшаруашылық құрылымдарының жетекшілері көмекке келді. Қайырымдылық пейіл танытқаны жақсылық нышанына айналғанды.

Ақдала алқабынан жеткізілген мәшине-мәшине көк жоңышқа мен қап-қап күріш сол жолы көңіл тоғайтатындей-ақ көп болып еді. Соның 40 орам жоңышқасы мен 80 қап күріші, 20 қап ұны Жайлау Өнербеков басқаратын «Тұмар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінікі болатын. Жомарт жігіт бұл айтылғандарға қоса қалтасынан суырып 40 мың теңгені және берген.

Сол жолы Жақаң өзі туып-өскен Көкжиде мен Ақкөлге көмектессе, оның алдында Балатопар мен Жиделіде өткен шараға да құр қол бармай кеусен үлесін қанжығасына бөктере жеткен-ді. Қиналғанға қол ұшын созғаны үшін аудан басшылары алдында абырайға ие болса, тарыққан жұрттан шынайы алғыс пен ақ бата алғаны бар. Біле білгенге бұдан артықтың керегі де жоқ қой.

Бұл Жақаңның біз білетін бір ғана қыры. «Қарғыс алма, алғыс ал» деген халық даналығын көңіліне берік түйген кәсіпкер осынау ізгілікті ісін одан бері де лайықты жалғастырып келеді. Мәселен, ол осы Бақбақтыдағы 11 ардагердің әрқайсысына жыл сайын 1 қап күріш пен 1 қап ұн, 2 тонна жоңышқа мен 200 киле күріш қалдығын тегін беріп тұруды өзіне азаматтық парыз санаған. Елді мекендердегі мектептің жөндеуі мен балабақшаның ертеңгіліктері сияқты шараларға қол ұшын беріп, демеушілік жасау да өзіндік бір дәстүрге айналған десе де болады.

— Биыл елді мекенге кіреберістен базарға дейінгі

жолды жөндеуден өткіздік. Осындай ортақ іске де атсалысып тұрамыз, — дейді Жақаң әдеттегі шаруа жайын өңгімелегендей еш мақтанышсыз байсалды қалпымен.

Ауылдың жағдайы қын деп айғай мен аттанға басқаннан көп нәрсе өзгере қоймайды. Ондағы елжүрттың жағдайын жақсарту үшін нақты көмек, іс-қимыл қажет. Ондай көмекті көрсететін де сол ауылға жаны ашитын Жайлау сияқты азаматтар.

Осы жерде айта кететін бір жайт — бір жолғы көмек қаншама мол мөлшерде көрсетілсе де, айлық азық, жылдық үнем болмайды. Сондықтан ауылдағы елдің өздерінің еңбек етуіне, солардың өнім өндірулеріне жағдай жасау жөн болады. Соны ескерген Жайлау Өнербеков Көкжидедегі жерлестері ауылға су келтіріп, бау-бақша өсіруге ниет білдіргендеге 2 шақырым, Аралтөбеге су келтіру қажет болғанда 1,5 шақырым каналды тегін қаздырып беріпті. Қалған Іле өзенінің суы жырылып кетіп, Желтораңғының 22 үйі су астында қалғанда да ауылды қатерлі апаттан аман құтқарған да осы «Тұмар» фирмасының техникасының қуатты күші болатын.

Жақаңның мұндай жақсы істерін әлі де тізбелей беруге болады. Бірақ олай ету міндет те емес шығар. Ең бастысы, ауылға жаны ашитын Жайлау сияқты жайсан, азаматтардың сол ауылдың өзінен көптең шыға бастағандығы ақиқат, әрі қуанышты жайт.

Жаны жайсан, қолы ашық іскер кәсіпкер Жайлау Өнербеков Балқаш ауданындағы Көкжиде ауылының түлегі. Ақкөл орта мектебін бітірген соң Қарағанды кооператив институтына түсіп, оны ойдағыдай тәмамдады. Алғаш еңбек жолын Алматы жұмысшыларды тұтыну тауарларымен жабдықтау бөлімінің Бақбақты филиалында есепші болудан бастады. Өз міндетіне жауапкершілікпен қарап, филиалдың есеп-қисап жұмысын ұқыпты жүргізе білді. Тапсырмаларды тиянақты орындалап, сауда саласында талан-таражға жол бермеудің шараларын жан-жақты қарастырады. Іскерлігімен басшылыққа танылған Жайлаудың қызметі жоғарылатылып, филиалды басқару міндеті жүктелінеді. Бұл салада алты жыл істеп, тәлімді тәжірибе жинақтайды.

Бұдан кейін №89 жылжымалы механикаландырылған колоннаның бас есепшісі болып ауысады. 1993 жылдан бері “Тұмар” және “Еркін-А” жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің құрылтайшысы әрі басқарушысы. Өнірдегі ауылшаруашылығы саласын өркендетуге қомақты үлес қосып жүрген еңбектің көнгерлі қойторысы.

## КӘСІПКЕРЛІК КЕЛБЕТІ

Жақында облыстық «Жетісу» телеарнасы көрсеткен қысқа сюжеттен Қаратал өніріндегі каналдарды тазалау жұмыстарын жүргізгендердің қатарында «Тұмар» құрылыш компаниясының да аты аталып қалды. Елең ете түстік. Сұрастыра келгенде бұл ешқандай аттас компания емес, Жайлау Өнербеков басқаратын, манадан өзіміз сөз етіп отырған компанияның нақ өзі болып шықты.

— Қараталдағы суландыру жүйесі соңғы 30 жылдан бері тазаланбаған еken. 2,5 айдың ішінде ол жақтағы каналдан 1 млн. мың текшеметр топырак шығарып, мойнымызға алған жұмысты ойдағыдай атқардық,— дейді Жақаңның орынбасары Нұсіпбек Сейсенбаев. — Тазалау жұмыстарына 4 экскаватор мен 4 бульдозер, барлығы 8 ауыр техника қатысты. Сол жақтан жақында ғана оралдық.

Осы жерде сөз болып отырған компания жайлы кеңірек әңгімелей кеткен жөн секілді. Компания 1995 жылы осы Бақбактыда №108 жылжымалы-механикаландырылған колоннаның негізінде құрылыпты. Басқа сөзben айтқанда, табаны қайырлаған каналдарды тазалауға, суармалы алқапты игеруге қажетті ауыр техника әр жаққа шашырап кетпей бір қолда қалған. Оның пайдасын бүгінде жалғыз Бақбакты ауылы ғана емес, бүкіл аудан көріп отыр. Қайбір жерлерде канал немесе кішігірім өзен саласы жырылып кетіп, елді мекендерді су басу қаупі төнсе немесе басқалай бір ауқымды жұмыстарды атқару қажет болып қалса, алдымен «Тұмар» құрылыш фирмасының аты ауызға алынады. Іле өзені мен «Тасмұрын» каналының жағалауларын, Қонаев көпірінің бағандарын бекіту сияқты шаруалар сондай жұмыстардың бергі шеті ғана.

Облыс тарапынан Ақдала өніріндегі каналдарды

тазалауға да қаржы бөлінді. Бұл каналдар да соңғы 10-15 жыл бойы тазалау көрмеген еді. Соның салдарынан каналдар тайызданып, судың ысырабына жол беріле бастаған. Тендерді жеңіп алған «тұмарлықтар» аз ғана уақыттың ішінде бұл жердегі канал жүйесінен де 1 млн. 600 мың текшеметр топырақ шығарып, үлкен жұмыстар атқарыпты. Келер көктемде бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғаса түспек.

## ҚҰРЫЛЫСПЕН ДЕ АЙНАЛЫСАДЫ

Атының өзінен көрініп тұрғанында, компания құрылыс жұмыстарымен де шұғылданады. 2003 жылы ауданда жаңадан салынған Көкжиде орта мектебінің ғимаратын небары алты айда салып бітіріп, жаңа оқу жылдарын басында пайдалануға беруі де ауылдық жерде орналасқан шағын компанияның өзіндік бір әлуетін аңғартса керек.

Мұның алдындағы жылдары «Тұмар» құрылыс компаниясы аудан орталығындағы Бақанас орта мектебін құрделі жөндеуден өткізіп, әсем қалыпқа келтірді. Бұл бағытта атқарылған жұмыстармен арнайы келіп танысқан облыс әкімдігінің басшылары да өзі жөндеу сапасына ризашылық білдірген. Аудан әкімі Ерғазы Қошанбеков пен аудандық білім бөлімінің бастығы Ерғали Нұртаев алқызыл лентаны қылған, мектеп есігі қайтадан айқара ашылғаннан кейін ризашылық сезімдерінің белгісі ретінде Жайлау Өнербековтің иығына зерлі шапан жапқан еді.

Әйтсе де құрылыс компаниясының жұмысы өткен жылғы жазда көзге ілінерліктең көрініс талты. Осы жылы «тұмарлықтарға» ауданының шалғай шетіндегі Құйған ауылында жаңадан бой көтеруі тиіс мектеп ғимаратын салу жұмысы сеніп тапсырылды. Сенім биігінен көрінуді мақсат тұтқан олар белгіленген мерзім ішінде жұмыстарын аяқтап, жаңа оқу жылдарын қарсаңында мектеп үйін пайдалануға берді. Осылайша елді мекенде сонау 1936 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан, қабырғасынан талай абзал азаматтар тәрбиеленіп шыққан көне оқу ордасы жаңа ғимаратқа ие болып, іші балдырғандардың бал құлқісіне бөленді.

Құрылыс компаниясында негізінен жергілікті жігіттер

жұмыс істейді. Бұл жағынан алғанда «Тұмар» елді мекендердегі тағы бір басты проблеманы – жұмыспен қамту мәселесін шешуге ықпал етіп отыр деп сеніммен айтуға болады. «Тым қажет деген оншакты маманды ғана қаладан алдырттық. Қалғандары өзіміздің жергілікті жігіттер» – деп Жақаң бұл орайда да ең алдымен ауылдастар жағдайын ойлайтындығын аңғартады.

Аудан көлеміндегі ірілі-ұсақты басқа да әлденеше нысандар осы «Тұмар» құрылышыларының қолдарынан шыққан. Соны ойлағанда аңқау қазағымның айтқан бір сөзі ойға оралмай қоймайды. Бұрын атпен алты ай жүретін жеріне ұшақпен бірнеше сағатта жеткен бір атамыз: «Бір үй болған соң, бір ұшақ керек екен-ау» дейтін көрінеді. Солайтқандай, бірауданға мұндай мықты бір құрылыш компаниясының керектігі айдан анық нәрсе.

## **МАМАНДЫҚ ОСЫНДА МЕҢГЕРІЛЕДІ**

Біз барған кезде «Тұмардың» өзіндік бір орталығы, қазіргі заманның тілімен айтсақ офисі бой көтеріп қалған екен. Бір кезде миллионер шаруашылық болып дүркіреген «Бақбақты» кеңшары шеберханасының «сыры кетсе де, сыны кете қоймапты». Бетон плиталармен қоршалған ат шаптырым аулада жаңа өзіміз сөз еткен алып техникалар көзге шалынады. Жылдың басым бөлігінде тынымсыз жұмыс үстінде болған бұл техникалар қазір жөндеуге, мамандар тілімен айттар болсак, қысқы сақтауға қойылыпты. Абажадай сыртқы тұрқыларына қарап тұрып осындай алып техниканы да адамның жүргізетіндігіне таңданасын.

– Қазір көп жерде жоқ мұндай техниканы жүргізетін механизаторларды табу да оңайға түспеді. Сондықтан механизаторларды өзімізде даярлауды қолға алып жатырмыз, - дейді Жайлау осы ойымыздың үстінен деп түсіп.

Кейіннен осындай қындыққа тағы тап болmas үшін мұнда мамандар даярлаудың бұрыннан бар, яғни, сыннан өткен әдісі пайдаланылады екен. Нәкты айтқанда, жергілікті жас жігіттерге тәжірибелі механизаторлар тәлімгер болып тағайындалады. Белгілі бір уақыт өтіп, жас жігіт мамандығын әбден менгерді-ау деген кезде

оған өзінше бөлек техника бекітіліп беріледі. Бұгінде сондай жас мамандардың бірі Ернар Молдабаев өз бетінше еңбек етеді екен. Өзін үйреткен тәлімгерінен де озып кеткен жігерлі жасқа компания басшылығы дән риза. Жаңадан үйреніп жүрген Айдын Молдабаевтың алғашқы аяқ алысы да қуантады.

Үйренуші шәкірттер бұлай болғанда, үйретуші тәлімгерлер де ұтылмайды екен. Шәкірт тәрбиелеп жүрген кездерінде олардың тапқан табыстарына 10 пайыз үстеме қосылады.

«Барлық жаңалық деп жүргеніміз әбден ұмытылған ескі» деген сөз бар ғой. Сол айтқандай, «тұмарлықтар» сыннан өткен ескі әдісті осылайша жаңғыртып, өздерінше тиімді қолдануда екен.

## **ЖЕР ЕҢБЕГІНДІ ЖЕМЕЙДІ**

«Тұмар» компаниясы құрылышпен айналысса, жауапкершілігі шектеулі «Тұмар» серіктестігі жер өндеп, күріш өсіреді. Тұптеп келгенде, екеуінің еншілес бір кәсіпорын екендігін аңғару қын емес.

Серіктестік күріш өсіргеннен кейін, әрине, ауыспалы егіс жүйесіне тән бидай мен жоңышқаның да қоса жүретіндігі өз өзінен белгілі. Ұжымның бұл орайдағы жетістіктері де аз емес. Накты айтқанда серіктестік 500 гектар жерге күріш, 400 гектар жерге бидай өсіреді. Был күріштің әр гектарынан 35 центнер өнім алыныпты.

Ерекше атап өтерлік жәйт, бұгінде басты назар өнім сапасына аударыла бастаған. Бұл үшін серіктестік сапалы да мол өнім кепілі — тұқымды жаңартуға бағыт ұстаған. Үштөбедегі тәжірибе алаңынан әкелінген «Солнечный» сортты 6 тонна суперэлита, 30 тонна «Элита» тұқымы тек өздерін ғана емес, аудандағы күріш өсіретін барлық шаруашылықтарды тұқыммен қамтамасыз етуге жеткен. Нәтижесінде күріш тұсімі артып, өнімнің тауарлық түрін бұзатын қызылдәнділік 2 пайызға дейін азайған. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі жалғастырылмақ.

Кейбіреулер өзінің жіберген олқылығын, істегі кемістіктерін біреуге итере салатын әдет те бой көрсетеді. Ол өзінің қабілетсіздігін білмей, тек себеп

іздеудің оңай жолы. Өмірде өздігенен келетін ештеңе жоқ. Тек еңбектенсөң, мәндай терін аяマイ төксөң ғана жақсылыққа даңғыл жол ашылады. Күнделікті тіршілікте кезігетін қыындықтан қаймығатын, жанын аятын адам қоғамдық істі ілгерілете алмайды. Қайта кері кетіреді. Шабандығы шалғайдан алып, сүріндіре береді. Сөйтіп, көшке ілесуі қыындейды. Бұл өмірдің зандаулығы. Кімдекім тектілік қасиетті ту етіп ұстап, таза жұрсе, адал еңбек етсе, ол адамның абыройы артады. Беделі биқтейді.

## ТҮЙІН

— Тіл-аузымыз тасқа, кәсіпкерлікте ісіңіз онға басып тұр екен, отбасыңыз жайлы да бір-екі ауыз сөз айтып кетсөңіз, — дейміз Жақаңа.

Жайлау құдай қосқан қосағы Құләй екеуі үш бала тәрбиелеп өсіріпті. Олардың үлкені Асқар Алматы құрылыш институтын бітірген. Қазір отбасылық істі жалғастырып, компанияда атқарушы директор қызметінде. Бұл орайда оның құрылышшылық мамандығы да үлкен қажетке жарап жүргендігін айтқан жөн.

Ортаншы ұлы Бақытжан Алматы қалалық қаржы полициясында қызмет етеді. Кенжелері Ермек болса, өздеріндегі жабдықтаушы деген жауапкершілігі үлкен жұмысты атқарады. Мұның бәрін ести келгенде аудандағы үлкен бір іргелі ұжымның қол жеткен табысы ауызбірлігі мол отбасының бірлесе жұмсаған күшжігерінің арқасында келіп отыр екен-ау деген ой көнілімізге оралды. Расында да солай ғой.

## ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ

Шындығын айтсақ, қай жерде, қай елде болмасын еңбеккор адамды қалың қауымның қадыр тұтып, ардақтайтыны анық. Оған шынайы ризалық сезімдерін білдірісіп, құрмет пен ілтипат көрсетісіп жатады. Ондай даңқты, ел ықыласы мен ниетін ешкімнен сұрап, не ақшаға сатып алу да мүмкін емес. Байлығымен басымдық танытып, дәuletімен дүбірлекенімен жалпақ жүрттың жағымды да, жақсы адамы атанудың өзі тектен-тек қолға қона салатын құс деуге де ауыз бармайды. Адам беделінің әделкі бастауы мен түпкі тегінің төркінінде қарапайымдылық пен еңбексүйгіштіктің егеулі наизасы бар. Ол армен, иманмен, ақылмен, санамен, инабаттылықпен суғарылған кісілік келбетпен апталған қасиет. Адамның адами қасиеттерінің негізгі тал бесік тәрбиесінен басталып, инабаттылық рухтың узына мейірі қанып, имандылық иірімдері бойына үйірілгенде төңірегінен жүрек жылуының нұрын шаша алады. Осындай асыл мұрахатты ұлықтауға лайық туған ел перзенті болу қарымды еңбеккорлықпен әрленіп, қайырымдылық шырай



шұғыласымен нұрланып жатса, өркенді отбасының өнегелі әулетінің үрпағына қалайша сүйінбессің. Осы тұста еңбегімен, ел-жұртының абыройы мен беделіне, ыстық ықыласы мен үлкен ілтипатына бөленіп, кісілік келбетімен есімі көптің көкейіне ұялаған бірегей ел азаматтарының қатарына Кенжехан Халевовты қойса, еш артықтығы жоқ. Оның ел аузына жақсы азамат ретінде ілінуі мен ел құрметіне бөленуі еңбекқорлығына тікелей қатысты. Табан ақысы мен мандай терінің төлемі. Білімін білгірлікпен пайдалана білуінің мәуелі жемісі.

Замандастарымен терезесі тең, көрегендігінің керегесі кең отағасы ретінде босағасын берік, шаңырағын биік ұстап жүрген Кенжеханның кісілік келбеті оңайлықпен таныла салмағаны және аян. Өзі жарық дүние есігін ашып, өмір өріне талпынғалы, күнделікті тіршіліктің алға тартқан күйбені көп іс-әрекеттерінің жақсылығын да, жаманшылығын да ел-жұртымен бірге көріп, етене бөлісіп келе жатқан азамат. Көксудің көрінісі көркем таулы аймағындағы Көкбастау кемерінің топырағында туып, кәусар ауасын жұтып, мәлдір суына шомылып өскен өрен. Бұгінде ол – келбеті кемелденген елуді еңсерген ел ағасы. Қаршадайынан өңбекке етене өскен Кенжехан ауылдағы орта мектепті үздік бітіріп, Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтының есеп-экономика факультетіне еш қындықсыз тұсті. Лениндік стипендианттың бірі болып, қолына табақтай қызыл диплом алып шыққаннан бері отыз жылдан астам уақыт ішінде онтайы келген істің қай-қайсысын болмасын бас тартпай істеп, жері мен елі үшін аянбай тер төгіп жүрген түлек. Әдепкіде білім алушағы алғырлығы мен зерде зейінділігі ескеріліп, институт қабырғасында қалдырылды. Бірақ, ауылға деген ынталысы артып, туған жер магниті тарта берген соң жолдамамен Көксу өніріндегі Мұсабек атындағы совхозға келіп, бас бухгалтер болып орналасты. Ірі шаруашылықтың есеп-қисабын дұрыс жүргізуі қадағалады. Партия комитетінің хатшылығына сайланып, саяси жұмыста да үйымдастырушылық қабілетін ұштап, шеберлігі мен іскерлігін шындалады. Істі білгірлікпен атқарып, жұмысты жаңаша жүргізуде шаруаның ығын тауып, адамдармен тіл табыса білетіндігі ескеріліп,

Бөрлітебе белесіндегі Мұқан Төлебаев атындағы совхоздың іргесін қалап, қонысының алғаш қазығын қағуға жіберілді. Бұл шаруашылықты алты жыл басқарып, экономикасын нығайтып, ел түрмисын жақсартуға лайықты үлесін қосып, алаңсыз еңбек етіп жүрген Кенжеханға бір күні арнайы сәлем жетті. «Шаруамыз шашырап, ауылымыз азып барады. Туған жерге туынды тікпейсің бе? Перзенттік парызынды өтеу үшін жерің мен елінді қолыңа алып, өзің, басқарғаның дұрыс болар еді», - деп туған жерге шақырыпты. «Ел сәлемін естіген соң, - дейді Кенжехан, - тереңірек ойлануға тұра келді. - «Елінің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме. Ел тағдырын ері шешеді» - деген даналар сөзі жадымда жаңғырықты. Нарықтың тығырығына тіреліп отырған жерлестеріме түрлі себеп-салдардың сүрлеуіне салынып, салын суға кетіруге дәтім бармады. Содан кейін совхоздан өз еркіммен босанып, туған жеріндегі Қаблиса ауылына оралдым. Мұндағылар қуана қарсы алды. Бірауыздан бастық етіп сайлады. Кейінірек Қаблиса өндірістік кооперативіне көршілес жатқан Еңбекшіқазақ ауылын қосып, бір басшылыққа бағындыру жөнінен ұсыныс жасады. Оның өзіндік себебі де бар еді. Қаблиса ауылы таулы өнір. Жайылымдығы мол. Мал өрісі кең. Ал, Еңбекшіқазақ өнірінде егістік алқап кеңістігі жеткілікті, әрі суғармалы жер. Осы екі ауыл әуелден бір-бірімен байланысып, бірінің өрісіне мал шығарып, екіншісінің жазығына егін егіп жүретін-ді. Сонымен көпшілік ұйғарымымен екі шаруашылық басшылығы біріктірілді. Бірақ дүние-мұлік пен есеп-шоты жеке-жеке. Ол да көпшілік қаулысымен хатталып, шотталынды.

Перзенттік парызы намысын қамшылаған Кенжехан жері мен елінің жігерін жасытып, рухын түсіріп қоюға арланды. Қындық кезеңінен шығудың онтайлы жолын, ыңғайлылығын таппаса, билік тізгінің ұстап қайтеді. Оның үстіне «бұрынғылар сөйтіпті, бүйтіпті» деп артынан топырак шашып, түрлі себептері бар сыныққа сылтау іздел, біреуді сыртынан қаралап, күнәлағаннан гөрі, өз бағытынды дұрыстаған жөн. Басшылық тізгінің ұстағандағы білдірілген сенім де, жауапкершілік жүгі де осында жатыр. Ел-жүрттың көнілінен шығу үшін өзіндік

қам-қарекетінді жаса. Осы тақылеттес тұжырымға табан тіреген Кенжехан жүртшылық алдына шығып, өз ойын ашық айтып, кеңінен пікірлесті, алғы міндеттер нақтыланды.

Елге жақсы келсе, шарапат тиеді, шапағат нұрын шашады емес пе. Оның үстіне жақсының жақсылығын көре біліп, ел-жұрты тарапынан дұрыс бағаланып жатса, ол әлгі адамның мерейін өсіріп, мейманасын тасытары көміл.

Елімен аралас-құралас жүруді ұнататын Кенжеханға ауыл-аймақтың бәрі таныс. Кішіпейілділігімен халыққа жағымды. Мінезі де кең әрі жайдары. Іс-әрекеті ірі. Кісілігі жоғары. Кәсіби білім алып, санатқа қосылғалы жасынан жерді баптап, малды күтіп үйренген ол шаруашылықты басқару ісіне батыл араласып, атқарылар істің ығыты мен жай-жапсарын меңгеруге ден қою қалпынан айныған емес. Қаржы көзінің қайдан келетінін зерделікпен іздестіретін дәрежеге жетті. Сондығы да болар, оны бүгінгі ауыл тұрмысын төмендетпей, жердің құнарын қашырмай тиімді игеру жайы күндіз өнінде, үйықтаса түсіне енеді.

- Жекешелендірудің қыры мен сырын әуелде ел-жұрт жете түсіне алмады, - дейді Кенжехан. –Дайындықсыз қолға алынған шаруаға айналды. Алғашқыда бөліс үлесіне ие болғандар «ой, баимыз, шалқимыз» деген үмітті санаға судай сіңірді. Накты іске келгенде жеке шаруаны дөңгелетіп әкетуі қынға соқты. Азды көбейтудің айласын таппады. Және бір қолбайлау қаражат тапши. Қысқа жіп бүрмеуге келмей діңкелетті. Қолдаушылық, демеушілік сөз жүзінде айтылғанымен табан тірер тиянақ таппаған тұғырсыз тәсіл. Барына көніл көншімейді. Екінің бірі «Құрғақ қасық ауыз жыртады» деген нақылды «Құрғақ уәде діңкенді құртады» деп айтуға мәжбүр. Қазір жекешелендірудің тиімділігінен гөрі тауқыметін тартушылар жағындағы таразының жүгі ауыр. Тығырыққа тірейтін тармақтар да сан тарау. Өрістегі актылы қойдың қарасы құрып, қорасы қирады. Теңіздей толқыған егістікте қурай қаптап, қырман қыдырының құты қашты. Бұрынғы экономикасы нығайған, дәuletі шалқыған, сәулеті ажарлы ауыл даңқы ауызға алынбай қалды.

Қайда барсанда белең алған берекесіздікке көз қарығады. Байлық құмға сінді ме, құлқынға құйылды ма, әйтеуір тып-типыл. Қарадай жүріп жер сипап қалғандар қисапсыз көп. Қазір ауыл тұрмак, қаланың өзінде үйлер бұзылып, қирап жатыр. Мәдениет ошақтары орналасқан ғимараттардың да тоз-тозы шыққан. Көргенде көніл құлазып, ішін тұз жалағандай ашиды. Мұндай бей-берекет тірлікпен ұзаққа барамын деу далбасальқ. Ертеңгі күн қамын терең ойламайынша, ілгерілеушілікке жету де оңайлыққа түсे қоятын шаруаға балау қын.

Осындай ой соңына ілескен білікті басты Кенжеханның түйсік-тұжырымдарын бағымдай келіп, қындық етектен тартқан заманда, кішкене болса да, жұртқа септігін тигізуді перзенттік парыз санайтын.

- Нарықтық қатынастың қындықтарына, жекешелендірудің оңтайлы жүргізілмегендігіне сенім білдірушілердің бары бұлтартпас шындық. Ал, Сіздер осы бір тығырықтың тауқыметін тартпау үшін жұмыс істеудің қандай айла-тәсілін таптыңыздар?

- Қазақта «Бөлінгенді бөрі жейді» деген қағида бар, - деді Кенжехан. - Төрт құбыла түгелденбей, түбегейлі іс тындыру да тауқыметті тірлік. Жекешелендіру жіктелуге жетеледі. Табыс талапайға тұсті. Ұрыс ыдырады. Бірлік де, берекесіздік те божырады. Осының бәрін көзben көргесін, шаруаның ыстық-сұығына күйіп жүрген соң бытшыт болып бет-бетімізбен, әркім өз тірлігімен тырбанғанымен тындырымды да тиянақты іс атқара алмайтыны мені қатты ойландырыды. Неге десеніз, біз Ленин атындағы совхоздың бір бөлімшесі едік. Көпшіліктің үйғарымымен жеке ұжымдық шаруашылық құруға тілек білдіріліп, күрделі әңгіме қозғалды. Үлесімізге тиесілі жерді, мұлікті бөлісіп алу үшін ынталы топ жасақталды. Жетекшілігіне шаруаның жай-жапсарын жетік білетін Сәлім Еркенов белгіленді. Жеке шаруашылық құруды қолдаушылар талабымен бірнеше рет жиналыс өтті. Ауылдың 225 тұрғыны қол қойып, аудан басшыларына шықты. Олар бөлімшені бөліп, жеке шаруашылық құруға толық мүмкіндіктің бар екендігін дәлелдеп, ауданың сол кездегі әкімі Наурыз Қылышбаевтың алдына мәселе қойды. Қоярда-қоймай жүріп, Еңбекшіқазақ бөлімшесі

1992 жылы іргелі шаруашылықтан отау тігіп шығып, жеке ұжым құрылды.

Лабасы тауының еңсіндегі Көксу өзенінен нәрленіп, әрленіп жататын құйқалы өнірге қоныс тепкен Еңбекшіқазақ ауылы әуелден-ақ, шалқыған шаруасымен, атақты адамдарымен аймағына аян еді. Құты кетпеген іргелі қоныс саналатын мекеннің өзіндік тарихи шежіресі де бай. Ол отызыншы жылдары бұрынырақ құрылған «Қызыл әскер» және «Бестөбе» колхоздары бірігіп, қазіргі Еңбекшіқазақ ауылының іргесі қаланған-тұғын. Шаруашылықтың экономикалық нығаюы мен бағы Мұқаш Бабашев бастық болып сайланған соң ашылды. Ауыл көркейіп, малсаны өсіп, егіннен мол өнім жинала бастады. Ұлы Отан соғысы жылдарында ауылдың 105 азаматы майданға аттанды. Ауылда қалғандар еселі еңбекке құлшынды. Соның нәтижесінде 1944 жылы Көкбастау, Мұқыры, Талапты алқаптарындағы қант қызылшасы мен мал өнімдерін өндіруде жоғары табысқа жетіп, колхоз миллионер шаруашылық атанды. Отан қорғауға колхоз мүшелері атынан 2 миллион сом заем жиналды. Майданға арнап басқарма бастығы Мұқаш Бабашев 150 мың сом, Сеуітбек Қойбағаров 140 мың сом қаржы берді.

Ұйымдастырушылық қабілетімен танылдып, халықты еңбекке жұмылдыра білген, әрі сол мақсатқа өзінің күш-жігерін аямай жұмсаған сол кездегі шаруашылық басшысы Мұқаш Бабашевтың есімі бүгінде ел есінде. Кенжехан Халеловтың бастауымен, жұртшылықтың қостауымен жарты ғасырдан астам уақыт еленбей-ескерілмей жатқан осы М. Бабашевтың қабіріне қорған тұрғызылып, көрнекі ескеркіш қойылды.

Елуінші жылдардың ар жақ-бер жағында Республиканың ет-сұт министрлігін басқарған Қазтай Едігенов те еңбекшіқазақтық екен. Ол туған жеріне сұт зауытын салдырыған еді. Әлі күнге дейін жұмыс істеп тұр.

Қажымұқан атындағы Республикалық сыйысқа қатысып, бірінші орынды жеңіп алған КСРО чемпионы Әлімғазы Райымбеков те осы өнірдің топырағында түлеген түлек. Оның кино өнеріне сінірген еңбегі де елеулі. Атап айтқанда ол «Ән қанатында», «Қан мен тер», «Орал», «Тақиялы періште» сияқты кино фильмдерінде басты

кейіпкерлердің рөлдерін сомдаған актер. Әлімғазы әлі де өз бабында. Ауылының ардақты азаматтарының санатында.

Еліне еңбекімен танылған адамдар бұлармен шектеліп қалмайды, қызылша өсіруден үздік көрсеткіштерге жеткендігі үшін Еңбек Ері атанған Мәмила Әлімбаеваның ізбасарлары да толып жатыр. Мал өсіруде, егін салуда, техника тетігін менгеруде, жас үрпакқа білім беруде ерен еңбек үлгісін көрсетіп жүрген майталмандар қаншама.

Бір кезде Республикаға даңқы шыққан, ақыық ардақты азаматтары бар осындай ауыл жеке бөлінген кезде шаруашылығы шатқаяқтап, қаржы жағынан тапшылық тығырына тіреліп тұрған еді. Астық дайындау мен мал өнімдерін өндіру мандымаған. Барының бағасы төмен. Жиналған өнімді өткізетін орындар болмады. Оның үстіне ескірген техника есті шығарды. Жанар-жағар май құны қымбаттады. Осының әсерінен мал саны құрт азайған. Тәлімді жерге астық егу мүлдем ұмытыла бастады. Техника күші жетпеді. Жанар-жағар май жоқтығы салдарынан ірі сабақты мал азығын дайындау қыннады. Жұмыссыздық көбейді. Бұған қоса бұрынғы Ленин атындағы совхозының орталығы «Шаңырақ» жекешеленіп кеткен соң, осы шаруашылықтың бөлімшелері Талапты, Жамбыл жеке-жеке шаруашылыққа бөлініп шықты. Осындай қындықтар қинаған шақта ауыл бастығы ретінде елді бірлікке, тарамауға, көп болып үйымдасып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара еңбек етуге шақыруға тура келді. Ол ойын жүршылық құптаپ, іске жұмыла кірісті. Нарықтың қыспағына төтеп беріп, істі ілгері бастырудың шаралары қолға алынды. Қол қусырып жүргендерге жұмыс табылды. Мұны көріп-білген тысқары жерге кетіп қалған кейбір тұрғындар қайта оралып, жүртшылықпен бірлесіп жапа-тармағай еңбекке араласты.

Әдепкі күннен істің көзін тауып, жұмысты жаңаша үйымдыстырып, жүршылықпен тіл табыса білген басшының шаруасы шалымды, қадамы алымды бола бастағанымен қуандырды. Оған онды өзгерістер куә. Тыңдырымды тірлікті, бекем біліктілікті ала келген басшы К. Халелов көпшілікпен ынтымактаса бір терінің пұшпағын

иlestі. Еңбегі жүртпен, ой-пікірі көппен үйлесті. Ептейлі еңбектің қойторысы екендігін танытты. Білімін, ұйымдастырушылық қабілетін, тындырымды да табандылық талабын туған ауылының еңсесін биік ұстауға, ел-жүртінің ұнжырғасын түсірмеуге жұмсауды мақсат еткен Кенжехан есеп-қисапқа жүйрік маман. Ойы үтқыр, жаңалыққа жаны құмар. Сондығы болар ол шаруадағы демі бітіп, тынысы тұншыға бастаған ауылды сауықтырып, төрт аяғынан тік тұрғызуға барынша күш салды. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» демекші, ауылдағы ақсақалдармен, мамандармен ақылдасып, пікірлесіп, ортақ шешімге келді. Жетекші мамандарды өздерінің кәсібіне қарай іріктелді. Өзіне орынбасарлыққа білікті маман Болат Бақбергеновты қалады. Бас инженердің тізгінін Нұржан Бекежановқа берді. Емберген Бабашевке бас агрономын, Сәлім Ерденовке малазығын дайындаушылар бригадасының, Әбілқайыр Шалбаевқа қызылша өсірушілерді басқару міндеті жүктелінді. Шаруашылықтың басқа салалары бойынша да кадрлар іріктелініп, жауапкершілік міндеттері түсіндірілді. Істі осылайша ұйымдастыру мамандардың ынта-ықыласын арттырды. Шаруаны ілгері бастырудың, экономикасын нығайтуудың, қаржы көзін табудың жолдары жан-жақты іздестірілді. Әр маман өзі басқарған салалар бойынша жаңашылұсыныстар айттып, оны іске асырудың шаралары жасалды.

Нарықтық кезінде, ауылды, елді басқаруда оңайлыққа түспесі анық. Қаржы тапшылығының қыспағынан шығу үшін жоқтан бар жасап, бірді-бірге жалғап, қайткенде табысқа жетудің көздерін іздестіру арқылы шаруашылықты құлдыратпай, экономикасын нығайту басты міндет. Ал халықты алда тұрған міндетке жұмылдыра білудің өзі де үлкен өнер. Бұл жағына келгенде шаруашылық басшысы Кенжехан Халелов ұйымдастырушылық қабілетін көрсетіп, іскерлік біліктілігін таныта білді. Кейінгі жылдары тұралап қалған шаруашылықты алға сүйреп, экономикасын едәуір нығайтты. Соның нәтижесінде табысқа жетуге жол ашылды. Көрсеткіштер деңгейі өсті. Бұрынғы өлшемдермен тенденстіргендеге ілкімді ілгерілеушілік

аңғарылып, онды өзгерістерге батыл бетбұрыс жасалды. Межелі нысаналар алынды. Тілге тиек етер табысқа соңғы он-он бес жыл ішінде бірінші рет қолжетіп, жұртшылықты қуандырды. Бағалы дақыл қант қызылшасының әр гектарынан түсімі 200-210 центнерден тәтті түбір жиналды. Астықтың әр гектарының түсімі 25-30 центнерге жетті. Мал өнімдері де көбейіп, түлік саны өсті. Жаңадан салынған диірмен де, қойма да елге қызмет ете бастады.

Ауылдың мәдени өмірі де жанданды. Сонау қырқыншы жылдары салынған клуб үйі құрделі жөндеуден өткізілді. Қазір де есігі айқара ашық. Өнерге құштар жастар ауыл аспаның ән-күйге бөлеуді дәстүрге айналдырған. Сұндет Шелбаев басқарған көркемөнерпаздар тобы сауық-думан кештерін үйымдастырудың белсенділірі. Олардың наурыз мерекесі тойланып, сахнада ата-бабалар рухына арналып өткен өмір белестерін бейнелеген театрландырылған көріністері жұртшылықты тұшындырды.

Халыққа қызмет көрсететін сауда, байланыс, емдеу, орындарының жұмысына да жұртшылық дән риза. Зейнеткерлерге, көп балалы аналарға, кембағал адамдарға, күнкөрістік қаржысы тапшыларға материалдық көмек көрсетуде жомарттық пән мырзалық көрінісі берік қалыптасқан дағды десе болғандай. «Бір жылдығын ойлаған дән егер, он жылдығын ойлаған тал егер» демекші, ауыл болашағын ойлаған Кенжехан төрт гектар жерге әртүрлі жеміс ағаштарын отырғызуға бастамашы болып, жақсы іс тындырылды. Сондай-ак, арық бойларына, егістік жерлердің шет жақтарына қазқатар ағаш көшеттері сап түзеді.

Ауылда Кенжехан Халевовтың басшылығымен жирымасыншы ғасыр мен үшінші мыңжылдық тоғысындағы аға буын, орта буын мен жеткіншек үрпақ өкілдерінің жиыны өткізілді. Онда Еңбекшіқазақ ауылының алғашқы қауымдасуынан басталған тірлік шежіресі еске түсіріліп, деректі құжаттар саралап, құндыларын құнттап, қастерлеуге тағзым етілді. Мұның өзі аға үрпақтардың еңбектерін бағалаумен бірдей, әрі өткендегі тіршілікті сараптау арқылы бүгінгі тандағы адами имандылықтың, адамгершілік пән азаматтықтың белгісін паш етумен пара-пар иғілікті шараға айналды. Жаңа ғасыр

құрылыштары бүгінгі жеткіншектерге арнап жазылған аманат-хатты ескерткіш белгі тас астында қалдыруға арналған жиынның да тағылымдық-тәлімдік ұлағаты үшантеніз. Аманат-хат үрпактан үрпакқа жалғасатын құндылық ретінде бағаланары көміл. Сұрапыл соғыстан оралмаған боздақтарға қойылған еңсөлі ескеркіштің де үрпакқа тигізер әсері мол.

Осы іспетті игі істермен елге үйітқы болып жүрген Кенжехан Халеловты көргенде немістің атақты философи Гетеңің: «Өзі үшін ғана еңбектенген адам азап шегеді, басқалар үшін еңбек еткен адам олардың қуанышына ортақтасады» деген сөзі еске оралады. Себебі, бұл тұжырымды осы бір абзал азаматқа арнай айтуға әбден лайық. Өйткені, ол өзінің туған жерін көркейтіп, елін нарық қыыншылықтарынан тарықтырмай алып шығу жолында тыңбай еңбек етуге үмтүлған алғыр ойлы ақының азамат. Кенжеханның іскерлігін бағалап, кіслік келбетіне сай сезін тыңдай білген жүртшылық қазіргі нарықтың қыындығынан шығып, алға қойған мақсаттарына жететіндіктеріне сеніммен қарап отыр.

Кенжехан перзенттік парызын өтеу үшін еңбек ұжымын басқарып, оларды игілікті іске жұмылдырса, зайыбы Ділдә Тәжімұратова жасөспірімдерді қазақстандық патриоттық рухта тәрбиелеу жолында ізденімпаздықпен еңбек етіп жүрген ұстаз. Еңбекпен етене өскен қос жұбай-өркенді өрендері бар жарасымды жанұя. Үлкен ұлы Дәурен дәрігер, Астана қаласында. Дәuletі «Көксу-шекер» комбинатында бухгалтер-экономист. Қызы Ұлар Талдықорған ауыл шаруашылығы экономикалық колледжінде мұғалім. Жанұя мүшелерінің биік мұраты біреу ғана. Білімдері мен күш-жігерлерін халқына қызмет етуге бағыттап, перзенттік парызды адамгершілік тұрғыдан адал өтеу. Оған олардың бүгінгі таңдағы бірегей бағыт-бағдарлары мен тыныс-тіршілктері күә боларлықтай.

## САХНА СӘНІ

Театр сахнасы. Қырау-лықыс. Найза ұшындағы сүмектеген сұңғі мұздар да сұсты. Үскірікті боран ысқырады. Қайраттыны қажытып, босанды бүк түсірердей осынау сұрапыл дауылмен тайталасып бір ана жүр. Адасып қалған қызын шарқұрып іздейді ол. Бір сүрініп, бір жығылады. Табиғат тәлкегіне көнгісі келмегендей кейіппен алға ұмтылып, тырбанып, қармана береді. Ұзалаңады, тістене ышқынады. Кеудесін кек кернеген ана:



Желі ме едің ышқынған арманымның дауылы,  
Демі ме едің ақырғы Сарманымның дауылы.  
Ненің күйін азынап сарнап тұрсың,  
Қылғытпақ па ең қызыымды жалмап қыршын.

Азынайсың, тулайсың, гүрілдейсің сен,  
Тырнағыңмен бетімді тілгілейсің сен.  
Аппақ тозақ отындағы гүілдейсің сен,  
Беттен сүйген ажалдың тіліндейсің сен, – деп, зарлап жүректі тітіреткен аянышты мұн шегіп, тағдырдың соқпақты да азапты тірлігіне түршіге қарап, кейістіктің күйігіне көміліп тұр.

Бұл Талдықорған драма театрының сахнасында қойылған Тұрсынзада Есімжановтың «Жолда қалған жолаушы» пьесасынан бір көрініс еді. Буырқанған боранмен алысқан аянышты да үрейлі сезім тудыратын ана кейпіне көз тіккен көрермендер актрисаның сахналық шынайы өнеріне ризашылық білдіріп, ауық-ауық қол соққаны да әлі есте. Адам бойындағы қым-қиғаш сезім шиеленісіп, құрделі ой-толғаныстарын терең алып, көрермендерді өзіне тартып, қапсызы өмір тірлігін бейнелеуге талпынған – Ұлтуар ананың рөлін сомдаушы Алмахан Кенжебекова-тұғын. Ол өзі ойнайтын кейіпкер бейнесін өмірмен үндестіріп, нанымды жеткізуғе үмтүлатын өнерпаз. Сахналық кейіпкерлердің мінез-құлқын барынша терең ұғынып, жан дүниесі мен сезім тұңғиғына үнілуге үмтүлғанда құшырланып құлшынып шыға келетін ерекшелігі көрерменге жақсы мәлім. Сондықтан да талғампаз қауым өнерпаз әртістің сомдаған сахналық бейнелерін әрдайым қызыға көруге құмар.

Табиғаты көз тұндырар таулы аймақты Нарынқол өнірінде балалық шағын өткізген Алмахан Кенжебекова өнерге жасынан ынтықты. Алмаханның өнерге деген құштарлығы ана сүтімен бірге дарыған. Экесі Нұрпейіс, шешесі Гүлбаршын өнерге бейімділігімен, домбырашылдығымен, әрі әншілігімен жұртқа танылған. Олар күмбірлетіп домбыра тартып, нақышына келтіре ән салғанда Алмахан жалықпай зейін қоя тыңдайтын. Кейде кішкене домбыраны алдына өңгеріп дыңғырлаған үніне әуестене бой ұратын. Қолы жаттығып, өзі де ән салатын дәрежеге дежетті. Күн санап өнерге жан-тәнімен беріліп, құштарлығы арта түседі. Мектеп сахнасында Сәкен Сейфуллиннің «Tau ішінде» әнінталай рет серпілте шырқап жүреді. Өзінің туған жері атымен «Қайнарым» әнін шығарады. Әнді қазір де мектеп оқушылары вальс ретінде орындал жүр. Өлең де жазып, оны құрбыларына оқып та беретін.

Алмахан әншілік өнеріне бала кезінен құмартты. «Шіркін-ай, әртіс болсам» деген қиялы қекке шарықтап, асқақтаған арманы алға үмтүлдыратын, кешкілік бір бөлмеге кіріп алып, оңаша отырып іштен күбірлеп: «О, жаратқан ием, маған байлық бермесен де, әртіс болуға

көмектес, рухынмен жебе» деп өзінше жалбарынатын. Ауылға Алматыдан өнер адамдары келіп, ойын-сауық көрсеткенде әртістерге жақын жүріп, солар сияқты сахнадан өнер көрсетсем-ау» деп қиялдайтын. Әлгі әртістерді «үйіме шақырып, қонақ етіп күтіп, дәм-тұз татырсам, дастарқан басында шүйіркелесіп сырлассам» деп те армандайтын. Балауса қыздың көңілін қимаған әртістер кейде үйіне ат басын бұрып, қаршадай қыздың өнерге құштарлығына сүйсініп, ақ тілектерін айтып, батасын да беріп, басынан сипағандарына мәз болатын.

Алмахан Нұрпейіскызы Кенжебектегі өнерлі ортада өсіп, халық өнерінің қайнарынан нәр алған өрен. Нағашы атасы мен нағашы ағасы жұрт сүйсініп тыңдайтын күйшілер болса, әкесі Нұрпейіс әнді қоңыр қаздай сыңсытып салар әнші екен де. Текті жерден шыққан Айкүміс әжесі рулы елдің анасында парасаттылығымен ел құрметіне бөленген көрінеді. Анасы да қаражаяу емес, әрі әнші, әрі өз жанынан өлең құрайтын өлеңші, әрі домбырашы ретінде танылған. Осының бәрі Алмаханның өрелі өнерге ертерек талпынуына ықпал етпей қоймайды.

– Домбыраға тым жастайымнан құштар болдым, – деп еске алады Алмахан балалық шағын. – Ол жылдары ауылда домбыра сирек болатын. Осы домбыра үшін әжептәуір жердегі бір туысымыздың үйіне жиі баратынмын. Кейде үйге алып кететінмін. Әлгі кісі ертесіне келіп қайта алып кетеді. Осыны естіген нағашы атам бір күні үйге келіп, өзінің домбырасын беріп кетті. Сондағы қуанышымды сөзбен жеткізу қын... Мүмкін менің өнер өріне талпынған алғашқы баспалдағым осыдан басталған шығар...

Иә, шынайы өнердің алға жетелер баспалдағының қай жерден басталғанын дәп басып ажырату мүмкін емес. Ол өнерге деген құштарлықпен, әсемдік әлеміне деген ынтызарлықпен бірге қалыптасатын шынайы дарындылықтың қол бұлғау сезімінен бастау алса керек. Орта мектепті ойдағыдай бітірген Алмаханды бойындағы албырт та арынды сезім 1969 жылы Алматы эстрадалық студиясының халық әндері бөліміне алып келеді. Қазақ халқының ғажайып әншісі Жұсіпбек Елебековтың класына түсіп, бұл студияны 1971 жылы тәмәмдалған шығады. Сол жылы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерва-

торияның жанындағы театр факультетіне қазақ өнерінің жұлдызы, Қазақстанның халық әртісі Шолпан Жандарбекова шәкірттерін өзі іріктең, өзі таңдалады. Солардың қатарында Алмахан да бар еді. Шолпан Жандарбекова мен Татьяна Наурызбайқызы өз шәкірттерінің білімді де, білікті актерлер болып шығуы үшін күш-жігерлерін аяған жоқ. Оқудың сыртында театрларға барып, Сабира Майқанова, Бикен Римова, Хадиша Бекеева, Фарида Шәрірова, Нұкетай Мышбаева, Торғын Тасыбекова, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзаков, Асанәлі Әшімов, Әнуарбек Молдабеков, Үйдірыс Ноғайбаев, Райымбек Сейітметов, Есболған Жайсанбаев, Байділда Қалтаев, Әмина Өмірзакова сияқты сахна жұлдыздарының өнерін тамашалап, солардан ғибрат алуға үмтүләді. Олардың сахнадағы әрбір қимылы, әрбір әрекеті жылан арбаған торғайдай бар еркінен айрып, билеп алатын еді. Осының бәрі болашақ актер үшін нағыз өнер мен өмір мектебіне айналады.

– Мен өнер жолына көктен түсे салдым деп айта алмаймын. Ойлап отырсам, ес білгеннен өнерге бейімділігім байқалыпты. Ол кезде әлі мектепке бармаған едім. Нағашы атамның көп жыл үстап келе жатқан ескілеу кішкене домбырасы бар болатын. Сол домбыраны нағашы атам бір үшкіріп: «Саған берейін, өнер дарысын», – деп қолыма үстітты. Нағашым жақсы күйшітүғын. Ал, әке-шешем ауыл арасында тәуір әншілігімен есімдері таралған жандар екен. Мектеп өмірінде тек өнерге бейім өстім. Гармон, мандолин, скрипка тауып алып, тек соларды ойнауды үйренумен уақытym өтетін. Кейін мондалинмен мектептегі оркестрде ойнайтын, гармонмен ән салған жолдастарымды сүйемелдейтін едім. Скрипкамен де ән тарттым. Маған айналамыздағы болмыстың бәрі де әсер ететін. Табиғаттың ғажайып көріністері, айналамдағы адамдардың тіршілігі бәрі менің сезім елегімнен өтіп жататын. Жасынан өлеңдерді сүйіп оқитынмын. Өлең оқып жатып үйықтап, түсімде өлең жазып оянатын фанатикке айналғаным да бар. Сол кездегі жазған көңіл-күйімнің толқыны мынадай:

О, менің байтак далам, дархан далам!

Кеудемде арманым бар тарқалмаған.  
Жас кеудем құдіреттей құмбірлеші,  
Әлі де күйлерім көп тарта алмаған.

О, дала, шың, құздарым, құлағың сал,  
Жаңымда сырларым бар айта алмаған.  
Қызығып пенделікті тілектеймін,  
Жалынды жаңым сүйген қайтар маған.

Өнерге құмартқан қыз 1968 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Алматыдағы республикалық қазақ эстрада студиясына оқуға түседі. Қазақ ССР-нің халық артісі Жұсіпбек Елебековтің класына қабылданып, үлкен өнер иесінен дәріс алып, ән салу мәнерін үйреніп, домбыра шерту шеберлігіне машиқтанады. Ж. Елебековтің ұстаздық етуі жас өнерпаздың кеудесінде құмбірлеген өнер бұлағының көзін ашқандай әсерге бөлейді. Өнер әлемінің сегіз қырлы, бір сырлы қындығы, оның өзінше бір ғылым, түпсіз шыңырау дүниетанымы мол әлем екендігін осында жүріп терең сезініп, үғына біледі.

– Мен өзімді Жұсіпбек Елебековтың шәкірті санаймын. Неге десеніз, мен студияға оқуға түскенде «Тау ішінде» әнін орындалап, өз өнерімді сынға салған едім, – дейді Алмахан – Жұсіпбек Елебеков ағайдың мектебінде оқып, оны бітіріп шығардағы емтиханда халық әні «Қанат талдыны» орындалады. Жұсіпбек ағай: «Әр ән – бір пьеса. Оны нақышына келтіріп орындей алмасаң, көпке ойынды да жеткізе алмағаның» дейтін еді. Шындығында да, әншілік өнер өте қыын. Мәнеріне, нақышты әуеніне келтіріп ән салу, тыңдаушылардың жүректерін тебіренту онайлыққа түспейтінін өнер жолына біржола араласқаннан кейін жақсы сезіндім.

Құрманғазы атындағы өнер институтының актер бөлімін тамамдаған Алмахан Кенжебекова өздері бірге оқыған он жеті жаспен бірге Талдықорған қаласында 1975 жылы ашылған қазақ драма театрына жолдамамен келіп өнер ордасының іргетасын қалап, шаңырағын көтеріседі. Осы кезден бастап Жетісу жерінде тағы бір өнер отауының тұсауы кесіліп, өмір жолының баспалдағы бастау алған болатын. Жетісу жерінің ежелден-ақ қалыптасқан өнерінің өрісті, өресі биік көрінгені тарихи

шежірелерден де, нақтылы құжаттардан да жақсы мәлім.

Өлкө өнеріне ой жүгіртер болсақ, ең әуелі қазақ өнері мен мәдениетінің алтын қорына айналған Біржан мен Сараның, Бақтыбай мен Мәйкенің, Бақтыбай мен Тезек төренің айтыстары бүгінгі театр өнерінің бастапқы қайнары десек, шындықпен толық жанасады. Мәйекті өнер халқымыздың бастан өткерген аласапыран қындықтарына қарамастан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, шынайы театрлық өнердің биігімен ұласқанын мақтаныш етуге лайық. Жетісу өнірінде 1936 жылдары тұнғыш рет колхоз-совхоз театрлары құрылғаны тарихтан белгілі. Олардың белсенді мүшелері де жергілікті халық арасынан шыққан шынайы өнердің шымыр шеберлері еді. 1955-1960 жылдары Талдықорған қаласында драма театры жұмыс істеді. Оған негізінен алғашқы ұйымдастырылған сахнаның өнершіл топтары бас қсты. Олар жүртшылық арасында ұлттық өнерді сахналық көріністер арқылы көрермендерге шынайы жеткізуғе бар күш-жігерлерін жұмылдырыды. Осы кезеңде, кейінгі жылдары Қазақстанның еңбек сінірген әртісі атанған Сағынбек Рақышев, Қазақстанның халық әртістері Шолпан Бакирова, Серік Шотықов сияқты көптеген таланттардың өнердегі қабілетін ұштаған еді. Театрдың бас режиссері, Қазақстанның еңбек сінірген әртісі Жақып Әблітбаев көрермендер назарына талай-талай классикалық сахна туындыларын ұсынумен, шеберлік танытумен жүртшылық құрметіне бөленген абзал жан ретінде танылды. Ең бастысы алғаш құрылған жергілікті театрлар Жетісу өнірінің тұрғындарының театр өнеріне деген сүйіспеншіліктерін қалыптастырып, олардың сахналық өнер көрінісіне ықыласы мен ынтасын арттырғаны, оның осы кезеңге дейін әдемі жалғасын тауып келе жатқанының өзі үлкен ғанибет.

1960 жылы белгілі себептермен театр ұжымы басқа облыстарға қоныс аударды. Бірақ облыс тұрғындарының театр өнеріне деген ықыласы төмендегендік сыңай танытпады. Оған Талдықорған өнірінде 9 халық театрының жұмыс істегендігін, олардың көптеген сахна саңлақтарын қалыптастырғандығын көреміз. Демек Жетісу жеріндегі театр өнеріне деген халықтың ынта-ықыласы ешқашан да кеміген емес, кемуі де мүмкін емес. Осының нақтылы

мысалы болар 1975 жылы қазіргі облыстық қазақ драма театры шаңырақ көтергенде көрермендер өнер ұжымын қуанышпен қарсы алып, жүрекжарды ниеттерін білдіріп, дәм-тұзын ұсынып, гүл дестелеріне құшақ толтырғаны әлі есте. Бұл жолы театр іргесін көтерген Құрманғазы атындағы консерваторияның театр бөлімінде дәріс алып, халық әртісі, профессор Шолпан Жандарбекованың класын бітірген 14 жас пен жан-жақтан жиналған өнерпаздар сахна шымылдығын ашқан-тұғын. Сол кездегі алғаш өнер көрсеткен актерлер бүгін де ынтымағы жарасқан, ауыз бірлігі мықты, ұйымшылдығы күшті, өнерлі қауым екендігін сахналық көріністердегі шеберліктерімен дәлелдей тұсуде.

Театр өнерінің тартымдылығы, шынайы көріністерді өмірлік қалпында көрсетуге актерлерді үйрету, олардың шеберліктерін шындау негізінен режиссерлерге қатысты. Бұл жағынан алғанда Талдыкорған театрының салымы бар. Құрамы кілең өнерлі жастардан түзілген ұжымға ұстаздық тәлімі мол аға режиссер Мұхтар Қамбаровтың алғашқыда театрға бас режиссер болып тағайындалуы әртістердің кәсіби қалыптасуына, албырт шабыттың жүйелі ізденіс жолынан табылуына үлкен септігін тигізгендігін айтқанымыз жөн. Бас режиссер өнерлі жастарды шәкірттік ізден адастырмай, актерлік шеберлікке жетелеген, әрі режиссер, әрі ұстаз ретінде еңбек етті. Театрдың алғашқы қарлығаштарының бірінен саналатын Алмахан Кенжебекова мен Тілек Әбжалиев Қазақстанның еңбек сінірген әртісі құрметті атағын иеленді. Өнер босағасынан аттап театр төріне ұмтылған жас әртістердің мерейін өсіріп, атақ-дәрежесін көтеріп, беделін арттыруға алғашқы театр басшысы Қалмақан Бейсенбиев сінірген еңбек те үлкен. Үлесі де сүбелі. Онымен қоян-қолтық жұмыс істеген Сәулебек Асылхановтың да театр сахнасындағы өнерге көрермендерін тұшындыруы да көп ізденіс танытты. Ол сахналаған «Алтын бесік спектаклі жиырма жылдан астам уақыт театрдың бетке ұстар, көрерменге қысылмай ұсынар шығармасына айналғандығын айтсак, Сәулебектің сінірген еңбегіне берілген бағаның көрінісі деп білген жөн. Осы С.Асылханов бастаған театр жастарының бір тобы Бүкілодактық, Республикалық

жастар шығармашылығының байқауларына қатысып, жеңімпаз атанып, жүлделі орындарды жеңіп алғанын тілге тиек етудің өзі ғанибет.

Театрдың жас артистері Ж.Лебаева мен Ж.Чайкинаның еңбегі жаңып, жұлдыздары жарқырап, құрметті атақтарды иеленді. Ал Бәйтен Омаровтың өзі Қазақстанның халық әртісі атанды.

Театр тірі организм іспетті. Тақырыптары жағынан толысып, толығып отырмаса, жаңарып, жаңғырып, үнемі сәтті ізденістер өзгерісіне түспесе, ол да суға жарымаған жердей тозып кетуі ғажап емес. Бұл түрғыдан алғанда талдықорғандықтардың жолы болған үжым. Режиссерлардың алмасуы бір басқа, театрға әр жылдары Қазақстанның халық әртісі Алтын Ружеваның, Қазақстанның еңбек сінірген әртістері Оразғали Әбділманов пен Сағымбек Рақышевтің, Республиканың еңбек сінірген мәдени қызметкерлері Назарбек Әмірғалиев пен Дәмен Шаймерденовалардың театрға келуі жастардың өнерін шындауға үстаздық еткен іспеттенді. Олар театр өнерпаздарын жаңа белеске жетелеп, кәсіби шеберлікті шымыр шындауға жол сілтеді. Сондай-ақ, Мәкен Нұрмағанбетова, Құдайберген Әлдібеков, Фалия Темірбаева, Базарбек Тоқымтаев, Сағындық Жұмаділов сынды жастардың театр өміріне араласуы негізінен орта буынды құрайтын актерларды тоқыраудан шығарып, үйқыдан оятуға, соны серпілісті үрпақтар алмасуына үлкен әсерін тигізді.

Соңғы жылдардағы театрдың фестиваль кезіндегі табыстары айтарлықтай. Театр үжымы екі дүркін өнер фестивалінің үшінші жүлделі орынын иеленсе, Қазақстанның еңбек сінірген әртісі Оразғали Әбділманов, әртістер Азат Базаргелдиев, Серік Нұрқалықов, Сандуғаш Мұңайтпасова әртүрлі дәрежедегі лауреаттар атанды. Спектакльдердегі эпизодтық рольдің қас шебері атанған Әлихан Ұйдырышова екі рет жүлделі орынды иеленді. Және бір үлкен табысымыз театр актері Алмахан Кенжебекованың Республиканың халық артисі атағын алуы. Сонымен бірге ол Алматы облысының құрметті азаматы атануының өзі де үлкен ізгілік нышаны. Мұндай құрметке Сағымбек Рақышев те бөленіп, омырауына жарқыратып ерекше белгі тақты. Жас актриса Аян

Қожбанова жастар сыйлығының лауреаты атанды.

Ұжымға тегеурінді тебіреніс, үлкен толқыныс пен серпіліс туғызған халық әртісі, өнер қаһарманы Әзіrbайжан Мәмбетов пен халық артистері Қадыр Жетпісбаев пен Маман Байсеркеновтің театр ұжымына келіп, етене араласып, бірлесіп спектакль қойылымдарын сахнаға шығарған сәттері ұмытылmas кезең деуге лайық. Іргесі кеңіген ұжым қанаты қатайған өз қарлығаштарын өнер көгіне ұшырып отырса, ол да сол ұжымның кеңістігінің өркен жаюуының белгісі деп түсінген жөн. Бұл жағынан алғанда театр көптеген білікті актерлерді шындағандығын айта алады. Мәселен, театрда өнер жолын бастаған, кейіннен халық әртісі атанған Талғат Теменов пен Тілеген Ахметовтың кино саласындағы еңбектері жоғары бағаланып жүр. Сондай-ақ, ұжым ұясынан үшқан Әлімбек Оразбеков Қарағандыда, Мұрат Ақманов Жезқазғанда, Оразәлі Сәрсенбеков Қызылжарда, театрлардың бас режиссерлері болып істеп жүргендерін айту үлкен мақтаныш. Сондай-ақ Болат Ұзақовтың Астанада, Сағат Жылкелдинов пен Жібек Лебаева Алматыда, Жанат Чайкина мен Секербек Жабықбаев Павлодарда, Гүлжиян Хафизздың Оралда, Алматыда Алдаш Шалбаевтың Бизнес және кино саласында жемісті еңбек етіп жүргендігін, Астанада Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері Дүйсен Мұсабековтерді театр ұжымы әрдайым еске алып отырады.

Халық әртісі Бикен Римова апамыздың есімі театрға берілді. Қазақ театр өнерінің анасы іспетті өнер қайраткері, әрі жерлесіміз Бикен аpanың лайықты ізбасары болу біздің ұжым берік ұстанар мақсат әрі келешектегі келелі іске бастар жол деп ұғынамыз. Тағы бір жыл сыйлаған қуаныш театрдың үш әртісі мемлекеттік наградаларды иеленуі. Көрермендерге көптен танымал актер Әмірсерік Қалиев өніріне «Парасат» орденін тақса, әртіс Серік Нұрғалықов «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді.

Осындай тарихы терең, табысы ерен өнер ұжымындағы еңбегі еленіп, Қазақстан халық әртісі атанған актриса Алмахан Нұрпейісқызы Кенжебекова жайлы әңгімеге оралсак, театрдың талантты тарланының

сахналық бейнесі көз алдымызға елестейді.

Талдықорғанда жаңадан шаңырақ көтерген театр өзінің алғашқы премьерасын Ғабит Мұсіреповтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесасымен ашады. «Бұл пьесаның ішінде жырланған сезімдер, молынан ашылған жеке-жеке мінездер, барлық тартыс атаулының өсіп-өрбүі, шарықтап шегіне жетіп барып шарт сынып аяқталуы – барлық осы сипаттары өз қалпында, өз орнында үлкен шеберлікпен қилюласқан» дег кезінде Мұхтар Әуезов жоғары бағалаған сахналық шығарма еді бұл. Алмаханға осы пьессадағы Қозының шешесі Мақпалдың ролін ойнау тапсырылғанды.

Сахналық өнерін жаңа бастаған жас актрисаға жауапты рольдің үлкен сеніммен берілуінің де мәні бар. Алмахан өнер институтының қабырғасында жүргендегі-ак ана келбетін келістіре жасауға бейім екендігімен, қазақ әйелдерінің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін жетік білетіндігімен, олардың бейнесін нағымды жеткізе алатындағы қабілетінің барлығымен танылған-тұғын. Ал Мақпал образы өзінің өресінің биіктігімен, жанының жайдарлығымен, ниетінің тазалығымен ерекшеленетін сахналық тұлға. Бұл роль күн шуақты ана мейірімін мол төгіп, жүректерді жылтырлықтай емірене, тебірене ойнағандаға ауыл әйелінің бейнесі, сөз саптауы, көніл-күйі, жүрек тебіренісі, балаға деген адад да таза маҳаббаты бар. Оны Алмахан көрермендерге қаз қалпында жеткізуғе талпынып, ананың сахналық тұлғасын барын анымен, жан-тәнімен талпынып бақты. Еңбегі зая кетпеді. Көрермендерін риза етті.

Қодарды қарғайтын Мақпал жер бетіндегі зұлымдыққа нәлет айтады. Әсіресе, опасыздыққа Мақпалдың: «Кейінгі жас естімесін, білмесін» деген сөздерін актриса көз алдындағы көрермендерге: «Мұндай зұлымдық қайталанбаса екен, адамдар бір-біріне тек жақсылық үшін жаралындаршы» деген ойлармен астарлап, құдды бір өзі айтып тұрғандай кейіп танытуы – актерлік шеберлік. Мұның өзі өнерге бейімділіктің, кейіпкер образын нағымды да қонымды әрі шынайы жеткізуғе талпынудың ізденіс әрекетінен туындағаны анық.

Мақпалдың Қозыға бата берердегі сезімін, алдағы

бастан кешірер қындығы мен жалғыздығын зарлы да мұнды сөздермен жеткізген кезде актриса шынымен-ақ күйзеліп тебіренеді. Ана роліндегі Алмаханның: «Зенгіртау, сен боласың ба мұндастым» деп басталатын зарды да мұнды үні, осы сәттегі толғаныс-тебіренісі, іші-бауыры елжіреп тұрып еңіреуі өмірмен үйлес. Өнер иесінің сахналық қаһарманымен кезекті бір кездесу екен деп қарамай, онымен ыстық ықыласпен қауышып, үлкен шабытпен ойнап, кейіпкер характерін сахналық бояумен еркін толғап, сенімді шығарғандығы, кейіпкерін дәл өмірдегідей бейнелеп, көрмерндерін тұшындырғаны талассыз шындық.

Тахауи Ахтановтың «Әке мен бала» пьесасы характерлер табиғатын терең де жан-жақты көрсете отырып, бүгінгі өмірдің толғакты мәселелерінен хабардар ететін шығарма. Драматург ғалымдар тірлігін зерттей отырып, әділеттілік пен ізгілік, ождан мен сезім сұлулығы төнірегінде ой толғайды. Пьессадағы әже ролін сахнаға шығарған Алмахан. Бұл өр тұлғасымен, батылдығымен, немерелерінің санасында мәңгі жақсылықтың жасамыс күші болып қалып қойған әже бейнесі. Оны да Алмаханның көрмерндерге нанымды да қаз қалпында жеткізгендігі қуантарлық. Актриса бұл жолы да өзіне жүктелген күрделі міндетті абыраймен орындалап, өзі ойнаған кейіпкердің сахналық шешімін дұрыс бейнелегендігімен дараланғанына көрмерндер ризалықпен қол соққан-ды.

Актриса А. Кенжебекованың орындаған рольдерінің қай-қайсысы да болмасын, шындық басым жатады. Ол өз кейіпкерінің жан дүниесін терең түсініп барып ойнайды. Актрисаның кейде сахнада өзін-өзі мұлде ұмытып, құдды бір шындықты бастан кешіргендей сезім билеп, кейіпкермен бітісіп кететін сәттері өте жиі ұшырасады.

Алмахан драма артисі болуға бар өнерін салып, үнемі іздену үстіндегүрген өнер иесі. Сабырлы сөйлеп, асығыс жүргенімен ісінің бәрі орнықты, ойны да, ойы да мән-мағыналы, мақсатының өрісі де тамырлы. Кейіпкерін кескіндегенде кеңінен көсіледі. Сахнада көптеген рольдерді шынайы қалпында дәл жеткізуі соның нәтижесі. Т. Ахтановтың «Күшік күйеу» спектакліндегі Гүлжамалдың ролі байлық пен барлыққа бұландалап өскен жалғыз қызын қалай бақытты етемін деп бәйек болып жүретін ана

образы. Оның ішкі сезімі мен жан толқуы кейіпкердің бет құбылысынан, қымылданан айқын аңғарылады. Көрмендерді актрисаның кейбір шынайы жасалған мінез көріністерінің сүйсіндіріп, шаттаңдырғанына көпшілік куә.

Тәңірберген Қалилахановтың «Алтын бесік» пьесасындағы Қабанбай батырдың қарындасты Гүлдариғаның ролін ойнаған актриса алғашқыда біршама толқыды. Ол бұл рольді сахнаға шығармас бұрын осы пьесаға арналып жазылған:

Адамның туған жері бір анасы,  
Отаны, орман тауы баспанасы.  
Ақ сүтін анасының актай білген,  
Ұлғана ел қорғаны, ер данасы.

Бебегім, құлыншақтай қырда ойнақ сал,  
Өз жерің жисаң қазына, айдасаң мал.  
Жеріңе дүшпан келіп аяқ басса,

Қорға оны тұлпар мініп, қолға ту ал, – деген сөздерге ән шығару қажет болады. Әуен оқиға дәуіріне сай болуы шарт. Жоғары тынысты емес, бояу да қоңыр үнмен айтылатын ән өсиетті, тыныштық тынысын паш ететіндегі болуы тиіс. Осы әнді шығару Алмаханға жүктеледі. Ол домбырасын қолына алған, көп күн шиыршық атып толғанады. Ақыры баяу әнмен айтылатын бірнеше әуен ырғағы ойға оралады. Тыңдаушылардың құлак құрышын қандыратын әнгे де, рольдің тапқырлық пен тартымды орындалуына да риза болысты. Бұл да Алмаханның ізденісінің жемісі.

Актерлік өнердің барлық түйіні – кейіпкер бейнесін көрменге дәл жеткізуімен шешіледі. Бұл салада Алмахан да сахналық шеберлігін шындалап, қабілет дарының көрсетіп, жұртшылықты сүйсіндіріп жүр. М. Әуезовтың «Қаракөзіндегі» басты кейіпкерлердің бірі Мөржан. Драмадағы тартыстың бір ұштығы осы кейіпкерге келіп тіреледі. Сондықтан да ол жауапты сахналық бейне. Заты әйел болғанымен, тұтас бір рулы елдің аты шулы әміршісі. Билік айтқан адудың бәйбішенің өктем үні, сол заманның тынысын танытарлықтай шыққандағанда ұтымды да үйлесімді. Мөржан сөздеріне қуаттылық, өткірлік, мысқыл тән.

Бәйбішенің сөйлеу мәнері, қымыл-қозғалысы кейіпкердің характерімен үйлесімді шығып, көрмерменді разы етті. Бұл да актрисаның сахнада ойнау шеберлігін жетілдіріп кемелдендіре түскендігінің көрінісі.

Шыңғыс Айтматовтың «Армысың, ақ кеме» пьесасындағы өмірде бағы жанбаған, баласымен күйеуінен қоса айрылып, жалғыз қалған шакта да қасіретке қайыспаған қара кемпір бейнесін жасаған Алмахан көрмерндерге және бір қырынан танылды. Тұла бойы тар заманға тән трагедиялық қайшылықтардан құрылған бұл бейнені көркемдікпен көрсетуі талантты актердің өнерге деген құштарлығының жарқын дәлелінің бірі.

Сахнадағы актердің ой-сезімі, толғаныс-тебіренісі, қиналыс-қуанышы бір-бірімен үндесіп, жігі білінбей жымдастып, қайта оқиғасы ширігіп, ойлары шымырланып жатса ғана тартымды шығып, көрмерндерді сендерді. Мұның өзі режиссерлік ой мен бейнелік әдістер қаншалықты жарқын болғанымен артистің байыз таппас беймаза жүргегіне, оның азаматтық дүние-танымына сүйенуі тиіс. Сонда ғана көрмер мен сахнадағы актер ойыны арқылы сол тақырыпқа ойлана, мұңая, қуана алады. Бұл тұста тәжірибелі актерлерден үйренудің, сахна шеберлерінің тамаша тағылымдарынан өнеге алушының еш артықшылығы жоқ. Осы тұста айтарымыз, Назым Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ер» спектакліндегі доктордың ролін белгілі актер, Қазақ ССР-інің халық артисі Нұрмұхан Жантөрин ойнады. Ал, әйелдің ролін Алмахан атқарып, сахнаға белгілі актермен бірге шыққан-ды. Осы жөнінен Алмахан былай дейді:

– Нұрмұхан Жантөрин сияқты үлттық өнеріміздің қазынасына кесек тұлғалар бейнесін қосқан сахна шеберлерімен бірге ойнау біз сияқты жастар үшін үлкен бақыт еді. Қуаныш сыйлайтын сәт. Белгілі актерден өнеге үйреніп, тәжірибе алмасып, шеберлігімізді шындағы тұсуге игі-ықпал жасағандығына қуаныштымыз. Өйткені, үздік үлгілерге толы өнер шеберлерінің тәжірибесін үйрену біздер үшін үлкен мектеп.

Сахналық ізденістер Алмаханның актерлік таланттымен қатар драматургтік таланттың да жарқырата аша түскен

десе болады. Құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтың жүз жылдық мерейтойы қарсаңында «Күйші» поэмасы негізінде сахналанған қойылым үшін қашшама тер төкті дейсің. Еңбегі ақталды. Көрермен жылы қабылдады. Алматыдан арнайы келіп, сахналық қойылымның тұсауын кесуге қатысқан Әкім Тарази, Есмұхан Обаев, Әшіrbек Сығай сияқты білікті мамандар жақсы бағалады. Осы спектакль үшін Матай қорының бас жүлдесін жеңіп алды. Ал, М. Әуезовтың жүз жылдығы қарсаңында Әуезов шығармаларының негізінде жазылған «Абай туралы аңыз» сценаровкасы халықаралық театрлар фестивалінде жүлделі үшінші орынды иеленгені де мерейді өсірген.

Мұның сыртында «Мәриям Жагорқызы», «Аққулар үйінде», «Алтай-Атырау», «Сейхун дария», «Балық әйел туралы ертегі», тағы басқа поэмалар мен аңыздарды сахнаға шығару арқылы көрермендерді талай рет тамсандырды да. Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар үйінде» поэмасы Алмаханның орындауда республикалық теледидар мен радионың алтын қорына жазылып алынған.

Алмахан Нұрпейісқызының және бір қыры бар. Ол ән шығаруға құштарлығы. Бұл бағытта да қол жеткен табыстарына көніл тояттайды. «Мектеппен қоштасу», «Туған жер» сияқты әндерін мектеп қабырғасында жүріп шығарса, келе-келе атақты ақындардың өлеңдеріне де ән жаза бастайды. Алмахан әсіресе жерлесі, қазақтың қайталанбас тума таланты Мұқағали Мақатаевтың бір топ өлеңдеріне ән жазды. Олар «Жалын» журналында жарияланды. Бұл орайда «Жапырақ жүрек, жас қайың» ән сүйер қауымның назарына бірден ілікті. Мұнан кейін де М. Макатаевтың өлеңдеріне ән жазу жалғаса берді. «Сахараның шұбырған түйелері», «Жүрегім мениң жанар тау», «Фаризаға», «Кешіріңдер», «Отаным, саған айтамын», «Қырық бірінші жылғы бесік жыры» сияқты әндері дүниеге келді. Басқа да авторлардың өлеңдеріне жазылған әндері көпшілік ортада жиі орындалып жүр. Солардың ішінде Марфуға Айтқожинаның, Төлеген Айбергеновтың, Әбен Дәуренбековтың, Рахым Тынышбаевтың, тағы басқа ақындардың мәтіндеріне жазылған әндері тыңдаушы қауымға жақсы танымал.

Талдықорған қаласындағы Алматы облыстық драма

театрының Бас режиссері Хусейін ӘМІР-ТЕМІР Алмаханның әншілігі жайлы өз ойынбылайша түйіндейді: «Алмахан Кенжебекова көп қырлы өнерпаз. Ол драма театрыныңabyroyын асырып жүрген актрисағана емес, көпшілікке танымал әнші, ел аузында жүрген бірқатар әндердің авторы. Оның әндері терең ой, мағыналы мазмұнға бай. Алмахан ән салғандада жүрегінді мұнбаурап, мынау жалғанның өтпелі екенін есінде аласың. Бірақ ол мұн жаңынды жасытпайды, керісінше, жүрегінде нәр береді, ойға жетелейді. Жалпы оның болмысы терең драматизмнен тұрады. Актриса Алмаханды әнші-сазгер Алмахан толықтырып, толтырып жүреді.

Алмахан үшін үлкен-кіші роль жоқ. Ол елеусіз ғана эпизодтық рольдің өзіне үлкен жауапкершілікпен дайындалады. Жылт етіп қана көрінетін эпизодтық бейненің жан дүниесіне терең үңіле біледі. Соның нәтижесінде кішкентай кейіпкердің көпшілік көре бермейтін қасиеттерін тап басып таниды».

Алмахан «Жалын» журналынан ақын Мұқағали Мақатаевтың бір топ өлеңдерін оқиды. Соның ішінде «Сүрейік өмір алмасып» деген өлең қатты ұнайды. Ақынның сөзіндей, күніренгеніндей әсер етіп, жүрегін толқытады. Тебірентетін жана ән туады. Оны «Жас қайың» деп атайды.

Жапырак жүрек жас қайың,  
Жайымды айта бастайын.  
Сен адам бола бастасан,  
Мен қайың бола бастайын.

Келісесің бе, жас қайың, – деп жүрек қылын шертетін ән көпшілікке тез тарайды. Қазір танымал әннің бірі осы.

«Ана – жер ана» спектаклінде Талдықорғанда дайындық жасап жүргенде М. Мақатаевтың мәтініне шығарылған «41-жылғы бесік жыры» дүниеге келді. Бұл ән Алматыдағы Жастар театрында қойылған М. Мақатаевтың «Дариға жүрек» поэмасының қойылымына пайдаланылады. Сол поэма бойынша телеспектакльдегі ән арқауына айналды.

Ал, М. Мақатаевтың «Сахараның шұбырған түйелері» деген өлеңі Өзбекстанның Новай сияқты қызыл құмда орналасқан қазақ бауырларға гастрольдік сапарға барғанда ән бол дүниеге келеді. Оған әсер еткен нәрсе

құмды өлкедегі киіз үйлер. Қазірге дейін бізде қойшылардың баспа насына пайдаланылса, өзбек өнірінің шағылды құмына қоныс тепкен қазақтар халықтың дәстүрі, қасиетті шаңырағы есебінде санайтын көрінеді. Әйелдерінің шеберлігі сонша, киіз үйдің әрбір ұсақ бауларына дейін өрнектеліп тоқылуымен көз жауын алады. Құм, сексеуіл арасында топ-топ түйелер, атап ыстықта шұбырып, маң-маң басады. «Жібек жолы» сол арадан өтеді екен. Осында шығарылған ән «Жетісу бірлестігінің» жергілікті композиторлар конкурсынан бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды.

Елің үшін еткен еңбек ешқашан ескерусіз қалған емес. Халық қашан да өз өнерпаздарының, өз дарындары мен таланттарының еңбегін бағалай білген. Бұл жолы да осы дәстүр қалтқысыз сақталды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Алмахан Нұрпейісқызы Кенжебектегіне «Қазақстан Республикасының халық әртісі» атағы берілді. Сонымен бірге «Алматы облысының құрметті азаматы» атанды.


– Бұл жалғыз менің емес, Бикен Римова атындағы облыстық драма театры ұжымының еңбегіне берілген жоғары баға деп білемін, – дейді Алмахан Нұрпейісқызы.

– Алда да халқымыздың, ел үкіметі мен басшыларымыздың сенімін актай беру жолында аянбай еңбек ететінімізге еш күмәнім жоқ.

Иә, бұл үміттің ақталатынына шубәсіз сенесіз. Өйткені бұл Алмаханның құрделі кейіпкерлерді ойнағандағы бейнесіне елталай сүйсінген-ді. Сондай-ақ айқын мақсат жолында ол жалғыз емес. Бүкіл театр ұжымы, талантты да дарынды әріптестері бар. Ендеше театр ұжымының алар асуы әлі алда. Тәуелсіз мемлекетіміздің, бодандықтан ада болған халқымыздың ұлдары мен қыздарының сахналық жарқын бейнелерін жасауда Алмахан сынды өнер шеберлері сахна сәнін келтіріп, мақсат-мұрат биігінен көріне беретініне сенім де кәміл.

## КЕМЕЛДЕНГЕН КЕНДЕБАЙ

Сол бір 1975 жылдың күзі мениң де есімде. Талдықорған қаласының шығыс батыс жағы. Тарғыл дала. Жартылай егістік алқап. Төңірегі ағаштармен көмкерілген. Жасыл желек жайқалады. Осы алаңға қаланың бесінші шағын ауданын салу белгіленген екен. Құрылыштылар алғашқы екі үйді салып біткен. Зәулім. Әрқайсысында 96 пәтер бар. Аландары бір. Қалаға автобус жөнді қатынамайды. Жол жөнделмеген, тізеден шаң. Жаңбыр жауса, лайсан-батпақ мидай езіліп жатады. Үй төңірегі де ретке келтірілмеген. Көріктендіру, абаттандыру кейінге қалдырылған. Осы үйден маған да пәтер тиді. Бірінші қабат. Одан арғы пәтерлерге жаңадан үйымдастырылған Талдықорған облыстық драма театрының әртістері орналасқан. Бәрі де жастар. Өнер институтында бірге оқыған. Жұбын жазбаған 17 өнерпаздың жүрген жері ойын-сауық. Олардың жұмысқа кетуі де қызық. Арнайы автобусқа жапырай мініп, әзіл күлкілерін жарастырып, әнін шырқап, күйлерін күмбірлетіп кетеді. Ал гастрольдерден оралуы тіптен тамаша. Кештетіп қайтады. Соған қарамастан



бәрінің де көнілдері көтеріңкі, үндері жарқын-жарқын шығып жатады. Өршіл де өнерлі өрендердің сапарға кетуі мен оралуы екі тұрғын үйдегілерге айдай анық. Көбіне кештетіп қайтатын. Қою түннің құшағынан автобус оты жылт етіп жарқырайтын. Сол сәтте дабырлай сөйлеп, қауқылдай қалжындасқан дауыстары түнгі ауада апанаңк естіледі. Ара-кідік бірі ыңылдалап, бірі дауысын көтеріңкіреп салған әндер көкке шарықтайтын. Тұрғын үйдегілер күмбірлеген үнге, шырқалған әнге құлак түріп, терезеден сыртқа көз тігетін. «Е, әртістер келіпті ғой. Эй, жастық-ай десеңші. Араның ұясындай гу-гу етеді» десетін бірі. Екіншілері: «Әртіспісің деген осы ғой. Жүрген жері ылғида думан. Арманы да, мұны да өнермен астасқан. Көнілдері асқақ. Тірлік қамынан гөрі сауық-сайран жағына бейім жандар өңшөң. Тұн ортасына дейін дамыл таппай тамашалаудан жалықпауын қараши» деген пікірлер де айтылып жататын.

Олар тұн қарандысын серпілте, қуаныш отын маздата түсетін. Тынық тұндеңі әуен төңірекке тарап, әр көкірекке нөсердей құйылып, көніл көгін аспанға өрлетіп әкететін. Бойларын билеген жастық жалыны, асқақ арманы, алға ұмтылысы шадыманды көнілді шалқытып, телегей теңіздей толқытатын. Кілең өрімталдай балаң әртістер шаршап-шалдығуды да білмейтін. Бір-бірімен өзара бәсекелеске түскендей әнді асқақтатып, күйді күмбірлетуден танбайтын. Жастық шақтың албырттығы алаулап, жарасымдылық тауып, табиғи болмыс керіністері ұшқындалап, жалын ататын. Балаң өнердегі балауса талпыныс жымдасып өміршөндігімен, жасампаздығымен қызықтырып, соны құлшыныстың ыңғайын танытатын. Ұстанған мақсаттары да айқынтуғын. Жігерілік, батылдық, қайсаарлық үні өршитін. Өнердің өміршөндігін әспеттейтін. Аялайтын. Желдей ескен әуен сазымен әдемі тербейтін. Биді үйлестіріп, кейбір әнді көп дауыспен қүйқылжытып жіберетін тұстары әлі ойда. Солардың ішінен ашық үнді, кең тынысты саңқылдалап, асқақтап естілетін бір үн бар-тұғын. Ол Кендебайдың дауысы. Ашықтылығымен бөлекше саңқылдалап естілетін. Өзі де аңқылдақ, елгезек жігіт. Жиналған ортаның шырайын ажарландырып жүруімен танылған. Ол сол бір кезенде буырқанған бұла талант

бұлықсып, кемеріне сыймай асып-тасып ағатын өзендей арындаитын.

Сауыққой Кендебай еті тірі жігіт. Жүріс-тұрысы жылпың. Анық әрі ашық үнді. Іске де ширақ. Осы бір қағылез жігіттің кекшілдеу жанарында жарқылдаған жай оты бар іспетті сезілетін. Өнер өренінің алғашқы аяқ алысы да сәтті басталды. Оның театр табалдырығынан нық аттауы үлкен үміт үшқының үрлеп, алауын лапылдата түскендей еді. Кендебай өркенді енердің айдынына желкендей жүзуді бала күнінен көкейіне тоқып өскен өрен. Оның кіндік қаны тамған жері де, өнерге құштарлыққа баулитын, талпындыратын таулы өңір. Балаң қиялын көкке өрлетіп, самағап шырқауға үмтүлдүратын киелі де қасиетті құстардың қанаттарының суылын, ызылта салған қиқулы үнімен қымыл-қозғалысының сэттерін ұнататын. Бірауық нәзік үннің жүргегін тербел, тыныс-демін кеңейтіп, салқын лепті самалы жан рахатын паш еткендей әсерге бөлеген тұстары да көп-ақ. Сол бір кезеңнің естен кетпес тұшымды көріністері қандай ғажап десенізші. Бұған Кендебайдың туып өскен Онтүстік Қазақстан өніріндегі Домалак ана ауылының төңірегіндегі көркем табиғаттың көріністері де ерекше әсер етіп, бір құштарлық сезім әуенімен тербегені анық. Кенересін заңғар шындар көмкерген кеңістіктің кең жазығында бесік жырының әуенін тыңдаған сәби Кендебай құлағына қазақи әуендердің саздарын құйып өсті. Әкесі Теміrbай ауыл аймағына белгілі әсем үнді әнші болған. Қиса айтудан жалықпайтын. Дастандарды термеледен жаңылмайтын. Сәті тұссе, делебесі қозса, айтыстарға да шығып, сез сайстырып, қарсыласын өткір тілмен қағытуға да шебер-тұғын.

Осындай дарынды отбасының ортасында өскен бала Кендебай мектеп қабырғасында да өзінің өнерге ынтықтығын танытып, көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, кішкене қара домбырасын арқалап жүретін. Оған мектеп қабырғасында Аскариякович Рейтенбах атты музықант ұстаз үлкен ықпал жасады. Ол үрмелі аспаптарда ойнаудың шебері еді. Кендебайды да соған үйретті. Көп дауысты хорға өнерлі жастарды іріктеғенде бірінші болып Кендебай ілікті. Жүртшылық алдына шығып жеке ән айтуға да дағдыланды. Оның үстінен ол кезде

Кендебай тұратын аймақ Ташкенттен берілетін теледидардың хабарларын тыңдайтын. Ондағы өнер шеберлерінің ән салудағы, күй тартудағы, спектакльдерде кейіпкерлердің рөльдерін ойнаудағы қимылына, сөз мәнеріне ерекше қызыға қарайтын. Сөйтіп жүргенде Өзбекстанның еңбек сінірген әртісі Женіс Қорғабаев ауылға келіп, «Жалбыр» спектаклін халықта көрсетті. Алдыңғы қатардан орын алған Кендебай спектакль әртістерінің әр қимылынан көз алмай қарады. Өзі де сол әртістердегі сахнаға шығып ойнауды арманадады. Осындай ой жетегіне ілесіп, қиялдың қиянына көз тіккен ол Газалкент қаласындағы мектеп-интернатты бітіргеннен кейін бірден Жетісай қаласындағы педагогикалық училищеге аттанды. Оқи жүріп өнерге деген ынтасы мен аңсарын бір сәт те кідірткен емес. Көркемөнерпаздар үйірмелеріне қалмай қатысады. Жаңа әндер үйренуге ынтық. Бірнеше рет өнер байқауларына да бақ сынап, сынға да түсті. Училище қабырғасында жүріп өнерлі жастар фестивалінің жүлдегері атанып, лауреат дипломымен марапатталды. Кендебай ән салуды да сүйгендігі болар, қандай өуенде үйренбесін өзінің нақышымен, мәнерімен, ұлттық үрдісімен орындауды қалайтын, соған машықтанатын. Ол орындаған «Теніздер толқынында», «Қайдасындар, достарым», «Анаға сәлем» әндері тыңдаушысын әсем үнділігімен тұшындыратын. Ал Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» әнін шырқағанда үні көк кеңістігіне кеңінен тарап, биязы да әсем өуенімен баурайтын. Кендебайдың орындаудағы әндерге тыңдаушылар сан мәрте ырзалықпен қол соқты.

Кендебайдың өнерге деген құштарлығын кереметтей өршіте түскен және бір жай бар. Ол Шымкент қаласынан Жұмат Шанин атындағы облыстық драма театрының ауылға келуі. Олар зергер қаламгер, шебер драматург Ғабит Мұсіреповтың «Қыз Жібек» атты музыкалық трагедиясын ауыл сахнасына қойды. Өнерлі әртістердің сахнадағы болмыс-бітіміне жіті көз тіккен Кендебай осы спектакльден үлкен әсер алады. Өнерге деген ынтасын арттырып құлшының құйыны көніл күйін үйытқыта түседі. Соның әсері де болар, спектакльден естіген өуенін бірден жаттап алып, өзі де домбыраға қосып шырқай жөнелетінді шығарды. Ол көбінесе:

Әуелеп үшқан алты қаз,  
Атайын десем оғым аз,  
Сенен басқа кімге айтам,  
Жібекке сәлем дегейсің,  
Достық іздел қас тауып,

Қапыда кетті дегейсің, - деп келетін Төлегеннің ариясын бойтумардай жаттап, әндегуді әдетке айналдырады. Осындаи сиқырлы сезімнің асау толқыны оны біржола өнер жолына түсуге бекіндіреді. Жетісай училищесін үздік бағамен бітірген соң Алматыға аттанады. Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның театр факультетіне оқуға түсү үшін құжаттарын тапсырады. Емтихан сынақтарынан ойдағыдай өткен жас өрен Қазақстан Республикасының халық әртісі Шолпан Жандарбекова жетекшілік ететін курсқа қабылданып, көктен аңсаған арманының алғашқы сабағынан дәріс алғандағы қуанышы да шексіз еді. Көкейінде жүрген мұратына жеткендей шаттанды.

Театр факультетін 1975 жылы бітірген Кенебай, өздері бірге оқыған курсас құрбы-құрдастарымен қол үстасқан бойда республика Мәдениет министрлігінің жолдамасымен Талдықорған облыстық драма театрына жіберіледі. Театрга келген жастар тобы өзгеше бір сәбілік сезімге, өршіл де өміршең пәктікпен, өздеріне тән балауса шеберлікпен, жүрек қылын шертетін өнерлерімен баурай бастауы тұнық қайнардың сарқылmas көзі ашылғандай әсерге бөледі. Олар жаңа сахна шымылдығын Ғабит Мұсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» пьесасымен ашты. Осындағы Қозының рөлін Кенебай сомдады. Бұл оның дипломдық жұмысы еді. Кейіпкер сырына студент шақта біраз қаныққанды. Сондығы болар, өнердің үлкен сахнасында тұсаукесер кейіпкердің бейнесін сомдауға бар жан-тәнімен кірісті. Тырнақалды кейіпкерін шеберлікпен кескіндегендігі үшін өнер қайраткерлерінің назарына ілігіп, жылы лебізді сездерін естудің өзі бір ғанибет еді. Сол кезден бері Кенебай жиырмаға жуық спектакльде ойнап, сахна төрінде өзінің шеберлігін тәуір-ақ шындалды. Сан қырлы, әртүрлі мінездегі кейіпкерлердің бейнелерін сомдады. Олардың көбі ел есінде жатталып, театр тарихының шежіресінде сақталып та қалғандығымен құнды.

Кендебай Теміrbайұлы сахнада көрсетілетін кейіпкерлерді кескіндеуде әр қырлылық өнерімен танылып жүр. Ол көптеген драма, трагедия, комедия, романтикалық тұрғыдағы сахналық қойылымдардың кейіпкерлерін нұсқалаған актер. Мұхтар Әуезовтың «Қаракөз» трагедиясында Асан сал, Тахауи Ахтановтың «Қүшік қүйеу» комедиясында Бекболат, А. Вамиловтың «Сүйінші, табылды, табылды, табылды» спектакілінде Кудимов, Сәкен Жұнісовтың «Өліара» драмасында Жуков, Шыңғыс Айтматовтың «Жәмиласында» Данияр, Бек Тоғысбаевтың «Ақын Сарасында» Әріп ақын секілді тұлғалы кейіпкерлерді өзіндік қолтаңбаменен пішінде, көрмермендер көкейінен шығатында дәрежеге көтерудегі шеберлігі де өз алдына бір төбе әңгіме.

Актер Кендебай тапсырылған кейіпкерді сахналауда өзіндік шеберлігімен жақсы танымал. Әмірдегі болмыс-бітімін өзгеріссіз дәп басуға талпынады. Жүріс-тұрысын, көніл-күйін айнытпай келтіреді. Ұстамдылыққа тәндік қасиеттерді байсалды бейнелейді. Ұшқалактық, жеңілтектік көрініс кейіпкери кезіксе, оны да мысқылды құлқіге айналдырып, сол қалпында кескіндеуде де тапқырлық танытуымен тәнті етеді. Сахналық қимыл-әрекет, сырт ұлғідегі пішін желісіне сәйкес үйлесімдік тауып қабысып жатуы да бейнелеу тәсілдерінің үтқырлықпен ұштаудың дәлелдері еkenі хак. Асығып, аптығу, жүгіріп жүру, оқыста шалыс қылық көрсету сәттеріндегі іштей арпалысы мен толғаныстарын көрмермендерге өзіндік ерекшеліктермен тұщындыра жеткізеді. Сондай кейіпкерлердің бірі - Мұхтар Әуезовтың «Қаракөз» спектакліндегі Асан мен Дулаттың ролін ойнаған Кендебай кейіпкер кескінін беруді тольық менгерген. Осы тұста театрдың белгілі сыншысы Бағыбек Құндақбаевтың Талдықорған облыстық драма театрының Алматы көрмермендері талғамына ұсынған спектаклін көргенде Кендебай ойнаған рольдердің көреремендер көнілінен шыққандығын, кейіпкерінің бойындағы ерекшелікті нанымды суреттеп, өмірмен үйлестіре білгендігі жөнінде жоғары баға беруі қуанарлық жайт. Әрі актерлік еңбектің дұрыс бағаланғандығының қорытындысы деп білген жөн. Шындығында да, Кендебай кейіпкерлер бейнесін шынайы ашуға

ілкімділікпен ұмтылады. Ақыл-парасатымен, келбет-пішінімен кескінделетін кейіпкерлерді де сахнаға шығарғанда ұстамдылық пен байсалдылық шеңберінен шықпайды. Қимыл-қозғалыстарымен баурайды. Сезім ірімдерін еркіндікпен жеткізеді. Қылыштарын, мінездің құлқындағы нақтылықты тереңірек ұғындырады. Кейде кейіпкердің қаһарлануы да кәдік. Ондайда түсін сұтуы, өктем сөйлеуі, қоқан-лоқылыққа баратындаи дойырлық көрсету секілді сәттеріндегі рольдерді ойнағанда Кендебай тіптен басқаша кейіпке өзгереді. Шығармашылық бейнелеуі өзіндік қарекетімен есте қалады. Мұның өзі ізденістен, кейіпкерді дәл бейнелеуге ұмтылыстан туындаған ұтқырлық деп білген ләзім.

Кейіпкер сезін тындаушысына нақты жеткізу, ырғакты үнін оқиға желісімен үйлестіру де актерлер үшін оңайлыққа түспесі анық. Оған да ынта-ықылас ауып, сөйленетін көркем сөз астарын ашу, оны қимыл-әрекеттерден-ақ аңғарту жағына да бейімділік қабілет қажет. Бұл бағытта да Кендебайдың артықшылық қасиеттері баршылық. Қағылезді қалпын бұзбай, кейіпкерін жүдетіп, кедейлендіруге ұрындырмай шығаруға ұмтылысының ұтымды тұстары да көбірек. Актерлік шеберлікпен ойнақыландыру жағын қарастырған сәттері де көңілге қонымды.

Сахнада кейіпкер қимылын ширак ойнау, оған өзіндік сипат беруді, шығарма табиғатынан туындаитын өзекті арна. Сахналық қимыл мен әрекет арқылы қойылым желісінің тартымды әрі тартысты дамуы, жүйелі де қисынды көріністермен көрермен көкіргегіне кейіпкер бейнесінің қалып қоюуы оны ойнаған актердің алғырлық қабілетіне тікелей қатысты дүние. Ойының өрістілігіне, толғанысының танымдылығына, тақырыптың түпкі тамырын дәп басуы мен тартымдылық қарымына қарай құрылуы да актердің іргелі ізденісінен туындаитын көріністер. Өз байламы мен шешімін тақырыптың түйіндеуге лайықты табатындығы ұтымды. Кейіпкер бейнесін көркемдік деңгейге көтеру, оны ірілендіру, психологиялық толғаныстарын ашуға ұмтылыс бірыңғай жүйемен жүріп, білгірлік пен біліктілік қабысып жатса, ұтары ақиқат. Алғырлық, аңғарымпаздық, байқағыштық актердің шынайылығын арттыратын бірліктер. Оқиға

жүйесі көркемдік тұтастықпен шынайы шешімін тауып, жинақылық, нақтылық жағы басымдау түсіп жатса, керермен де сүйсінеді. Осы тұста сахнаға шығарылған соңғы қойылым драматург Камал Әбдірахмановтың «Мұнарда мұнар, мұнар күн» спектакіліндегі Махамбет ролін ойнаған Кенебай жаңа бір қырынан көрінді десе боларлық. Кейіпкер кейпін өмірлік қалыптағы болмысымен көрсетуге талпынған ол соны ізденістерге барған. Орындаушылық шеберлігіне көз тояды. Көнілді көншітеді.

Қайсарлығы бөрідей, өткірлігі қылыштай Махамбеттің кейпін келістіре нұсқалаған. Ержүректі, өр мінезді ақын тұлғасын зор етіп дәріптеу мақсатында бар күш-жігерін, ізденісін жұмсаған. Махамбеттей елін қорғаған алғыр ақынның адамгершілігін, азаматтығын, тапқырлығын шынайы сипаттайды. Ақын үзенгілес, қаруластарының бейнесін шыншылдықпен, нақты іс-әрекеттермен байланыстырады. Үстем тап өкілдеріне қарсы қүрескен ер, халық қамқоршысы, патриот ретінде кескінделеді. Жағымпаздыққа бармайды. Жалынды жыршының ерлігін ашып көрсетуде актерлік шеберліктің ұтымды тұстарын сәттілікпен қолданған. Алғыр ақынның ішкі жандуниесін терең сүйсініп, құрсіндіретін тұстарын іштей толғаныс арқылы жеткізуде де сонылық бар. Таптаурынды таныс сүрлеу соқпақтарына соқпай, кейіпкер табиғатына үйлесімді жаразтық тапқан. Жаңаша жол қаразтырған, Махамбеттің бейнесін, оның ерлігімен қоса ақындық дарының дәріптеуде де, үғымға табиғи жеткізуде де ұстамдылық жағы басым. Іс-әрекеттерді ойлы, нәрлі ете білуі көніл көншітеді.

Ел ағасы атанып, кемелдік кеңістігіне еркін аттаған Кенебай тек сахналық актерлік шенберінде шектелмеген. Ұйымдастырудағы іскерлік қабілетін танып, тапсырманы тез орындағының ескерілсе керек, лауазымды басшылық қызметтерде де бағын сынағаны бар. Ол Республика Мәдениет министрлігінің жолдамасымен Мәскеудегі Бүкілодақтық театр директорларын даярлайтын бір жылдық курсы бітірді. Одан кейін Талдықорғанға келіп, облыстық драма театрында бес жыл бойы директордың орынбасарлығы міндетін атқарды. Бұл кезде театр сахнасына көркемдік дәрежесі жоғары туындылардың қойылуына қолжеткізіп,

актерлердің кәсіби шеберліктерін жетілдіру жолындағы ұмтылысқа жетекшілік жасады. Еңбектері жемісті қорытындыланып, жақсы бағаланып та жүрді. 1987-1990 жылдары облыстық ғылыми методикалық орталығының директоры болса, одан кейін Қазақ тілі қоғамында істеді. Облыстық Мәдениет баскармасы бастығының орынбасары қызметіне тағайындалды. Бұл кезеңде Ілияс Жансүгіровтың 100 жылдық мерейтойын атап өту жоспарланды. Осы тұста Кенебай дүлдүл ақынның Талдықорған қаласындағы әдеби мұражайын толыққанды етіп жабдықтауға көп еңбек сінірді. Мұражайдың ғимаратын мұражайға лайықтап, құрделі жөндеуден өткізіп, мұрағаттарын толықтыру мақсатында тиісті орындарға барып, азды-көпті беделін салып, басталған істің тиянақты атқарылуы жолында біраз шапқылады дерсің. Облыс басшыларының, мәдениет министрлігінің алдарына да барып талай жүгінді. Әйтеуір мәселенің ойдағыдай шешім табуына күш салып бақты. Ұсынысына қолдау көрсетіліп, ақынның мұражай үйі мерейтой өтетін күнге бір-екі тәулік қалғанда толық жабдықталып бітті-ау. Осы тұста Кенебай және оның қолдаушылары мәдениет саласының белсенді қызметкерлері, істе ысылған кәнігі кәсіпкерлері Егеубек Дағбағаев, Камал Әбдірахманов сынды азаматтар табандылық танытпаса, Ілияс Жансүгіровтың мұражай үйі ақынның рухани қазынасына, әдеби шығармаларымен тұтынған дүниемүліктері, өмірбаяндық деректерінің құжаттары жинақталған бүгінгідей киелі де қасиетті орын, қазіргідей қалыпқа келтірілер ме еді, қайтер еді. Ер еңбегінің ізі, төл табысы ел игілігіне жарап, өз қолымен тұрғызғандай болған. Қазіргі мұражай көвшілік жиі келетін рухани қазына орталығына айналған. Ғимарат алдында ақынның бүсі орнатылды. Ардақты ақынның есімі осылайша әспетtelінуіне қол ұшын берген Кенебайдың да өзіндік үлесі де елеулі.

Талдықорған облысының таратылуына байланысты көптеген құрылымдық мекемелер жабылып қалғаны аян. Осы жылдары Кенебай Теміrbайұлы өзі қабырғасын қаласып, шаңырғын көтерген драма театрына қайта оралды. Келген бетте Ақтамберді жыраудың бейнесін сомдау міндеті жүктелінді. Біршама жыл сахна төрінен

сырттап кеткеніне қарамастан талантты актер жыраудың сахналық бейнесін жасауға бар ынта-ықыласымен зейін қойды. Соның нәтижесі болар, Ақтанберді жырау өзіндік ерекшелікпен көреремендердің көз алдында көрініп, сахналық қымыл әрекеттерінің жыраулық дәстүрге лайықты кескінделуімен ұнады.

Талантты актер Ш. Құсайыновтың «Алдар көсе» спектаклінде Алдар көсе бейнесін де сәтті шығарды. Сондай-ақ, Алмахан Кенжебековың «Абай туралы аңызында» Ербол, Әлизаде, Тәкен Әліпбайдың «Атилла, о Атилла» спектакліндегі Хильдебранд, осы автордың «Қанды ғасырындағы» Башақан рольдерін тақырыптық мазмұн-мәнгеге орай нақыштады. Кендебай терең ойлы туындылардың қалпын бұзбай қайта нәрлендіріп, құнарландырып жеткізу жолындағы тарпаң толқынысының толағай табыспен тұжырымдалып, көрмермендерін түщіндыруының өзі ғұмырлы ғанибет.

Актер Кендебай Теміrbайұлы ұлттық үрдіске толы дәстүрдің мөлдір нәріне, кіршіксіз де шырынды сөліне қанық деуге лайық. Ол қазақи әдет-ғұрыптың уызымен ойы тольисқан, шөлін қандыра суындаған азамат. Ұлттық төл өнеріміздің, оның ішінде сахна төрінен жарқырап көрініп жүрген талант иелерінің бірегейлі беделдісі. Кендебаймен бірге оқыған еңбектес әріптестері мен замандастары да көтеп саналады. Олардың көбі Республиканың түкпір-түкпірінде табысты еңбек етіп жүруін мақтан тұтады.

Сахна төрінің тарланы Кендебай Теміrbайұлы жақсылармен жақын жүріп, олардың ақыл-кеңестерін тыңдауға зейін қоятын актер. Жақсы жақтарын жадында сақтайды. Өсиетті сездерін өмірлік өзегіне айналдырады. Сондай ақылгер ұстаздардың қатарына бұрынғы Кеңес Одағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, СССР халық әртісі Ә. Мәмбетов, Қазақ ССР-і мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Республиканың халық әртісі Ә. Молдабеков, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері Р. Сейітметов театр ұжымында болып, ақылдарын айтып, бағыт-бағдар сілтеген аяулы жандар. Дарынды композитор Нұрғиса Тілендиев те театрмен тығыз байланыс жасады. Драматург Қалтай Мұқаметжанов «Қайдасың, Мұхтарбек» атты сатиralық комедиясын

театр өнер үжымының ұсынысы бойынша қайта өндеп берді. Осынау өнердің айтулы шеберлерінің қолтығының астында Кендебай да ақыл-кеңестерін тыңдалап, өнер биігіне өрлеудің тәлімді тәжірибелерін үйренуге дең койды. Үйренгенін өз өнеріне өзек етті.

Кендебай өзімен бірге оқыған Алмахан Кенжебековамен тағдыр қосып, бір шаңырақтың түтінін түтетіп келеді. Өнердегі арналы қос бұлақтай көрінген талантты жастар екендігін екеуі тең жүріп ел-жұртына таныта білді. Соның нәтижесі болар Алмахан Кенжебекова Қазақ ССР-нің еңбек сінірген әртісі, одан кейін «Халық әртісі» құрметті атақтарын иеленді. Алматы облысының құрметті азаматы атанды. Кендебайдың да еңбегі лайықты бағаланды. Халық қаһармандары жылы Кендебайға «Бабаларымызды еске алу жылы» лауреаты дипломы тапсырылды. Мәдениетті қолдау жылында өнер мен мәдениет саласындағы ұзак әрі жемісті еңбегі үшін Қазақстан республикасының Мәдениет қайраткері деген құрметті атақ берілді. Мұның сыртында алғыс хаттары, марапаттау қағаздар өз алдына бір төбе.

- Біздер өнер жолында жүріп табыстық, - дейді Кендебайдың жұбайы, халық әртісі Алмахан Кенжебекова. - Ойымыз, арманымыз бір жерге түйісп тағдыр қостық. Содан бері де 35 жылға жуық уақытты еңсеріп тастанппыз. Әуелден өнер бесігінде тербелген едік. Әлі күнге сол әуенде әспеттеп, жұбымызды жазбастай өмірлік серікке айналдырған өнерге еңбек сініруге құлшына қатысып келеміз. Қанатымызды қатайтып, өнердің даңғылжолына түскелі бергі еңбегіміз бен төккен теріміздің еселеніп, ескеріліп жатқаны да мақтаныш. Көрермендердің қол соққанына көңіліміз хошайып, мәртебеміз марқайып қалады. Соған тәубе дейміз.

Өнердегі қос өреннің отбасында балалары өсіп, оқып, жан-жақта жемісті еңбек етіп жүруі көнілге үлкен демеу. Толқын атты қызы ата-ана кәсібіне бейімдірек. Ол мектепте оқып жүрген кезде Республикалық «Әнші балапан» байқауына қатысып, жұлделі орынға ие болды. Сонымен бірге осы байқаудың Түркия елінің астанасы Стамбулда өткен өзі теңдес балауса өнер жауқазындарының байқауына қатысып, онда да жұлдызы

жанды. Өнері жоғары бағаланып, дипломмен маралатталды. Өнерге таланты бар Толқын оңтүстік астанамыз Алматыдағы жоғары оқу орындарының бірін бітіріп, білімін шет елде жалғастырып жүр. Алатын мамандығымен бірге өнерді өміріне серік ететіндігіне де сенімді.

- Сахна төрінде сан аунап, мың кунап жүріп өнер атты өресі биік әсем әуеннің айдынында ұлттық өнердің үрдістерін акқудай сыландырып, тотыдай түрлендіріп, халыққа ұсынсақ деген асқақ арманымыз бар еді,-дейді Кендебай әңгіме арасында, - шүкіршілік, ұлттымыздың түрмис-тірлігіне біте қайнасқан өнерге деген іңкәрлік пен құштарлық іркіліссіз алға жетелеп келеді. Көп ретте жақсылықпен қауыштық. Таланттымызбен жұртшылықты азды-көпті тұшындырғанымыз біз үшін үлкен мәртебе. Арман-мұратын тамашалаудан, көрерменге жеткізуден жалықпасақ дейміз. Алғы күннің мұраты да, үміті де үлкен. Соған жетсек деп дәтке қуат етеміз.

Бұл күнде алпыстың асқарына аяңдаған Кендебай қырық жыл қазақ өнер сахнасына арнаған ғұмырын Астана қаласының 10 жылдық мерейтойы қарсанында еңсе көтерген Жамбыл бабасының ескерткішін ашу салтанатында Жамбыл бейнесін сомдады. Сол арқылы Арқа мен Жетісудың өнірін асқақтатумен бірге Алматы облысы еңбеккерлерінің мерейін өсіріп, мәртебесін көкке көтеріп, сахналық шеберлігінің тағы бір қырынан танылды.

Жарты ғасырлық ғұмырының бір бөлігін өнер мұраты үшін еңбек еткен Кендебай Теміrbайұлы бұл күнде кіслік келбеті кемелденген кезең белесінің биігіне көтеріліп тұр. Ол алғы шепке жіті көз жібереді. Үкілі үміт жібі өнер биігіне қарай тартылып жатқан секілді. Оның бойымен өрлей отырып, сахна төрінде өзінің актерлік өнерін жұртшылыққа шынайы көріністер арқылы жеткізе білсем деген арман да асқақ. Мұрат жолындағы ұстанымы берік өнер иесінің көздеген көмбесіне жетері хақ.

## **КІТАП АВТОРЫ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕМЕ**

Оқырманға ұсынылып отырған «Зейіні зерек зияллыар» кітабының авторы Үсқабай Әли Әпекұлы 1939 жылғы мамыр айының 6-сы күні Алматы облысы, Балқаш ауданындағы Іле өзенінің Балқаш көліне тақау сағасындағы Құйған ауылында дүниеге келген. Ол осы ауылдағы Бозжанов атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін, «Жиделі» совхозында жұмысшы болып істеді. 1958 жылдың басынан бастап Балқаш аудандық «Балқаш еңбеккери» газетінің редакциясына қызметке шақырылып, әуелде әдеби қызметкер, одан кейін бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы міндеттерін атқара жүріп, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін 1966 жылы бітірді. Осы жылы Қаратал аудандық «Коммунизм жолы» газеті редакторының орынбасары болып тағайындалды. 1967 жылы Алматы Жоғары партия мектебіне оқуға жіберіліп, оның журналистика бөлімін 1969 жылы бітіріп шықты. Бұдан кейін Қаратал, Көксу, Шелек аудандарында газет редакторы, республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Маңғыстау облысындағы меншікті тілшісі



қызметін атқарды. 1975 жылдан 1992 жылға дейін Талдықорған облыстық «Жерүйық» газеті редакторының орынбасары міндетін табан аудармай жиырма жылға жуық істеді. 1992 - 1999 жылдар аралығында «Алатай» баспа полиграфиялық корпорациясы кәсіпорнының Талдықорған облыстық Полиграфия өндірістік бірлестігінің бас директоры болып, өндіріске жетекшілік етті.

Қаламгер сөзстан сапарын шарлаудың 45 жылы ішінде ойлы очерктері мен өмірдің өзекті мәселелерін көтерген көркем сөздерден тұратын «Қайнар» баспасынан «Жетекші шопан», «Қазақстан» баспасынан «Әубәкіровтер әулеті», «Дәуір» баспасынан «Қызылжардың қызғалдақтары» атты деркті көркемсөз кітаптары жарық көрді.

Әли Үсқабай көркем әдебиет саласында да табысты еңбек етіп келеді. «Менің інім» («Жазушы» баспасы, 1961 ж.), «Солдат ағаға хат» («Жазушы» баспасы, 1976 ж.), «Еңбекқор құмырсқа» («Жалын» баспасы, 1988 ж.), «Бесік жыры» («Атамұра» баспасы, 1996 ж.) кітаптары республика балалары жылы қабылдаған туындылар.

Проза саласы бойынша жарық көрген «Тайқасқа» («Балауса» баспасы, 1992 ж.), «Бейтаңыс қыз» («Санат» баспасы, 1998 ж.) «Жәлменде – Пышан» («Атамұра» баспасы, 2004), «Ана алақаны» («Арыс» баспасы, 2007 ж.) кітаптарының басты кейіпкерлері еңбек адамдары, қатардағы қарапайым жандар, бүгінгі замандастар. Солар арқылы ауылдағы ел тірлігі мен күнделікті өмірдегі жалпыға ортақ тұрмыс қындықтары, ұнамды-ұнамсыз тұстары шынайы суреттеледі. «Сағыныш» атты хикаясындағы оқиға соғыс зардабы ана мен пәк көніл баланың көзімен естелік хаттар арқылы өрістетіледі. Әңгімелердегі қайшылықтар, адамдардың ішкі иірімдері, мінез-құлықтары, адамгершілік парасаттылығы, олардың өзара арпалысы мен қоғамдағы қақтығысынан туындейтын әлеуметтік-тұрмыстық тағдыр төнірегіндегі ойлар тұжырымдалады.

Автордың мектеп оқушылары тарапынан үлкен сұранысқа ие болған «777 жұмбақ» кітабы алғашқыда «Ана тілі» баспасынан 1994 жылы 38 мың таралыммен басылып шыққан еді. Ол сұраныстардың көптеп тұсуіне байланысты осы баспадан 2002 жылы 5 мың таралыммен екінші рет басылып шықса, бір жылдан кейін тағы да, яғни

үшінші рет үш миң данамен жарық көрді. Ал 2008 жылы «Дәуір» баспасынан он миң данамен оқырмандарға тағы да ұсынылды. Автордың сонымен бірге «Жұбайым», «Жетісу таңы» атты кітаптарында қаламгер ақынның сөздеріне жазылған көрнекі және әуескөй сазгерлердің шығарған әндері топтастырылған.

«Дәуір» баспасынан 2004 жылы жарық көрген «Айдостың арғымағы» кітабына енген өлеңдер негізінен Қазақстан тәуелсіздігін, еліміздің елдігі мен ерлігін, ынтымағы мен татулығын, адамдардың ыстық ықыласы мен асқақ арманын жыр арқауына айналдырған. Сонымен бірге Ұлы Отан соғысындағы ерен ерлігі жарты ғасырдан кейін танылған Ресей мен Қазақстанның Халық қаһарманы атанған Бақтыораз Бейсекбаевтың ғаламат батырлығын баяндайтын, жарқын бейнесін сомдайтын дастан енген. Бұл қаһарман батыр жайлы жазылған алғашқы көркем шығарма. Әйткені, Бақтыораз Бейсекбаевтың ерлігі әлі де өз дәрежесінде толық насиҳаттала қойған жоқ.

Осы кітаптағы балаларға арналған өлеңдерде кішкене кейіпкерлердің пәк көңілділігі, адалдығы мен тапқырлығы, мінездері мен қылыштары шынайы өріледі. Халықтық үлгінің үрдісіне үйлес үлттық бояуы қанық, өрімі берік тақпақтар, жүзіктей жұмыр жұмбактар мен жаңылтпаштар, өтірік өлеңдер де балаларға лайық жазылған тапқырлыққа тәрбиелейтін туындылар.

Алматыдағы «Жедел басу» баспаханасынан 2004 жылы басылып шыққан «Тіл мен сөз» кітабында автордың тіл мен сөз тұрғысындағы ой тұжырымдарынан туындаған мақалалар мен нақылдар жүйеленіп берілген.

Автордың шығармашылық саладағы жемісті қызметі ескеріліп, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1989 жылға 24 мамырдағы Жарлығымен «Қазақстан Республикасының еңбек сінірген мәдениет қызметкери» құрметті атағы берілсе, Алматы облыстық Мәслихатының 2005 жылғы 19 тамыздағы №19-140 шешімімен «Алматы облысының Құрметті азаматы» атағын иеленген. Ол Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, республикалық «Балдырған» журналы бәйгесінің жүлдегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

## МАЗМУНЫ

Үлттың тұңғыш тарихшысы .....	3
Елесіндегі Ескелді .....	15
Қоянкөздегі ғұлама ғимараты .....	41
Зергер сөз занғары .....	57
Еренғайып – елағасы .....	69
Ізгілік іздері .....	81
Дәнештің әншілік дарыны .....	97
Күй құдіреті .....	107
Жалынды жыр жампозы .....	119
Көңілі көлдей Кішім еді .....	127
Сырбаздың сыңғыры .....	145
Көкірек көзі ояу еді .....	163
Өнегелі ғұмыр .....	169
Қоялының қондырғысы .....	177
Азамат ажары .....	187
Димекенің өкіл баласы .....	205
Күміс көмей .....	231
Ұлағатты үстаз .....	237
Әбдіқадыр әuletі .....	247
Мінәйі мінез .....	253
Сыйластықты сүйетін әже .....	263
Мәртебесі биік Мәриям .....	267
Жарасқан жұбайлар .....	279
Білікті басшы барда .....	289
Қуаныш .....	299
Нұрқуат .....	331
Тегінегартқантарлан .....	347
Саматтың сыры .....	359
Базарбай .....	369
Шағанның шуағы .....	383
Заңнамалық зейін .....	395
Жаркенттің жайсаңы .....	410
Бірліктер берекесі .....	419
Атымтай жомарт .....	429
Перзенттік парыз .....	437
Сахна сәні .....	447
Кемелденген Кендебай .....	463
Кітап авторы жайлы деректеме .....	475

**ЫСҚАБАЙ Эли Эпекұлы**  
**ЗЕЙІНІ ЗЕРЕК ЗИЯЛЫЛАР**  
**(Эсселер мен мақалалар жинағы)**

Редакторы Тұрсын ӘБДУӘЛИЕВ  
Техникалық редакторы Гауһар ДҮЙСЕНБАЕВА  
Корректоры Ақбөпе ЖИЕНҚҰЛОВА  
Суретшісі Бауыржан БҮЙРЕКБАЕВ  
Компьютерде теріп, беттегендер:  
Роза ЖЕКСЕНБЕКОВА,  
Гауһар ДҮЙСЕНБАЕВА.

Теруге 10.01.2009 ж. жіберілді.  
Басуға 20.02.2009 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108/32.  
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі KZM Helvetica PS.  
Шартты баспа табағы 33. Есепті баспа табағы 31.  
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 323.  
Бағасы келісімді



ЖШС РПБК "Дәуір", 050009, Алматы қаласы, Гагариндаңғылы, 93.  
Тел.: 269-40-35, 242-47-69, 242-07-90,  
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru